

л 2009
16342к

ЛЕНИН



Содержание: 1. Ленинский путь 2. Ленинский путь 3. Ленинский путь 4. Ленинский путь 5. Ленинский путь 6. Ленинский путь 7. Ленинский путь 8. Ленинский путь 9. Ленинский путь 10. Ленинский путь

ЛЕНИН

Ленинские речи

7

РКФСР ІХ СЪЕЗІНІН
және ОСРО СОВЕТТЕРІНІН
ІІ СЪЕЗІНІН
ҚАУЛЫСЫ БОЙЫНША
БАСЫЛЫП ОТЫР

ҚАЗАҚСТАН АКСИОНДАРЫ

ҚАҒАЗАДАН

ҚАЗАҚСТАН АКСИОНДАРЫ



ҚАЗАҚСТАН АКСИОНДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН АКСИОНДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН АКСИОНДАРЫ

ИНСТИТУТ МАРКСА—ЭНГЕЛЬСА—ЛЕНИНА
при ЦК ВКП(б)

В. И. ЛЕНИН

СОЧИНЕНИЯ

Издание четвертое

ОГИЗ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО
ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
1946

МАРКС-ЭНГЕЛЬС-ЛЕНИН ИНСТИТУТЫНЫҢ
ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

ШЫҒАРМАЛАР

Қазақша бірінші басылуы

ҚАЗАҚТЫҢ
БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ

1949

3-1001-2

Қазақша аудармасын

*ҚК(б)П Орталық Комитетінің
редакциялық комиссиясы қараған*

ҚК(б)П Орталық Комитеті ұнатқан

В. И. ЛЕНИН

7

ТОМ

Сентябрь 1903—декабрь 1904

АЛҒЫСӨЗ

Жетінші томға В. И. Лениннің 1903 жылғы сентябрьден бастап 1904 жылғы декабрыға дейінгі жазылған шығармалары енгізіліп отыр.

Бұл томға «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітап еніп отыр, бұл кітап большевиктік партияны ұйымдастыру жағынан әзірлеу болып табылды.

Бұл томда басылған еңбектердің көпшілігі — «РСДЖП II съезі туралы әңгіме», «Бір адым ілгері, екі адым кейін, Н. Лениннің Роза Люксембургке жауабы» деген мақала, орыс революциялық социал-демократиясының Шетелдік лигасының съезінде және партия Советінің мәжілістерінде сөйленген сөздер мен алынған қарарлар, «Партияға» арналған үндеу жобасы, «Земство науканы және «Искра» жоспары» деген кітапша — меньшевиктердің ұйымдық және тактикалық оппортунизмі мен олардың жікшілдік әрекеттеріне қарсы бағытталған.

Осы томға енгізілген хаттар — «Орталық Комитеттің мүшелеріне хат», «Орталық Комитеттің бес мүшесіне», «II партия съезінің көпшілігін жақтаған Орталық Комитет агенттері мен РСДЖП комитеттері мүшелеріне хат», «Глебовқа (В. А. Носковқа) хат» — Лениннің ымырашылдыққа қарсы жүргізген күресін көрсетеді.

«Біздің тілейтініміз не?», «Партияға», «Жолдастарға хат», «Ұйымдастыру Комитетінің құрылуы туралы және Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының кезекті III съезін шақыру туралы хабар» деген шығармалар РСДЖП-ның III съезін дайындау ісіне, Көпшілік Комитеттерінің Бюросы мен большевиктік

«Ишеред» газетін ұйымдастыру ісіне Лениннің басшылық еткенін айқын көрсетеді.

Осы томда басылып отырған мына документтер В. И. Лениннің шығармаларына бірінші рет енгізіліп отыр: «Мартовтың баяндамасы жөнінде жасалған мәлімдемелер», Лениннің «Искра» редакциясының құрамынан шығуы туралы «РСДЖП Орталық Органының редакциясына» жазылған хат, партияның III съезін шақыру туралы қарарлық жобасы, партия әдебиетін шығару туралы партия Советінің мәжілісінде Лениннің сөйлеген төртінші съезі және «Көпшілік Комитеттері Бюросының құрылуы туралы хабар».

РСДЖП II СЪЕЗІ ТУРАЛЫ
ӘҢГІМЕ!

1903 жылғы сентябрьдің бірінші
жартысында жазылған
Бірінші рет 1927 жылы Лениннің
VI жыйнағында басылған

Қолжазба бойынша басылп отыр

Принимая во внимание, что в настоящее время в России не существует закона, регламентирующего порядок и условия приема в члены общества, то в целях обеспечения правильного и своевременного приема в члены общества, предлагается:

1. Прием в члены общества производится по ходатайству одного из членом общества, который должен быть членом общества не менее одного года.

- 2. Прием в члены общества производится по ходатайству одного из членом общества, который должен быть членом общества не менее одного года.
- 3. Прием в члены общества производится по ходатайству одного из членом общества, который должен быть членом общества не менее одного года.
- 4. Прием в члены общества производится по ходатайству одного из членом общества, который должен быть членом общества не менее одного года.
- 5. Прием в члены общества производится по ходатайству одного из членом общества, который должен быть членом общества не менее одного года.
- 6. Прием в члены общества производится по ходатайству одного из членом общества, который должен быть членом общества не менее одного года.

Бұл аңгіме жақын таныстарға ғана арналып жазылған, сондықтан оны автордың (Лениннің) рұхсатынсыз оқу бөтен адамның хатын оқығанмен бірдей.

Кейінгі сөздер түсінікті болуы үшін, ең алдымен съездің құрамы жайынан бастайын, бірақ бұл біраз алға шығып кеткендік болады. Съезде шешуші дауыс 51 болды (бір дауысты өкіл — 33, екі дауысты — 9, «екі қолдылар» — 9)². Жаңылмасам, кеңесші дауыс 10, сонымен барлығы 52 адам. Съездің өн бойында анықталғанына қарағанда бұл дауыстардың саяси жіктерге бөлінуі мынадай болды: шешуші дауыстар — 5 бундшыл, 3 рабоче-делошыл (2 шет елдердегі орыс социал-демократтары Одағынан және 1 питерлік «Күрес одағынан»), 4 южнорабочешылдар (2 «Южный рабочий» тобынан және 2 «Южный рабочий» тобымен толық ынтымақтас Харьков комитетінен), 6 тағайынсыздар, бұлғақтаушылар (бұларды барлық искрашылдар, — әрине, келемеждеп, — «батпақ» деп атады), сонсын өздерінің искрашылдығында аз болсын, көп болсын берік және дәйекті 33 тей искрашыл болды. Ынтымағы бір болып, съездегі барлық мәселелердің тағдырын шешіп отырған бұл 33 искрашыл өзара кішкене екі топқа бөлінді, съездің аяғында ғана түпкілікті екіге бөлінді: бір жағы 9 шақты «жұмсақ, дұрысырағы, бұраң жолды» искрашылдар (кейбір қуақылар бұларды әйел жолды деп келемеждеуші еді, онысы дәлелсіз де емес еді), бұлар әділеттік, теңбе-теңдік және сондай etc., * дегендерді жақтады

* — et cetera — тағысын тағылар. Ред.

(мұны төменде көреміз), және тактикада да, партияның орталық мекемелеріне сайланатын адамдардың құрамы туралы мәселеде де дәйекті искризмді қорғаушы 24 тей берік жолды искрашылдар болды.

Қайталап айтамын, бұл жік съездің аяғында ғана (съездің 40 шақты мәжілісі болған) түпкілікті құралып, *post factum** ғана әбден анықталды, сондықтан бұл жікті әуелі суреттеп, мен алдын орап жатырмын. Тағы бір ескертетінім: бұл жіктің дауыстары *шамамен* ғана айтылған, өйткені кейбір ұсақ мәселелерде (бір кезде «тілдердің тең праволылығы» туралы мәселеде, бұл туралы кейінірек айтамын, тағы бір ірі мәселе туралы) дауыстар бөлініп отырды, бір бөлегі қалыс қалып, кейде жіктер араласып кетіп отырды және тағы сондайлар.

Съезге келетіндерді алдын ала Уйымдастыру Комитеті белгіледі; съездің уставы бойынша, оның съезге кінді шақыруды керек деп тапса, соны кеңесші дауыспен шақыруға правосы бар еді. Съезде әуел бастан-ақ мандат тексеретін комиссия сайланды, съездің құрамы туралы мәселелердің бәрі тегіс осы комиссияның қарауына көшті. (Жақшаның ішінде айта кетейік, бұл комиссияға да бір бундшыл кірді; ол комиссия мүшелерінің әбден дінкесін құртып отырды, оларды түнгі сағат 3 ке дейін ұстап, соның өзінде *әрбір мәселе жөнінде* «ерекше пікірде» қалып отырды.)

Съезд барлық искрашылдардың тыныш, тату жұмыс істеуі жағдайында басталды. Бұлардың өз арасында, әрине, түрлі пікірдің көмескі белгілері әруақытта болса да, ол көмескі белгілер саяси алауыздық болып сыртқа шықпаған еді. Орайы келген соң алдын ала айта кетейік, бұл съездің ірі саяси нәтижесінің бірі искрашылдардың екіге жарылуы болды, сондықтан бұл іспен танысқысы келгендер бұл іске тіпті байланысы алыс болған барлық оқығаларға да айрықша көңіл бөліп отыруы керек.

Съездің ең бастапқы кезінде болған маңызды актының бірі *бюро* яки *президиум* сайлауы болды. Мартов 9 адам сайлауды жақтады, ал бұл 9 адам әрбір мәжіліске өз арасынан 3 тен бюро сайлап отырсын деді жә-

* — кейінірек. Ред.

неде бұл 9 дың ішіне тіпті бундшылды да енгізбек болды. Мен барлық съезге 3 адам сайлансын дедім және бұл үшеуі «қатты ұстау» үшін керек деп білдім. Сайланғандар Плеханов, мен және Т. жолдас³ болды (ол туралы кейін жиі айтылып отырады, — ол берік жолды искрашыл, Ұйымдастыру Комитетінің мүшесі). Сөз арасында айта кетейік, бұл жолдас, бір южнерабочешылға қарағанда (ол да Ұйымдастыру Комитетінің мүшесі) сәл ғана артық дауыс алып өтті. Бюро туралы Мартов екеуіміздің таласымыздан (талас болғанда келешекке өте қатысы бар талас), алайда, екіге жарылу да, не басқа бір шатақ та шықпады: бұрын «Искра» ұйымы мен «Искра» редакциясында жалпы алғанда жұмыстарымыз көбінесе қалай шешіліп отыратын болса, бұл жолы да солайша жәй, өзінен өзі, «үй ішінің әңгімесінше» тыныштықпен жайғастырылды.

Нақ сол съезд қарсаңында «Искра» ұйымының съездегі мандаттары туралы мәжілісі (әрине, жасырын және ресми емес мәжілісі) болды. Бұл мәжіліс мәселелерді тыныштықпен, «жарастықпен» шешті. Бұл мәжілісті мына себептен ғана атап көрсетемін: 1-ден, искрашылдардың съездің бас кезінде қол ұстасып қызмет істескені, 2-ден, дүдәмал, даулы мәселе болғанда «Искра» ұйымының (дұрысында «Искра» ұйымының съезге келген мүшелерінің) абыройына жүгінулері өте көзге түсерлік іс деп білемін; әрине, бұл жыйналыстардың дауыс беруінің міндеттілік маңызы жоқ еді, өйткені «императивтік мандат жойылды», съезде әркім қандай да болса бір ұйымға бағынуды қойып, өз қалауымен, өз еркімен дауыс береді деген ережені, — міне осы ережені искрашылдардың бәрі де дұрыс деп таныған, деймін мен, сондықтан «Искра» ұйымының барлық мәжілістерін ашқан сайын дерлік, председатель осы ережені жұртқа есітіріп жарыялап отыратын.

Сонсоң. Съезде, искрашылдардың өз араларының түп-түгел жап-жақсы емес екендігін жарыққа шығарған және ақырғы драманың (әлде қайғылы комедияның ба?) «басы» болған бірінші жанжал «Ұйымдастыру Комитетімен жанжал» деген атышулы жанжал болды. Бұл жанжал жайында толығырақ тоқталу керек болады. Бұл жанжал съездің басқару орындарын сайлаумен шұғылданып жатқанында-ақ, съездің әлі регламенті талқыла-

нып жатқанында-ақ (айта кетейік, мұның өзі бундшылардың жоқтан өзгеге ілінісіп, әдейі болсын, әлде әдейі болмасын кезенді босқа жібермей, жұмысқа кедергі салуынан аса көп уақыт алды) басталған. Ұйымдастыру Комитетімен болған жанжалдың мәнісі мынау еді: «Борьбаның» («Күрес» тобының)⁴ өздерін съезге жіберу туралы білдірген наразылығын Ұйымдастыру Комитеті, бір жағынан, съезден бұрын-ақ қабылдамады және, онымен қоймай, осы қабылдамауын мандат тексеретін комиссияда да жақтады, ал екінші жағынан, әлгі Ұйымдастыру Комитеті Рязановты кеңесші дауыспен шақырғанын съезде кенеттен жарыялап салды. Сонымен бұл жанжал былайша өршіді.

Съездің мәжілістері басталмастан бұрын, Мартов маған аса жасырын түрде «Искра» ұйымының және де Ұйымдастыру Комитетінің бір мүшесі (бұл адамды әзірше N қарпымен атайық⁵). бір адамды съезге кеңесші дауыспен шақыруды Ұйымдастыру Комитетінде талап етуге ұйғарды деді; бұл адамды «тұрлаусыз»⁶ деп мінездеуден қолайлы атты Мартовтың өзі де таба алмады. (Шынында бұл адам бір кезде «Искраға» бейім болғанынсып жүрді; бұлай болғандағы ойы — біраздан соң, бірнеше аптадан кейін, «Рабочее Дело» жағына шықпақ екен, ал «Рабочее Дело» ол кезде толығымен кері кету сатысында тұрған болатын.) Бұл жөнде біз Мартов екеуіміз әңгімелестік; әңгімелескенде, «Искра» ұйымының мүшесі, «Искраның» бетіне тура соққы болып тиетін мұндай іске, әрине, біле тұра (өйткені бұл жөнде N жолдасқа Мартов ескерту жасаған) қалай аяқ басып отырғанына, соның өзінде ұйыммен ақылдасуды керек деп таппағанына екеуіміз де кейіп, күйіндік. N Ұйымдастыру Комитетіне шынымен ұсыныс кіргізді, бірақ оның ұсынысына T жолдас «тұрлаусыздың» саяси құбылмалы бейнесін толық суреттеп қатты қарсылық жасағандықтан, N-ның ұсынысы қабыл алынбады. Ерекше көзге түсерлік нәрсе сол — Мартовтың өз айтуына қарағанда, N-ның осы жолғы ісіне оның таң қалғаны сонша, онымен бұрын аралары жақсы болған болса да, енді тіпті сөйлесе де алмаған. N-ның «Искраға» кесекөлденең келмек болғаны, оның қолдауымен Ұйымдастыру Комитетінің «Искра» редакциясына сөгіс беруінен де білінген болатын; бұл сөгіс, шынында ұсақ мәселе жөнінен бе-

рілген болса да, оған Мартов аса қатты ашуланған болатын. Маған тағыда Мартов білдірген, Россиядан келген хабарларға қарағанда, N-ның шетел искрашылдары мен орыстық искрашылдардың арасында алауыздық бар деген хабарды таратуға бет алысы барлығын көрсетіп отырған болатын. Осының бәрі искрашылдардың N-ге қатты сенімсіздігін туғызды, оның үстіне, тағы мынадай факт шыға келді. Ұйымдастыру Комитеті «Борьбаның» қарсылығын қабыл алмады, мұны Ұйымдастыру Комитетінің мандат тексеретін комиссияға шақырылған мүшесінің екеуі де (Т мен N) қолдап, «Борьбаға» өте батыл түрде қарсы шықты (*соның ішінде N де бар!!!*). Бұлай болғанмен съездің ертеңгі мәжілісінің арасында демалыс кезінде Ұйымдастыру Комитеті «терезе алдында» тосыннан мәжілісін шақырып сол мәжілісте Рязановты кеңесші дауыспен съезге шақыруға ұйғарды! *N бұл шақыруды жақтайды.* Съездің құрамы туралы мәселе, мандат тексеретін, съезд сайлаған айрықша комиссияға берілгеннен кейін Ұйымдастыру Комитетінің мұндай қаулы шығаруының заңды еместігін айтып Т, әрине, сөзсіз қарсы болады. Әрине, Ұйымдастыру Комитетінің южнерабочешыл мүшелері + бундшыл + N болып Т жолдастың ұсынысын қабылдатпады, сөйтіп Ұйымдастыру Комитетінің қарары өтті.

Т бұл туралы «Искра» редакциясын қабарландырды, редакция (мүшелері толық болмағанмен Мартов және Засуличтің қатнасуымен), әрине, съезде Ұйымдастыру Комитетіне қарсы шығуға бір ауыздан қаулы қылды, өйткені толып жатқан искрашылдар өздерінің «Борьбаға» қарсылықтарын съезде ашық айтып қойған, сондықтан бұл мәселеде шегінуге мүмкін болмады.

Ұйымдастыру Комитеті съезге (түстен кейінгі мәжілісте) өзінің қарарын жарыялағанда, Т жолдас та бұл қаулыға өзінің қарсылығын айтты. Содан кейін Ұйымдастыру Комитетінің южнорабочешыл мүшесі тұрып, Т-ны тәртіп бұзушы (!) деп айыптап шықты, өйткені Ұйымдастыру Комитеті съезде мұны ашпайық (*sic!**) деп қаулы еткен екен. Біз (Плеханов, Мартов және мен), әрине, императивтік мандаттарды қайта шығардыңдар, съездің суверендігін бұздыңдар деп, тағыда сол

* — солай! *Ред.*

сыяқтыларды айтып, Уйымдастыру Комитетін айыптап, бар күшімізбен жабыла қарсы шықтық. Съезд біздің жаққа шықты, Уйымдастыру Комитеті жеңіліп қалды, Уйымдастыру Комитетін коллегия ретінде съездің құрамына ықпал жүргізу правосынан айыратын қарар алынды.

«Уйымдастыру Комитетімен жанжал» осылай болды. 1-ден, бұл жанжал N-ге искрашылдардың көбінің саяси сенімін әбден кетірді (ал T-ге сенімді арттырды), ал, 2-ден, Уйымдастыру Комитеті сыяқты, барып тұрған искрашыл-мыс орталық мекемеде де «Искра» бағыты әлі тыянақсыз тайғақ екендігін дәлелдеп қана қойған жоқ, айқын көрсетті де. Уйымдастыру Комитетінде бундшылдан басқа тағы: 1) айрықша саясаты бар южнорабочешылдар; 2) «искрашыл болуға ұялатын искрашылдар» және искрашылдықтан ұялмайтын бір бөлек (3) қана искрашылдар барлығы айқын білінді. Бұл қайғылы жанжал туралы южнорабочешылдар «Искра» редакциясымен ұғынысқысы келгенде (әрине, жеке түрде) N жолдас ешқандай сөйлескісі де келмеді, мұны ескертіп өту өте маңызды, редакция әлгілермен сөйлесті, сөйлескенде мен южнорабочешылдарға съездің мынадай ірі саяси фактыны әбден жарыққа шығарғанын ашық айттым: партия ішінде искрашыл болуға ұялатын көптеген искрашылдар барлығын, «Искраға» кастық қылып, Рязановты шақыру сыяқты кесір істер істеу қолынан келетіндер барлығын айттым. Комиссияда N «Борьбаға» қарсы сөйлегеннен кейін, N ның бұл кесірлігіне менің күйінгенім сондай, съезде көп алдына шығып, былай дедім: «комиссияда бір түрлі сөйлеп, ал съезде басқа түрлі сөйлейтін адамдар көпті қалай ызаландырып күйіндіретінін шет елдердегі конгрестерде болып жүрген жолдастар біледі»*. Бундшылдар ««Искраның» қойған адамы» деп, «жазғырады» екен деп қорқып, тек соның үшін ғана «Искраға» қарсы саяси кесір істеп келген мұндай «искрашылдар», әрине, өздеріне сенімсіздік туғызып алды.

Мартов N-мен ұғысамын деп талаптанғанда оның, N-ның, «Искра» ұйымынан шығамын деп мәлімдеуі N-ге

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қазақша 513-беті. Ред.

искрашылдардың жалпы сенімсіздігін орасан арттыра түсті. Бұдан былай N туралы «іс» «Искраның» ұйымына көшті, ұйымның мүшелері N-ның бұлай кетісіне өте ызаланған, сонымен бұл мәселе жөнінде ұйымның 4 мәжілісі болды. Бұл мәжілістердің, әсіресе, кейінгі мәжілістің, аса зор маңызы бар, өйткені бұл мәжілістерде, көбінесе Орталық Комитеттің құрамы туралы искрашылдардың екіге жарылуы әбден жарыққа шықты.

«Искра ұйымының бұл мәжілістері (тағыда айтамын жеке түрдегі және ресми емес мәжілістері) туралы әңгімені бастамай тұрып, съездің жұмыстары туралы айттайын. Күн тәртібінің бірінші мәселесі (Бундтың партия ішінде алатын орны), екінші мәселесі (программа) және үшінші мәселесі (партияның Орталық Органын сайлау) жөнінде барлық искрашылдардың біртұтас болып шығуы мағнасында съездің жұмысы татулықпен өтті. Искрашылдардың бір ауыздылығы съезде ұйымдасқан басым көпшілік болуын қамтамасыз етіп отырды (бундшылдар іштері күйгеннен мұны тұтас көпшілік деп атады!), ал «тыянақсыздар» (немесе «батпақ») мен южно-рабочешылдар мұнда да ұсақ мәселелерде өздерінің толық тұрақсыздықтарын бірнеше рет көрсетті. Съездің искрашыл емес элементтерінің саяси жігі бірден бірге молырақ анықтала берді.

«Искра» ұйымының мәжілістеріне қайта ораламын. Бірінші мәжілісте N-нен түсінік сұралсын деп ұйғарылды, сұрағанда «Искра» ұйымының құрамы қандай болғанда N-ның түсініскісі келетінін көрсетуге N-ге ерік берілді. Мен мәселені бұлай қоюға батыл түрде қарсы болдым, саяси мәселе мен (съезде искрашылдардың N-ге саяси жағынан сенімсіздік көрсеткені туралы) біреудің жеке басына байланысты мәселені (N-ның таңғажайып қылығын тексеретін комиссия сайлау) бөлу керек деп талап еттім. 2-мәжілісте N-ның T жоқ жерде сөйлескісі келетіні баян етілді, бірақ T-ның өз басы туралы N ештеме айтатын ниетім жоқ депті-мыс. Мен екінші рет қарсы болдым, ұйымның мүшесі емес адам бір секундке болса да ұйым мүшесін және ол мүше жайында сөйлемейтін бола тұрып, сыртқа теуіп отырғанда, N-ның түсінігін тындауға қатыспаймын дедім; N-ның мұнысын ұйымды ойыншық жасағаны және ұйымды қорлағаны деп білдім: N-ның ұйымға сенбейтіндігі сон-

шалық, өзінен түсінік алатын ұйымның түсінік алатын шартын белгілеуіне де сенбейді! 3-мәжілісте N «түсінік» берді, түсінігі түсінік алуға қатнасқандардың көпшілігін қанағаттандырмады. 4-мәжілісте искрашылдардың бәрі тегіс болды, бірақ бұл мәжіліс алдында съездің бірталай маңызды оқыйғалары болып өтіп еді.

Біріншіден, «тілдердің тең праволылығы» жөнінде болған оқыйғаны айтып өтейік. Программаны қабылдау, тілдердің теңдігі және тең праволылығы талаптарын тұжырымдау туралы сөз болды. (Программаның әрбір пункты жеке талқыға салынып, жеке қабылданып отырды, бундшылдар жынұрғандай шатақ шығарып отырды; сондықтан мөлшермен айтқанда съезд уақытының $\frac{2}{3}$ і программа мәселесіне кетті!) Бундшылдар, «Искра» «тілдердің тең праволы» болғанын тілемейді деп, искрашылдар арасына іріткі салып, бұл арада кейбір искрашылдарды солқылдатты, ал іс жүзінде «Искра» редакциясының осындай сауатсыз, өз пікірінше, мүлдем қыйсынсыз және керексіз тұжырымды ғана қабылдағысы келмеді. Тартыс қатты болды, съезд қақ жарылып, бірдей екіге бөлінді (кейбіреулер қалыс қалды). «Искра» (және «Искра» редакциясы) жағында 23 шамасы дауыс болды (әлде 23—25 шығар, анығы есімде жоқ), соншалықты дауыс оған қарсы болды. Мәселені кейінге қалдыруға, комиссияға тапсыруға тура келді, комиссия ұсыныс жасап әкелді, ол ұсынысын бүкіл съезд бірауыздан қабылдады. Тілдердің тең праволылығы туралы жанжалдың маңыздылығы сол, ол искризмдегі тайғақтықты тағы көрсетті және тұрақсыздардың да тайғақтығын ашық көрсетті (жаңылмасам, бұларды Мартов бағытындағы искрашылдардың нақ өздері «батпақ» деп атап еді!), сонымен қатар, южнорабочешылдардың тайғақтығын ашты, бұлардың бәрі де «Искраға» қарсы шықты. Айтыс бірден бірге өршіп кетті, искрашылдар, әсіресе мартовшылдар южнорабочешылдарға қарсы есепсіз көп қатты сөздер айтты. Мартовшылдардың бір «басшысы» демалыс уақытында южнорабочешылдармен жағаласарманға келді, сонсоң мен тезірек мәжілісті қайта ашуға асықтым (Плеханов төбелес болар деп қорқып, маған мәжілісті тезірек аш деп қоймады). Осы өте тұрақты деген 23 искрашылдың ішінде де мартовшыл-

дар (яғни кейіннен Мартовтың соңынан ерген искрашылдар) азшылық болды, бұлардың азшылықта болғандығын айтып өту өте керек.

Екінші оқыйға «партия уставының» 1 § туралы болды. Бұл Tagesordnung'тің* 5-пункті еді, съезд бітуге таяу еді. (Бірінші пункт бойынша федерализмге қарсы қарар алынған, 2-ші пункт бойынша программа қабылданды; 3-ші пункт бойынша «Искра» партияның Орталық Органы деп танылды**, 4-ші пункт бойынша «делегаттардың баяндамалары» тыңдалды, тыңдалғанда бір бөлегі тыңдалып, қалғаны комиссияға берілді, өйткені съездің уақыты жетпейтіні анықталды (ақша қаражаты және адам күші сарқылды).)

Уставтың бірінші пункті партия мүшесі деген ұғымды анықтайды. Менің жобамда бұл анықтама мынадай: «Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшесі болып оның программасын таныйтын және материалдық қаражатпен де, партия ұйымдарының біреуіне өз басы қатнасуымен де партияны қолдайтын әрбір адам саналады». Ал Мартов асты сызылған сөздердің орнына: партия ұйымдарының біреуінің бақылауымен және басшылығымен қызмет істеп, дегенді ұсынды. Менің тұжырымымды Плеханов жақтады, Мартовтікін — редакцияның басқа мүшелері жақтады (олар үшін съезде Аксельрод сөйледі). Біз жұмыс істеушіні сандалушылардан айыру үшін, партия мүшелерінен кұ-

* — күн тәртібінің. Ред.

** Қатты еске алатын нәрсе менің баяндамам бойынша *Ұйымдастыру Комитеті* қабылдап, съезд бекіткен съездің күн тәртібінде бөлек 2-пункт болатын: 3-пункт «Партияның Орталық Органын кұру, не оны бекіту» және 24-пункт «Партияның орталық мекемелерін сайлау». Бір южнорабочешыл (3-пункт жөнінде) редакцияны біз тіпті білмейміз!, кімді бекітеміз, атын ғана бекітеміз бе? деп сұрағанында *Мартов* сөз алып, «Искраның» бағыты бекітіледі, бұл редакцияның кұрамына байланысты емес, өйткені орталық мекемелерді кейін 24-пункт бойынша сайлаймыз және императивтік мандаттар жойылған деп түсінік берді.

Мартовтың бұл сөздері (3-пункт жөнінде, *искрашылдар* екіге жарылғанына дейін) өте-мөте маңызды.

Мартовтың түсіндірісі Tagesordnung, тың 3 және 24-пунктерінің маңызын бәріміздің ортақ пікірімізге сай түсінгендігін көрсетеді.

3-пункттен кейін сөйлегенде Мартов «Искра» редакциясының бұрынғы мүшелері деген сөзді тіпті бірнеше рет қолданды.

ралса да партия ұйымы болып табылмайтын ұйымдардың болмауы үшін, ұйымдастыру былығын жою үшін осындай сорақылықты, осындай келісімсіздікті жою үшін, тағы сол сыяқтылар үшін партия мүшесі деген ұғымды тарылтудың керектігін дәлелдедік. Мартов партияны кеңіту керек — деді, кең — бейнесіз ұйымды керек қылатын кең тап қозғалысы өріс алып келе жатыр дегенді айтты және т. т. Мартовты жақтаушылардың бәрі дерлік өз пікірлерін қорғағанда «Не істеу керек?»* деген кітапты бетке ұстай сөйледі, олардың мұнысы күлкі боларлық іс! Плеханов Мартовқа қызу қарсы шықты, Мартовтың жоресшілдік тұжырымы оппортунистерге партия ұйымының есігін шалқасынан ашып тастайтынын көрсетті, ал оппортунистердің партия ішінде болсын, ұйымның сыртында болсын осындай хал болуын жан-тәнімен тілейтінін айтты. «Бақылауымен, басшылығымен» деген сөздің мәнісі іс жүзінде ешбір бақылаусыз, ешбір басшылықсыз деген сөз болып шығады — дедім мен. Бұл арада Мартов жеңіп кетті: оның тұжырымы қабылданды (28 дауыс көпшілікпен қабылданды, қарсы болған 23 дауыс немесе сол шамада, дәл саны есімде жоқ), бұл Бундтың арқасы еді, Бундтың, әрине, бұл санылауға бірден көзі түсті де, өзінің барлық бес дауысын беріп «ең жаманын» өткізді («Рабочее Делоның» делегаты Мартовқа дауыс бергенін дәл осылайша дәлелдеді де!). Уставтың 1 § туралы қызу айтыс және оны дауысқа қою съездегі саяси жікті тағыда айқындады, Бунд + «Рабочее Дело» искрашылдардың аз жағын көпшілік жағына қарсы жақтап, қандай қарардың болса да тағдырын солар шешетіні анық көрінді.

Уставтың 1 § жөнінде таласып, оны дауысқа қойғаннан кейін «Искра» ұйымының соңғы (4-ші) мәжілісі болды. Орталық Комитеттің адам құрамы туралы мәселеде искрашылдар арасында алауыздық барлығы әбден анықталды, бұл жөнде олардың қатары екіге жарылды да; бір жағы искрашыл Орталық Комитет құруды жақтады («Искра» ұйымы мен «Еңбекгі азат ету» тобы таратылуы себепті және искралық істі аяқтату керек болғандығы себепті), ал басқалары южнорабочешылдарды

* Қараныз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, қазақша 369—574-беттері. Ред.

кіргізуді және искрашылдардың «бұраң жолдыларының» басым болуын жақтады. Кейбіреулер N-ның кандидату-расына сөзсіз қарсы болды, ал енді біреулер оны жақтады. Ең ақтық рет, пікір алысып, келісіп көру үшін осы 16-ның жыйналысын шақырдық («Искра» ұйымының мүшелері мұның ішіне тағыда ескертемін, кеңесші дауыстылар да есепке кірді. Дауысқа қою нәтижесі мынадай болды: N-ге 9 дауыс қарсы болды, 4 дауыс жақтады, басқалары қалыс қалды. Онан соң көпшілік жағы азшылық жағымен соғысқысы келмегендіктен келісімге 5 кісілік тізім ұсынды; бұл тізімге бір южнорабочешыл (азшылық жағын жақтаушы) және азшылық жағының бір сенді бір мүшесі, қалғандары берік дәйекті искрашылдар (ескертіп кететін маңызды бір іс — кейінгілердің біреуі съездегі төбелестің аяқ кезінде ғана төбелеске қатысты, сондықтан өз басы ешкімге тартпайтын адам, қалған екеуі жанжалға ешбір қатнаспаған және жеке адамдар әңгімесінде еш уақыт ешкімге тартпайтындыр). Бұл тізімге 10 қол көтерілді (біраздан соң бір қол көтеріліп, 11 болды), біреу қарсы болды (ол жалғыз Мартов!), басқалары қалыс қалды! Сөйтіп, келісімге келеміз бе деген тізімді *Мартов* іске асыртпады. Бұдан кейін екі жақтан тағы 2 «айбынды» тізім дауысқа қойылды, бірақ екеуі де дауысты аз алды.

Сонымен «Искра» ұйымының кейінгі жыйналысында 2 мәселеде де мартовшылдар азшылықта қалды, солай бола тұрып, көпшілік жақтың бір мүшесі (екі жаққа бірдей қарайтын адам немесе председатель) оларға жыйналыстан кейін қайта барып, ақырғы рет келісім жасамақ болғанда, олар тағыда соғыс жарыялады.

Мартовшылдардың есебі айқын және берік еді: бундшылдар мен рабочеделошылдар сөзсіз, *бұраң жолдылардың* тізімін жақтаған болар еді, өйткені съездің бір ай бойы болған мәжілістерінде барлық мәселе анықталды, кімнің қандай екені де белгілі болды, ненің жақсы екенін, екі жамандықтың қайсысы жеңілірек екенін съездің *әрбір* мүшесі ешбір қыйналмастан таңдай алар еді. Ал Бунд + «Рабочее Дело» үшін, әрине, бұраң жолды искрашылдар онша зыянды болған жоқ және әрқашан да сондай бола бермекші.

16-ның жыйналысынан кейін, искрашылдар өзара түпкілікті айрылысып, олардың арасында соғыс жарыялан-

ғаннан кейін съезде өкіле бөлінген екі партияның жиыналыстары басталады, яғни барлық бір пікірлілер ретін емес, және-дара түрде бастарын қосысады. Табиғи искрашылдар әуелі 9 болып (16 дан 9), онан кейін 15, ең аяғында 24 дауыс, дауыс болғанда кұр одақ оның емес, шешуші дауыс болып бас қосты. Искрашылдардың қатарының бұлай тез өсуінің себебі — тізімдер (Орталық Комитеттікі) көпке таратыла бастады, ал мартовшылдардың тізімдерінен искрашылдардың басын көпшілігі бажыраған тізім ретінде бірден және біржолата бойын аулақ сала бастады. Мартовтың өткізгелі отырған кандидаттары съезде өздерінің сөзсіз жамаан жақтары (бұлғақтаушылық, ұстамсыздық, тәртіпсіздік ете) әбден көрсетті. Бұл бір, 2-ден, «Истра» ұйымында болған әркімені искрашылдарға түсіндіргеніміз оларды көбінесе көпшілік жағына аударды, сонымен Мартовтың тығызды саяси бағытты ұстай білмейтіні барлық жүртқа және әрбір адамға белгілі болды. Сондықтан дәйекті искралық тактика қолдануды жақтап, Орталық Комитетке ұсынылатындардың тізімін жақтап, редакцияға үш адам (жұмыс істеу қолынан келмейтін, берекесіз, бұрынғы алты адамды бекітудің орнына) сайлауды жақтап 24 дауыс оңай және тез біріге қалды.

Бұл кезде съезд уставты талқылап болды, соның өзінде Мартов және оның компаниясы искрашылдар көпшілігін тағы бір (тіпті бір емес, бірнеше рет) жеңіп кетті, жеңгенде Бунд + «Рабочее Делоның» ізгі жәрдемінің арқасында жеңді, — мысалы, орталық орындарға кооптациялау мәселесі жөнінде (бұл мәселені съезд Мартовтың рухында шешті).

Уставтың бүйтіп бұзылғанына қарамастан, уставты тұтасымен барлық искрашылдар және бүкіл съезд қабылдады. Бірақ жалпы уставтан кейін Бундтың уставына кірісілді, съезд басым көпшілік дауыспен Бундтың ұсынысын (Бунд еврей пролетариатының партия ішіндегі бірден бір өкілі деп танылсын деген ұсынысын) қабылдамай тастады. Жанылмасам, бұл жерде бүкіл съезге дерлік Бундтың жалғыз өзі ғана қарсы болып шықты. Содан соң бундшылдар партиядан шыққанын жарыялап, съезден кетіп қалды. Мартовшылдардың сенімді бес одактасы кеміді. Революциялық орыс социал-демократиясының Шетелдегі лигасы «шет елдегі бірден

бір партия ұйымы» деп танылғаннан кейін рабочеделетшылар да кетіп қалды. Мартовшылардың тағы сенімді екі одақтасы кеміді! Съезде барлығы 44 (51 — 7) шешуші дауыс қалды, бұлардың көпшілігі дәйекті искрашылар (24) болды; мартовшылардың южнорабочешылармен және «баптакпен» біріккендегі оданы 20 дауысқа ие болды.

Мартовтың Бундпен одақтасып, дәйекті искрашыларды *сожжылат*, талқандағанында берік жолды искрашылар бір ауыз сөз айтпастан қандай бағынған болса, енді бұран жолды искрашылардың сондай бағынатын реті келіп еді. Бірақ мартовшылардың әлектенгендігі сонша — бұлар бағынудың орнына жанжал шығарып, бөлінуге бел байлады.

Ескі редакцияны бекіту туралы мәселе көтерудің өзі жанжал тудырды, өйткені редактордың біреуі ғана мәлімдеме жасаса болғаны — съезд жәй бекіте салумен тынбай, Орталық Органның құрамы туралы күллі мәселені *қарауға* міндетті еді. Орталық Орган мен Орталық Комитетті сайлауға қатысудан *бас тарту* екі жарылуға бет алған адым болды.

Әуелі редакцияны сайлау туралы. Tagesordnung⁷ те, 24-пункт бойынша, жоғарыда айтылғанындай, орталық мекемелердің сайлауы көрсетілген. Ал Tagesordnung⁷ жөнінде *менің* берген түсінігімнің (бұл түсінік съезден көп бұрын барлық искрашыларға және съездің барлық мүшелеріне мәлім болған) бір шетіне: Орталық Органға үш адам және Орталық Комитетке үш адам сайлау, деп белгі соғылған. Олай болса, үш адам сайлау редакцияның өз ортасынан шыққан тілек екендігіне және де бұған редакция ішінен *ешкім* қарсы шықпағандығына ешбір күмән болмау керек. Қала берсе, Мартов пен мартовшылардың тағы бір басшысы әлгідей «екі үштікті» съездің *бірталай делегаттарының* алдында съезден көп бұрын қорғап шыққан болатын.

Өз басым съезде редакция *сайлау* керектігін талап ететінімді съезден бірнеше апта бұрын, Старовер⁸ мен Мартовқа айтқан болатынмын; мен екі үштік сайлау керектігіне қосылдым; оның бір жағында, редакция үштігіне кейін *не* 7 адам (соңғы екіде да көбірек) кооптацияналар, *не* сол қамында қалар деп ескердім, (соңғы жайдың болуы мүмкін екенін әдай ескертіп айттым).

Старовер тұрып үштік дегеніміз Плеханов + Мартов + Ленин деп тіпті ашып айтты және мен оған қосылдым — басқарушылыққа тек осындай адамдардың ғана сайлана алатыны жұрттың бәріне және әрқашан соншалық дәрежеде айқын еді. Ал, съезде болған тартыстан кейін, үштіктің қолайлылығына, іскерлігіне кейіннен барып шабуыл жасау ашу басқан, зәбірленген, естерінен жаңылған адамдардың ісі еді. Бұрынғы алтаудың іскер еместігі соншалық — ол үш жыл бойында толық бас қосып бір жыйналмаған — бұған сенуге де болмайтын іс, бірақ бұл факт. «Искранын» 45 номерінің бірде-біреуін Мартовтан немесе Ленинен басқа ешкім құрамаған (редакциялық-техникалық мағнада алғанда). Ірі теориялық мәселені бірде-бір рет, Плехановтан басқа ешкім көтермеген. Аксельрод мүлдем қызмет еткен жоқ («Заряда»⁹ ноль мақала, «Искранын» барлық 45 номерінде 3 — 4 мақала). Засулич пен Старовер таза редакторлық жұмысқа еш уақытта кіріспей, қызметтес болумен және ақыл айтумен ғана тынды. Бір айдай қызмет істеген съезд мүшелерінің қайсысына болса да саяси басшылыққа, орталыққа кімді сайлау керек екендігі айдай анық еді.

Ескі редакцияны бекіту туралы мәселені съезге салу жанжалға арандатудың сорақы айласы еді.

Сорақы айла болатыны — одан еш нәрсе шықпайтын еді. Егерде алтауды бекіткен болса да редакцияның бір мүшесі (мәселен, мен) редакция коллегиясын қайта құруды, оның ішкі қатнастарын тексеруді талап еткен болар еді, сондықтан съезд істі бастан аяқ қайтадан қарауға міндетті болар еді.

Жанжал шығаруға айдап салудың айласы дейміз, — өйткені бекітілмей қалу зәбір ретінде түсінілуге тиісті көрінеді, ал қайтадан сайлау тіптен титтейде реніш тудырмайды. Орталық Комитетті сайлайды екен, — Орталық Органды да сайласын. Уйымдастыру Комитетін бекіту туралы сөз көтерілген жоқ екен, — ескі редакцияны бекіту туралы да сөз болмасын.

Бірақ мартовшылдар бекітуді талап етіп, сонысымен съездің қарсылығын тудырғаны түсінікті, өздері бұл қарсылықты зәбірлегендік, қорлағандық, қуғандық, шетке қаққандық деп түсіністі... содан соң қайдағы жоқ пә-

лені ойдан шығара бастады, осы күнде еріккен өсекшілердің қыялы осыны қорек етіп отыр!

Сайлау немесе бекіту мәселесін талқылаған уақытта редакция съезден шығып кетті. Қыян-кескі қызу айтыстан кейін съезд: *ескі редакция бекітілмейді — деп қарар шығарды**.

Редакцияның бұрынғы мүшелері тек осы қарардан кейін ғана залға кірді. Сонда Мартов орнынан тұрады да өзінің де, өзінің жолдастарының да сайлануынан бас тартады; «партия ішіндегі қоршау қалпы» (сайланбаған министрлерге ғой?) туралы, «жеке адамдар мен топтарға қарсы төтенше заңдар» («Искра» атынан шығып, оған Рязановты тықпалайтын және де комиссияда бір түрлі, съезде екінші түрлі сөйлейтін адамдар сыяқтыларға ғой?) туралы неше түрлі қорқынышты және бишаралық сөздер айтты.

Мен оған *саяси ұғымдарды адам айтқысыз шатастырып алғандығын* көрсетіп жауап бердім, оның аяғы партияның қызмет адамдарының коллегияларын съездің сайлауына, қайта іріктеуіне қарсы болуға апарып соғады, дедім**.

Сайланғандар Плеханов, Мартов, Ленин болды. Мартов тағы да бас тартты. Қольцов та (3 дауыс алған) бас тартты. Содан кейін съезд, қолайлы адам тапқан кезде өздеріне, 3-ші адамды кооптациялауды Орталық Орган редакциясының екі мүшесіне тапсыратын қарар шығарды.

Бұдан кейін Орталық Комитеттің үш мүшесі сайланды, запискалар счетчигі *съезге бұлардың тек біреуін ғана* атады, — сонымен қатар, партия Советінің бесінші мүшесі (жасырын, записка арқылы) сайланды.

Мартовшылдар және оларға ерген барлық «батпак» запискалар тапсырмады, бұл жөнде бюроға жазба мәлімдеме тапсырды.

Бұл екі жарылуға, *съезге жұмыс істетпеуге*, партияны танымауға көрінеу аяқ басқандық еді. Бір южнора-

* Бір мартовшыл бұл арада *сондай* сөз сөйлеген — оның сөзінен кейін бір делегат секретарьға: протоколда нүктенің орнына көз жасын қой! деп айғайлады. Ескі редакцияны әсіресе қызу қорғаған «батпак» адамдары болды.

** Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қазақша 535-беті. *Ред.*

бочешыл съезд қарарларының заңдылығына күмәнде-немін (sic!) деп ашық айтқанында, Мартов ұялғанынан оған қарсы шығып, съезд қарарларының заңдылығына күмәнденбейтінін жұрт алдында мәлімдеді.

Бірақ Мартовтың (және мартовшылдардың) істері мен қылықтары... Мартовтың бұл айтқан жақсы, орынды сөздеріне үйлеспеді.

Сонан кейін съезд протоколдарды жарыялау мәселесін «протокол комиссиясына» тапсырды және мынадай 11 тактикалық қарар қабылдады:

- 1) Демонстрациялар туралы.
- 2) Профессионалдық қозғалыс туралы.
- 3) Сектанттардың арасындағы жұмыс туралы.
- 4) Оқушы жастар арасындағы жұмыс туралы.
- 5) Тергеу уақытында өзін қалай ұстау туралы.
- 6) Фабрикалық старосталар туралы.
- 7) 1904 жылы Амстердамда болатын халықаралық конгресс туралы.
- 8) Либералдар туралы (Старовердікі).
- 9) Либералдар туралы (Плехановтікі).
- 10) Социалист-революционерлер туралы.
- 11) Партия әдебиеті туралы.

Бұдан соң председатель съезд қарарларының баршаға міндетті екенін ескертіп сөйлеген қысқа сөзімен съезді жапты.

Мартовшылдардың съезден кейінгі қылықтарын, олардың бірлесіп қызмет істеуден (*мұны Орталық Органның редакциясы олардан ресми түрде сұраған*) бас тартқанын, Орталық Комитетке жұмыс істеуден *бас тартқанын*, олардың бойкот жасауды насихаттағанын салмақтап қарағанда, мен мұны партияны іштен бұзу жөніндегі ақылға сыймайтын, партия мүшелеріне лайықсыз әрекет деп қана атай аламын... сонда мұны не үшін істеп отыр? Орталық орындардың құрамына наразы болғандықтан ғана істеп отыр, өйткені *объективтік* жағынан біз тек осы жөнінде ғана айырылысқан болатынбыз, ал субъективтік бағалар (зәбірлеу, қорлау, қуу, шетке қағу, қаралау etc. etc деген сыяқтылар) — *шамданған менмендік пен ауру қыялдың жемісі*.

Жаңа орталық орындардың ісімен әлі таныспай тұ-

рып, оны көрмей тұрып, бұл орындардың «іскер еместігі» туралы, Иван Ивановичтің «кірпідей қолғабы», Иван Никифоровичтің «жұдырығы», тағы басқалар туралы адам айтпас масқара өсек таратушылық осы ауру қыял мен шамданған менмендіктің салдары.

Орталық орындардың «іскер еместігін» оларға бойкот жарыялау арқылы дәлелдеу, партиялық борышты көз көріп, құлақ естімеген түрде аяққа басқандық, сондықтан мұны ешқандай софизмдер жасыра алмайды: бойкот — партия қатарын бұзуға қарай қадам басқандық.

Орыс социал-демократиясына үйірмешілдіктен партияшылдыққа, обывательдіктен революциялық борышты түсінушілікке, өсек жүргізу, үйірмелерде омыраулау арқылы іс істеуден тәртіптілікке көшудің ақырғы қыйын кезеңінен өтуге тура келеді.

Партия жұмысын, социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының пайдасына істелетін істі бағалай білетін адам орталық орындарға «заңды» және «орынды» бойкот жарыялау сыяқты сорлы софизмдерге жол бермейді; ондай адам орталық орындарға өздерінің және достарының өтпегеніне ренжитін ондаған адамдардың наразылығына бола жұмысты ақсатуға да, тоқтатуға да жол бермейді; — қызмет істеспеймін деп қорқыту жолымен, бойкот жарыялау жолымен, ақша қаражатын тыю жолымен, өсек тарату, жала жауып сыбыр сөз жүргізу жолымен партияның қызмет адамдарына ықпал жүргізу әрекеттеріне жол бермейді.

ДЕГЕНІ БОЛМАДЫ!..

— Ал, егер сіздің даурыға, әсемдеп және көпіртіп айтқан сөздеріңіз өзінің нақ түрімен-ақ сенімсіздік туғызса қалай болады?

— Менің сөздеріме күдіктенуге батылы барған адамды көргім келеді!

— Ал егер, дегенмен, күдіктенсе не болады?

— Қайталап айтам, революционердің сөзіне күдіктенуге жол бермеймін, мен ешқандай нәрседен де тайсалмаймын, мен ақырына дейін барам, мен не тура сенімсіздік білдіруді, не турадан-тура кейін шегінуді талап етемін, мен...

— Ал егер сіздің ашық сенімсіздік білдіру жөніндегі талабыңыз орындалса қалай болады?

— Не дейсіз?

— Егер сізге сенбейміз деп тура және ашып айтса не дер едіңіз?

— Мұны айтуға батылы барған адамды жексұрын өсекші деп атаймын, мен оның бұрын-соңды болып көрмеген қылығын бүкіл әлем алдында масқаралаймын...

— Ал егер, бұған жауап ретінде, сізге — өзіңіздің бүкіл қылығыңыз сізге сенімдік білдіруге жол бермейді деп, үнемі дәлелдей бастаса қалай болады?

— Мен онда барлық жерден бұл қыян-кескі айтысқа қарсы наразылықтар жыйнаймын, мен шындық-ақыйқат туралы және шындық-әділдік туралы, кір қолмен былғанған кіршіксіз тазалық туралы, ұсақ өзімшілдіктің өрескел және былғаныш қабығы туралы, менің кеудемді шексіз ынта-жігермен толтырып отырған тазартқыш

жалын туралы бүкіл жұртшылыққа әсерлі сөз айтамын, мен өзімнің жауларымды Понтий Пилатына теңеймін...

— Ал егер ондай сөздер жөнінде сізді Тартюффен теңесе қалай болады?

— Онда мен аралық сотқа жүгінемін!

— Шақыруынды қабыл алады және сіздің арыздарыңыздың дұрыстығына дұшпанның күмәндануға қақы бар ма, жоқ па деген мәселені соттың қарауы үшін, соған ең алдымен рыйзалық беріңіз деп, сізге дереу жауап береді.

— Онда... онда ма... онда мен былай деймін: «осы болып өткендерден кейін» қайдағыбір «кісілермен» қайдағыбір «келісім» туралы айтудың өзі күлкі деп мәлімдеме жасаймын.

* * *

««Революцияшыл Россияның»¹⁰ айтуы бойынша, екінші апрель ісі¹¹ туралы тарихта бұрын болмаған науқан» міне осындай болды. Құрметті газет, өте түсінікті себептер бойынша, осы тарихты шынында да солай болды деп мойындағысы келмейді. Аса құрметті газет өзіміз тексеруге тура келіп отырған бірнеше сылтауларды бет перде қылады.

Біріншіден, «Рев. Рос.» Балмашевтің жолдастары «ұйымдасқан орыс социал-демократиясынан сұраған еді», ал ол үшін «Искра» редакциясы неге жауап береді деп таңырқанады. Балмашевтің жолдастары, — дейді бізге, — «айқын адрес бойынша жіберген, өте айқын ұсыныстарына жауап алған жоқ».

Мырзалар, бұл дұрыс емес. Ұйымдасқан орыс социал-демократиясының не екені, барлық біздің ұйымдардың қандай екені сізге де, жұрттың бәріне де және әркімге де мәлім екені сыяқты, әбден мәлім. Кейбір адамдардың ойлайтынындай, бізде бір түннің ішінде жаңа ұйым өсіп шықпайды. Бізде партия комитеттері бар, «Искра» бар, көптен бері партияның екінші съезін дайындап келе жатқан Ұйымдастыру Комитеті бар. Сіздер қандай «айқын адрестен» сұрадыңыздар? Екінші съездің адресінен сұрадыңыздар ма? Әлде УК адресінен сұрадыңыздар ма? Жоқ; сіздер, белгілі адрес туралы айтсаңыздар да, бұл адресті мүлде ешнәрсемен анықтаған жоқсыздар. «Искра-

ны» комитеттің көпшілігі мойындады деп өздеріңіз айттындар ғой, сондықтан сіздерге «Искрадан» басқа ешкім де жауап бере алмайтын еді. Егер біздің партияның екінші съезі «Искраны» партияның органы деп мойындаса, онда «Искраның» жауабы партияның жауабы болып табылады. Егер олай болмаса, — онда сіздер басқа органмен істес боласыздар. Мұның өзі соншалықты оңай нәрсе, сондықтан оны алты жасар бала да түсіне алады.

«Рев. Рос.» «Балмашевтың жолдастары жасаған айқын ұсынысқа» (екінші апрель ісінің шын мәнімен танысуына социал-демократияға мүмкіндік беру керек болыпты-мыс деген ұсыныс) «айқын жауап берудің орнына, олар өздері мен «Искраны» осы болып өткендердің бәрінен кейін олардың арасында мәселенің қойылысы туралы қандай да болса бір келіссөз бен «келісім» мүмкін болатын екі жақ ретінде мойындауды бізге ұсынады деп таңырқайды». Сонымен, «Рев. Рос.» енді: бізге аралық сот болсын деп ұсынған жоқ, тек танысуға мүмкіндік беруді ғана ұсынды дейді. Бұл дұрыс емес. «Р. Р.» 27-номеріндегі «мәлімдеме» «өтірік-өсек тарату жөнінде мүлде тексерілмеген айып» («Искраны» айыптау) туралы, айыпты тексеру туралы, «адалдығы мен құпия сақтайтындығына біздер де және орыс социал-демократиясының Орталық органы (бұл есіңізде болсын!) да сене алатын бір адамға бірсыпыра дәлелдерді тапсыру» туралы айтады. Айыптаушы мен айыпталушы сенетін адамның «айыпты тексеруі», «дәлелдерді қарауы» — аралық сот болып шықпай ма? Бұл тек танысу жөніндегі ұсыныс болып қана шыға ма? Мырзалар, сіздер қандай масқарапаздарсыз. Адал адамды сайлау туралы рыйзалық білдіріп өздеріңіз ұсыныс жасағаннан кейін, сіздер енді ешқандай келісім мүмкін емес деп, қолға түскен Ноздрев сықылды менменсисіздер!

«Рев. Рос.»: «Мәселенің қойылысындағы келісім туралы айтқанда, сонымен қатар өзінің мәселе қойысын дәлелдегенде және мәселенің басқаша қойылысы мүмкін емес деп үзілді-кесілді мәлімдеме жасағанда «Искра» кімді келемеждейді деп сұрайды». Сот алдында кімде болса өз пікірін үзілді-кесілді мәлімдейді және оның бірден-бір дұрыс пікір екенін дәлелдейді. Өзінің айқын мәселе қойысы туралы айтудың орнына, біздің мен-мен

дұшпанымыз тек қоқыя бастайды және ізгі сөздер айтады!

Алайда, «Рев. Рос.» коқыыланыңқырап қояды да, біздің мәселе қойысымыз туралы да бірнеше пікір айтады. Оның пікірінше, «Искра» кулық-сұмдыққа жүгіреді және кейін шегінеді. Мәселе жауынгер ұйымның «Искраның» еркін ойлау (!) правосына, саяси актыларды барлық тұрғыдан қарап бағалауына, ал тіпті (sic!*) не нәрсеге болса да іштен күдіктенуіне қастесін тігуде емес дейді. «Осы іштен күдіктенушіліктің», ақыйқатында, еш нәрсеге ұқсастығы жоқ нәрсе. «Жауынгер ұйымның» либералдығы сонша, сондықтан ол бізге (кәзір, жылдан аса уақыт күрестен кейін!) тіпті күдіктенуге де рұхсат беруге дайын, — бірақ тек іштен ғана күдіктенуге, яғни, сірә, күдіктенуші адамның өзінен басқа ешкім бұл туралы білмейтін болса ғана рұхсат етуге дайын... Мүмкін, еркін бағалауды да бұл жауынгер адамдар бізге тек іштерімізден ғана ойлауға рұхсат ететін шығар?

««Искраның» мұндай талапқа бағынудан бас тартқандығы ғана оны өтірік-өсекте айыптауға сылтау болды деп ойлауға болады», — дейді «Рев. Рос.». Содан кейін «революцияшыл мораль тартюфтері» деген мақаладан цитаттар келтірді және «мұнда қайдағыбір сыпайы және белгісіз күдіктер туралы айтылып отырған жоқ, өте дөрекі және мүлде айқын айыптар туралы айтылып отыр» деп ескертеді.

Оқушыны жалпыға мәлім кейбір фактыларды есіне түсіруге шақырамыз. Біз «Искраның» 20-номерінде (1 май, 1902 ж.) ешқандай жауынгер ұйым туралы ұғымымыз болмай тұрып, Балмашевтің актын бағалаймыз. Балмашевтің ұйғарындыларының дәлелін өзінің ресми мәлімдемелерінен іздеуді талап етіп, осы жауынгер ұйым бізге хат жазады. Біз белгісіз ұйымның осы хатын үндемей ғана апарып, керексіз қағаз салатын корзинаға тастаймыз. Хат «Рев. Рос.» 7-номерінде (июнь, 1902 ж.) басылып шығады, оның редакциясы біздің тек бір ғана үндемегеніміз жөнінде моральға кір келтіргендік туралы, актының маңызын кеміткендік туралы, т. т. туралы байбалам салады. Біз «Лажсыз айтыс» деген мақалада жауап береміз («Искраның» 23-номері, 7-август, 1902 ж.),

* — осылай! Ред.

Бұл мақалада ашушаң Юпитерді нелемеж қыламыз, 2-апрель актына берген өзіміздің бағамызды қорғаймыз және Балмашевтің «жауынгерлік ұйымға» жатуының біз үшін «күдікпен де жаманырақ екенін» мәлімдейміз. Сол кезде соц. рев. мырзалар, бізге ішкі күдігіміздің сыртқы көрінісін айтып алып, «бұрын-соңды болып көрмеген қылық» туралы, «былғаныштық» туралы және «инсинуация» туралы құтырына байбалам салады («Рев. Рос.» № 11, сентябрь, 1902 жыл).

Біздің әдеби таласымыздың негізгі мәселелері, ең қысқа түрде шолып алғанда, міне осындай. Сөзіне жауы үндемей сенімсіздік білдіретінін өте жақсы білетін адам жұрт алдында кеңірдекке пышақ тақайды, сөйтеді де не сенетінінді, не сенбейтінінді ашып айт деп талап етеді, ал сенбейміз деген сөзді естіген кезде өзінің кеудесіне урады және қандай ізгі жәндік, қандай жексұрындықпен зәбірленді деп *urbi et orbis** шағынады. Бұл не: коздровщиналық емес пе? революцияшыл бреттерлік емес пе? Мұндай алаңға Тартюф деп ат тағу лайықты емес пе?

Бізді мақалаға және Тартюфтер туралы мақалаға жауап бергісі келмей кейін шегінді дегенді «Рев. Рос.» қайдан алып отыр? Бұл мақалалардың тезисі біздің мәселе қойысымызға енгізілмегендіктен алып отыр ма? «Соц. рев. партиясының» көзқарасы жайындағы «Искрания» барлық қатнасы жөнінде емес, қандай да болса белгілібір мақалалар жөнінде бізге сот ұсыныс жасады ма? Балмашев жолдастарының мәлімдемесінің ең басында «Рев. Рос.» 27-номерінде барлық таластың шыққан жері, — Балмашевтің «жауынгер ұйымда» тұруы күдікпен де жаман деген «Искрания» 23-номеріндегі сөзі цитатқа алынбады ма? Өзіміздің барлық мақалаларымызға жауаптымыз, «Искрания» қай номеріне болса да сүйеніп сот алдында барлық мәселелерімізді толықтыруға дайынбыз, оның сөздерінің дұрыстығы туралы біздің күмәнданып келтірген жоғарыдағы сөздерді айтуға дейін барған «Рев. Рос.» публицистерді Тартюфтер деп сыйпаттауға толық адамгершілік правомыздың және орынды дәлеліміздің бар екендігін кімнің алдында болса да

* = жер жуаіне. Ред.

дәлелдеуге дайынбыз деп «Рез. Росс.» сендіруге бағытымыз жетеді.

Дұрысында, «кейін шегіну және қайтақтау» кімнің жанынан болып отыр? Біздің еркін баратын, іштен күдіктену правоңызды енді кішіпейлдіктен мойындауға әзір отырғандардың және «Искра» үнемі күдіктеніп келді деп жиренішті-көпірме таптанған жылдан артық жақтығын келгендердің және әрбір байсалды адамның революцияшыл беллетристикаға күдіктену міндетін дәлелдеткендердің тарапынан болып отырған жоқ па екен. Жоғарғы дәрежелі адалдық туралы зарлі сөздер, шынында, аудиторияның жылауын емес, тек күлкі тудыратынын көрген кезіңізде, — сіздерге жаңа сенсация керек болды, сондықтан сіздер сот болсын деген талаптан шыға келдіңіздер. Жанжалға құмар шетелде жүрген жұрттар «ақыры — олар аналарды сотқа шақырды!». Енді біз көреміз» деп қуанғаннан қолдарын уқалап, сыбыр ете түсті. Енді олар водевилдің ақыры сахнасын көрді, оның кейіпкері «барлық болып өткен оқиғалардан кейін» сот үшін мәселенің қойылысы туралы ешқандай келісімнің мүмкін еместігін, — істі адамның айтып жеткізе алмайтын-өкпелі түрімен жарыялады.

Мырзалар, осы қалпыңыздан танбай, жайбарақат қалыпта айта беріңіздер! Бірақ есіңізде болсын, түкке тұрғысыз сөздердің ешқандай тасқыны өзіміздің міндетімізді: сөзуарлық пен адастырушылықты әшкерелеу міндетімізді орындауға кедергі жасай алмайды; оларды қай жерде көрінсе ол жерде көрінсін — революцияшыл авантюристердің «программаларында» көріне ме, немесе олардың беллетристикасының сәулелерінде ме, немесе шындық-ақыйқаттық туралы, тазартқыш жалын туралы, кіршіксіз тазалық туралы және басқалар туралы көпірме предиктерде* көріне ме — әшкерелей береміз.

Искра, № 48, 15 сентябрь, 1903 ж.

Искра газетінің тексті бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ ЖАСТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ХАТТАРДЫҢ ЖОСПАРЫ

Революцияшыл жастардың міндеттері туралы хаттарды мына жоспармен бөлуге болар еді:

I. Кәзіргі заманғы студентство дегеніміз не нәрсе және оның идея жағынан бірігуінің міндеті неде?

II. Студентствоны революцияшыландыру ісінде (революцияшыл қозғалыста) марксизм маңызы.

III. Россиядағы социал-демократтар мен социалист-революционерлер. Олардың теориялық және тактикалық айырмашылықтары. Террор.

IV. «Студенттерді революцияшыландыру» тұрғысынан қарағанда студенттер ұйымының мәселелері.

V. Студентство мен жұмысшы табы (?).
Идеялық бірігу = кейбір идеясыздық. Жалпы дәлел — студентстводағы түрлі топтар. Талдау, олардың түрлі топтары, олардың кездейсоқтық *respective** қажеттігі.

Қоғамның әртүрлі таптарындағы мәдениетшілер.
Либералдардың тіректері

6 топтардың таптық айқындығының жеткіліксіздігі: самодержавие бәрінен де гөрі айқын көрінеді (реакционерлер — мәдениетшілер — либералдар). Усак буржуазия, жұмысшылар, буржуазия — кәзірдің өзінде-ақ *таптық*** топтар айқындалып келеді.

* — сәйкестенген. *Ред.*

** «Соңғы күндердің» емес (социалистік интеллигенцияның құралуы), шамалап айтқанда, петрашевскийшілдер¹² үйірмесінен бас-таранда, жарты ғасырдың құрылысы.

Таптық (және саяси жіктелудің прогрестік маңызы. Мысалы. Академистер және олардың «либералдардан» бөлінуі. Бұл бөліну саяси жағынан іріктелуге (дамуға, өсуге) кедергі жасамайды, жәрдемдеседі.

«Идеялық бірігу». Quid est?*. Кімді кіммен? Академистер + либералдар? Либералдар + социалистер?

Тек қана социалист-революционерлер мен социал-демократтар?

Идеялық бірігу = белгілі идеяны тарату, таптық араздықты ашу, идея жағынан ажырасу.

Идеялық бірігу = алға бастыруға қабілетті идеяны, алдыңғы қатарлы таптың идеясын тарату.

Революциялық марксизм, 1848 жылдың қарсаңында оның Европада майданға шығуы, оның Батыс Европа мен Россиядағы ролі.

{ мынаны қосу керек: социализм буржуазиялық студенттердің бойына сіңбейді-мыс деген «superkluge»** }
пікірді қосу керек.

1903 ж. август-сентябрінде жазылған

Бірінші рет 1924 ж. «Красная Молодежь» журналының 1 номерінде басылған

Колжазба бойынша
басылып отыр

* — Бул немене? Ред.

** — «ақылдан тыс». Ред.

РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ ЖАСТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

БІРІНШІ ХАТ*

«Студент»¹⁴ газетінің редакциялық мәлімдемесі, біз кателеспесек, ең бірінші рет «Освобождениенің»¹⁵ 4 (28) номерінде басылып шыққан және сонымен қатар «Искра» алған мәлімдемесі біздің пікірімізше, «Студенттің» 1-номері шыққаннан кейін редакцияның көзқарасындағы едәуір алға басқандықты дәлелдейді. Мәлімдемеде баяндалған көзқарастарға өзінің наразылығын асырып айтқан Струве мырза кателескен жоқ: өйткені бұл көзқарастар, шынында, либерал-буржуазиялық орган мейлінше жақтап отырған оппортунистік бағытпен мүлде үйлеспейді. «Тек революцияшыл сезім ғана студенттердің идея жағынан бірігуін жасақтай алмайтынын», бұл үшін белгілібір социалистік көзқарасқа сүйенетін социалистік идеал керектігін, және оның үстіне «белгілі, тұтае» көзқарас керектігін мойындап, «Студенттің» редакциясы студенттерді революцияшыландыру құралы туралы мәселені дұрыс негізге қойып, идея жөніндегі талғамаушылық пен теориялық оппортунизмнен кәзірдің өзінде-ақ қол үзді.

Рае, тұрпайы «революционизмнің» жұртқа тарап жүрген тұрғысынан қарағанда, студенттердің идеялық бірлестігі дүниеге тұтае көзқарасты талап етпейді, оны керек қымайды, идеялық бірлестік әртүрлі революциялық идеяларға «шыдамдықпен» қарау болып табылады, белгілібір идеяны батыл мойындаудан қалыс қалуды көздейді, қысқасы, осы саясатшыл данышпандардың тұрғысынан қарағанда, идеялық бірігу кейбір идеясыздықты көздейді (әрине, мұны көзқарастың кеңістігі туралы, қалайда және дереу бірлесудің маңыздылығы туралы, т. т.

және т. с. туралы тазыны жеткен формуламен азды-көпті шебер түрде бүркемелейді). Саяси-әлеуметтік көзқарасы жағынан алып қарағанда студенттердің арасында әртүрлі топтар бар екендігі және болмауы мүмкін еместігі, ал сондықтан дүниеге көзқарастың тұтастығы мен айқындығын талап ету кейбіреулерді осы топтардан итермелеп шығаратындығы, — демек, бірізге кедергі жасайтындығы, демек, тату жұмыстың орнына араздық тұтызатындығы, демек, жалпы саяси тегеуірінді шексіз әлсіретіндігі, т. т. жөніндегі нұсқау мәселенің солай қойылуының пайдасына өте көрнекті және, сырттан қарағанда, өте сенімді дәлел болып, әрі жалпыға мәлім, әрі даусыз фактыға әрқашанда қызмет етеді.

Осы көрнекті пікірді қарап көрелік. Мәселен, «Студенттің» 1-номерінен студенттерді топқа бөлуді алайық — осы бірінші номерде дүниеге көзқарастың айқындығын және тұтастығын редакция әлі ұсынған жоқ еді, сондықтан социал-демократиялық «өрісі тарлықты» жақтайды деп редакцияға күдіктену қиын еді. «Студенттің» 1-номеріндегі редакциялық мақала көзіргі заманғы студенттерде ірі төрт топтың бар екендігін айырып көрсетеді: 1) немқұрайды қарайтын селқос топ — «булар студенттер қозғалысына мүлде селқос қарайтын адамдар»; 2) «академистер» — булар студенттер қозғалысын тек қана академиялық негізде жақтайтындар; 3) «студенттер қозғалысына мүлде қарсылар — ұлтшылдар, антисемиттер, т. т.»; 4) «саясатшылдар» — патшалық дееспотизмді құлату жолындағы күресті жақтаушылар. «Бұл топтың өзі де бір-біріне қарама-қарсы екі элементтерден құралады — революцияшыл ниет-көңілдегі таза буржуазиялық саяси оппозициядан және — соңғы күндер жаратқан (тек қана соңғы күндерде ме? *И. Ленин*) — социалистік ниет-көңілдегі революцияшыл интеллигент пролетариатынан құралады». Егер осы соңғы бөлімше топтың өзі, жұрттың бәріне мәлім болып отырғанындай, социалист-революционер студенттерге және социал-демократ студенттерге бөлінетінін еске алсақ, онда көзіргі заманғы студенттерде алты саяси топ бар болып шығады: реакционерлер, немқұрайды қарайтындар, академистер, либералдар, социалист-революционерлер және социал-демократтар.

Осы жіктелушілік кездейсоқ нәрсе емес пе? бұл ниет-көңілдің уақытша бөлінуі емес пе? деген сұрақ туады. Аздап болса да іспен таныстығы бар адамның қай-қайсынан болса да бұл сұраққа олай емес деген жауап алу үшін бұл сұрақтың тура қойылуының өзі-ақ жеткілікті. Біздің студенттерімізде топталудың бұдан басқаша болуы мүмкін де болмаған болар еді, өйткені студенттер интеллигенцияның белсенді бөлімі болып табылады, ал интеллигенцияның интеллигенция болып аталатын себебі — ол бүкіл қоғамдағы таптық мүдделер мен саяси топтардың дамуын бәрінен де саналырақ, бәрінен де батылырақ, және бәрінен де дәлірек етіп көрсетіп, айтады. Егер студенттердің саяси топталуы бүкіл қоғамдағы саяси топталушылыққа сәйкес келмеген болса, онда студенттер нақ кәзіргісіндей болмаған болар еді, — «сәйкес» дегеніміз студенттік және қоғамдық топтар өздерінің күші мен саны жағынан толық кұрлымдас болуға тиіс деген мағнада емес, қоғамда қандай топтар болса, студенттерде де нақ сондай топтар болуы қажет және болуы сөзсіз деген мағнада болады. Таптық антагонизмнің дамуы (салғастырғанда) жаңа ғана басталып келе жатқан, саяси жағы соны жатқан, халқының орасан зор қалың бұқарасы полициялық қысымның тепкісінде езіліп-жаншылып отырған барлық орыс қоғамына осы алты топ мейлінше тән нәрсе: реакционерлер, немқұрайды қарайтындар, *мәдениетшілер*, либаралдар, социалист-революционерлер және социал-демократтар. «Академистер» орнына мен бұл жерде «мәдениетшілерді» қойдым, яғни жарыя прогресті саяси күрессіз заң жолымен жақтаушыларды, прогресті самодержавие негізінде жақтаушыларды қойдым. Бұл сыяқты мәдениетшілер орыс қоғамының әр тобында бар, сондықтан олар барлық жерде, «академист» студенттер сыяқты, кәсіпшілік мүдделердің азынаулақ мәселелерімен, халық шаруашылығының белгілі бір саласын немесе мемлекеттік және жергілікті басқаруды жақсартумен тынып қалады, олар барлық жерде қорқақтықпен саясаттан бойын аулақ салады, түрлі бағыттағы «саясатшыларды» (академистердің айыра білмейтініндей) айыра білмейді және басқару түріне жататынның бәрін саясат деп атайды. Мәдениетшілер тобы біздегі либерализмнің кең негізі болып келді және кәзірде де солай болып отыр: «бейбіт» уақыттарда (яғни, «орысша»

айтқанда, саяси реакция кезінде) мәдениетші және либерал деген ұғым мүлде дерлік қосылып кетіп отырады, тіпті соғыс кездерінде де, қоғамдық ниет-көңілдің өрлеген кездерінде де, самодержавниеге тегеуірін жасау күшейіп отырған кезде де бұл ұғымдардың арасындағы айырмашылықтар көбінесе көмескі болып қала береді. Орыс либералы патша үкіметіне қарсы тура және ашықтан-ашық наразылық білдіріп, шетелдік еркін баспасөз арқылы жұртшылық алдында сөйлегеннің өзінде де өздерін тек қана мәдениетшілерміз деп сезеді, сондықтан құлдарша, немесе, егер білгіңіз келсе, заң бойынша, адалдықпен, шын берілгендікпен пікір айтуын қоймайды: «Освобожденнені» қараңыз.

Либералдар мен мәдениетшілердің арасында анық және айқын көзге түсетін белгінің жоқтығы жалпы орыс қоғамының барлық саяси топтарына тән нәрсе. Жоғарыда келтірілген алты топқа бөлушілікті дұрыс емес, өйткені ол орыс қоғамының таптық бөлінісіне сәйкес келмейді деп бізге, сірә, айта алар еді. Бірақ олай деушілік дәлелсіз болған болар еді. Тапқа бөліну, әрине, саяси топтардың нағыз барып тұрған терең негізі болып табылады; ол *сайып келгенде* осы топты, әрине, әрқашанда айқындап отырады. Бірақ бұл терең негіз тек тарихи дамудың барысына қарай және бұл дамуды жасаушылардың және оған қатнасушылардың санасына қарай ашылады. Бұл «соңғы есеп» саяси күрес арқылы, — кейде ұзақ созылатын, табанды, жылдап, он жылдап өлшенетін күрестің, кейде түрліше саяси дағдарыстарда қаулап, кейде мүлде әлсіреп және уақытша тоқырап қалған сықылды болып көрінетін күрестің нәтижесінде жүзеге асады. Мәселен, саяси күрес ерекше күшті болып отырған, әсіресе алдыңғы қатарлы тап — пролетариат табы саналы түрде майданға шығып отырған Германияда, өзінің әртүрлі (жалпы алғанда сөзсіз антипролетарлық) таптық мазмұнын діні айырмашылық белгілермен бүркемелеп отырған, центр сыяқты, партияның (және қуатты партия) әлі күнге дейін өмір сүруі тегін нәрсе емес. Россиядағы кәзіргі уақыттағы саяси топтардың таптық тегі өте күшті дәрежеде бүкіл халықтың саяси правосыздығымен бүркемеленіп отырғандығына, ал ол халыққа тамаша ұйымдасқан, идея жағынан топтасқан, томағатұйық дәстүрі бар бюрократияның үстемдік етіп отыр

ғандығына азырақ таңырқауға болады. Азиялық саяси құрылысына қарамастан Россияның европалық-капиталистік дамуы қоғамның саяси тобына қандай күшті із салып үлгіргеніне тезірек таңдануға болады.

Әрбір капиталистік елдегі алдыңғы қатарлы тап, өнеркәсіп пролетариаты кәзірдің өзінде-ақ бізде де социал-демократияның басшылығымен, бүкіл халықаралық саналы пролетариаттың әлдеқашаннан бері-ақ программасы болып отырған программаның туы астында жаппай, ұйымдасқан қозғалыс жолына түсті. Басқа европалық елге қарағанда, саясатқа немқұрайды қараушы топтар, әрине, Россияда өлшеусіз көп, бірақ осы топтың тұрпайылығы және ең жабайылығы туралы бізде де сөз болуға мүмкін емес: санасыз жұмысшылардың селқостығы — аздап шаруалардың да — бүрқ етіп шыққан саяси қобалжулармен, белсенді наразылықтармен барған сайын ауысып келеді, сөйтіп бұл селқостықтың қарны тоқ буржуаның және ұсақ буржуаның селқостығымен ешбір ұқсастығы жоқ екенін айқын дәлелдеп келеді. Капитализмнің дамуы әлі де болса біршама нашар болып отырған Россияда өте-мөте көбірек болып отырған осы соңғы тап, бір жағынан, реакционерлерді, саналыларды және тыянақтыларды кәзірдің өзінде-ақ күмәнсіз туғызып келеді, — екінші жағынан, оның өзі «еңбекші халықтың» езіліп-жаншылған бұқарасынан өте жиі, бірақ әлі де болса нашар түрде бөлініп шығып келеді, дүниеге көзқарасы мүлде анықталып жетпеген, демократиялық және қарапайым социалистік идеяны санасыздықпен шатастырып отырған интеллигенциялардың қалың ортасынан өзіне идеологтар тауып келеді. Міне нақ осы идеология орыстың ескі интеллигенциясына, оның оң қанаты болып отырған либерал-халықшыл бөліміне де, сол қанаты: «социалист-революционерлерге» де тән нәрсе.

Мен орыстың «ескі» интеллигенциясы дедім. Бізде либерализмі тұрпайы халықшылдықтан, тыянақсыз социализмнен мүлде дерлік тазарған (әрине, орыс марксизмінің көмегінсіз емес) жаңа интеллигенция да кәзірдің өзінде-ақ көрініп келеді. Бізде нағыз буржуазиялық-либералдық интеллигенцияның құрылуы, әсіресе бұл процеске өте ебдейлі және оппортунизмнің түрлі модадағы лебіне өте саққұлақ Струве, Бердяевтер, Булгаковтар

және олардың серіктестері сыяқты мырзалардың қатысуының арқасында адымдап алға басуда. Ақырында, орыс қоғамының интеллигенцияға жатпайтын либералдық және реакциялық топтарына келетін болсақ, олардың біздің буржуазиямыз бен жер қожаларымыздың белгілібір тобының таптық мүдделерімен байланысы бар екені, мәселен, біздің земствоның, думаның, биржаның, жәрменке комитеттерінің және басқаларының ісімен азда болса таныстығы бар адамдардың бәріне де айқын.

Сонымен, біз өз студенттеріміздің саяси топтануы кездейсоқ нәрсе емес, «Студент» газетінің 1-номеріндегіні қостап, біздің жоғарыда суреттегеніміздей, қажетті және сөзсіз болатын нәрсе деген күмәнсіз қортындыға келдік. Осы фактыны анықтап, біз енді «студенттердің идея жағынан бірігуі», оның «революцияшылануы», т. т. деп нені түсінуге тиістіміз деген талас мәселені оп-оңай-ақ аша аламыз. Алғаш рет қарағанда, осындай оңай мәселенің талас мәселе болып шығатынының өзі өрескел нәрсе. Егер студенттердің саяси топтануы қоғамның саяси топтануына сәйкес келетін болса, онда «студенттердің идея жағынан бірігуі» деп тек екінің бірін ғана ұғынуға болатындығы өзінен өзі белгілі емес пе: әлде толық айқындалған әлеуметтік-саяси идея жағына мүмкін қадары студенттерді көбірек тарту деп түсінеміз де, әлде белгілібір саяси топ студенттері мен сол топтың студенттерден тыс уәкілдерінің арасында неғұрлым тығызырақ байланыстың болуы мүмкін деп түсінеміз бе? Студенттердің революцияшылануы туралы осы революцияшыланудың мазмұны мен сыйпаты жөніндегі мейлінше айқындалған көзқарастың тұрғысынан қарап қана айтуға болатындығы өзінен өзі белгілі емес пе? Социал-демократ үшін, мәселен, ол революцияшыландыру дегеніміз, біріншіден, студенттер арасына социал-демократтық сенімді тарату және «социалистік-революцияшыл» деп аталғанымен, революцияшыл социализммен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын көзқарастарға қарсы күресу, ал, екіншіден, студенттер арасындағы демократиялық қозғалыс атаулының бәрін, соның ішінде академикалық қозғалысты да ұлғай-

тура, анағұрлым саналы етуге және анағұрлым батыл етіп шығаруға тырысу болып табылады.

Осынша оп-оңай және айқын мәселенің қалайша шатастырылып және таласты болып шыққаны, — өте қызық, өте ерекше оқығға. Талас бірлескен землячество мен студенттік ұйымдардың Киевтегі одақтық советінің «ашық хаты» («Студенттің» 1-номерінде, «Революцияшыл Россияның» 13-номерінде басылып шықты) жөнінде «Революцияшыл Россиямен» (№ № 13 және 17) «Искраның» (№ № 31 және 35) арасында болды. Киевтегі одақтық совет студенттердің 1902 жылы болып өткен Бүкілроссиялық II съезінің студенттер ұйымы Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының комитеттерімен қарым-қатнас жасап отырсын деген қаулысын «өрісі тар» қаулы деп тапты, ал оның үстіне кейбір жерлердегі студенттердің кейбір бөлімдері «социалист-революционерлер партиясы» на тілектестік білдіргені жөніндегі айқын фактыны: «студенттер, осы қалпында, социалист-революционерлер партиясына да, социал-демократтар партиясына да бүтіндей қосыла алмайды» деген мейлінше «бейтарап» және мейлінше дәлелсіз пікірлер арқылы сыпайы түрде бүркемеленді. Осы пікірдің негізсіздігін «Искра» көрсетіп өтті, ал «Революцияшыл Россия», әрине, искрашыл «бөліну-жарылу фанатиктерін» «әдепсіздік» істеді, саяси жағынан шикі деп айыптап, ол пікірді мейлінше қорғады.

Жоғарыдағы айтылғандардан кейін, мұндай пікірдің ерсілігі мейлінше айқын. Әңгіме студенттердің белгілі бір саяси ролі туралы болып отыр. Міне сондықтан әуелі, көресіздер ме, студенттердің басқа қоғамнан бөлініп қалмағандығына көзді жұмып қарау керек, сондықтан да ол қоғамның бүкіл саяси топтарын сөзсіз көрсетіп отырады. Сонан кейін, көзді жұмып алып, сондай студенттер туралы немесе жалпы студенттер туралы көкиді. Бұдан шығатын қортынды... белгілі бір саяси партияға қосылуға байланысты бөліну мен жарылудың зияндығы туралы қортынды шығады. Мұндай сорақы пікірді ақырына дейін жеткізу үшін саяси негізден кәсіпшілік немесе оқу негізіне секіріп түсу керек болғандығы айдан анық. Сондықтан «Революцияшыл Россия» «Студенттер және революция» деген мақалада (№ 17) нақ осылай

шыйыршық атып секіреді: біріншіден, жалпыстуденттік мүддеге, жалпыстуденттік күреске сілтейді, ал, екіншіден, студенттердің оқу мақсатына, болашақ әлеуметтік іске дайындалу міндетіне, саналы саяси күрескер дайындап шығару міндетіне сілтейді. Осы екі сілтеудің екеуі де дұрыс, — бірақ іске олардың қатысы жоқ, сондықтан мәселені тек шатастыра береді. Мәселе өзінің нағыз шын мәнінде партияның күресіне тығыз байланысты және белгілі бір партияны қалап алуды сөзсіз талап ететін саяси іс туралы қойылып отыр. Әрбір саяси іске елеулі ғылыми дайындық керектігін, айнамайтын мықты сенім «болудың» керектігін айтумен, немесе әрбір саяси жұмыс тек қана осы бағыттағы саясатшылардың бір ғана үйірмелерімен тынып қала алмайды, қайта халықтың қалың бұқарасына бірден-бірге бағыттала беруге тиіс, әрбір топтың кәсіпшілік мүддесімен қосылып отыруға тиіс, кәсіпшілік қозғалысты саяси қозғалыспен біріктіруге тиіс, біріншісін екіншісінің дәрежесіне жеткізуге тиіс деумен бұл қалаудан қалай етіп құтылуға болады?? Өз бағытын жақтау үшін адамдарға осы сықылды сылтауларға жармасуға тура келетіндігі туралы фактының бір өзі оларда айқын ғылыми пікірдің де, тұрақты саяси бағыттың да қаншалықты жеткіліксіз екендігін мейлінше айқын көрсетеді! Іске қай жағынан қараңыздар да: социалист-революционерлердің, бір жағынан, марксизм, екінші жағынан, батыс еуропалық «сыншыл» оппортунизм, ал үшінші жағынан, орыстың ұсақ буржуазияшыл халықшылдары арасында істеп жүрген әдісқойлығын ғылыми-теориялық жөнінен де, практикалық-саяси жөнінен де әйгілей отырып, социал-демократтар көптен бері уағаздап келе жатқан ежелгі ақыйқатты үсті-үстіне дәлелдейтін жаңа сыйпаттамаларды көресіздер*.

Шынында, азын-аулақ болса да дамыған бір саяси қатнастарды ойлап көріңіздер де біздің «талас мәселеміздің» практика жүзіндегі қойылысына қараңызшы.

* Социалист-революционерлердің программасы мен тактикасының тыянақсыздығы және ішкі қайшылықтар туралы ереже дербес кең түсінік беруді талап ететіні өзінен өзі түсінікті. Келешектегі хаттарымыздың бірінде біз осы мәселеге толық тоқталамыз ғой деп сенеміз.

Айталық, біздің алдымызда клерикалдар, либералдар және социал-демократтар партиясы бар делік. Олар белгілібір жерлерде, айталық, студенттердің кейбір топтарының арасында, тіпті жұмысшы табының арасында қыймыл жасайды делік. Олар екі жақтың да ең ықпалды өкілдерін өздерінің жағына мүмкін қадары көбірек тартуға тырысады делік. Осы өкілдердің белгілібір партияны қалап алуға бүкіл студенттердің және бүкіл жұмысшы табының жалпы оқулық және кәсіпшілік белгілі мүддесі бар дегенді дәлел етіп, олар көтеріліс жасайды деушілік ақылға сыйымды нәрсе ме? деген сұрақ туады. Егер партия күресінің қажеттігін партия атаулының барлығына пайда келтіретін кітап басып шығару өнеріне сүйеніп таласқа салса, онда оның бұдан ешқандай айырмашылығы болмаған болар еді. Цивилизациялы елдерде, мүмкін қадары кең және берік түрде қойылған оқу және кәсіпшілік одақтардың орасан зор пайдасын түсінбейтін бірде-бір партия жоқ, сондықтан олардың әрқайсысы сол одақтардың ішінде өз ықпалдарының басым болуына тырысады. Кейбір мекемелердің бипартиялығына сілтеушілік, дағдыда, өмір сүріп отырған мекемелердің жүзінің 99-ында нағыз барып тұрған айқын саяси рұхтың сіңгендігін бүркемелеуге тырысатын билеуші таптардың аузындағы екі жүзділік сөзден басқа ешнәрсе емес екенін кім білмейді? Ал біздің социалист-революционер мырзаларымыз нақ осы «бипартиялықтың» кұрметіне қошамет айтып жүр. Мәселен, «Революцияшыл Россияның» (№ 17) мынадай әсерлі тирадасын алыңыз: «Революцияшыл ұйым басқа, дербес, өзіне бағынбайтын ұйым атаулының бәрін өзінің *бәсекелесі* деп қарайтын кезде, ал ол бәсекелес жойылуға тиіс болып отырған кезде, оның ішіне қайткенде де бөлінушілік, ажырасушылық, ірткі салушылық енгізу керек болып отырған кезде бұл неткен соқыр тактика?» Мұның өзі Москвадағы социал-демократиялық ұйымның 1896 ж. үндеуі туралы айтылған болатын, өйткені ол ұйым студенттер соңғы жылдарда өзінің өрісі тар университеттік мүддесін ғана көздеп, томаға-тұйықтыққа салынды деп кінәлаған болатын, ал «Революцияшыл Россия» ол ұйымды «революцияшылдық жөнінде айқындалып шыққандардың» өздерінің күшін жұмысшы табының ісіне жұмсауы-

на студенттер ұйымының өмір сүруі ешуақытта кедергі жасамайды деп уағаздаған болады.

Қараңызшы, осында қанша шатаسقандық бар. Бәсеке тек қана саяси және саяси ұйымның арасында болуы мүмкін (және болуы сөзсіз), саяси және саяси талаптардың арасында болуы мүмкін. Өзара жәрдемдесу қоғамы мен революцияшыл үйірме арасында бәсекенің болуы мүмкін емес, сондықтан соңғыға біріншіні сөзсіз күрт деген тілек жүктеп, «Революцияшыл Россия» түкке тұрғысыз нәрселерді айтады. Ал егер осы өзара жәрдемдесу қоғамында белгілібір саяси талаптар көрінсе, — мәселен, революционерлерге көмек көрсетпеу керек немесе кітапханалардан жасырын шығатын кітаптарды алып тастау керек деген талап туса, — онда бәсеке мен ашық күрес адал «саясатшы» атаулының бәріне *міндетті* болып табылады. Егер үйірмелерді өрісі тар университеттік мүдделермен тұйықтайтын адамдар бөлсе (ал ондай адамдардың бар екендігі күмәнсіз, 1896 жылы олар өте көп еді!), онда олар мен мүдделердің өрісін тарылтмай, қайта кеңейте беруді уағаздаушы адамдардың арасындағы *күрес* сондай-ақ қажетті және міндетті болып табылады. «Рев. Россия» мен «Искраның» арасында айттыс туғызған Киевтік одақтың ашық хатында әңгіме революцияшыл ұйым мен студенттік ұйымның бірін қалау туралы емес, әртүрлі бағыттағы революцияшыл ұйымдардың бірін қалау туралы болды ғой. Демек, атап айтқанда: *кімді қалауды* «революцияшылдық жөнінде айқындалғандар» бастады, ал біздің «социалист-революционерлеріміз» революцияшыл ұйымдар мен таза студенттік ұйымдардың арасындағы бәсеке соқырлық деп оларды *кейін* қарай тартқылайды... Мырзалар, мұның өзі тым байланысы жоқ нәрсе!

Студенттердің *революцияшыл* бөлегі екі революцияшыл партияның бірін қалау ісін бастады, ал оны мынандай уағазбен сыйлайды: «бұл ықпалға», яғни студенттердің социалистік бөлімінің басқаларына ететін ықпалы «белгілібір» (белгісіздігі, әрине, артығырақ...) «партияның қарғысын» (біреуге қарғы, біреуге — жалау) «таңбаумен», «студент — жолдастардың ой-пікір ұжданына зорлық жасамаумен» (социал-демократияның өсуін барлық елдердің бүкіл буржуазиялық баспасөзі

көсемдердің және айтақтаушылардың бейбіт жолдастар ұжданына жасаған зорлығы деп әрқашан түсіндіріп келеді...) «жетті». Әрбір жөнді студент социалистердің қарғы «тану», «ұжданға зорлық жасау» деген бұл айыбына лайықты баға берер деп ойлаймыз. Осындай тұрпатсыз, сылбыр және принципсіз сөздер партия ұйымы, партия ұстамдығы мен намысы, партия туы жөніндегі ұғымдар әлі де өлшеусіз нашар болып отырған Россияда айтылады!

Революцияшыл студенттерге біздің «социалист-революционерлеріміз» бұрынғы студенттер съездерін үлгі етіп қояды, ол съездер «революцияшыл лагерьдегі фракциялық таластарға мүлде көңіл бөлмей, жалпы саяси қозғалысқа» өзінің «тілектестігін» жарыялаған болатын. «Жалпы саяси» қозғалыс дегеніміз не? Социалистік қозғалыс пен либералдық қозғалыстың қосындысы болады. Бұл айырмашылықтан аулақ кету — турадан-тура және жақын маңайдағы, атап айтқанда: либералдық қозғалыстың жағына шығу деген сөз. Сондықтан да «социалист-революционерлер» нақ осыған шақырады! Өздерін *ерекше* партиямыз деп атайтын адамдар партия күресінен бас тартуға шақырады! Бұл сықылды партия өзінің саяси товарын өз туымен алып өте алмай, лажсыздан контрабандалыққа жүгіретіндігін осының өзі көрсетіп отырған жоқ па? Осы партияның өзінің белгілі программалық негізінің жоқтығы осыдан-ақ көрінбей ме? Біз мұны кәзір көреміз.

Студенттер мен революция туралы социалист-революционерлердің пікіріндегі қателіктерді бір ғана логикасыздықпен түсіндіруге болмайтындығын жоғарыда дәлелдеуге тырысқанбыз. Белгілібір мағнада керісінше дәлелдеуге болады: олардың пікірінің логикасыздығы өздерінің негізгі қатесінен туып отыр. Олар «партия» ретінде ең әуелден сондай ішкі қайшылығы бар, сондай тыянақсыз бағыт ұстады, сондықтан өте адал және саяси ой-пікірге толық қабілетті адамдар да бұлталақтамай, кейін қарай құлдырамай тұра алмады. Социал-демократия «социалист-революционерлердің» социализм ісіне тигізген зыянын белгілібір жазушылардың немесе

белгілібір қайраткерлердің әртүрлі қателіктерінен болды деп түсіндірмейді, оның керісінше түсіндіреді: бұл қателіктердің бәрін жалған программалық және саяси бағыттың сәтсіз болатын нәтижесінен туды деп түсіндіреді, мұны ешқандай естен шығармау керек. Студенттік мәселеде бұл сызылды өтірік өте-мөте айқын көрінеді, сондықтан *буржуазиялық-демократиялық* көзқарас пен революцияшыл социализм жалған жалтырауық перде арасындағы айырма анықтала түседі. Шынында, «Революцияшыл Россияның» «Студенттер және революция» деген программалық мақаласының беталысын байқаңызшы. Автор «жас буындағы» «талаштың адалдығы мен тазалығын», оның «идеялық дәлелдерінің күшін» негізге алады. Атап айтқанда: ол оның «жаңашыл» саяси талабының себебін нақ осыдан іздейді, сөйтіп, бірінші жағынан, самодержавие мен халықтың өте көп және өте алуан түрлі топтарының арасында келісімге келмейтін қайшылық туғызып отырған, екінші жағынан, саяси наразылықтың университеттер арқылы болатын басқа көрінісін қиындатып отырған (көп кешікпей-ақ қиындатты деу керек) Россияның қоғамдық тұрмысының нақтылы жағдайларынан іздемейді.

Автор содан кейін социал-демократтардың студенттер ішіндегі саяси топтардың айырмашылықтарына саналылықпен карау, біртектес саяси топтарды тығызырақ топтастыру және саяси жағынан әртектестерді ажырату жөніндегі әрекеттеріне шүйлігеді. Әңгіме осы әрекеттердің кейбіреуін автордың сынағанында емес, — осы әрекеттердің бәрі әрқашан да орынды болды десек күлкі болған болар еді. Жок, саяси мүдделердің айырмашылығы саяси топтарға да лажсыз әсер етеді, студенттер өзінің барлық адалдығына, тазалығына, идеялылығына және басқаларына қарамастан, бүкіл қоғамнан аулақ қала алмайды, социалистің міндеті бұл айырмашылықты бүркемелеу емес, қайта оны мүмкін қадары қалың бұқараға түсіндіру және оны саяси ұйымда нығайту деген идеяның өзі авторға мүлдем жат нәрсе. Автор дүниеге материалистік-социал-демократтық тұрғыдан емес, буржуазиялық демократтың идеалистік тұрғысынан қарайды.

Автор сондықтан революцияшыл студенттердің «жал-

лы саяси қозғалысқа» деген шақыруын ұсынудан және оны қайталаудан ұялмайды. Ол үшін салмақтың басым жағы жалпы саяси, яғни жалпыдемократиялық қозғалыста жатыр, бұл қозғалыс бірыңғай қозғалыс болуға тиіс. Мұның бірлігі «жалпыстуденттік қозғалыспен қатар» топталуға тиісті болатын «таза революциялық үйір-мелерді» бұзуға тиіс емес. Осы өрісі кең және бірыңғай демократиялық қозғалыстың мүдделері тұрғысынан қарағанда, партияның қарғысын «әкеп таңу» және жолдас-тардың ой-пікір ұжданына зорлық жасау, әрине, қылмыс болып табылады. Буржуазиялық демократия 1848 жылы да, буржуазия мен пролетариаттың таптық мүдделерінің қайшылығын көрсету әрекеті «ажырату мен жарылу фанатиктерінің «жалпылай»» қарсылығын туғызған кезде, нақ осылай қараған болатын. Буржуазиялық демократияның ең жаңа түрлері — реформа жолы, таптардың ынтымақтасу жолы арқылы бейбіт жұмыс істейтін бірыңғай ұлы демократиялық партияны көксеп отырған оппортунистер мен ревизионистер де нақ осылай қарап отыр. Олар әрқашанда «фракциялық» талас-тардың жауы және «жалпысаяси» қозғалыстың жақтаушысы болып келеді және болмай тұра да алмайды.

Көріп отырсыздар: социалистің тұрғысынан қарағанда социалист-революционерлердің пікірлері өрескел және кісі күлерліктей бір-біріне қайшы келеді, ал буржуазиялық-демократиялық тұрғыдан қарағанда өте ұғымды және тыянақты бола бастайды. Мұның бұлай болатын себебі — социалист-революционерлер партиясы істің шын мәнінде буржуазиялық демократияның фракциясынан басқа ешнәрседе емес; құрамы жағынан көпшілігі ылғый интеллигенттік, көзқарасы жағынан көпшілігі ылғый ұсақбуржуазиялық, өзінің теориялық жолы жағынан ең соңғы оппортунизм мен атамзаманғы халықшылдықты эклектік жолмен байланыстырып отыратын фракция болып табылады.

Буржуазиялық демократтың біріктіру жөніндегі көп-пірме сөздерін саяси даму мен саяси күрестің барысының өзі-ақ ойдағыдай өтірікке шығарады. Шын қозғалыстың өсуі кәзірдің өзінде-ақ Россияда да осындай ашкерелеуге әкеліп үлгірді. Мен студенттердің ерекше тобы ретінде «академистердің» бөлінуін айтып отырмын.

нағыз күрес болмай тұрған кезде академистер «жалпы-студенттік» бұқарадан бөлініп шыққан жоқ еді, сондықтан бүкіл студенттердің барлық «ойлай білетін бөлімінің бірлігі» бұзылмаған сыяқты болып көрінді. Ал *қоже* қалай жетісімен-ақ әртектес элементтердің ажырасуы сөзсіз болып шықты*.

Самодержавиеге қарсы саяси қозғалыстың және тура тегеуірін жасаудың прогресі дереу-ақ жұрттың бәріне біріктіру жөніндегі бос сөздердің қандайына болса да қарамастан саяси топтардағы айқындылықтың прогресіне айналды. Академистер мен саясатшыларды бөрудің ілгері қарай ірі кадам басқандық екеніне — бірде-бір адам күмәндана қояр ма екен. Бірақ бұл бөлінушілік социал-демократ студенттердің академистерден «байланысын үзуі» болып табыла ма? «Революцияшыл Россияға» осылай болып көрінетін тәрізді (№ 17, 3-бетті қараңыз).

Жоғарыда біз ашқан шатасулардың салдарынан оған осылай болып көрінді. Саяси бағыттардың толық ажырасуы кәсіпшілдік одақ пен оқу одағының «ажырасушылығы» болып табылмайды. Студенттер арасында жұмыс жүргізу мақсатын қойып отырған социал-демократ өзі немесе өзінің агенттері арқылы «таза студенттік» және өзбетімен білім алатын үйірмелердің арасына мейлінше көбірек және кеңірек қатысуға сөзсіз тырысады, тек қана академикалық бостандықты талап ететіндердің ой-өрісін кеңейтуге тырысады, әліде қандай да болса бір программа іздейтіндердің арасында социал-демократиялық программаны насихаттауға тырысады.

Қорыталық. Студенттердің белгілі бір бөлімі өзіне дүние танудың айқын және тұтас социалистік көзқарасын жасап шығарғысы келеді. Осы дайындық жұмысының ең ақырғы мақсаты — революцияшыл қозғалысқа іс жүзінде қатысқысы келетін студенттер үшін, — кәзіргі уақытта революцияшыл орталықта қалыптасқан екі бағыттың

* Егер кейбір хабарларға сенетін болсақ, соңғы кездерде студенттердің әртектес элементтерінің ажырасуының күшейген үстіне күшейіп отырғандығы анықталып отыр, атап айтқанда: социалистердің социализм туралы есіткісі келмейтін саясатшыл-революционерлерден бөлініп шығуы айқындалып отыр. Сибирьге жер аударылған студенттердің арасында осы соңғы бағыт өте айқын күшейді деседі. Бұл хабардың дұрыс-бұрыстығын көре жатармыз.

Бірін саясаты түрде және бет бұрмай қадап алу болар. Білді-біл студенттердің идея жағынан бірігуі үшін, жазады алғанда оның революционерлікпен, т. т. үшін осындай қадап алушылыққа қарсы наразылық білдірсе, — ол адам социалистік сөзінді қарағымайды, ол адам іс жүзінде тек идеясыздықты ұағаздайды. Студенттердің саяси топталуы бүкіл қоғамның саяси топталуын көрсетпей тұра алмайды, сондықтан әрбір социалистік міндеті — саяси жағынан әртүрлі топтарды мүмкін қадары азайту үшін саясаты және тыяқы түрде ажырату болып табылады. Социалист-революционерлер партиясының студенттерге арнаған үндеуі — «жалпы саяси көзқарасқа өзіндік тәуелсіздігін жарыялау және революционерлік лагердегі фракциялық алауыздықтардан мүлде аулақ болу» — өзіндік шын мәні жағынан, социалистік көзқарастан буржуазиялық-демократиялық көзқарасқа қарай, кері қарай шақыру болып табылады, одан басқа ешнәрсе де емес. Мұнда таңырқарлық ештеңе де жоқ, өйткені «соц. революционерлер партиясы» Россиядағы буржуазиялық демократияның фракциясы ғана болып табылады. Социал-демократ студенттік революционерлермен және түрліше бағыттағы саясатшылармен ажырасуы жалпы студенттік және білім беретін ұйымдармен анық расқандық болып табылмайды; қайта, толық айқындалған программа тұрғысында болып, академиялық ой-өрісін кеңейту және ғылыми социализмді, яғни марксизмді насихаттау үшін студенттердің қалың ортасында жұмыс істеуге болады және істеуге тиісті де.

P. S.* Мен келесі хаттарымда «Студенттік» оқушыларымен дүниеге тұтас бір көзқарасты жасап шығаруда марксизмнің маңызы туралы, социал-демократиялық партия мен социал-революционерлер партиясының принципті және тактикалық айырмашылықтары туралы, студенттер ұйымының мәселелері туралы және студенттердің жалпы алғанда жұмысшы табына көзқарастары туралы әңгімелескім келеді.

1922 ж. сентябрінде
«Студент» газетінің
2-3-номерінде басылған
Қол қойған: В. И. Ленин

«Студент» газетінің тексті
бойынша басылған отыр

* — Postscriptum — қосымша. Ред.

ЕКІНШІ ПАРТИЯ СЪЕЗІ

МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ*

Көптен бері күтілген еді.

Неліктен баяу? (Социалист-революционерлер мен социал-демократтар. Шын мәнісінде бұқаралық қозғалыс. Тоғышарлық және саясат).

Съездің басты жұмысы: ресмилеу.

1α Программа. Оның маңызы. ««Номад» дәуірінің ақыры»¹⁷. Либералдарға, социалист-революционерлерге қарсы күрестегі тірек etc*.

Насихат жұмысындағы басшылық
Үгіт » »

2β Уйымдастыру уставы. Оның маңызы. Централизм. Жергілікті автономия (2 орталық). Басшыларға жолдастық көзқарас. Жеке және саяси қарым-қатнас. Уставты түсіндіру және қолдану әдістерін жаңау.

3γ	Қаулылар. либералдар (екеу) социалист-революционерлер	демонстрациялар кәсіпшілдік күрес
----	---	--------------------------------------

партиялық әдебиет

* — et cetera — тағысын тағылар. *Ред.*

- | | | |
|---------------------------------------|---|------------|
| 1. либералдар | } | маңыздылар |
| 2. либералдар | | |
| 3. социалист-революционерлер | | |
| 4. партиялық әдебиет | | |
| 5. демонстрациялар | | |
| 6. профессионалдык күрес | | |
| <hr/> | | |
| 7. фабрика старосталары | } | маңызсыз |
| 8. 1904 жылғы конгресс | | |
| 9. Кишенев погромы | | |
| 10. сектанттар | | |
| 11. оқушылар | | |
| 12. тергеу уақытында өзін қалай ұстау | | |

4 8

Бундтың шығуы. Жақсы айқын. Тактика: окшауланудың зияндылығын түсіндіру (Ұлтшылдық және бундшылардың ұйымдас-тырушылық өсектері.).

5

Протоколдар.

1903 жылғы сентябрьдің аяғында — октябрьдің бас кезінде жазылған

Бірінші рет 1927 жылы Лениннің VI жыйнағында басылған

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

АСҚАН УЯТСЫЗДЫҚ ПЕН БОЛМАШЫ ЛОГИКА

Біз 46-номерде Бундтың РСДЖП-дағы жағдайы туралы Бундтың V съезінің қаулысын қайта бастық және оған өз бағамызды бердік. Бундтың шетелдік комитеті өзінің 9 (22) сентябрьдегі листогында бізге мейлінше толық және қатты ашумен жауап қайырды. Бұл ашулы жауаптың ең мәнді бөлімі мына керемет жаңалық болып табылады: «*Бундтың бесінші съезі максимум-уставынан басқа (sic!*)*, минимум уставың да жасады», дәл осы минимум толық келтіріледі, сонымен қатар «автономияны қабылдамау» және партияға кіретін басқа бөлімдер тарапынан еврей пролетариатына үндеу жіберу жөнінде Бундтың Орталық Комитетінің келісімін талап ету *«ультиматум ретінде қойылуға тиіс»* деп, екі ескертуде түсіндіріледі. Бундтың V съезі осылай деп шешті.

Бұл қандай... әдемі, рас емес пе? Бундтың съезі бірден екі устав жасаған, өзінің тілектерінің немесе талаптарының максимумын да, минимумын да бірден-ақ белгілеген. Оның бержағында минимумның қалтаға тығылып жасырынуы өте орынды (па шіркін, орынды-ақ). Максимум ғана (7 (20) августтағы листокта) жарыяланып отыр, сонымен қатар, уставтың бұл максималды жобасы «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының II съезіне Бундтың партиядағы жағдайы туралы мәселені талқылау үшін (есіңізде болсын!) негіз ретінде ұсынылуға тиіс» деп *әшкере*, турадан-тура және айқын мәлімделіп отыр. Әрине, оппоненттер осы максимумға өр-

* — солай деңіз! *Ред.*

шелене шабуыл жасайды, себебі, бұл максимум, дәл осы — «соңғы сөз»* солар айыптаған бағыт. Содан бір айдан кейін, бұл адамдар азда болса шімірікпестен қалтасынан «минимумды» суырып алады да қаһарланып: бұл «ультиматум!» қосымша енгізіледі дейді.

Мұның өзі «соңғы сөз» емес, нағыз шегіне жеткен баға... Бірақ, мырзалар, бұл тек шегіне жету ме? Сіздің басқа қалтанызда минимальдық минимум жоқ па? Ол тағыда бір ай өткен шамада жарық дүниеге қалқып шыға келмес пе екен?

Осы максимум мен минимумның шын «асылына» бундшылар нашар түсінген деп біз қатты қауіптенеміз. Алғашқыда үш есе қымбат сұрап, одан кейін 75 процент кеміте салып: «кесер бағасы осы» — деп мәлімдеуден басқаша сауда істеуге бола ма? Алыпсатарлық пен саясаттың арасында айырмашылық бар ма?

Айырмашылық бар, мырзалар, бар деп сізді сендіре аламыз. Біріншіден, кейбір партиялар саясатта жұртқа мәлім принциптерді үнемі жүзеге асырып отырады, ал принциптер үшін саудаласып отыру қолайсыз болады. Екіншіден, өздерін бір партияға қосып есептейтін адамдар, өздерінің кейбір талаптарын ультиматум деп, яғни партияда болудың шарты деп қараған кезде, саяси адалдылық бұл жағдайдың тасаланбауын, «уақытша» қалтаға кіріп жасырынбауын, қайта, ең басынан бастап ашықтан-ашық, және айқын түрде ұсынылуын талап етеді.

Біз бундшыларға айла-шарғысы жоқ осы акыйқатты көптен бері уағыздап келеміз. Жасырынбақ ойнау ақылсыздық және лайықсыз нәрсе, Бунд пікір айтып (УҚ туралы мәлімдемесімен) жеке шықты, өйткені ол бүкіл партияға шарт** қоятын жақ ретінде пікір айтып, шығу.

* Айта кету керек. Бундшылардың айтысына өте-мөте тән болған нәрсе, осы сөз үшін «Последние Известия»¹⁸ әсіресе біздің үстімізге шүйлікті. Не себептен ол соңғы сөз, бұл (федерация таласы) бұдан екі жыл бұрын айтылып еді ғой! «Искра» газет оқушының ұмытшақтығына арқа сүйеп отыр!.. Тыныштаныңыз, тыныштаныңыз, мырзалар: сіздің максимум-уставыңызды соңғы сөз деп автордың атаған себебі, бұл сөз, бұдан екі жыл бұрын емес, «Искраның» 46-номерінен (шамасы) екі күн бұрын айтылған еді.

** Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қазақша 331—337-беттері. *Ред.*

ды тіледі, деп тіпті февральда (№ 33) жазып едік. Іске осындай баға беруіміз үшін, сол кезде бундшыларға тән (базарға тән деп те толық айтуға болады) балағаттаудың тұтас бір шумағы бізге келіп төнді, ал, енді кәзір оқыйға біздің дұрыс айтқандығымызды көрсетіп отыр. Атап айтқанда Бунд V съездің қаулыларында бүкіл партияға тікелей ультиматумдар қойып бір жақ болып шығып отыр! Біз әрқашан бундшылардан мәселені нақ осылай қоюды тіледік, мұның өзі лажсыз оның ұстаған позициясынан туады деп дәлелдеп отырдық; бундшылар ашуланып қарсылық етті, бас тартты және бұлтарды, сөйтіп ақыр аяғында әйтеуір өздерінің «минимумын» көрсетуге тиіс болды.

Бұл сорақы нәрсе, бірақ, одан бетер сорақы нәрсе сол, Бунд кәзір де бұлтарып келеді, «Бунд Россия партиясына федеративтік одақ болып кіруді тілейді деген Искраның ескі, жұртқа мәлім пікірін» «жалған» деп айтуын әлі қойған жоқ. Бұл пікірдің жалған болатын себебі, Бунд ұсынған уставтың 1-параграфында Бунд партиямен одақ болу емес, оның бір бөлегі болғысы келгені тура айтылған дейді.

Өте жақсы, мырзалар! Бірақ, дәл осы параграфта Бунд партияның *федеративтік* бөлімі болып табылады деп айтылмаған ба? Бүкіл максимум-уставта өзара келісуші жақтар туралы айтылмаған ба екен? минимум — уставта *ультиматум* туралы және партияға кіретін бөлімдердің өзара келісуімен ғана «негізгі пункттарды» өзгерту туралы айтылмап па, бұл жөнде жергілікті ұйымдар да, аудандық ұйымдар да партия бөлімі болып танылмайды, делінбеп пе? Жергілікті ұйымдар да, аудандық ұйымдар да өзара келісуші жақ бола алмайды, тек «Бунд сыяқты осы түрдегі топталған бөлім» ғана бола алады деп Сіз өзіңіз айтып отырсыз ғой. «Поляк, литван, латыш социал-демократиясы», «егер олар партияда болса», сондай топталған бөлім бола алар еді деп Сіз өзіңіз мысал үшін көрсетіп дұрыс айтып отырсыз. Ал, егер олар партияда жоқ болсашы? Және егер сіз үшін лайықты ұлттық ұйымдардың федерациясы қалған бүкіл партия тарапынан лайықты деп танылмаса және үзілді-кесілді қабылданбасашы? Істің нақ осылай болып отырғанын сіз өзіңіз де жақсы білесіз, бүкіл партияны

Ұлттар Федерациясы негізінде құру талабын енді сіз ұсынбайтындығыңызды өзіңіз тұра-тұра айтып отырсыз. Олай болса сіз кімге ультиматум қойып отырсыз деген сұрақ туады? Бундтан басқа бұніл партияға қойып отырааныңыз айқын емес пе? Йскра пікірінің жалғандығын дәлелдеудің орнына сіз өзіңіздің жалтаруыңызғағы минимум логиканы ғана көрсетесіз.

Рұхсат етіңіз, — дейді бундшылдар, бізге қарсылық білдірің, — біз тіпті федерацияны да өзіміздің устав-минимумымыздан шығарып тастаймыз! Осы «қорқынышты» сөзді алып тастау максимумнан минимумға атышулы көшудегі ең қызықты оқиға. Бундтың принцип жөніндегі қамсыздығы мұндай аңқаулықпен мүмкін ешбір жерде айтылмаған шығар. Сіздер — догмашылдарсыз, үмітсіз догмашылдарсыз, сіз дүниедегі еңдей игілік үшін болса да «ұйымның» федеративтік «принципін» мойындағыңыз келмейді. Бірақ, біздер догмашылдар емеспіз қой, біз «мәселені практикалық негізде ғана қойып отырмыз». Сізге ондағы бір принцип ұнамай ма? Есероқтар! Біз принципсіз-ақ жұмыс істей аламыз, біз «1-параграфты, ол ұйымның белгілі принципінің декларациясы болмайтындай етіп жазамыз». «Мәселе салманының орталығы уставқа жазылған принципті тұжырымда емес, ол, бір жағынан, еврей жұмысшы қозғалысының тілектерін қараудан, екінші жағынан — жалпы алғанда қозғалыстан шығарылған оның нақты пункттерінде болып отыр» (9(22) сентябрьдегі листоктың 1-беті).

Аңқаулығы жағынан бұл пікірдің тамаша екендігі сонша — тіпті оның авторының бетінен сүйгің келеді. Догмашылдар кейбір қорқынышты сөздерден ғана сескеледі дегенге бундшы байғұс шынымен нанып, егер бұл сөздерді алып тастасақ догмашы нақты пункттерден ошкәрсе түсіне алмайды деп ойлапты! Міне сонымен, бундшы терлеп-тепшіп еңбек етеді, максимум жасайды, (заман қандай, заң қандай деп) минимумды запасқа алады, № 1 ультиматумды, № 2 ультиматумды әзірлейді... *Oleum et operam perdidisti, amice!* Достым, сен бос-тан-босқа уақыт өткізіп, арам тер болып жүрсін. Қулықпен (өте ғажап қулық!) жарнаманы алып тастағанмен, догмашыл минимумның «нақты пункттерінен де» федеративтік принципті көріп отыр. Бұл принцип партияның бөлімін ешқандай аудандық шеңбермен шек

қоймау талабынан да, еврей пролетариатының «Бірден бір» әкімдігі болуын жақтардан да, партияның Орталық Комитетінде «әкімдік» болуын талап етуден де, Бундтың Орталық Комитетінің респуббликашылық Бүкіл Бөлімдерімен қатынас жасау перзентін партияның Орталық Комитетімен тартып алуынан да, негізгі пункттерді партияның Бөлімдерімен келіскенде ғана өзгертуге болатындығын мойындауды талап етуден де көрініп тұр.

Жоқ, мырзалар! Бундтың партиядағы жағдайы туралы біздің ақшамызда тұрған мәселенің ауыр салмағы тіпті де нақтылы пункттерде емес, ұйымның белгілі принципін декларациялауда болып отыр. Салмақтың ауыры — жолды таңдап алуда. Бундтың тарихи қалыптасқан оқшаулығын заңды ету керек пе, немесе оны негізінде теріс деп тауып, бүкіл партиямен толық және мейлінше тығыз жақындау және бірігу жолына ашықтан-ашық, айқын, батыл және адалдықпен түсу керек пе? Оқшаулануды сақтау немесе бірігуге бет бұру. Дилемма осындай.

Осы дилемманы шешу Бундтың өз ықтиярына байланысты, өйткені біз 33-номердің өзінде-ақ «зорлық жасап сүйкімді бола алмайсың» деп айтқан болатынбыз. Егер сіз бірігуге тілегеніз, онда федерацияны теріске шығарып, автономияны қабылдайсыз. Сонда сіз автономияның өзі бірігу процесінің бірте-бірте болуының кешілі болатындығын ұғынасыз, мұндай автономия болғанда қайта құру аз өзгертулермен жүргізілер еді, оның үстіне осы ретпен қайта құрудан және бірігуден еврей жұмысшыларының қозғалысы ешнәрседен айрылмай, қайта ұтқан болар еді.

Бірігуге бет бұрғыңыз келмейді екен, — онда сіз федерацияны (оның максимум немесе минимум түріндегі, декларациялы немесе декларациясыз) жақтайтын боласыз, онда сіз «майоризациялаудан» қорқатын боласыз,

* Енді «бұл сөздің маңызы жоқ» деп сендірмек болады біздің Бунд. Гажап! Маңызы жоқ сөздерді минимумға да, максимумға да тыққыштаудың не керегі бар? Орыс тілінде бұл сөздің әбден айқын маңызы бар. Бұл ретте ол сөз федерализмнің де, ұлтшылдықтың да «декларациясын» көрсетеді. Ұлтшылдық пен федерализм арасындағы байланысты көрмейтін бундшыларға бұл жөнінде ойлануды ұсынамыз.

онда сіз Бундтың қайғылы окшаулануын фетишке айналдырасыз, сөйтіп окшаулануды жою жөнінде бундты жою керек деп айқайлайтын боласыз, әйтпесе сіз өзіңіздің окшаулануыңыздың дәлелін іздей бастайсыз және сол ізденулерде біресе, еврей «ұлтының» сионистік идеясына¹⁹ жармасасыз, немесе демогогияға көшесіз, сөйтіп өтірік-өсекті қолданасыз.

Федерализмді теория жөнінен ұлтшылдық идеялармен ғана дәлелдеуге болады, сондықтан еврей ұлтының өмір сүруі туралы декларация шығарған IV съездің өзінің федерализм туралы декларация жасауы кездейсоқ емес екендігін бундшыларға дәлелдеп жатуымыз, біз үшін таңқаларлық іс болар еді.

Іс жүзінде комитеттерді «бір қалыптан шығаруға тілейтін» және оларға «жоғарыдан бұйрық болмай тұрып бір адым аттауға» ерік бергісі келмейтін «Искраның» «сұрапыл сұмдық», «аракчеевтік» ұйымдастыру жоспарына қарсы санасыз және тұрақсыз элементтерді айдап салу жолымен ғана бірігу идеясының беделін түсіруге болады. Не деген сұмдық! Енді барлық комитеттер мұндай қаталдыққа, аракчеевтік жұдырыққа, тағы басқаларына қарсы бас көтеруге асығатынына біз күмәнданбаймыз... Бірақ, мырзалар мұндай мейрімсіз ұйымдастыру жоспары туралы мәліметті сіздер қайдан алдыңыз? Әдебиеттен бе? Онда одан неге цитат келтірмейсіздер? Осы аракчеевшілдік жайындағы мәселенің бәрін егжей-тегжейіне дейін мейлінше толық білетін, қысыр әңгіменен жүруші, партиядағы желбикелердің әңгімесінен алып отырсыздар ма? Сірә, соңғы ұйғаруымыз дұрысырақ болар, өйткені, тіпті логикасы аз болса да, Орталық Комитеттің «партиядағы әрбір адамға дейін қолы жетуіне мүмкіндігі болуға тиіс»* деген қажетті талапты және Орталық Комитет «бәрін істейді» және «барлық жұмысты тәртіпке салып» отырады деп көріне құбыжық өсек айтуды бір жерге үйіп араластыру жеңіл бола қоймас еді. Немесе, «жергілікті жерлер мен орталық арасында» lose Organisationen** болады дегені қандай түкке тұрғысыз нәрсе? Біздің қайрымды бунд-

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қазақша 516-бет. Ред.

** — кең, ерікті ұйымдар. Ред.

шыларымыз дыбысты есіткенімен де, оның қайдан шыққанын ұқпағандығына көзіміз жетіп отыр. Сәті түскенде оларға мұны толық түсіндіру керек болар.

Бірақ, бәрінен де бір жаман жері сол, жергілікті ұйымдарға ғана емес, Орталық Комитетке де бунт жауға тура келеді. Рас, ол әлі туған жоқ, бірақ желбикелер оның туатын күнін ғана емес, жаңа туғанның бүкіл тағдырын егжей-тегжейіне дейін біледі. Бақсақ, *«бір топ әдебиетшілер бағыт беріп отыратын»* Орталық Комитет болады екен. Бұл күрестің қандай сыннан өткен және арзан әдісі екендігі рас емес пе? Бұл арада бундшылдар ең алғашқы да, ең соңғы да болмауы мүмкін. Осы Орталық Комитеттің немесе Ұйымдастыру Комитеттің қандай да болса қателігін әшкерелеу үшін оған дәлел керек. Адамдар өздерінің сенімімен емес, ол басқа біреудің *бағыт сілтеуімен* әрекет етіп отыр деп оларды әшкерелеу үшін ашықтан-ашық батылдық керек және осылай айтпауға бүкіл партияның алдында жауаптылықты алу керек! Мұның бәрі — өте қымбат, барлық жағынан да қымбат. Ал, желбикелерге мылжың сөздер арзан... Бәлкім бір нәрсе шығар. «Бағыт берумен», қолынан жетектеумен жүріп отырған, «Искраның» қолжаулығы, креатуры, мүддеқоры болған адамның (немесе мекеменің) даңқын шығару қандай көңілсіз жағдай болады... Біздің болашақ бишара Орталық Комитет-ай! Аракчеевшілдіктің езушілігінен қорғануды ол кімнен іздер екен? Әлде «өз еркімен жүретін» және қандай да болса «күдіктенушілікке» жат бундшылардан іздер ме екен?

„Искра“ № 49, 1 октябрь, 1903 ж.

„Искра“ газетінің тексті бойынша
басылып отыр

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ ОРГАН РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ ОППОЗИЦИЯ МҮШЕЛЕРІНЕ АРНАҒАН ҮНДЕУІНІҢ ЖОБАСЫ

НҰСҚА

Партияның Орталық Комитеті мен Орталық Орган редакциясы сәтсіздікке ұшыраған бірқатар жеке көзбе-көз түсіндірулерден кейін партияның атынан сізге ресми мәлімдеме жасауды өзінің борышы деп санайды. Мартов жолдастың редакциядан және «Искрада» қызмет істеуден бас тартуы, «Искра» редакциясының бұрынғы мүшелерінің қызмет істеуден бас тартуы, біздің партиямыздың орталық мекемелеріне бірнеше практик жолдастардың дұшпандық көзқарасы — осы «оппозиция» деп аталғандар бүкіл партияда мүлде қолайсыз жағдай туғызып отыр. Партияның жұмысынан бойын аулақ ұстау, партияның орталық мекемелеріне «бойкот» жасау (мәселен, «Искраның» 46-номерінен бастап оның жұмысына қатысуды тоқтату және сол сыяқты Блюменфельд жолдастың баспаханадан кетіп қалуы), партияның уставына қарамастан Орталық Комитеттің²⁰ мүшесімен әңгімелескенде өздерін «топпыз» деп атау, съезд бекіткен орталықтардың құрамына қатты шабуыл жасау, бойкотты тоқтатудың шарты ретінде бұл құрамды өзгертуді талап ету, — мұның бәрін партиялық борышқа сай келеді деп тануға болмайды. Мұндай қылықтардың бәрі тәртіпті тұпа-тура бұзудың шегіне жетіп тұр және партияның күші мен қаражатын бөлу Орталық Комитетке тапсырылды деп съезде (партияның уставында) қабылданған қаулыны жоққа шығарады.

Сондықтан Орталық Комитет пен Орталық Орган редакциясы «оппозиция» деп аталғанның барлық мүше-

лерінің естеріне олардың партиялық борышын салады. Орталықтардың құрамына наразылық білдіру, — бұл наразылықтың өзі жеке адамның ызалануынан немесе алауыздықтан туып отыр ма, мұның өзі партияның қайсы-бір мүшесіне елеулі мәселе сыяқты болып көрінсе де, — теріс ниетті әрекет жасауға әкеп соға алмайды және олай болмауға да тиіс. Егер жеке бір адамдардың пікірінше орталықтар қандай да болса бір қателік істесе, мұндай қателерді партияның барлық мүшелері алдында, ең алдымен, орталықтардың өздеріне көрсету партияның барлық мүшелерінің міндеті. Сонымен бірге, Орталық Комитет пен Орталық Органның редакциясы партиялық борышын өтеп, мұндай көрсетулердің бәрін, олар кімнен түскен болса да өте-мөте мұқият қарауға міндетті. Ал, Орталық Органның редакциясы да, Орталық Комитет те оппозиция деп аталғаннан қателіктерді тікелей және айқын көрсеткен, немесе қандай мәселе жөнінде болса да қанағаттанбаушылықты және келіспеушілікті білдіретін ешқандай пікір есіткен емес; тіпті Мартов жолдас Орталық Органның редакциясында және партияның жоғарғы Советінде орын алудан да бас тартып отыр, — ол дәл осы орында отырса орталықтардың жұмысындағы өзі байқаған қателіктердің бәрін партияның алдында ашып айта алған болар еді.

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы өзі құрған мекемелерге заңсыз, құпия (партия алдында құпия) теріс ниетті жолмен қысым және бойкот жасау арқылы ықпал жүргізуге жол бермейді деп, Орталық Комитет пен Орталық Орган редакциясы қатты сенеді. Орталық Комитет пен Орталық Орган редакциясы партия өздерін алып тастағанға дейін қайткенде де өз орындарында қалады, олар өз борыштарын орындайды және өздеріне тапсырылған жұмыстың бәрін жүзеге асыруға барлық күшін жұмсайды деп мәлімдейді. «Бойкот» жасау әрекеті Орталық Органның редакциясын да, Орталық Комитетті де съездің қаулысын орындап бара жатқан жолдан титтей де тайдыра алмайды, — мұндай әрекет партия жұмысының жеке салаларында ұсақ көңілсіздіктер мен ірі залал ғана келтіреді, мұндай әре-

кет партиялық борышты ұқпағандықты ғана және ол әрекет жасаушылардың сол партиялық борышты бұзуын көрсетеді.

1909 жылғы октябрдың
бірінші жартысында
жазылған

Бірінші рет 1927 жылы
Лениннің VI жиналысында бабылған

Қолжазба бойынша
баспалық отыр

ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ
СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ
ШЕТЕЛДІК ЛИГАСЫНЫҢ
II СЪЕЗІ²¹

13 — 18 (26 — 31) ОКТЯБРЬ, 1903 Ж.

1904 ж. январьда мына кітапта басылған:
„Орыс революциялық социал-демократиясы-
ның Шетелдік лигасының кезекті II съезінің
протоколдары“. Женева

„Протоколдар“ текеті
бойынша басылған отыр

I

РОССИИ III СЪЕЗІ ТУРАЛЫ БАҢИДАМАҒА АЛДЫН АЛҒА
ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТУЛЕР ІС (26) ОКТЯБРЬ

II

Ленин өзінің бағдарламасына алдын ала ескертүүлер жазайды. Ең алдымен, мен съезде қолданылған құттық есімдерді сақтауды ұсынамын, өйткені мен оларға өте мәте әдеттенгенмін, сондықтан арқаның қайсы ұйымның делегат болғанын ойлап тұрудан тәрі оларды айту маған жеңіл болады. Екіншіден, съезд мәжілістерінің арасында жәй жеке түрде өткізілген «Искра» ұйымының мәжілістеріне де тоқталып өтуге ойлаймын. Меніңше, мұны істеуге болады, оның себебі, біріншіден, Ленин «Искра» ұйымының шетелдік бөлімі болды, оның себебі, екіншіден, «Искра» ұйымы кәзір таратылып отыр, оның себебі, үшіншіден, осындай мәліметтерсіз партия съезі оқыйғаларының шын мәнін анықтау маған қиынырақ болады.

II

Мартов жолдас «Искра» ұйымының жәй мәжілістеріне тоқталып өтуге қарсы, өйткені оларда протокол жазылған жоқ, бірақ кәзірдің өзінде партия съезінің әлі протоколдары жоқ, сондықтан мен оларға да сүйене алмаймын. Мартов жолдастың өзі осында отыр ғой; егер қандай болса да дәл айтылмаған жері болса ол түзету енгізе алады. Егер «Искраның» жеке мәжілістерінің жұмыс үшін маңызы болса, мен оларды анағұрлым кең жұртшылықтың алдында ашып беремін, — бәрібір Мартов жолдас оларды жасыра алмайды («Ehe!»). Мен бұл мәжілістерге кімді қатыстырмағандым, мәжілістерден кімнің шығып кеткенін жақсы білемін және бұл туралы

мен көп сөйлеймін. Әрине, қателіктер болуы мүмкін, сондықтан мәселенің бәрін жаттап еске түсіре алмаймын. Ең маңыздысы — адамдардың саяси топқа бөлінуі. Әрбір жеке дауысқа салу бойынша, әрине, мен, оны шамамен ғана айта аламын, ал жалпы алғанда, ол мен үшін өте айқын. Қазірдің өзінде таратылып отырған «Искра» ұйымы жөнінде және партияға енді белгілі болып отырғанды Лигадан жасырып қалу ісіміздің мүдделеріне сай келмейді. Ал, протоколдағы кұпья есімдерге келетін болсақ, әрине, ол жақсы, бірақ мен протоколдарды оқығаным жоқ, сондықтан оларды білмеймін.

III

Мартов жолдас «Искраның» жәй мәжілістері туралы сөйлегенде өсектің лаңына түсіп кетуге болады деп қауіптенеді. Мен өсекке тоқтауға ойлап тұрғаным жоқ, принципті даудың дәрежесінде кімнің тұра алатындығын және өсектің қараңғы лаңына кім түсу керектігін «біз көре жатармыз» («Ehe!»). «Біз көре жатармыз», «біз көре жатармыз!» Мен редакцияның мәжілістеріне тоқталып өтуге толық еріктімін деп санаймын, егер Мартов жолдас та бұл мәжілістерге тоқталатын болса, оған менің ешқандай қарсылығым жоқ, дегенмен, мен съезд уақытында бізде бірде-бір арнаулы редакциялық жыйылыс болмағанын ескертіп өтуге тиіспін.

IV

Менің баяндамамның басты мақсаты — Мартовтың қателескендігін дәлелдеу, бірақ Плеханов жөнінде оның пікірінде мен мүлде басқаны көріп отырмын. Бір мәселе жөнінде партияның съезінде айтқан сөзімді еске салып өтейін: «әдетте, комиссияда бір түрлі сөйлеп, ал мәжілісте — екінші түрлі сөйлеуші адамдарға қандай ыза боласың»* мұндай қылықты айту — саяси бағытты талқылау емес, адамның жеке басына көшу деген сөз. Х. ешқандай мәлімет ала алмай кетті, деген П. Б. Аксельродтың мәлідемесіне келетін болсақ, бұл мүлде дұрыс

* Қараңыз: Шығармалар 4-басылуы, 6-том, қазақша 513-беті. *Ред.*

емес деп айта аламын. Оның өзі маған хат жазды, бұл хатында оның пікірінше осы бөлінудің бәрінде адамның жеке басы жөнінде көп, ал, принциптік аз. Осыған қарағанда мен ол мәселемен таныс еді деген қортынды жасаймын. Съезд туралы пікірімді сұрағанында мен де оған әлденеше рет хат жазған болатынмын.

2

РСДЖП II СЪЕЗІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА 14 (27) ОКТЯБРЬ

Ленин, баяндамаға кірісер алдында, искрашылдардың партия съезі кезінде өткізілген жеке мәжілістеріне қаншалықты тоқталуға болатыны жайындағы мәселе жөнінде өткен мәжілісте болған айтыстарға тоқтап өтті. Съездің кешегі қарарын ол протоколға кірмеген фактілерге баяндамашылар барынша аз тоқталуға тиісті деген мағнада түсіндіреді, сондықтан «Искра» ұйымы мүшелерінің жыйылыстары туралы сөз қылғанда, дауыс берудің нәтижелеріне ғана тоқталмақшы екенін білдірді.

Осы кіріспе сөзден кейін ол партия съезінің алдында болып өткен дәуірді әңгіме етуге кірісті. Съезді дайындау міндетін атқару үшін құрылған Ұйымдастыру Комитетінде искрашылдар басым болды, сондықтан оның жұмысы да искралық бағытта жүргізілді. Бірақ Ұйымдастыру Комитетінің ішінде толық бірліктің мүлдем болмағандығы съезге дайындық жүрген кезде-ақ ашылды. Ең алдымен Ұйымдастыру Комитетінің ішінде бундшылар болды, ол, жоқтан өзгені сылтау қылып, искралық бағытта съезд шақыру ісіне қолынан келгенше келергі жазауға тырысты; Ұйымдастыру Комитетінің бұл мүшесі әрқашан өзінің жеке бағытын ұстады. Ұйымдастыру Комитетінің ішінде тағы да «Южный Рабочийдың» екі мүшесі болды; олар өздерін искрашылдармыз деп санаса да және тіпті өздерінің «Искраға» қосылатындығын жариялаған болса да, ол жайында өте ұзақ келіссөз жүргізілген болса да, бұларды толық искрашылдар деп таңуға болмайтын еді. Ақырында, Ұйымдастыру Комитетінің құрамына кірген искрашылдардың өздерінің арасында да толық бірлік болмады, бұлардың өздерінің

арасында өзара келіспеушілік болды. Ұйымдастыру Комитетінің императивтік мандаттар туралы қарарына тоқтап өтудің де зор маңызы бар. Бұл мәселе съезден көп бұрын көтеріліп, императивтік мандат жойылуға тиісті деген мағнада шешілген болатын. Бұл мәселе жөнінде редакция да дәл осы мағнада және мейлінше айқын түрде өз пікірін білдірді. Бұл қарар редакцияның өзіне де міндетті еді. Партияның ең жоғарғы орны болып табылатын съезде партияның әрбір мүшесі, сол сияқты редакцияның да әрбір мүшесі өздерін жіберген ұйымның алдында ешбір міндеттемелер арқылы байланыстымын деп санауға тиісті емес деп қаулы етілген. Осы қарарға сүйене отырып, мен съездің Tagesordnung-ның* жобасын жасап оған түсінік жаздым, жобаны өз атымнан съезге ұсынуға ұйғардым. Бұл жобаның 23-пунктінің шетінде редакция мен Орталық Комитетке үш адамнан сайлау туралы жазылған болатын. Осы пунктке байланысты тағы бір жағдай бар. Егерде съезд уақытында редакцияның кеңесін өткізуге тура келіп, онда дауыс тең бөлінетін болса, редакция мүшелері 6 адам болғандықтан, жалпы келісім бойынша, мәжіліске шешуші дауыспен Павлович жолдас шақырылсын деп ұйғарылды.

Съезд басталудан көп бұрын делегаттар жыйыла бастады. Ұйымдастыру Комитеті делегаттарға редакциямен алдын ала танысуға мүмкіндік берді. Искрашылдардың съезге ынтымақты, бір ауызды болып келгісі келгендігі өте табиғи нәрсе, сондықтан осы мақсатпен, көзқарас жөнінде бірлік жасау үшін келген делегаттармен жеке әңгімелер жүргізілді, сонымен қатар жыйналыстар өткізілді. Бұл жыйналыстарда кейбір делегаттардың бетбейнесі әбден айқын ашылды. Мәселен, осындай жыйналыстардың бірінде, мен ұлт мәселесі жөнінде реферат²² оқығанымнан кейін тау-кен өнеркәсібі ауданынан келген бір делегат ППС²³ рухында сөйледі, сөйтіп жалпы көзқарастарының өте шатаسقандығын көрсетті.

Съездің алдында болған жағдайлар осындай.

Енді Лига съезге екі делегат сайлаған болса да, съезде Лигадан менің қалайша жалғыз қалғанымды тү-

* — күн тәртібі. Red.

2

РСДЖП II СЪЕЗІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА 14 (27) ОКТЯБРЬ

Ленин, баяндамаға кірісер алдында, искрашылдардың партия съезі кезінде өткізілген жеке мәжілістеріне қаншалықты тоқталуға болатыны жайындағы мәселе жөнінде өткен мәжілісте болған айтыстарға тоқтап өтті. Съездің кешегі қарарын ол протоколға кірмеген фактыларға баяндамашылар барынша аз тоқталуға тиісті деген мағнада түсіндіреді, сондықтан «Искра» ұйымы мүшелерінің жыйылыстары туралы сөз қылғанда, дауыс берудің нәтижелеріне ғана тоқталмақшы екенін білдірді.

Осы кіріспе сөзден кейін ол партия съезінің алдында болып өткен дәуірді әңгіме етуге кірісті. Съезді дайындау міндетін атқару үшін құрылған Ұйымдастыру Комитетінде искрашылдар басым болды, сондықтан оның жұмысы да искралық бағытта жүргізілді. Бірақ Ұйымдастыру Комитетінің ішінде толық бірліктің мүлдем болмағандығы съезге дайындық жүрген кезде-ақ ашылды. Ең алдымен Ұйымдастыру Комитетінің ішінде бундшыя болды, ол, жоқтан өзгені сылтау қылып, искралық бағытта съезд шақыру ісіне қолынан келгенше кедергі жауға тырысты; Ұйымдастыру Комитетінің бұл мүшесі әрқашан өзінің жеке бағытын ұстады. Ұйымдастыру Комитетінің ішінде тағы да «Южный Рабочийдың» екі мүшесі болды; олар өздерін искрашылдармыз деп санаса да және тіпті өздерінің «Искраға» қосылатындығын жарыялаған болса да, ол жайында өте ұзақ келіссөз жүргізілген болса да, бұларды толық искрашылдар деп таңуға болмайтын еді. Ақырында, Ұйымдастыру Комитетінің құрамына кірген искрашылдардың өздерінің арасында да толық бірлік болмады, бұлардың өздерінің

арасында өзара келіспеушілік болды. Ұйымдастыру Комитетінің императивтік мандаттар туралы қарарына тоқтап өтудің де зор маңызы бар. Бұл мәселе съезден көп бұрын көтеріліп, императивтік мандат жойылуға тиісті деген мағнада шешілген болатын. Бұл мәселе жөнінде редакция да дәл осы мағнада және мейлінше айқын түрде өз пікірін білдірді. Бұл қарар редакцияның өзіне де міндетті еді. Партияның ең жоғарғы орны болып табылатын съезде партияның әрбір мүшесі, сол сыяқты редакцияның да әрбір мүшесі өздерін жіберген ұйымның алдында ешбір міндеттемелер арқылы байланыстымын деп санауға тиісті емес деп қаулы етілген. Осы қарарға сүйене отырып, мен съездің Tagesordnung-ның* жобасын жасап оған түсінік жаздым, жобаны өз атымнан съезге ұсынуға ұйғардым. Бұл жобаның 23-пунктінің шетінде редакция мен Орталық Комитетке үш адамнан сайлау туралы жазылған болатын. Осы пунктке байланысты тағы бір жағдай бар. Егерде съезд уақытында редакцияның кеңесін өткізуге тура келіп, онда дауыс тең бөлінетін болса, редакция мүшелері 6 адам болғандықтан, жалпы келісім бойынша, мәжіліске шешуші дауыспен Павлович жолдас шақырылсын деп ұйғарылды.

Съезд басталудан көп бұрын делегаттар жыйыла бастады. Ұйымдастыру Комитеті делегаттарға редакциямен алдын ала танысуға мүмкіндік берді. Искрашылардың съезге ынтымақты, бір ауызды болып келгісі келгендігі өте табиғи нәрсе, сондықтан осы мақсатпен, көзқарас жөнінде бірлік жасау үшін келген делегаттармен жеке әңгімелер жүргізілді, сонымен қатар жыйналыстар өткізілді. Бұл жыйналыстарда кейбір делегаттардың бетбейнесі әбден айқын ашылды. Мәселен, осындай жыйналыстардың бірінде, мен ұлт мәселесі жөнінде реферат²² оқығанымнан кейін тау-кен өнеркәсібі ауданынан келген бір делегат ППС²³ рухында сөйледі, сөйтіп жалпы көзқарастарының өте шатаस्कандығын көрсетті.

Съездің алдында болған жағдайлар осындай.

Енді Лига съезге екі делегат сайлаған болса да, съезде Лигадан менің қалайша жалғыз қалғанымды тү-

* — күн тәртібі. *Ред.*

сіндірейін. «Искраның» орыстық ұйымы екі делегат жіберуге тиісті болса да, съезге біреуі де келмеген болып шықты. Сонсоң съездің алдында, искрашылдардың жиыналысында, Лигадан сайланған екі делегаттың біреуі мандатынан бас тартып, оны екінші делегатқа берсін, ал өзі «Искра» ұйымынан делегат болып саналсын, «Искраның» екі мандатын қолына алсын, егерде Россиядан сайланған делегат келе қалса, «Искра» ұйымынан алған екі мандатының біреуін соған берсін, деп ұйғарған болатын. Лиганың атқарған ролі шамалы болғандықтан, әрине, менің де, Мартовтың да «Искрадан» делегат болғымыз келді. Бұл таласты біз жеребе салумен шештік.

Бастапқы алдын ала мәселе — съезд бюросын сайлау туралы мәселе — Мартов пен екеуіміздің арамызда шамалы болса да, біраз пікір алалығын туғызды. Мартов 9 адам сайлансын деп қоймады, бұлардың ішіне тіпті бундшылды да енгізбек болды. Солай бола тұрса да, мен табанды, мықты саясат жүргізе алатындай, ал қажет болса «кұрсаулы шенгелмен ұстап алатын» бюро сайлауды қажет таптым. Сайланғандар: Плеханов, Ленин және Павлович болды.

Съезде бес бундшыдан басқа Орыс социал-демократтары шетелдік одағынан екі делегат болды және әрқашан солармен дерлік бірге дауыс беретін Петербург «Күрес одағынан» делегат болды. Бұл адамдар бастан-аяқ айтысты өте ұзаққа созды. Съездің жұмыс істейтін уақытын белгілеудің бір өзі мейлінше көп уақыт алды. Бундтың партияда алатын орыны туралы бірнеше мәжілісте ұшы-қыйыры жоқ айтыс болды. Мандаттарды тексеретін комиссияға кіріп алған бундшы да дәл осындай кедергі жасап отырды. Ол аттаған сайын дау шығарып осы комиссиядағы басқа мүшелермен бір мәселе жөнінде де келісімге келмеді. Және әрқашан «ерекше пікірде» қалып отырды, бұл комиссияда мен де бар едім. Мұнымен съезд ұзаққа созылуы мүмкін деген ескертуге бундшы «созыла берсін» деп жауап қайырып, комиссияда қанша уақыт болса да мәжіліс құрып отыруға әзір екендігін білдірді. Мандаттарды тексеру жұмысы түн ортасы ауғанда ғана әрең аяқталды.

Съездің бірінші күндерінде-ақ Ұйымдастыру Комитетімен жанжал шықты. Оның жасаған уставы бойынша съезге «партияның көрнекті қайраткерлері» ғана кеңес-

ші дауыспен шақырылуға тиіс еді; мандаттарды тексеретін комиссия «Борьба» тобының одан съезге бір мандат берілсін деген өтінішін қабылдамады. Бұл комиссияда Ұйымдастыру Комитетінің екі мүшесі қатысты, олар «Борьба» тобынан съезге өкіл жіберілуіне қатты қарсы болды. Комиссияның баяндамашысы съезге осы қаулыны хабарлағаннан кейін, өкіл жіберу «керек пе», «жоқ па» деп ұзақ айтыс болды, сонда искрашының біреуі «Борьба» тобынан съезге өкіл шақырудың тіпті керегі жоқ, өйткені бұл топ пәлекорлықпен ғана шұғылданды, қандай болса да жарықшаққа еніп кетуге тырысты, барлық жерде жанжал туғызып отырды деген пікір айтты, тағысын тағылар. (Троцкий: «Шешеннің әкесінің атын бекер атамай отырсыз, — оны мен айтып едім». П. Аксельрод: «Сірә, референт мұны өзі үшін қолайсыз деп санайтын шығар».) Шынында Троцкий жолдас «Борьба» тобын осылайша қатты ыспаттады. «Борьба» тобынан съезге өкіл жіберу туралы айтыс қызған кезде, съезге кешігіп, осында жаңа ғана келген «Южный рабочий» делегаттарының біреуі айтыс туып отырған мәселеге байланысты жағдайдың бәрімен танысу үшін жыйылыстан 5 минут үзіліс жасауды сұрады. Үзіліс жасау рұхсат етілгеннен кейін Ұйымдастыру Комитеті сонда-ақ терезе алдында мәслихат өткізді. Съезд басталмай тұрып-ақ Ұйымдастыру Комитетінің кейбір мүшелерінің редакцияға қарсы біраз наразылығының болғанын айта кету керек. Бундтан сайланған Ұйымдастыру Комитетінің мүшесі редакция неміс социал-демократтарына сайлау үшін берген өзінің 500 марка ақшасын, оған Ұйымдастыру Комитетінен алдын-ала рұхсат алмай тұрып, редакциядан және Ұйымдастыру Комитетінен жіберілген ақша деп көрсетуіне қатты ашуланды. Әрине, Россиядағы жолдастармен тез пікір алысуға болмайтын жағдайда толық орынды, осындай кінәсіз актыдан бундшы шет елде тұратын редакция Ұйымдастыру Комитетінен сұрамай-ақ оның атынан жұмыс істеп отыр деп қортынды жасайды. Тіпті Ұйымдастыру Комитетінде бұл үшін редакцияға сөгіс жарыялау керек деп ұсыныс енгізілді және солай істелді де, өйткені «Искраның» бұрынғы мүшесі NN жолдас бундшыға қосылып кетті. Осы туралы мен Мартовқа айтқанымда ол қатты ашуланып, бұл «жексуриндық» деді. (Мартов: «Мен «жексурин-

дық» деген сөзді айтқаным жоқ».) Дәлме-дәл айтқан сөзі есімде қалмаған. Одан кейін Мартов мен «мұны былай елеусіз қалдырмаймын» деп қоса айтты. Ал, мен оған бұл онша маңызды мәселе емес, осы жанжалға маңыз берместен үндемей отыру жақсы деп түсіндірдім. Уйымдастыру Комитетінің терезе алдында болған мәслихаты аяқталғаннан кейін, оның құрамындағы Павлович жолдас бюроның басқа екі мүшесіне мынаны хабарлады: «Южный рабочийдың» кешігіп келген, Уйымдастыру Комитетінің құрамындағы делегатының ұсынысы бойынша көпшілік дауыспен «Борьба» дан кеңесші дауыспен Рязановты съезге өкіл етіп шақыруға қаулы қабылданғанын, бұл ұсынысқа ол, Павлович қарсы болғанын айтты. Павлович жолдас бұл қаулыға батыл қарсы шықты және императивтік мандат болмағандықтан мұндай қаулыға съезде қарсы шығуға өзін праволы деп есептеді. Бюро мүшелері біздерді, сол сыяқты редакцияны және басқа искрашыларды Уйымдастыру Комитетінің бұл қаулысы өте-мөте ашындырды. Мен жоғарыда атап өткен Уйымдастыру Комитетінің мүшесі NN жолдас мандат тексеретін комиссияның мәжілісінде «Борьба»дан съезге өкіл жіберуге өзі қарсы екендігін білдіре тұрып, енді, Уйымдастыру Комитетінің мәслихатында ол керісінше, оны шақыруға рыйзалық білдірді. Енді ол өзі Рязановты съезге сүйреп әкелді. Сөйтіп біз тұзаққа түскен болып шықтық. Содан кейін біз Уйымдастыру Комитетінің бұл өрескел қаулысына батыл күресуге бел байладық. Көпшілік бұл қаулыға қарсы сөйледі. Бұл жөнінде мен өзімнің сөзімде былай дедім: «Комиссияда бір түрлі сөйлеп, ал съезде басқа түрлі сөйлейтін адамдар европалық конгрестерде қандай күшті ызаландырып күйіндіреді». Мен мұны айтқанда «Искра» ұйымының мүшесі NN-ды еске алдым. Павлович жолдас Уйымдастыру Комитетінің бұл қаулысына өзінің қарсы екендігін съезге білдіргенде «Южный рабочий» дан сайланған мүше мұның өзін тәртіпті бұзу, ірткі салу, тағысын тағылар деп тапты және Павлович жолдасқа бұл қылығы үшін лайықты жаза беруді съезден талап етті. Бірақ біз осы дәлелдердің бәрін талқандадық. Уйымдастыру Комитетінің көпшілігі жеңіліп қалды. Коллегия ретінде болған Уйымдастыру Комитеті съезд мандаттарды тексеретін комиссияны сайлағаннан кейін съездің

кұрамына ықпал жасауға правосы жоқ деп қарар алынды. Рязановты шақыру ұсынысы қабылданбады. Бірақ, мен съезден кейін де «Борьба» ның мүшесін съезге қатыстыруға неге болмайтын еді деп кейбір искрашылдардың күдіктеніп айтқанын естідім (Дейч: «Мен съезде де осы пікірді айттым»). Әбден дұрыс, Дейч жолдас басқа мәселелер жөнінде де, мысалы, тілдердің тең праволылығы мәселесінде бүкіл искрашылармен бірге әрқашан дауыс беріп отырған жоқ, мен бұл жайында кейіннен айтамын. Кейбір искрашылар кәзірдің өзінде де Орталық Комитет өзінің жұмысында партияның ішіндегі әртүрлі ауытқушылықты және дөрекі көзқарастарды әлестетіп отыруға тиісті-міс деген өте-мөте таңқаларлық пікір айтып жүр. Кейбір табансыз, тұрақсыз искрашылар съезде де осы бағытта айтты. Сонымен, өздерін искрашылар қатарына қосушылардың бәрі іс жүзінде де искрашыл болып табылады дейтін көзқарас мүлде дұрыс емес екен. Тіпті өзін искрашымын деп айтуға ұялатын искрашылар да бар, бұл — факт. «Искраға» қарсы күресуші, оған түрлі кедергілік істеуші, оның жұмысына бөгет жасаушы искрашылар да бар. «Искра» жұртқа белгілі болды, искрашымын деп аталу сәнге айналды, бірақ, мұның өзі көп адамдарға, оны көп комитеттер танығанға дейін, бұрын олар қандай болған болса сол күйінде қалуына бөгет болмайды. Мұндай сенімсіз искрашылар Искраға көп зыянын тигізді. Егер олар оған қарсы тұпа-тура, ашық күрес жүргізсе бір сәрі... Жоқ, олар бұкпантайлап, бұрышта тұрып, білдірмей жасырын әрекет жасайды.

Партия съезінде Tagesordnung-тың екінші пункті партияның программасына арналды. «Рабочее Делоны» жақтаушылар, бундшылар және съезд кезінде «батпак» деп атақ берілген түрлі жеке делегаттар адам айтқысыз кедергілер жасады. Программа туралы айтыс мейлінше ұзаққа созылды. Акимовтың бір өзі ғана ондаған түзетулер енгізді. Тіпті жеке сөздер үшін, жеке немесе басқа жалғаулар үшін талас болды. Программа жобасын қарайтын комиссияға кірген бір бундшы: біз осы кімнің программасын қарап отырмыз, «Искра» редакциясы ұсынғанды ма немесе Акимов енгізген программаны ма? деп өте орынды сұрады — соншама көп түзетулерді қарауға тура келді. Бұл түзетулер түкке тұрғысыз еді жә-

не программа ешқандай елеулі түзетусіз қабылданды, дегенмен бұл туралы 20 мәжіліске жуық айтыс болды. Міне, оппозиция салдарынан съездің жұмысы осынша өнімсіз болды, мұны Искраға қарсы және quasi* искрашыл элементтер істеді.

Уйымдастыру Комитетімен болған жанжалдан кейін туған екінші ірі жанжал — тілдердің тең праволылығы туралы немесе съезде оны кекесіндеп айтқанындай «тілдердің бостандығы туралы» жанжал болды (Мартов: «Немесе «есектер туралы»». Күлкі.) Я, «есектер туралы» да. Әңгіме мынада. Партия программасының жобасында жынысына, ұлтына, дініне және басқаларына қарамастан барлық азаматтардың тең праволылығы айтылады. Бундшылар бұған қанағаттанбады және программаға әрбір ұлттың өз тілінде оқуы, сол сыяқты өз тілінде түрлі қоғам және мемлекеттік мекемелермен сөйлесу правосы енгізілуін талап ете бастады. Көп сөзге құмар бір бундшы мемлекеттік жылқы заводын мысалға алып айтқанына, Плеханов жолдас жылқы заводы туралы сөз болуы да мүмкін емес, өйткені жылқылар сөйлемейді, ал «есектер ғана сөйлейді» деп ескертті. Бундшылар бұған ренжіп қалды, сірә, бұл қалжыңды олар өздеріне айтылып отырған деп ойласа керек.

Тілдердің тең праволылығы жөніндегі мәселеде тұңғыш рет бөліну болды. Бундшылардан, рабоче-делошылардан және «батпақтан» басқа кейбір искрашылар да «тілдердің азаттығын» жақтап сөйледі. Дейч жолдас бұл мәселе жөнінде өзінің дауыс беруімен бізді таң қалдырды, ашуландырды, ызаландырды, тағысын тағылар; ол біресе қалыс қалып, біресе бізге қарсы дауыс беріп отырды. Ақыр аяғында бұл мәселе ойдағыдай, бірауыздан шешілді.

Жалпы алғанда съездің алғашқы жартысында искрашылардың барлығы да бірлесіп әрекет етті. Бундшылар өздеріне қарсы қаскүнемдік істеліп отыр дегенді айтты. Бір бундшы өзінің сөзінде съезді «топталған көпшілік» деп атады. Оған берген жауабымда мен біздің бүкіл партиямыз бір жерге топталған көпшілікке айналсын деген тілек білдірдім.

* — жалған. Ред.

Съездің екінші жартысында жағдай мүлде басқаша болды. Осы кезден бастап Мартовтың тарихи бетбұрысы басталады. Біздің арамызда туған алауыздық тіпті де елеусіз болған жоқ. Алауыздық Мартовтың кәзіргі кезеңге дұрыс баға бермеуінен туды. Мартов жолдас бұрын ұстап келген жолынан шетке шығып кетті.

Tagesordnung-тың бесінші параграфы уставқа арналды. Уставтың бірінші пункті жөнінде комиссияның өзінде-ақ Мартов екеуміздің арамызда талас туды. Біз түрліше тұжырымдалған жобаны жақтадық. Оның ішінде мен партияның программасын мойындайтын және оған материалдық көмек көрсететін, партияның әйтеуір бір ұйымына кіретін адам партия мүшесі болып танылсын деген ұсыныс жасадым, — Мартов алғашқы екі шарттан басқа партия ұйымының біреуінің бақылауында жұмыс істеу жеткілікті деп санады. Мен өзім ұсынған жобаны жақтап, бір орталыққа бағыну принципінен шетке шықпасақ біз партия мүшесі қандай болу керектігін басқаша айта алмаймыз. Ешқандай партия ұйымына кірмейтін адамды партия мүшесі деп тану партияның бүкіл бақылау жұмысына қарсы пікір айту деген сөз болады. Мартов бұл жерде «Искраның» принциптеріне мүлдем қайшы келетін жаңа принцип енгізді. Мартовтың тұжырымы партияның шеңберін ұлғайтты. Ол біздің партиямыз бұқара партиясы болуға тиіс деген дәлелге сүйенді. Ол, оппортунистердің бәріне есікті кең ашып, партияның шеңберін барынша жайылыққы етіп ұлғайтты. Біздің жағдайымызда бұл өте қауіпті, өйткені революционер мен бос сандалып жүргендердің арасын ашып көрсету өте қыйын; сондықтан бізге партия деген ұғымды тарылту қажет болды. Мартовтың қатесі мынадай еді: түрлі сұм-сұрқияларға ол партияның есігін кең етіп ашты, сонымен қатар, тіпті съездің өзінде делегаттардың үштен бір бөлегі аңдып отырушылардың қатарына қосылғандығы анықталды. Тап осы жағдайда Мартов оппортунизмдық істеді. Оның: партияның әрбір мүшесі ұйымның бақылауында болуға тиіс, сөйтіп Орталық Комитет партияның ақырғы мүшесіне дейін жете алатын болсын, деген тұжырымы уставқа жалған үйлесімсіздік енгізді. Менің тұжырымым ұйымдасуға дем берді. Мартов жолдас «партия мүшесі»

деген ұғымды төмен түсірді, менің пікірімше, ол жоғары, өте жоғары тұруға тиіс. «Рабочее Дело» Бунд және «батпак» Мартов жағына шығып кетті, Мартов солардың көмегімен уставтың бірінші параграфын өткізді.

Содан кейін Мартов өзі жайында таратылып жүрген «масқаралаушы лақаптар» туралы сөйлей бастады. Мартов кіммен одақтас болып шықты деп айтқан сөзде ешқандай ренжіту болған жоқ. Мен өзім де Брукэр жолдаспен одақтас болғанымда осындай наразылыққа кездескен едім. Сол кезде Мартов маған қағаз жазып, «байқа, сенімен кім дауыс беріп отыр» дегенде мен оған тіпті де ренжігем жоқ. Рас, менің Брукэрмен одақ жасауым уақытша және кездейсоқ болған еді. Ал, Мартовтың Бундпен одақтасуы берік болып шықты. Мен Мартовтың тұжырымына қарсы болдым, өйткені ол *Versumpfung** еді. Мен бұл туралы Мартовқа ескерттім және бізге қарсы адамдар бір кісідей болып Мартовтың соңынан еріп осы қателікті айқын көрсетіп отырды. Ең қауіпті нәрсе Мартовтың батпакқа батуында емес, осы батпакқа абайсыздан түсіп кетіп, содан шығуға тырыспағандығы, қайта барған сайын белшесінен бата беруі болды. Бундшылар үстем жағдайда отырғандығын сезіп, партияның уставында өздерінен із қалдырды.

Съездің екінші жартысында да топталған көпшілік болды, бірақ бұл жолы ол мартовшылардың одағынан құралды, оған «батпак», «Рабочее Дело» мен Бундтың топталған азшылығы қосылды. Осы топталған көпшілік искрашыларға қарсы шықты. Бір бундшы искрашылар арасындағы таласты көріп: «Көсемдер төбелесіп жатқанда, айтысу қандай жақсы» деді. Осындай жағдайда Бундтың кетуі маған түсініксіз. Ол жағдайға үстем болып отырғанында көп нәрсені өткізе алатын еді. Тегінде онда императивті мандат болса керек.

Уставтың бірінші параграфы бұзылғаннан кейін, біз уатылған ыдысты мүмкіндігіне қарай мықтап, екі түйінмен байлауға тиіс болдық. Әрине, бізді аңдып жүріп, алдап кетуі мүмкін деген қауіп бізде болды. Сондықтан екі жақ өзара келісіп орталық мекемелерге кооптация жасау, сөйтіп партияға олардың жұмысында бірлікті

* — былық. Ред.

камтамасыз ету қажет болды. Осы мәселеге бола тағы да күрес басталды. Партияның III съезіне Ұйымдастыру Комитетімен болған сыяқты жанжал қайталамау үшін тиісті жұмыс жүргізу керек болды. Табанды, адал искрашыл министрлік құру қажет болды. Осы пунктте біз тағы да таяқ жеп шықтық. Орталық мекемелерге өзара келісіп кооптация жасау пункті жүзеге аспай қалды. «Батпақ» қостаған Мартовтың қателігі бұрынғыдан айқын көрініп қалды. Сол кезден бастап одақ әбден қалыптасты және біз жеңіліп қалу қауіпіне ұшырағандықтан мылтығымызды мықтап оқтауға мәжбүр болдық. Бунд пен «Рабочее Дело» отырып алып, өздерінің дауысымен съездің тағдырын шешті. Осыдан келіп бағыттал, қатты күрес туды.

Енді «Искра» ұйымының жәй мәжілістеріне көшейік. Біз бұл мәжілістерде көбінесе Орталық Комитеттің құрамы жөніндегі мәселемен шұғылдандық. «Искра» ұйымының төрт мәжілісінде тұтасынан NN жолдас жайында айтыс жүргізілді, оған искрашылардың бір бөлігі саяси сенімсіздік білдіргісі келді, бірақ бұл сөздің дәлме-дәл мағнасында емес, өйткені ешкім NN-ды маскаралайтындай ешқандай кінә таққан жоқ, тек NN-ның искрашыл министрлікке жарайтындығы жөнінде арнаулы маңызы бар мәселе болып талқыланды; осы үшін жанталасқан қатты тартыс болды. 16 адам қатысқан соңғы мәжілісте 9 адам NN-ға қарсы сөйледі, 4 адам жақтады, басқалары — қалыс қалды. Сол жердің өзінде-ақ енді өз министрлігімізді қандай құрамда өткізу керек деген мәселе шешілді.

Мартов екеуіміз түрлі «үштік» ұсындық, бірақ оған келісе алмадық. Съезде дауысты бөліп жіберуді тілегендіктен ымырашыл тізім ұсынуға ұйғардық. Біз түрлі икемге көнуге бел байладық: мен екі мартовшы бар тізімге келістім. Азшылық бұған көнбеді. Ал, «Южный Рабочийдың» мүшесі біздің тізімде болғысы келмеді, сонымен қатар, мартовшылардың тізімінде тұруға келісімін берді. Бөтен элемент болған — «Южный Рабочийдың» — Орталық Комитет жөніндегі мәселені шешті. Искрашылар бөлініп кеткеннен кейін біз пікірлес адамдарды жыйнауға және қызу үгіт жүргізуге кірістік. Ойламаған жерде Бундтың съезді тастап шығуы бүкіл

жағдайды өзгертті. Ол кеткеннен кейін жаңадан топталған көпшілік пен азшылық туды. Біз көпшілік болып, Орталық Комитетке өзіміз қалаған адамдарды өткіздік.

Міне, бөлінуге әкеп соққан жағдай осы. Менің редакцияны сайлауды талап ететінімді біле тұрып, «Искра-ның» алты редакторының бәрін бекіту мәселесін съезге салуды Мартовтың ұсынуы үлкен жөнсіздік болды. Мұның өзі редакцияны сайлау мәселесін редакциядағы жеке адамдарға сенімсіздік білдіруге айналдыру деген сөз, еді.

Сембі күні, сағат 5 те сайлау аяқталды. Біз қаулыларды талқылауға кірістік. Бұл үшін бізде не бәрі бірнеше сағат уақыт қалды. «Батпақ» тарапынан кедергіліктер мен қарсылық болғандықтан бізге Tagesordnung-тан толып жатқан маңызды пункттерді алып тастауға тура келді; сонымен тактика жөніндегі мәселенің барлығын тегіс талқылауға бізде уақыт қалмады.

Съезде қарарлардың соншама бірауыздылықпен қабылдануынан біз өзара келісу бағыты реттелді деген қортындыға келдік; болған алауыздықтардан Мартов мемлекеттік мәселе жасамаған сыяқты болып көрінді. Тіпті, ол «Южный Рабочийдың» біреуі сайлаудың заңдылығы туралы мәселе көтергенде, азшылық съездің барлық қаулысына бағынады деп ескертті. Қарарлардың бәрі бейбіт түрде, досжарлықпен қабылданылды; жалғыз-ақ либералдар жайындағы Старовердің қарары туралы алауыздық туды. Ол өте жайылыңқы болып кеткен және одан тағы да оппортунизм келіп шықты; біз оған қарсы күрестік және дәл осы мәселе жөнінде тағы да басқа қарар қабылдаттық.

Съезд туралы жалпы пікір мынадай болды: біздегі күрес аңдушылыққа қарсы жүргізілді. Біз жұмыс істей алмайтын жағдайға душар болдық. Бұдан: «күдай, бізді мұндай достардан сақтайгөр», яғни жалған-искрашылдардан (quasi) сақтайгөр деген қортынды жасалды. Мартов осы жағдайды мүлде ұққан жоқ. Ол өзінің қате позициясын принципке жеткізіп көтерді. Көпшілік «қатал тәртіп» орнатып отыр деген Мартовтың пікірі партияның көкей кесті мүдделеріне көріне қайшы келді. Жұмысты табысты ету үшін бөгет жасаушы элементтерді ығыстырып шығару және оларды партияға кесел келтіре алмайтын жағдайға қою қажет болды; осындай

жағдайда ғана біз болашақ съезде жемісті жұмыс істей аламыз. Міне, сондықтан партияның орталық мекемелері арасында толық бірлік орнату қажет болды.

Съездің алғашқы жартысы екіншісіне қарама-қарсы келді. Бүкіл съездің күрделі пункттері төрт ірі жағдаймен қорытылады, атап айтқанда: 1) Ұйымдастыру Комитетімен болған жанжал; 2) тілдердің тең праволылығы жөніндегі айтыс; 3) уставтың бірінші пункті жөніндегі айтыс және 4) партияның орталық орындарын сайлау үшін жүргізілген күрес.

Съездің алғашқы жартысында біз Мартовпен бірге Ұйымдастыру Комитетіне, Бундка, «Рабочее Делоға» және «батпаққа» қарсы болдық, ал съездің екінші жартысында, ол кездейсоқта батпаққа батты. Кездейсоқ Versumpfung-тан енді, съезден кейін, нағыз Versumpfung болып отыр. (Кол шапалақтау.)

3

МАРТОВТЫҢ БАЯНДАМАСЫ ЖӨНІНДЕ ЖАСАЛҒАН
МӘЛІМДЕМЕ 15 (28) ОКТЯБРЬ²⁴

Менімен, Мартов және Старовер арасындағы жәй әңгімені баяндауда кімнің өтірік айтқаны немесе кімнің дәлеқор болғаны туралы Мартовтың мәселе қоюына, мұны күрестің барып тұрған түкке тұрғысыз әдісі деп санап, оған мен мейлінше қарсылық білдіремін. Мен, бұл әдістің — істі шешілмейтін мәселеге әкел соққызатын жеркөшіктің туралы, жәй әңгімелердің дұрыс баяндалуы туралы Мартовтың өзінің кеше жасаған мәлімдемесіне көріне қайшы келетіндігін ыспаттаймын! en question* жәй әңгімені Мартов мүлде теріс түсіндірді деп мәлімдеймін. Егер, Мартов партияның жауапты орнында отыруына сыйыспайтын қылмысы бар деп мені айыптағысы келсе, онда мен қандай болса да аралық сотты қабылдаймын және осы сотқа Мартовты шақырамын деп мәлімдеймін. Енді нақтылы айып тақпай, емескі бірдемені айтып отырған Мартовтың адамгершілік борышы, бүкіл партия алдында өзі таққан айыпты ашықтан-ашық және өзінің қолын қойып жақтауда ерлік көрсету болып табылады, ал мен Партияның Орталық органының мүшесі болғандықтан Мартовқа өзі ұсынған барлық айыпты жеке кітапша етіп шығаруды бүкіл редакция атынан ұсынамын, деп мәлімдеймін. Мартов осыны істемесе, ол Лига съезінде партияны мінез-құлық жағынан тазартуды көздемей, жанжал шығаруды ғана көздегенін көрсетеді.

* — сөз болып отырған. Ред.

ЛИГАНЫҢ УСТАВЫ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕГЕН СӨЗ
17 (30) ОКТЯБРЬ

Мен негізінде бір пунктте, атап айтқанда, Лига өз уставын жасауда Автономиялы деген баяндамашының пікіріне тоқталып өтпекпін. Менің пікірімше бұл мүлде теріс, өйткені, партия уставының 6-параграфы бойынша комитеттер ұйымдастыруға правосы бар Орталық Комитет, — Лига үшін устав жасаумен шұғылдана алатын бірден бір орын; ұйымдастыру дегеніміз — ең алдымен устав жасау деген сөз. Орталық Комитет уставты бекітпей тұрып, оның — Лиганың *уставы болмайды*. Автономия деген ұғымды бұл жерде мүлде қолдануға болмайды, өйткені ол партияның уставына қайшы келеді. Орталық Комитет бекітпей тұрып Лиганың уставы болмайды деп тағы да батыл атап өтемін. Ал, Лиганы партия съезінің бекітуіне келетін болсақ, бұл оның істеген жұмысы үшін емес, сірә, оның барлық кемшіліктеріне қарамастан, — оның ерекше принципті ұстамдылығы үшін істелінеді.

ТАПСЫРЫЛМАҒАН МӘЛІМДЕМЕ²⁵

29 октябрь, 1903.

Жолдастар! Мен кеше (28/X) съезд мәжілісінен шығып кеттім, себебі Мартов жеркеништі өсектерді, лақаптарды, жәй сөздерді қазып шығарып, аласұрып айқайлап, жанжалды жақсы көретіндердің бәрі оған ма сайрап отырғанда съезге қатысу өте жексұрындық болды. Дәл осы Мартов 3-күні өзін өзі нағыз келемеждегендей етіп әңгіме жасаушылардың ішінде кім *өтірік* айтқанын тексеруге болмайтын, мәселені арандатуға әкеп соғатын жәй сөзден бұлай таяныш жасау әдепсіздік болады деп айқын айтқан еді. Атышулы үштік туралы атышулы жәй әңгімені баяндағанда *кім өтірік айтты*, мен бе немесе ол ма деп аузын көпіртіп кеше менен жауап алған Мартов дәл осы әдепсіздігін бізге көрсетті.

Мәселені: *кім өтірік айтты?* деп жанжал шығаратындай етіп қоятын бұл әдіс оңай төбелесті іздеуші кұмар адамға ғана, немесе өз қылығының түкке тұрғысыздығын ақылға салып шешуге қабілеті жоқ мазасы кеткен адамдарға ғана лайықты. Саяси қайраткер тарапынан оны белгілі бір саяси қателіктері үшін айыптап отырғанда, мұндай әдісті қолдану қорғанудың басқа кұралының жоқтығын, саяси алауыздықты бишаралықпен жанжалға және өсекке айналдырылып отырғандығын мүлтіксіз ыспаттайды.

Бұдан мынадай сұрау туады: жәй сөздер негізінде *дәлелдеуге болмайтын* айып ұсынып отырған төбелес-кұмарлар мен жанжал туғызушылардың бәрінің бұл әдісіне қарсы жалпы алғанда қорғаудың қандай кұралдары қолданылуы мүмкін? Мен «дәлелдеуге болмайтын»

айыптар деп айтып отырмын, өйткені протоколға жазылмаған жәй әңгімелер өзінің мәні жағынан *ешқандай* жолмен дәлелденілмейді, сондықтан солар негізінде тағылған айып «өтірік» деген сөзді жәй қайталай беруге әкеп соғады. Кеше Мартов осылай қайталаудың нағыз шебер өнерін көрсетті, ал мен оған еліктемеймін.

Мен өзімнің кешегі мәлімдемемде қорғанудың *бір* әдісін көрсетіп айтқан едім және сол әдісті қолдануды батыл талап етемін. Өзінің сөзінде өтірікке, пәлекорлыққа, тағы осындайларға сүйенген ұшы-қыйыры жоқ және сансыз көп қараңғы ишараттармен маған таққан барлық айыбын дереу жеке кітапша етіп басып шығаруды өзіме қарсы адамға ұсынамын. Мен өзіме қарсы адамның *бүкіл* партия алдында өз атынан сөйлеуін *талап етемін*, себебі ол партияның Орталық Органы редакциясының мүшесі болып отырған маған күйе жақты, себебі ол кейбір адамдарға партияның жауапты орындарында отыруына мүмкіндігі жоқ дегенді айтты. Маған қарсы адамның *барлық* айыптауын жарыялауды міндетіме аламын, өйткені жанжалдар мен өсекті ақтарып ашық айту менің партия алдында ең жақсы қорғанышым болатындығын жақсы білемін. Қарсы адам менің бұл шақыруымнан бас тартса, оның айыптары жексұрын адамның жаласынан немесе алжасқан саясатқұмардың есуастық халінен туатын шылғый өтіріктен ғана құралғандығын дәлелдейтінін, мен қайталап айтамын.

Менде қорғанудың тағы да бір жанама құралы бар. Мен өзімнің кешегі мәлімдемемде *en question** жәй әңгімені Мартов мүлде теріс баяндап отыр дедім. *Дәлелдеуге болмайтын* ыспаттамалар сенімсіз және мақсатсыз болғандықтан мен бұл сөзді қайтадан қозғамаймын. Бірақ, Мартовқа кеше мен тапсырған, съезде оқылған «документке» әркім ой жіберіп қарасын. Бұл документ съездің программасы болып табылады және соған берген менің түсінігім, — «жәй» әңгімеден *кейін* жазылып *менің Мартовқа жіберген* және ол өзінің түзетулерімен кері қайтарған түсінігім.

Бұл документ *сөзсіз* біздің әңгімеміздің түйіні болып

* — сөз болып отырған. *Ред.*

табылады, сондықтан Мартов айыптарының кūr өсек екендігін дәлелдеу үшін оның дәл текстін айтып берсем маған сол әбден жеткілікті. Оның толық тексті мынадай:

«(Съезд Tagesordnung-нің*) 23-пункті. *Партияның Орталық Комитетін және Орталық Орган редакциясын сайлау*».

Менің берген түсінігім: «Съезд Орталық Орган редакциясына 3 адам және Орталық Комитетке 3 адам сайлайды. Осы алты адам *бірге*, $\frac{2}{3}$ -нің көпшілігі болып қажет жағдайда кооптация жолымен Орталық Орган мен Орталық Комитеттің кұрамын толықтырады және съезге тиісті баяндама жасайды. Осы баяндаманы съезд бекіткеннен кейін одан әрі кооптация жасауды Орталық Орган редакциясы мен Орталық Комитет жеке жүргізеді».

Мартов бұл система тек редакциялық алты адамды ұлғайту үшін ғана қабылданып еді деп сендірмек болады. Бұл сендірулерге «егер бұл қажет болса» деген сөздер *тұна-тура* қайшы келеді. Сол кездің өзінде-ақ мұндай қажеттілік болмайды деген мүмкіндік байқалғаны айқын болған еді. Одан кейін, егер кооптация үшін 6 адамның 4-еуі келісетін болса, сірә ол кезде редакция кұрамын толықтыру *редактор емес адамның келісімінсіз*, кем дегенде Орталық Комитеттің бір мүшесінің келісімінсіз *жүргізілмеген болар еді*. Демек, редакцияны ұлғайту бір адамның пікіріне байланысты болды, ал сол кезде оның кім екендігін (съезге дейін бір жарым ай бұрын болмаса, бір ай ілгері) тек белгісіз жорамалмен ғана анықтауға мүмкін болды. Демек, *сол кезде*, сайланып қойылған үштікті ұлғайту мәселесінде шешуші дауыс сайланып қойылған *редактор емес* адамға беріле қалғанда, Мартовтың редакциядағы алты адам, сол күйінде, *келешекте дербес өмір сүре* алмайды дегені де анық болатын. Сыртқы, редакциядан тыс көмек болмай тұрып Мартов та «Искраның» ескі редакциясын партияның Орталық Органы редакциясына айналдыру мүмкін емес деп санады.

Одан әрі. Егер, әңгіме тек алты адамды ұлғайту туралы ғана болса, үштік туралы сөз қозғаудың не керегі

* — күн тәртібі. *Ред.*

бар еді? Онда бір дауысты кооптацияны бірер көпшілік кооптациясымен өзгерте салуға болар еді. Онда жалпы алғанда редакция туралы сөз қозғаудың да керегі жоқ, ал жалпы алғанда орталық партия мекемесіне немесе жеке алғанда партияның орталық мекемесіне кооптация жасау туралы ғана әңгіме ету жеткілікті болар еді. Демек, әңгіме тек бір ұлғайту туралы ғана болмағаны айқын. Сонымен қатар, алтыны *ұлғайту* үшін ең алдымен оны үш адамға жеткізіп *қысқарту* пайдалы деп саналғанда, ұлғайту мүмкіндігіне ескі редакцияның бір мүшесі ғана емес, *бәлкім екі немесе тіпті үш мүшесі* бөгет жасағаны да айқын.

Ақырында. «Қосымшаны», орталықтардың құрамын ұлғайтуды партияның съезде қабылданған кәзіргі уставымен және біз Мартовпен бірге күн тәртібінің 23-пунктіне жоғары айтылған түсінікте келтірген алғашқы жобамен салыстырып қараңыз. Алғашқы жоба бойынша (Орталық Орган редакциясы мен Орталық Комитетті ұлғайту үшін) *екі адамға қарсы төрттің* келісімі талап етіліп еді, ал кәзір устав бойынша, сайып келгенде *екі адамға қарсы үштің* келісімі талап етіліп отыр, себебі енді орталыққа кооптация жасау мәселесін түпкілікті совет шешеді, сондықтан егер редакцияның екі мүшесі мен Советтің тағы бір мүшесі редакцияны ұлғайтқысы келсе, ол уақытта олар бұл ұлғайтуды үшінші адамның еркіне қарсы істей алған болар еді.

Сонымен, (анық документтің айқын мәні негізінде) редакцияның құрамын түр жағынан өзгерту (менің және Мартов тарапынан, оған редакция мүшелерінің ешқайсысы қарсы болған жоқ) съезд болмай тұрып көп уақыт бұрын ойластырылғанына аз да болса күмәндануға болмайды, сонымен қатар түр жағынан өзгерту алтының қандай болса да біреуінің, мүмкін екі-үш мүшесінің еркі мен келісіміне қарамай істелуге тиіс еді. Осыдан мынадай қортынды жасауға болады: алтыны бір біріне байлап тұрған ресми емес императивтік мандат туралы, оның ішіндегі адамгершілік байланыс туралы, мызғымас коллегия маңызы туралы бишара сөздердің және осылар сыяқты Мартовтың сөзінде көп айтылған әдіс-айланың енді қандай салмағы бар. Осы әдіс-айланың бәрі редакцияның құрамын *жаңартуды*, анағұрлым күрделі жолмен, демек, әбден ойластырып

іетеген әдіспен жаңартуды талап ететін тура пікірлі түсінік текетіне көріне қайшы келеді.

Осы түсініктен туатын, күдіктенуге болмайтын бір жағдай, редакцияның құрамын өзгерту съезде сайланған кемінде екі орыс жолдастың, Орталық Комитет мүшелерінің келісуіне байланысты болды. Демек, мен де, Мартов та Орталық Комитеттің болашақ осы мүшелерін редакция құрамын белгілі түрде өзгерту қажеттігіне сендіруге сөзсіз үміттеніп едік. Солай болса, біз редакцияның құрамы туралы мәселені әлі белгілі болып жетпеген центровиктердің шешуіне бердік деген сөз. Демек, біз осы центровиктерді өз жағымызға қаратып алатындығымызға сеніп күреске шықтық, ал егер (біздің арамызда туған алауыздық туралы) кәзір беделді орыс жолдастардың көпшілігі съезде Мартовты емес, мені жақтап отырғанда, Мартовтың өзі жеңілуіне ауыз көпіртіп уайым жеуі және шын мәні жағынан дәлелдеуге болмайтын өсек пен жанжалды туғызуы — күрес жүргізудің ең қолайсыз және бишара тәсілі болып табылады.

Н. Ленин (В. И. Ульянов)

Бірінші рет 1938 жылы
Лениннің VII жыйынында
басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

ПАРТИЯ СОВЕТИНІҢ МҮШЕСІ МЕН ОРТАЛЫҚ
ОРГАН РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ МҮШЕСІ ҚЫЗМЕТІНЕН
БАС ТАРТҚАНЫМ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ²⁶

Партияның бірлігі мүдделерін көздеп мартовшылардың айтқанына көну және алтауды кооптация жасау осы кезде пайдалы деген партия Советінің мүшесі және Орталық Орган редакциясының мүшесі Г. В. Плехановтың пікіріне қосылмағандықтан, мен партия Советінің мүшесі және Орталық Орган редакциясының мүшесі қызметінен бас тартамын.

Н. Ленин

1 ноябрь, 1903 ж.
Венева

Р. С. Қандай реттерде болса да мен партияның жаңа орталық мекемелеріне өзімнің жұмысыммен шамам келгенше көмектесуден тіпті бас тартпаймын.

1 XI 1903 Плехановка тапсырылды.

1904 жылғы бастығы

Қолжазба бойынша басылған отыр

БУНДТЫҢ ПАРТИЯДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ²⁷

Бунд осылай атап «Arbeiterstimme»²⁸-нің 34-номери-нен мақаланың аудармасын басып шығарды. Бундтың V съезінің қарарларына қосылған бұл мақала осы қарарларға ресми түсінік сыяқты болып табылады. Мұнда Бунд «партияның федеративтік бөлімі болуға тиіс» деген қортындыға келуге мәжбүр ететін барлық дәлелдерді системалы түрде баяндауға тырысады. Осы дәлелдерді қарап өту қызғылықты.

Автор Россия социал-демократиясы алдында тұрған ең маңызды мәселе, бұл — бірлесу жөніндегі мәселе деп бастайды. Бұл бірлесу қандай негіздерде болуға тиіс? 1898 жылғы манифест²⁹ автономия принципін негізге алып отыр. Автор бұл принципті тексеріп қарағаннан кейін ол логика жөнінен қолайсыз, ішкі жағынан қайшылығы бар деп табады. Егер еврей пролетариатына арнаулы қатысы бар мәселелерді үгіт әдістері жөніндегі (еврейлердің тілінің өзгешелігіне, психологиясының өзгешелігіне, мәдениетінің өзгешелігіне лайықталған) мәселе деп қана ұғынатын болсақ, мұның өзі жәй ғана (?) автономия болады. Бірақ, мұндай автономия қандай болса да дербестікті жоюды көрсетеді, өйткені онымен партияның қандай болса да комитеті пайдаланады, ал Бундты комитеттерге теңеу автономияны мойындамағандық болады. Егер автономия дегенді кейбір программалы мәселелерде ғана автономиялы деп ұғатын болсақ, ол уақытта Бундты программалық басқа мәселелердегі барлық дербестіктен айыру өрескелдік болады; программалық мәселелерде дербес болу — партияның орталық органдарында Бундтың өкілдігі болуын

сөзсіз көздейді, яғни автономия емес, федерация болуын көздейді. Бундтың партия ішінде алатын орнының берік негізін Россиядағы еврей революциялық қозғалысының тарихынан іздеу керек. Бұл тарих еврей жұмысшылары арасында жұмыс жүргізетін барлық ұйымдарды бір одаққа — Бундка қосуды және оның жұмысын Литвадан бастап Польшаға, одан кейін Россияның оңтүстігіне дейін жеткізіп ұлғайтуды бізге көрсетеді. Демек, таңе дейін барлық аудандық межелерді төңкеріп тастап, Бундты еврей пролетариатының бірден бір өкілі етіп қойды. Міне, бұл принцип қысыр әңгімеден туған ақылдың жемісі емес (?), еврей жұмысшы қозғалысының бүкіл тарихының нәтижесі болып табылады: Бунд — еврей пролетариатының мүдделерін көздейтін бірден бір өкіл. Олай болса, түгел бір ұлт пролетариатының ұйымы партияға ол федеративтік болып құрылғанда ғана кіре алады: еврей пролетариаты бүкіл дүние жүзі пролетарийлері семьясының бір бөлімі ғана емес, сонымен қатар, ол басқа халықтар арасында ерекше жағдайда отырған еврей халқының да бір бөлімі болып табылады. Ақырында, партияның арасындағы тығыз бірлік дәл осы федерациядан айқын көрінеді, өйткені федерацияның негізгі белгісі — партияның әрбір тұтас бөлімінің оның ісіне тікелей қатысуында; осындай жағдайда партияның барлық бөлімі өздерін тең праволы деп есептейді. Автономияны алатын болсақ, ол партияның бөлімдерінің правосыз болуын көздейді, жалпыға бірдей іске немқұрайды қарайды, өзара сенімсіздік, ерегіс және соқтығысу туғызады.

Біз автордың өз сөзіне дәліректеу келтірген сол автордың дәлелдері осы. Бұл дәлелдер мынадай үш пунктке тіреледі: автономияның ішкі қайшылығы мен партия бөлімдерінің тығыз бірлігі тұрғысынан қарағанда автономияның жарамсыздығы жөніндегі жалпы пікірге тіреледі; Бундты еврей пролетариатының бірден бір өкілі еткен тарихтың сабақтарына және, ақырында, еврей пролетариаты ерекше жағдайдағы тұтас бір ұлттың пролетариаты дегенге тіреледі. Демек сонымен, автор жалпы ұйымдастыру принциптеріне де, тарихтың сабақтарына да, ұлт идеясына да сүйенгісі келеді. Автор мәселені барлық жағынан қарауға тырысады, мұнысын әділдік деп санау керек. Сондықтан да оның баяндауы

біздің бәрімізді толқытқан мәселеде Бундтың ұстап отырған бағытын адырайтып көрсетеді.

Федерация болғанда, дейді бізге, партияның бөлімдері тең праволы және жалпы іске тікелей қатысады; автономия болғанда олар правосыз және сондықтан партияның жалпы тұрмысына қатыспайды. Мұндай пікір түгелімен көрне сәйкес еместік саласына жатады, — бұл математикалық софизм деп математиктер атайтын пікірлерден дәл айнымайды, бұл пікірлерде, алғаш қарағанда, дәл логикалық жолмен екіні екіге көбейтсең бес болады, ал бөлшек тұтас саннан үлкен болады деп дәлелденіледі, тағысын тағылар. Осындай математикалық софизм жыйнақтары бар және олар оқушы балаларға өзінің пайдасын тигізіп жүр. Бірақ, өздерін еврей пролетариатының бірден бір өкілдеріміз деп жүрген адамдарға бір пікірдің екі бөлегінде «партияның бөлімдерін» түрліше ұғыну сыяқты соншама элементарлы софизмді тіпті түсіндіріп жатудың өзі қолайсыз. Федерация туралы сөз болғанда, — партияның бір бөлімі деп түрлі жерлердегі ұйымдардың қосындысын айтады; автономия туралы сөз болғанда, партияның бір бөлімі деп әрбір жеке жергілікті ұйымды айтады. Бірдей-мыс деген осы екі ұғымды бір силлогизмге қатар қойып көріңіз, сонда сіз сөзсіз екіні екіге көбейтсең бес болады деген қортынды аласыз. Ал, егер, бундшыларға, дегенмен, олардың софизмінің мәні түсініксіз болса, онда олар өздерінің меншікті устав-максимумына қарап алуына болады, содан дәл федерация болғанда жергілікті ұйымдар партияның орталығымен тікелей қатыспайтыны, ал автономия болғанда тікелей қатысатынын көреді. Жок, біздің федералшыларға «тығыз бірлесу» туралы айтпағанның өзі жөн болар еді! Федерация — партия бөлімдерінің оқшаулануы, ал автономия — бірлесуі деген ережені теріске шығарумен жұрт алдында күлкіге қалуға ғана болады.

Кейбіреулерге автономияны программалық және техникалық деп екіге бөлу жолымен оның «логикалық сәйкес еместігін» дәлелдеу ыңғайлырақ. Осылай бөлудің өзі өте-мөте қолайсыз. Еврей жұмысшылары арасындағы үгіттің арнаулы әдістері жөніндегі мәселелер не себептен техникалық деп аталынады? Әңгіме тілдің, психо-

логияның, тұрмыс жағдайларының өзгешелігі туралы болып тұрғанда, оған техниканың қандай қатысы бар? Мысалы, еврейлердің азаматтық тең правосыздық талабы жөнінде программалық мәселелердегі дербестілік туралы не деп айтуға болады? Социал-демократияның программасы кәсіптік, жергілікті, ұлттық, нәсілдік өзгешеліктерге қарамастан бүкіл пролетариатқа жалпы тек негізгі талаптар қояды. Бұл өзгешелік заң алдында азаматтардың толық теңдігі жөніндегі бір талаптың өзі бір жерде тең правосыздықтың бір түріне қарсы, екінші жерде немесе пролетариаттың басқа топтары жөнінде — тең правосыздықтың басқа түріне қарсы үгіт тудыруына себеп болады, тағысын тағылар. Программалық бір пункттің өзі елдің түрлі саласында тұрмыс жағдайының өзгешелігіне, мәдениеттің өзгешелігіне, қоғамдық күштердің ара салмағының өзгешелігіне қарай түрліше қолданылады, тағысын тағылар. Программалық сол бір талап үшін үгіт жұмысы осы өзгешеліктерге сәйкес түрлі әдіспен, түрлі тілде жүргізіледі. Демек, белгілі бір нәсілдің, белгілі бір ұлттың, белгілі бір ауданның арнаулы пролетариатына қатысы бар мәселелердегі автономия — жалпы программаны орындауға байланысты қойылған арнаулы талаптарды белгілеу, үгіттің әдістерін белгілеу, тиісті ұйымның дербес шешуіне беру деген сөз. Партияны тұтас алғанда, оның орталық мекемелері программа мен тактиканың жалпы негізгі принциптерін белгілейді; осы принциптерді іс жүзінде және үгіт жұмысында жүзеге асырудың түрлі әдістерін де жергілікті, нәсілдік, ұлттық, мәдениет, тағы басқа өзгешеліктерге сәйкес партияның орталығына бағынған түрлі ұйымдар белгілейді.

Олай болса автономияны осылайша ұғыну не себептен түсініксіз? Автономияны программалық мәселелер мен жәй мәселелерде осылай бөлу нағыз барып тұрған бос сөз емес пе, деген сұрақ туады.

Біз талқыға салып отырған кітапшада автономия деген ұғымның қаншама «логикалық түрде тексерілуін» байқап көріңіз. «Социал-демократияға шұғылдануға тура келетін толып жатқан барлық мәселелердің ішінде, — дейді кітапшада 1898 жылғы манифестің негізіне алынған автономия принципі жөнінде, — кейбір мәселелер

бөлініп тұрады (sic!!*), кейбір мәселелер жөнінде, оларды еврей пролетариатына арнаулы қатысы бар деп танылды... Бундтың автономиялылығы жалпы мәселелердің саласы қай жерден басталса сол жерде бітеді... Осыдан кейін Бундтың партиядағы жағдайы екі жақты болып шығады: арнаулы мәселелерде ол Бунд ретінде... жалпы мәселелерде ол өзінің бейнесін жоғалтып, партияның жәй комитетіне теңеледі... Социал-демократия программасы заң алдында барлық азаматтардың толық тең болуын талап етеді. Осы программаны орындай отырып Вильнодағы еврей жұмысшысы арнаулы бір талап қойса, ал Уфадағы жұмысшы башкұрт мүлде басқаша арнаулы талап қояды. Осыдан «көп мәселелерде» «кейбір мәселелер бөлініп отыр» деген мән шыға ма? Егер тең правосылық туралы жалпы талап тең правосыздықтың арнаулы түрлерін жою туралы бірсыпыра арнаулы талаптарды ұсынумен жүзеге асырылып отырса, ол кезде арнаулы мәселелер жалпы мәселелерде қалайша бөлінеді? Арнаулы мәселелер жалпы мәселелерден бөлінбейді, ал программаның жалпы талаптарын орындау ретінде қойылады. Вильнодағы еврейге тікелей қатысы бар мәселе, Уфадағы башкұртқа тікелей қатысы бар мәселеден бөлініп алынады. Бұлардың талаптарын бір ізге салып қорыту, олардың жалпы таптық мүдделеріне өкіл бөлу (арнаулы, кәсіпшілдік, нәсілдік, жергілікті, ұлттық мүдделер емес, тағысын тағылар) бүкіл партияның ісі, партияның орталығының ісі. Бул іс мейлінше айқын сыяқты! Мұны шатастырып отырған бундшылар, өйткені олар ақыл-ойға салып шешудің орнына бізге тағы да, тағы да логикалық сәйкес еместіктің үлгісін көрсетті. Олар социал-демократияның жалпы талаптарының арнаулы талаптарға қатнасын мүлде түсінбеді. Олар «социал-демократияға шұғылданып отыруға тура келетін көп мәселелердің ішінен кейбіреулері бөлініп алынады» деп ойлады, ал іс жүзінде біздің программamızда айтылған әрбір мәселе тұтас алғанда бірсыпыра арнаулы мәселелер мен талаптарды қорыту болып табылады; программаның әрбір пункты бүкіл пролетариат үшін ортақ болып табылады, сонымен қатар пролетариаттың кәсібінің, оның тұрмыс жағдайының,

* — солай деңіз!! Ред.

тілінің өзгешелігіне қарай бөлініп отырады, тағысын тағылар. Бундтың жағдайының қайшылығы және екі жақтылығы бундшыларды шамдандырады, бұл мынада көрінеді: ол арнаулы мәселелерде Бунд болып шыға келеді де, жалпы мәселелерде өзінің бейнесін жояды. Оларға аз ғана ойлану, мұндай «екі жақтылық» орыс социал-демократы атаулының бәрінің де жағдайында сөзсіз *бар екендігін* көрсетер еді, жұмысшы социал-демократ арнаулы мәселелерде белгілі кәсіпшілдіктің өкілі, белгілі ұлттың мүшесі, белгілі жердің тұрғын адамы ретінде шығады, ал жалпы мәселелерде ол «бейнесін жоғалтады» және *қандай болса да басқа* социал-демократқа теңеледі. 1898 жылғы устав бойынша Бундтың автономиясы, — Тула комитетінің автономиясымен біртектес; тек бұл автономияның шегі екіншіге қарағанда бірінші ретте біраз өзгеше және біраз кеңірек. Төмендегі ережеде мейлінше өрескел логикалық сәйкес еместіктен басқа ештеңе жоқ, бұл ережемен Бунд мынадай қортындыны жоққа шығарады: «Егер Бундқа кейбір *программалық* мәселелерде дербестік берілсе, ол программалық басқа мәселелерде *барлық* дербестіктен не себептен махрум етіліп отыр?» Бұл «кейбір мәселелерді» — «*басқаларына*» қарама-қарсы қойған сыяқты арнаулы мәселелерді жалпы мәселелерге қарама-қарсы кою бундшылардың «ақыл-ойға салып талдауының» теңдесі жоқ үлгісі болады! Жеке алмалардың түрлі түсін, дәмін және иісін «басқа» алмалар санына қарама-қарсы коюдың не екендігін адамдар ешбір ұғына алмай-ақ қойды. Мырзалар, кейбір ғана емес, әрбір алманың арнаулы дәмі, түсі және иісі бар деп сіздерді сендіре аламыз. «Кейбір» мәселеде ғана емес, *түгелінен барлық* программалық мәселелерде сіздерге дербестік беріледі, мырзалар, берілгенде, әңгіме нақ осы мәселелерді еврей пролетариатының арнаулы өзгешеліктеріне қолдану туралы болып отырғандықтан беріледі. Mein teuester Freund, ich rat' Euch drum zuerst Collegium logicum!*

Бундшылардың екінші дәлелі тарихқа сүйену болып осыдан Сибирь, Қавказ, Урал, оңтүстік, тағы басқалар өкілі етіп қойыпты-мыс.

* — Сондықтан, менің қымбатты достым, ең алдымен логиканы үйреніп алу керек деп сізге кеңес беремін! *Red.*

Біріншіден, бұл қағыйда дұрыс емес. Кітапша авторының өзі: «Бұл жөніндегі басқа ұйымдардың жұмысы (Бундтан басқа) (яғни еврей пролетариаты арасындағы жұмыс) не ешқандай нәтиже берген жоқ, немесе назар аударуға тұрмайтын нәтиже берді» дейді. Демек, жұмыс оның өзінің қалауынша жүргізілген болады, ендеше, Бунд еврей пролетариатының бірден-бір өкілі болған жоқ; осы жұмыстың нәтижелеріне беріліп отырған бағаға қарап, әрине, ешкімде Бундтың пікіріне сене алмайды; ақырында, Бунд басқа ұйымдардың еврей пролетариаты арасындағы жұмысына қарама-қарсы әрекет еткені де мәлім (еврей жұмысшыларына арнап прокламация басып шығарған партияның Екатеринослав комитетіне қарсы Бундтың күрес жүргізген атышулы оқыйғасын айтып өтсек, соның өзі жеткілікті болады³⁰), — олай болса, тіпті жүргізілген жұмыстың нәтижелері назар аударуға тұрмайтын болғанның өзінде, бұған Бундтың өзі кінәлі.

Одан әрі. Ал Бундтың тарихи анықтамасындағы шындық оның дәлелдерін дұрыс деп ешбір ыспаттай алмайды. Іс жүзінде болған және Бунд еске алып отырған фактылар Бундты ақтамайды, қайта оны қаралайды. Бұл фактылар мынадай: Бунд, — бірінші съезден бері өткен бес жыл бойына — партияның басқа ұйымдарынан мүлде дербес және тәуелсіз өмір сүріп, өркендеді. Жалпы алғанда бұл мезгілде партияның барлық ұйымдары арасындағы байланыс өте-мөте нашар болды, ал партияның басқа бөлімдерімен Бундтың байланысы, басқа ұйымдар арасындағы байланысқа қарағанда одан бетер нашар болып қана қоймай, барған сайын нашарлай берді. Бұл байланысты Бундтың өзі нашарлатқанын, — біздің партиямыздың шетелдік ұйымдарының тарихы дәлелдеп берді. 1898 жылы Бундтың мүшелері шет елдегі жалпы бір партия ұйымына кірді; 1903 жылы олар мүлде дербес және тәуелсіз шетелдік ұйым болып бөлініп шықты. Бундтың дербестігі және тәуелсіздігі бірте-бірте күшейген сыяқты, оған күмәндануға болмайды.

Осындай күмәнсіз фактыдан не туады? Бұдан бундшылар үшін осы факт алдында бас ию, оған құлдарша бағыну, оны Бундтың жағдайы үшін керекті берік негіз болатын принципке, бірден-бір принципке айналды-

ру, осы принципті уставта заңды ету қажеттігі туады, ал устав Бундты партия ішінде еврей пролетариатының бірден бір өкілі деп тануға тиіс. Біздің пікірімізше мұндай қортынды жасау барып тұрған оппортунизм, нашар сортты «күйыршықтық» болады. Ыдыраушылықтың бесжылдық тарихынан осы ыдыраушылықты заңды ету туралы емес, ал оны үзілді-кесілді жою қажеттігі туралы қортынды жасау керек. Осының өзі шын ыдыраушылықтың болғандығын әлі де мойындамайтын адам табылар ма екен? Осы мерзімде партияның барлық бөлімдері дербес және тәуелсіз өркендеп келді, — енді қазір осыдан Сибирь, Кавказ, Урал, оңтүстік, тағы басқалар арасында федерация «принципін» шығаруға болмай ма?? Партия бөлімдерді ұйымдастыру жағынан бірлестіру жөнінде іс жүзінде өмір сүрген жоқ деп бундшылардың өздері айтып отыр, — ал партия өмір сүрмеген кезде қалыптасқан жағдайдан ұйымдастыру бірлігін қалпына келтіру туралы мәселе жөнінде қалайша қортынды шығаруға болады? Жоқ, мырзалар, сіздің оқшаулық тудырған ыдыраушылықтың тарихына сүйенуіңіз осы оқшаулық халдің берекесіздігінен басқа тіпті ешнәрсені ыспаттай алмайды. Партияның бірнеше жылғы берекесіздігінен ұйымдастыру «принципін» қорытып шығару — тарихи мектеп өкілдерінің әрекетіндей әрекет істеу деген сөз, бұлар Маркстің келемеждеген белгілі ескертуіне қарағанда, шыбыртқының тарихи болғандығына сүйеніп, оны жақтап шығуға әзір тұрған болатын.

Сонымен, автономияны «логикалық түрде тексеру» де, тарихи анықтамалар да бундшылардың оқшаулануын «принцип» жағынан дәлелдеудің маңайына да жуымайды. Оның есесіне Бундтың үшінші дәлелдемесінің сөзсіз принциптік сыйпаты болып отыр, бұл дәлелдеменің мәні еврей ұлтының идеясына қол артуда болып отыр. Амал не, бірақ, бұл сионистік идея өзінің мәні жағынан мүлде жалған және реакцияшыл идея болып табылады. Аса көрнекті марксист теоретиктердің бірі Карл Каутский «белгілі территориясыз ұлт болмайтындықтан, еврейлер ұлт ретінде өмір сүруден қалды» (қараңыз: «Искраның» 42-номерін және соның «Қишиневтегі қырқысу және еврей мәселесі» деген жеке қағазға басылғанын, 3-бет). Жуық арада, дәл осы жазушы

Австриядағы ұлттар туралы мәселеге талдау жасай отырып, ұлт деген ұғымды ғылыми жолмен анықтауға әрекет етіп, осы ұғымның екі негізгі белгісін: тіл мен территорияны белгіледі («Die Neue Zeit»³¹, 1903, № 2). Француздық бір еврей радикал Альфред Накэ антисемиттермен және сионистермен айтысқа түсіп, дәл осы пікірді сөзбе-сөз келтіріп жазады. «Егер Бернар Лязар, — дейді ол атақты сионист туралы, — өзін ерекше халықтың азаматы деп есептегісі келсе, бұл оның өз ісі; бірақ мен еврей болып туғаныммен, ... мен еврей ұлтын мойындамаймын... менде француз ұлтынан басқа ұлт жоқ... Еврейлер ерекше халық болып табыла ма? Тіпті олар бұдан көп жылдар бұрын сөзсіз халық болса да, соған қарамастан мен бұл сұраққа үзілді-кесілді жоқ деп жауап беремін. Халық ұғымы белгілі шарттардың болуын талап етеді, ал бұл шарттар кәзір болмай отыр. Халықта территория болуға тиіс, ол осы территорияда өркендеуі керек, одан кейін, кем дегенде біздің заманымызда, дүниежүзілік конфедерация әлі осы базисті ұлғайтпай тұрғанда, халықтың ортақ тілі болуға тиіс. Еврейлерде территория да, жалпы тіл де жоқ... Сірә Бернар Лязар да мен сыяқты еврейше бірауыз сөз білмейтін болу керек және егер сионизм өзінің көздеген мақсатына жетсе, оған өз туыскандарымен (compatriotes) пікір алысу оңай бола қоймас еді» («La Petite République», 24. sept.* 1903 жыл). «Неміс және француз еврейлері поляк пен орыс еврейлеріне мүлде ұқсамайды. Еврейлердің ерекше әлпетінде ұлт белгісін (empreinte) көрсететіндей ешнәрсе жоқ. Егер Дрюмонмен бірге еврейлерді ұлт деп тануға ерік берілсе, мұның өзі жасанды ұлт болған болар еді. Қазіргі замандағы еврей жаратылысқа қарсы іріктеп алынған зат, оның бабалары 18 ғасыр бойы осыған душар болып келіп еді». Бундшыларға тілі — бұралқы, территориясы — қоныс алқабы болып табылатын орыс еврейлерінің ерекше ұлты деген идеяны ойлап шығару ғана қала ма.

Ғылыми тұрғыдан** мүлде негізсіз ерекше еврей хал-

* «Кішкене республика», 24 сентябрь. *Ред.*

** Еврей тарихының өзгешелігін бірінші кезекке қойып отырған кәзіргі заманның ғылыми зерттеуі еврейдің ұлт өзгешелігін ғана емес, тіпті нәсілдік өзгешелігін де теріске шығарып отыр. К. Кау-

қы туралы идея өзінің саяси маңызы жағынан реакцияшыл идея. Таяудағы тарихтың және кәзіргі саяси шындықтың жалпы жұртқа мәлім фактылары — мұны тәжірибеде мүлтіксіз ыспаттау болып табылады. Бүкіл Европада орта ғасырлықтың кұлауы және саяси бостандықтың дамуы еврейлердің саяси эмансипациясымен, олар қайсы халық арасында тұрса бұралқы тілден сол халықтың тіліне көшумен және жалпы алғанда айналадағы халықпен оның сөзсіз сіңісуінің ілгері дамумен тығыз ұштасып отырды. Еврей пролетариаты арасында батырлық сана-сезімнің оятылуы арқасында, Россияда еврейлердің азаттық қозғалысы анағұрлым терең және анағұрлым кең болуға қарамастан, біз тағы да ерекше теорияға қайта оралып, дәл осы Россияда ерекшелік бар деп жарыялауға тиіс боламыз ба? Бүкіл Европаның және әсіресе Россияның реакцияшыл күштері еврейлердің ассимиляциясына қарсы жабыла төніп, оның оқшаулануын баянды етуге тырысу фактысын кездейсоқ болып отырған іс деп түсіндіруге бола ма?

Ассимиляция немесе оқшаулану — міне еврей мәселесі осылай қойылып отыр? — және еврей «ұлтының» идеясы бұл идеяны табанды түрде жақтаушыларда (сионистерде) ғана емес, осы идеяны социал-демократия идеясымен ұштастыруға әрекет жасаушыларда да (бундшылар) көріне реакцияшыл сыйпатты болып отыр. Еврей ұлтының идеясы еврей пролетариатының мүдделеріне қарама-қарсы келеді, еврей пролетариатында ассимиляцияға қас тікелей және жанама пікір, «гетто» пікірін туғызады. «1791 жылы Ұлт жыйылысы еврейлердің азаттығын декреттендіргенде, — деп жазды Ренан, — ол нәсіл жөніндегі мәселемен аз шұғылданды... Барлық «гетто»ны жою — ХІХ ғасырдың ісі, сондықтан мен оны қал-

тский «еврейдің өзгешелігі оның нәсілдік әлпетінен туа ма?» деп сұрау қойып, тіпті біз нәсіл дегеннің не екенін де анық білмейміз деп жауап береді. «Нағыз жауап бермей, жаңа мәселелерді ғана қозғайтын нәсіл ұғымына жармасудың бізге ешқандай қажеті жоқ. Оның өзгешелік себептерін айқындау үшін еврей халқының тарихын қарап шығу жеткілікті». Осы тарихты жақсы білетін Ренан былай дейді: «Еврейлердің ерекшелігі және олардың тұрмысының салты нәсілдік өзгешеліктен гөрі (*phénomène de race*) оларға ғасырлар бойы ықпал жүргізіп келген әлеуметтік жағдайдың (*nécessités sociales*) нәтижесі болып табылады»³².

пына келтіруге тырысушыларды құттықтамаймын. Еврей нәсілі әлемге аса зор қызмет етті. Ол түрлі ұлттар мен ассимиляцияланып, түрлі ұлттармен біте қайнасып, бұрынғысындай келешекте де қызмет етеді». Ал, Карл Каутский әдейі орыс еврейлерін есте ұстап одан әрі жігерлене пікір айтады. Халықтың басқа топтары жөніндегі дұшпандық «халықтың басқа топтары жат болудан қалғанда ғана, халықтың жалпы бұқарасымен қосылғанда ғана» жойылады. *Бұл еврей мәселесін шешудің бірден-бір мүмкін жолы және біз еврейлік оқшаулануды жоюға көмектесетіннің бәрін қостауымыз керек*. Міне, Бунд еврейлік оқшаулануды жоймай, қайта оны күшейтіп және заңдандырып, еврей «ұлты» идеясын таратып және еврей пролетарларын еврей емес пролетарлармен федерацияландыру жобасын таратып, осы бірден-бір мүмкін болатын қарарға қарсылық көрсетіп отыр. «Бундшылдықтың» негізгі қателігі — міне осы, бұл қателікті еврей социал-демократиясының табанды өкілдері түзетуге тиіс және түзетіледі. Бундшылардың бұл қателігі халықаралық, социал-демократия арасында бұрынсонды болмаған халге әкеп соғады, атап айтқанда еврей пролетарларында еврей емес пролетарларға сенімсіздік, олардан күдіктену, олар жөнінде шындыққа жатпайтын сөз тарату туғызады. Тағы да сол кітапшадан мына бір ыспаттаманы келтірейік: «Еврей халқының ерекше тарихи тағдырына байланысты бүкіл дүние жүзі пролетариаты семьясында тең праволы орын (!!) алу үшін әлі күрес жүргізуге тура келіп отырған еврей пролетариаты жөнінде ғана (есіңізде болсын!) ашықтан-ашық осындай қыйсынсыз пікір (тұтас бір ұлт пролетариатының ұйымы партияның орталық органдарында өкілдіктен махрум етілсін деген пікір) уағаздалу мүмкін». Жуық арада біз сионистік бір листокта дәл осындай әдепсіз қылықты кездестірдік, осы листоктың авторлары «Искраға» қарсы жүлқынып, қылышын қайрап отыр, олар «Искраның» Бундыға қарсы жүргізген күресін еврейдің еврей емес ұлтпен «тең праволы» болуын тілемегендік деп танып отыр. Енді кәзір бундшылар сионистік әдепсіз қылықтарды қайталап отыр! Шылғый өтірік таратылып отыр, өйткені біз еврейлер жөнінде «ғана» емес, армяндар, грузиндер және басқалар жөнінде де «өкілдіктен махрум етуді» «уағаздадық», сол сыяқты поляктар жө-

нінде де патша самодержавнесіне қарсы күресуші бүкіл пролетариатпен жақындасуға, бірлесуге, қосылуға шақырдык. ППС (Польшаның социалистік партиясы) бізге тектен-тек ойран салған жоқ! Еврей ұлтының сионистік идеясы үшін, партияны федеративтік *принциппен* ұйымдастыру үшін жүргізген өзінің күресін «бүкіл дүние жүзі пролетариаты семьясында бір тең праволы орын алу күресі» деп атау — күресті идея мен принцип саласынан шығарып, күдіктену, айдап салу, тарихи қалыптасқан соқыр сенімді қоздыру саласына түсіру деген сөз. Бұл өзінің күресінде нағыз идеялық және принциптік құралдарының жоқтығын айқын көрсету болады.

* * *

Сонымен біз мынадай қортындыға келіп отырмыз: Бундтың логикалық та, тарихи да, ұлттық та дәлелдері ешқандай сынға төтеп бере алмайды. Ыдырау дәуірі орыс социал-демократтары арасында бұлталақтауды және жеке ұйымдардың окшаулануын күшейтіп, осы бағытта және одан да күштірек болып бундшыларға әсер етті. Осы тарихи қалыптасқан (ыдыраудан күшейе түскен) окшаулыққа қарсы күресуді өздерінің ұраны етіп қоюдың орнына, олар күресті принципке айналдырып жіберді, бұл үшін автономияның ішкі қайшылығы жөнінде софизмге, еврей ұлтының сионистік идеясына жармасты. Тек осы кателікті батыл және тура мойындау ғана, *бірлесуге бет бұруды* жарыялау ғана Бундты өзі түскен қате жолдан шығара алады. Еврей пролетариаты арасындағы социал-демократия идеяларының ең таңдаулы өкілдері Бундты окшаулану жолынан бірлесу жолына түсуге ерте не кеш мәжбүр ететіндігіне біз сенеміз.

«Искра» № 51, 22 октябрь, 1903 ж.

«Искра» газетінің мәтіні бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚШЫЛДАНУШЫ БУРЖУАЗИЯ ЖӘНЕ САСҚАЛАҚТАҒАН ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ

Орыс марксистері орыстың ескі, классикалық, революциялық халықшылдығы өткен ғасырдың сексенінші жылынан бері барған сайын азғындап барады деп, көптен бері-ақ айтып келеді. Социализмнің ұрығы және негізі ретінде шаруалар шаруашылығының ерекше укладына, қауымға, халық кәзірдің өзінде әзір тұрған элеуметтік революцияны дереу жасау арқылы капитализм жолын аттап өту мүмкіндігіне сену барған сайын көмескілене берді. Шаруалар шаруашылығын және жалпы алғанда «халықтың ұсақ өндірісін» нығайту жөніндегі түрлі шаралардың талаптары ғана саяси маңызын сақтап қалды. Мұның өзі, түп негізінде, буржуазиялық реформаторлықтан артық жері жоқ; халықшылдық либерализмге белшесінен батты; либералшыл-халықшылдық бағыт құрылды, бұл бағыт жобаланып отырған шаралардың ((қарыз беру, кооперация, мелкорация, жер иемденуді ұлғайту — осының бәрі)) өмір сүріп отырған буржуазиялық қоғам шеңберінен шықпайтындығын көре алмады немесе көргісі келмеді. В. В. мырзалардың, Николай—онның³³ және бұлардың көптеген үзентілестерінің халықшылдық теориялары бұл жағдайсыз, бірақ, даусыз фактты ғылыми жолмен бүркеніш quasi* болып қана қызмет етті. Марксистік сын бұл бүркеніштің талқанын шығарды, содан кейін орыс революцияшылдары арасына халықшылдық идеяның ықпал жүргізуі адам айтқысыз тез құлдырап төмендеп кетті. Енді бұл идеялар іс жүзінде өзіне

* — жалған. *Ред.*

туыс жіктің, — орыстың либералшыл «қоғамының» игілігі ғана болды.

Батысевропалық бернштейншілдер жоғарыда аталған ағымды баянды етуші және сонымен қатар оның түрін өзгертуші жаңа беталыс болды. «Өз отанында пайғамбар болмайтыны», дұрыс деп бекер айтылмаған. Бернштейннің өз отанында бақыты болмады, дегенмен оның идеялары «шындап қолға алынды» және буржуазияшыл реформизм өкілдеріне тезінен эволюция жасаған Францияның, Италияның, Россияның кейбір социалистері осы идеяларды іс жүзінде қолданды. Осы идеялармен ұрықтанған біздің либералшыл халықшыл бағыт ех* — марксистерден өзіне жаңа жақтаушылар алды, сонымен бірге кейбір жабайы соқыр сенімдер мен реакцияшыл беталыстан кұтылып ішкі жағынан есейді. Бернштейншілдік өзінің қызметін социализмді қайта кұрумен емес, ал буржуазияшыл либерализмнің жаңа кезеңіне бейне берумен атқарды және социализм бейнесін кейбір quasi-социалистерден алып тастады.

«Освобождениенің» 9 (33) номерінде басылған Л. мырзаның «Аграр мәселесіне» деген мақаласы европалық оппортунистік идеялар мен орыстың халықшылдық идеяларының жақындасуының және қосылуының өте қызық, сабақ боларлық үлгісін береді. Бұл, автордың жалпы credo** сын да, осы credo мәселелердің белгілі саласына үнемі қолдануды да ар-ұятымен түсіндіретін нағыз программалық мақала. Бұл мақала орыс либерализмін кұрып және нығайтудағы алға қарай ірі адым жасап, оның тарихының белгілі кезеңі болады.

Автор өзінің буржуазияшыл либерализмін жаңа модамен тігілген киімге бөлейді. Ол Бернштейннің сөздерін толық дерлік қайталап күлерліктей маңызданумен «либерализм мен социализмді ешуақытта да бір-бірінен бөліп алуға немесе біріне-бірін қарама-қарсы қоюға тіпті де болмайды: өздерінің негізгі идеалы бойынша олар бір-біріне тең және біртұтас — көп адамдардың қауіптенгеніндей социализм либерализмге қауіп туғызбайды, ол либерализмді қыйрату үшін емес, оның өсиеттерін орындау үшін келеді» деп оқушыларды сендірмек бола-

* — бұрынғы. *Ред.*

** — сену белгісі, программа, дүниеге көзқарасты білдіру. *Ред.*

ды. Не тілесе соған сенетіндік айқын нәрсе, ал, Л. мырза мен оның жора жолдасы социал-демократтар өздерін либералдардан бөліп тастамауын, олар социализмді «бүкіл тарихи дамудың барысын алдын ала ескеруді тілейтін әзір тұрған догматтармен қатып қалған доктриналар мағнасында емес...» (тағысын тағылар, дәл «Революцияшыл Россия» рухында)... ал, «жалпы этикалық идеал мағнасында...» (барлық филистерлер және мұның ішінде либералдар да жер бетінде өмір сүрмейтін салаға, келешектегі тұрмыс пен «өзіндік зат» саласына жатқызатын идеал бар екендігі жұртқа мәлім) ұғуын өте-мөте тілейді.

Әдепсіз сөзіміз үшін кешіріңіз! Әрине, либералдар товарды сыртымен көрсеткісі келеді, Россиядағы саяси либерализмді әлеуметтік-экономикалық демократизммен бірдей деп санағысы келеді. Бұл пікір мейлінше «қайырымды», бірақ, сонымен қатар, мейлінше шатасқан және мейлінше зұлым пікір. Қайырымды пікір, өйткені кең әлеуметтік реформаларды жақтаушы либералдың белгілі бөлімінің игі тілегін білдіреді. Шырмалған пікір, өйткені демократияшыл либерализмді буржуазияшыл либерализмге карама-қарсы қоюға негізделген (тағы да мүлде «Революцияшыл Россия» рухында!); сірә, автор, қандай болса да капиталистік қоғамда кең демократиялық және әлеуметтік-экономикалық реформаларды жақтайтын белгілі буржуазиялық-демократиялық элементтердің өмір сүре алатындығын түсінбейтін болса керек; орыстың барлық Мильерандары³⁴ сыяқты автор да буржуазияшыл реформаны социализмге теңегісі келеді, әрине, ұғынуы әзір тұрған «догматтар мағнасында емес», тағысын тағылар. Ақырында, бұл пікір, әрине, мейлінше сұм, өйткені, автор реформаларға тілектестік білдіру — «халықтың мұң-мұхтажы мен мүдделерінің қамын ойлау, «халықшылдық» этикалық шын және тамаша пікір мағнасында айтқанда» — тарихи белгілі жағдайда либералдардың белгілі бір бөлімінің жалпы алғанда либерализмнің тұрақты қасиеті болып отыр және болуға тиіс деп өзін де, басқаларды да сендіреді. Бұл нағыз барын тұрған аяққаулық. Отставкаға шыққан қандай болса да буржуазиялық министрлік, қандай болса да «Ұлы Мәртебе иесінің оппозициясы» осы оппозицияда қалып отырған кезінде өзінің шын тамаша және этика-

лық «халықшылдығы» туралы әрқашан айқайлап отыратынын кім білмейді дейсіз? Орыс буржуазиясы әлі өкімет басында отырмай оппозицияда жүргендіктен де халықшылдықтың шашбауын көтере береді (кейде ол мұны шын көңілден істейді). Орыс пролетариаты азат етуші мырзалардың сүйікті — залым сөздеріне: *pas si bête, messieurs!* деп жауап береді. Мырзалар, мен оған сене қоятындай ахмақ емеспін!

Л. мырза либерализм мен социализмнің біріне-бірі тең деген жалпы пікірден аграр мәселесінің жалпы теориясына көшеді. Ол он жол бойы жазып марксизмді жойып жібереді (тағы да, тағы да «Революцияшыл Россия» рухында), әдеттегіше бұл үшін марксизмді әдепсіз түрде өңін айналдырып баяндайды, оны тәжірибеге сай келмейді деп, әрі ғылыми жақтан дәлелденбеген және жалпы алғанда дұрыс емес! деп жарыялайды. Өте-мөте ерекше нәрсе сол, еуропалық социалистік (астын сызған Л. мырза) әдебиетке сүйену бірден бір ыспаттама болып табылады, — сіра, бернштейндік әдебиетке сүйенетін болу керек. Сүйену өте орынды. Егер еуропалық (*европалық!*) социалистер буржуазияша ойлап пікір айтатын болса, орыс буржуазиясына өздерін әрі халықшылдармыз, әрі социалистерміз деп неге жарыяламасқа? Шаруа мәселесіне марксистік көзқарас, — деп сендіреді бізді Л. мырза, — егер ол даусыз және бірден-бір мүмкін болған болса земстволық (*sic!**) бүкіл Россияны қорқынышты, апатты халге әкеп қояр еді, прогресшіл аграр саясатының және жалпы алғанда шаруалар шаруашылығына ақыл-ойлы, тиімді көмектің мүмкін еместігі дәлелденгендіктен Россияны әрекетсіздікке душар етер еді». Көріп отырсыздар, дәлелі жеңілместіктей: *өйткені* капитализм тұсында шаруалардың қандайда қалың жігінің баянды түрде ешқандай гүлденуіне мүмкін емес екендігін марксизм дәлелдеп береді, *сондықтан да* ол «земстволық» (бұл «жер иемденуші» деген сөздің орнына қате жазылмады ма екен?) Россияны яғни дәл осы шаруаларды күйзелту және пролетарландыру есебіне өмір сүретін Россияны қорқынышты, апатты халге әкеп қояды. Я, я, марксизмнің бүкіл дүние жүзілік-тарихи еңбегінің бірі дәл осында болып отыр, ол халықшыл-

* — солай деңіз! *Ред.*

дықтың, әлеуметтік-экономикалық демократизмнің тағы осындайлардың тонын жамылған буржуазия идеологтары үзілді-кесілді қорқынышты, қайғылы-күлдіргі халге әкеп қойды

Л. мырзаның теориялық әдіс-айласының түбіне жету үшін бізге тағы да бір мысал келтіру керек болады. «Мұнда (яғни ауыл шаруашылығында) — дейді бізге — өзінен өзі болатын (!) прогресс жоқ және болуы мүмкін де емес, бұл прогресс техниканың объективтік (!) дамуына байланысты белгілі мөлшерде өнеркәсіпте болуы мүмкін». Бұл теңдесі жоқ терең ойлы пікір түгелімен Каблуков, Булгаков, Э. Давидов мырзалардан және tutti quanti*лерден алынған, олар «ғылыми» еңбектерінде өздерінің көзқарастарының артта қалушылығын егіншіліктің техникалық, экономикалық және әлеуметтік жағынан артта қалуымен ақтайды. Егіншіліктің артта қалуы күмәнсіз, мұны марксистер әлде қашан мойындаған және бұл әбден түсінікті, ал енді «өнеркәсіптегі өзінен өзі болатын (тіпті белгілі мөлшерде болсын) прогресс» пен техниканың объективтік дамуы дегені — мұның өзі мүлде мыйға қонбайтын сандырақ.

Бірақ, ғылым саласына саяхат жасау — Л. мырзаның мақаласындағы архитектуралық әшекейлеу сыяқты ғана. Ол шын саясатшыл ретінде жалпы пікір айтуды мейлінше шатастырумен қатар, өте-мөте дұрыс, және нақтылы практикалық программа беріп отыр. Рас, ол кішіпейілдік істеп — өзінің қазналық орыс тілімен ескерту жасайды — программа жасаудан өзін аулақ ұстайды және өзінің көзқарасын білдірумен ғана тынады, бірақ онысы кішіпейілсу ғана. Ал, іс жүзінде, Л. мырзаның мақаласында орыс либералдарының өте-мөте айқын және толық аграрлық программасы барын көреміз, онда жалғыз-ақ стилистикалық редакциясы мен пункттерге бөлу ғана жетіспейді. Программа айнымас ұстамдылықпен либералдық рухта жазылған: саяси бостандық, демократиялық алым-салықты реформа, көшіп жүрудегі еркіндік, жер меншігін демократияландыруға бағытталған шаруа-демократиялық аграр саясаты. Осындай демократияландыру мақсатында қауымнан өз еркімен шығу, әртүрлі экономикалық серіктік сыяқты қауымды

* — осы сыяқтылардың бәрінен. *Ред.*

еріксіз қауымнан ерікті одаққа айналдыру, демократиялық аренда правосын жасау талап етіледі. Толып жатқан бірсыпыра шаралар арқылы «мемлекет» жердің «еңбекшілер бұқарасы қолына көшуіне» көмектесуге тиіс, атап айтқанда: шаруалар банкісінің жұмысын ұлғайту, удельдік жерді мемлекет меншігіне айналдыру, «жеке немесе кооперативтік негізде ұсақ еңбек шаруаларын құру», ақырында шаруаларға қажет жерлерді еріксіз иелігінен айыру немесе міндетті түрде сатып алу. «Әрине, бұл міндетті түрде сатып алу берік заңдылық негізде жүргізіліп, әрбір жеке жағдайда сенімді кепілмен істелуге тиіс», бірақ, кейбір жағдайларда, мысалы, крепостниктік қатнасты тудыратын «кесінділер» жөнінде бұл іс «сөзсіз дерлік» (sic!) өткізілуі керек. Жарты крепостниктік қатнасты жою мақсатымен тиісті учаскелерді еріксіз иелігінен айыру және еріксіз межелеу правосы мемлекетке берілуге тиіс.

Либералдардың аграрлық программасы осындай. Бұл программа мен социал-демократиялық аграрлық программа арасындағы қатарластық өзінен-ақ айқын көрініп тұр. Таяудағы бет алысының бірдейлігінен және көп талаптарының біркелкілігінен оның ұқсастығы байқалады. Оның өзгешелігі кардиналдық маңызы бар төменгі екі пунктте болып отыр. Біріншіден (екі программада мақсат етіп тура ұсынған), крепостниктің қалдықтарын жоюды социал-демократтар революциялық жолмен және әрі революциялық батылдықпен жүзеге асырғысы келеді, либералдар — реформа жолымен және батылсыздықпен жүзеге асырғысы келеді. Екіншіден, социал-демократтар крепостниктің қалдықтардан тазартылатын құрылыс буржуазиялық құрылыс деп атап көрсетеді, оның барлық қайшылықтарын алдын-ала, дереу әшкерелейді, сол сыяқты осы жаңа құрылыстың түбінде жасырынып жатқан, осы кездің өзінде-ақ жарыққа теуіп шыға бастаған таптық күресті дереу ұлғайтуға, оны анағұрлым саналы етуге ұмтылады. Либералдар крепостниктіктен арылған құрылыстың буржуазиялық сыйпатын елең қылмайды, оның қайшылықтарын бүркемелейді, оның қалың ортасында жасырын жатқан таптық күресті бәсендетуге ұмтылады.

Осы өзгешеліктерге тоқтап өтейік.

Либералшыл аграрлық программаның реформалық

және батылсыздық сыйпаты мынадан айқын көрінеді; ең алдымен, ол «міндетті түрде сатып алудан» асып түспейді; оның өзінде де бұл сөзсіз «дерлік» деп мойындалады, — ал, социал-демократиялық аграрлық программа кесінділерді оның бұрынғы иелерінен мүлде кері қайтарып алмайтын етіп, ақысыз-пұлсыз алуды талап етеді, сатып алу ерекше жағдайларда ғана, оның үстіне дворян жер иелері есебінен ғана сатып алу мойындалады. Социал-демократтардың бүкіл помещиктердің жерін экспроприациялаудан бас тартпайтыны жұртқа мәлім, барлық жағдайда орынды бола бермейтін бұл талапты программаға қосуды лайықсыз және авантюристік деп санайды. Социал-демократтар ең бастан-ақ пролетариатты ауқатты шаруалармен бірге тұңғыш революциялық кадам басуға, сөйтіп, сол сағатта-ақ немесе шаруалар буржуазиясы мен помещиктік тапқа қарсы, немесе помещиктік табымен бірігіп шаруалар буржуазиясына қарсы алға қарай баруға шақырады. Либералдар мұнда да жартылай крепостниктік қатнастарға қарсы күресте де, таптық әрекет пен күрестен шеттей береді. Олар (мемлекеттің таптық сыйпатын ұмытып) реформаны өзі басқаратын орындардың және «жорта құрылған» комиссиялардың көмегімен мемлекетке тапсырғысы келеді, еріксіз алуды — темір жолдар бойындағы жерлерді еріксіз алумен барынша айқындап салыстырады!! Біздің либералдарымыз жаңа реформаны орнату жөніндегі өздерінің жүрек сырындағы тілектерін теміржолдарға жер сатқанда билеуші таптар үшін барлық жерде және әрқашан, болатын «қолайлы жағдайын» жүргізуді бұдан айқын етіп айта алмаған немесе ұсынып алмаған болар еді. Мұның өзі таптық-аристократияшыл аграрлық саясаты шаруалардың-демократияшыл аграрлық саясатымен алмастыру жөніндегі даурықпа сөздермен қатар! Мұндай алмастыруды жүзеге асыру үшін «қоғамдық мүддеге» емес, езуші, — дворяндарға қарсы, — езілген сословие — шаруалар мүддесіне қоларту керек, шаруаларды дворяндарға қарсы шығару керек, шаруаларды мемлекеттің реформалық ісіне емес, революциялық игілікті іске шақы-

* «Заряның» 4-номеріндегі Плехановтың мәлімдемесін және Икске қайтарған жауаптағы менің мәлімдемемді қара (Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қазақша 473—474-беттері. Ред.).

ру керек. Одан әрі. Жартылай крепостниктік қатнастарды жою туралы айта келіп, либералдар крепостниктіктен қандай қатнастарды тазартатынына келгенде көзін жұмады. Мысалы, Л. мырза, Николай—онның, В. В. мырзалардың тағы басқалардың «егіншілерді өздері өңдеген жерге праволы деп тану принципі» жөніндегі, шаруалардың «өмірге бейімділігі» жөніндегі сөздерін қайталап айтады, бірақ осы өмірге бейімді шаруалардың буржуазиялық қожалық жүргізу және жалдамалы еңбекті қанау «принципі» жөнінде жұмған аузын ашпайды. Аграрлық салада демократизмді бірте-бірте жүзеге асыру дегеніміз шаруалардың ұсақ буржуазияшыл өкілдерін сөзсіз күшейтіп, нығайту деген сөз екенін, — буржуазияшыл демократтар түсінбейді және түсінгісі де келмейді. Л. мырза шаруалардың пролетарлануы жөнінде (тағы да «Революцияшыл Россия» рухында халықшылдардың соңына еріп) оны «крепостниктік правоның бастан кешіріліп отырған халі» және «деревняның жалпы патологиялық жағдайы» деп түсіндіріп, пролетарлануда «даму түрі» барлығын көруден бас тартады. Сірә, бізде конституциядан кейін қалалардың өсуі, деревнядан село кедейлерінің қашып кетуі, помещиктердің жұмыспен өтеуі, шаруашылығынан батрақ пайдалану шаруашылығына көшуі тоқталатын болса керек, тағысын тағылар! Л. мырза француз революциясының француз шаруаларына игілікті ықпал жүргізуін елестете келіп, ашаршылықтың жойылуы, егіншіліктің өркендеуі және оның прогрестенуі туралы әсерлене сөйлейді, бірақ бұл жалдамалы «берік» ауылшаруашылық жұмысшы табын құруға және шаруалардың төменгі жік бұқарасының үнемі қайыршылануына негізделген буржуазиялық прогресс екендігі туралы, халықшыл буржуазия дәл осы туралы, ләм-мем, деп сөз айтпайды.

Бір сөзбен айтқанда Л. мырзаның аграрлық программасының социал-демократияшыл аграрлық программадан өзгешелігі либералдық және пролетар демократиясының минимум программаларының жалпы өзгешеліктерін кішкене түрде дәлме-дәл тамаша баяндап береді. Сіз бұл программалардың тиісті идеологтар тарапынан теориялық негізде қойылуын немесе оларды тиісті

партиялар мен бағыттардың тәжірибеде жүзеге асыруын алып қарасаңыз да, тарихқа, мысалы 1848 жылғы тарихқа көз салсаңыз да, — таяудағы нақты міндеттерді либералдық және социал-демократиялық негізде қойылуының арасындағы дәл осы негізгі екі өзгешелікті көресіз: бір жақтан крепостниктің әрі-сәріленуіне және «кәзіргі заман» қоғамының таптық қайшылықтарын көмескілеуге қарсы күресте реформаторлық сыңаржақтықты, екінші жақтан — жаңа қоғам негізінде таптардың күресін ұлғайту, дамыту және шиеленістіру мақсатында ескіліктің қалдықтарына қарсы революциялық күресті көресіз. Әрине, дамып келе жатқан капиталистік қоғамның жаратылысына тән болған бұл негізгі өзгешеліктер түрлі ұлт мемлекеттерінде және әртүрлі мерзімде өте түрліше формада байқалады. «Ескі» буржуазиялық демократияны жаңа және өзгеше формалармен байқай білмеушілік оның табанды және табансыз идеологтарының ерекше сыйпаты болып табылады. Мысалы, мұндай идеологтың қатарына «сасқалақтаған халықшылдар» өкілі — П. Новобранцевті қоспай өте алмаймыз («Революцияшыл Россияның» 32 және 33-номерлерін қараңыз), ол «Искра-ның» «Освобождение» таптық буржуазияшыл баспа деп айыптауын мазақтап: «Па шіркін, буржуазияны тапқан екен», — деп мысқылдап ескерту жасаған еді. «Струве мырза, — деп үйретеді бізді «Революцияшыл Россия» мейрімділікпен, — «тап ретіндегі буржуазияның» өкілі емес, ал «интеллигенцияның» өкілі, өйткені ол ешқандай тап пен сословиені бірлестіріп және соңынан ертіп отырған жоқ». Өте жақсы, мырзалар! Бірақ, істің мәніне біраз көз жіберіп қарасаңыз Струве мырза — *буржуазияшыл* интеллигенцияның өкілі екендігін сіз көрген болар едіңіз. Орыс пролетариаты саяси бостандықтың кезінде ғана, үкімет тікелей дерлік буржуазияның қандайда бір жігінің «комитеті» сыяқты болған кезде ғана буржуазияны өзінің алдындағы тарихи сахнада тап ретінде көретін болады. Тек «социалистер түсінбегендіктен» ғана буржуазияны — оны ісінде, ой-пікірінде, ержеткен кезінде, сол сыяқты жастық-қыялдану шағында қандай болатындығын біліп отыратындай дәрежеге жұмысшы табын жеткізу — олардың міндеті екенін білмеуі мүмкін.

Ал, қыялшылдыққа келетін болсақ дәл осы Новобранцев мырзаны алу керек. Бірақ, біздің мақаламыз тым

созылып кетті, ал, Новобранцев мырзаның дүниеге көзқарасы және аграрлық-тарихи көзқарастары, әсіресе, Л. мырзамен қатар түсіп өте қызықты болып отыр, сондықтан біз бұл жөніндегі әңгімені екінші уақытқа қалдыруға тиіспіз.

1903 ж. 5 (18) ноябрьде жазылған
„Искра“ газетінің 54-номерінде
1903 жылғы 1 декабрьде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

„Искра“ газетінің тексті
бойынша басылып отыр

РСДЖП ОРТАЛЫҚ ОРГАНЫНЫҢ РЕДАКЦИЯСЫНА

Хұрметті жолдас! «Искрада» төмендегі өтінішімізді басуыңызды сұраймын:

«Н. Ленин 1903 жылғы 1-ноябрьден бастап (жаңа-на стильмен) бұдан былай «Искра» редакциясында болмайды».

Социал-демократиялық сәлеммен

Н. Ленин.

*1903 жылғы 5 (18) ноябрьде жазылған
1:01 жылғы басылған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

БАСЫП ШЫҒАРЫЛМАҒАН МӘЛІМДЕМЕ³⁵

РСЖДП-ның Орталық Комитеті 1903 жылы 27 ноябрьде Женевада болған мәжілісте бірауыздан мынадай қарар қабылдады.

Плеханов жолдастың редакцияға мартовшыларды кооптациялауы Плехановтың партия съезінің азшылық жағына тұта-тура көшкендігін көрсетеді, дәл осы Плехановтың өзі бұл азшылықты оппортунизмге және анархизмге бейімделген деп жұрт алдында саң рет ыспаттап айтқан болатын. Партия съезінің және Лига съезінің протоколдарынан бұл мейлінше айқын болып көрінеді. Бұл көшу Шетелдік лиганың ықпалы мен партия съезінің еркін тікелей бұзу және партияның көпшілік орыс комитеттерінің берік мәлімдеген қарарына қарсы шығу болып табылады. Плеханов жолдас өзінің осы адымы үшін Ленин жолдастың орнынан түсуін пайдаланып сөзімді тікелей бұзып отырғанда Орталық Комитет съездің еркін былайша бұзуға жол бере алмайды, өйткені Ленин жолдас партияда қайырымды бейбітшілік болу: мүддесін көздеп шартпен орнынан түскен болатын. Ал мартовшылар Орталық Комитеттің 25 ноябрьдегі ультиматумын³⁶ тойтарып тастап, бейбітшілікті теріске шығарды және оларға соғыс жарыялады.

Сондықтан Орталық Комитет революциялық жолмен партияның Орталық Орғанын өз қолына алады, сонымен бірге Шетелдік лиганың еркі емес және жеке адамның опасыздығы емес, тұтас алғанда партияның

еркі партияның болашақ тағдырын белгілейтін болу үшін, Орталық Комитет барлық күшін салады деп мәлімдейді.

Орталық Комитет

1903 жылғы 14 (27) ноябрьде жазылған

*Бірінші рет 1928 жылы Лениннің
VII жыйнағында басылған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

«ИСКРА» РЕДАКЦИЯСЫНА ХАТ³⁷

«Нені істемеу керек?» деген мақала дәл кәзіргі уақытта біздің партиямыздың тұрмысының соншама маңызды, соншама келелі мәселелерін көтеріп отырғанда өз органының бетінен орын береміз деп меймандостықпен редакцияның хұрметтеп шақыруына дереу үн қосу тілегінен тоқталып қалу қыйын-ақ, әсіресе, «Искраға» үнемі қатысушы адамға қыйын, әсіресе, өз дауысыңмен бір апта кешігіп қалсаң, бәлкі, дауыс беруден мүлде бас тартуға тура келетін кезде қыйын болып отыр.

Ал, мен кейбір бола қалатын және сөзсіз бола қоя ма деген түсінбеушілікті жою үшін өзімнің кеңесші дауысымды беруді тілер едім.

Ең алдымен мынаны айтып өтпекпін, менің пікірімше, партияның бірлігін сақтау керек, әсіресе, оншама маңызды деп танылмайтын алауыздықтарға бола жаңа бөлінуден аулақ болу керек деп мақала авторының талап етуі мың мәртебе орынды. Бейбітшілікті сүйеге, жұмсақ көңілді болуға, көнгіштікке шақыру жалпы алғанда басы тарапынан, әсіресе, дәл осы кезде өте-мөте мақтарлық іс. Бұрынғы экономистерге ғана емес, «кейбір табансыздықтан» арыла алмай жүрген социал-демократтардың топсымақтарына да қарғыс айту немесе оларды партиядан шығару сөз жоқ ақылсыздық, өте-мөте ақылсыздық болар еді деп, партиядан шығаруға тура бетті, тоң мойын, ахмақ Собакевичтер қабілеті бар деп ойлап мақала авторының соншама ызалануы бізге әбден түсінікті. Ал, біздің ойымыз одан кеңірек жатыр: бізде партия программасы мен партия ұйымы болған кезде өздерінің табансыздығымен ревизионизмнің кейбір догма-

ларын жақтаушы топтарға немесе автордың сөзімен айтқанда топсымақтарға, тағы сондай басқа бір себептермен өздерінің топтық өзгешеліктері мен дарашылдығын талап етушілерге біз партия органының беттерін пікір алысу үшін меймандостықпен ашып қана қоймай, сонымен қатар, өздерінің онша маңызды емес алауыздықтарын үнемі айтып отыруға үнемі мүмкіндік беруіміз керек. Сондықтан да өте бір беткей болмау үшін және монархиялық индивидуализм жөнінде собакевичтерше оншама асыра сілтемеу үшін біздің пікірімізше мүмкін болғанның бәрін — тіпті централизмнің әдемі схемаларынан және тәртіпке сөзсіз бағынудан біраз шетке шығуға дейін барып — істеуіміз қажет, сөйтіп, алауыздықтардың тереңдігін немесе онша маңызды еместігін ақылға салып көруге, дәл осы *табансыздық* неде және нақ кімнің *жағынан* байқалып отырғанын анықтауға бүкіл партияға мүмкіндік беруіміз керек.

Шынында, *бұқараға* сүйенуші партияда да сектанттық үйірмешілдіктің дәстүрлерін үзілді-кесілді алып тастап, — *жарық дүние молырақ болсын* деген ұранды бағыт ұсынатын уақыт жетті, партия *бәрін де* білетін болсын, алауыздықтың, ревизионизмге қайта оралудың, тәртіптен шетке шығудың бәріне және қандайына болса да баға беру үшін партияға *барлық материал толық* берілетін болсын, тағысын тағылар. Партия қызметкерлерінің барлық *бұқарасына* дербес пікір айтуға сенім молырақ болсын: солар, тек солар ғана бөлшектенуге бейімді шектен асқан қызбалы топсымақтарды тыныштандыра алады, өздерінің баяу, сезілмейтін, бірақ табанды әсер етуімен партияның тәртібін «өз еркімен» сақтауды олардың санасына қондыра алады, анархиялық дарашылдықтың жалынын баса алады, өздерінің елікпейтін бір фактысымен ғана жікке бөлінуге ұмтылушы элементтер асыра көрсеткен алауыздықтың маңызы түкке тұрғысыздығын дәлелдеп, ыспаттай алады.

«Нені істемеу керек?» (жалпы алғанда нені істемеу керек және жікке бөлінуді тудырмау үшін нені істемеу керек) деген сұрауға мен ең алдымен былай деп жауап берер едім: жікке бөлінуге тартатын себептердің тууын және өсуін партиядан жасырмау керек, осындай себептер болып табылатын жағдайлар мен оқыйғалардың бірі де жасырмау керек. Оның үстіне, партиядан ғана

емес, сонымен қатар мүмкін болғанынша жұрттан да жасырмау керек. Менің «мүмкін болғанынша» дейтін себебім құпиялық талаптарға сай жасырын болу керектігін еске алып отырмын — ал, біздің жікке бөлінуімізде мұндай жағдайлардың маңызы болмашы ғана. Кең жарыя жасау жікке бөлінушіліктерді болдырмаудың ең дұрыс, бірден-бір сенімді құралы, кәзірдің өзінде сөзсіз болып отырған бөлшектенудің зыянын тіптішп-ға дейін кеміту үшін ендігі жікке бөлінушіліктерді болдырмау керек.

Партия кәзірдің өзінде үйірмелермен емес, *бұқарамен* іс жүргізіп отырған жағдайда оған қандай міндеттер жүктелетіндігін шынында, өздеріңіз ойлап қараныздаршы. Тек сөз жүзінде ғана бұқара партиясы болып қана қоймай, біз партияның барлық жұмысына қалың бұқараны барған сайын еселеп көп қатыстыруымыз керек, оларды саяси немқұрайдылықтан қарсылық көрсетуге және күреске көтеруіміз керек, қарсылық көрсетудің жалпы рухынан саналы социал-демократиялық көзқарасты қабылдауға, осы көзқарастарды қабылдаудан қозғалысты қостауға және қостаудан партия жұмысына ұйымдастыру жолымен қатысуға көтеруіміз керек. Жұмыстарды шешудің өзі бұқараға қалай да әсер етуге байланысты болғанда оларға кең жарыя етпей тұрып осындай нәтижеге жетуге бола ма? Болмашы алауыздықтар үшін жікке бөлінушіліктер бола қалса жұмысшылар бізді түсінбейтін болады және армиясыз штаб сыяқты бізді тастап кетеді — дейді автор және өте әділдікпен айтып отыр. Жұмысшылар бізді түсінбейтін *болмауы* үшін, олардың күрестегі тәжірибелілігі және пролетарлық сезімі «басшы» *біздерді де кейбір іске үйрететін* болуы үшін, — ол үшін жікке бөлінуге бастайтын себептердің (ал, мұндай себептер бұқаралық партияның қандайында болса да әрқашан болып келді және әрқашан қайталап бола бермек), тууын ұйымдасқан жұмысшылар қадағалап байқауды үйренетін болсын, олар ондай себептерге саналылықпен қарайтын болсын, қандай болса да орыстың немесе шетелдік Пошехоньенің оқыйғаларын бүкіл партия мүдделері, жалпы алғанда бүкіл қозғалыстың мүдделері тұрғысынан алып бағалауға үйренетін болсын.

Автор біздің орталыққа көп нәрсе беріледі және одан

көп іс талап етілетін болады деп әбден дұрыс атап көрсетеді. Бұл әрине, осылай. Дәл сондықтан да *бүкіл партия* орталықта өзіне лайықты адамдарды үнемі, аз-аздап, және мүлтіксіз *тәрбиелейтін* болуы керек, осындай жоғары орынға қойылатын әрбір кандидаттың *барлық ісін* алақанындағыдай көз алдында көруі, тіпті ол осы кандидаттардың іскерлігімен, олардың күшті не әлсіз жағымен, олардың жеңісімен немесе «жеңілісімен» таныс болуы қажет. Автор осы сыяқты жеңілудің кейбір себептері туралы, сірә бай тәжірибеге сүйенген, тамаша тауып айтылған ескертулер жасап отыр. Дәл осы ескертулердің тауып айтылғандығы сонда, бұларды бүкіл партия пайдалануға тиіс, сөйтіп өзінің қандай болса да «басшысының» әрбір, тіпті тамтұмдаған «жеңілісін» партия *әрқашан көріп отыратын* болуға тиіс. Бірде бір саяси қайраткер өзінің қызметінде қандай болса да бір жеңіліске ұшырамай өткен емес, егер біз бұқараға шын мәнісінде ықпал жүргіземіз, біз бұқараның «өз еркін» қаратып аламыз десек, бұл жеңілістер үйірмелер мен топсымақтардың бықсық атмосферасында жасырынып қалмай, олар көптің төрелігіне салынуына біз барлық күшімізбен ұмтылуымыз керек. Бұл кейбір немесе жеке басшыларға алғашында ыңғайсыз болуы, тіпті кейде «зәбірлі» көрінуі мүмкін, — бірақ мұндай жалған ыңғайсыздық сезімін біз жеңуіміз керек, бұл — партияның алдындағы, жұмысшы табы алдындағы біздің борышымыз. Осымен, тек осымен ғана біз ықпалды партия қызметкерлерінің бүкіл бұқарасына (сайланып алынған кездейсоқ үйірмелерге немесе топсымақтарға емес) өзінің көсемдерін білуге және *олардың әрқайсысын тиісті сатыға қоюға* мүмкіндік береміз. Кең жарыялылық қана барлық тура бетті, сыңар жақ, қыңыр бұлтаруды жөнге салады, тек сол ғана «топсымақтардың» кейде қыйсынсыз және күлкілі «қарсылықтарын» партияның өзін тәрбиелеу ісіне пайдалы, қажет материалына айналдырады.

Жарық дүние, жарық дүние молырақ болсын! Бізге үлкен концерт керек; біздің өзімізге сол концертте рольді дұрыстап бөлу үшін тәжірибе алуымыз керек. Сөйтіп біреуіне сентиментальдік скрипка, екіншісіне зәрлі контрабасс беріп, үшіншісіне дирижер нұсқауышын ұстатуымыз керек. Партия органының және партияның бүкіл шығармаларының беттерінде барлық пікірге меймандос-

тық көрсетілсін деген автордың тамаша шақыруы жүзеге асатын болсын, қандай болса да бір «нога» үшін: біреудің пікірінше — өте қатты кеткен, басқалардың пікірінше жалған айтылған, үшіншілердің пікірінше — іске аспай қалдырылған деп шыққан біздің «таластар мен араздықтарымыз» жөнінде жұрттың бәрі және әркім өз төрелігін айтсын. Тек осындай бірсыпыра ашық талқылаумен ғана бізде басшылардың шын мәнісінде істес болған коллегиясы құрыла алады, тек осы жағдайда ғана жұмысшылар бізді түсінбей қалмайтын халге қойылады, тек сол кезде ғана біздің «штаб» шын мәнісінде армияның қайырымды және саналы еркіне сүйенетін болады, бұл армия штабтың соңынан еріп, сонымен қатар өз штабына бағыт беріп отырушы болады!

Ленин

«Искра» № 53, 25 ноябрь, 1903 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылған отыр

МЕН «ИСКРА» РЕДАКЦИЯСЫНАН НЕЛІКТЕН ШЫҚТЫМ?*

„ИСКРА“ РЕДАКЦИЯСЫНА ХАТ²⁸

Бұл — тіпті де жеке адамға байланысты мәселе емес. Бұл — біздің партия съезінің көпшілігі мен азшылығының бір бірімен қатнасы жөніндегі мәселе, сондықтан мен бұл мәселеге тезінен және ашық жауап беруге міндеттімін, оның себебі — көпшілік жағындағы делегаттардың маған үсті-үстіне сұраулар беріп жатқандығы ғана емес, оның тағы бір себебі — «Искраның» 53-номеріндегі «Біздің съезд» деген мақала искрашылдардың съезд ақырында екіге бөлінгендігін, өте терең болмаса да, өте іріткі салатын бөлініс болғанын *мүлдем теріс* көрсетіп отыр.

Бұл мақала екіге бөлінудің шын көрнекті себептерінің *біреуін де* ешкім, көзіне дүрбі киіп қараса да, көре алмайтын етіп, Орталық Органның құрамының өзгеруі сыяқты жағдайды түсіндірудің көлеңкесін де ешкім көре алмайтын етіп, менің коллегиядан шығуыма дәлелді себептердің нұсқасын да ешкім таба алмайтын етіп суреттейді. Мақаланың авторы: партияның орталық орындарын ұйымдастыру туралы мәселе жөнінде Орталық Орган мен Орталық Комитеттің ара қатнасы туралы, централизмді жүзеге асырудың тәсілі туралы, мүмкін болатын және пайдалы централизацияның шегі мен сыйпаты туралы, бюрократтық формализмнің зыяндылығы туралы мәселелер жөнінде айрылыстық дейді.

Ал шынында қалай? Шынында орталық орындардың

* Бұл хатты редакцияға «Искраның» 53-номері шығысымен жіберіп едім. Редакция 54-номерде басудан бас тартты, сондықтан, амалсыздан, бөлек листок етіп басып шығарып отырмын.

адам құрамы туралы мәселе жөнінде, съезде сайланғандардың құрамына наразы болғандықтан бұл орталық орындарға бойкот жарыялау, практикалық жұмыстың берекесін қашыру, Лиганың көпшілігі сыяқты шет елдердегі социал-демократтардың кейбір үйірмесінің тілегіне қарай партия съезінің қарарларын бұзу орынды ма деген мәселелер жөнінде айрылыспадық па?

Істің жайы нақ осылай болғандығын, өздеріңіз жақсы білесіздер, жодастар. Бірақ партияның ең ықпалды, ең белсенді қызметкерлерінің басым көпшілігі мұны әлі білмейді, сондықтан мен негізгі фактыларды қысқаша айтып өтемін, — қысқаша айтатыным, «Искраның» 53-номерінің айтуына қарағанда, біздің айрылысуымыздың тарихы жөнінде толық материалдар жақында жарыяланады.

Біз сөз қылып отырған мақаланың авторы да, жақында ғана жарыққа шыққан есебінде Бундтың делегациясы да дұрыс көрсетіп отырғанындай, біздің съезімізде «искрашылдар» анағұрлым көпшілік болды; менің мөлшерлеуім бойынша, тіпті Бунд пен «Рабочее Делоның» делегаттары кетпей тұрып та искрашылдар дауыстың $\frac{3}{5}$ тейі болды. Съездің алғашқы жартысында бұл искрашылдар искрашылдарға қарсылар мен дәйексіз искрашылдардың бәріне бір ауыздан қарсы болып келді. Бұл, съездің алғашқы жартысында болған, біздің айрылысуымыздың мәнін түсіну үшін айрықша маңызы бар екі жанжалдан: Уйымдастыру Комитетімен болған жанжалдан және тілдердің тең праволылығы жөнінде болған жанжалдан өте айқын көрінді (искрашылдардың басым көпшілігі осы арада ғана бір рет азайды, азайғанда дауыс $\frac{3}{5}$ нен $\frac{1}{2}$ дейін азайды). Съездің екінші жартысында искрашылдар арасында келіспеушілік басталды, ал съездің аяғында мүлдем айрылысты. Партия уставының 1-нші параграфы туралы және орталық орындарды сайлау туралы болған таластар бұл айрылысудың сыйпатын айқын көрсетеді: искрашылдардың азшылығы (басшысы Мартов болып) искрашыл еместерді және тағайынсыз элементтерді өз төңірегіне бірден бірге көбірек жыйнап, искрашылдардың көпшілігіне (бұлардың ішінде Плеханов пен мен болдым) қарсы тұрды. Уставтың 1-нші параграфы жөнінде болған таласта бұл жік

түпкілікті форма алып құрылып жетпеді, әйтсе де искрашылдардың азшылығы, бундшылдардың бәрін және рабочеделошылардың 3 дауысының екеуін қосып алып, салмақты аударып әкетті. Орталық орындарды сайлағанда искрашылдардың көпшілігі (бундшылдардың бес адамы, рабочеделошылардың екі адамы съезден кетіп қалғандығы себепті) партия съезінің көпшілігі болып алды. *Мінеки, тек осы жерде ғана біз сөздің шын мағынасында айрылысып кеттік.*

Бізді бәрінен бұрын өте-мөте айырып отырған Орталық Комитеттің құрамы жайындағы талас. Ұйымдастыру Комитетімен болған жанжалдан кейін, съездің алғашқы кезінде-ақ, искрашылдар Ұйымдастыру Комитетінің әртүрлі мүшелерінің (*мүше еместерінің де*) кандидатураларын Орталық Комитетке ұсынып қызу талқылады, және «Искра» ұйымының ресми емес жыйналыстарында, ұзақ және қызу айтыстардан кейін, Мартовтың қолдаған кандидатураларының біреуін қабылдамай тастады; мұны тоғыз дауыс жақтады, төрт дауыс қарсы болды, үш дауыс қалыс қалды; он дауыспен бес адамның тізімі қабылданды, бұған екі дауыс қарсы болып, төрт дауыс қалыс қалды, тізімге *менің ұсынуым бойынша*, искрашыл емес элементтердің бір басшысы, искрашылдардың азшылығының бір басшысы енгізілді. Бірақ азшылық бестің үшеуін өздерінен өткізуді талап етті, сондықтан партия съезінде толық жеңіліске ұшырады. Орталық Орган редакциясына бұрынғы алтауды бекіту немесе жаңадан үшеуді сайлау туралы мәселе жөнінде съезде шыққан ұлы тартыс та осылайша бітті*.

Тек осы кезден бастап қана айрылысу толық бола

* Атышулы «үшеу» туралы неше түрлі өсек-аяң әңгімелер таралып жүргендіктен, бұл арада кәзірден ескертіп кететінім: съездің Tagesordnung'-нің (күн тәртібінің. *Ред.*) жобасы жайында менің берген түсінігім азды-көпті жақын тұрған жолдастардың бәріне съезден көп бұрын белгілі болған болатын. Съезде қолдан қолға тараған сол түсінікте былай деп жазылған: «Съезд Орталық Органның редакциясына үш адам, Орталық Комитетке үш адам сайлайды. Осы алты адам *бірігіп* отырып, қажет болса, $\frac{2}{3}$ көпшілігімен Орталық Органның редакциясы мен Орталық Комитеттің құрамын кооптация жолымен толықтырады да, съезге тиісті баяндама жасайды. Бұл баяндаманы съезд бекіткеннен кейін, одан арғы кооптацияны Орталық Органның редакциясы мен Орталық Комитеттің өздері жеке-жеке жасайды».

бастайды, оның толық болғаны сонша — жікке бөліну туралы ой туа бастайды; тек осы кезден бастап қана дауыс беруде азшылықтың бұрын-соңды съезде болып көрмеген түрде қалыс қалуы басталады (бұл азшылық енді нағыз «тұтас» азшылық бола бастады). Бұл айрылысу съезден кейін бірден бірге өрши түсті. Наразы болып қалған азшылық бойкотқа көшті, бұл бойкот бірнеше ай бойына созылды. Міне, осындайдан өсіп шыққан, бюрократтық формализм жөнінде, қалай болса солай, сөзсіз бағыну жөнінде айыптаулары және тағы сондай бос сөздері өз басының ауруын сау адамның басына артқысы келгендіктің нәтижелері болып табылады; бұл өзінен өзі түсінікті және мұны, мәселен, мынадай бір окыйға жеткілікті түрде ашып береді. Жаңа редакция (яғни Плеханов пен екеуміз) қызмет істеуге бұрынғы редакторлардың бәрін шақырады, шақырғанда әуелі, әрине, «формализмсіз», жәй ауызша, шақырады. Шақырғанға ешкім келмейді. Сонан соң біз «күрметті жолдастарға» «қағаз» жазып (міне, бюрократтар!), жалпы қызмет істесулерін, қала берді, өздерінің пікір алалықтарын біздің шығарып отырған газетіміздің бетінде жазуларын сұраймыз. Бұған «Искраға» ешбір қатнаскымыз келмейді, деген «формалды» мәлімдеме алдық. Сөйтіп редактор еместердің еш біреуі ай бойы «Искрада» жұмыс істемеді. Арамыздағы қатнас тек қана формалды-бюрократтық қатынас бола бастады, — сонда бұл кімнің «инициативасымен» болды?

Астыртын әдебиет шығарыла бастайды, ол әдебиет шет елдерде толып кетеді, комитеттерге жіберіледі, енді олардың бірсыпырасы Россиядан шет елдерге қайтып келе бастады. Сибирь делегатының баяндамасы, «оппозицияның» ұрандары туралы — — нің хаты, Мартовтың «Тағы да азшылықта»-сы Ленинге «самодержавиелік жасаушы», робеспьерлік қырып-жою тәртібін орнатушы (sic!*), ескі жолдастарды саяси жағынан көмуші (орталық орындарға сайламағандық көмумен бірдей болғаны!) т. т. деп тағылған, адамның күлкісін келтіретін айыптауларға лық толы. Оппозиция, ағынға ілесіп, ұйымдастыру мәселелерінде бірлесіп қызмет істеуге мүмкіндік бермейтін «принциптік» алауыздықтарды та-

* — солай! *Ред.*

уып алуға барынша тырбануда. Бұл жөнде партия Советіндегі атышулы «бесінші мүшені» өте-мөте көп сөз қылады. Жоғарыда көрсетілген шығармалардың бәрі де, партия Советін Лениннің дипломаттығы немесе қулық-айласы, шет елдегі Орталық Орган арқылы орыс Орталық Комитетін басып отыратын құралы деп түсіндіреді, — бұл съезд туралы істеген есепті баяндамасында істің жайын Бунд делегациясының суреттегеніне аумамай ұқсайды. Бұл принциптік алауыздықтардың да атышулы бюрократтық формализм дегендері сыяқты бос сөз екенін айтып керегі жоқ: бесінші мүшені съезд сайлайды; олай болса, көпшіліктің өте-мөте сеніміне бөленген адам жөнінде сөз болып отыр; әрқашан, партияның орталық орындарын қандай түрде болса да ұйымдастырғанда, белгілі адамдарды іріктеп алу партия съезінің көпшілігінің ықтыяры.

Бұл сыяқты әдебиеттің шет елдерге сондайлық көп тарағандығын мынадан да көруге болады: тіпті қайырымды Парвус та, барлық түйінді бір қолға ұстауға және жұмысшыларға қайда бір Женевада отырып «команда беруге» (sic!) тырысушылыққа қарсы жорыққа шықты («Aus der Weltpolitik» V. Jahrg.*, № 48, 30 ноябрь, 1903). Бір ай өтер, екі ай өтер, самодержавиелікке қарсы шыққан жаңа жауымыз партия съезі мен Лига съезінің протоколдарын оқыр, көрінген Parteiklatsch-ты** шынға балаудың арқасында күлкі болудың оңай екендігіне сонда барып көзі жетер.

Оппозицияның орталық орындарға қарсы жасаған соғыс қыймылдары Лиганың съезінде аса кемеліне келді. Лиганың бұл съезін партия съезі жөнінде есеп айырысу майданы деп атағандардікінің дұрыс-бұрыстығын, оппозицияның жасаған шабуылында Орталық Комитетті мүлдем төтенше шаралар қолдануға (редакцияның құрамында болған өзгеріс партия ішінде татулық орнауына үміт туғызған кезде Орталық Комитеттің өзі айтқаны сыяқты) итермелеген нәрселердің болған-болмағанын оқушылар сол съездің протоколдарынан анық көреді. Самодержавиелік бюрократизм туралы мәселе жөніндегі

* — «Дүниежүзілік саясаттан», V жыл басылуы. *Ред.*

** — партиялық өсек. *Ред.*

«принциптік» алауыздықтардың қандай сыйпаты барлығын сол съездің қарары көрсетіп отыр.

Лиганың съезінен кейін жікке бөліну қаупінің төңгендігі сонша — Плеханов бұрынғы редакцияны кооптациялауға бел байлады. Оппозицияның бұған қанағаттанбайтынын мен күн бұрын білгенмін, сондықтан партия съезінің қаулысын үйірменің ыңғайына қарай өзгертуді мүмкін емес деп таптым. Бірақ партия ішінде орнауы мүмкін болған татулыққа кесе көлденең тұруымды онан да гөрі лайық көрмедім, сондықтан «Искраның» 51-номерінен кейін редакциядан шықтым, шыққанды да жұмысына қатысып тұрудан бас тартпайтынымды және партия ішінде көңілдегідей татулық орнайтын болса, менің шыққаным жайында жарыялауды талап етпейтінімді мәлімдедім. Оппозиция (шынында болмаған бюрократизмнің, формализмнің, самодержавиеліктің, тағы сондайлардың системасын жоюды емес, қайта) бұрынғы редакцияны қайта отырғызуды, Орталық Комитетке оппозицияның өкілдерін кооптациялауды, партия Советінен өздеріне екі орын беруді және Лиганың съезін заңды деп тануды талап етті. Орталық Комитетке екі адамды кооптациялауға, партия Советінен бір орын беруге, Лиганы бірте-бірте қайта құруға келісіп, Орталық Комитет татулық орнатуды ұсынды. Оппозиция бұл шарттарды да қабылдамады. Редакцияға кооптация жасалды, ал татулық мәселесі ашық қалды. «Искраның» 53-номері шығар қарсаңда істің жайы осындай еді.

Партияның татулықты және жемісті жұмыс істеуді керек ететініне ешбір күмән келтіруге бола қояр ма екен. Ал «Біздің съезд» сыяқты мақалалар татулық орнатуға кедергі жасайды, кедергі жасайтыны — мәселелердің шет жағасын ғана тұспалдап айтады, айрылысудың бар жайын толық айтпаған жерде ол мәселелер түсініксіз және түсінікті болуға мүмкін де емес; кедергі жасайтыны — шет елдегі үйірменің бар айыбын партияны практика жүзінде біріктіру үшін ауыр, қыйын жұмыстар істеп жатқан, централизмді іске асыру жөнінде онсыз да тым көп кедергіге кездескен, әлі де кездесіп отырған практикалық орталығымыздың мойнына артады. Барлық жұмысқа кедергі жасап отырған азшылықтың іріткі салуына және бойкот жасауына қарсы орыс

комитеттері күрес жүргізіп жатыр. Осы мағнадағы қарарларын Петербург, Москва, Нижегород, Тверь, Одесса, Тула Комитеттері, Солтүстік одақ кәзірдің өзінде-ақ жіберіп отыр.

Шет елдегі Literatengezänk* бізге енді жетер! Ол енді Россиядағы практиктердің «нені істемеу керек» екендігіне үлгі болсын! Партияның Орталық Органының редакциясы қай жақтан болса да болып отырған бойкот атаулыны тоқтатуға, партияның Орталық Комитетінің басшылығымен тату қызмет істеуге барша жұрты шақыратын болсын!

* * *

Ал искрашылдардың арасындағы түрлі сарынның айырмасы не? деп сұрайды оқушы. Біз бұған былайша жауап береміз: біріншіден, айырма сол — көпшіліктің ойынша, партия ішінде өз пікірінді орталық орындардың құрамындағы адамдардың өзгеруіне байланыстырмай-ақ жүргізуге болады және солай болуға тиіс те. Қандай үйірме болса да, мәселен, рабочеделошылар үйірмесі, партияға кіргеннен кейін өз көзқарастарын айтып, жүзеге асыруға мүмкіндік беруді талап етуге праволы, бірақ ешбір үйірме, тіпті генералдардың үйірмесі болса да, партияның орталық орындарында өкілдеріміз болсын деп талап етуге праволы емес. Екіншіден, айырма сол — көпшіліктің ойынша, формализм мен бюрократизм жөніндегі айып орталық орындардың басшылығымен іс істеуден қашып, формалды емес түрде іс жүргізудің мүмкіншілігін қыйындатқандардың мойнына түседі. Үшіншіден, ұйымдастыру мәселесінде менің өзіме белгілі принципті алауыздық біреу, тек біреу-ақ, атап айтқанда, ол — партия уставының 1-параграфы туралы айтыста жарыққа шыққан алауыздық. Съездің протоколдары шыққан соң біз бұл мәселеге қайта оралуға тырысармыз. Мартовтың тұжырымын искрашыл еместер мен quasi**-искрашыл элементтердің өткізгені кездейсоқ емес екенін, ол тұжырымның оппортунизмге қарай бір адым жақындайтындығынан екенін, мұндай адымды біз — — ның хатында және «Тағы да азшылықта» де-

* — әдебиетшілердің урыс-керісі. *Ред.* →

** — жалған. *Ред.*

ген мақалада өте анығырақ байқайтынымызды біз сонда көрсетеміз*. «Біздің съезд» деген мақаланың авторының «партияның уставын талқылағанда таластың бәрі партияның орталық орындарын ұйымдастыру мәселесінде ғана болды деуге болады» дегені шынында теріс екенін протоколдар көрсетер. Қайта, автордың айтқанынан керісінше. Екі «жақты» (яғни искрашылдардың көпшілігі мен азшылығын) азда болса айқын бөліп кеткен бірден бір шын принципті талас — партия уставының I-ші параграфы туралы талас болды. Ал, Советтің құрамы туралы, орталық орындарға кооптация жасау, т. с. туралы таластар жеке делегаттардың, мені мен Мартовтың, т. с. арасындағы талас болып қана қалып отырды, бұл таластар мәселенің біршама өте ұсақ жағдайлары жөнінде болды, искрашылдар арасында ешқандай ашық жік туғызған жоқ, искрашылдар өздерінің дауыс беруімен біздің қайсымыздың болса да талас қызығына түсіп кеткен жерімізді түзетіп отырды. Централизмді жүргізудің тәсілі туралы, оның шегі, сыйпаты және тағы басқалары туралы мәселелер жөнінде болған алауыздықтардың түп негізін әлгі таластарға апарып тіреу азшылықтың ұстаған позициясын және орталық орындардың құрамындағы адамдарды өзгерту жолындағы күрес әдісін көрер-көзге бояп көрсету деген сөз; азшылық осындай күрес жүргізді және осы күрестің тек бір өзі ғана біздің шынымен айрылысуымызды туғызды.

1903 ж. декабрьдің басында жазылған

1903 ж. декабрьде жеке
листок болып басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Листоктың тексті
бойынша басылп отыр

* Сонда «Біздің съезд» деген мақаланың искрашыл еместер орынсыз еленбеді, уставтың қатаң пункттері партия ішіндегі күштердің нақтылы ара қатнастарына сәйкеспейді деген сөздерінің мәні не екенін түсіндіруді де сұраймыз. Бұл сөздер не жайында?

**ШЕТЕЛДІК ЛИГАНЫҢ АДМИНИСТРАЦИЯСЫНА,
ПАРТИЯНЫҢ КӨМЕКТЕСУШІ ТОПТАРЫНА,
ПАРТИЯНЫҢ ШЕТ ЕЛДЕГІ БАРЛЫҚ МҮШЕЛЕРІНЕ
РСДЖП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ХАТЫ**

Жолдастар! Партияның түпкілікті бірігуі партияның шет елдегі жұмысын кеңінен өрістетуге жөнінде және осы майданда жұмыс істеуші барлық қызметкерлерді мықтап біріктіруге жөнінде кәзір біздің алдымызға шұғыл және өте қажетті міндет қойып отыр.

Партияның уставына (§ 13) сәйкес, партияның бүкіл шетелдік жұмысы өзінің ұйымдастырылу кейіпі жағынан әртүрлі үлкен екі салаға бөлінеді. Бірінші жағынан, шет елдегі насихат және үгіт жұмысын Шетелдік лига қолма-қол басқарады, өз қолына алып орталықтандырып отырады. Бұл істі Лиганың қолына толық орталықтандыруға жәрдемдесу үшін және бұл қызметте оның автономиясын қамтамасыз ету үшін Орталық Комитет барлық шараларды істейді. Екінші жағынан, орыс қозғалысына ол Орталық Комитеттің айрықша тағайындаған адамдары мен топтары арқылы ғана көмек көрсетеді.

Лиганың барлық мүшелерін, барлық көмектесуші топтарды, партияның шет елдегі барлық мүшелерін Лиганың насихат және үгіт жұмысында оған барлық жағынан бірдей жәрдемдесуге шақыра отырып, Орталық Комитет бұл аралық топтарды ұйымдастыру ісіне кәзір барлық күшті жұмсамақшы болып отыр; өйткені орыс қозғалысына жәрдемдесу ісі осы топтар арқылы жүргізіліп отыруға тиіс.

Орталық Комитет өзінің бұл саладағы міндеттерін мына түрде түсінеді.

Орыс қозғалысына шет елден жәрдемдесу ісі көбіне-

се 1) Россияға революцияшылар қызметкерлер жіберуде;
 2) шет елде жыйналған қаражат сомасын Россияға жіберуде; 3) Россияда қызмет етіп жатқан жандарға
 жәрдемдесу мақсатымен, сәтсіздікке ұшыраудан алдын
 алу мақсатымен және т. т. Россияға жергілікті халықтар
 ге тиісті орыс таныстарды, орыс мамандары мен нұсқау-
 ларын шет елде жыйнап отыруда; 4) Россияға ақпарат
 жіберуде және т. с. болуға тиіс.

Орыс қозғалысына қолма-қол жәрдемдесудің барлық
 формаларын осы тізіммен сарқамыз деп және қылмай-
 мыз; алайда біз жәрдемдесудің басты формаларын бел-
 гілеп, құрылып жатқан ұйымды осы формаларға сәйкес-
 тіру әзірге жеткілікті-ғой деп ойлаймыз. Бұдан былайғы
 жерде бұл ұйымға қаншалық дәрежеде өзгерістер енгі-
 зісу керек болатынын тәжірибе көрсетер.

Россияда жұмыс істеу үшін адамдар жіберуден бас-
 тайық. Әрине, барушылардың неғұрлым көпшілігінің
 Орталық Комитеттің шет елдегі бас агентурасымен —
 атап айтқанда, Женевалық агентурасымен қолма-қол
 қатынасып, одан астыртын кездесетін үйлер, паролдар,
 қаражат, керекті нұсқаулар алғаны жақсы болар еді.
 Бірақ жұмыс істеуге бара жатқан жолдастардың бір-
 қатары Женеваға, әрине, соға алмайды, сондықтан Ор-
 талық Комитеттің азды-көпті маңызды шетелдік Орта-
 лықтардың бәрінде: Лондонда, Парижде, Брюссельде,
 Берлинде, Венада және басқаларында өзінің агенттерінің
 тағайындауға кірісетін ойы бар. Жұмыс істеу үшін Рос-
 сияға баруға ниеттенген әрбір адамды Орталық Коми-
 теттің жергілікті агентіне жолығуға шақырамыз, соны-
 мен ол агент барушының тағайындалған жеріне мүмкін-
 дігінше тез және қауіпсіз жетуіне, Россияға бара жат-
 қан әрбір адамның бастапқы қадамдары Орталық Ко-
 митеттің күш пен құралды бөлу және т. б. жөніндегі
 жалпы жоспарына сәйкес болуына барлық шараларды
 істейді. Шетелдік лига Орталық Комитеттің бұл агент-
 теріне барынша көмектесуге тиіс — мәселен, шет елдегі
 жұрттың неғұрлым көпшілігін бұл агенттердің міндеті-
 мен, олармен қарым-қатынас жасау шарттарымен та-
 ныстыру арқылы, бұл қарым-қатынастарды мүмкіндігін-
 ше астыртын түрде жолға қоюға жәрдемдесу арқылы
 және т. б. көмектесуге тиіс.

Шет елдердің ірі орталықтарынан Россияға адам жіберу ісі өте үлкен іс болғандықтан және жөнелтілушілермен тиісті дәрежеде танысуға бір адамның шамасы келе бермейтіндіктен, Орталық Комитет бір агентті емес, партия уставының 13-параграфы бойынша, керек болуына қарай, бір топ агентті тағайындай алады.

Сонсын. Ақша жіберу жағына келетін болсақ, бұл арада барлық шет елдерде ақша жыйнау ісін Лиганың қолына толық орталықтандыру және жыйналған соманы Лига администрациясының Орталық Комитетке тапсырып отыруы бәрінен де гөрі қолайлы болады. Тек керек болған реттерде ғана, тәжірибеге сүйене отырып, белгілі соманы Лиганың жергілікті секцияларынан Орталық Комитеттің жергілікті агенттеріне тікелей тапсыруға тура келуі мүмкін, ондай реттер, мәселен, адамның қашуына, жөнелтілуіне, әдебиет жөнелтуге аса шұғыл жағдайлардың дереу жәрдем көрсетуді талап етуі және т. с. Лиганың администрациясы секцияларға тиісті нұсқаулар берер және ақшаны жыйнау және жұмсау ісінен есеп беріп отырудың ең жақсы формаларын белгілер деп Орталық Комитет сенеді.

Бұдан соң, Россиядан шет елдерге келетін адамдардың орыс қызметкерлері үшін өте маңызды болатын хабарларды өте жиі жеткізетіні, әрине, жалпыға мәлім; ол хабарлар, мәселен, сәтсіздікке ұшыраудың көлемі туралы, сәтсіздікке ұшыраған жерден қашықтағы қалада тұратын пәлендей жолдастарға алдын ал ескерту туралы, қашқан немесе кетіп қалған жолдастың Россияда пайдаланып үлгірмеген немесе пайдалана алмаған пәлендей байланыстарын пайдалану қажеттігі туралы және т. т. хабарлар болады. Әрине, бүкіл партиялық жұмыс Орталық Комитеттің басшылығымен бір жерге түпкілікті біріккен сайын бұл байланыстар мен нұсқаулардың бәрін Россияның нақ өзінде жыйнауға мүмкіндік көбірек болады және бұл бірден-бір дұрыс, бірден-бір қолайлы жол. Бірақ әртүрлі себептермен Россиядан қашқан немесе жасырын кетіп қалған жолдастардың Россиядағы байланыстарын тапсырып үлгірмеген кездері әлі көпке дейін кездесе беретіні сөзсіз, сондықтан мұның үшін олардың шет елде болуын пайдалану керек. Ақырында, әдебиетті тасымалдау ісін Орталық Ко-

митет айрықша транспорт тобының қолына мүмкіндігінше толығырақ орталықтандыруға, әрине, тырысады; ол топ мүшелерінің бір бөлегі әрқашан шет елде болады. Сондықтан Орталық Комитеттің айрықша агенттері әртүрлі шет ел орталықтарындағы партия әдебиеті складтарын басқару үшін, шет елдермен қарым-қатынас жауапсыз үшін және т. т. тағайындалады. Алайда транспорт ісін өте-мөте жақсы жолға қойғанның өзінде оның кемістіктері, әрине, әрқашан болып тұрады, ол кемістіктерді жою үшін орайы келген шұғыл жағдайларды, (бәлкім) чемодандар жөнелту ісін, сауда қарым-қатынастарының, пароход қатнастарының және т. б. реті келген қолайлы кездерін пайдалануға тура келеді. Мұндай барлық істер жөніндегі хабарлардың, нұсқаулардың, анықтамалардың бәрі Орталық Комитеттің агенттеріне де жіберілуге тиіс, олар мұндай істердің бәрін бір орталыққа жыйнақтап отырады және Орталық Комитеттің жалпы жоспарына, оның нұсқауларына сәйкес әрекет етеді.

Орталық Комитет өзінің жұмыс жоспарын Лиганың администрациясына хабарлай отырып, Лига Орталық Комитеттің шет елдегі агенттеріне өз тарапынан барынша көмек көрсетеді және әсіресе бұл агенттердің көмектесуші топтармен, жастар үйірмелерімен, тағы басқа, тағы басқаларымен кеңінен танысуына шаралар істейді деп сенім білдіреді.

1903 ж. декабрьдің басында жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Л. К. К. VII жыйнағында басылған

*Қолжазба бойынша
басылған отыр*

ЖАҢА «ИСКРАНЫҢ» ПОЗИЦИЯСЫ ТУРАЛЫ МАҚАЛА

«Мартовтық» «Искраның» кәзіргі ұстап отырған позициясының мені өте-мөте күйіндіретін жері *ішкі жалғандығы мен өтірігі*, істің мәнінен жалтаруға тырысатыны, партияның жұртшылық пікірі мен қарарын теріске бұруға тырысатыны, ұғымдар мен фактыларды бұрмалауға тырысатыны. Кейбір жолдастардың бұл өтірікті сезе алмай, немкұрайды қарап, топастық істеп жүргендерін мен олардың іс мәнісін жете түсінбегендіктерінен деп түсіндіруге бейіммін. Түсінбеушілікпен түсіндіру арқылы күресу керек, сондықтан мен барлық істі айрықша кітапшада барынша толық (керек болса, барлық документтерді келтіріп) түсіндіру ниетімнен еш уақытта қайтпаймын, ол кітапшаны партия съезі мен Лида съезінің протоколдары шығысымен, яғни өте жақын арада қолға аламын³⁹.

Мартовшылдардың партияны алдауға кұрал ететін негізгі амалы (өздерінің ұстамалы ауруының салдарынан олар мұнысымен бәрінен бұрын өздерін алдап жүруі мүмкін және әбден ықтыымал), бұл, 1-ншіден, — искрашылдардың өзара айрылысуының шын негіздері мен себептерін бұрмалауы. Бұл, 2-ншіден, үйірмешілдік пен іріткі салушылық туралы, сектантшылдық пен партияшылдық туралы ұғымдарды бұрмалауы.

Бірінші бұрмалауы: съезден кейін орталық орындардың оппозициясымен күрескен кезінде екі жақтың шынында, салғыласуын «принципті» алауыздық деп көрсететіні. Салғыласқаны сол, оппозиция көпшілік жағын

жүйелер, бюрократтар, етс, деп ата-
 жан болатын, ал, көпшілік жағы орталық ұстама-
 лықтары бар тұраңдар, түкке жармай қалған ми-
 нистердің немесе устамалықтары бар жаңжалшы-
 лардың қатынасы деп атаған болатын (Липаның Сөзін
 қарайыз). Мәтін, екі жақтың осы өзара қатынасын
 тек бір жағы принциптік алауыздық ретінде Орталық
 Органының алдына қойылып отыр. Бұл пасықтық емес
 пе?

Шынығында айтылғандың себебі — мақаланың бірінші
 бөліміндегі ақпараттық бөлімнің бұрмалануы болды.
 Түпнұсқада қаралған мәселе және орталық органдардың
 саясаты бөліміндегі мәселе бөліміндегі бұл бет бұрмалы-
 лықтарға байланысты. Белгілі бір жағымен айтқанда
 сөзсіз принципті рәсім алауыздық жағында сөз болмай-
 дыра айтпайлап қалады.

Екінші бұрмалануы: үкірменің мүдделері үшін, орта-
 лық органдарға өтініс беру үшін (әйтпесе шын ақпарат
 жүйелері райту еркіндігіне ешкім қысым көрсеткен
 қайта мартовиналарды шақырды және жазып (қарайтын
 сұрады) мартовиналар бүкіл пәрменге және
 жұмысқа ауыспай бойы іріткі салды. Мартовиналар
 редакцияға артық есіктен кіріп алып, мұнысын көшіріп
 жазына ірітуші формализм, бюрократизм, тағы сонымен
 лар жөнінде екісі күлдерлік кінәлар тағы арқылы бұрмалы
 отыр, өздерінің бойыңт жасағандығын, сұрамақтығын, есіктен
 тұрашы үшін шығармай отыр. Бұл пасықтық емес пе?
 Екінші бірінші: не барлық «керісті» ұмытты керек, онда
 тұрашы мүдделі сөз қылмау керек, сұрамақтау керек.
 тұрашының да Орталық Органға әкеліп салмау керек
 өйткені, бюрократизм туралы айтқай — ондаған сұрамау
 тықтың нақ сол шет тұрамағы. Не болмаса ақпаратты
 тұрашы мәселе көтеру керек, — бұлай болғанда, бәрін
 жасайты салу керек.

Қаламда бойыңт
 Келесіде ақпараттық
 баспадан отыр

1993 ж. декабрьде жазылған
 Бірінші рет: 1999 ж. Лениннің
 Ж. жүйелерінде басылған

* — et cetera — тағысын тағылар. Red.

«БІЗДІҢ ҰЙЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІМІЗ ТУРАЛЫ ЖОЛДАСҚА ХАТ» ДЕГЕН КІТАПШАҒА АРНАЛҒАН АЛҒЫСӨЗ

Мен қайта бастырып отырған «Жолдасқа хат»* деген кітапша бұдан бір жылдан артығырақ уақыт бұрын жазылған болатын — егер ұмытпасам, 1902 жылы сентябрьде жазылған болатын. Әуелі ол хаттың көшірмесі Искраның ұйымдастыру көзқарастарын баяндау ретінде барлық жұрттың қолынан қолына көшіп, Россия бойына тарады. Сонан кейін Сибирь одағы бұл хатты өткен жылдың июнь айында қайта бастырып, өте көп дана етіп таратты. Сонымен бұл хат кәзірдің өзінде-ақ жұртшылықтың игілігіне айналды, сондықтан енді оның жарыялануын кідіртуге ешқандай дәлел жоқ. Менің бұл хатты бұдан бұрын бастырмауыма себеп болған пікір, — атап айтқанда оның әдебиеттік жағынан мүлде нашар өңделгендігі, оның мүлде «жөнделмеген» күйінде болғандығы, — енді жойылып отыр, өйткені көптеген орыс практиктері кәзірдің өзінде-ақ хатпен нақ осы жөнделмеген күйінде танысты. Сонымен қатар, бұл хатты жөнделмеген күйінде (мен тек ең қажетті стилистикалық түзетулер ғана енгіздім) қайта бастыруға басқадан да гөрі маңызды себеп — енді оның «документ»** ретіндегі маңызы болып табылады. Жұртқа мәлім, «Искраның» жаңа редакциясы 53-номердің өзінде-ақ ұйымдастыру мәселелері бойынша алауыздық көтерді. Амал не,

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қазақша 237—259-беттері. *Ред.*

** Менің оппоненттерім бұл хатты документ ретінде пайдалануға әлденеше рет тілек білдіргеннен кейін, қайта бастыруда белгілі бір өзгерістер енгізуді мен өз тарапымнан тура тіпті... қалай жеңілдетіп айтсам екен?.. ыңғайсыз деп санаған болар едім.

бұл алауыздықтың нақ неден екенін редакция ашық көрсетуге асықпайды, ол көбінесе тек ешкім білмейтін нәрселерді нұсқап көрсетумен шектеледі.

Жаңа редакцияның қыйын міндетін жеңілдетуге тырысу керек. «Искраның» ұйымдастыру жөніндегі *ескі* көзқарастары барлық жағынан, тіпті жөнделмеген нұсқаларына дейін белгілі бола берсін, — мүмкін, сол кезде, жаңа редакцияның, ақырында, өзінің «идея жағынан басқарып отырған» партиясына өзінің ұйымдастыру жөніндегі жаңа көзқарастарын ашуға қолы тиер. Мүмкін сол кезде жаңа редакция біздің партиялық ұйымдастыру уставымызға өзінің ұсынатын негізгі өзгерістерінің *дәл тұжырымын* ақырында біздің алдымызға әкеліп тартар. Өйткені, шынында, нақ осы ұйымдастыру уставы біздің әрқашандағы ұйымдастыру жоспарларымызды қабылдағанын кім түсінбейді?

«Не істеу керек?»*-ті және «Искрадағы» ұйымдастыру мәселелері жөніндегі мақалаларды ұсынылып отырған «Жолдасқа хатпен» салыстыра отырып, ал бұл соңғыны екінші съезде қабылданған уставпен салыстыра отырып, оқушылар біздің, искрашылдар көпшілігі мен партия съезі көпшілігінің, өзіміздің ұйымдастыру «жолымызды» қаншалықты тыңғылықтылықпен жүзеге асырып отырғанымызды ашық түсіне алады. Ал біз «Искраның» жаңа редакциясынан оның ұйымдастыру жөніндегі жаңа көзқарастарды баяндауын күтеміз, күткенде де қатты зарыға күтеміз, оның «бұрын бас иген нәрседен» нақ не себепті және нақ қай уақыттан бастап көңілі қайта бастағандығын және оны не себебептен «отқа жаға» бастағандығын көрсетуін күтеміз.

Н. Ленин

Январь, 1904 ж.

1904 ж. мына кітапшада
басылған: Н. Ленин. «Біздің
ұйымдық міндеттеріміз туралы
жолдасқа хат», Женева

Кітапшаның тексті бойынша
басылып отыр

* Қараныз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, қазақша 369—577-беттері. Ред.

«БІЗДІҢ УЙЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІМІЗ ТУРАЛЫ ЖОЛДАСҚА ХАТ» ДЕГЕН КІТАПШАҒА АРНАЛҒАН СОҢҒЫСӨЗ

«Искраның» редакциясы 55-номерінде былай дейді: менің ««Искра» редакциясына» жазған «хатымда» («Мен «Искра» редакциясынан неге шықтым?»* деген хатта) көрсетілген фактыларды «ұмыту жөнінде» Орталық Комитет пен оппозицияның арасында «келісім жасалды». Редакцияның бұл мәлідемесі (Аксельрод жолдастың тамаша тақпақ сөзімен айтқанда) нағыз барып тұрған формалистік, бюрократтық және кеңсешілдік «жәй жаза салу» болып табылады. Шынында Орталық Комитеттің шетелдік өкілінің «Искраның» 55-номері шыққаннан кейін іле-шала жарыяланған ерекше листокта тікелей айтып отырғанындай келісім болған жоқ. Ондай келісім бола алмайтын да еді, бұл менің хатымды мұқияттап оқып шыққандардың бәріне де айқын болуға тиіс, өйткені оппозиция Орталық Комитет ұсынған «Игілікті бітімді» қабылдамады, ал бұл бітім ұмытуға дайық нәрселердің бәрін ұмыту үшін керекті шартты қамтыған болар еді. Редакция бітімді қабылдамай және 53-номерінде атышулы бюрократизмге қарсы соғыс басталғанда, қарсы жақ бюрократизм туралы бұл ертегілердің нағыз шыққан жері туралы үндемейді деп сенетіндей, ол социалдықты аяққа болғаны ма?

Менің бұл ертегілердің нағыз шыққан жерін *дүррис-кестілер* (*Literatengestank* — әдебиетшілердің ұрыс-керістері) деп атағаным редакцияға тіпті де мүлде ұнамады. Нәле ұнасын! Бірақ бұл шын қолайсыз факты жөнінде

* Осы томның 112—113 беттерін қараңыз. *Ред.*

түкке тұрғысыз сөздер айту фактыны теріске шығарғандық болып табылмайды ғой.

Біз өте құрметті редакцияға екі сұрақ береміз.

Бірінші сұрақ. Октемдік жасадын, робеспьерлік тәртіпті жақтадын, төңкеріс жасадын, тағы сол сыяқтылар істедің деп барынша өршелене айыптаушылық *біреуге ойыншық сыяқты* болып көрініп, *екінші біреуді* фактылар туралы және факты жүзінде керек болған генералдық орындар туралы айтылған жәйбаракат әлгіме мейлінше *ренжітетін* себебі не? Ренжітетіндігі сонша, тіпті олар «адамдар» туралы, «адамгершіліктің нашарлығы» туралы және тіпті «пасық (бұл қайдан шыққан??) дәлелдер» туралы мүлде «түкке тұрғысыз» сөздер айтады. Достарым, мұндай айырмашылық неліктен болып отыр? Генералдың «орны» озбырдың орнынан да төрі «пасық» болып шығатындықтан емес пе екен?

Екінші сұрақ. Редакция өзінің (бұдан көп замандар бұрын, редакция оппозицияның қолында болған кезде және іс жүзінде «азшылық» болған кезде) кейбір фактыларды не үшін *ұмыт қалдырғысы* келгенін оқушыларға түсіндірмейтін себебі не? *Принципті* алауыздықтарды «ұмыту» жөнінде ойлаудың өзі сорақы екендігін және мұндай пікір бірде-бір есі дұрыс адамның ойына келе алмайтынын редакция біле ме екен?

Менің ардақты «саяси жауларым»; өздеріңіздің қандай қолапайсыз екендеріңізді көресіздер ме! Сіздер мені, мен принципті таласты ұрыс-керіске айналдырды деп, айыптау арқылы күртпақ бөлдіктер, ал мұның орнына сіздер өздеріңіздің кейбір «алауыздықтарыңыздың» шын негізі жөніндегі менің көрсеткенімді *дәлелдедіңіздер*.

Сонсоң Редакция өзінің қолапайсыздығынан ұрыс-керістердің болғанын мойындады; бірақ өзінің пікірінше принциптік таластардың қай жерде бітетінін және ұрыс-керістердің қай жерден басталатынын оқушыға түсіндірмеді. Менің өз хатымда мұның екеуінің де ара-сыз барынша *дәл* айыруға әрекет жасағандығым туралы редакция үндемей отыр. Мен ол хатта принциптік алауыздықтың (нағыз *үйлесімсіздік* туғызатын сонша-ма терең алауыздық емес) уставтың I-параграфы туралы мәселе жөнінде болғанын және искралық азшылық-

тың съездің аяқ кезінде искрашыл емес элементтермен жақындасқандығының салдарынан оның ұлғая түскендігін көрсеттім. Сонымен қатар мен бюрократизм, формализм және басқалар туралы сөздердің ең алдымен *съезден кейін болған ұрыс-керістердің* жәй ғана жаңғырығы екенін көрсеттім.

Мүмкін, редакция «принциптік» және «ұмытылуға жататын» нәрселердің арасын *бұлайша* ажыратуға риза емес шығар? Редакция бұл салалардың арасын «дұрыс» ажырату туралы өз пікірін неге хабарламайды? Мұның себебі оның санасында бұл салалардың әлі де ажыратылмағандығынан (ажыратылуы мүмкін де емес) емес пе екен?

Құрметті Аксельрод жолдастың «Искраның» сол 55-номеріндегі фельетоны бойынша оқушылар осы... түсініксіздіктің не нәрсеге әкеліп соғатындығын және біздің партиялық Орталық Органымыздың не нәрсеге айналатындығын байқауына болады. Аксельрод жолдас уставтың 1-параграфы туралы мәселе жөнінде біздің таластарымыздың шын мәнісі бойынша *бірде-бір сөз* айтпайды, съезде болмаған адамға мүлде түсініксіз «жергілікті қоғамдар» жөніндегі мензеулермен ғана тынады. Біздің 1-параграф туралы ұзақ уақыт, қадағалап таласқанымызды Аксельрод жолдас, сірә, ұмытқан болар! Оның есесіне Аксельрод жолдас «съезге келген искрашылдардың көпшілігі ішкі жауларға қарсы күрес жүргізуді өздерінің басты міндеті болып табылады... деген пікірге сенді» дейтін «теория» жасап алған. «Осы міндеттердің алдында» көпшілік үшін (құрметті Аксельрод жолдастың қатты сенімі бойынша) «алда тұрған тиімді міндет бүркеліп кетті». «Тиімді жұмыстың болашағы белгісіз келешектің алыс жатқан күңгірт түкпіріне қарай ығыстырылады»; партияның алдында анағұрлым жедел міндет, «ішкі жауларды басудың жауынгер міндеті тұр». Сондықтан Аксельрод жолдас бұл «бюрократтық* (немесе механикалық) централизмді», бұл «якобиндік» (!!?)

* Реті келді. Менің кітапшамның «белгіленген атпен» шығатынын редакцияның есіне саламын. Мен табанды централист болғандықтан, «берілген аттардың» тұрғысынан қарап (формализмге қарсы күрес үшін) 55-номерінде партия баспаларын шолыйтын бөлім құрған Орталық Органымыздың «принциптік» нұсқауларына бағынамын.

жоспарларды, «бүлікшілер ретінде» біреулерді «қыспаққа алып, келемеждеп жүрген» бұл «іріткі салушыларды» таңбалау үшін сөз таба алмайды.

Бұл теорияның шын бағасын көрсету үшін, — дұрысырақ айтқанда, съездің көпшілігін бүлікшілерді (сірә, бүлікшілер деп *ойша айтатын* болар) ығыстырып шығару жөнінде іріткі салу бағытын ұстайды және тиімді жұмысты елемейді деп айыптаулардың шын бағасын көрсету үшін мен ұмытшақ Аксельрод жолдастың есіне кішкене *бір* (бастапқы жолы біреуі де жетер) фактыны түсірсем де жеткілікті. 1903 жылы 6-ншы октябрьде азшылық мүшелеріне олардың бойкот жасауының сорақылығы туралы және іріткі саларлық сыйпаты бар екендігі туралы талай рет өсиеттеп айтқаннан кейін, біз Плеханов екеуміз «бүлікші» әдбиетшілерді (бұлардың ішінде Аксельрод жолдас та бар) *ресми* түрде тиімді жұмысқа кірісуге шақырдық, біз оларға ресми түрде былай дедік: бұл жұмыстан бас тарту жеке адамның ашулану тұрғысынан қарағанда да, белгілібір алауыздықтардың (бұл алауыздықтарды баяндау үшін біз баспа сөздеріміздің бетін *ашамыз*) тұрғысынан қарағанда да ешбір ақылға сыймайды*.

Аксельрод жолдас бұл туралы ұмытып кеткен. Ол өзінің сол кезде не себепті екенін ешбір түсіндірместен үзілді-кесілді бас тартып жауап бергендігін ұмытқан. Ол кезде, бұл әлдеқашан өтіп кеткен заманда, ол үшін «тиімді жұмыс белгісіз келешектің алыс жатқан күңгірт түкпіріне қарай ығыстырылған» болатынды, ал мұндай келешек тек 1903 жылы 26 ноябрьде ғана кәзіргі ардақты уақытқа айналғанын ол ұмытып кеткен⁴⁰.

Аксельрод жолдастың мұны ұмытқаны былай тұрсын, ол сонымен қатар сондай «бас араздықтарды» жалпы «ұмытуды» да тілеген болар еді, солай емес пе?

Азшылықтың *айлар бойы* партияға іріткі салғандығын, тиімді жұмысты тастап кеткендігін, өздерінің ұрыскерістерімен Орталық Комитеттің *толып жатқан күштерін* басқа жаққа аударғандығын көрсету — «бас араздық» болып шығады, бұл моральдық күйе жағу, бұл тенденциялардың күресін ұрыскерістердің дәрежесіне

* Осы томның 367—368-беттерін қараңыз. *Ред.*

жеткізу. Бұған Орталық Органның бетінен орын беруге болмайды.

Ал партия съезінің көпшілігін «бүлікшілерді» үгіттеуге уақытты тартынбай сарп етеді, ол іріткі салушыларға (тек *ойда* ғана жүрген) қарсы күресу арқылы партияға іріткі салды деп айыптау — бұл принциптік алауыздықтар болып шығады, бұлар үшін «Искранын» бағаналарын «қалдыру» керек. Құрметті Аксельрод жолдас, солай емес пе?

Мүмкін, Аксельрод жолдас жан-жанғына қарап алып, «тиімді жұмыстың» азшылық практиктері үшін де сол арман болған, бірақ әлі де анықталмаған болашақтың алыс жатқан күңгірт түкпіріне қарай ығыстырылып отырғандығының көптеген мысалдарын кәзіргі уақытта да табатын болар?

Жоқ, білесіз бе, көпшілік пен азшылықтың тиімді жұмысқа көзқарастары жөніндегі мәселені мүлде қозғатпау сізге тиімдірек болған болар еді! Мысалы, қаладаны заводтың бір жұмысшысының маған жазған мына хатында айтқан сөздерін еске түсірмей-ақ қою тиімдірек болған болар еді:

«Комитетті жолдас!»

Соңғы уақытта, яғни партияның екінші съезінен кейін, бізге: Орталық Комитетті съезд бір ауыздан сайлаған жоқ, Орталық Органның Орталық Комитетке көзқарастары жөніндегі мәселе бойынша съезд екіге жарылды, сөйтіп көпшілік және азшылық дейіндер құрылды деп жарыялады. Осының бәрі, ауыр тастай біздің басымызға келіп тиіп, өзінің барлық салмағымен бізді жөніштады, неге десеніз Орталық Органның Орталық Комитетке көзқарасы жөніндегі мәселенің өзі біз үшін ойда жоқ жердегі жаңалық болды: өйткені бұл мәселенің нақ съезге дейін ешбір үйірмелер мен жыйналыстарда қозғалмағандығы былай тұрсын, қайта, мен жаңылмаған болсам, ол мәселені тіпті әдебиетте де сөз етпей қалдырып жүрді. Съезге дейін оның еш жерде сөз болмауы маған түсініксіз. Егер ол мәселе мүлде болған жоқ деп ойлайтын болсам, онда, партияны біріктіруге өздерінің барлық күштерін салған жолдастар партияның ұйымын, яғни оның құрылысын айқын ұғынбаған деп, мойындау керек. Бірақ бұл екіншідей болуы ешбір мүмкін емес, өйткені кәзір партияны екіге бөліп отырған мәселе, партияның құрылысы жөніндегі көзқарастың болғандығын және оның жұрттың бәрінде бірдей болмағандығын айқын көрсетті. Ал егер бұл осылай болатын болса, онда оны не үшін жасырған? Бұл бір. Ал екінші — осы мәселенің өзі, оны шешуге тура келген кезде мен өзіме мынадай сұрау қоям: партияның қандай құрылысы оның ортодокстық бағытын қамтамасыз ете алады, нақ осы арада осы»

мен қатар менің ойыма мынадай пікір түседі, партияның құрылысынан басқа маңызды нәрсе оның көсемдерінің құрамы, яғни егер олар ортодокстар болатын болса, онда партияның бағыты да ортодокстік барыт болады, егер олар — оппортунистер болса, онда партия да нақ сондай болады. Енді, осындай ой-пікірде бола отырып және партия көсемдерінің құрамын біле отырып, мен, партияға идея жарынан басшылық етуде Орталық Органның Орталық Комитеттен басым болуын сөзсіз қостаймын. Мұны жақтап сөйлуге бәрінен де төрі орыс тұрмысы мәжбүр етеді: Орталық Комитет қаншама ортодоксты болғанымен, бірақ ол, Россияда тұрып апаққа ұшыраудан, демек, еріксізден-еріксіз ортодокстықтан айрылудан да өзін қамсыздандыра алмайды, өйткені мирасқорлар өздері орнын басқан адамдарға барлық уақытта бірдей сай келе бермейді ғой. Ең жақсы комитеттердің өзі толып жатқан кездейсоқтардың біреуінің салдарынан жаман комитетке ауысып және оның керісіншесі болып отыратындығы жөніндегі кубылыс комитеттерде аз да болса жұмыс істейтін жолдастардың қайсысына таныс емес. Орталық Орган жөнінде мүлде басқаша: ол басқа жағдайда тұр (Орталық Органның шет елде тұратынын еске алғанда), бұл жағдайлар оның ұзақ уақыт өмір сүруін қамтамасыз етеді, демек, оның өзіне лайықты мирасқорлар дайындауына мүмкіншілік береді. Жолдас, бұл мәселені біржола шешуге мүмкін бе, яғни әлде Орталық Органның әрқашанда Орталық Комитеттен басым болуын яки — Орталық Комитеттің әрқашанда Орталық Органнан басым болуын біржола шешуге бола ма, оны бірақ мен білмеймін. Мен болмайды ғой деп ойлаймын. Мынадай жағдайды алайық: Орталық Органның құрамы кенет өзгерді, сөйтіп, масылы, Германиядағы «Вперед» сияқты, ол ортодокстықтан оппортунистікке айналды дейік; ал сол кезде оған идеялық басшылықта басымдылық беруге бола ма? сонда да, ортодокстық рухта тәрбиеленген біздер не істер едік, сонда онымен келісіп отыра беруге тиісті болмақпыз ба? Жок, біздің міндетіміз одан басымдылық правосын тартып алып, оны басқа бір мекеменің қолына беру болар еді, ал егер бұл, айталық партия тәртібінің немесе басқа бір себептердің салдарынан, бәрібір, істелмесе, онда біздің бәріміз социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының онауыздары деп аталуға лайықты болған болар едік. Мен бұған осылай қараймын, сондықтан, кейбір жолдастардың істеп жүргеніндей, біржола шешу дегенге ешбір көне алмаймын.

Ал енді көпшілік пен азшылықтың арасында жүріп жатқан күрес маған мүлде түсініксіз, және де бұл күрес біздің көбімізге тереңірек сыяқты көрінеді. Ал жолдас, айтыңызшы! Барлық күш көпшілік пен азшылық туралы сөйлесу үшін комитеттерге шапқылауға салынып жүр, мұндай жағдай табиғи нәрсе ме. Мен, шынында білмеймін. Барлық күшті соған сәріп етерліктей, сол үшін бір-біріне душпанша қарарлықтай, бұл соншама маңызды мәселе болғаны ма? Шынында да солай болып шығып отыр, егер комитет, айталық, бір лагерьден сұрыпталып алынған болса, онда екінші лагерьден оған ешкім кіре алмайды, тіпті жұмысқа мейлінше жағрамы адам болса да кіре алмайды, керек десе ол тіпті жұмыс үшін қажет болған күннің өзінде де, осыз жұмыс үлкен ақсайтын болса да кіре алмайды. Әрине, мен мұнымен, бұл мәселе үшін күресуді мүлде тастау керек дегелі отырғаным жок: тіпті де олай

деп отырғаны жоқ, тек меніңше ол күрестің сыйпағы басқаны бола керек, ол үшін біз өзіміздің басты міндетімізді, атап айтқанда бұлараның арасына социал-демократиялық идеяны насихаттау міндетімізді ұмытпауымыз керек, неге десеміз, мұны ұмытсақ, біз өзіміздің партиямызды әлсіретеміз. Бұл адалдық па, жоқ па, мен білмеймін, бірақ іс мүдделерінің аяққа тапталғандығын және мұнда ұмытылғандығын көруге тура келген кезде мен олардың бәрін саяси дауыстар деп атаймын. Іс басындағы адамдардың қайдағы-бір бетен көрсеміз шұғылданып жатқанын көрген кезде сол істің өзі үшін біртүрлі жанын ашып қорқыныш туа бастайды. Осыған қарап мынадай ой түседі: біздің партия осы сыяқты ұсақ-түйенге бола мәңгі-бақыт екіге жарылушылыққа ұшырай бере ме, бір негізде ішкі күрес пен сыртқы күресті қатарынан жүргізуге біздің қабілетіміз жетпей ме. Съездердің қаулылары еленбейтін болса және әркім, съезд дұрыс шешпеді-мыс, Орталық Комитет қабілетсіз, т. т. дегенді сылтау қылып, өз ойындағысын істей беретін болса, онда съездер не үшін шақырылады. Осыны істеп отырғандар: съезге дейін централизация туралы, партия тәртібі туралы және басқалар туралы барлық уақытта айқай салып келген адамдар, ал енді тәртіп деген олар үшін, жоғарғы адамдар үшін емес, жәй адамдар үшін керек деп олардың көрсеткісі келетін тәрізді. Олар өз үлгісінің тәжірибесі аз жолдастарды адам айтқысыз аздыратындығын, өзара арадыққа салынып жұмысшыларды ұмытып отырған интеллигенцияға кәзірдің өзінде-ақ жұмысшылардың арасында тағы да нағзылық туып отырғандығын, кәзірдің өзінде-ақ неғұрлым қызу жұмысшылардың, не істерін білмей, еңсесі түсе бастағанын, олар, сірә, ұмытқан болар. Бұл осылай болып отырған болып табылады. Тек келешекте істің бәрі жақсылыққа қарай өзгерер деген үміт қана қалып отыр»⁴.

⁴ 1901 жылы январьда жазылған

1904 жылы жина кітапшада басылған:
В. Ленин, «Біздің ұбындық міндеттеріміз туралы жолдасқа хат», Женева

Кітапшаның тексті бойынша
басылп отыр

ПАРТИЯ МҮШЕДЕРІНЕ

ҮЙІРМЕ ЖӨЙӨНДӨ

Үйірме ме әлде партия ма? Біздің Орталық Комитетіміз тек қана салып отырған мәселеміз ғана емес.

Бұл мәселе ете-мөте деп қарауда тек қана салып отыр деп санаймыз біз. Біздің Орталық Комитетіміз бұл мәселеге біз ең алдымен өзіміз екі қарама-қарсы жаққа шықпаймыз. Бұл редакцияның екі қарама-қарсы жаққа шығуы бірнеше жыл бойына бірте-бірте өзіміздің қолымызға ірікті салу, жікке бөлінгеніміз деп қарауымызға мүмкіндік беріп отырған адамдардың үйірмесі ме, әлде партиямыздың қызмет адамдарының қолымызға ма?

Устав бойынша, заңды жолмен қолтанып отырған дегенді сылтау етіп, бұл сұрауға жауап беруден бұрын руға тырыспай-ақ қойындар. Бұл заңдылыққа өз қолымыз келтірмейміз, бірақ формалдық қарама-қарсы жаққа біздің қойған сұрауымызға мазмұны жағынан жауап беруге сіздерді шақырамыз. Біз тек заң жүзіндегі жауапты ғана емес, саяси жауапты тілейміз. Сөзді сайламайтын, партия тағайындамаған «редактор» мұндағы сұрауға жауапты біз Плеханов жолдастан емес, негізгі сұрауға жауапты біз Плеханов жолдастан емес, бірақ бұл дерден алғымыз келеді, өйткені Плеханов жолдастан бұл кім, жікке бөлінуден қашу үшін сіздерді қолтанып отырудан басқа амал таба алмаған болар.

Үйірме ме, әлде қызмет адамдарының партиялық қолтаңбасы ма?

Егер үйірме болса, онда қайдағы бір партия туралы сөздер сөйлеп, екі жүзділік істеудің, жалғандық жасаудың не орны бар? Апталар, айлар бойы партияның мейрамдарын, оның уставын келемеж қылып, іс жүзінде осы партияны быт-шыт еткен жоксыздар ма? Іс жүзінде

де осы партияның екінші съезінің қарарларын быт-шыт етіп тастаған жоқсыздар ма, істі жікке бөлінуге дейін жеткізген жоқсыздар ма, Орталық Комитет пен Советке бағынудан бас тартқан жоқсыздар ма, партияның съездері біздер үшін тәжірі емес, яғни міндетті іс емес деп, өздеріңізді партиядан тысқары қойып отырған жоқсыздар ма? Партияның мекемелері мен партияның заңдарын аяққа басып отырып, сіздер «Партияның Орталық Органы» деген атқа масаттанып отырсыздар!

Ал егерде сіздер — партияның қызмет адамдары болсаңыздар, онда съезде сайланбаған адамдардың партияның орталық мекемесінен орын алуға неліктен, нендей мақсаттар үшін тырысқандарын сіздердің бұл партияға айтып берулеріңізге болмас па екен? Бәлкім, редакторлардың бұрынғы семьялық үйірмесінің «сабақтастығы» үшін шығар? Лиганың съезінде осы тоғышарлық «сабақтастық» туралы қарар қабылдаған адамдар енді партия туралы шатып, басымызды ауыртпак! Енді сіздердің партия туралы сөз қылуға праволарыңыз бар ма, сірә?

II съездің формалды қарарларына сүйенетін адамдарды сіздер формалист деп атайсыздар, — өйткені съездің қарарларын бұлжытпай орындаймыз деп бәрі тегіс бірбіріне сан рет қайта-қайта уәде берген жолдастарыңыздың сенімін ақтамағандарыңыздың фактысын бүркеп жасырғыларыңыз келеді. Өздеріңізге қарсы келетін формалды қарарларға сіздер бағынбайсыздар, ал сөйте тұрып, өздеріңізге пайдалы болғандықтан, ұялмай-қызармай Лиганың формалды праволарына сүйеніп отырсыздар, партияның тілегіне қарамастан, партияның жоғарғы мекемесі болып табылатын партия Советіне өздеріңіз өтіп алғаннан кейін сол партия Советінің формалды қарарларына сүйеніп отырсыздар!

Шет елдегі әдебиет үйірмесінің қалауымен емес, партия съезінің еркі бойынша партиялық қызмет орнын алып отырған адмдарды сіздер бюрократ деп атайсыздар. Мұнымен сіздер, партияның орталық мекемелерінен тыс жүріп партия ішінде мүлдем қызмет атқара алмайтын адамдардың өздерінің бойына бюрократизм рухы, орынға таласушылық рухы, шен кұмарлық рухы әбден сіңіп болғандығын көрсететін, бірақ сіздер үшін қолайсыз тиетін фактыны бүркегіңіз келеді. Я, сіздердің қы-

лықтарыңыз біздің партияның бюрократизммен ауру екендігін ашық көрсетті, бұл бюрократизм жұмыстан орынды артық көреді, орын алу үшін бойкот жасаудан, іріткі салудан қашпайды.

Партия съезінің көпшілік дауыспен қабылданған қарарын сіздер қалай болса-солай алына салынған өрескел қарар деп атайсыздар, ал біздің партиялық редакцияны маскаралық түрде жеңіп алуға қолдарыңызды жеткізген шетелдік отарлардағы, Лига съезіндегі күрес әдістеріңіздің қалай болса-солай қолданылған өрескел, жанжалды әдіс екені өздеріңізге байқалмайды! Өздері партия съезінің *азшылығы* бола тұрып, партияның Орталық Органын басқаруды қолдарына алуға тырысқан және қолдарына алған адамдардың партияны таныймыз деп сендірулеріндегі фарисейлікті сіздер сезбейсіздер!

Міне, осындай лайықсыз, партияға қарсы қылықты, анархияны осындай уағыздаушылықты, партия съезін осылай мазақ қылуды, оппортунистікке салынып тоғышарлық пен үйірмешілдікті актауды екі жүзділікпен боямалауға тырысып күшенулеріңізді сіздер ұйымдастыру жөніндегі жаңа көзқарасымыз деп атайсыздар!

Жолдастар! Кімде-кім өзін партияның шын мүшесімін деп білетін болса, ол мына сыяқты бейбастақтыққа үзілді-кесілді қарсы шығуы керек және мұның тамырына балта шабу керек! Кімде-кім «Искраның» үш жылдық жұмысын және оның даярлаған партия съезін, — сенген шын принциптік жолы бар, шын жұмыс істеп жүрген орыс социал-демократтарының ерік-тілегін білдірген партия съезін бағалай білетін болса, шет елдегі үйірмешілдікке бұл партия съезінің барлық істеген ісін табанға салуына жол бермейді.

Екінің бірі.

Не бізде партия жоқ, не біздің съезіміз шетке ығыстырып тастаған шетелдік әдебиетшілер, редакторлар үйірмесі бәріміздің үстімізден қарайтындай күдіретті олай болғанда, партия туралы екі жүзді сөздер жойылсын, «партиялық» баспа орындары, органдары, мекемелері деген жалған аттар жойылсын. Біз социалист-революционерлер емеспіз, бізге баттастырып бояған декорациялардың керегі жоқ. Пролетариат партиясы шындықты талап етеді. Пролетариат партиясы ескірген үйір-

мешілдікті аяусыз-ашық әшкерелеуді талап етеді. Партия жоқ дегенді мойындауға батылымыз баратын болсын, онда шын партия құру және оны нығайту ісіне басынан, ең басынан, кірісейік. Үйірмешілдіктің уақытша жеңуі бізді састырмайды, орыстың саналы пролетариаты сөз жүзіндегі партияны емес, іс жүзіндегі партияны жасап ала алады, партияны партия деген жалған аты емес, шын партия мекемелері түрінде құрып ала алады, біз мұны білеміз және бұған сенеміз.

Не бізде партия бар, олай болғанда, барлық үйірмелік мүдделер жойылсын, жанжалшылардың шет елдердегі жыйналыстары жойылсын! Онда партия съезі бұл орынға тағайындамаған адамдар біздің *партиялық* редакциядан тоқтаусыз тайып тұрсын. Онда Орталық Органның редакциясы бұрынғы қалпында съезд сайлаған жолдастардан құрылсын. Онда *біздің* партиялық органда партия көпшілігінің көзқарасы жүзеге асырылсын, *біздің* партиялық орган партия ұйымын, партия мекемелерін қорғасын, оларды аяққа басып, таптамасын.

Үйірмешілдік жойылсын, ол ең алдымен біздің партия редакциясынан құртылсын!

Іріткі салушылар жойылсын!

Партия съезінің қарарларын іс жүзінде бұлжытпай орындай білетін, партия тәртібін, партия ұйымын қәдірлей білетін пролетариат партиясы жасасын!

Фарисейлік сөздер мен жалған аттар жойылсын!

*1904 ж. январьдың екінші
жарпысында жазылған*
Бірінші рет 1929 ж. Лениннің
X жыйнағында басылған

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

РСДЖП СОВЕТІ

15 — 17 (28 — 30) ЯНВАРЬ, 1904 ж.

1904 ж. мына кітапшада басылған:
 Н. Шахов. "Съезд үшін
 күрес", Женева

Сөздер және 1904 жылғы 17 (30)
 январьда усынылған қарарлардың
 жобалары бірінші рет 1929 жылы
 Лениннің X жыйынағында басылған

Қарарлардың жобалары қаламазба
 бойынша басылғы отыр

РСДЖП III съезін шақыру туралы
 сөйленген сөздер мен қарардың
 жобасы және протоколдарының
 тексті бойынша басылғы отыр

1

ПАРТИЯДА БЕЙБІТШІЛІК ОРНАТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР
ТУРАЛЫ 15(28) ЯНВАРЬДА УСЫНЫЛҒАН ҚАРАРДЫҢ
ЖОБАСЫ

Партия Советі партия мүшелерінің арасында кезектегі екінші съезге байланысты болған келіспеушіліктің көрінісінің сыйпаты мен формасын еске алып, партияның екі орталық мекемесінің: Орталық Орган мен Орталық Комитеттің екеуінің де басшылығымен бірігіп тату жұмыс істеуге барлық партия мүшелерін жігерлі түрде шақыруды өте кажет деп есептейді.

Россия басынан кешіріп отырған тарихи кезең — ел ішінде революциялық толқынның орасан күшеюі және соғысқа әкеп соқтыра алатын халықаралық қыйыншылықтар, — самодержавиенің тепкісінен бүкіл халықты азат ету жолында алдыңғы қатарда күресіп жүрген саналы пролетариаттың партиясына ерекше күрделі міндеттер жүктейді. Ұйымдарымызды нығайту үшін, жұмысшы табының мүмкіндігінше неғұрлым қалың бұқарасының санасы мен бірлігін дамыту үшін партияның екі орталығының басшылығымен бірлесіп тату жұмыс іструдің кажеттігі нақ кәзіргі кезеңдегідей ешуақытта қатты сезілген емес.

Алуан түрлі мәселелер жөнінде белгілібір алауыздықтар партия ішінде қашанда болып келді және мұнан былайда сөзсіз болып отырады, өйткені партия орасан зор халықтық қозғалысқа сүйенеді, партия, үйірмешілдік атаулының және өрісі тар сектанттық көзқарастардың қандайын болса да үзілді-кесілді теріске шығара отырып, осы қозғалыстың саналы жақтаушысы болуды өзінің міндеті етіп қояды. Бірақ саналы түрде күресіп жатқан пролетариаттың лайықты өкілдері болу үшін, бүкіл дүниежүзілік жұмысшы қозғалысының лайықты

қатысушысы болу үшін біздің партия мүшелері барлық күшін салып мынаған ұмтылуға тиіс: біздің партия программасы мойындаған принциптерді ұғынудағы және оны жүзеге асыру әдістеріндегі жеке алауыздықтардың ешқандайы біздің орталық мекемелеріміздің басшылығымен бірігіп тату жұмыс істеуге бөгет жасамасын және жасай алмайтын болсын. Біз өзіміздің программамызды және халықаралық пролетариаттың міндеттерін неғұрлым терең түсінсек, үгіт, насихат және ұйымдастыру ісін дамыту жөніндегі тиімді жұмыстың маңызын неғұрлым терең бағаласақ сектанттықтан, ұсақ үйірмешілдіктен және орын жөніндегі басараздықтардан неғұрлым аулақ болсақ, — біз партия мүшелерінің арасындағы алауыздықтардың байсалды түрде және істің шын мәні бойынша талқылануына, бұл алауыздықтардың біздің жұмысымызға кедергі жасамауына, олардың өз ісімізге іріткі салмауына, біздің орталық мекемелеріміздің дұрыс қызмет істеуіне бөгет жасамауына соғұрлым көп күш жұмсауға тиіспіз.

Партия Советі, партияның ең жоғарғы мекемесі ретінде кімнің тарапынан болса да, іріткі салу талаптарының қандайын болса да, жұмыстан қашудың қандайын болса да, партияның орталық кассасына материалдық жәрдем беруден қашудың қандайын болса да, пікірлердің, көзқарастардың және бағыттардың таза идеялық күресін өрескел-механикалық әсер етудің, қайдағы бір лайықсыз қым-қыйғаш жанжалдың әдістеріне айналдыруға ғана қабілеті болатын бойкоттың қандайын болса да үзілді-кесілді теріске шығарады. Партия жарты жыл дерлік уақыт бойы созылып келе жатқан араздықтан әбден азап шекті, сондықтан бейбітшіліктің болуын қатты талап етеді. Бойкотты және күрестің атап айтқанда принциптік пен идеялықтың жоқтығын дәлелдейтін, партияның мүдделерін үйірме мүдделері үшін құрбан ететін, жұмысшы қозғалысының мүдделерін — өрісі тар орынға таласу мүдделері үшін құрбан ететін сол сыяқты әдістерін партия мүшелерінің арасындағы алауыздықтардың ешқайсысы, белгілібір орталықтың адамдар құрамына наразы болудың ешқайсысы ақтай алмайды. Партия мүшелерінің белгілібір тобының белгілібір орталықтың жұмысының нақтылыбір бағытына, оның ұста-

ған бағытының белгілі бір сыйпаттарына, немесе оның адамдар құрамына және сондайларға наразы болатын реттері бізде, әрине, бар және үлкен партияда қашанда болып отырады. Ондай мүшелер өзінің наразылығының себебі мен сыйпатын жолдастық ретпен пікір алысу арқылы және партия баспасөздерінің бетінде айтысқа түсу арқылы анықтауына болады және солай етуге тиіс те, бірақ өзінің наразылығын бойкот жасау арқылы немесе партияның екі бірдей орталығы біріктіріп және бағыт сілтеп отырған бүкіл тиімді жұмысты барлық күшін сала қолдаудан қашу арқылы көрсету революционерлерге мүлде жарамсыз және лайықсыз болған болар еді. Екі орталықтың екеуін де қолдау, солардың тікелей басылышымен тату жұмыс істеу — біздің жалпы және тікелей партиялық борышымыз болып табылады.

Күрестің жоғарыда көрсетіліп өткен мұндай идеясыз, өрескел-механикалық әдістері сөзсіз теріске шығарылуға тиіс, өйткені революционерлердің адал ниеті арқылы ғана бүтіндей топтасып отырған бүкіл партияны олар мүлде күйретуге қаблетті. Сондықтан партия Советі партияның барлық мүшелеріне мынаны ескертеді: бұл адал ниет біздің, екінші съездің барлық қаулысы және ол өткізген сайлаулардың барлығы партия мүшелерінің бәрі үшін міндетті деп танылсын деген жалпы, ешкім қарсылық білдірмеген, қарарымызда толығынан анық көрсетілген. Съезд шақыру жөнінде өзінің істеген жұмысы үшін жалпы жұрттан алғыс алған Ұйымдастыру Комитетінің өзі II съезд уставының 18-параграфында, партияның барлық комитеттері мақұлдаған, мынадай қарар қабылдады:

«Съездің барлық қаулысы және ол өткізген барлық сайлау партияның қарары болып табылады, сондықтан олар партияның барлық ұйымдары үшін міндетті болып табылады. Оларға ешкім және ешқандай сылтаулар арқылы қарсылық көрсете алмайды және оларды партияның келесі съезі ғана өзгертіп немесе бұза алады».

Съезге дейін бүкіл партия қабылдаған және бірнеше рет съездің өзінде мақұлданған бұл қаулы барлық социал-демократтардың адал ниетімен өздеріне уәде еткен адал сөзбен бірдей. Олар өздеріне уәде еткен осы адал сөзін ұмытпасын! Олар өздерінің арасындағы ұсақ-түйек

бас араздықтарының бәрін тез тастасын, сөйтіп идеялық күресті уставты бұзуға апарып соқпайтын, практикалық іс пен тиімді жұмысқа кедергі жасамайтын шеңберге қоятын болсын!

ОРТАЛЫК КОМИТЕТ ӨКІЛДЕРІНІҢ 17(30) ЖИНАРЫНА
УСТЫНЫЛҒАН БІРКЕШЕ ПІКІРІ

Орталық Комитеттің партия Советіндегі өкілдері Ште-
ханов жолдастың қарары туралы мәселе жөнінде бірек-
ше пікір айтуды өздерінің бұрынғы деп санайды.

Бұл қарардың іс жүзінде партия ұйымының толық
жікке бөлінуін туызыатын партиялық араздықтарды тоқ-
татпайтындығы былай тұрсын, қайта мұның көрсетініне
оларды бұдан да тәрі күшейтіп, қосдыра түсетініне, олар-
ды үздіксіз болатын нәрсеге айналдыратындығына, сөй-
тіп партияның тиімді жұмысына бұдан да былай іріткі
саялатындығына Орталық Комитеттің өкілдері мейлінше
сенеді.

Бұл қарар, өзінің мәні жағынан, партия съезі азшы-
лығының Орталық Комитеттің құрамындағы адамдарды
өзгерту жөніндегі тілегін көрсетудің дәл өзі, оның үстіне
партия съезі көпшілігінің оған карама-қарсы тұрған ті-
легі еленбей отыр.

Бұл қарар, өзінің мәні жағынан алып қарағанда және
біздің қатты сеніміміз бойынша партия съезінің нақ
өзінен бастап-ақ оппозиция ұстаған саясатты Совет
ішінде бұдан да былай жүргізе берушілік болып табы-
лады, ал ол саясат, орталықтардың құрамын өзгерту
мақсатымен бойкот жасау, іріткі салу және анархия ту-
ғызу саясаты болатын, орталықтардың құрамын азды-
көпті болсын партиялық дұрыс өмірдің тәртібіне үйлес-
пейтін, кәзірде комитеттер көпшілігінің қарарлары арқы-
лы революциялық ортаның қоғамдық пікірі де теріске
шығарған жолмен өзгерту мақсатын көздеген саясат бо-
латын.

Бұл қарар Орталық Комитеттің тағы да оппозиция-

мен келіссөз бастауын тілейді. Келіссөз 5 айдан аса созылып отыр, ол партия ішінде толық іріткі салуда. Орталық Комитет жолдастық сенімді дәлелдеу үшін 1903 жылы 25 ноябрьде-ақ екі адамды кооптациялауға ризалық білдіру арқылы өзінің ақтық сөзін айтқандығын мәлімдеді.

Келіссөз жүргізу үшін жүріп-тұруға орасан көп қаражат жұмсалды және жұмысынан бөлінген революционерлердің онан да гөрі зор маңызды күштері мен уақыттарын шығын қылды.

Орталық Комитеттің өкілдері екі жақтан бірдей жаңа наразылық туғызатын, жаңадан орын таластарын туғызатын, тиімді жұмысқа адам айтқысыз кесірін тигізетін мұндай ұшы-қыйыры жоқ келіссөздерді қайтадан жүргізуге өздерін енді праволы емеспіз деп есептейді.

Біз, мұндай келіссөздердің партия өмірінің дұрыс өтуінің толық тоқталуы болып табылатындығына өте қатты көңіл бөлеміз.

Біз былай дейміз: Орталық Комитет бұл келіссөздер жөніндегі барлық жауапкершілікті азшылыққа жүктейді.

Біз былай дейміз: кәзіргі партиялық араздықтардан адал және дұрыс шығудың, орталықтардың құрамы үшін болып отырған бұл маскара күресті тоқтатудың, дереу партия съезін шақырудан басқа ешқандай әдісін, тіпті қайткен күнде де көре алмай отырмыз.

Сонымен бірге біз, Плеханов жолдастың қарарын қабылдағаннан кейін біздің, бұдан бұрын ұсынылған, қарарымыз шынында бекерге шығарылады және мүлде пайдасыз болып шығады деп таныймыз; сондықтан біз оны қайтарып аламыз.

Совет мүшелері.

Н. Ленин

Ф. Васильев

Президенти Ц.К. в. Центр Коммунистический
 в. Восточный фронт Ц.К. Президенты
 Президенты Ц.К. Восточный фронт, что
 эта работа на самом деле является
 работой партии, восточного фронта
 восточного фронта в партийной организации,
 а на самом деле это работа партии в восточном
 фронт, что на восточном фронте, восточный фронт.
 восточный фронт в восточном фронте.

крупнейшей партии

Эта работа, по своей сути,
 представляет из себя не что иное, как восточный фронт
 работы восточного фронта восточного фронта
 как работа восточного фронта в восточном фронте
 Ц.К. восточного фронта в восточном фронте.
 восточного фронта в восточном фронте: как

В. И. Лениннің қолжазбасының бірінші беті
 «Оргалық комитет өкілдерінің партия Советінің мәжілісінде
 1904 жылы 17 (30) январьда ұсынылған ерекше пікірі».
 Кішірейтілген

3

ПАРТИЯНЫҢ ІІІ СЪЕЗІН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ
ЖОБАСЫ 17 (30) ЯНВАРЬ

Партия Советі, партия ішінде ІІ съезден кейін болған
және бес айлан артық уақыт бойы созылып келе жат-
қан кәсіптік жарамсыз және іріткі салушы қарым-қатнас-
тарды тоқтатуға партияның орталық мекемелерінің күші
жетпейтіндігіне кезі жетіп, партияның ІІІ съезін шақы-
руға қаулы етеді.

[Faint, illegible handwriting covering the majority of the page]

[Faint, illegible text at the bottom of the page, possibly a signature or footer]

38

ПАРТИЯНЫҢ ІІІ СЪЕЗІН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ
ЖОБАСЫ (17 (30) ЯНВАРЬ)

Партия Советі, партия ішінде ІІ съезден кейін болған және бес айдан артық уақыт бойы созылып келе жатқан мүлде жарамсыз және іріткі салушы қарым-қатынастарды тоқтатуға партияның орталық мекемелерінің күші жетпейтіндігіне көзі жетіп, партияның ІІІ съезін шақыруға мауды етеді.

4

17 (30) ЯНВАРЬДА УСЫНЫЛҒАН ҚАРАРЛАРДЫҢ ЖОБАЛАРЫ

I

Партия Советі Орталық Комитеттің ең таяу уақыттың ішінде 5—6 мың сом ақша алуы үшін қолдан келген шараның бәрін қолдануды Орталық Органның редакциясынан сұрайды; бұл ақша туралы Орталық Орган мен Орталық Комитеттің арасында қағаз арқылы әңгіме болып келген, ал бұл ақшаны кәзіргі уақытта Россиядағы соңғы күйреулердің салдарынан туған ерекше жедел жағдайларға байланысты орталық партия кассасы өте-мөте талап етіп отыр.

II

Партия Советі Орталық Орган редакциясының Орталық Комитеттің ризалығы мен рұхсатысыз комитеттерге редакциядан өкілдер жіберуін теріс деп санайды, өйткені бұлайша өкілдер жіберу партияға іріткі салады және екі орталықтың арасындағы II съезд әбден белгілеген міндет бөлісу тәртібін бұзады.

III

Партия Советі Орталық Орган редакциясының, Орталық Комитеттің ризалығынсыз, Орталық Комитеттің құрамы туралы комитеттерге хабар жіберуін теріс деп санайды.

5

ПАРТИЯДА БЕЙБІТШІЛІКТІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӨНІНДЕГІ
ШАРАЛАР ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР
15 (28) ЯНВАРЬ

I

Менің партия ішінде жақсы бейбітшілік пен дұрыс қарым-қатнастарды қалпына келтіру шаралары туралы мәселе көтеруімнің себебі партия қызметкерлерінің арасындағы түсініспеушіліктердің саны қауіпті мөлшерге жетті. Егер партияның, белгілі бір жағдайлардың салдарынан өзара түсініспеушілікке ұшырап отырған, түрлі мүшелерінің өз жұмысында арқа сүйейтін жалпы негіз болмаса, онда жемісті партиялық жұмыс жүргізу мүмкін нәрсе деп мен ойламаймын. Партияның жеке мүшелерінің немесе жеке бөлімдерінің арасындағы қарым-қатнастардың асқынғандығы сонша, тіпті кәзірде, егер сөзбен ойнамайтын болсақ, *біртұтас* социал-демократиялық жұмысшы партиясы туралы сөз қылудың өзі қыйын болған болар еді. Мен, әрине, егер қажет болатын болса, осы жағдайды анықтайтын толық дәлелдемелер келтіре аламын (мысалы, Орталық Комитет пен Орталық Органның арасында болған іс қағаздарының көп оқығаларын еске түсірелік), бірақ, мүмкін, мен дәлелдеп отырған факт жалпыға мәлім болғандықтан, кәзір ол сықылды қытыққа тиетін дәлелдерге жүгірмеудің өзі жақсы болар. Сонымен, біз негізгі пәлені жою үшін неғұрлым батыл шаралар қолдануға әрекет жасауымыз керек. Әйтпесе партияның нағыз қарапайым, нағыз дағдылы актысы жөнінде үнемі сұрыпталынып алынған өте күшті сөздер және іріктелген... қалай жұмсартсам екен... мақтау десем бе екен... мақтаулар қосылған мүлде керексіз пікір алысушылық туатын жағдайға ұшыраймыз... Кейбір реттерде менің «тіл бостандығына» қол

сұққалы тұрған сыяқты болып көрінуім мүмкін, бірақ істің мәні, қыймыл жөнінде де бәрі бірдей тап-тұйнақтай болып тұрмағандығында болып отыр ғой. Өздерінің басты міндеті партия ішіндегі бөлектенуге бейім тұрғандарды біріктіру болып отырған Совет мүшелері ретінде, біз партия жұмысының барысына кедергі жасайтын егестерді жоюға әрекет жасауға тиістіміз, ал өзіміз тілесек мұның жойылмай қалуы мүмкін емес. Сонымен, мен, партия ішіндегі күрестің кейбір әдістеріне қарсы белгілібір шара қолдануға болмай ма деп сұраймын, өйткені мұндай әдістер партияны берекесі қашқан топтың дәрежесіне жеткізеді, оны әншейін бір жалған нәрсеге айналдырады. Мүмкін, Совет ортақ істің мүддесі үшін қарар алатын болар, бұл қарардың жобасын мен жазған едім, мен кәзір оны оқып шығам. Мен принциптік маңнада Советтің мынадай қарарын маңызды деп санаймын, ол қарар партия ішінде белгілібір мәселелер жөнінде өзара келіспей жүрген түрліше дара адамдардың немесе топтардың арасындағы күрестердің жол беруге болмайтын түрлерін жою және оларды теріске шығару мақсатын көздеуге тиіс. Қайталап айтайын, кәзіргі жағдай мүлде нашар және түзетуді керек етеді. (Аксельрод: «Бұған біздің бәріміз де қосыламыз».) Секретарьлардан Аксельрод жолдастың ескертуін протоколға жазуды өтінемін.

Мен енді өзім ұсынып отырған қарардың жобасын оқыймын.*

Міне Орталық Комитеттің атынан оның екі өкілінің де қолымен мен ұсынып отырған жоба осы, бұл жоба партия мүшелерінің арасындағы белгілібір алауыздықтарды жою жөніндегі белгілібір жеке мәселелерді шешу үшін емес, орыс социал-демократтарының жалпыға ортақ бір ісінің мүдделері үшін жұмыс істеушілер табан тірейтін жалпы негіз жасауға себеп болған болар еді.

II

Мен Орталық Органның екі бірдей өкілінің сөздерінен олардың партияда іс жүзінде бірлік орнату үшін батыл шаралар қолданудың қажеттігін принцип жағынан мақұлдайтындығына қанағаттана отырып көзім жетті. Мұ-

* Осы томның 141—144-беттерін қараңыз. *Ред.*

ның өзі біздің арамызда белгілібір жалпы негіз жасайды. Ал Плеханов жолдастың ұсынысы жөнінде мен мынаны айтуды керек деп санаймын: Плеханов жолдас маған өзім ұсынған қарардың жобасынан партия өміріндегі айтылып өткен зұлымдықтарды жоюға бағытталған неғұрлым маңызды практикалық шараларды жеке бөліп көрсетуді ұсынады және сонымен қатар бұл қарардың үндеулік сыйпаты бар екенін көрсетеді; шынында, менің ұсынысымның үндеулік сыйпаты бар екені рас, бірақ ол қарар нақ осыны көздеп жазылды ғой. Бұл «үндеудің» идеясы мынада: партиядағы күрестің жол беруге болатын түрін жол беруге болмайтын түрінен айыру керек деп Совет екі орталықтың атынан пікір айтатын болсын. Жалпы айтқанда, күрестің болмай тұрмайтындығын мен білемін, бірақ күрестің де күресі бар ғой. Күрестің, азды-көпті өмірге жанасымды партияда мүлде қолайсыз және жол беруге болмайтын әдістері бар. Сондықтан да Мартов жолдас: идеялардың арасындағы күрестен басқа, «Ұйымдастыру ісін асқындырушылық та» болды деп дұрыс айтты.

Ал біз мұнда күрес үшін жыйналып отырғанымыз жоқ, партия өміріндегі қолайсыз жағдайларды жою үшін жыйналып отырмыз, біздер, партия ішінде жол беруге болатын күрестің шектері туралы беделді нұсқаулар беру арқылы өзіміздің басқа жолдастарымызға әсер ету аламыз және әсер етуге тиіспіз де. Бірақ мен әсер етудің үндеуден басқа әдістерін білмеймін. Бұл арада практикалық ұсыныстарды жеке бөліп көрсету мағнасыз болып шыққан болар еді. Орталық Орган өкілдерінің мен жөнінде — ол партия өміріндегі қолайсыздықтарды айта келіп, бұл сыяқты қолайсыздықтардың себебін айтпады деген мәлідемесіне келетін болсақ, мен бұл жөнде былай деуге тиістімін: мен бұл позицияны кездейсоқтан тандап алғаным жоқ, әдейі біле тұра алдым, егер біз кәзір бұл онсыз да шатасып отырған түйінді аздап болса да қозғайтын болсақ, онда біз оны шеше алмайтынымыз былай тұрсын, қайта оны бұрынғыдан да гөрі шешіленістіріп аламыз деген қауіппен осылай еттім. Өйткені, біздің бұл түйін жөнінде бірдей көңіл бөліп отырған және өте субъективтік ниеті бар екі жақ екенімізді шынында да ұмытпау керек қой, сондықтан егер оны шешуге әре-

кет жасау керек болса, онда тіпті біз емес, қайта оның ижеленісу ісіне ешқандай қатысы болмаған адамдар әрекет жасауға тиіс. Ал біздің тарапымыздан мұндай әрекеттің болуы әртүрлі документтерді қайта қозғауға әжеп соққан болар еді, мұның өзі Советтің кәзіргі құрылы түсында тағыда қым-қыйғаш жанжалға әжеп соққан болар еді.

Өзіміздің пікірлеріміздің негізгі пункті еліп бар нәрсе-ні алайық, өйткені шындықты жойып жіберуге болмайды, сондықтан мен Мартов жолдастың барлық алауыздықтар мен соқтығысуларды белгілібір жанға жайлы жағымды сөздер арқылы жойып жіберуге болмайды деген сөзіне қосылуға шын ниетіммен дайынмын. Бұл дұрыс, бірақ біздің партиялық өміріміздің бұл сыяқты қайғылы жақтарына кім төреші бола алады? Менің ойымша, мұндай рольді атқару ісі қалай дегенмен де біздердің өзімізге жатпайды, сан жағынан көп адамдарға, — ұрыс-керіске қатыспаған, іске шын берілген практикалық қызметкерлерге, революционерлерге жатады. Біздің араздықтарымыздың себептері туралы мәселені сақтықпен орағытып өтіп, мен, алайда, өзіміздің жуық арада өткен уақытымыздың саласынан бір мысал келтіріп, пікірімді түсіндіремін. Күрестің созылғанына мінеки 5 ай болды. Осы уақыттың ішінде, менің ойымша, партиялық араздықты біржола жоюға әрекет жасаған аралық адамдардың саны 50 ге дейін барды, бірақ мен тек бір кісіні ғана білем, оның бұл бағыттағы ісі, өтешағын бола тұрса да, дегенмен біршама жақсы нәтижелер берді. Мен Травинский жолдас⁴⁴ туралы айтып отырмын, ол жөнінде мынаны ескерте кету керек: бұл адам тиімді практикалық революциялық жұмысқа белшесінен батып отырғандықтан, ол өзінің барлық назарын осы жұмысқа аударды, сондықтан ол дау-жанжалға қатысқан жоқ. Оның келістіру жөніндегі әрекеттерінің кейбір нәтижелер бергенін, сірә, тек осындай жақсы жағдайлармен ғана түсіндіруге болады. Менің ойымша, партиялық қолайсыздықтардың себептерін талдауға осы сыяқты адамдар қатысса, сонда бізді қайран қалдырып отырған түйінді шешу мүмкін болған болар еді. Ал біз ұрыс-керістің белгілібір себептерін тексеру ісіне айналысудан өте сақ болуға тиіспіз, өйткені бұл, біздің еркі-

миңге қарымастан, бізді (Мартов жолдастың айтқанындай) бір-бірімізге тағы да толып жатқан ескі жаралардың, әлі жазылуудан мүлде алыс жатқан жаралардың үстіне жаңа жаралар салуға әкеп соққан болар еді. Миссалықтан да мен себептерді талдап жатуға қарсымын және күресімнің әдістерін, ең болмағанда, азды-көпті жыл беруге болатын шеңберге түсіре алатын тұлғалар іздеп табуды жақтаймын. Екінші бірі: егер осы бағытта балпалық нәрсе істеуге болатын болса, онда мұны істеуге тырысу керек, ал егер болмайтын болса, егер күресуші жақтарға беделмен сендіру арқылы істер етуге болмайтын болса, онда тек бір-ақ нәрсе қалады — ұрыс болып жатқан жерден аулақ тұрған және өзінің тиімді практикалық міндеттерін жүзеге асырып жүргені, — үшінші адамдарға, — жаңағы мен айтқан адамдарға, — жүгінуу ерлік қалады. Белпалық жақты ісіндіруіс екеңдігің өзіміз айттып сендіре аламыз дегенге, мен күдіктенем. Бұл маған мүмкін емес сыяқты көрінеді.

III

Мен Плеханов жолдастың ұсынысын оңша түсініп отырғаным жоқ. Ол белпалық практикалық шаралар қолдану керек деген болса, менің жобамда мұндай практикалық шаралардың мүмкін екені көрсетіліп отыр. Сондықтан мынаны айту керек, бірқалыпты күреске, идеялық күреске, белпалық шеңберде жүргізілетін күреске жол беруге болады деп беделді түрде айту керек, бірақ, бойкотқа, Орталық Комитеттің басшылығымен қызмет істеуден бас тартуға, партияның орталық кассасына ақшалай жардам көрсетуден бас тартуға, т. т. істеуге жол беруге болмайды дегу керек. Сөзбен біз ешкімді де сендіре алмаймыз, деседі. Партияның екі бөлегінің арасында дуалық қарым-қатынас орнату үшін осының өзі-ақ жеткілікті деп дәлелдеуге менің де батылым бармайды, неге дегеніміз емдеуге тура келін отырған ауру шынында да асқынған ауру, неге десеміз, Мартов жолдастың айтқанындай, шынында да партияның екі бөлегінің арасында өте берік дуал орнап отыр. Мүмкін, біздер сол дуалды орнатып алып, енді оны қырата алмаспыз, бірақ мынада мүмкін емес еш нәрсе жоқ, біздер бір-бірімізге басқадан да гөрі қатты жара салдық; = біздер; Советтің

мүшесі ретінде, өзіміздің беделді үндеуіміз арқылы күрестің лайықсыз формаларын пайдаланудан жолдастарды сақтандыра аламыз. Дуалды қыйрату ісінде, менің ойымша, уақыттың атқаратын ролі сондай, ендігі жерде бәрі де кеми беретін болады. Ал үндеудің кейбір жерлерін екі жақ өздерінше ұғынуы мүмкін дегенге келетін болсақ, онда, менің ойымша, біз бұл арада не айтсақта, соның бәрінің де әрқыйлы ұғынылуы мүмкін. (Аксельрод: «Сондықтан тек айтып қана қоймай, сонымен қатар істеу де керек».) Сонсоң, Аксельрод жолдастың, менің ұсынысымды күрестің тек жаңа негізі ғана бола алады деп неліктен ойлайтынын мен түсінбеймін. Қайталап айтайын, партияның екі бөлегінің арасында орнаған дуалды біз қыйратпаймыз, өйткені оны құру үшін біз өзіміз көп күш жұмсадық, ал бұл дуалды біздің практикалық жұмыспен шұғылданып, біздің таластарымыздан аулақ болған жолдастарымыз ғана құлата алар еді. Мартов жолдас, бұл қағыйдаға — біздің жанжалымыз жөніндегі істе осы жанжалдан аулақ тұрған басқа жолдастардың пайдалы роль атқаратындығы туралы қағыйдаға принцип жағынан қарсы емес. Бірақ сонымен қатар, менің ойымша, орталық мекемелердің өкілдерінің арасында былай күресуге болады, ал былай күресуге болмайды деген келісім жасаудың бір ғана фактысының өзі — тек осының өзі ғана екі жақтың арасын бөліп тұрған дуалдың бір жерін тесе алар еді, ал содан кейін партия өмірінде болып отырған қолайсыздық төмен қарай құлдықпай берер еді.

IV

Плеханов жолдастың ұсынысы маған өте әртүрлі сезімдер туғызды. Күрестің себептері туралы айта келіп, ол осы жолмен нақ сол жаралардың дәл өзіне келіп соқты, мұндай жараларды біздердің бірімізге біріміз салғандығымызды Мартов жолдас та айтып өтті. Мен өзімнің жобамда, шабуыл қай жақтан жасалған күнде де, біздің күресімізде жол беруге болатын нәрселерді жол беруге болмайтын нәрселерден ажыратуға әрекет жасаймын. Егер біз, қашан, кімнен, не нәрсе шыққандығы туралы айтқан болсақ, онда біз мұнымен бітіре бастаған болар едік, яғни, әңгімемізді бітірген болар едік.

жөнінде айыпты екендігінен емес, тек пәлендей-түгендей жағдайлар болып отырғанда адамдардың өзара бірігіп жұмыс істегілері келмейтіндігінен ғана осылай деп айтуға болады. Сонымен, біз қолайсыздықтың себептерін қозғай бастағанның өзінде-ақ сол түйінді шешу қажеттігіне қайтадан кездесеміз, ал біз ол түйінді шеше алмайтынымыз былай тұрсын, қайта оны бұрынғыдан да гөрі ширеленістіре түсеміз. Көп адамдардың Орталық Комитеттің құрамына наразы болып жүргені рас; сондай-ақ Орталық Органның кәзіргі құрамына наразы болып жүрген де бірсыпыра адамдардың бар екені де рас. Мартов жолдастың, кәзіргі бар ұйымдарды «қыратуға» бола ма деген сұрауына мен былай деген болар едім: «Я! ұйымдарды қайта құруға әбден болады!». Партиялық компетентті мекеменің белгілібір адамдарды революциялық жұмыстың белгілібір түрінен алып тастауына бола ма? деген сұрауға мен: «Я, болады!» деп жауап беремін. Ал егер мен: белгілібір ұйымның тұтастығына және бұзылмауына белгілібір «қол сұғушылық» неліктен және қалайша туды, пәлендей бір адам партия ісінің пәлендей бір саласына не себепті ене алмады, т. т. деп сұрайтын болсам, — онда мен, шешуге өзіміздің күшіміз жетпей отырған нағыз сол түйіннің өзіне қарай тағыда қол созған болып шығамын. Сонымен ұйымдарды «қыратуға» болатын, болмайтындығы туралы мәселе бойынша да біз тағыда алауыздыққа келеміз. Осының бәрі біздің жанжалдарымыздың себептері туралы кәзір пікір айтудың ешбір пайдасыз екендігін және уақытты кұр босқа өткізу болып табылатындығын дәлелдейді. Құрлымдас өкілдік туралы мәселеге қайтып оралайын. Бұл туралы тек болып отырған жікке бөлінушілікті мойындау негізінде ғана айтуға болар еді. Біз бұл арада күресуші екі жақтың өкілдері болып табыламыз... (П л е х а н о в: «Біз мұнда күресуші жақтар ретінде жыйналып отырғанымыз жоқ, Совет мүшелері ретінде жыйналып отырмыз».) Плеханов жолдастың ескертуі оның өз қарарына қайшы келеді, ол қарарда партия ішінде, партияны екіге бөлген жанжалдың болып отырғандығы туралы айтылған, оның бержағында, қарардың айтуы бойынша, партияның бір жартысы, Орталық Комитет сыяқты орталық мекемеге мүлде өкіл болып енбеген көрінеді.

Әрине, біз ресми түрде күресуші екі жақтың өкілдері емеспіз, бірақ бұл өкілдік біздің айтыстарымыздың ба-рысынан туып отырғандықтан, ол туралы айтуға менің логикалық правом бар. (Плеханов: «Сіз, біз мұнда күресуші екі жақтың өкілдері ретінде жыйнадық деді-ңіз, сондықтан мен осы жөнінде өзімнің ескертуімді айт-тым».) Мүмкін, мен онша дәл айтпаған болармын, мұны бекер демеймін... (Плеханов: «Сіз дұрыс айтпады-ңыз».) Мүмкін, мен дұрыс айтпаған да шығармын, бұл жөнде таласып жатпаймын. Тек менің айтатыным, Пле-ханов жолдастың қарары, таласты жікке бөлінуді іс жү-зінде мойындау негізіне көшіреді. Біз жікке бөліндік, мен осыны ғана айтып отырмын. Егер бұл осылай бол-маған болса, онда қарар заңсыз болған болар еді. Пар-тияның көпшілігі Орталық Органның құрамына да на-разы, өйткені оның құрамындағы 5 адамның 4-еуі аз-шылықтың адамдары. Орталық Комитеттің құрамын өз-герту туралы кәзір қандай талап қойылып отырған бол-са, Орталық Органның құрамын өзгерту жөнінде Орта-лық Комитет тарапынан да нақ сондай талап қойыла-алар еді. Плеханов жолдастың қарары өзінің шын мәні бойынша тек бір жақтың ғана шарттарын мәлімдеумен бірдей... (Плеханов: «Мен көпшілікке де, азшылық-қа да жатпаймын».) Плеханов жолдас бізге, мен көпші-лікке де, азшылыққа да жатпаймын деді, бірақ Советте мұны одан басқа ешкім де айтпайды. Формалдық жағы-нан, устав тұрғысынан алып қарайтын болсақ, Плеханов жолдастың ұсынған қарары заңсыз. Алайда тағыда қай-талап айтайын, шын мәнінде ол қарар жікке бөлінуші-ліктің фактысына негізделгендіктен, тек осы мағнада ғана ұғынылуы мүмкін. Ал егер біржак өзінің «шартта-рын» айтып отырған болса, онда сол сыяқты өзінің «шарттарын» ұсынуға екінші жак та праволы болған болар еді. Біз «екі жақтан» жоғары емеспіз, нақ сол «екі жақтың» өзіміз. Сондықтан, егер біз іс жүзінде пар-тияда болып отырған осы жікке бөлінушілікті мойын-дайтын болсақ, онда біз өзіміздің таластарымыз бен «тү-сініспеушіліктерімізді» шешу үшін тек бірғана негізгі құралды мойындауға тиіспіз — үшінші адамдарға жүгі-руге тиіспіз. Мен бұдан да бұрын айтып өттім, партияда

тиімді жұмыспен шуғылданып жүрген және «көпшілік» пен «азшылықтың» күресіне қатыспаған адамдар бар. Міне тек осы адамдарға ғана жүгінуге болады.

V

Мен Мартовқа да, Плехановқа да қосыла алмаймын. Олар мұндай қарар мен сөздердің заңсыздығы туралы сөз болуға да мүмкін емес деп, екі дәлел келтіреді. 1) Мартовтың дәлелі Совет партияның ең жоғарғы мекемесі болып табылады деп көрсету. Бірақ Советтің атқаратын міндеті уставтың арнаулы қаулысымен тежелген жоқ па еді, бұл жөнінде кезінде Мартов жолдастың өзі де көп күш салған жоқ па еді. 2) Екінші дәлелдің мәні: Совет ұсынылған қарар арқылы тек өзінің ғана пікірі мен тілегін көрсетеді деу. Совет, әрине, өз пікірін айта алады және өз тілегін көрсете алады, бірақ ол нақтылы бір нәрселерге қол сұқпауға тиіс. (Плеханов: «Әрине! Әрине!...») Совет тек Орталық Комитеттің құрамына кооптация жасауды ұсына алады, бірақ онда Орталық Комитет Орталық Органның құрамын да өзгертуді талап етеді. Мен белгілібір жағдайларда құрлымдас өкілдікті жақтауға әзірмін. Бірақ мен былай деп сұраймын: Орталық Органда құрлымдас өкілдік бар ма? Орталық Органның құрамы мынадай: 4 адамға бір адам, соның өзінде осы біреудің өзі не көпшілікке, не азшылыққа жатпайды. Орталық Комитет бір кезде 9 адамға 2 адамнан болсын деп ұсынған болатын;⁴⁵ бұл толық лағушылық дәуірінде, жікке бөліну қарсаңында болған еді. Келіспеушіліктің қандайы болса да, белгілі мағнада, жікке бөліну болып табылады, ал партияның өкі бөлегі бірігіп қызмет істегісі келмейтін болса, онда бұл іс жүзінде жікке бөліну болып табылады. Біз тек жікке бөліну тұрғысынан қарағанда ғана Плеханов жолдастың қарарының мағнасы бар деп таный алар едік. Ол қарарға *ultima ratio** деп қарауға болар еді, бірақ олай болғанда орталық мекемелердің құрамын өзгерту жөнінде екі жақтың да правосы бірдей болған болар еді. Орталық Органның құрамына Орталық Комитеттің де наразы екеніне мен әбден сенемін. Болып өткен съезд туралы мәселені қозғасақ болғаны біздің арамызда соқ-

* — ең соңғы құрал. *Ред.*

тығысулар келіп туады, жәнеде біз ешқандай мәмілеге келе алмаймыз. Мысалы, Плеханов: съездің редакцияға үшіншіні сайламағандығының себебі ондай үшінші болмады-мыс, дейді. Ал менің айтатыным, съездің үшіншіні сайламауының себебі съезд редакцияға Мартов жолдасты енеді деп сенді. Советтің құрамы туралы да осыны айтуға болады. Съезде көп адамдар Мартов жолдасты редакцияның мүшесі ретінде Советтің құрамына кіреді деп ойлады. Әңгіме құрлымдас өкілдік туралы болып отырғандықтан, Орталық Органды көпшілік деп аталатындардың енді бір алты мүшесімен толықтыру керек деп көпшілік айта алады және айтады да. Бірақ бұл сыяқты пікірлер бізді қажетті нәтижеге жақындата алмайды, сондықтан, мен, Плеханов жолдастың қарары менің қарарымнан нашар деп ойлаймын. Менің «жол беруге болатын және жол беруге болмайтын» нәрселер туралы қарарымның мынадай маңызы болар еді: біз күресуші жақтардың өкілдері ретінде қалған жолдастарға күрестің рұхсат етілген формаларынан асып кетпе деп ұсыныс жасаған болар едік.

Біз тек бір ғана заң тұрғысында болуға тиіс емеспіз, өйткені партия ішіндегі қарым-қатнастардың қолайсыздығын біздің жалпы мойындауымыз істің шын мәнінде біздің күресіп жатқан екі жақ екенімізді, Орталық Орган мен Орталық Комитет екенімізді мойындаумен бірге дей. (Плеханов: «Бұл жерде редакцияның мәжілісі болып отырған жоқ, Советтің мәжілісі болып отыр».) Я, мен мұны ұмытып отырғаным жоқ. Заң тұрғысынан карағанда біз орталық мекемелерде құрлымдас өкілдіктердің болуы туралы айта алмаймыз. Сонымен қатар саяси тұрғыдан карағанда да бұл пікірді айту пайдасыз нәрсе, неге десеніз бұлай болғанда бізге екінші жақтың тілегін тындамай тұрып, тек бір жақтың ғана тілегін еске алуға тура келеді. Біздің арамызда өзіміздің талапымызды шеше алатын үшінші жақ жоқ. Ал оның бері жағында тек осы үшіншінің пікірі ғана саяси жағынан да, моральдық жағынан да маңызды болған болар еді. Жікке бөлінушілік іс жүзінде болып отыр, және де егер азшылық еш нәрсемен санаспай, өзін көпшілікке айналдыруды көздеп әрекеттене беретін болса, онда біз формалдық түрде жікке бөліну қарсаңында тұрмыз.

6

ПАРТИЯДА БЕЙБІТШІЛІКТІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӨНІНДЕГІ
ШАРАЛАР ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР
16 (29) ЯНВАРЬ

VI

Мен ең алдымен Мартов жолдастың маған жасаған келелі қарсылықтарына жауап беруді қажет деп санаймын; бірақ Плеханов жолдастың айтқан қарсылықтарын да жауапсыз қалдырмау үшін, мен алдымен осы соңғыларға қысқаша тоқталып өтемін. Маған Плеханов кұрлымдас өкілдік көзқарасында тұрған сыяқты болып көрінді... (Плеханов: «Олай емес!».) Мүмкін мен оны түсінбеген шығармын, бірақ маған солай сыяқты болып көрінді. Бізде, партия ұйымында, кұрлымдас өкілдік принципі қолданылмайды, сондықтан мүшесі съезде сайланған белгілібір мекеме кұрамының заңды болуының бірден-бір белгісі съезд көпшілігінің анық айтылған еркі болып табылады. Бірақ бұл арада: съездегі заңды сайлаулар істің сондайлық «заңды» жағдайын туғызды, бұл жағдай заңсыз жағдайдан да жаман, деседі. Бұл дұрыс, бірақ неліктен? Көпшіліктің онша көп болмағандығынан ба, әлде азшылықтың іс жүзінде жікке бөлінушілік туғызғандығынан ба? Орталық Комитет тек 24 дауыспен ғана сайланды, яғни көпшіліктің сәл ғана басым болуы арқылы сайланды, сөйтіп партия өміріндегі мұнан былайғы жердегі қолайсыз шиеленісулердің бәрінің себебі нақ осы жағдайға келіп тіреледі-мыс деседі, мұндай пікірді мен теріс деп таныймын. Плеханов жолдастың менің «формалистік ой-пікірім» жөніндегі ескертуіне келетін болсақ, ол ой-пікір маған істің негізіне көз жіберуіме мүмкіндік бермейтін тәрізді, шынында мен айтсам, бұл ескертудің не нәрсе екенін түсінбеймін? Мүмкін «істің негізі» съезде жатқан болар? Олай болатын болса

біздің бәріміз де формалистерміз, өйткені, съезге ой жүгіртуде, оның формалдық қаулыларына сүйенуге тиіспіз. Егер «істің негізі» съезден тыс жерде жатқан болса, онда ол қай жерде? Шынында, партия ішіндегі іс жағданы заңсыздықтан да жаман болып шықты (бұл өте жауапты сөздер), бірақ барлық мәселе мұның не себепті нақ осылай болып шыққандығында? бұған съезд айыпты ма немесе съезден кейінгі болған жағдайлар айыпты ма? Амал не, Плеханов жолдас мәселені бұлай қойып отырған жоқ.

Мен енді Мартов жолдастың сөзіне келейін. Ол, бірігіп жұмыс істемеу ниеті азшылық тарапында жоқ және болған да емес дейді. Бұл дұрыс емес. Үш ай бойы — сентябрь, октябрь, ноябрь бойы — азшылықтың көптеген өкілдері бірге жұмыс істегілері келмейтінін іс жүзінде көрсетті. Мұндай реттерде бойкотталған жақтың тек бір-ақ әдісті қолдануына — жұмыстан бойын аулақ салып, партияны жікке бөлінушілікке әкеп соғатын «зәбірленген» оппозициямен шарт жасауына, келісім жасауына тура келеді, неге десеңіз бірігіп жұмыс істеуден бойын аулақ салудың осы фактысының өзі жікке бөлірудің дәл өзі болып табылады. Жұрт біз сіздермен бірігіп жұмыс істегіміз келмейді деп тікелей айтып, сонымен қатар олар «біртұтас ұйымның» жалған нәрсе екенін, шынында оның бүлінгендігін іс жүзінде дәлелдеп отырғанда, олар осылай ету арқылы әбден сенімді болмағанымен, нағыз *жойқын* дәлелді қойып отыр... Мартов жолдастың екінші қарсылығына — Ру⁴⁶ жолдастың Советтен шығуы жөніндегі қарсылығына келейін. Бұл мәселе жеке екі мәселеге бөлінеді. Біріншіден, Ру редакцияның мүшесі болмаса да, оны редакциядан Советтің мүшелігіне тағайындау заңды ма еді? Мен заңды ғой деп ойлаймын. (Мартов: «Әрине, заңды!».) Мартовтың ескертуін протоколға енгізуіңізді сұраймын. Екіншіден, оларды өкіл етіп жіберген мекемелердің еркі бойынша Совет мүшелерін ауыстыруға бола ма? Бұл мәселе қыйын мәселе, бұл мәселені алайда, былайда ұғынуға болады. Қалай дегенменде, редакцияның 1-ноябрьден бастап бірден-бір мүшесі болып қалған Плеханов, Руды 26-ноябрьге дейін, Мартов және оның серіктері кооптацияланғанға дейін, Совет мүшелігі қызметінен

алмағандығын көрсете кетемін. Ру өзінің жеке басына байланысты таласты қоздырмау үшін орнын беріп өзі кетті. (Плеханов: «Меніңше, Ру жолдас туралы таластар кәзір орынсыз сыяқты. Бұл мәселе біздің күн тәртібімізде тұрған жоқ, сондықтан бұл мәселе жөнінде, бұл жерде біз үшін қатысы жоқ мәселе жөнінде таласу үшін қымбат уақытымызды күр босқа өткізудің не қажеті бар екенін мен білмеймін».) Мен көрсете кетуге тиіспін, Мартов жолдас өткен мәжілісте осы мәселе жөнінде өзінің берген түсінігін протоколға жазуды сұраған болатын, — ол түсінікке мен ешбір қосылмаймын, және де егер екінші жаққа нақ осы мәселе туралы өзінің пікірін айтуға рұхсат етілмесе, онда бұл мәселе, бұл жерде, Советте, теріс, сыңаржақ болып түсіндіріледі. (Плеханов: «Мен тағы да ескертемін, бұл мәселе кезекте тұрған мәселе емес, сондықтан біздің кеңесіміздің басты міндетіне мұның тікелей қатнасы жоқ».)

Ленин, бұл тұжырымға қарсы шығып, өзінің (Лениннің) Мартовқа қарсы шыға отырып, осында түрліше талқыланып отырған фактыға түсінік беруге праволы екендігі жөніндегі мәселені шешу туралы Советке шағым береді. (Плеханов Ру туралы мәселе жөнінде бұл жағдайда жарыс сөздер сөйлеудің орынсыз екендігін тағы да көрсетеді.)

Ленин кәзірдің өзінде-ақ Советте сөз болып айтыс тұғызған мәселе бойынша сөйлеуге Советтен рұхсат сұрауға өзінің праволы екенін айтады. (Мартов: «Ленин жолдас, Советте өкіл болып отырған коллегиялардың өз делегаттарын шақырып алу жөніндегі правосы туралы маңызды мәселені қозғағандықтан, мен бұл мәселені біржола шешу туралы ерекше ұсыныс жасаймын. Мүмкін бұл мәлімдеме Ленин жолдасты қанағаттандырар да, оның осы айтыстардан Ру туралы мәселені жоюына себепші болар».)

Мартов жолдас менің Ру жолдастың Советтен шығуы туралы мәселені кәзір-ақ тиісті түрде түсіндіру ниетімді теріске шығармайтындығы былай тұрсын, қайта бұл ниеттің дәлелді екендігін растап отыр. Менің бұл мәселе жөніндегі берген түсінігім Мартов жолдастың тиісті ескетулеріне берілген жауап қана болғанын ашып айтамын. (Плеханов Мартов пен Ленинге ескерту жа-

сайды, Ру туралы мәселе кәзір талқылауға жатпайтын мәселе, өйткені Советтің осы сессиясында Совет мүшелері көңіл аударуға тиісті мәселелердің ішіне кірмейтін мәселе дейді.) Мен Ру жолдас жөніндегі мәселені мұнда талқылаудың орынсыздығы туралы Плеханов жолдастың пікіріне қарсымын, өйткені Ру Совет мүшелерінің ауыспауын жақтаған болатын, сондықтан Рудың Советтен шығуын партияда дұрыс бейбітшілік орнату мүдделері үшін оның оппозицияға көшілік жасауы деп қаралуға тиіс. (Плеханов: «Советтің Ру жолдас туралы мәселе жөнінде пікір алысуға ешқандай қарсылығы жоқ болғандықтан, мен Ленинге бұл туралы сөйлей беруді ұсынамын».) Мен айтып болдым. (Плеханов: «Егер сіз айтып болған болсаныз, онда мен Советке, кеше Ленин жолдас екеуіміз ұсынған қарарды талқылауға көшуді ұсынамын».)

Мен Мартов жолдастың, Советтің қарарларының заңдық емес, моральдық маңызы болар еді дегеніне қосыламын. Плеханов жолдас, егер редакцияға Ленин кірсе жақсы болар еді, дегенді айтты. (Плеханов: «Мен бұлай деп айтқаным жоқ».) Дегенмен менде сіздің сөзіңіз нақ былай деп жазылған: «Ленин редакцияға кіріп, Орталық Комитет үш адамды кооптацияласа бәрінен де жақсы болған болар еді». (Плеханов: «Рас, мен айттым, айтқанда, белгілібір жағдайларда партияда тыныштық орнату үшін Ленинді редакцияға кіргізіп, азшылықтың өкілдерін Орталық Комитетке кооптациялауға болады дедім».)

Маған осында қойылған сұрауға — Орталық Орган редакциясының құрамына қандай өзгеріс енгізу дұрыс болар еді дейтін сұрауға жауап бере келіп, «көпшіліктің» пікіріне сүйену маған жеңіл болды, өйткені ол көпшілік редакциядан Аксельрод, Засулич және Старовер жолдастардың шыққаны дұрыс деген пікір айтты. Соған соң мен мынаны айтуға тиіспін, Орталық Комитеттің әрекеттерінде белгілібір адамды партия жұмысынан шығару жөнінде бірде-бір факты болған емес. Сондай-ақ Мартов жолдастың: Орталық Комитет бір жақтың екінші жаққа қарсы соғысының құралы болып отыр деген мәлімдемесіне қарсылық білдірмей қоя алмаймын. Орталық Комитет «бір жақтың екінші жаққа қарсы соғы-

сының» кұралы болып тағайындалған жоқ, партиялық қызметтерді атқару ісінің кұралы болып тағайындалды. Мартов жолдастың бұлай деуі фактыларға мүлде қайшы келеді. Орталық Комитет азшылыққа қарсы «соғыс» бастады және соғыс жүргізді деп ешкім ешқандай фактымен дәлелдей алмайды. Қайта, азшылық бойкот жарыялауды бастап, соғыс жүргізді, бұл соғыс сөзсіз тойтарыс беруді туғызды. Сонан кейін, Орталық Орган жөніндегі сенімсіздіктің бейбіттік тиімді жұмысқа жасаған бөгетінен гөрі, мен Орталық Комитет жөнінде болып отырған сенімсіздік Орталық Комитетке көбірек бөгет жасайды дегенге де қарсылық білдіремін. Мартов жолдастың таласып отырғанындай келіспеушіліктің орталығы шет елде емес, Россияда-мыс дегенге келетін болсақ, онда мен партия документтері мұның керісінше екенін көрсететіндігін айта кетуге тиіспін. Мартов жолдас, 25 ноябрьдегі документке сүйеніп, Орталық Комитет азшылықтан екі адамды кооптациялауға ризалық білдіру арқылы өз кұрамының сыңаржақтық сыйпатын принцип жүзінде өзі мойындады деді. Мен бұл документті бұлай түсіндіруге қарсылық білдіремін, өйткені бұл документті жазуға мен өзім де қатыстым. Орталық Комитеттің актысының мүлде басқаша маңызы болды. Орталық Комитет екі адамды кооптациялауға ұйғарғанда өз кұрамының сыңар жақтылығын мойындағандықтан істеген жоқ, бұлай ұйғарған себебі, біз партия ішінде іс жүзінде толығынан жікке бөлінушілікті көрген болатынбыз. Істің жағдайын біз дұрыс түсіндік пе немесе теріс түсіндік пе — ол басқа мәселе... біз сол кезде жаңа орган шығайын деп жатыр деген лақап естідік... (Плеханов: «Егер біз лақапқа сүйенетін болсақ, онда біз ешжерге келе алмаймыз». Аксельрод: «Ал мен, кәзір жаңа орган шығайын деп жатыр деген хабар естідім...».) Мен Советке жүгінем: Мартов жолдас Орталық Комитеттің қағазын⁴⁷ белгілібір мағнада түсіндіргендіктен, мен осы мәселе жөнінде өзімше түсінік беруге тиіспін... Менің ескертуімнің бұл арада неліктен осындайлық толқу туғызғанын мен түсінбеймін. (Плеханов: «Әңгіме толқу туралы болып отырған жоқ, лақапқа сүйенудің бұл жерде орынсыз екендігі туралы болып отыр».) Менің дәлелдерімді негізсіз деп айтуы мүмкін. Мүмкін солай шығар!

Бірақ мен қалай дегенмен де бұл дәлелдердің мен тек жана ғана айтып өткен сыйпаты бар екенін айтамын.

Істің өз жайына келейік: Мартов жолдас екі адамды кооптациялауға ризалық білдірген Орталық Комитеттің дәлелдеріне шүбәланады. Ал менің айтатыным: Орталық Комитет партияда іс жүзінде жікке бөлінушілік кәзірдің өзінде-ақ болып отыр және ерекше органның бақырылып шығуы, ерекше транспорттың болуы және Россияда өз алдына бөлек ұйымның болуы мағнасы жағынан алып қарағанда, біз толығынан формалдық түрде жікке бөліну қарсаңында тұрмыз, деген пікірге сүйенді. Енді тәртіп жөнінде айтатыным: Мартов жолдас тәртіп жөнінде ескерту жасаған жоқ, істің мәнісі жөнінде ескерту жасады. Советке мынадай сұрау қоямын: бұл жөнінде председателдің істеген әрекеттері дұрыс па?

VII

Мартов жолдас мені партия ішінде бейбітшілік орнату шараларын іздестіру жөніндегі жалпы мәселені талқылауға асып-саспай, ынтымақтасып кірісудің орнына, бірден айтыстан бастады-мыс, дейді. Мен бұған қосылмаймын, неге десеңіз айтысты бастаған Мартов жолдасының дәл өзі. Менің қарарымның жобасында айтысқа жататын ешнәрсе жоқ. Аксельрод жолдас бұл қарарды «пастырлық үндеу» деп бостан-бос атамаған бөлар. Ал пастырлық үндеулерде айтыстың болмайтыны жұртқа мәлім. Шынында да менің ол қарарымда: партия ішіндегі күрес қандай шеңберде жүргізілуге тиіс, мұндай күрестің қандай формаларын жол беруге болатын формалар деп есептеу керек және қандай формалары жол беруге болмайтын форма деп, партия өмірінің қалыптасы барысына қауіпті болып табылатындығы былай тұрсын, сонымен қатар тіпті партияның өмір сүруінің өзіне де қауіп келтіреді деп танылу керек екендігі жөнінде ғана сөз болған болатын. Сонымен қатар мен мәселені тағы да түк шықпайтын күрғақ айтысқа бізді соқтырмайтындай етіп қоюға барынша тырысып бақтым, — мен өзімнің ұсынысымда партияның екі бөлегінің арасында бөлінген жарты жылдық дерлік соғыста көрініп келген күрес әдістеріне баға беруден бастамауға тырыстым. Ал

Мартов жолдас осы негізде қалғысы келмей, айтысты үдете түсті. Бірақ дегенмен, егер керек болатын болса, мен өзімнің бастапқы мәселеме кейінірек оралып соғуға әзірмін. Енді мыналарды көрсетіп өтемін. Мартов жолдас Травинский редакцияның құрамына оның ескі мүшелерінің кооптациялануын құттықтады, дегенге сүйенді. Мен бұл арада жеке әңгімелердің немесе жеке келіссөздердің ешқандай маңызы жоқ екендігін баса көрсетіп өтуді қажет деп санаймын. Травинскиймен арадағы барлық ресми келіссөздер қағаз жүзінде жүргізілді. Ал оның жеке мәлімдемелерін Мартов жолдас, сірә, дұрыс түсінбеген болу керек, сондықтан мен, егер қажет болатын болса, мұны *басқа бір уақытта* дәлелдеп көрсете аламын.

Сонсоң Мартов жолдас Орталық Комитеттің жұмысында толып жатқан түрлі кемшіліктер бар дегенді айтты; Мартов жолдас бұлай деу арқылы тағы да айтыс саласына түседі. Мүмкін Орталық Комитеттің жұмысында кемшіліктер бар шығар, бірақ бұл жұмысты Орталық Орган өкілінің сынауы нақ айтыстың дәл өзі болып табылады. Мен, мысалы, өз тарапымнан, Орталық Органның жұмысын тура жолдан тайған жұмыс деп таныймын, бірақ мен сонда да бұл арада әңгімені Орталық Орган жұмысының алған бағытын сынға салудан бастағаным жоқ, Орталық Комитет пен Орталық Органның арасында *бір-біріне* наразы болушылық бар деп мәлімдеуден бастадым. Сонан соң мен, егер менің қарарымды Совет қабылдайтын болса, онда бұл қарар Советті «соғыс құралына» айналдырар еді, дейтін пікірге де қарсымын. Менің үндеуімде күрестің қандай формаларына жол беруге болады, қандай формаларына жол беруге болмайтындығы туралы ғана айтылады... Бұл арада «соғыс құралының» не қатысы бар? Аксельрод жолдас — Ленин «мадақтаудан бастап, бәлағаттаумен аяқтады» дейді, сөйтіп мені өзінің барлық назарын партияда жікке бөлінушілік бар екенін дәлелдеуге аударды деп кінәлады. Бірақ біз жікке бөлінушіліктің бар екенін күні кеше айтқанымыз қайда... Сонсоң, Мартов жолдас келіспеушіліктің орталығы шет елде емес екенін дәлелдеу үшін Васильев жолдастың 12 декабрьдегі хатынан цитат келтірді, ол хатта Россияда нағыз дозақтың⁴⁸ дәл

өзі делінген. Бұл жөнінде мен «дозакты» әлсіз топтар да «жасай алады» дегенді ескертемін, өйткені нақ сол ұсақ-түйек ұрыс-керістер жұмысқа зор кедергіні басқадан да гөрі көбірек және онайырақ жасай алады. Мен бұрынғы редакторлардың біріне өзімнің 13 сентябрьде жазған хатымды ескертіп өттім. Бұл хатты мен бастырып шығарамын⁴⁹. Плеханов жолдас, «батпак» деген сөз — бәлағаттау сөз дейді. Естеріңізге салып өтейін, немістің социалистік әдебиетінде де, неміс партиясында да съездерде *vegsumpit** деген термин кейде жұртты күлдіреді, бірақ ешуақытта — бәлағаттау жөнінде байбалам тудырмайды. Бұл сөзді қолданғанда менің де, Васильев жолдастың да біреуді бәлағаттау ойымызда да болған жоқ. Белгілі бағыты бар екі жақ туралы сөз қылғанда, осы екі бағыттың арасындағы табансыздар мен ауытқушылар «батпак» деген терминмен сыйпатталады, бұл терминнің орнына «қақ орта» деп айтуға да болар еді.

Орталық Комитетті ешқандай орталықпен жұмысы жоқ деп атау — мүмкін өткір тілді сөз болар, бірақ бұл да айтысқа әкеп соғады. Орталық Орган туралы менің де осы мағнада айтуыма болар еді ғой. Маған сенің «үндеуің» аллопатикалық зұлымдыққа қарсы бағытталған гомеопатиялық құрал болып табылады, деп көрсетеді. Мен ұсынып отырған құралдың тек шала-шарпы құрал болып қана табылатындығын өзім де бекер демеймін, бірақ біз аллопатикалық құралды бұл арадан таба алмаймыз ғой. Егер сіздер болып отырған зұлымдыққа қарсы «аллопатикалық», шешуші құралдың қажеттігі туралы сөз қозғайтын болсаңыз, онда акырына дейін барыңыз. Ондай құрал бар, ол бірден-бір шешуші құрал — мұндай құрал ол съезді болып табылады. Біз құр босқа арам тер болып өзара ұғыныса бастағанымызға 5 ай болды («дұрыс емес!»)... жоқ, бұл дұрыс, мен мұны сіздерге документ арқылы дәлелдеп көрсетем... Біз 15 сентябрьден бастап ұғыныса бастадық, бірақ осы күнге дейін ұғынысқанымыз жоқ. Бұлай болғандықтан, кеше Мартов жолдас та айтқан коллегияға жүгіну дұрыс болмас па екен, ал ондай коллегия партия қызметкерлерінің съезі ғана бола алады. Партия съезі — нақ

* — батпақтық. Ред.

сондай коллегия, ол коллегия «дирижер нұсқаушы» туралы мәселені шешеді. Біз съезге қатысқанда, айта кету керек, «дирижер нұсқаушы» жөнінде де «таласу» үшін қатысамыз (бұл сөз, әрине, өрескел мағнада айтылып отырылған жоқ). Съезде күрес билеттер арқылы, жолдастармен қатнастар жасау арқылы, т. т. арқылы болады, жәнеде съезде орталықтардың құрамы үшін болатын мұндай күрес — орынды күрес, ал съезден тыс қарғы жерде ондай күрес партия өмірінде болмауға тиіс еді.

Сөйтіп, егер менің «пастырлық үндеуім» шала-шарпы құрал болатын болса, онда егер сіздер зұлымдықты үздіксіз нәрсе еткілеріңіз келмесе, съезден басқа шешуші құрал жоқ. Аксельрод жолдас Батыс Европада орталық мекемелердің өкілдері өздерінің саясаты жөніндегі оппозициямен партияның тіпті нағыз барып тұрған алыс түкпірінде де санасады және шыққан дау-жанжалдарды онымен келіс сөздер жүргізу арқылы жөндеуге тырысады, деп көрсетті... Осыны біздің Орталық Комитет те істеп отырған жоқ па. Орталық Комитет осыған бола өзінің екі мүшесін шет елге жіберді⁵⁰, Орталық Комитет оппозицияның түрлі өкілдерімен ондаған рет сөйлесті, олардың дәлелдерінің сорақылығын, олардың қорқыныштарының ойдан шығарылған нәрсе екендігін және тағы сондайларды дәлелдеп көрсетті. Мұндай істің күштерді ақша мен уақытты адам айтқысыз ысырап ететіндігін көрсете кету керек, міне осы мағнада айтқанда біз тарих алдында шын жауаптымыз.

Практикалық ұсыныстар туралы мәселеге қайта оралып, тағыда айтатыным: айтыстың осы қайғылы дәуірін жоюдың сіздерде тек бір ғана құралы бар — ол құрал съезд. Менің қарарым, партия ішіндегі күресті неғұрлым қалыпты шеңберге түсіруді көздейді... Тікен бәрібір кірген жерінде қалады, өйткені аурудың тамыры алыс жатыр деседі... Олай болатын болса тек съезді шақыру арқылы ғана бүкіл тікенді жұлып алуға болады.

VIII

Анықтауға және дәлелдеуге бағытталған талаптың бәлағаттайтын талап екендігі туралы айтудың өзі адам күлерлік нәрсе. Біз жеке әңгімелерді теріс түсіндірудің

қандайлық толып жатқан түсініспеушіліктерге және тіпті жанжалдарға әкеліп соғатындығын ондаған рет (әсіресе Лиганың съезінде) көрдік. Бұл фактыны мойындамау өрескел нәрсе болған болар еді. Мен былай деймін: Травинский жолдастың жеке әңгімелерін Орталық Органның өкілі де, бір жағынан Плеханов жолдас та теріс ұғынған. Оның бержағында Травинский жолдас 18 декабрьдегі хатында маған былай деп жазады: «Редакцияның комитеттерге нағыз барып тұрған хасиетсіз (мен бұдан да қатаң сөздерді жұмсартып отырмын) ресми хат жібергендігі туралы тек жаңа ғана хабар алынды. Ол хатта редакция Орталық Комитетке тікелей қарсы шығатын көрінеді, Совет арқылы өзіміздің тілеген адамымызды кәзірдің өзінде-ақ кооптациялап та аламыз деп қорқытады, бірақ әзір ондай шара қолдануға барғысы келмейтін көрінеді және Орталық Комитет семья болып алыпты, оның қызметке қабілеті жоқ, Ленинді кооптациялау заңсыз, деп көрсетіп комитеттерге айтатын көрінеді... Басараздықтан айтылған талай сөздер бар. Бір сөзбен айтқанда адам шыдарлық нәрсе емес... және (мен тағы да тым қатаң сөздерді тастап кетіп отырмын) бұл маған берген уәденің бәрін бұзғандық. Мен қатты ашулымын. Плеханов осыған да қатысты ма екен? Екатеринослав комитеті бұл хатқа өте ашуланып, мейлінше қатаң жауап қайтарыпты... Қәзір азшылық байланыс салаларын есі кетіп үзуде. Комитеттерге жіберілген хат, меніңше, ең соңғы тамшы және ашықтан ашық шақыру болып табылады. Ал менің өзіме келетін болсақ онда Ленин өзінің хатын «Искрадан» басқа жерде басып шығаруға праволы деп таниймын. Басқа жолдастар да бұған қарсы іштеңе айтпас деп ойлаймын».

Травинский жолдастың пікірі туралы теріс ұғынылғандығын дәлелдейтін жағдай, міне осы. Травинский жолдас партия ішінде дұрыс бейбітшілік орнату ісінен үміттеніп, кооптацияны қолдаған болар, бірақ оның үміті ақталмады.

Мартов пен жолдастардың редакциясы бейбітшіліктің орнына көпшілікке қарсы соғыс жарыялаған болып шықты. Ал Травинский бейбітшілікке сенді және сене алатын еді.

Плехановтың «анархиялық жекедарашыларды» тоқтату әрекеті (оның күш салуына қарамастан) жүзеге ас-

пады. Сондықтан Травинский екеуміздің үмітіміз, үміт болғанда, Плеханов жаңа редакцияны көпшілікке қарсы соғыс ашуға жібермейді ғой деген үмітіміз, ақталмады. Бұл үміт атаулының бәрі бірдей орындала бермейтіндігін дәлелдейді; менің өзім де бейбітшілік орнатуға себепкер болады ғой деп үміттеніп редакциядан кеттім, бірақ менің үмітім де ақталмады. Жеке келіссөз жүргізу фактысын ешкім де бекер демейді, тек үміттенуді, жеке адамдардың арманын көрсетіп айтқан сөздерді тұтас коллегиялардың қарарларынан айыра білу керек. Менің, жеке келіссөздерден бұл арада қортынды жасау қолайсыз екендігі жөнінде айтқан ескертуімнен Совет мүшелері үшін қорлағандай іштеңе де жоқ. Травинский жолдас Орталық Комитетке кооптация жасауға уәде берді дегенді мен үзілді-кесілді бекерге шығарамын. Сөз жоқ, ол кетерде бейбітшілік болады деп сенді және осы бейбітшіліктің нәтижесінде кооптация жасауға болар деп таныды, бірақ оны жүзеге асыру жөнінде үзілді-кесілді уәде еткен жоқ.

Мартов жолдас менің үндеуіме қарсы оны тек қана бір жақтың айыптауы деген дәлел келтіреді. Мүлде олай емес. Тіпті, менің қосымша қарар енгізіп, Мартов жолдасқа ұнамайтын сөздерді өзгертуіме болады, бірақ оның менің қарарымды сыңаржақ қарар деуі — қайдағыбір *non sens**. Бұрын менің қарарымды пастырлық үндеуге ұқсайды, айтатыны ылғый жалпыға мәлім нәрселер, т. т. деген еді, бірақ оны жаңа жаралар салуға бейімделген қарар деп ешкім де айтпаған еді. Мартов жолдас мені былай деп кінәлайды: мені Плеханов жолдастың Орталық Комитет «азшылықтың» өкілдерін кооптациялағысы келе ме, келмей ме деген сұрауына тура жауап беруден бұлтарады дейді. Егер біз Орталық Комитеттің 9 мүшесінің барлық қалған адамдарының бұл мәселеге кәзір қалай қарайтынын білмесек, қойылған сұрау бойынша сіздерге қалай жауап бере алмақпыз. (Плеханов: «Сіз Мартов жолдасты түсінбедіңіз».) Мені әдейі бұлтарып ұтыр деу — адам күлерлік нәрсе. Мен мұндай жауапты бере алмадым да, ал бұл үшін мені бұлтарды деп кінәлайды. Орталық мекемелердің құрамына наразы болушылық екі жақта да бар деп, мен ашық

* — мағнасыздық. Ред.

айттым. Бірақ жолдастардың да пікірлері керек қарай
 көп. Мартов ұсынысу керек дейді. Бірақ біз біз айтар
 бері ұсынысты көле жатқанымыз жоқ па. Советтер
 Мартов жолдастың: Орталық Комитет съезд шақыруға
 талап ету арқылы өзінің дәрменсіздігіне көрсетіп дейі —
 нағыз кісі күлерлік көрсетеді. Дәл-жақындығы үшін біз
 шешу жөнінде Орталық Комитеттің тарапынан барлық
 мүмкіндігі бар әрекеттер жасалмады ма? Орталық Ко-
 митет өзінің қабылдануына көрсетеді. Не көрсетіп та-
 білетсіздігіне? күршіне қабылдануына біз барлық жағында
 бейбәтшілік орнатуға қабылдануына біз Сізді білеміз.
 да ше! Менің осында бастап-ақ осыға талпынған үмі-
 нысым да мұны ашықтан-ашық көрсетті. Сіздің қара-
 рыңыз, айталық, жаудан тұрмысқа тартып алу тура-
 ды айтады, бірақ мұндай талап қарама-қарсы талап
 туғызады ғой, сондықтан мен де мынадай сұрау қы-
 мын: Орталық Комитеттің осы негізде қайталан қабыл-
 сөз бастауға правосы бар ма? Өйткені Лигаға жөнелік
 жасадың деп Орталық Комитетті айналым комитеттер
 бар ғой²¹. Сіздір біздің көңілімізбен емес, ашықтық
 пен санасуымызды тілейсіздер. Бұл адам күлерлік кер-
 се. Ал мұндай жағдайда съезден бәсе тартушылық еба-
 ден қорққандыққа үкесе болған болар еді. Міне сон-
 дықтан да біз өзіміздің дәрменсіздігімізді мойындаймыз,
 бірақ мойындағанда Мартов жолдас түсінген мағынада
 емес. Партиядағы ұрыс-керістерді жоюға Орталық Ко-
 митет шынында да дәрменсіз болып отыр, сондықтан да
 біз Советке съезд шақыруды ұсынып отырмыз. Сонымен,
 Советтің съезд шақыру правосы туралы таза заңдылық
 мәселені Мартов жолдас мейлінше теріе ұғынады. Ұ-
 тавта былай делінген: «Съезді (мүмкіндігінен ең ерек
 дегенде 2 жылда бір рет) партия Советі шақырады».
 Демек, Совет съезді қашан шақырамын деев де правосы.
 Совет тек бір ғана белгілі жағдайда съезді міндетті түр-
 де шақырады (Мартов: «Егер правосы бар ұйымдар-
 дың белгілібір мөлшері талап етсе, немесе соңғы съез-
 дің болған уақытынан бастап екі жыл уақыт өтсе Со-
 вет съезд шақыруға міндетті, деп уставта айқын көрсет-
 тілген. Сондықтан, екі жыл мерзім өтпейінше және
 ұйымдардың белгілібір мөлшері съездің қажеттігі тура-
 лы талап етпейінше Совет съезд шақыра алмайды».

Плеханов: «Мен съездің шақырылу шарттары туралы мәселені, алдымызда тұрған міндеттердің тұрғысынан қарағанда қатысы жоқ мәселе болғандықтан, кәзіргі уақытта бұл жерде талқылауға жатпайтын мәселе деп санаған болар едім».)

Бұл мәселені көтерген Мартов жолдастың өзі, сондықтан біз оны күн тәртібінен алғанымыз жоқ. Мартов айтады, Совет съезді шақыра алмайды дейді, ал мен шақыра алады деймін. Партия Советі съезді қажет болған уақытта ешқандай тілектерсіз-ақ — мүмкіндігінше ең сирек дегенде 2 жылда 1 рет, шақыра алады. Мартов жолдас, съезд шақыруды — бұл *ultima ratio* дейді. Рас, солай екенін біздің нәтижесіз жарыс сөздеріміз кәзірдің өзінде дәлелдеп отыр.

Біздің ұрыс-керістерімізге қатыспаған адамдардан құралған коллегияның партияда тыныштық орнату ісінде пайдалы роль атқара алатындығын Мартов жолдастың өзі де принцип жағынан мойындағанын еске салып өтем. Ал, өзіміздің келістіру жөніндегі әрекеттеріміз ешқандай нәтижеге жеткізбегендіктен, айтыстың жол берілетін формаларын әдебиеттің өзінде де сақтай алатындығымыз екіталай болғандықтан, міне сондықтан мен тек сырттағы жолдастар ғана өзінің шешуші сөзін айта алады деймін. Біздер, Орталық Комитеттің өкілдері, партия ішінде тыныштық орнату жөнінде бұдан былай әрекет жасау міндетін өз мойынымызға алмаймыз және біздің ұрыс-керістерімізді жою жөнінде съезге жүгінуден басқа адал құрал жоқ деп білеміз. Плеханов жолдастың «батпақ» деген сөз туралы жасаған ескертуіне көшейін. (Плеханов: «Мен бұл терминді партияның кейбір бөлегіне қолданған Васильев жолдастың сұрауына жауап бердім; қайталап айтайын, мен председатель бола отырып, партия Советінде мұндай сөздерге жол бере алмаймын».) Орталық Комитеттің қолайсыз және сыңаржақты құрамы туралы іштеңе айтқан жоқсын деп маған осында ескерту жасады, бірақ мен мына фактыны анықтаймын: партияда жол беруге болмайтын құралдар арқылы өзара күресіп жатқан екі жақ бар. Біз ешқандай тиімді жұмыс мүмкін болмайтын негізге көштік.

IX

Істің мәнісі туралы сөйлеуден бұрын *Summary** деген сөздің ешкімді де ешуақытта зәбірлемейтінін жол-жөнекей ескертіп өтем.

Сонсоң Травинскиймен жүргізілген келіссөздер жайындағы мәселеге келейік. Менің сөздерімнен осында мені Травинскиймен келіссөздердің болғандығын бекер деді деп қортынды жасады. Тіпті де олай емес. Мен келіссөздердің болғандығын бекер дегенім жоқ, мен тек жеке келіссөздер мен ресми келіссөздердің маңызының арасындағы айырмашылықты ғана белгіледім. Егерде Травинский жолдас бұрын іске нақ Плеханов жолдас сияқты қараған болса, соңғы кезде оның өз көзқарасын өзгерткендігін дәлелдеу үшін мен осында Травинскийдің өз хатын келтірдім. Сондықтан мен, Франция кімге сенеді деп мәселе қоюды мүлде орынсыз деп есептеген болар едім. «Францияға» жүгінудің ешқандай қажеттігі жоқ.

Плеханов жолдас, Лениннің бейбітшілік сүйгіші «үндеуі» тіпті оның өзіне де әсер етпейті-мыс дегенді айтты. Қайталап айтайын, мен өзімнің «үндеуімде» күрестің белгілібір әдістерін қолданбау керек екендігі жөнінде тек өз тілегімді ғана білдірем. Мен бейбітшілікке шақырамын. Маған Орталық Комитетке шабуыл жасау арқылы жауап береді, сонсоң бұдан кейін мені Орталық Органға шабуыл жасағаным таңданады. Орталық Комитетке шабуыл жасалғаннан кейін, мені осы шабуылға берген жауабым үшін бейбітшілікті сүймейді деп кінәлайды! Бейбітшілікті *status quo***, негізінде кім ұсынғанын және Орталық Комитетке қарсы соғысты кімнің жүргізе бергенін көру үшін, біздің Советте болған барлық айтыс сөздерді қарап шықса жеткілікті. Маған былай дейді: Ленин оппозицияға — «айтқандығыңда, пікір айтушы болма!», деген сөзді үздіксіз қайталаумен ғана болды, деседі... Бұл онша дұрыс емес. Біздің арамызда сентябрь мен октябрь айларында болған хат-хабарлар мұның керісінше болғандығын дәлелдейді. Тек мынаны ғана еске салып өтейін, октябрьдің бас кезінде мен (Плеханов екеуіміз) екі адамды редак-

* — батпақ. *Ред.*

** — бұрынғы жағдай. *Ред.*

цияға кооптациялауға дайын едім. Ал енді, өзім қатысқан ультиматумға келетін болсақ, мен ол кезде сіздерге Орталық Комитеттен екі орын беруге көнген болатымын. Осыдан кейін мен өзімнің редакциядан шығуым арқылы тағыда жеңілдік жасадым, — мен шыққанда басқалардың келуіне кедергі жасамау мақсатымен шықтым. Осыдан менің: «айтқанды тыңда, пікір айтушы болма» деп қана қоймай, сонымен қатар жеңілдік жасағаным көрініп отыр. Істің мәнісіне келейін. Менің қарарым жөніндегі көзқарас маған өте өрескел сыяқты болып көрінеді. Шынында бұл қарар біреуді айыптай ма, немесе оның белгілі біреуге шабуыл жасайтын сыйпаты бар ма? Онда әңгіме тек пәлендей күреске жол беруге болатын, болмайтындығы туралы ғана болып отыр. Күрестің бар екендігі — бұл факт, сондықтан барлық мәселе осы күрестің жол беруге болатын формаларын оның жол беруге болмайтын формаларынан бөліп шығару ісіне келіп тіреледі. Міне сондықтан да мен, бұл идеяны қолдануға бола ма немесе болмай ма? — деп сұраймын. Сонымен «күрес құралы», «азшылыққа шабуыл жасау» және тағы сондай сөздерді — менің қарарым жөнінде қолдану мүлде орынсыз нәрсе. Мүмкін, оның формасы қолайсыз шығар — мен бұған қарсы онша таласпаған болар едім және оның редакциясын өзгертуге дайын да болар едім, бірақ оның мәні — партия ішінде күресуші жақтарға бұл күресті жол беруге болатын белгілі шеңберлерден шықпай жүргізу керек, деп талап қою ісіне келіп тіреледі, міне бұл мәнің таласқа түсуі мүмкін емес. Қарар жөнінде осында кездесіп отырған көзқарас меніңше сыңаржақ көзқарас сыяқты, өйткені мүдделі жақтардың бірі бұл қарарды өзіне қауіпті деп танып, оны қабылдамайды. (Плеханов: «Советте екі жақ жоқ деп осында бірнеше рет айтқанымды ескертемін».) Мен мынаны ескертемін: Советтің заң бойынша екіге бөлінуі туралы айтып тұрғаным жоқ, іс жүзінде болып отырған *екі жақ* туралы айтып тұрмын. Плеханов жолдастың қарарына редакция өкілдері ештеңе қосқан жоқ және ол туралы мұнда іштеңе де айтылған жоқ. Ал мен бұл қарардың сыңаржақтық сыйпатының өзгеруін күтумен болдым.

7

ПАРТИЯНЫҢ ІІІ СЪЕЗІН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ
СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР,
17 (30) ЯНВАРЬ

I

Съезді шақыру туралы мәселе жөнінде қосымша біраз нәрселер айтуға болады. Партияның хал-жайының сұмдық ауыр екендігі Советте болған жарыс сөздердің барысынан да көрініп отыр. Съезде бірдей дерлік болып екі топ құрылды, осылай болғандықтан «көпшілік» жағынан бір адам кетісімен екі жақ бірдей болып теңелді, деп бірнеше рет көрсетілген болатын. Мұндай тепе-теңдіктің партия съезінсіз бітімге қалай әкеліп соқтыра алатындығын мен көре алмай отырмын. Мұндай ырыңалатындығын барып тұрған қолайсыздыққа апарып соқтыратындығына ешкім күмәнданбайды. Екі жақтың екеуінде де жауынгерлік әлпет бар екендігі күдіксіз факт болып есептелуге тиіс. Осы жағдайлардың барлығының тұрғысынан қарағанда тек съезд шақырудан басқа ештеңе қандай адал және дұрыс жол бар екен деп ойлауға болмайды. Мартов жолдас менің съезд шақыру туралы ұсынысымды жүзеге асыру жолында техникалық, финанстық және басқадай қиыншылықтар бар деп көрсетті, бірақ істің кәзіргі жайы осы айтылған қиыншылықтардың бәрінен де анағұрлым нашар.

II

Мен Мартовпен келісе алмаймын; ол съездің міндетін теріс түсіндірді. Ол: алауыздықтар барлық жолдастардың арасында әлі толық анықталып болған жоқ, сондықтан да съездің шақырылуы межелесу процесін және ұйымдастыру мәселесі жөніндегі дау-жанжалды әдебиетте жарыялап жазу ісін тоқтатып тастаған болар еді.

дегенді айтады. Менің ойымша, *принципті* алауыздықтарды нақ еркін түрде анықтау үшін кризисті жою керек, жағдайымызды түрлі ұрыс-керістерден тазарту керек, ал бұл үшін съезд шақыру қажет. III съезд күреске тыйым салу үшін емес, қайта сол күресті қалыпты бір ізге салу үшін керек. Съезд принципті күреске тыйым салады-мыс деп айтудың өзі ғажап нәрсе. Мен II съезде председателдің айтқан сөздерін еске түсіремін, ол сөздердің мағынасы — тіпті біздің программамыздың өзі алдағы уақытта дамуға және анықтала түсуге тиіс дейтін еді; сондықтан пікірлердің принципті күресі табысты және жемісті болу үшін айта қалғандай жағдайлардың болуы керек, бірақ ондай жағдайлар кәзірде бізде жоқ. Мен бұл арада келтіріліп отырған тарихи салыстыруларға қарсымын және «Рабочее Делоға» сілтеушілікке қарсымын. Істің кәзіргі жағдайы мен осыдан үш жыл бұрынғы болған жағдайының арасында айырмашылық бар, ол мынау: ол кезде біртұтас партия болмаған болса, кәзірде мұндай біртұтас партия болып отыр. Бұл арада партияның бөлініп шыққан жартысы туралы сөз етіп отырғандардың тұрғысынан қарағанның өзінде, нақ осылардың тұрғысынан қарағанда кәзіргі уақытта өз күштерімізбен жоя алмай отырған қолайсыздықтарды жою үшін съезд шақыруға қарсы шығуға болмайды. III съезд осы қолайсыздықты жойып, пікірлер арасындағы күресті белгілібір шеңберге салғанда ғана тиімді жұмыс істеп, принциптік келіспеушіліктерді анықтауға болады.

III

Плеханов жолдас «күшті» дәлелді анық айтты, бірақ бұл дәлелі дұрыс емес. Егерде III съезд жікке бөлінуге әкеп соғатын болса, онда бұл көпшілікке бағынғысы келмегендік, бірге жұмыс істегісі келмегендік болып табылар еді, яғни іс жүзінде бізде партияның жоқ екендігін көрсетер еді. Травинский жолдастың дау-жанжалды бітіру жолындағы әрекетінің нәтижесіз болмағандығын жұрттың бәрі мойындады, ал Травинский сыяқты жолдастар толып жатыр, міне съезд осындай жолдастардың кездесіп, әңгімелесуінің дәл өзі болады. Жанталасқан,

үзілді-кесілді күрес, тіпті толып жатқан дәрекіліктері бар күрестің өзі де әлі жікке бөлінгендік болып табылмайды. Егерде бірігіп жұмыс істесуге шын ниет болса, онда көпшіліктің еркіне, яғни съездің еркіне бағынуға да ниет болуға тиіс.

8

ПАРТИЯ ӘДЕБИЕТІН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ
СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР
17 (30) ЯНВАРЬ

I

Ақырынан бастайын. Мартов жолдас Орталық Комитеттің хаттарын, әсіресе ақша туралы хаттарын, теріс түсініп, теріс көрсетті. Бұл хаттар оның, Мартовтың, Травинскиймен жүргізген әңгімесінің жалғасы екендігін ол естен шығарды. Мартовтың өзі бұл әңгіменің мазмұны туралы былай деп жазды: «Редакция мүшелерінің қолы жететін екі қордан партия үшін жылына алуға болатын ұйғарулы минимум ретіндегі 5—6 мың туралы мен Травинскийге де, сіздердің өздеріңізге де білдіргенмін». Менің айтатыным, Травинский бізге бұл соманың жыл бойында емес, біржола берілетіндігін хабарлаған, ендеше мұнда бір түсінбестік бар. Айта кетерлік факт сол, біз осы 5 мыңды аламыз деп ойладық және осыған сәйкес қаржыны орыс кассасы мен шетелдік кассаға бөлдік.

Мартов жолдастың айтуынша, ақшалы екі қордың екеуі де (ескерте кетейін, редакция (ашу үстінде) істің жайын қаншалық теріс баяндайтындығы мынадан да көрінеді: Мартов Орталық Комитетке жазған хаттарында тіпті «ақшалы қапшықтар» деген сөздерді тырнақшаға алып қолданды және осындай сөздер айтты деп бізді кіналады. Ал шындығында бұл сөздер біздікі емес, Мартовтікі) — мінекей, сол Мартовтың айтуынша, ақшалы екі қордың екеуі де бізге белгілі. Я, олар бізге белгілі, бірақ әңгіме олардың белгілілігінде емес, қол жетерлігінде. Маған белгілі нәрсе, бір қор жылына 10 мыңға дейін, ал екіншісі 40 мыңға дейін бере алар еді, бірақ бұдан жеңіл болып отырған жері жоқ, өйткені бұларға менің қолым жетпейді. Ақша қаражаттарына тыйым са-

лушылықтың өзі бұл қорларды қол жетерлік қорлардан қол жетпес қорларға айналдыруда болып отыр, ал мұның өзі партиялық күрестің мейлінше сорақы тәсілі болып табылады.

Оның үстіне, кәзір таяуда Россиядан ақша алуға тиісті адамдарға қырсығын тигізген сәтсіздіктер болды. Мұнда ақша жоқ, ал Россиядан тез арада ақша алудың сәті түспейді, жәнеде арнаулы агенттер жіберуге бірнеше жүздеген сом жұмсалады. Әрине, егер бахытсыздықтар кездеспейтін болса, ақша қалай дегенмен алынады, бірақ тез арада алына қоймайды және әбден жеткілікті мөлшерде алынуы да екіталай.

Орталық Комитеттің хатында қорқытушылық болды деу мүлде дұрыс емес. Ешқандай қорқытушылық болған жоқ, өйткені Орталық Комитет Орталық Органды шығару туралы ылғый қамқорлық көрсетіп отырды. Явкалар туралы Васильев жолдас жауап береді. Біздің мәліметтерімізге қарағанда, редакция Россияға өз агенттерін жібергелі отырған көрінеді. Бұл жағдай Орталық Органның өзінің айтуынша кассасы болуын да керек етеді, ал мұның өзі партияны нақтылы шетке бөлгендік болады. Мұның өзі Орталық Комитеттің толық хабардар болуын және бүкіл *кассаның* да, практикалық істерді бүкіл ұйымдастыру жұмысы да *бүтіндей* соның қолына берілуін талап ететін уставқа қайшы келеді. Орталық Орган кісі жіберетін және агентура белгілейтін өз орталығын құрып, практика жүзінде басшылық ететін және комитеттердің істеріне қол сұғатын өз орталығын құрып, осы уставты сорақы түрде бұзып отыр. Уставқа қайшы келетін мұндай агентура жұмысқа тіке ірткі салады. Орталық Органның өзі үнемі тәртіпсіздік енгізіп отырғаннан кейін, Орталық Комитет іс жүргізу тәртібіне жауап бере алмайды және жауап бермейді де. Бұл жөнінде істің жайын көрсететін, Одесса мен Бакуден келген хаттар мынадай. 24 декабрьде Одессадан былай деп жазады: «Кеше бізде Загорский⁵² болды; ол редакция оны өз уәкілі етіп жібергендігін, комитеттерге соңғы оқыйғалар туралы, келіссөздер туралы, редакциядағы істердің кәзіргі жағдайы туралы, редакцияның материалдар жіберу, ат салысу, листоктерге заказ беру немесе жалпы листоктер үшін, жәнеде арналып құрылған том шығаратын кітапшалар үшін тақырыптар жіберіп тұру жөніндегі өті-

ніші туралы комитеттерге хабарлауды тапсырғандығын айтты. Бұрынғының бәрін қайталап, азшылықтың дұрыстығын, ізгілігін, «акпейілділігін» барынша дәлелдеп бақты. Комитет оның сөзін тындап болып, бірнеше сұраулар берді, оның бержағында, одан — өз қызметіңізді Орталық Комитеттің ықтыяры бойынша атқарып жүрсіз бе? — деп сұрады, ол бұған: солай яки олай емес деп қысқаша, тіке жауап қайырудың орнына, өзін өзі ақтап, редакция Орталық Комитеттің ықтыярынсыз да комитеттерге сөз салуға толық праволы деп дәлелдей бастады. Мәлімдемені нақ сол арада өзінің көзінше талқылап, қарар жазуды талап етті, бұл жөнінде комитет мәлімдемені еске алатындығын, ал талқылау мен қарар жайына келсек, комитет мұны керек деп тапқан кезінде істейтіндігін, ал кәзір кезекті істерге көшетіндігін айтты»⁵³. Ал Бакуден келген 1 январьдағы хатта былай делінген: «Баку комитетіне Орталық Органның баяндамасымен және Орталық Комитетке сенбестік туғызуды көздеген ашық мақсатпен Мартын⁵⁴ келді. Ол соңынан комитеттің пікірін білгісі келген кезде, оған біз Орталық Комитетке сөзсіз сенеміз деп жауап бердік. Ал ол Орталық Орган жөніндегі көзқарасты білгім келеді деп қарсы дау айтқан кезде, біз оған, мүдірместен, былай деп ескерттік: кәзір ғана тындалған сөзден кейін (оның қызметі баяндалғаннан кейін) ол жөніндегі сеніміміз «қобалжыды»»⁵⁵.

Орталық Орган Орталық Комитеттің құрамы туралы комитеттерге ғана емес, сонымен бірге жеке адамдарға да хабарлап отырды (мәселен, Друянға хабарлады, ал бұл жөнінде Орталық Комитет Орталық Органға жазған хатында көрсеткен); мұның өзі де заңсыздық, құпияны сақтамағандық. Ал «жауынгерлік қатнастарға» келсек, онда әңгіме нақ былай: Мартов жолдас бұл арада мүлде әртүрлі екі нәрсені шатыстырып отыр. Тиімді жұмыспен қаражат өндіру саласында жауынгерлік қатнастар (бойкот және басқалар) сөзсіз лайықсыз нәрселер, сондықтан Орталық Комитеттің тарапынан мұндай қатнастар ешқашан болған да емес. Ал әдебиет саласында «соғыс» болатын нәрсе, сондықтан Орталық Органның айтысын ешкім ешқашанда тежеген емес. Ескерте кетейін, тіпті әлдеқашан бұрын-ақ Орталық Комитет Данның оппозициясы ұрандары туралы хатын да, Мартов-

тың «Тағыда азшылықта» деген кітапшасын да, бұлардың екеуінде де Орталық Комитетке тиісушілік бар екендігіне қарамастан, бастырып шығаруға әбден әзір екендігін білдірген болатын.

Орталық Органның әдебиетін бастыруда Орталық Комитеттің тарапынан титтей де кідіріс болған емес. Орталық Комитеттің әдебиетті теріс я алалап бөлген кезі, азшылықтың комитеттерін оның «жәбірлеген» кезі бір рет те болған емес. Қайта, Травинский бәрінен бұрын азшылықтың комитеттері мол үлес алып отырғандығын растап, дәлелдеді, сондықтан Мартов жолдас Орталық Комитеттің бұл жөндегі жұмысы мінсіз екендігін мойындауға тиісті еді. Партия әдебиетін беруден бастартушылыққа келсек, онда істің жайы былай. Партияның *әрбір* мүшесіне, оның қандайына болса да (егер ол өзінің құпияшылдығы және басқа жағынан сенім тудыратын болса) Россияға апару үшін және онда тарататын етіп Орталық Комитеттің агенттеріне тапсыру үшін *әдебиет тегін беріледі*. Бірақ өздерін партия мүшелері деп атауға батылы баратын және сонымен бірге әдебиетті жаппай тарату үшін Орталық Комитет агенттерінің қолына тапсырудан бастартатын адамдар шығып отырған кезде, ондай адамдармен істес болуға Орталық Комитеттің мүмкіндігі (тіпті правосы да) жоқ екендігі түсінікті. Ал егер бұл адамдар жалпы жұмысқа ірткі салатын өздерінің жеке майдагерлік кәсіпорындары үшін кейіннен әдебиет сатып алып отырған болса, онда олардың өз соры.

II

Экспедицияның бірінші және екінші хаттарында⁵⁶ қандай өрескелдік бар екендігін тіпті түсіне алмаймын. Ол нақты есеп үшін маңызы бар мәліметтер сұрады, ал редакция оның өтінішіне сәйкес жолдастық жауап қайырудың орнына, кілең бюрократтық сылтаумен тынды, сөйтiп оған қалайда жауап бермеді. Мен Орталық Орган редакциясының Орталық Комитетке жазған хатының шынында да өрескел екені жөнінде мысал келтірейін. «Орталық Орган редакциясы мына фактыға Орталық Комитеттің назарын аударды: шет елде Орталық Комитеттің үш мүшесінің болуы ешқандай тиімсіз іс-

термен ақталмайды және партия уставында көрсетілмеген жаңа ұйымдастыру орталығын құруға әкеліп соғады, сөйтіп партия өміріне қалайда саясатқұмарлық пен ірткі салады»... Мұның өзі ешбір фактысыз, мәліметтерсіз-ақ тіке *бәлағаттау* ғой (саясатқұмарлық)! Орталық Комитет бұған былай деп жауап қайырды: «Егер редакция тым ызалы қалыпта әрекет етпеген болса, шет елде Орталық Комитеттің қанша мүшесі бар екені туралы өз пікірлерінің өте орынсыз екендігін оп-оңай көрген болар еді». Редакцияның осындай және басқа жөнсіз қылықтарына (әлде нендей бір «жасырын» баспа бар екен деген сыяқты кісі күлерлік қылықтарына) Орталық Комитеттің шет елдегі өкілі «партиялық борышты есте сақтауға және әдеби айтыстан жік туғызуға сылтау боларлық әрекеттерді тоқтатуға»⁵⁷... шақырумен ғана жауап қайырды.

Тіпті буржуазиялық баспалар да редакторларға *жүздеген* дана беріп отырады екен деген лақапқа келсек, мен, шынымды айтайын, мұны есіткен емеспін. Мартов жолдас, егер өз сөзін далаға кетсін демейтін болса, Дитцтен сұрап көрсін: ол тарату үшін Каутскийге «*Neue Zeit-тың*»* 400 данасын беріп отырма ма екен? Немесе Зингерден, не Фишерден сурасын: Граднауэр де өз қаражатымен тарату үшін «*Vorgwärts-тің*»⁵⁸ 200 данасын сұратып отыра ма екен? Неміс социал-демократтары анархия мен ұйымның арасындағы айырманы біледі. Ақша туралы мәселе сәтсіздікке дейін барып отыр, бірақ мен сәтсіздіктен туған осы мәселенің қойылысындағы өзгерісті ғана көрсеттім ғой.

Редакцияның жол берілетін айтысты жол берілмейтін бойкотпен қалай шатастырып отырғандығы мына жағдайдан өте-мөте айқын көрінеді: 4 январьдағы хатында, ақша туралы сұраққа жауап бере келіп, редакция «орталық кассаны қолдау жөнінде таныстар арасында оның насихат жүргізуін қыйындататын жағдайлардың» ішінде мынаны ауызға алады: «Орталық Комитеттің агенттері және олардың қолдауындағы адамдар жыйналыстарда редакцияның кәзіргі құрамының заңсыздығы туралы зілді сөздер сөйлейді (оның бержағында, бұл туралы Ор-

* — «Жаңа Заман». *Ред.*

талық Комитеттің мүшесі Лениннің хатында да айтылады...)». Қараңыздаршы, мұның өзі саяси ұғымдардың мейлінше өңін айналдырушылық емес пе! Акша қорларын табу (немесе тыйым салу) туралы мәселе сөйленген сөздердегі және кітапшалардағы айтыс мәселесімен біріктіріліп отыр! Мұның өзі идеялық күресті орынкұмарлық арсыздықпен, қыйқылжыңмен шатастырушылық емегенде немене?! Редакцияның құрамын (және әрекетқыймылын) партия мүшелерінің ұнатуы я ұнатпауы туралы мәселе «зандылық» туралы мәселемен шатастырылып отыр! Мұның өзі бюрократтық формализм емегенде немене?! Әлбетте, Орталық Комитеттің шет елдегі өкілі бұған былай деп жауап қайырды: ...«Орталық Комитеттің өкілі ретінде мен редакцияға мынаны ескертуді қажет деп санаймын: шет елдегі рефераттарда сөйленген қызу сөздерге сүйеніп немесе әдеби айтысқа сүйеніп заңдылық т. с. туралы мәселе көтеруге ешқандай дәлел жоқ. Егер редакция айтыста өзіне тиісушілік бар деп білетін болса, жауап беруге онында толық, аса толық мүмкіндігі бар ғой. Бойкот туралы да, басқа бір лайықсыз әрекет туралы да (Орталық Комитеттің пікірінше) еш жерде сөз болмаған болса, айтыста пәлендей қатты сөздер (редакцияның пікірінше) айтылды деп, соған бола қызулану ақылға сыя ма»⁵⁹... Шынында да, әлде нендей бір «қолдаулы» адамдар туралы сөз қылу тым ерсі-ақ... Бұл не деген сөз? Бұл неткен бюрократтық тіл? Рефераттарда сөйленген сөздерде Орталық Комитеттің не жұмысы бар? Бізде сөз сөйлеу бостандығы мен айтыс бостандығына тежеу салатын цензура жоқ. Мұндай күресті бойкоттан айырудың керек болмағаны ма?

Мартов жолдастың Одессалық комитет жайындағы (ол комитет Орталық Комитеттен: Орталық Органға хаттарды жіберу керек пе деп сұрапты деген) әңгімесін мен көрінеу әзіл деп санаймын. Бұл туралы шындап сөз қылуға болмайды.

Қайыра айтамын, Орталық Комитет тарапынан азшылықты жұмыстан шеттеткендіктің бірде-бір фактысы ешқашан да болған емес. Баса айтамын, әдебиетті теріс, біржақты немесе алалап бөлу жөнінде өзінде фактылар жоқ екенін Мартов жолдастың өзі де мойындап отыр.

III

Мартов жолдас біздің тарапымыздан төңкеріс жасау қаупі бар деп білген. Бұл кісі күлерлік нәрсе. (Мартов: «Ал ультиматум ше?») Орталық Комитеттің «ультиматумы» Старовердің ультиматумына жауап еді. Ультиматум дегеніміз жақсы бітімнің өзімізге қолайлы шарттары жөніндегі біздің соңғы сөзіміз. Бар болғаны сол. Тек дертке шалдыққан қыял ғана азшылыққа біздің жазған жауабымызда төңкеріс жасауға талпынушылық бар дей алады; осы азшылық, күмән жоқ, партияны жікке бөліну халіне жеткізді. Ал көпшілікке төңкеріс туралы ойлайтын дәнеңе жоқ. Ал енді «Искраны» үлестіру жағына келсек, оның барлық номерлері мүмкіндігінше тыңғылықты үлестіріліп келді, сондықтан егерде қайсы бір комитет бұл жөнде өзін «ұмыт» қалды деп есептеген болса, онда бұл туралы Орталық Комитетке жолдастық жолмен жайша хабарлау керек еді. Мұндай хабарлар бізде әлі күнге дейін жоқ. Ал редакцияның комитеттерге жазған хаты — жолдастық әрекет емес, соғыс әрекеті.

Орталық Комитеттің пікірі — әдебиет үлестіру ісі бір қолдан өтуге тиіс, үлестіргіш екінші орталық керек емес, зиянды да. Енді экспедитор жөнінде бірнеше сөз. Қайыра айтамын, экспедитор тек өз борышын адал орындағысы келгендігінен ғана және редакциядан іс жайында жөн сұрағандығынан ғана айыпкер саналып отыр. Бұған іле-шала редакцияның «сөйлемел!», «100 немесе 200 дана беріп отыр» деген т. с. талаптарында іске нағыз сорақы қалыпта бюрократша караушылықтың барлық белгілері бар.

Адресстер туралы айтатыным мынау ғана: редакцияға өзіне тиісті нәрсенің бәрі де берілген. Тек жеке және ұйымдастыру қатнас қағаз жағы ғана бөлініп алынды, ал басқалары редакцияға берілген. Бұлардан соңғы бір ескертетінім, Ұйымдастыру Комитеті Лондонның өзінде-ақ бүкіл ұйымдастыру қатнас-қағаз жазу ісін формалдық түрде өз қолына алған болатын. Шет елде Орталық Комитет мүшелерінің болуына карап жаңа бір орталық бар деу — көрінеу ілікшілдік болады, және Орталық Комитеттің дербес жүргізуіне тиісті жұмыс саласына бюрократтықпен қол сұққандық болады.

IV

IV

Марттов жолдас уставты мүлде теріс пайымдайды. Орталық Органның хабардарлығы аржақты болуға тиіс, — устав та, істің иілігі де обыны керек етеді. Бірақ ұйымдастыру мақсаттарыменосжер-жерге уәкілдер жіберу әдеті, — мәселен, Орталық Комитетте уәкілдер сөз Оцессалық комитетке Зіттың Ком жіберілуі сыяқты әдет, — партияның орталық екітмекемесінің арасында қызметтердің табиғи бөлінісі көрінеме бұзады. Мұның өзін есте хабардарлық мүдделеріне риде утубайды, тек қана қымыл бөлісін мүлде бұзып, тікелей ірткі салады. Мұндай әрекет партия істеріндегі тбылықты сөзсіз күшейте түседі және орталық екітмекемені қызметтеріне қарай бөлудің орнына практика жүзінде партияны екі жартыға тікелей қак бөлгендік болады.

ПАРТИЯҒА

ҮНДЕУ ЖОБАСЫ

Жолдастар! Біздің партияның ауыр дағдарысқа ұшырап отырғандығы кәзірде жұрттың бәріне белгілі, бұл жағдай біздің Орталық Органның беттерінде де тікелей, ашықтан-ашық айтылған.

Біз партияның барлық мүшелерін дағдарыстан неғұрлым тез, неғұрлым жан ауыртпай құтылу үшін қажетті барлық жұмысқа белсене, саналы түрде қатысуға шақыруды өз борышымыз деп есептейміз.

Партияның съезінде және — одан соң көп уақыт өткеннен кейін — Шетелдік лиганың съезінде партия съезінің көпшілігі жағында болған Плеханов жолдас, енді «Искраның» 57-номерінде азшылықтың талаптарын жақтап шығып отыр, Орталық Комитетті «қыңырлық» істеді, жауларға ғана пайда келтірерліктей көнімсіздік көрсетті, азшылықтың жақтастарын кооптациялағысы келмеді деп айыптап отыр. Нақ осындай кооптацияны Плеханов жолдас тұпа-тура: «Біздің позицияларымызды мейлінше әлсіретіп, көптеген жауларымыз бен дұшпандарымыздың позицияларын мейлінше күшейтетін ауыр дағдарыс халінен партиямызды құтқарудың бірден-бір амалы» деп біледі. Уставтың ғана үдесінен шығып қоймау керек, — дейді Плеханов жолдас, — сірә, оның айтып отырғаны осы ауыр дағдарыс халі болса керек, — сонымен қатар партиядағы істің факт жүзіндегі жағдайымен де, күштердің кәзіргі арасалмағымен де санасу керек. Жұмысшылардың басын біріктірмейтін, қайта оларды ыдырататын нәрсені бірінші қатарға қоюшы үйірмешілдік және доктринерлік көзқарастан жоғары болу керек.

Бұл жалпы қағыйдалар сөзсіз орынды, сондықтан осы жалпы қағыйдаларды дұрыс қолдану үшін барлық социал-демократтардың фактылармен дәл танысуы ғана, істің жайын шындап пайымдауы ғана қалады.

Я, біз қайткен күнде де, барлық күш-жігерімізді аямастан, ұзақ және қажырлы жұмыстан қорықпастан, партиямызды үйірмешілдіктен, мандымсыз сылтаулармен туатын келіспеушіліктен, ыдыраушылықтан, дирижерлік нұсқауышқа бола жөнсіз, лайықсыз керілдесуден сауықтыруға тиіспіз. Партиямыздың II съезінен кейін партия ішінде өрістеген оқыйғаларға қараңыздар. Біздің дертіміздің диагнозын қалтқысыз, ресми жалғансыз белгілеп, оны дұрыс емдеп жазу үшін ол дертті батыл ашып көрсете біліңіздер.

Екінші съездің протоколдары кәзір толық жарыққа шығып отыр: партия мүшелері үшін Шетелдік лига съезінің протоколдары да басылып шықты. Партия әдебиеті кәзірдің өзінде дағдарысымыздың бірталай көріністерімен белгілерін ашып көрсетті, жәнеде бұл жөнде істейтін іс әлі де көп болғанымен, кәзірдің өзінде-ақ кейбір қортындылар жасауға болады, жасау керек те.

Екінші съезд біздің орталықтардың құрамы жөніндегі шиеленіскен күреспен бітті. 20 дауысқа қарсы 24 көпшілік дауыспен үш адамнан (Плеханов, Мартов және Ленин) Орталық Органның редакциясы сайланды және Орталық Комитет те үш жолдастан сайланды. Мартов сайлаудан бастартты, бүкіл азшылықпен бірге Орталық Комитеттің сайлауына қатысудан бастартты. Съездің өзінен бастап азшылықтың орталықтарға қарсы жанталасқан күресі басталды, дирижерлік нұсқауышқа бола нағыз күрес басталды, үйірмешілдіктің партиялыққа қарсы нағыз күресі басталды, ескі редакцияны қалпына келтіру жолында, Орталық Комитетке тиісті мөлшерде (азшылықтың пікірінше) мүшелер кооптациялау жолында күрес басталды. Бұл күрес айлар бойы жүргізілді, сонымен қатар азшылық орталықтардың басшылығымен жүргізілетін жұмыстан толық шеттеп қалып отырды, бойкот жасалды және кілең анархиялық уағыз өріс алды; ал мұның үлгілерін партия мүшелері Лига съезінің протоколдарынан молынан табады. Бұл күрес көбінесе шет елде, тиімді жұмыстан және пролетариаттың саналы

өкілдерінің қатысуынан өте-мөте аулақ негізде жүргізілді. Бұл күрес ІІ съезде құрылған орталықтардың сансыз ұсақ наразылықтарды, жанжалдарды, қыйқылжындарды жою мақсатын көздеп сапар шегуге, жолығысуларға, келіссөздерге орасан көп күшін кетірді. Оппозицияның талаптарды ІІ съездегі болсын, жалпы партиядағы болсын күштердің ешқандай арасалмағымен санаспағандығы мынадан көрінеді: мәселен, Орталық Органның редакциясы (Плеханов пен Ленин) тіпті екі адамды кооптациялауға ризалық білдірді, яғни партия съезінің көпшілігі мен азшылығына теңдей өкілдік берілсін деді. Ал оппозиция редакцияда басым көпшілік (екеуге төртеу) болуын талап етті. Сөзсіз және дереу жікке бөліну қаупі туғандықтан екі орталық, ақырында, дирижерлік нұсқауыш жөніндегі талаптарға сәйкес бірқатар кеңшіліктер жасады: редакция кооптацияланды, редакциядан және Советтен Ленин отставкаға кетті, көпшіліктің бір мүшесі Советтен кетті, партия съезінде белгіленген нәрсенің бәрін де өз съезінде бұзған Шетелдік лига қайта құрылмай қалды, оппозицияға Орталық Қомитеттен екі орын ұсынылды.

Оппозиция бұл соңғы шартты қабылдамады. Ол, сірә, көп орын талап ететін болса керек, оның бержағында, ол орындарға Орталық Қомитет сайлайтын адамдарды емес, оппозицияның өзі көрсететін адамдарды қоймақ көрінеді. Мұндай талаптарды істің ешқандай мүдделері, күштердің ешқандай арасалмағы ақтай алмайды: тек жік тудырамыз деп қорқытушылық қана, тек бойкот тәрізді және ақша қаражатын бөгеу тәрізді, қысымның тұрпайы-анайы амалдары ғана осы ультиматумдарға демеу болып отыр.

Осылайша орынға таласушылықтың, тиімді жұмыстан күшті аударып әкететін күрестің салдарынан партия мейлінше ыдырап, кері кетіп отыр. Егерде азшылықтың принципті алауыздықтар дейтін нәрсесі осы күресті жалған бүркенішпен бүркейтін болса, онда партияның кері кетуі бұрынғыдан артық болмаса, кем болмайды.

ІІ съездің барлық қарарлары мен барлық сайлауларын өздеріне сөзсіз міндетті деп санауға жұрттың бәрі бірауыздан келіскен еді — мұны сан рет үзілді-кесілді айтқан да болатын. Қазір азшылық іс жүзінде бүкіл

уставты, бүкіл сайлауды бұзып отыр, кәзір бірлесіп қабылдаған қарарларды жақтайтын адамдар «формалист» болып шығады, — өз өкілдігін съезден алған әрбір адам «бюрократ» аталады, — партиядағы күштердің арасалмағын (біздің жалпы ризалығымыз бойынша) көрсеткен көпшілік дауысқа сүйенетін адам тұрпайы-анайы жеке кеңсешілдік көзқарастағы адам ретінде айыпталады. Кімде-кім съезде, барлық жолдастардың қалауы бойынша қызмет бабындағы адамдарды іріктеп алуға тиісті болғандықтан, кейбір редакторларды қызметшілердің жағдайына және Ұйымдастыру Комитетінің кейбір мүшелерін қатарлы қызметкерлердің жағдайына көшірген болса, ондай адам партия мүшелерін тетікке, тегершікке айналдырған кінәлі адам болып шығады, т. б. т. т. Партия съезінің өзінде-ақ азшылықтың алған теріс, тұрлаусыз позициясы сөзсіз осы жалғандыққа ұшыратты, мұны біз әлде-кімнің субъективтік еркімен болды деуден тіпті аулақпыз.

Осындай ыдыраушылыққа тыйым салатын уақыт жеткен жоқ па? Партиямыздың тағдырын қымбат санайтын әрбір адам осыны ойласын.

Орталықтар үшін жүргізіліп отырған осы күреске, бүкіл жұмысымызға осындай ірткі әсерін тигізіп отырған осы орынқұмарлық егестерге үзілді-кесілді тыйым салатын уақыт жеткен жоқ па? Айлар-айлар бойы жүргізілген келіссөздерден кейін оппозициямен жаңа келіссөздерді қайта-қайта жаңғырту, Орталық Комитет сыңаржақтық немесе қыңырлық істеді деп қайта-қайта мәселе көтеру орынды ма? Редакцияны кооптациялау арқылы бітім камтамасыз етілген сыяқты көрінгеннен кейінгі жерде бұл мәселені қозғаудың өзі біздің Орталық Органның сыңаржақтығы, қыңырлығы туралы, тіпті партияға қарсылығы туралы мәселені сөзсіз қайта-қайта жарыққа шығарып отырған жоқ па. Орталықтардың құрамы жөніндегі осы лайықсыз егесті қашанға дейін жүргізе бермекпіз? Және де екі жақтың бірінің талаптары орынды екендігі жөніндегі мәселені біз қалай шеше аламыз? Бұл орындылықтың өлшеуіші қайсы? Өзінің жікке талпынуында және жікті тікелей әзірлеуінде іс жүзінде ерекше қатаң болып шыққан «жұмсақтарды» көнімсіз деп есептемей, съезде шешілген нәрселердің өте, өте көбін

беруге көнген «қатандарды» көнімсіз деп қалай есептемекпіз?

Жолдастар осы сорақы жағдайдан қалай құтылу керек екендігін ойласын. Орталық Комитет Орталық Органдағы министрліктерді алмастыру бітімге келтіреді деп үміттенген еді. Таласушы жақтар тым алшақтап кеткен кезде, дирижерлік нұсқауышқа бола жүргізілген күрес тұпа-тура жікке апарып жеткізген кезде, — тағы бір ғана үміт қалған еді: бір-бірімізге бөгет жасамау үшін, бір партияда жұмыс істей отырып, егес атаулыны бірте-бірте әлсірету үшін, «дертті» мәселелерді қозғамау үшін немесе сирек қозғау үшін әйтеуір қалай болса да ірге айыру мүмкіндігі қалған еді. Орталықтардың бөлінуі аздап болса да дағдарыстың тыйылуын қамтамасыз етеді деп ойлауға болатындай еді: азшылықтың өз Орталық Органы болды және, партияда өзін «жат» санамай-ақ, сол органның төңірегіне еркін топталуға, өз пікірлерін еркін таратуға, өзінің партиялық жұмысын еркін жүргізуге мүмкіндігі бар еді. Көпшілікте де орталықтың болуы (яғни Орталық Комитетте көпшіліктің басым болуы) көпшілікті де біраз қанағаттандырғандай еді. Орталық үшін жүргізілген күрес тыйылып, бұл күрес келісімсіздіктер мен кілтандарды тура принципшілдікпен түсіндіруге жұмсалатын реті бар еді.

Орталық Комитетке кооптациялау туралы «Искраның» мәселе қозғауы бұл үмітті жойып отыр. Орындарға бола жүргізілетін, бізде жеркеніш сезімін туғызатын сауданы қайта бастауды біз енді мүмкін нәрсе деп есептейміз. Егер азшылық ендігі жерде, жоғарғы орындарда отырмайынша, партияда жұмыс істеуге мүлде қаблетсіз болатын болса, біз, бұдан басқа жол жоқ болса, тіпті барлық дирижерлік нұсқауыштарды азшылыққа беріп қоюды да мақұл көрер едік. Біздің мұндай қадам жасауға әзірлігіміз қозғалысымыздың жаңа жексұрын дерті созалаң түрге енген сайын, — осы ұсақ кыйкылжындар, неғұрлым ұсақ болса, соғұрлым адам төзгісіз кыйкылжындар, үйреншікті нәрсеге айналған сайын күшейе түсіп отыр.

Бірақ біз ең әуелі партияның пікірін мүмкіндігінше неғұрлым анық білсек дейміз, революцияшыл қауымның, әсіресе Россиядағы революцияшыл қауымның әлеуметтік

пікірімен де санассақ дейміз. Біз жолдастарды біздің «дағдарысымыз» туралы мәліметтерді күнттап карап, зерттеуге, партиядағы істердің кәзіргі жағдайын барлық жағынан бағалап, қозғалған барлық мәселелер жөнінде өз пікірлерін айтуға шақырамыз.

*1904 ж. февральдың басында
жазылған*

*Бірінші рет 1929 ж. Лениннің
X жыйнағында басылған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

«ИСКРА» РЕДАКЦИЯСЫНАН КЕТҮІМНІҢ МӘН-ЖАЙЫ ТУРАЛЫ

Женева, 20 февраль, 1904 ж. "

Қадірлі жолдастар!

Сіздер өз кітапшанызда менің «Искра» редакциясынан шығуыма себеп болған жағдайларды сөз қылғандықтан, мен сіздерден Плеханов жолдастың 1904 ж. 29 январьда Мартов жолдасқа жазған, Мартов жолдастың «кыйлы жағдайымен» күресу туралы кітапшасында басылған хатына арналған менің жауабыма өз кітапшаның қосымшасынан орын беруді сұраймын.

Плеханов жолдас редакцияға жазған менің хатымда істің жайы *бұрыс* баяндалған деп біледі. Алайда ол *бірде-бір нақтылы* түзету берген жоқ, бере алмас та еді. Ол тек менің баяндағанымды онымен екеуіміздің арасында болған жеке әңгімені *бұрыс* көрсету арқылы ғана толықтырған.

Жалпы айтқанда, мен жеке әңгімелерге сүйенудің өзі елеулі дәлелдердің жоқтығының айқын белгісі деп есептеймін. Таяуда Плеханов жолдас Мартов жолдастың жеке әңгімелерге сүйенгендігі жөнінде қандай пікірде болған болса (Лиганың Протоколдары, 134-бет), мен кәзірде де сондай пікірдемін, атап айтқанда, мұндай әңгімелерді «дәл келтіру» мүмкін бола қоймайды және бұлар жөніндегі «айтыс» *«ешбір нәтиже бермейді»* деген пікірдемін.

Бірақ Плеханов жолдас біздің жеке әңгімелерімізді келтіргеннен кейін, мен бұларды түсіндіріп, толықтыруға өзімді праволы деп есептеймін, оның бержағында, бұл әңгімелер үшінші адамдардың көзінше өткізілген болатын.

Мен коопетацияға қалай да риза болмаған күнде,

Плеханов жолдас өзінің отставкаға кетуге ұйғарғаны* туралы айтқан бірінші әңгіме Лига съезі біткен күні, кешкісін, және келесі күні таңертең Партия Советінің екі мүшесінің көзінше болды. Әңгіме оппозицияның талабына көну мәселесі жайында болды. Плеханов көну қажет деп талап етті, өйткені ол Партия Советінің ешқандай қаулысына оппозицияның бағынбайтыны және партияның дереу біржола жікке бөлінуі мүмкін екені күмәнсіз деп есептеді. Мен Лиганда болған оқыйғадан кейін, оның съезінде Орталық Комитет өкімінің шаралары қабылданғаннан кейін (ал Плеханов жолдас ол шаралардың әрбірін талқылауға қатысып, оларды түгел мақұлдаған болатын) анархиялық индивидуализмге көну мүмкін емес, ал айрықша әдеби топтың бой көрсетуі (Плехановпен әңгімелескен кездерімде, оның пікірімен санаспастан, мен мұны әбден жөні бар нәрсе деп әлде неше рет айтқанмын), бәлкім әлі де жікке бөлушілік бола қоймас дегенді айттым. Ал әңгіме екеуміздің біріміздің отставкаға шығуымызға келіп тірелген кезде, Плехановтың жанжалды тындыру әрекетіне, оның жік деп санаған нәрседен кұтылу әрекетіне бөгет болмау үшін, мен кетейін деп сол арада-ақ айттым.

Енді Плеханов жолдастың маған елтифатшыл бола қалғаны сонша, менің әрекетімнен ең сужүрек айлакерліктен басқа ниеттер таба алмапты. Менің осы қасиетімді ең көрнекті бояулармен сүреттеп көрсету үшін Плеханов жолдас маған: «Егер тіпті Плеханов та онымен айрылысқан болса, сірә, Лениндікі теріс шығар деп әркім-ақ айтар деген сөздерді танады.

Бояуы қалың-ақ, не дерің бар! Қалыңдығы сонша, тіпті Плеханов жолдастың өзі де байқамай отырған көрінеу үйлесімсіздік келіп шығады. Егер мен (Плеханов жолдастың өзі жөнінде кішіпейілділікпен ойлағанындай) «әркім» Плехановтікі дұрыс деп табады деп сенген бол-

* Плеханов жолдас, дәл айтам деп, сәл асыра сілтеп жіберіпті, ол: Плехановтың кооптациялау жөнінде қарар алуға правосы болған жоқ, өйткені кооптация устав бойынша бірдауыстылықты керек етеді дейді. Бұл — түзету емес, ілікшілдік, өйткені устав бірдауыстылық болмаған кезде, қарарларға емес, ұйымдастыру жұмысы жөніндегі белгілі қыймылдарға тыйым салады; ал көп адамдар аса жиі реттерде көз бояу үшін ғана қарар алады және бұл қарарлар қыймылға көшпейді.

сам, егер мен сол әркімнің пікірімен санасу кажет деп есептеген болсам, онда бір айқын нәрсе, мен Плехановпен ешқашанда ажыраспаған болар едім, мен бұл ретте де оның соңына ерген болар едім. Плеханов жолдас, менің әрекетімді ең жаман ниеттерден туатын, ең барып тұрған жексұрын әрекет етіп көрсетуге тырысып, маған *ешбір мағнасы* жоқ ниетті әкеліп таңады. Қандай мәселеде болса да, менің Плехановпен ажырасудан қорыққаным соншалық болыпты-мыс, мен онымен ажырасып кетіппін. Плеханов жолдастың мұнысы қыюласып жатқан жоқ.

Шындығында менің ойым мынадай еді: мен-ақ шығайын, әйтпесе менің айрықша пікірім Плехановтың бітім жасасу *әрекеттеріне* кедергі болады. Ондай әрекеттерге менің бөгет жасағым келмейді, бәлкім, біз бітім шарттарына келісерміз де, бірақ шет елдегі үйірмешілдер кандидаттарын *осылайша* теліп отырған редакция үшін жауап беру мүмкін нәрсе деп есептемеймін.

Бірнеше күннен кейін мен, Советтің бір мүшесімен бірге шынында да Плехановқа бардым; Плеханов екеуіміздің әңгімеміз мына түрде өтті:

— Білесіз ғой, кейде бір ұрысқақ әйелдер болады, — деді Плеханов, — олардың айтқанына көну кажет, әйтпесе долданып алып, жұрттың көзінше быжылдап жанжал шығарады.

— Солай болуы мүмкін, — дедім мен, — бірақ көнгенде, бұдан да үлкен «жанжалға» жол бермеу үшін күшiңді өз бойында сақтайтындай болып көну керек.

— Ал кету дегеніңіз — бәріне де көну деген сөз, — деп жауап берді Плеханов.

— Ылғый олай бола бермейді, — дедім де, мен Чемберленді мысалға алдым. Менің ойым баспасөз жүзінде де айтқан ойымның нақ өзі еді: егер Плеханов көпшілікке де, қатарында Плехановтың өзі ұзақ уақыт, жігерлі күрес жүргізген көпшілікке де, қолайлы бітімді орната алса, онда мен де соғысты бастамаймын; егер олай ете алмаса, *тіпті* Плеханов та тыныштандырып, жуасыта алмаған күнде, «ұрысқақ әйелді» әшкерелеу үшін қыймыл бостандығын өзімде сақтаймын.

Сол әңгіменің кезінде мен Плехановқа (оппозицияның шарттарын ол әлі білмейтін еді) Орталық Комитетке

енуді өзімнің «шешкенім» туралы айттым (менің мұны «шешуіме» болатын еді, бірақ, әлбетте, Орталық Комитеттің барлық мүшелері ризалық беруге тиісті еді). Тіпті қандай негізде болса да «ұрысқақ әйелмен» үйлесу жөніндегі соңғы әрекет ретінде бұл жоспарды Плеханов толық ұнатты. 1903 ж. 6 ноябрьде Плехановқа жазған хатымда мен оған: сіз, бәлкім, редакцияны мартовшыларға жәй бере саласыз дегенімде, Плеханов (8 ноябрьде) былай деп жауап қайырды... «Сіз, байқауымша, менің ой-ниеттерімді нашар ұғынған сыяқтысыз. Мен кеше оларды Васильев жолдасқа тағыда түсіндірдім» (Васильев Орталық Комитеттің мүшесі, Лиганың съезінде болған). Плеханов нақ сол Васильев жолдасқа 10 ноябрь күні «Искраның» съезд туралы хабар басылған 52-номерін шығаруды тездету немесе кідірте тұру мәселесі жөнінде былай деп жазды: ...«Съезд туралы хабар басудың өзі: 1) не Мартов және басқалар «Искраға» қатыспайды деп хабар басқандық болады, не 2) бұл жөнінде Мартовқа ризалық бермегендік болады, — онда ол бұл туралы айрықша листокте басып шығарады. Осы екі реттің екеуінде де мұның өзі жұртшылықты жік туралы хабарландырады, *ал кәзір біз нақ осыдан қашуымыз керек*» (курсив менікі. Н. Л.). 17 ноябрьде Плеханов нақ сол жолдасқа былай деп жазады: ...«Мартовты және басқаларды дереу кооптациялау туралы сіз не ойлайсыз? Мен мұның өзі істі қыйыншылығы кем жолмен тындырудың әдісі болар еді деп ойлай бастаулымын. *Мен Сізден тыс әрекет істегім келмейді*». (курсив Плехановтікі).

Плехановтың көпшілікпен бірлесіп қыймылдауға тырысатыны, редакцияны кооптациялағанда мұны әсте көпшілікпен соғысу үшін емес, тек бітім үшін ғана және бітім болатын күнде ғана істегісі келетіні осы үзінділерден айқын көрінеді. Егер керісінше болып шыққан болса, мұның өзі тек анархиялық индивидуализмнің арбасы бойкот пен ірткішілдік тактикасында тым қатты кеткендігін ғана көрсетті; ең мықты тормоздар да әсер ете алмады. Бұл, әлбетте, өте өкінішті нәрсе болды, сөйтіп бітімді шын ниетімен көздеген Плеханов ұнамсыз жағдайда қалды; ал бұл жөніндегі айыпты жалғыз маған аударудың жөні жоқ.

Менің лайықты «эквивалент» үшін үндемеуге көнуім туралы Плехановтың айтқан сөздерін және: «мен оның үндемеуін сатып алуды керек деп таппадым», деген пәндік мәлімдемесін алатын болсақ, мұндай айтыс тәсілі оныншы ноябрьдегі хаттан мен цитат етіп келтірген сөздермен салыстырғанда тек қана күлкілі әсер етеді. Нақ Плехановтың өзі үндемеу жайындағы, жік туралы жұртты хабарландырмау жайындағы мәселеге орасан зор маңыз берген болатын*. Егер мен бітім болатын болса, бұғанда өзімнің риза екендігімді оған білдірсем, бұдан табиғи не бар? «Эквивалент үшін» көну туралы және «сатып алу» туралы әңгімелерге карағанда, ендігі жолы Плеханов осындай сатып алу ісіне арнап Лениннің жалған ақша әзірлеп жатқандығы туралы жұртқа хабарлар деп күтуге ғана тура келеді. Эмигранттық егестерде осылай болды ғой — қолайлы жағдай да бар.

Плеханов жолдастың хаты: өзінің азшылық ішінде болу правосын оның енді *сатып алуына* тура келмес пе екен? — деген еріксіз ой туғызады. Партиялық орган дейтіндегі азшылықтың тактикасы кәзірде анықталып отыр. Біздің келіспеушілігімізге шын себеп болған талас мәселелер мен фактыларды бүркеуге тырысу керек. Мартынов «Искраға» Лениннен анағұрлым жақын болды деп дәлелдеуге тырысу керек, — дәл қалай, дәл неліктен және дәл қаншалық жақын болғанын жаңа «Искраның» шатасқан редакциясы әлі де ұзақ талқылайды. Айтыста жеке кісілерді фарисейлікпен сөгу керек, — сөйтіп іс жүзінде бүкіл күресті жеке кісіге қарсы жорыққа айналдыру керек, тіпті «дұшпанға» ең рабайсыз бірбеткейліктен бастап ең сужүрек айлакерлікке дейінгі өте үйлесімсіз жаман сыйпаттарды таңудан да тайынбау керек. Тек неғұрлым батымды болып шықса болғаны. Ал біздің жаңа одақтастардың, Плеханов жолдас пен Мартовтың сөздерінің батымдылығы соншалық, олар тез арада атақ-

* А ргороз (Айтпақшы. *Ред.*) Лига протоколдарын және партия съезі протоколдарының аяғын жарыяламауды өте-мөте қатты талап еткен нақ Плеханов болатын; сол протоколдардың аяғында Плеханов ескі редакция деп аталатынға қарсы тікелей вот үшін бүкіл инабаттық жауапкершілікті өз мойныма аламын дейді, тағы сонда ол: партия әдеби күштері жағынан жарлы емес деп сенім білдіреді, — бұл мәлімдемені азшылық өкілдерінің бірі жалған классиктік стильдегі көпірмелі желсөз деп атады.

ты «сімілтірлерімен» қоса атакты бундшылардан ешбір қалыспайтын болады. Одақтастардың өз броненостарынан мені өршелене атқылап жатқандығы соншалық, маған мынадай ой келеді: бұл сұмдық үштіктің үштен екісінің жасаған заговоры емес пе? Мен де жәбірленгенсіп көріне қойсам қайтеді? «Қыйлы жағдай» туралы байбалам салсам қайтеді? Мұның өзі кейде өте қолайлы да, өте тиімді де болады ғой...

Тегінде, азшылықтың шын жақтасы болуы үшін Плеханов жолдастың, сірә, тағыда кішкене екі қадам жасауына тура келетін сыяқты: біріншіден, съезде Мартов жолдас пен Аксельрод жақтаған (ал енді олар қарысып ауызға алмай отырған), уставтың бірінші параграфының тұжырымы оппортунизмге қарай қадам басқандық емес, буржуазиялық индивидуализмнен сескенушілік емес, қайта жаңа, нағыз социал-демократтық, акимовтық-мартовтық, мартыновтық-аксельродтық көзқарастардың дәнегі болып табылады деп мойындауы керек. Екіншіден, съезден кейін азшылыққа қарсы жүргізілген күрес партия тәртібін өрескел бұзушылыққа қарсы, тек ызаны келтіретін үгіт тәсілдеріне қарсы жүргізілген күрес емес еді, анархизмге және анархиялық сөзге қарсы (Лига протоколдарының 17, 96, 97, 98, 101, 102, 104-беттерін және басқа көптеген беттерін қараңыз) жүргізілген күрес емес еді, қайта «қыйлы жағдайға», бюрократизмге, формализмге, т. б. қарсы жүргізілген күрес еді деп мойындауы керек.

Бұл сыяқты талас мәселелерді кәзір баспаға әзірленіп жатқан кітапшада менің кеңінен сөз қылуыма тура келеді. Ал әзірінше... әзірінше, оқушыларға жұмбақтар беруді ереже етіп алған біздің басшы органымыз ашқан, гогольдік кейіпкерлердің галлереясына көз салайық. Барша жұрттың намысына тиетін, сүйелін баса беретін Собакевичке кім ұқсайды? Өлі жандармен қоса үндемеуді де сатып алатын айлакер Чичиковқа кім ұқсайды? Ноздрев пен Хлестаковқа, Манилов пен Сквозник-Дмухановскийге кім ұқсайды? Өте қызық, тәлім аларлық жұмбақтар... «Принципті айтыс»...

1904 ж. мына кітапшада басылған:
„Орыс революциялық социал-демс-
кратиясының Штетелдік лигагының
екінші съезінің протоколдарына тү-
сініктер“, Женева

Н. Ленин

Кітапшаның тексті бойынша
басылып отыр

БІРІНШІ МАЙ

ЛИСТОК ЖОБАСЫ

Жұмысшы-жолдастар! Бірінші май күні жақындап келеді, бұл күні барлық елдердің жұмысшылары өздерінің саналы өмірге қарай ояна бастағандығын мейрамдайды, өздерінің зорлықтың бәріне және адамды адам езуінің бәріне қарсы күресте, миллиондаған еңбекшілерді аштықтан, қайыршылықтан және қорлықтан азат ету жолындағы күресте біріккендіктерін мейрамдайды. Бұл ұлы күресте екі дүние: капитал дүниесі мен еңбек дүниесі, қанау мен кұлдық дүниесі, туысқандық пен азаттық дүниесі біріне бірі қарсы тұр.

Бұл екі дүниенің бір жағында аттөбеліндей жатып ішер байлар тұр. Олар фабрикалар мен заводтарды, құралдар мен машиналарды басып алып отыр. Олар миллиондаған десятина жер мен орасан көп ақшаны өздерінің жеке меншіктеріне айналдырып алып отыр. Олар үкімет пен әскерді өздерінің итаршысы болуға, өздерінің жыйнаған байлығының адал сакшысы болуға мәжбүр етіп отыр.

Екінші жағында — миллиондаған құралақан қалғандар тұр. Олар байлардан өздеріне жұмыс істеуге рұхсат етуді сұрануға тиіс. Барлық байлықты өз еңбектерімен осылар жасайды, сөйте тұрып өздері бір тілім нан үшін барлық өмірін сарп етеді, қайыр-садақа тілегендей етіп, жұмыс сұрайды, зорланып еңбек етіп күштері мен денсаулықтарын жояды, деревня лашықтарында, үлкен қалалардың подвалдары мен шардақтарында жүріп ашығады.

Міне осы құралақан қалғандар мен еңбекшілер байлар мен қанаушыларға қарсы соғыс жарыялап отыр. Барлық елдердің жұмысшылары еңбекті жалдама кұл-

дықтан, қайыршылық пен жоқшылықтан азат ету жолында күресуде. Олар жалпы еңбекпен жасалған байлық аттөбеліндей байлардың пайдасына кетпей, барлық еңбекшілердің пайдасына жұмсалатын қоғам құру үшін күреседі. Олар жерді, фабрикалар мен заводтарды, машиналарды барлық қызметкерлердің ортақ меншігіне айналдыруға тырысады. Олар байлар мен кедейлердің болмауын тілейді, еңбек жемісінің кім еңбек етсе соған берілуін тілейді, адам баласының ақыл-ойының барлық табыстарының, жұмыстағы барлық жетістіктердің, қызметкерді езудің құралы болмай, жұмыс істеуші адамның тұрмысын жақсартуын тілейді.

Еңбектің капиталға қарсы ұлы күресі барлық елдердің жұмысшыларына орасан зор құрбандыққа түсті. Өздерінің жақсы өмір сүру және нағыз бостандық алу правосын қорғау жолында олар қыйсапсыз көп қан төкті. Үкіметтің жұмысшы мақсаты үшін күресушілерге қолданып отырған жазасының ұшы-қыйыры жоқ. Бірақ, жазаның ешқайсысына қарамастан бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының одағы өсіп, нығайып келеді. Жұмысшылар социалистік партияға барған сайын тығыз бірігіп келеді, социалистік партияны жақтаушылардың саны миллионға дейін көтерілді, сөйтіп, олар қадам басқан сайын капиталист-қанаушылар табын толық жеңуге қарай үздіксіз жақындап келеді.

Жаңа өмірге қарай орыс пролетариаты да оянды. Осы ұлы күреске ол да келіп қосылды. Біздің жұмысшыларымыздың үн қатпай арқасын төсейтін күндері, өзінің бұғаулы тұрмысынан қалай шығудың жолын білмейтін күндері, өзінің каторгалық өмірінен жарық-сәуле көрмейтін күндері өтіп кетті. Бұл жолды социализм көрсетіп берді, сөйтіп, мың, мыңдаған күресшілер темірқазыққа бет алғандай, қызыл туға қарай лек-легімен беттей бастады. Стачкалар жұмысшыларға одақтың қандай күші бар екендігін көрсетті, олар жұмысшыларды тойтарыс беруге үйретті, олар ұйымдасқан жұмысшылардың капитал үшін қандай қатер екендігін көрсетті. Жұмысшылардың еңбегімен капиталистер мен үкіметтің өмір сүріп және байып отырғандығын олар өз көздерімен көріп отыр. Жұмысшылар бірігіп күрес жүргізуге қарай, бостандық пен социализмге қарай ұмтылды. Патша са-

модержавиесінің қаншалықты зұлым және дүлей күш екендігін жұмысшылар түсінді. Жұмысшыларға күресу үшін кеңістік керек, ал патша үкіметі олардың қол, аяғын бірдей байлап-матап отыр. Жұмысшыларға ерікті түрде жыйналыстар жүргізу, ерікті одақтар құру және кітаптар мен газеттерді еркімен алып тұру керек, ал патша үкіметі бостандыққа қарай тырысушылықтың қандайын болса да түрме, қамшы және штык арқылы басып отырады. «Самодержавие жойылсын!» деген ұран бүкіл Россияға жайылды. Бұл ұран көшелерде, көп мындаған жұмысшылар қатнасқан жыйналыстарда, барған сайын жиі қайталанып отырды. Өткен жылдың жазында Россияның бүкіл оңтүстігінде он мындаған жұмысшылар көтеріліске шықты, олар жақсы тұрмыс үшін, полициялық езгіден құтылу үшін күреске көтерілді. Орасан ірі қалалардың бүкіл өнеркәсібін бір-ақ сермеп тоқтатқан айбатты жұмысшы армиясын көргенде буржуазия мен үкімет шошып кетті. Жұмысшының ісі үшін ондаған күресшілер ішкі жауға қарсы аттанған патша әскерлерінің оғына ұшты.

Бірақ бұл ішкі жауды ешқандай күштің жеңуі мүмкін емес, неге десеңіз билеуші таптар мен үкімет тек осылардың еңбегі арқылы ғана өмір сүріп отыр. Барған сайын саналы болып, барған сайын бірігіп және ұйымдасып отырған миллиондаған жұмысшыны жеңіп ала қоярлық күш жер бетінде жоқ. Жұмысшылардың әрбір жеңіліске ұшырауы күресшілердің қатарын жаңадан жасақтап отырады, бұқараның бұрынғыдан да гөрі қалың тобын жаңа өмірге оянып, жаңа күреске әзірленуге мәжбүр етеді.

Ал Россия кәзірде мынадай оқыйғаларды басынан кешіріп отыр: жұмысшы бұқараның бұл оянуы бұдан да гөрі тез және бұдан да гөрі кең мөлшерде болғалы отырғаны сөзсіз, мұндай оқыйға жағдайында біз барлық күшті пролетариат қатарын топтастыру үшін, оны бұдан да гөрі батыл күреске дайындау үшін жұмсауымыз керек. Соғыс саяси істер мен мәселелерге пролетариаттың ең артта қалған жіктерінің де назарын аударады. Соғыс самодержавие тәртібінің барынша шірік екендігін, Россияны басқарып отырған полициялық және патша ордасының төңірегіндегі шайканың барынша қылмысты екен-

дігін барған сайын айқын, барған сайын көрнекті етіп әшкерелеп отыр. Біздің халқымыз қайыршылыққа батып келеді және аштықтан өз үйінде отырып қырылып жатыр, — ал оны басқа елдің халықтары мекендеп отырған және мыңдаған шақырым алыста жатқан бөтен біреудің жаңа жерін басып алуы үшін күйзелісті және ешбір мағнасы жоқ соғысқа тартып отыр. Біздің халқымыз саяси құлдықтан жапа шегіп отыр, — ал оны жаңа халықтарды құл ету үшін соғысқа тартып отыр. Біздің халқымыз ішкі саяси тәртіптерді қайта құруды талап етіп отыр, — ал оның көңілін дүниенің басқа бір шетінде естіліп жатқан зеңбіректің даусымен бөліп отыр. Бірақ патша үкіметі өзінің қызу ойынында, халықтың игілігін және Тымық мұқиттың жағасында қырғынға ұшырап жатқан жас күштерді қылмысты түрде талан-таражға салуында, тым өрескелдік жасап отыр. Соғыстың қандайы болса да халықтың күшін көп жұмсауды талап етеді, ал мәдениетті және ерікті Жапониямен болатын қиын соғыс Россияның қатты зорланып күш жұмсауды талап етеді. Және де мұндайлық зорланып күш жұмсау полициялық озбыр өкіметтің ірге тасы ояна бастаған пролетариаттың соққысынан теңселіп-шайқала бастаған уақытқа тура келіп отыр. Соғыс үкіметтің барлық әлсіз жақтарын әшкерелейді, соғыс оның жалған бетперделерін жұлып тастайды, соғыс оның ішкі шіріктігін ашып көрсетеді, соғыс патша самодержавиесінің сорақылығын асқындырып әкеліп, бұл сорақылықты барша жұрттың және әрбір адамның көзіне бадырайтып көрсетеді, соғыс ескі Россияның, правосыз, қараңғы және артта қалған Россияның, полициялық үкіметке крепостнойша тәуелді болып отырған Россияның жанталасуын барша жұртқа көрсетеді.

Ескі Россия жойылып келеді. Оның орнына ерікті Россия шығып келеді. Патша самодержавиесін күзеткен дүлей күштер құрып келеді. Бірақ бұл дүлей күштерге өлтіре соққы беру тек саналы, тек ұйымдасқан пролетариаттың ғана қолынан келеді. Халыққа нағыз, жасанды емес бостандықты алып беру тек саналы, ұйымдасқан пролетариаттың ғана қолынан келеді. Халықты алдауға, оның праволарын кемітуге, оны буржуазияның жәй ғана қолшоқпары етуге тырысқан әрекеттердің қандайына

болса да тойтарыс беру тек саналы, ұйымдасқан пролетариаттың ғана қолынан келеді.

Жұмысшы-жолдастар! таяуда болатын шешуші күреске он есе жігермен әзірленейік! Социал-демократтардың — пролетарлардың қатары берік топтаса берсін! Олардың уағыздары мейлінше кең көлемде жайыла берсін! Жұмысшылардың талаптары үшін жүргізілетін үгіт жұмысы батыл көтерілсін! Бірінші май мейрамы біздің қатарымызға мындаған күрескерлерді тартатын болсын және бүкіл халықтардың бостандығы үшін, бүкіл еңбекшілердің капитал қанауынан азат етілуі үшін болатын ұлы күресте біздің күшіміз екі есе өсетін болсын!

Сегіз сағаттық жұмыс күні жасасын!

Халықаралық революцияшыл социал-демократия жасасын!

Қылмысты және қаракшы патша самодержавнесі жойылсын!

1904 ж. апрельде жазылған

*1904 ж. апрельде өзгертіліп
жеке листок болып басылған*

*Колжазба бойынша
басылып отыр*

БІР АДЫМ ІЛГЕРІ,
ЕКІ АДЫМ КЕЙІН

(ПАРТИЯМЫЗДАҒЫ ДАҒДАРЫС)⁰¹

1904 ж. февраль — майда жазылған

*Жеке кітап болып 1904 ж.
майда, Женевада басылған*

*Кітаптың тексті бойынша,
Вл. Ильин. „12 жылда“, 1907 ж.
деген жыйнақтың қолжазбасымен
және текстімен салыстырылып
басылып отыр*

N. LENIN. Ein Schritt vorwärts, zwei Schritt rückwärts
(Über die Krise in unserer Partei).

РОССІЙСКАЯ СОЦІАЛЪДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ РАБОЧАЯ ПАРТІЯ

Н. ЛЕНИНЪ.

**Шагъ впередъ,
два шага назадъ**

(Кризисъ въ нашей Партии).



ЖЕНЕВА

Типографія ПАРТИИ. Rue de la Confédération, 27.

1904

В. И. Лениннің „Бір адым ілгері, екі адым кейін“
деген кітабының тысы. — 1904 ж.

Кішірейтілген

Handwritten text, possibly bleed-through from the reverse side of the page. The text is extremely faint and illegible.

АЛҒЫСӨЗ

Қашан да ұзақ, қажырлы, қызу күрес болғанда, әдетте бірсыпыра уақыт өткеннен кейін, оның түйінді, негізгі даулы пункттері көзге айқын түсе бастайды; науқанның түпкілікті нәтижесі де сол пункттердің шешілуіне байланысты болады; олармен салыстырғанда, күрестің барлық ұсақ-түйек, кіші-кірім кезеңдері барған сайын артқа, кейінге қалдырыла береді.

Дәл жарты жылдан бері барлық партия мүшелерінің көңлін аударған партия ішіндегі күресіміздің жайы да дәл осындай. Маған оқушыларға ұсынып отырған осы бүкіл күрес жайындағы очеркте толып жатқан маңызы аз ұсақ-түйектерге, түк маңызы жоқ жанжалдарға тоқталып өтуге тура келді; міне сол себепті ә дегеннен-ақ оқушылардың көңлін зор маңызы бар нағыз түйінді, нағыз негізгі екі пунктке аударғым келеді; бұлардың тарихи маңызы зор екендігінде ешбір шүбә жоқ және бұлар біздің партиямыздағы толғағы жеткен саяси мәселелердің ең маңыздысы болып табылады.

Мұндай бірінші мәселе — біздің партияның «көпшілік», «азшылық» болып бөлінуінің саяси маңызы туралы мәселе; бұл бөліну партияның екінші съезінде болды және орыс социал-демократтарының бұрынғы бөлінуінің бәрінен асып түсті.

Екінші мәселе — жаңа «Искраның» ұйымдастыру мәселелері жөніндегі позициясының принциптік маңызы туралы мәселе; өйткені бұл позиция шынында принциптік позиция болып табылады.

Бірінші мәселе — біздің партия күресінің бастама пункті, оның шыққан жері, оның себептері, оның негізгі

саяси сыйпаттары туралы мәселе. Екінші мәселе — сол күрестің ақырғы нәтижелері, оның тоқтаған жері туралы, принципке жататынның бәрін қосып келгенде және жанжалға жататынның бәрін шығарып тастағанда келіп шығатын принциптік қортынды туралы мәселе. Бірінші мәселе партия съезіндегі күреске анализ жасаумен шешіледі, екіншісі жаңа «Искраның» жаңа принциптік мазмұнына анализ жасаумен шешіледі. Менің кітапшамның мазмұнының оннан тоғызы арналып отырған бұл екі анализ мынадай қортындыға келтіреді: «көпшілік» — біздің партияның революциялық қанаты, ал «азшылық» — оппортунистік қанаты; ол екі қанатты кәзіргі уақытта айырып отырған алауыздықтар, көбінесе, программа және тактика мәселелеріне емес, тек ұйымдастыру мәселелеріне келіп тіреледі; жаңа «Искра» өзінің позициясын тереңдетуге тырысқан сайын, бұл позиция кооптация нәтижесінде туатын жанжалдардан тазартылған сайын, жаңа «Искрада» ашық-айқын көрінетін жаңа көзқарастар системасы ұйымдастыру мәселелеріндегі оппортунизм болып табылады.

Біздің партия дағдарысы туралы кәзіргі бар әдебиеттің басты кемшілігі — фактыларды зерттеп, жарыққа шығару жайында, партия съезінің протоколдарына анализ жасау мүлде жоққа тақау, ал ұйымдастыру мәселесінің негізгі принциптерін біліп алу жайында, бірінші жағынан, Мартов жолдас пен Аксельрод жолдастың уставтың бірінші параграфын тұжырымдау турасындағы, бұл тұжырымды жақтау турасындағы негізгі кателерінің және, екінші жағынан, «Искраның» ұйымдастыру мәселесі жөніндегі кәзіргі принциптік көзқарастарының бүкіл «системасының» (өйткені мұндағы әңгіме система туралы болмақ) арасындағы күмәнсіз бар байланысқа анализ жасау жоқ. «Искраның» кәзіргі редакциясы, «көпшіліктің» әдебиетінде бірінші параграф туралы таластардың маңызы көптен көп айтылса да, бұл байланысты тіпті байқамайтын сыяқты. Шынына келгенде, Аксельрод жолдас пен Мартов жолдас енді бірінші параграф жөніндегі алғашқы кателерін тереңдетіп, дамытып, кеңейтіп әкетіп барады. Шынына келгенде, бірінші параграф туралы таластың өзінде-ақ оппортунистердің ұйымдық мәселедегі бүкіл позициясы біліне бастады: олардың бе-

рекесіз, күшті бірлігі жоқ партия ұйымын жақтауы да, олардың партия съезіне, съезд құрған мекемелерге сүйеніп отырып, партияны жоғарыдан төмен қарай құру сияқты идеяға («бюрократтық» идеяға) қарсылығы да, олардың әрбір профессордың, әрбір гимназистің «әрбір стачкашының» өзін партияның мүшесімін деуіне жол беріп, төменнен жоғарыға қарай жүргісі келулері де, олардың партия мүшесінен партия таныған бір ұйымда болуды керек қылатын «формализмге» қарсылығы да, олардың «ұйымдық қатнасты платонша тануға» ғана дайын болған буржуазияшыл интеллигенттің психологиясына бейімделуі де, олардың оппортунистік терең ойлыққа, анархиялық құрғақ сөзге берілгіштіктері де, олардың централизмге қарсы автономизмге ұмтылуы да біліне бастады, бір сөзбен айтқанда, жаңа «Искрада» кәзір етек алып отырған, алғашқы қатені барған сайын толық, айқын түрде ашып беруге жәрдем етіп отырған нәрселердің бәрі біліне бастады.

Ал енді, партия съезінің протоколдарына келсек, оларға мүлде орынсыз көңіл қоймаушылықты, тек біздің таласымыздың жанжалмен былығып кеткендігінен болды деп қана түсіндіруге болады және де бұл протоколдарда нағыз шындықтың тіпті көп екендігінен де деп түсіндіруге болады. Партия съезінің протоколдары — анықтық, толықтық, аумақтылық, байлық және шындық жағынан алғанда, біздің партия ішіндегі нағыз жағдайды көрсететін, қозғалысқа қатысқандардың өз қолдарымен жасалған көзқарастардың, пікірлердің, жоспарлардың жайын көрсететін, партия ішіндегі саяси сарындардың күштерін салыстырып көрсететін, олардың өзара қатнастарын, олардың күрестерін көрсететін, іздесе табылмайтын бір ғана сурет. Нақ сол партия съезінің протоколдары, тек осы протоколдар ғана бізге ескі, жалаң үйірмешілдік байланыстарды шынында қаншалық жойғанымызды және ол байланыстардың орнына бірыңғай ұлы партиялық байланысты қаншалық қолданғанымызды көрсетеді. Партияның әрбір мүшесі, егер ол өз партиясының ісіне саналы түрде қатысамын десе, біздің партия съезін әбден талдап білуге міндетті, шын мағнада талдап білуге міндетті, өйткені құшақ-құшақ протокол-

дың шикі материалын жәй оқып шығу съездің жайың толық суреттеп бере алмайды. Тек өз бетімен әбден талдап тексеру арқылы ғана, әрбір сөйленген сөздің қысқаша конспектісін, жарыссөздерден тұран құрғақ экстракттарды, ұсақ (шамасы, ұсақ) мәселелерден тұран ұсақ керістерді жыйнап келіп бір бүтінге айналдыруға болады; партия мүшелерінің аясында әрбір көрнекті шешеннің бейнесі көз алдындағыдай болып көрінетін етуге болады; партия съезіндегі делегаттардың әрбір тобының бүкіл саяси пішіні айқындалатын етуге болады ((солдай ету керек те). Мұны жазған адам, егерде партия съезінің протоколдарын өз бетімен кеңінен талдап зерттеуге ең болмаса түрткі салып, себепкерлік етсе, өзінің еңбегін бос кетпеді деп санайды.

Социал-демократияның дұшпандары жөнінде тағы бір сөз. Олар біздің таласымызды бақылап отырады да, табалап, мәз болады; олар, әрине, партиямыздың кемшіліктерін, жетімеіздіктерін көрсетуге арналған менші кітапшамның кей жерлерін үзіп-жұлып, өз мақсаттары үшін пайдалануға тырысады. Орыс социал-демократтары ұрыстарда әбден шыныққан, сондықтан олар мұндай шымшуларға танданбайды, қайта, оған қарамастан, өзін өзі сынау және өз кемшіліктерін аямай ашу жөніндегі жұмыстарын жүргізе береді; ал бұл кемшіліктерден жұмысшы қозғалысының өсуі қалай да сөзсіз асып түседі. Ал енді, дұшпан мырзалар бізге өз «партияларындағы» жағдайдың шын суретін көрсетеінші, біздің екінші съездің протоколдарына тым бөлмаса жанасып жақындайтын суретті көрсетеінші!

Май, 1901 жыл.

Н. Ленин.

а) СЪЕЗДІ ДАЯРЛАУ

24 сағаттың ішінде әркім өзінің төрешісіне лағнат айтуға праволы, деген нақыл сөз бар. Біздің партияның съезі де, басқа қандай партияның қандай да болса съезі сыяқты, басшылық қызметке таласқан және жеңіліп қалған кейбір адамдарға төреші болды. Енді осы «азшылықтың» өкілдері баланың ісі сыяқты аңқаулықпен, «өздерінің төрешісіне лағнат айтып отыр» және қайтсе де съезді масқаралап, оның маңызы мен беделін түсіруге тырысуда. Бұл тырысушылық съездің «тәңірілік» кудіреті туралы идея жөнінде шала бүлінген Практиктің⁶² «Искраның» 57-номеріндегі мақаласында тым ашық білінген шығар деймін. Бұл — жаңа «Искраның» өзгеше бір белгісі, сондықтан оны айтпай өтуге болмайды. Көбінесе съездің қабылдамай тастаған адамдарынан кұралған редакция, бірінші жағынан, өзін әлі күнге «партиялық» редакция деп атап келеді, ал, екінші жағынан, съезд — тәңірі емес, дейтін кісілерге кұшағын жаюда. Сөз-ақ емес пе? Я, мырзалар, съезд, әрине, тәңірі емес, бірақ, съезде жеңіліс тапқаннан кейін, оны «сөге» бастаған кісілер туралы не ойлау керек?

Расында да, съезді даярлау тарихының негізгі фактыларын еске түсіріңізші.

«Искра» ең бастан-ақ, өзінің 1900 жылғы, газет шығу алдындағы анонсында: бірігуден бұрын ажырасу керек, деп жарыялаған. «Искра» 1902 жылғы конференцияны⁶³ партия съезіне емес, жәй кеңеске айналдыруға тырысты*. «Искра» 1902 жылдың жазында және күзінде, сол конференцияда сайланған Ұйымдастыру Комитетін қай-

* Қараңыз: екінші съездің протоколдары, 20-бет.

тадан кұрғанда, аса сақтық істеді. Ақырында, ажырасу жұмысы бітті, біткенде — біздің жалпы ұйғаруымызша бітті. Уйымдастыру Комитеті 1902 жылдың ең аяқ мезгілінде кұрылды. «Искра» мұның баянды болуын кұттықтады және өзінің 32-номерінде *редакция* атынан жазылған мақаласында: партия съезін шақыру — кейінге қалдырылмайтын, ең қажетті іс, деді*. Сонымен бізді екінші съезді шақыруға асығыстық ету жөнінде бәрінен де гөрі аз кінәлауға болады. Біз шынында: жеті рет өлшеп, бір-ақ кес, деген ереже бойынша қыймылдадық; жолдастарға сенуге біздің толық адамгершілік правомыз болды, — бір кесілгеннен кейін олар жылай бастамас және қайта өлшемес, дедік.

Уйымдастыру Комитеті аса ұқыпты түрде екінші съездің уставын жасады (формалистік, бюрократтық деген сөзсымақтармен кәзір өзінің саяси тұрлаусыздығын бүркемелеп жүргендер бұл уставты формалистік, бюрократтық устав дер еді), бұл уставты барлық комитеттерден өткізді және, ақырында, оны бекітті, сонсын 18-параграфта мынадай қаулы етті: «Съездің барлық қаулылары және оның өткізген барлық сайлауы партияның қарары болып табылады, партияның барлық ұйымдары үшін міндетті қарар болып табылады. Оларға ешкім, ешқандай сылтаумен қарсылық білдіре алмайды және оларды тек кейінгі съезд ғана жоя алады, не өзгерте алады»**. Уақытында, өзінен өзі солай болуы керек сыяқты нәрсе ретінде, үндемей қабыл алынған бұл сөздердің өзі өте орынды екені және кәзірде «азшылық» жөнінде үкім кескендей ғажап нәрсе болып көрінетіні рас емес пе! Мұндай параграф қандай мақсатпен жасалып еді? Бір ғана формалдықты сақтау үшін бе? Әрине, жоқ. Бұл қаулы қажет болып көрінді және шынында да қажет болды, өйткені партия кілең шашыраңқы және өз беттерімен жүріп жатқан топтардан кұралған еді, олардан съезді танымаушылықты күтуге болатын еді. Бұл қаулы — барлық революционерлердің нағыз *рызашылығынан* туған қаулы (бұл жөнде кәзір жұрт

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қазақша 320—321-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: екінші съездің протоколдары, 22—23 және 380-беттер.

өте жиі және өте орынсыз сөз қылып, сыпайы түрде, рызашылық деген термин арқылы назды деген атақ тағылатын нәрсені сыйпаттап жүр). Бұл қаулы барлық орыс социал-демократтарының бір-біріне беріскен *уәделі сөзіне* тең болды. Бұл қаулы съезд шақырумен байланысты сіңірілген зор еңбектің, болған қауіптің, ұсталған шығынның далаға кетпеуін, съездің күлкіге айналып кетпеуін қамтамасыз етуге тиіс еді. Бұл қаулы съездің қарарларына және *сайлауларына* бағынбаудың қандайын болса да *сенімді бұзу* деп тауып, күні бұрын белгіледі.

Съезд — тәңірі емес және оның қарарлары — киелі зат емес, деп жаңалық ашқан жаңа «Искра» кімге күледі екен? Оның бұл ашқаны «жаңа ұйымдастыру көзқарастары» ма екен, әлде тек ескі ізін жасыру жөнінде қолданған жаңа әрекеті ме екен?

б) СЪЕЗДЕГІ ЖІКТЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Сонымен, съезд дайындық жұмысы әбден толық жасалғаннан кейін, өкілдердің мейлінше толық болуы негізінде шақырылды. Жалпы жұрттың съезд құрамын дұрыс деп тануы және қаулылары *сөзсіз* орындалуға тиісті деп табуы председателдің съезді құрғаннан кейінгі сөйлеген сөзінде де айтылды (протоколдардың 54-бетін қараңыз).

Съездің басты міндеті не еді? «Искраның» ұсынып, дайындаған принциптік және ұйымдастырушылық негіздеріне сүйеніп *нағыз* партияны құру еді. «Искраның» үш жыл қызмет істеуі және комитеттер көпшілігінің оны тануы съездің дәл осы бағытта жұмыс істеуі керектігін алдын ала белгіледі. «Искраның» программасы мен бағыты партияның да программасы, бағыты болуы керек болды, «Искраның» ұйымдастырушылық жоспарлары партияның ұйымдастырушылық уставында баянды етілуі керек болды. Бірақ мұндай нәтижеге күрессіз жетуге болмас еді; бұл өзінен өзі түсінікті нәрсе: съезде өкілдердің толық болуы «Искраға» қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізген ұйымдардың (Бунд пен «Рабочее Дело») қатысуын да, «Искраны» басшы орган деп сөзде ғана танып, іс жүзінде өздерінің ерекше жоспарларын көздеп жүрген, принцип жағынан тұрақсыз болған ұйым-

дардың («Южный рабочий» тобы және кейбір комитеттердің соған қосылған делегаттары) қатысуын да қамтамасыз етті. Мұндай жағдайда, съездің *искралық бағыттың жеңуі жолында күресу майданына* айналмасқа амалы болмады. Съездің шынында да осындай күрес болғаны — оның протоколдарын ұқыпты түрде оқыған адамның бәріне ә дегенде-ақ ап-анық болады. Ал біздің кәзіргі міндетіміз — съезде түрлі мәселелер жөнінде білінген басты-басты жіктерді тәптештеп бақылау, сөйтіп протоколдардың дәл деректері бойынша съездің негізгі топтарының әрқайсысының саяси пішінін анықтау. Съезде «Искраның» басшылығымен біртұтас партияға қосылғалы тұрған топтардың, бағыттардың, сарындардың өздері нендей еді, — жарыссөздер мен дауыстарға анализ жасау арқасында біз міне осыларды көрсетуіміз керек. Бұл жағдайды анықтау ісінің біздің социал-демократтардың іс жүзінде не болып отырғанын білу үшін де, айрылысудың себептерін түсіну үшін де орасан зор маңызы бар. Міне сондықтан да мен Лига съезіндегі сөзімде де, жаңа «Искра» редакциясына жазған хатымда да дәл осы әртүрлі жіктерге анализ жасауды бірінші қатарға қойып отырдым. «Азшылық» өкілдерінен шыққан менің оппоненттерім (бастығы Мартов болып) мәселенің мәнісін мүлдем ұқпады. Олар Лига съезінде өздеріне оппортунизмге қарай ауа бастау жөнінде тағылған айыптардан «ақталғанда», жеке түзетулерді енгізумен ғана қанағаттанды; олар, маған қарсы, съездегі жіктердің *қандай да болса басқа бір* пішінін көрсетуге де тырыспады. Енді Мартов «Искрада» (№ 56) съездегі түрлі саяси топтардың — жәй «үйірмелік саясатқұмарлық» арқылы — дәлдеп шегін айыруға бар күшін салып тырысады. Күшті айтылған сөз, Мартов жолдас! Бірақ жаңа «Искраның» күшті сөздерінің бір айрықша қасиеті бар: съезден бастап, айрылысудың барлық себептерін толық келтірсек болғаны — бұл күшті сөздердің бәрі *толығымен және ең алдымен* кәзіргі редакцияға қарсы жұмсалған болып шығады. Үйірмелік саясатқұмарлық туралы мәселе қозғап отырған, партиялық редакторлар деп аталатын мырзалар, өздеріне бұрылып қарандаршы! Съездегі күресіміздің фактылары Мартовқа осы күнде өте-мөте жақпайды, — ол бұл фактыларды мүлдем бүр-

кеп тастауға тырысады. Мартов былай дейді: «Партия съезінде де, съезге дейін де «Искрамен» толық ынтымақты екендігін білдірген, оның программасы мен ұйымдастырушылық көзқарастарын қорғап жүрген, оның ұйымдастырушылық саясатын қолдаған адам ғана «искрашыл» деп санала алады. Съезде мұндай искрашылдар қырықтан астам болды — «Искраның» программасын жақтап және «Искраны» партияның Орталық Органы деп тану туралы қарарды жақтап сонша адам дауыс берді». Съездің протоколдарын ашып қарасаңыз, программаны, қалыс қалған Акимовтан басқа, жұрттың бәрінің (233-бет) қабылдағанын көресіз. Сөйтіп, Мартов жолдас бундшылдар да, Брукэр де, Мартынов та өздерінің «Искрамен» «толық ынтымақты» болғандығын дәлелдеді және оның ұйымдастырушылық көзқарастарын қорғады деп, бізді сендіргісі келеді! Бұл күлкі ғой. Съезден соң съезге қатнасқан адамдардың бәрінің партияның толық праволы мүшелеріне айналуы (сонда да түгел емес, өйткені бундшылдар кетіп қалды) бұл жерде съезд үстінде күрес туғызған жіктермен шатастырылып отыр. Съезден соң «көпшілік» пен «азшылықтың» қандай элементтерден құралғандығын зерттеп білудің орнына: программаны таныды — деген ресми сөздер айтылып отыр!

«Искраны» Орталық Орган деп тану туралы дауысқа қоюды алыңыз. Қазіргі кезде Мартов жолдастың, жақсы істі ақтағандай батылдықпен, «Искраның» ұйымдық көзқарастары мен ұйымдық саясатын қорғады деп жүрген дәл Мартыновының қарардың екі бөлімін: тек жадағай түрде «Искраны» Орталық Орган деп тануды және оның еңбегін тануды бір-бірінен айыруды жақтағанын көресіз. Қарардың бірінші бөлімін дауысқа қойғанда («Искраның» еңбегін тану, онымен ынтымақты екендікті білдіру), оны жақтаған тек 35 ғана дауыс болды, екі дауыс қарсы болды (Акимов пен Брукэр) және он бір дауыс қалыс қалды (Мартынов, бес бундшыл және редакцияның бес дауысы: мені мен Мартовта екі-екіден, Плехановта біреу). Сонымен, антиискрашылдар тобының қандай екендігі (бес бундшыл және үш рабочеделошы) бұл жерде, Мартовтың кәзіргі көзқарастарына ең тиімді болған және оның өзі тандап алған мысалын-

да, ашық айқын көрінеді. Қарардың екінші бөлімін — «Искраның» Орталық Орган деп танылуын, танылғанда ешбір ыспаттамасыз, ешбір ынтымақ білдірмей-ақ танылуын (протоколдардың 147-беті) дауысқа қоюды алыңыз: мұны жақтаған дауыс 44 болды, бұларды Мартов кәзір искрашылдардікі деп жүр. Барлығы 51 дауыс болды, қалыс қалған редакторлардың бес дауысын алып тастағанда, 46 дауыс қалады; екі дауыс қарсы болды (Акимов пен Брукэр); қалған 44 дауыстың ішіне, сонымен, бес бундшылдың бәрі қосылады. Сонымен, бундшылдар съезде ««Искрамен» толық ынтымақтылығын білдірді» — ресми «Искра» ресми тарихты осылайша жазады! Алғарақ кетіп, бұл ресми шындықтың дәл себептерін оқушыларымызға түсіндіріп өтейік: *егерде бундшылдар мен рабочеделошылар съезден кетіп қалмаған болса, «Искраның» кәзіргі редакциясы (кәзіргідей quasi* партиялық емес) іс жүзінде партиялық редакция бола алар еді, болар еді; міне сондықтан да кәзіргі партиялық редакция деп аталып жүрген редакцияның ең сенімді қорғаушыларын «искрашылдарға» айналдыру керек еді. Бірақ бұған кейінірек толық тоқталып өтерміз.*

Онан соң, мынадай сұрақ туады: егер съездің өзі искралық элементтер мен антиискралық элементтердің күресі болса, онда әрі-сәрі, тұрақсыз, екеуінің арасында бұлғақтап жүрген элементтер болмады ма екен? Біздің партиямен және әртүрлі съездердің дағдылы пішінімен азынаулақ болса да таныстығы бар адам, бұл сұрауға — болды, деп жауап беруге аргіогі** бейім болар еді. Енді Мартов жолдас бұл тұрақсыз элементтерді тіпті есіне түсіргісі де келмейді; сондықтан ол «Южный рабочий» тобын және соны жақтаған делегаттарды нағыз искрашылдар деп суреттейді, ал біздің олармен алауыздықтарымызды болмашы, мәнсіз нәрсе деп суреттейді. Бақытымызға қарай, кәзір біздің алдымызда протоколдардың толық текстісі жатыр, сондықтан біз бұл мәселені — әлбетте, факт мәселесін — документті деректер бойынша шеше аламыз. Съездегі жалпы жіктер ту-

* — жалған. *Ред.*
 ** — күні бұрын. *Ред.*

ралы біздің жоғарыда айтып кеткендеріміз, әрине, бұл мәселені шешуді көздеп отырған жоқ, тек мәселенің дұрыс қойылуын ғана көздеп отыр.

Саяси жіктерге анализ жасамай тұрып, белгілі сарындардың күресі ретінде съездегі оқыйғаларды көз алдымызға елестетпей тұрып, біздің айрылысуымыздан ешнәрсені де түсінуге болмайды. Мартовтың тіпті бундшылдарды да искрашылдардың қатарына апарып қосу арқылы сарындардың айырмашылығын жоққа шығаруға тырысушылығы — мәселеден бас тарта қою болып табылады. Орыс социал-демократиясының съезге дейінгі тарихи негізінде (бұдан былай да тексеріп, тәптештеп зерттеу үшін) басты-басты үш топ: искрашылдар тобы, антиискрашылдар тобы және тұрақсыз, бұлғақтаушы, солқылдақ элементтердің тобы аргіогі белгіленді.

в) СЪЕЗДІҢ БАСТАЛУЫ. — УЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ
ЖӨНІНДЕГІ ЖАНЖАЛ

Бірден-бірге айқындалып келе жатқан саяси сарындарды бірінің артынан бірін көрсетіп отыру үшін, съездегі жарыссөздерге және дауысқа салуларға бәрінен де съезд мәжілістерінің тәртібімен анализ жасау қолайлырақ болады. Бір-бірімен қатты байланысты мәселелерді немесе біртекті жіктерді біріктіріп қарау үшін, тек сөзсіз керек болғанда ғана, хронологиялық тәртіптен шегінеміз. Ешкімге бұра тартпау үшін, біз дауысқа салулардың басты-бастыларының *бәрін* көрсетуге тырысамыз; ұсақ мәселелер жөніндегі толып жатқан дауысқа салуларды біз, әрине, сөз қылмаймыз; мұндайлар біздің съездің өлшеусіз көп уақытын алды (мұның өзі шінара, біздің тәжрибесіздігімізден және материалдарды комиссиялардың мәжілістері мен пленум мәжілістеріне бөле білмегендігімізден болды, шінара, дау-жанжалға айналған шалыстардың салдарынан болды).

Түрлі сарындарды көрсете бастаған айтыстарды тұғызған бірінші мәселе «партия ішінде Бундтың жайы» деген пунктті (протоколдардың 29—33-беттері) бірінші орынға (съездің «күн тәртібінде») қою туралы мәселе болды. Плеханов, Мартов, Троцкий және мен жақтаған искралық көзқарастың тұрғысынан қарағанда, бұл жөн-

да, ашық айқын көрінеді. Қарардың екінші бөлімін — «Искраның» Орталық Орган деп танылуын, танылғанда ешбір ыспаттамасыз, ешбір ынтымақ білдірмей-ақ танылуын (протоколдардың 147-беті) дауысқа қоюды алыңыз: мұны жақтаған дауыс 44 болды, бұларды Мартов кәзір искрашылдардікі деп жүр. Барлығы 51 дауыс болды, қалыс қалған редакторлардың бес дауысын алып тастағанда, 46 дауыс қалады; екі дауыс қарсы болды (Акимов пен Брукэр); қалған 44 дауыстың ішіне, сонымен, бес бундшылдың бәрі қосылады. Сонымен, бундшылдар съезде ««Искрамен» толық ынтымақтылығын білдірді» — ресми «Искра» ресми тарихты осылайша жазады! Алғарақ кетіп, бұл ресми шындықтың дәл себептерін оқушыларымызға түсіндіріп өтейік: *егерде бундшылдар мен рабочеделошылар съезден кетіп қалмаған болса*, «Искраның» кәзіргі редакциясы (кәзіргідей quasi* партиялық емес) іс жүзінде партиялық редакция бола алар еді, болар еді; міне сондықтан да кәзіргі партиялық редакция деп аталып жүрген редакцияның ең сенімді қорғаушыларын «искрашылдарға» айналдыру керек еді. Бірақ бұған кейінірек толық тоқталып өтерміз.

Онан соң, мынадай сұрақ туады: егер съездің өзі искралық элементтер мен антиискралық элементтердің күресі болса, онда әрі-сәрі, тұрақсыз, екеуінің арасында бұлжақтап жүрген элементтер болмады ма екен? Біздің партиямен және әртүрлі съездердің дағдылы пішінімен азынаулақ болса да таныстығы бар адам, бұл сұрауға — болды, деп жауап беруге аргіогі** бейім болар еді. Енді Мартов жолдас бұл тұрақсыз элементтерді тіпті есіне түсіргісі де келмейді; сондықтан ол «Южный рабочий» тобын және соны жақтаған делегаттарды нағыз искрашылдар деп суреттейді, ал біздің олармен алауыздықтарымызды болмашы, мәнсіз нәрсе деп суреттейді. Бакытымызға қарай, кәзір біздің алдымызда протоколдардың толық текстісі жатыр, сондықтан біз бұл мәселені — әлбетте, факт мәселесін — документті деректер бойынша шеше аламыз. Съездегі жалпы жіктер ту-

* — жалған. *Ред.*
 ** — күні бұрын. *Ред.*

ралы біздің жоғарыда айтып кеткендеріміз, әрине, бұл мәселені шешуді көздеп отырған жоқ, тек мәселенің дұрыс қойылуын ғана көздеп отыр.

Саяси жіктерге анализ жасамай тұрып, белгілі сарындардың күресі ретінде съездегі оқыйғаларды көз алдымызға елестетпей тұрып, біздің айрылысуымыздан ешнәрсені де түсінуге болмайды. Мартовтың тіпті бундшылдарды да искрашылдардың қатарына апарып қосу арқылы сарындардың айырмашылығын жоққа шығаруға тырысушылығы — мәселеден бас тарта қою болып табылады. Орыс социал-демократиясының съезге дейінгі тарихи негізінде (бұдан былай да тексеріп, тәптештеп зерттеу үшін) басты-басты үш топ: искрашылдар тобы, антиискрашылдар тобы және тұрақсыз, бұлғақтаушы, солқылдақ элементтердің тобы аргіогі белгіленді.

в) СЪЕЗДІҢ БАСТАЛУЫ. — УИЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ ЖӨНІНДЕГІ ЖАНЖАЛ

Бірден-бірге айқындалып келе жатқан саяси сарындарды бірінің артынан бірін көрсетіп отыру үшін, съездегі жарыссөздерге және дауысқа салуларға бәрінен де съезд мәжілістерінің тәртібімен анализ жасау қолайлырақ болады. Бір-бірімен қатты байланысты мәселелерді немесе біртекті жіктерді біріктіріп қарау үшін, тек сөзсіз керек болғанда ғана, хронологиялық тәртіптен шегінеміз. Ешкімге бұра тартпау үшін, біз дауысқа салулардың басты-бастыларының *бәрін* көрсетуге тырысамыз; ұсақ мәселелер жөніндегі толып жатқан дауысқа салуларды біз, әрине, сөз қылмаймыз; мұндайлар біздің съездің өлшеусіз көп уақытын алды (мұның өзі шінара, біздің тәжрибесіздігімізден және материалдарды комиссиялардың мәжілістері мен пленум мәжілістеріне бөле білмегендігімізден болды, шінара, дау-жанжалға айналған шалыстардың салдарынан болды).

Түрлі сарындарды көрсете бастаған айтыстарды туғызған бірінші мәселе «партия ішінде Бундтың жайы» деген пунктті (протоколдардың 29—33-беттері) бірінші орынға (съездің «күн тәртібінде») қою туралы мәселе болды. Плеханов, Мартов, Троцкий және мен жақтаған искралық көзқарастың тұрғысынан қарағанда, бұл жөн-

де ешбір күмәнданушылық болмасқа тиіс еді. Бундтың партиядан шығып кетуі біздің пікірлеріміздің дұрыс екенін айқын көрсетті: егер Бунд бізбен бірге болғысы келмеген болса, «Искрамен» бірге партияның көпшілігі қостаған ұйымдастыру негіздерін танығысы келмеген болса, — онда, бәріміз бірге сыяқты болып «көріну», сөйтіп съезді тек соза беру (оны бундшылдардың созғаны сыяқты) пайдасыз және мағнасыз іс болды. Мәселе әдебиет бетінде толық анықталып болған еді; сондықтан, мәселені ашықтан-ашық қойып, не автономияны (бірге боламыз), не федерацияны (айрылысамыз) турадан-тура, шын ниетпен қалап алудың ғана қалғандығы, партияның азды-көпті терең ойлы мүшелерінің қандайына болса да айқын болған еді.

Өздерінің бүкіл саясатында жалтарғыш болып келген бундшылдар, мәселені ұзаққа созып, бұл жерде де жалтарғысы келді. Оларға Акимов жолдас қосылды; ол «Рабочее Делоны» жақтаушылардың бәрінің атынан болса керек, ұйымдастыру мәселелері жәнінде «Искрамен» екі арада болып келген алауыздықты бірден алғатартты (протоколдардың 31-беті). Бунд пен «Рабочее Дело» жағына Махов жолдас шықты (соның алдында ғана «Искрамен» ынтымақты екенін білдірген Николаев комитетінің екі даусы қосылды). Махов жолдас үшін мәселе тіпті түсініксіз, ал ол «демократиялық құрылым туралы немесе, керісінше (мұны байқап қалыңыз!), централизм туралы мәселені» де «нәзік жеріміз» деп есептейді, — дәл сол сыяқты, кәзіргі біздің «партиялық» редакцияның көпшілігі де съезде бұл «нәзік жерді» әлі байқамаған еді!

Сөйтіп, Бунд, «Рабочее Дело» және Махов жолдас искрашылдарға қарсы шықты; бұлардың бәрінің он дауысы болды; бізге қарсы берілген он дауыс та осы (33-бет). Бізді жақтап 30 дауыс берілді, — искрашылдарға берілген дауыстардың көп уақытта осы шамада болып отырғанын төменде көреміз. Он бір дауыс қалыс қалыпты — күресуші «партиялардың» ешқайсысына да қосылмаған болса керек. Бір қызық жері: біз Бундтың уставының 2-параграфын (осы параграфтың қабылданбауы себепті Бунд партиядан шығып кетті) дауысқа салғанымызда, 2-параграфты қабылдауды қостаған да-

уыстар мен қалыс қалған дауыстардың саны да он болды (протоколдардың 289-беті), ал, атап айтқанда қалыс қалғандар рабочеделошылардың үшеуі (Брукэр, Мартынов, Акимов) және Махов жолдас болды. Анығында, Бунд туралы мәселенің қандай *орынға* қойылуы жөніндегі мәселені дауысқа салғанда мұндай жіктелудің болуы *кездейсоқ нәрсе емес*. Анығында, бұл жолдастардың бәрі «Искрамен» ажырасқанда, тек мәселені талқылау тәртібі туралы жәй мәселе жөнінде ғана емес, *сонымен қатар істің мәні* жөнінде де ажырасты. «Рабочее Делоның» бұл шын мәнінде ажырасуы әркімге айқын, ал Махов жолдас Бундтың кетуі туралы сөзінде өзінің бұған көзқарасын мүлде өрескел түрде сыйпаттады (протоколдардың 289—290-беттері). Оның бұл сөзіне тоқтап өту керек болады. Махов жолдас былай дейді: федерацияны қабылдамаған қарардан кейін, «РСДЖП-ның ішінде Бундтың жайы туралы мәселе, меніңше, принциптік мәселеден тарихи жолмен құрылған ұлттық ұйым жөніндегі нақтылы саясаттың мәселесіне айналды; мен бұл арада, — дейді шешен онан кейін, — біздің дауыс беруімізден тууы мүмкін барлық нәтижелермен санаспай тұра алмадым, сондықтан екінші пунктке тұтасынан дауыс берген болар едім». Махов жолдас «нақтылы саясаттың» мәнін өте жақсы ұғып алған: принцип жүзінде ол *күні бұрын* федерацияны қабылдамай тастады, сондықтан практика жүзінде ол уставтың бұл федерацияны қостаған пунктіне *дауыс берген болар еді!* Міне осы «практикашыл» жолдас өзінің терең-принциптік позициясын мынадай сөздермен түсіндіреді: «Бірақ (Шедриннің атақты «бірағы»!), съезге қатысушылардың басқаларының бәрі бірауыздан дерлік дауыс бергендіктен, менің не олай, не бұлай дауыс беруімнің тек принциптік маңызы ғана болды (!!)) және практикалық маңызы болуы мүмкін емес еді, сондықтан, пунктті қостап дауыс берген Бундтың делегаттары жақтаған позициядан бұл жөнде менің позициям басқаша екенін принциптік түрде»... (мұндай принципшілдіктен кұдай сақтасын!)... «көрсету үшін, мен дауыс беруден тартынып қалуды артық көрдім. Ал, егер Бундтың делегаттары алғашында өздері жақтағанға дауыс беруден тартынып қалса, онда мен бұл пунктті қостап дауыс

берген болар едім». Түсіне алсандар, түсініп көріндер! Бұл принципшіл адам: я, солай — деп ашық айтудан тартынады, өйткені олай деу практика жүзінде пайдасыз, неге десеңіз жұрттың бәрі: жоқ, олай емес — деп отыр.

Бунд туралы мәселенің қандай орынға қойылуы жөніндегі мәселе дауысқа қойылғаннан кейін, съезде «Борьба» тобы туралы мәселе келіп шықты; бұл мәселе де өте-мөте қызықты түрде жіктелуге әкеліп соқты және съездің ең «нәзік» мәселесімен, орталық орындардың мүшелер құрамы туралы мәселемен күшті байланысты болды. Съездің құрамын белгілеуші комиссия, Ұйымдастыру Комитетінің *екі рет* шығарған қарары бойынша (протоколдардың 383 және 375-беттері) және *оның комиссиядағы өкілдерінің* баяндамасы бойынша (35-бет) тоқтам шығарып, «Борьба» тобын съезге шақыруға қарсы екенін білдірді.

Ұйымдастыру Комитетінің мүшесі Егоров жолдас: «Мен үшін «Борьба» туралы (байқап қалыңыз: «Борьбаның» белгілібір мүшесі туралы емес, «Борьбаның» өзі туралы) мәселе — жаңа мәселе» деп, үзіліс жасауды өтінді. Ұйымдастыру Комитетінің *екі рет* шешкен мәселесі Ұйымдастыру Комитетінің мүшесі үшін қалайынша жаңа мәселе болғаны тіпті белгісіз. Үзіліс кезінде Ұйымдастыру Комитетінің мәжілісі болды (протоколдардың 40-беті); бұл мәжіліске кездейсоқ түрде съезде болған мүшелері қатысты («Искра» ұйымының ескі мүшелерінен Ұйымдастыру Комитетіне мүше болып кіргендердің бірнешеуі съезде болмады)*. «Борьба» туралы жарыс-сөз басталды. Рабочеделошылар жақтап шықты (Мартинов, Акимов және Брукэр, 36—38-беттер). Искрашылар (Павлович, Сорокин, Ланге⁶⁵, Троцкий, Мартов және басқалар) қарсы болды. Съезд, тағыда, өзімізге таныс екі жікке бөлінді. «Борьба» үшін басталған күрес қатты болды, Мартов жолдас ерекше байналап (38-бет) «айбынды» сөз сөйледі; ол бұл сөзінде орыс топтары мен шетелдік топтардың «өкілдері тең емес» екенін, шетел-

* Бұл мәжіліс туралы Ұйымдастыру Комитетінің мүшесі, съезден бұрын бірауыздан редакцияның сенімді адамы, оның жетінші мүшесі болып сайланған Павловичтің «Хатын»⁶⁴ қараңыз (Лиганың протоколдары, 44-бет).

дік топты «ардақтаудың» «жақсы» бола қоймайтынын (съезден кейін болған оқыйғалардың тұрғысынан қарағанда, әсіресе кәзір ғыбрат аларлық алтын сөздер), «партия ішінде ұйымдық мәселедегі, ешбір принциптік пікірлерден тумаған бытыраушылық сыяқты былыққа дем бермеу керек екенін» (біздің партия съезінің «азшылығына»... көзге шұқығандай тиетін сөздер!) әділ көрсетті. Шешендерді тізімге жазу тоқтатылғанға дейін, «Рабочее Дело» жағындағылардан басқа *ешкім* «Борьбаны» ашықтан-ашық және дәлелдеп жақтаған жоқ (40-бет): әділін айту керек, Акимов жолдас және оның достары, қайткенмен де, бұлталақтап, бой тасалаған жоқ, қайта өздерінің бағытын ашық жүргізді, айтайын деген сөздерін ашып айтты.

Шешендерді тізімге жазу тоқталғаннан кейін, мәселенің *шын мәні жөнінде* сөз сөйлеуге болмайтын уақытта, Егоров жолдас «Ұйымдастыру Комитетінің жаңа ғана қабылдаған қаулысын тыңдауды қатты талап етті». Съезд мүшелерінің мұндай әдіс-айлаға наразылық көрсетуі танданарлық іс емес еді; сондықтан председатель болып отырған Плеханов жолдас: «Егоров жолдастың өз талабын өткізем деп қалайша тырысатынына түсінбейтінін» білдірді. Екінің бірін істеу керек сыяқты еді: не мәселенің шын мәні жөнінде өз пікірінді бүкіл съезд алдында үзілді-кесілді ашып айту керек еді, не тіпті айтпау керек еді. Ал, шешендерді тізімге жазуды тоқтатуға риза болып, онан кейін, «қортынды сөз» деген сылтаумен дәл талқылаған мәселе жөніндегі Ұйымдастыру Комитетінің *жаңа* қаулысын съездің алдына тарту — тасадан тап бергенмен бірдей.

Түскі демалыстан кейін мәжіліс қайтадан басталды, сөйтіп, әлі аң-таң болып отырған бюро «формалдықты» былай қойып, съездерде тек лажсыз болған кездерде ғана қолданылатын ақырғы амалға — «жолдастықпен түсінісу» амалына көшті. Ұйымдастыру Комитетінің өкілі Попов Ұйымдастыру Комитетінің, жалғыз Павлович қана қарсы болып (43-бет) онан басқа мүшелерінің бәрі қабылдаған және съезге Рязановты шақыруды ұсынған қаулысын мәлімдеді.

Павлович Ұйымдастыру Комитетінің жыйналысын заңды деп танымағанын және танымайтынын, Ұйымдас-

тыру Комитетінің жаңа қаулысы «оның бұрынғы қарарына қайшы келетінін» айтты. Оның мәлімдемесі үлкен дау туғызды. Егоров жолдас — ол да Ұйымдастыру Комитетінің мүшесі және «Южный рабочий» тобының мүшесі — мәселенің мәні жөнінде жауап беруден тартынып, салмақты тәртіп туралы мәселеге аударғысы келді. Павлович жолдас партия тәртібін бұзыпты-мыс (!), өйткені Ұйымдастыру Комитеті Павловичтің наразылығын талқыға салып, «Павловичтің жеке пікірін съезге білдірмеу керек» деп қарар шығарған екен. Айтыс партия тәртібі туралы мәселеге аударылды; Плеханов Егоров жолдасқа ақыл айтып, оған съездегілердің ду кол шапалақтауы үстінде «бізде императивтік мандаттар жоқ» екенін түсіндірді (42-бет, 379-бетті салыстыр; съездің уставының 7-параграфында былай деген: «Депутаттардың өкілдіктеріне императивтік мандаттармен шек қойылмауға тиіс. Өздерінің өкілдік міндеттерін атқару жөнінде олар мейлінше ерікті және тәуелсіз»). «Съезд — ең жоғарғы партиялық инстанция», олай болса, партия тұрмысының, қандай болса да, барлық мәселелері жөнінде әрбір делегаттың тура съезге айтатын сөзіне қандай болса да қысым жасаған адам, нақ осындай адам партия тәртібін және съездің уставын бұзады. Сөйтіп, даулы мәселе екінің бірін таңдауға келіп соқты: үйірмешілдік пе, әлде партиялық па? Түрлі коллегиялар мен үйірмелердің жоқтан ойлап шығарған праволарына яки уставтарына бола, съезде делегаттардың праволарына шек қою, немесе съезд алдынан, қызмет атқарушы нағыз партиялық мекемелерді құрғанға дейін барлық төменгі инстанцияларды және ескі топсымактарды, тек сөз жүзінде емес, іс жүзінде де толық таратып жіберу. Партияны факт жүзінде қайта құруды мақсат еткен съездің бас кезінде-ақ (үшінші мәжіліс) бұл таластың қандай зор принциптік маңызы болғанын оқушы осы айтылғандардың өзінен-ақ көре алады. Ескі үйірмелер мен топсымактардың («Южный рабочий» сыяқты) қайта туып келе жатқан партияға қарсы жанжалы, былайша айтқанда, осы таластың үстінде тоғысты. Антиискрашыл топтар дереу өздерінің бет-бейнесін көрсетті: бундшыл Абрамсон да, «Искраның» кәзіргі редакциясының жан-тәнімен берілген одақтасы Мартынов жолдас та, біздің танысымыз

Махов жолдас та — бұлардың бәрі де Павловичке қарсы шығып, Егоровты және «Южный рабочий» тобын жақтады. Мартовпен және Аксельродпен тай-талас түсіп, кәзіргі уақытта ұйымдастырушылық «демократизмді» мақтанышпен алға тарта беретін Мартынов жолдас тіпті... жоғарғы инстанцияға тек төменгі инстанция арқылы ғана арыз беруге болатын армияны да еске түсірді!! Съезде болған немесе біздің партияның съезге дейінгі ішкі тарихына зер салып отырған әрбір адам үшін, бұл антиискралық «жыйнақы» оппозицияның шын мәні тіпті айқын еді. Оппозицияның мақсаты (мүмкін, тіпті кейде оның өкілдерінің бәрі бірдей ұғына қоймайтын, ал кейде дағдымен жақтайтын мақсаты) ұсақ топсымақтардың тәуелсіздігін, дербестігін, от басынан аспайтын мүдделерін искралық негізде құрылып жатқан кең өрісті партияның жойып жіберуінен қорғау болды.

Ол кезде Мартыновпен бірігіп үлгірмеген Мартов жолдас та мәселеге нақ осы тұрғыдан қарады. Мартов жолдас «партиялық тәртіп туралы пікірінде революционердің өзі мүше болып тұрған төменгі дәрежедегі топ жөніндегі міндеттерінен әрі бармайтындарға» батыл шықты және оның бұл қарсы шығуы әділ еді. Мартов үйірмешілдікті жақтаушыларға: «біртұтас партия ішінде *күштеп* (курсив Мартовтікі) ешқандай жік құруға болмайды» деп түсіндірді; бұл сөздерімен ол өзінің съезд аяғындағы және съезден кейінгі саяси мінез-хұлқын әшкерелейтінін ол кезде байқамады... Ұйымдастыру Комитеті үшін күштеп жік құруға болмайды, ал редакция үшін әбден болады екен. Орталық орында отырғанда Мартов күштеп жік құруға қарсы болады, ал орталық орынның құрамына риза болмаған кезден бастап, ол күштеп жік құруды жақтайды...

Айта кетерлік бір қызық факт мынау: Мартов жолдас өзінің сөзінде, Егоров жолдастың «орасан зор қатесінен» басқа, Ұйымдастыру Комитетінің көрсеткен саяси табансыздығын атап айтты. Мартовтың: «Ұйымдастыру Комитеті атынан, комиссияның баяндамасына (өз тарапымыздан қоса кетелік: бұл баяндама Ұйымдастыру Комитетінің мүшелерінің баяндамасына негізделген, — 43-бет, Кольцовтың сөздері) және Ұйымдастыру Комитетінің оның алдындағы ұсыныстарына қайшы келетін ұсы-

ныс жасалды» (курсив менікі) деп ызалануы әділ еді. «Борьбаны» Рязановпен ауыстырғанмен, Ұйымдастыру Комитетінің ісіндегі шиеленіскен қайшылық пен тұрақсыздық титтей де жойылмайтынын Мартовтың *ол кезде*, өзінің «бұрылысына» дейін, жақсы түсінгенін көріп отырсыздар (өзінің бұрылысынан кейін Мартовқа істің жайы қалай болып көрінгенін партия мүшелері Лига съезінің протоколдарының 57-бетінен біле алады). Ол кезде Мартов тәртіп туралы мәселені тексерумен қанағаттанған жоқ; ол Ұйымдастыру Комитетіне де: «*қайта өзгертуді* керек қылғандай не жаңалық болып қалды?» (курсив менікі) деп турадан-тура сұрау қойды. Шынында да, Ұйымдастыру Комитеті өзінің ұсынысын жасай тұрса да, Акимовтың және басқалардың қорғағанындай, өз пікірін ашық қорғауға бата алмады. Мартов мұны бекер дейді (Лига протоколдарының 56-беті), бірақ съездің протоколдарын оқығандар Мартовтың кателесіп отырғанын көрер. Ұйымдастыру Комитеті атынан ұсыныс жасаған Попов ұсыныстың дәлелдері туралы *бір сөз де* айтқан жоқ (партия съезінің протоколдарының 41-беті). Егоров мәселені тәртіп туралы пунктке аударды, ал мәселенің шын мәні туралы тек былай деді: «Ұйымдастыру Комитетінде жаңа пікірлер тууы мүмкін...» (туды ма, туса қандай пікір туды? — ол белгісіз) ...«оның біреу-міреуді енгізуді ұмытуы мүмкін және т. т.». (Бұл шешеннің бірден-бір паналайтын жері — осы «т. т.»; өйткені Ұйымдастыру Комитетінің съезге дейін екі рет, комиссия алдынан бір рет өзі талқылаған «Борьба» туралы мәселені *ұмытуы* мүмкін емес). «Ұйымдастыру Комитеті бұл қарарды қабылдағанда, «Борьба» тобына көзқарасын өзгерткендіктен қабылдаған жоқ, партияның келешектегі орталық ұйымы бастап іске кіріскенде оның жолына бөгет болатын артық тастарды алып тастағысы келгендіктен қабылдады» дейді. Бұл — дәлел емес, қайта сол дәлелден қашқандық. Әрбір шын ниетті социал-демократ (ал біз съезге қатнасушылардың қайсысының болса да шын ниетті екеніне күмәнданбаймыз да) *өзінің* су астындағы тас деп *есептейтін* нәрселерін жоюды, *өзінің* қолайлы деп *тапқан* әдістерімен жоюды қамдайды. Дәлелдеу — жұртқа мәлім нәрсені айтып кұтылу емес, *өзінің* мәсе-

леге көзқарасыңды түсіндіріп, дәл айту деген сөз. Ал, «өзіңнің «Борьбаға» көзқарасыңды өзгертпейінше» дәлелдеуге де *болмас еді*, өйткені Ұйымдастыру Комитетінің бұған қарама-қарсы болып отырған бұрынғы қарарлары да су астындағы тастарды жоюдың қамын істеді, бірақ бұл «тастарды» дәл басқаша таныды. Сондықтан да Мартов жолдас бұл дәлелді өте-мөте қатты және өте-мөте орынды мінеді, мінегенде бұл дәлелді — «сылтаумен кұтылғысы» келгендіктен айтылған «*ұсақ*» дәлел деп атады, Ұйымдастыру Комитетіне «*жұрт не айтар екен деп қорықпауға*» кеңес берді. Бұл сөздерімен Мартов жолдас съезде аса зор ролі болған саяси сарынның мәні мен мағнасын тамаша сыйпаттады; ол сарынның дәл өзгешелігі өзінің табансыздығында, ұсақтығында, белгілі жолының жоқтығында, жұрт не айтар екен деп қорқатындығында, белгілі екі жақтың арасында үнемі ауытқып жүруінде, өзінің *сredo-сын** ашық айтудан қорқатындығында, — қысқасы өзінің «батпақтылығында»**.

Табансыз топтың бұл саяси тұрлаусыздығы, айтқандайын, мынадай нәтижеге әкеліп соқты: бундшыл Юдиннен басқа *ешкім* (53-бет) «Борьба» тобының мүшелерінің бірін шақыру туралы съезге қарар ұсынбай-ақ қойды. Юдиннің қарарын қостап бес дауыс берілді — анығында, бәрі де бундшылдар; ауытқушы элементтер тағыда жалт берді! Орта топтың дауыстары шамамен айтқанда қанша болғанын Кольцов пен Юдиннің осы мәселе туралы қарарларын дауысқа салу көрсетті: искрашылдарға 32 дауыс берілді (47-бет), бундшылдарға 16 дауыс берілді, яғни, антиискрашылдардың сегіз дауысынан басқа Махов жолдастың екі даусы (46-бет), «Южный рабочий» тобы мүшелерінің төрт даусы және тағы екі даусы берілді. Дауыстардың бұлай бөлінуі әсте кез-

* — сенімді серт, программа, дүние тану баяны. *Ред.*

** Біздің партия ішінде кәзір, бұл сөзді есіткенде қатты ашуланып, бұл жолдастық айтыс емес деп айқай салатын адамдар бар. Бұл — орынсыз қолданылатын ресмишілдіктің ықпалымен сезімді өрескел бұрмалағандық! Күрескерлердің арасында ауытқып жүретін табансыз элементтерді көрсеткенде әрқашан қолданылатын бұл терминді, ішкі күресті білетін саяси партиялардың қайсысы болса да қолданбай отыра алды ма екен. Ішкі күресті өте ұстамды шеңберге сала білетін немістер де «*versuipri*» («батпақты». *Ред.*) деген сөзге өкпелемейді, ашуланбайды, ресми ридегіе (сыздану. *Ред.*) көрсетіп күлкі болмайды.

дейсоқ нәрсе емес екенін кәзір көрсетеміз, бірақ әуелі Уйымдастыру Комитеті жөніндегі осы жанжал туралы Мартовтың *кәзіргі* пікірін қысқаша көрсетіп өтелік. Лигада Мартов: «Павлович және басқалар әңгімені қоздырып жіберді» деді. «Борьбаға» және Уйымдастыру Комитетіне қарсы ең көп, қызу және қатты сөздер сөйлеген адам Мартовтың өзі екенін көру үшін, съездің протоколдарын қарасақ болғаны. «Айыпты» Павловичке аударуға тырысып, Мартов мұнысымен тек өзінің табансыздығын көрсетеді: съезден бұрын ол дәл осы Павловичті редакцияға жетінші мүше етіп сайлаған болатын, съезде Егоровқа қарсы шығып Павловичті толық қостаған болатын (44-бет), ал кейіннен, Павловичтен жеңілгеннен кейін, оны «әңгімені қоздырды» деп айыптай бастады. Бұған тек күлуге ғана болады.

«Искрада» (№ 56) Мартов: иксті немесе игректі шақыру туралы мәселеге зор маңыз беріліп жүр, деп мысқылдады. Бұл мысқылы тағыда Мартовтың өзіне қарсы болып шығады, өйткені нақ сол Уйымдастыру Комитеті жөніндегі жанжал Орталық Комитетке және Орталық Органға иксті немесе игректі шақыру сыяқты «маңызды» мәселе туралы талас туғызды. Істің қай топқа, *өзінің* «төменгі дәрежедегі тобына» (партияға қарағанда төменгі дәрежедегі) немесе *бөтен* топқа қатысы барлығына қарай, екі түрлі аршынмен өлшеу жақсы іс емес. Бұл — іске партиялық көзбен қарағандық емес, нақ обывательдік, үйірмешілдік. Мартовтың лигадағы сөзі (57-бет) мен съездегі сөзін (44-бет) жәй салыстырудың өзі-ақ бұған жеткілікті дәлел. Айта кетелік, Лигада Мартов: «Жұрттың, өздерін қайтсе де искрашылдармыз деп атай отырып, онымен қатар искрашыл болуға ұялатындары маған түсініксіз» деді. «Өздерін атау» мен «болу» арасындағы, сөз бен іс арасындағы айырманы түсінбеуі ғажап. Мартовтың өзі съезде күштеп жік құруға *өзін* қарсымын деп атады, ал съезден кейін сол жікті жақтаушы болды...

г) «ЮЖНЫЙ РАБОЧИЙ» ТОБЫН ТАРАТЫП ЖІБЕРУ

Уйымдастыру Комитеті туралы мәселе жөнінде делегаттардың бөлінуі, бәлкім, кездейсоқ нәрсе сыяқты болып көрінер. Бірақ мұндай пікір қате болар еді, сондық-

тан, мұндай пікірді жою үшін, біз хронологиялық тәртіптен шегініп, кәзір съезд аяқталарда болған, бірақ алдыңғы жанжалға тығыз байланысты болған бір жанжалды сөз қылайық. Бұл жанжал — «Южный рабочий» тобын таратып жіберу жөнінде болған жанжал. Мұнда, партия күштерін толық біріктіру жөніндегі және күштерді бытырататын былықты жою жөніндегі искрашылдардың ұйымдастыру тенденцияларына *бір* топтың мүдделері қарсы шықты; бұл топ нағыз партия жоқ кезде пайдалы іс істеген еді, бірақ жұмысты орталыққа бағындырып жолға қояр кезде керексіз болып қалды. Үйірменің мүдделері үшін — «Южный рабочий» тобы «сабақтастықтың» сақталуын және өзінің бүтіндігіне қол сұғылмауын талап ете алатын еді, бұл жөнде оның правосы «Искраның» бұрынғы редакциясының правосынан кем емес еді. Партияның мүдделері үшін — бұл топ өзінің күштерін «партияның тиісті ұйымдарына» ауыстыруға бағынуға тиісті болды (313-бет, съезд қабылдаған қарардың аяғы). Үйірменің мүдделері мен «обывательдік» тұрғысынан қарағанда, пайдалы топты таратып жіберу «қытыққа тиетін» іс (Русов жолдас пен Дейч жолдастың сөзі) сыяқты болып көрінбей қоймады; өйткені, «Искраның» бұрынғы редакциясының таралуды тілемегені сыяқты, бұл топ та таралуды тілемеді. Партияның мүдделері тұрғысынан қарағанда, ол топты тарату, партия ішіне «сіңіру» (Гусевтің сөзі) қажет болды. «Южный рабочий» тобы өзін өзі таратылдық деп жарыялауды «қажет таппайтынын», «съездің өз пікірін кесіп айтуды», айтқанда «дереу: я немесе жоқ» деп айтуды талап ететінін тура ашып айтты. Өзі таратылғаннан кейін... «Искраның» бұрынғы редакциясының «сабақтастыққа» сүйене бастағаны сыяқты, «Южный рабочий» тобы да сол «сабақтастыққа» сүйенді! «Жеке-жеке жүрген бәріміз бір партия болып табылсақ та, — деді Егоров жолдас, — сонда да, партия толып жатқан ұйымдардан құралған, ол ұйымдармен, *тарихи ұйымдар* есебінде, санасуға тура келеді... Егер мұндай ұйым *партияға зыянды болмаса, онда оны таратып жіберудің қажеті жоқ*».

Сөйтіп, зор маңызы бар *принциптік* мәселе мүлде айқын қойылды; барлық искрашылдар — өздерінің үйір-

мешілдік мүдделері әзірге айқын білінбей тұрған кезде — табансыз элементтерге батыл қарсы шықты (бундшылар және рабочеделошылдардың екеуі бұл кезде съезде жоқ еді; олар, күмән жоқ, «тарихи ұйымдармен санасудың» қажеттігін мейлінше жақтар еді). Мәселені дауысқа қойғанда таратуды *қостап 31* дауыс берілді, таратуға қарсы бес дауыс берілді және бес адам қалыс қалды («Южный рабочий» тобының төрт мүшесі, енді біреуі, бұрынғы мәлімдемелеріне қарағанда, Белов болса керек, 308-бет). «Искраның» дәйекті ұйымдастыру жоспарына өте-мөте қарсы болған және партиялыққа қарсы шығып, үйірмешілдікті жақтаған *он дауысты* топ толық айқындалып шықты. Айтыста искрашылдар бұл мәселені нақ принципті түрде қойды (Лангенің сөзін қараныз, 315-бет), сөйтіп майдагерлікке және бытырандылыққа қарсы шықты, жеке ұйымдардың «бет ажарымен» есептесуден бас тартты, «егер, «Южный рабочийдегі» жолдастар мұнан бұрын, мұнан бір жыл немесе екі жыл бұрын принциптік көзқараста болса, онда партияны біріктіру ісі, осында өзіміз бекіткен программа негіздерінің үстем болуы бұрынырақ жүзеге асқан болар еді» деп тура ашып айтты. Орлов та, Гусев те, Лядов та, Муравьев та, Русов та, Павлович те, Глебов та, Горин де осы мазмұнда сөйледі. «Азшылықтың» ішіндегі искрашылдар, «Южный рабочийдің», Маховтың және басқалардың саясаты мен «жолының» принциптілігі жеткіліксіз екенін атап көрсеткен, съезде талай айтылған бұл сөздерге қарсы шықпағаны былай тұрсын, бұл жөнде қандай да болса бірер ескерту жасамағаны былай тұрсын, қайта олар Дейч арқылы ол сөздерді батыл қостады, «былықты» теріс деп тапты, Русов жолдастың — *нақ сол мәжілісте* бұрынғы редакция туралы мәселені де таза партиялық негізде (325-бет) — қандай сұмдық! — «турасынан қоюға» батылдық еткен Русовтың — «мәселені турасынан қоюын» құттықтады (315-бет).

«Южный рабочий» тобын таратып жіберу туралы мәселе ол топты қатты ашуландырды, бұл ашуланудың ізі протоколдарда да бар (протоколдар жарыссөздердің көмескі суретін ғана беретінін ұмытпау керек, өйткені протоколдарда, толық сөздер орнына, өте қысқа конспектілер мен экстракттар жазылады). Егоров жолдас

«Южный рабочиймен» қатар қойып «Рабочая Мысль»⁶⁶ тобының жәй атын атағандықты да тіпті «жала» деді, бұл — съезде дәйекті экономизм жөнінде қандай көзқарастың үстем болғандығының ерекше үлгісі. Егоров тіпті онан көп кейін, 37-мәжілісте, «Южный рабочийді» таратып жіберу туралы сөйлегенде өте ашуланып сөйлеп (356-бет), протоколға: «Южный рабочий» туралы мәселені талқылағанда, ол топтың мүшелерінен баспасөз шығаруға керек қаражат туралы да, Орталық Органмен Орталық комитеттің бақылауы туралы да сұралмады, деп жазуды өтінді. Попов жолдас «Южный рабочий» туралы жарыссөз кезінде, тұтас көпшілік бұл топ туралы мәселені алдын ала шешіп қойды дегенді байқатты. Ол: *«Енді, Гусев жолдас пен Орлов жолдастың сөздерінен кейін, бәрі де анықталды»* деді (316-бет). Бұл сөздердің мағнасы мынадай екені күмәнсіз: енді, искрашылдар пікірлерін айтып, қарар ұсынғаннан кейін, бәрі де айқын, яғни «Южный рабочийдің» еркіне қарамастан таратылатыны айқын. Бұл арада «Южный рабочийдің» өкілінің өзі искрашылдарды (Гусев пен Орлов сыяқты искрашылдарды да) өзінің жақтастарынан, ұйымдастырушылық саясаттың түрлі «бағыттарының» өкілдері есебінде, бөлектеп отыр. Ал, кәзіргі «Искра» «Южный рабочий» тобын (сол сыяқты, бәлкім, Маховты да?) «нағыз искрашылдар» деп көрсетіп отырса, мұның өзі съезде болған ең үлкен (сол топтың тұрғысынан қарағанда) оқыйғаларды ұмытушылықты айқын көрсетеді, «азшылық» дегеннің қандай элементтерден құрылғанын көрсететін деректерді жаңа редакцияның жойып жібергісі келетінін айқын көрсетеді.

Амал не, съезде көпшілікке арналған орган туралы мәселе көтерілген жоқ. Искрашылдардың бәрі бұл мәселені съезге дейін де, съезд кезінде де мәжілістерден тыс уақытта өте қызу түрде қатты талқылады, талқылағанда: партия тұрмысының кәзіргі кезеңінде мұндай орган шығаруға кірісу немесе кәзіргі шығып тұрған органдардың біреуін сондай органға айналдыру өте қолайсыз болады, дегенге тоқтады. Антиискрашылдар съезде бұған қарама-қарсы мағнада пікірлерін айтты, «Южный рабочий» тобы да өзінің баяндамасында сондай пікір білдірді, сондықтан он адамның қолы қойы-

лып, тиісті қарардың ұсынылмауын тек ескерілмегендіктен немесе «үмітсіз» мәселені көтеруді тілемегендіктен ғана деп білу керек.

д) ТІЛДЕРДІҢ ТЕҢ ПРАВОЛЫЛЫҒЫ ЖӨНІНДЕГІ ЖАНЖАЛ

Съезд мәжілістерінің тәртібіне қайтып оралайық.

Съезде мәселелерді шын мәнісінде қарауға көшпестен бұрын-ақ антиискрашылардың әбден қалыптасқан тобы ғана емес (8 дауыс), оның үстіне, бұл сегіз дауысты қолдауға, оларды көбейтіп, шамамен айтқанда 16—18 дауысқа жеткізуге даяр тұрған аралық тұрақсыз элементтердің тобы да болғанына кәзір біздің көзіміз жетті.

Партия ішінде Бундтың алатын орны туралы мәселе — съезде өте шектен тыс тәптештеліп талқыға салынған мәселе — принциптік тезисті шешу мәселесіне айналды, ал мәселені практика жүзінде шешу, ұйымдастырушылық қатнастарды талқылағанға дейін, кейін қалдырылды. Бұған қатысы бар тақырыптарды түсіндіруге съезге дейінгі әдебиеттен көп орын берілгендіктен, мәселені съезде талқылаудан пәлендей жаңалық шыққан жоқ. Тек мынаны ескертіп өтпей болмайды: «Рабочее Дело» жағындағылар (Мартынов, Акимов және Брукэр), Мартовтың қарарын қостағанмен, оны жеткіліксіз деп таныйтындығын және онан шығатын қортындылар жөнінде пікірлерінің басқа екенін білдірді (69, 73, 83, 86-беттер).

Съезд Бундтың орны туралы мәселеден программаға көшті. Мұнда жарыссөз, көбінесе, маңызы аз жеке түзетулер туралы болды. Принцип жүзінде антиискрашылардың оппозициясының жарыққа шыққан жері тек — стихиялық пен саналылық туралы мәселенің әйгілі қойылысына Мартынов жолдастың қарсы шыққандығы болды. Әрине, бундшылдар мен рабочеделошылдар түгелінен Мартыновты қостады. Оның қарсы пікірлерінің негізсіздігін, айтқандайын, Мартов пен Плеханов көрсетті. Атап өтерлік бір өрескел нәрсе: «Искра» редакциясы кәзір (ойланғаннан кейін болса керек) Мартынов жағына шығып, өзінің съездегі айтқанына қарсы пікірді айтып отыр! Бұл, сірә, атақты «сабақтастық» принципіне үйлесетін болар... Мартыновқа дәл қандай мөл-

шерде қосылғанын, нақ қандай мәселе жөнінде және нақ қай уақыттан бері қосылғанын редакцияның өзі толық анықтап, бізге мәселені түсіндіріп беруін күту керек болады. Соны күте отырып, біз тек мынадай сұрақ қоямыз: съезден кейін өзінің нақ съездегі айтқанына қарсы пікір айтқан редакциясы бар *партиялық* орган бұрын-соңды болған ба екен?

«Искраны» Орталық Орган деп тану туралы дауға соқпастан (біз бұл дауға жоғарыда соғып өттік) және устав туралы айтыстардың басталуына соқпастан (бұл айтыстарды уставтың толық талқылануына байланысты сөз қылған қолайлырақ болар), біз программаны талқылағанда байқалған принциптік сарындарға көшеміз. Ең алдымен өте-мөте ерекше сыйпатты бір нәрсені — пропорциялық өкілдік туралы мәселе жөніндегі жарыс-сөзді көрсетіп өтелік. «Южный рабочийдегі» Егоров жолдас бұл мәселенің программаға енгізілуін жақтады, жақтағаны сонша — Посадовский (азшылықтың ішіндегі искрашыл) «елеулі алауыздық» туралы әділ ескерту жасады. «Күмән жоқ, — деді Посадовский жолдас, — біз мынадай негізгі мәселеде ажырасамыз: белгілібір *негізгі демократиялық принциптерді абсолюттік зат деп танып, біздің келешектегі саясатымызды сол принциптерге бағындыру керек пе, әлде демократиялық принциптердің бәрі тек біздің партияның пайдасына бағындырылуға тиісті ме?* Мен соңғысын мейлінше жақтаймын». Плеханов «демократиялық принциптердің абсолюттік зат» болуына, оларды «дерексіз» түрде ұғынушылыққа онан да айқын, онан да батыл сөздермен қарсы шығып, Посадовскийге «толығынан қосылды». «Біздің, социал-демократтардың, — деді ол, — жалпыға бірдей сайлау правосына қарсы шығатын реттеріміздің болуы жорамал түрде ақылға сыярлық нәрсе. Италия республикаларының буржуазиясы, бір кезде, дворяндар катарында болған адамдарды саяси праволарынан айырды. Жоғары таптар бір кезде революцияшыл пролетариаттың саяси праволарына шек қойғаны сыяқты, революцияшыл пролетариат та жоғары таптардың саяси праволарына шек қоя алар еді». Плехановтың сөзін жұрт қол шапақтап, *шуылдап* қарсы алды; Плеханов «сіздер шулау-

ға тиіс емессіздер» деген Zwischenruf-ке* қарсылық білдіріп, жолдастардың қысылмауын өтінгенде, Егоров жолдас орнынан тұрып: «жұрт мұндай сөздерге қол шапалақтайтын болса, мен шу көтеруге міндеттімін» деді. Гольдблат жолдаспен (Бундтың делегатымен) бірге Егоров жолдас Посадовский мен Плехановтың көзқарастарына қарсы сөйледі. Амал не, айтыс тоқталды, сондықтан бұл айтыстар тақырыпты туған мәселе сол сағатта-ақ жоқ болды. Бірақ кәзір Мартов жолдас бұл мәселенің маңызын кемітіп, тіпті жоққа шығаруға бекер тырысады; ол Лига съезінде былай деді: «Делегаттардың бір бөлегі бұл сөздерге (Плехановтың сөздеріне) қатты наразылық білдірді; егер Плеханов жолдас: пролетариатқа, өзінің жеңісін баянды ету үшін, баспасөз бостандығы сыяқты саяси праволарды аяққа таптауға тура келетін қайғылы жағдай ақылға сыймайтын нәрсе деп қосып айтқан болса... (Плеханов: «тегісі»), онда мұндай қатты наразылықты туғызбау оңай болған болар еді» (Лига протоколдарының 58-беті). Бұлай деп түсіндіру Посадовский жолдастың «елеулі алауыздық» туралы және «негізгі мәселе» жөніндегі ажырасу туралы съезде жасаған өте үзілді-кесілді мәлімдемесіне турадан-тура қайшы келеді. Осы негізгі мәселе жөнінде искрашылдардың бәрі де съезде антиискралық «оңшылдардың» өкіліне (Гольдблат) және съездегі «центрдің» өкіліне (Егоров) қарсы шықты. Бұл — факт, сондықтан былай деп батыл сендіруге болады: егер «центр» (бұл сөз жұмсақтықтың «ресми» жақтастарын қандай да болса басқа сөзден артық ашуландыра қоймас деп сенемін...), егер «центр» (Егоров жолдас немесе Махов жолдас арқылы) бұл мәселе жөнінде немесе осы сыяқты мәселелер жөнінде өз пікірін «еркімен» айтса, онда елеулі алауыздық дереу білінген болар еді.

Ол алауыздық «тілдердің тең праволылығы» туралы мәселеде онан да айқын білінді (протоколдардың 171 және кейінгі беттері). Бұл пункт жөнінде, жарыссөзден гөрі, дауысқа салудың нәтижесі қызық: дауыстарды санағанда, орасан көп — он алты дауыс болып шықты!

* — шешен сөз сөйлеп тұрғанда отырған кісілердің жасаған ескертуі. *Ред.*

Не нәрсеге бола мұндай болып шықты? Программда, жынысына, т. т. *және тіліне* қарамастан, барлық азаматтардың тең праволы екенін айту жеткілікті бола ма, әлде «тіл бостандығы» немесе «тілдердің тең праволылығы» деп айту керек пе, деген мәселеге бола солай болып шықты. Мартов жолдас Лига съезінде бұл эпизодты өте дұрыс сыйпаттап, былай деді: «программаның бір пунктінің редакциясы туралы болмашы дау принциптік маңыз алды, өйткені съездің тең жартысы программалық комиссияны құлатуға даяр тұрды». Дәл осылай болды*. Талас тіпті болмашы себептен туды, сонда да талас шынында *принциптік* сыйпат алды, сондықтан талас адам шошырлық түрде қатты болды, қатты болғанда тіпті программалық комиссияны «құлатуға» әрекет етуге дейін барды, «съезді алдағысы» келеді деп сезіктенуге дейін барды (Егоров Мартовтан осылай сезіктенді!), бір-бірін бәлағаттауға дейін барды (178-бет). Тіпті Попов жолдас та «түкке тұрмайтын нәрселер жөнінде *мұндай жағдай* туғанына қынжылатынын білдірді» (курсив менікі, 182-бет); үш мәжілістің (16, 17 және 18) басынан аяғына дейін міне осындай жағдайлар болды.

Бұл сөздердің бәрі өте-мөте айқын және үзілді-кесілді түрде мынадай аса маңызды фактыны көрсетеді: «сезіктенушілік» және ең қатаң формадағы («құлату») күрес жағдайының өзі, — кейін, Лиганың съезінде, бұл жағ-

* Мартов мұның үстіне: «Бұл жөнде Плехановтың есектер туралы қуақылығы бізге көп зыян келтірді» деді (тіл бостандығы туралы айтылғанда, бір бундшыл мекемелердің ішінде бір жылқы заводының мекемесін атағандай болды, сонда Плеханов өзінен өзі: «жылқы сөйлемейді, ал есектер кейде сөйлеседі» деді). Мен, әрине, бұл қуақылықты ерекше жұмсақтықтың, көнгіштіктің, сақтықтың және икемшіліктің белгісі дей алмаймын. Бірақ, дегенмен, таластың *принциптік маңызы* барлығын таныған Мартовтың бұл арада принциптік неде екенін, бұл арада қандай сарындардың көрініп отырғанын тексеруге мүлде тоқталмай, тек қуақылықтың «зыянын» көрсетумен қанағаттанғанына мен таң қаламын. Міне шынында бюрократтық және формалистік көзқарас! Қатты кеткен қуақылық, тек бундшылдар жөнінде айтылған қуақылық ғана емес, сол бундшылдардың кейде қолдап, тіпті жеңілуден аман алып қалған адамдары жөнінде айтылған қуақылықтар да шынында «съезде көп зыян келтірді». Алайда, жанжалдың принциптік маңызы бар деп танығаннан кейін, кейбір қуақылықтардың «орынсыздығы» (Лига протоколдарының 58-беті) туралы қурғақ сөзбен құтылып кетуге болмайды.

дайдың тууы жөнінде искрашылдардың көпшілігіне айып тағылды! — шынында, *біздің көпшілік пен азшылық болып жіктелуімізден анағұрлым бұрын* туды. Тағыда айтамын, бұл факт — аса зор маңызы бар негізгі факт; бұл фактыны түсінбеушілік өте көп адамдарды: съездің аяғындағы көпшілік, қолдан жасалған көпшілік болды, деген өте-мөте үстірт пікірге әкеліп соқтырады. Съездегілердің $\frac{9}{10}$ искрашылдар болды, деп сендірмек болған Мартовтың кәзіргі көзқарасымен қарағанда, «принциптік сыйпат» алған және съезд комиссиясын құлатуға апарып соға жаздаған ұрыс-қағыстың «жоқ нәрсеге» бола, «болмашы» себептен туа қалғаны, міне осы факт мүлде түсініксіз және қыйсынсыз болып шығады. «Зыян келтірген» қуақылықтар жөнінде қынжылу, уайымдау арқылы бұл фактыдан құтыла қоям деу күлкі болар еді. Ұрыс-қағыстың қайдағы бір қатты айтылған қуақылықтан барып *принциптік* маңыз алуы мүмкін емес, тек съездегі саяси жіктердің өздерінің түр-сыйпаты жағынан ғана сондай принциптік маңыз алуы мүмкін. Жанжал қатты сөздерден және қуақылықтан туған жоқ, — ол қатты сөздер мен қуақылықтар, съездің саяси жіктерге бөлінуінің өзінде «қайшылық» барлығының, жанжалды туғызатын барлық себептер барлығының, *тіпті болмашы* бір сылтау табылса-ақ бойына біткен барлық күшпен жарып шығатын ішкі әртектілік барлығының тек белгісі ғана болды.

Қайта, менің съезд жөніндегі көзқарасым бойынша, — ал мен, оқыйғаларды белгілібір саяси мағнада ұғынғандық ретінде, мұндай ұғынудың кейбіреулерді ренжітетін болып көрінгеніне қарамастан, сол көзқарасты қорғауды өзімнің борышым деп табам, — осы көзқарастың тұрғысынан қарағанда, «болмашы» себептен өте қатты *принциптік* жанжалдың тууы сөзсіз және толық түсінікті болады. Съезде искрашылдар мен антиискрашылдардың арасында үнемі күрес болып отырғандықтан, олардың арасында табансыз элементтер болғандықтан, бұлар антиискрашылдармен қосылып, барлық дауыстың $\frac{1}{3}$ не (менің есебім бойынша, әлбетте, шамамен шығарған есебім бойынша: $8 + 10 = 18$ ді 51 мен салыстырғанда) не болып отырғанда, — *искрашылдардың тіпті болмашы азшылығының, қандай түрде болса да, искра-*

шылдардан бөлінуі антиискралық бағыттың жеңу мүмкіншілігін туғызғаны, сондықтан «жанталасқан» күрес туғызғаны өте түсінікті және табиғи іс. Бұл — орынсыз айтылған қатты сөздердің, кінәлаудың нәтижесі емес, саяси комбинацияның нәтижесі. Саяси жанжалды қатты сөздер туғызған жоқ, қайта съездің жіктелуінің өзіндегі саяси жанжалдың болғаны осындай қатты сөздермен кінәлауды туғызды, — съездің саяси маңызына және съездің нәтижелеріне баға беру жөнінде Мартовпен екі арамызда болған негізгі принциптік ажырасуымыз осы қарама-қарсылықтан болып отыр.

Бүкіл съезд бойында, ең басты-басты бөлінуді есеп қылсақ, искрашылдардың болмашы азшылығы көпшілігінен үш рет бөлініп шықты, — тілдердің тең праволылығы жөнінде, уставтың 1-параграфы жөнінде және сайлау жөнінде бөлініп шықты, — және бұл үш реттің үшеуінде де қатты күрес болды, бұл күрес ақыр-аяғында партия ішіндегі кәзіргі ауыр дағдарысқа әкеліп соқты. Бұл дағдарыс пен бұл күресті саяси мағнада түсіну үшін, орынсыз қуақылық туралы сөздермен қанағаттанбау керек, қайта, съезде соқтығысқан саяси сарындардың жігін алып қарау керек. Сондықтан, ажырасудың себептерін анықтау тұрғысынан қарағанда, «тілдердің тең праволылығы» жөніндегі жанжалдың өте-мөте зор маңызы бар, өйткені ол кезде Мартов әлі (әлі де!) искрашыл еді және антиискрашылдар мен «центрге» қарсы күрескенде, бәрінен де артық күреспесе, кем күрескен жоқ еді.

Ұрыс Мартов жолдас пен бундшылдардың басшысы Либер жолдастың арасындағы таластан басталды (171—172-беттер). Мартов «азаматтардың тең праволылығын» талап етудің жеткілікті екенін дәлелдеді. «Тіл бостандығы» қабылданбады, бірақ оның артынша «тілдердің тең праволылығы» шыға келді, сөйтіп Либермен бірге Егоров жолдас майданға шықты. Мартов былай деді: мұның өзі — *фетишизм*, өйткені «шешендер ұлттардың тең праволы болуын талап ете отырып, правоның тең еместігін тіл саласына аударып отыр. Дұрысында, мәселені екінші жағынан қарау керек: ұлттардың праволары тең емес, бұл теңсіздік, басқа реттермен қатар, белгілібір ұлтқа жататын адамдардың ана тілінен пайдалану пра-

восы болмауы жөнінде де көрініп отыр» (172-бет). Мартовтың ол кездегі айтқаны мүлде дұрыс еді. Шынында да, Либер мен Егоровтың өз тұжырымдарын дұрыс деп жақтап, бізден ұлттардың тең праволы болу принципін өткізгісі келмегендікті немесе өткізе білмегендікті таппақ болып, кұр босқа әлектенуі біртүрлі фетишизм болып шықты. Істің шынында, олар принципті жақтамай, «фетишистер» сыяқты, сөзді жақтады, сөзді жақтағанда — қандай болса да принциптік қате істеуден қорыққандықтан емес, жұрт не айтар екен деп қорыққандықтан жақтады. Ұйымдастыру Комитеті жөніндегі жанжал кезінде біз көрсеткен дәл осы табансыздық психологиясын (мұның үшін «басқалар» бізді айыптап жүрсе қайтеміз? деп жалтақтауды) бұл арада біздің бүкіл «центр» де мейлінше айқын көрсетті. «Центрдің» екінші өкілі, «Южный рабочийге» жақын тұрған горнозавод делегаты Львов, «шеткері аймақтар ұсынған мәселені — тілдерді езушілік туралы мәселені өте күрделі мәселе деп есептейді. Біз программаға тіл туралы пункт енгізген соң, орыстандыру туралы ойдың қандайын болса да жоюымыз қажет, өйткені социал-демократтар орыстандырғалы жүр деген сезік болуы мүмкін». Мәселенің «күрделілігіне» тамаша дәлел міне осындай. Шеткері аймақтарды сезіктену мүмкіншілігін жою керек *болғандықтан* мәселе өте күрделі мәселе болады екен! Шешен шын мәнісінде түк айтпай отыр, өзінің фетишист деп айыпталғанына ол жауап қайтармай, қайта оны түгелінен растап отыр, өзінің түк дәлелінің жоқтығын көрсетіп, шеткері аймақтар не айтар екен деген сылтаумен кұтылып отыр. *Айта қалса*, олардың айтатынының бәрі *дұрыс емес*, — дейді жұрт оған. Бұл дұрыс па, әлде дұрыс емес пе, деп тексеру орнына, ол: «*сезіктенуі мүмкін*» деп жауап береді.

Мәселені күрделі және маңызды деп танығысы келіп, оны *осылайша* қою шынында кәзір принциптік сыйпат алып бара жатыр, бірақ ол Либерлердің, Егоровтардың, Львовтардың бұл жерден іздеген принциптігі емес. Принциптік болып отырған мәселе мынау: партияның ұйымдары мен мүшелеріне программаның жалпы және негізгі ережелерін қолдануға, нақтылы жағдайларға сәйкестіре отырып қолдануға және осындай қолдану ба-

ғытында дамытуға ерік беруге тиістіміз бе, әлде жұрттың сезіктенуінен қорыққандықтан ғана программаны ұсақ-түйектермен, жеке нұсқаулармен, қайталаған сөздермен, кездейсоқ нәрсемен толтыруға тиістіміз бе. Социал-демократтар кездейсоқтыққа қарсы күресушілікте кәдімгі демократиялық праволар мен еркіндіктерді тарылтуға тырысушылық бар деп қалайша санай («сезіктене») алады деген мәселе принциптік мәселе болып отыр. Кездейсоқ оқығалар алдында фетишистікпен бас июді біз енді қай уақытта қояр екенбіз? — «тілдерге» бола туған күресті көргенде, біздің ойымызға сап ете түскен пікір осы болды.

Әркімнің атын атап дауысқа қою көп болғандықтан, бұл күресте делегаттардың қалай жіктелгені өте-мөте айқын болды. Ат атап дауысқа қою бір емес үш рет болды. Барлық уақытта искрашылдар тобына жұмыла қарсы шыққандар — антиискрашылдардың бәрі (8 дауыс) және, ауытқып отырған кейбіреулерінен басқа, бүкіл центр (Махов, Львов, Егоров, Попов, Медведев, Иванов, Царев, Белов, — тек соңғы екеуі ғана алғашқы кезде біресе қалыс қалып, біресе бізге қосылып ауытқып тұрды, тек мәселе үшінші рет дауысқа қойылғанда ғана беттерін белгіледі). Искрашылдардың бір бөлегі — көбінесе, кавказдықтар (алты дауысқа ие болған үш адам) искрашылдардан бөлініп кетті, осының арқасында, ақыр-аяғында, «фетишизм» бағыты басым болып шықты. Мәселе үшінші рет дауысқа қойылғанда, екі тенденцияның екеуінің де жақтастары өздерінің позицияларын неғұрлым айқындаған кезде, искрашылдардың көпшілік жағынан алты дауысқа ие үш кавказдық бөлініп шығып, қарсы жаққа қосылды, искрашылдардың азшылығы жағынан екі дауысқа ие екі адам — Посадовский мен Костич бөлініп шықты; мәселе алғаш екі рет дауысқа қойылғанда қарсы жаққа шығып кеткендер немесе дауыс беруден тартынып қалғандар: искрашылдардың көпшілігінен — Ленский, Степанов және Горский болды, азшылықтан — Дейч болды. Искрашылдардың сегіз дауысының (барлық 33 дауыстан) бөлініп кетуі антиискрашылдар мен табансыз элементтердің коалициясының басым болуына мүмкіндік берді. Съездегі жіктелудің негізгі фактысы — уставтың 1-параграфын

Ауылдағы Сапардың да Сайында да (төртіншісі) жасап
 шығарып бергенде) қатарынан шығатын — және осы
 Сайында жанын қанықтар қауымы сол қысқы күннің осында
 белгілерін көрсетіп қалғандықтан, айналым және қоныс тұрғын-
 дығы жөніндегі партия алдында бірден-бір не болып ай-
 тылып, бірден-біреу болып шыққаннан сөздерімен қула-
 ғын билейтін психология көрсетіп қалғандықтан, бұған таңда-
 нуға болмайды. Ол жерде Мұртқы жылдағы Уақытпен тең
 Мамовтың маңсап қосарына татылған ерлік сөздерін
 үміттенгендер де, тілдердің тек тіркелгендері және
 депі жанынан бұл құрметті әрекетке айналып көрсетіп отыр.

4) АПРАРЛЫҚ ПРОГРАММА

Аптардың бағыттары мен «апаттық» принциптері жөніндегі
 тұрақтылығын аптарлық программа туралы жақырағанда
 де анық көрсетіп, бұл мақсатқа қатысты жауапкершілік
 ды (протоколдың 190—225 беттерін қараңыз) және өте
 қысқаша бірталай мәселелерді қойды. Демек өзіміздің мұ-
 қымдымыз, программаға қарсы жарығын Мұртқынов
 жолдағандықтан (Либер жолдағандықтан Егорцов жылдағы
 ұзақ еріксіздіктерінен кейін). Ол «яңк осы тарихи әдіс-
 тәсілдерді» тұрақты тұрақты етіп дәлелді және тартты, оны
 айтып, біз осы «әдіс-тәсілдер» айналып қоныс тұра-
 қандықтар тарихи әдіс-тәсілдерді ардақтайтын» осының
 маңсап. П. П. Егорцов жолдағандықтан Мұртқынов маңсап
 Егорцовтың түрті бұл программаның маңсап қандықтары
 дігі тұрақтылығы. Бұл программа бізге арналған програм-
 ма ма, және ол біздің қоныс талаштарымызды бағытпен
 бере ме және біз оны жұртқа арналған программа еті-
 міз және ма» (177). Либер жолдағандықтан Егорцов жолдағандықтан
 қорыққандарды көрсеткені белгілі. Мақов жол-
 дағандықтан біздің біздің бағыттылығы: «саған тарттығын
 отырған программаның қандылығын және оны қанды
 мақсаттарды көрсеткені (сөздерінің көшірілімі) (?)
 дігі тұрақтылығы» делі. Сонымен отырған программаны
 «қоныс демократтардың аптарлық программасы деп
 өңдеу қызы» екендігінен, «тарихи әдіс-тәсілдерді тұра-
 қандықтардың етуін қалай істі шығарып» екен, оны «де-
 мократия мен авторитаризмнің рені» бар екен. Бұл терен
 ойымыздың тарихилық сыйпаттамасы болып табылатын
 маңсап — тұрақты марксизмнің мәлімі тұрақтылығын

руы мен дөрекілендіруі: искрашылдар бейнебір «шаруаларды құрамы жағынан біртұтас нәрседей көріп, дәлелге алғысы келеді; ал, шаруалар әлдеқашан-ақ (?) таптапқа жіктелгендіктен, біртұтас программаны алға тарту программаны тұтасынан демагогиялық программаға және, жүзеге асырғанда, авантюраға айналдырмай қоймайды» (202). «Искраны» тануға даяр (оны Маховтың өзінің танығаны сыяқты), бірақ оның бағытын, оның теориялық және тактикалық позициясын ойластырып қарамаған көп социал-демократтардың біздің аграрлық программаға теріс қарауының шын себебін Махов жолдас бұл арада «абайсыздан» айтып қойып отыр. Бұл программаны түсінбеушілік жеке мәселелер жөнінде келісе алмағандықтан әсте туып отырған жоқ, қайта, орыс шаруалары шаруашылығының кәзіргі уклады сыяқты күрделі және алуан-алуан құбылыс жөнінде марксизмді өңін айналдырып қолданудан, нақ осыдан туып отыр. Сөйтіп, антиискрашыл элементтердің басшылары (Либер мен Мартынов) және «центрдің» басшылары — Егоров пен Махов осындай тұрпайы-марксистік көзқарасқа келгенде өзара тез біріге қойды. Егоров жолдас мұның үстіне «Южный рабочийдің» және оған бейім топтар мен үйірмелердің өзгеше сыйпаттарының біреуін, атап айтқанда — шаруа қозғалысының маңызын түсінбейтіндігін, шаруалардың алғашқы атақты көтерілістері тұсында біздің социал-демократтардың нәзік жері — сол шаруа қозғалысының маңызын асыра бағалағандығы емес, қайта жете бағаламағандығы (және қозғалысты пайдалану үшін күштің жеткіліксіздігі) болғанын түсінбейтіндігін ашықтан-ашық білдірді. «Мен редакцияның шаруа қозғалысына әуестенуінен — шаруа көтерілістерінен кейін көп социал-демократтарға тараған әуестенушіліктен аулақпын» деді Егоров жолдас. Тек, амал не, Егоров жолдас *редакцияның* бұл әуестенуінің дәл қандай болғанын съезге азды-көпті дәл таныстыруға тырыспады, «Искра» берген әдеби материалды нақтылап көрсетуге тырыспады. Мұның үстіне, біздің аграрлық программamızдың негізгі пункттерінің *бәрін* «Искра» үшінші номерінде-ақ*, яғни шаруа көтерілістерінен *көп бұрын* тү-

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 4-том, қазақша 441—450-беттері. *Ред.*

сіндіргенін Егоров ұмытып қалыпты. «Искраны» тек сөз жүзінде ғана «танып» қоймаған адам оның теориялық және тактикалық принциптеріне көбірек көңіл бөлсе, бұл күнә болмас еді!

«Жок, шаруалар арасында біз көп жұмыс істей алмаймыз!» — деп дауыстап, Егоров жолдас онан кейін бұл дауыстауын белгілі бір жеке «әуестенушілікке» қарсы наразылық мағнасында емес, біздің бүкіл позициямызға қарсылық мағнасында түсіндіреді: «Бұл — біздің ұранымыз авантюристік ұранмен бәсекелесе алмайды деген сөз» дейді. Істің бәрін түрлі партиялардың ұрандарының «бәсекесіне» айналдырып, іске принципіз түрде қарайтын көзқарастың өте-мөте сыйпатты тұжырымы міне осы! Және бұл сөздер айтылғанда, теориялық түсіністерге шешен өзінің «қанағаттанғанын» жарыялағаннан кейін айтылып отыр; ал теориялық түсіністерде біздің, уақытша сәтсіздіктерге қынжылмай, үгіт жұмысында баянды табысқа жетуге ұмтылатындығымыз және программаның теориялық табанды базисі болмайынша, баянды табысқа жетуге (минуттік... «бәсекелестердің» айқай-шуына қарамастан) болмайтындығы көрсетілген болатын (196-бет). «Қанағаттанғандығы» туралы сендіруге тырысу, оның артынша, ескі экономизмнен мұра болып қалған тұрпайы ережелерді қайталау мейлінше шатасқандықты ашып отыр; ал, ескі экономизмнің ойынша, «ұрандар бәсекесі» тек аграрлық программаның ғана емес, оның үстіне бүкіл программаның, экономикалық және саяси күрестің бүкіл тактикасының барлық мәселелерін шешеді. «Сіз батракты бай шаруамен бірге кесінділер үшін күресуге көндіре алмайсыз, ол кесінділердің едәуірі кәзірдің өзінде сол бай шаруаның қолында» деді Егоров жолдас.

Едәуір бөлегі буржуазияның қолында болып отырған және келешекте онан да көбі сол буржуазияның қолында болатын нәрсе үшін күресуге пролетарийді «көндіре» алмайсың, деп өңештеген біздің оппортунистік экономизмге сөзсіз ұқсап отырған дөрекілікті тағыда кездестіріп отырмыз. Батрак пен бай шаруа арасындағы жалпы капиталистік қатнастардың орыс жағдайындағы өзгешеліктерін ұмытатын тұрпайылықты тағыда кездестіріп отырмыз. Қесінділер кәзір ауыртпалығын түсіріп

отыр, іс жүзінде батракқа да ауыртпалығын түсіріп отыр; батрактарды кіріптарлықтан кұтылу үшін күресуге «көндіріп» жатудың қажеті жоқ. «Көндіргенде» кейбір интеллигенттерді көндіру керек болады — өздерінің міндетіне көзін ашыңқырап кеңірек қарауға көндіру керек болады, нақтылы мәселелерді талқылағанда шаблоннан аулақ болуға көндіру керек болады, біздің мақсаттарымызды қыйындатып, бейнесін өзгертетін тарихи жағдаймен санасуға көндіру керек болады. Біздің батрактың тұрмысының нақтылы жағдайларын аграрлық программаға қарсылардың ұмытуы тек соқырсенімнен, мужик ақымақ деген соқырсенімнен туып отыр, — бұл соқырсенім, Мартов жолдастың әділ көрсеткеніндей (202-бет), Махов жолдастың және аграрлық программаға қарсы басқа адамдардың сөздерінде көрініп қалды.

Мәселені дөрекілендіргенде: жұмысшы мен капиталист — деп беталды қарсы қоюшылыққа дейін апарып дөрекілендіріп, біздің «центрдің» өкілдері, дағдысынша, өздерінің өрісі тарлығын мужикке аударып отыр. «Мужиктің таптық көзқарасының өрісі тарлығына қарай мен оны ақылды деп санаймын, сондықтан да мен: мужик тартып алып бөліске салуды көздейтін ұсақбуржуазиялық идеалды жақтайды, деп шамалаймын» деді Махов жолдас. Бұл арада көріне араласып кетіп отырған екі нәрсе: мужиктің таптық көзқарасын ұсақ буржуаның көзқарасы деп сыйпаттау және осы көзқарасты *тарылту*, оны «тар өрісті» көзқарасқа айналдыру. Егоровтар мен Маховтардың қатесі мужиктің таптық көзқарасын осы «тар өрісті» көзқарасқа айналдыруында болып отыр (дәл Мартыновтар мен Акимовтардың пролетардың көзқарасын «тар өрісті» көзқарасқа айналдырған қатесі сыяқты). Дұрысында, ұсақ буржуаның жайы екіжақты болып отырғандықтан да, ұсақбуржуазиялық таптық көзқарастың азды-көпті тар өрісті, азды-көпті прогресшіл көзқарас болуы мүмкін екенін бізге логика да, тарих та үйретіп отыр. Сондықтан, ешуақытта, біздің міндетіміз мужиктің тар өрістілігі («ақымақтығы») немесе оны «соқырсенімнің» билеп алғандығы жөнінде қынжылу бола алмайды, қайта біздің міндетіміз оның көзқарасын үнемі кеңейтіп отыру, оның ақыл-есінің соқырсенімді жеңуіне жәрдемдесу болады.

Орыстың аграрлық мәселесі жөніндегі тұрпайы-«марксистік» көзқарас «Искраның» бұрынғы редакциясын айнымай жақтаушы Махов жолдастың принциптік сөзінің қортындысында өте-өте айқын көрінді. Жұрттың бұл сөздерді қол шапалақтап... рас, келемеждеп қол шапалақтап қарсы алуы тегін болмады. Плехановтың: «Черный переделді жақтаған қозғалыстан біз ешбір қорықпаймыз, бұл прогрестік (буржуазиялық-прогрестік) қозғалысқа біз бөгет жасамас едік, дегеніне ашуланған Махов жолдас былай деді: «Нені бәде деп атауды, әрине, білмеймін. Бірақ, егер революция деп атауға болса, бұл революция революцияшыл болмайды. Дұрысырағы, мен: бұл енді революция болмайды, реакция болады (күлкі), бұл ік тәрізді революция болады дедім. Мұндай революция бізді кейін ысырып тастайды және, кәзіргі жайымызға қайтып оралу үшін, едәуір уақыт кезек болады. Ал біздің кәзіргі бар нәрсеміз француз революциясы кезіндегіден анағұрлым көп (келемеждеп қол шапалақтау), бізде социал-демократиялық партия бар (күлкі)»... Я, Маховша ойлайтын жеңіл-демократиялық партия орталық мекемелері бар социал-демократиялық партия шынында тек күлуге тұрарлық партия болар еді...

Сонымен, аграрлық программа көтерген таза принциптік мәселелер жөнінде де өзімізге таныс жіктің мезде жарыққа шыға қойғанын көріп отырмыз. Антиискрашылдар (3 дауыс) тұрпайы марксизмді жақтап қорықса аттанды, олардың артынан, баяғы тар өрісті көзқарасқа үнемі сүрініп, малтығып, «центрдін» көсемдері — Петро-Ровтар мен Маховтар ерді. Сондықтан, аграрлық программадың кейбір пункттерін дауысқа қойғанда, қосып 30 және 35 дауыс берілуі (225 және 226 беттер), яғни Бунд туралы мәселенің талқыланатын сорны жөніндегі таласта да, ұйымдастыру Комитеті жөніндегі жанжалда да «Южный рабочий» жабу туралы мәселеде де қанша дауыс берілсе, бұл жолы да шамамен айтқанда дәл сонша дауыс берілуі өте табиғи нәрсе. Дәлділі және қауыптан қалған шаблонның шебінен аздықтатып шығып кететін мәселе, өзгеше және жаңалықты (немістер үшін жаңалықты) әлеуметтік-экономикалық қатнастар жөнінде Маркстің теориясын өз бетімен қолдануды

азды-көпті керек қылатын мәселе көтерілсе-ақ, — міндетті ұға білетін искрашылдардың дауыстары тек $\frac{3}{5}$ болып шыға келеді, ал бүкіл «центр» Либерлер мен Мартыновтарға еріп шыға келеді. Ал Мартов жолдас, өзгеше сарындарды айқын көрсеткен дауысқа қою нәтижелеріне үркіп соқпай кетіп, бұл айқын фактыны жасыруға тырысады!

Искрашылдар съездің бестен екісіне қарсы күресіп отырғанын аграрлық программа жөніндегі жарыссөз айқын көрсетті. Кавказдық делегаттар бұл арада мүлде дұрыс позиция ұстады, — крепостниктік тәртіптің толып жатқан қалдықтарының жергілікті формаларымен өтетаныс болғандығы арқасында олар Маховтарды қанағаттандырған абстракты-мектептік жалаң дәлелдерді қарсы қоюдан сақтанды, олардың дұрыс позиция ұстауына осы жағдай едәуір себеп болған болса керек. Плеханов та, Гусев те (Егоров жолдастың көзқарасы сыяқты... «деревнядағы жұмысымызға мұндай үмітсіздікпен қарайтын көзқарасты»... «Россияда жұмыс істеген жолдастардың арасында көп кездестіруіме тура келді» деп расын айтқан Гусев те), Костров та,⁶⁷ Карский де, Троцкий де Мартынов пен Либерге, Махов пен Егоровқа қарсы шықты. Аграрлық программаны сынаушылардың «ізгі тілекті кеңестерінен» «*филистерліктің* исі мүңкіп тұрғанын» Троцкий дұрыс көрсетті. Съездегі саяси жіктерді зерттеу туралы мәселе жөнінде тек мынаны айту керек: Троцкийдің сөзінің бұл жерінде (208-бет) Ланге жолдастың Егоровпен және Маховпен қатар қойылуы дұрыс болар ма екен. Протоколдарды зер салып оқыған әрбір адам Ланге мен Гориннің позициясы Егоров пен Маховтың позициясынан мүлде басқаша болғанын көре алады. Ланге мен Горинге кесінділер туралы пункттің тұжырымы ұнамады, олар біздің аграрлық программamızдың идеясын әбден түсіне отырып, осы идеяны *басқаша* өткізуге тырысты, өздерінің көзқарасынша мінсіз ірек тұжырым табуға тырысып бақты, программаның авторларын сендірмек болып немесе соларды жақтап, искрашыл еместердің бәріне қарсы шығып, өздерінің қарар жобасын ұсынды. Мәселен, бүкіл аграрлық программаны қабылдамау (212-бет, қабылдамауды қостаған дауыс *тоғыз*, қарсы болғаны 38) және оның жеке пункт-

терін қабылдамау (216-бет, т. б.) туралы Маховтың ұсынысын кесінділер туралы пункттің дербес редакциясын ұсынған Лангенің позициясымен (225-бет) салыстырып қарасақ, тек соның өзінде де, бұл екеуінің арасында негізді айырма бар екеніне көзіміз жетеді*.

Мұнан әрі, «филистерліктің» исі мұңкіп тұрған дәлелдер туралы айта келіп, Троцкий жолдас былай деді: «туып келе жатқан революциялық дәуірде біз шаруалармен байланыс жасауымыз керек»... «Мұндай міндет алдымызда тұрғанда Махов пен Егоровтың скептиктігі және саяси «көрегендігі» соқырлықтың қандайынан болса да зыяндырақ» Азшылықтың ішіндегі екінші бір искрашыл Қостич жолдас Махов жолдастың «өзіне, өзінің принциптік табандылығына сенбейтінін» өте дәлдеп айтты, бұл — біздің «центрге» қадала тиетін сыйпаттама. «Екеуінің арасында айырма бола тұрса да, үмітсіздік жөнінде Махов жолдас Егоров жолдасқа қосыла кетті. Социал-демократтар кәзірдің өзінде шаруалар арасында жұмыс жүргізіп отырғанын, кәзірдің өзінде шаруа қозғалысына, мүмкін болғанша, басшылық етіп отырғанын Махов ұмытады. Дәл осы үмітсіздігімен олар біздің жұмысымыздың өрісін тарылтады» деді мұнан кейін Қостич жолдас (210-бет).

Съезде программа жөнінде болған жарыссөз туралы мәселені аяқтау үшін, мұның үстіне оппозициялық ағымдарды қолдау туралы қысқаша айтысқа тоқтап өтуге керек болады. Социал-демократиялық партия *«Россиядағы өмір сүріп тұрған қоғамдық және саяси тәртіпке қарсы бағытталған оппозициялық және революциялық қозғалыстың қандайын болса да»*⁶⁸ қолдайтыны біздің программада айқын айтылған. Оппозициялық ағымдардың дәл қандайларын қолдайтынымыз бұл соңғы ескертуде айқын көрсетілген сыяқты еді. Сонда да, әбден талқыланған мәселе жөнінде тағыда «түсініспеушілік пен ұғыныспаушылық» болуы мүмкін деп ойлау қаншама қыйын болса да, біздің партия ішінде көптен қалыптасқан сарындардың бір-бірінен өзгешелігі бұл арада да бірден жарыққа шықты! Сірә, іс дәл түсініспеушіліктерде емес, сол сарындардың өзінде болса керек. Махов, Либер жә-

* Гориннің сөзін салыстырыңыз, 213-бет.

не Мартынов дереу аттан салды және тағыда сондай «жыйнақылы» азшылықта болып қалды, сөйтіп Мартов жолдастың бұл арада да мұны қулық жасалды, шатақ туғызылды, дипломатия жүргізілді, деп тағы басқа сондай әсем сөздермен түсіндіруіне тура келіп қалғандай болды (Лиганың съезіндегі сөзін қараңыз); мұндай түсіндіру азшылықтың да, көпшіліктің де «жыйнақы» топтарының құрылуының саяси себептеріне ой жібере алмайтын адамдардың қолданатын ісі болады.

Махов тағыда марксизмді тұрпайы дәрекілендіруден бастады. «Бізде бірден-бір революцияшыл тап пролетариат, — дейді де, Махов осы дұрыс ережеден іле-шала мынадай теріс қортынды шығарады: — басқалар тек жармасып жүргендер (жұрттың бәрі күледі)... Я, жармасып жүреді және пайдаланып қалғысы келеді. Мен оларды қолдауға қарсымын» (226-бет). Махов жолдастың өз позициясын мұндай өрескел тұжырымдауы көп адамды (оның жақтастарынан) ұялтты, бірақ Либер де, Мартынов та «оппозициялық» деген сөзді алып тастауды немесе оған «демократиялық-оппозициялық» деп қосып шек қоюды ұсынып, істің шын мәнісінде Маховты қостады. Мартыновтың бұл түзетуіне Плеханов дұрыс қарсы шықты. «Біз либералдарды сынауға, олардың жартыкештігін әшкерелеуге тиістіміз, — деді ол. — Бұл дұрыс... Бірақ, социал-демократиялық қозғалыстан басқа қозғалыстардың бәрінің тар өрістілігі мен шағындығын әшкерелеумен қатар, біз, жалпыға бірдей сайлау правосын бермейтін конституцияның өзі де, абсолютизммен салыстырғанда, алға басқандық екенін, сондықтан пролетариат кәзіргі тәртіпті ондай конституциядан артық көрмеуге тиіс екенін пролетариатқа түсіндіруге міндеттіміз». Мартынов, Либер, Махов жолдастар бұған қарсы болып, өздерінің позициясын қорғады; олардың бұл позициясына Аксельрод, Старовер, Троцкий және тағыда Плеханов шабуыл жасады. Бұл арада Махов жолдас тағыда өзіне өзі қарсы келіп үлгірді. Әуелі ол басқа таптар (пролетариаттан басқалары) «жәй ғана» екенін және ол өзі «оларды қолдауға қарсы» екенін айтты. Кейін мейірімі түсіп, ол: «асылында реакцияшыл бола тұрса да, буржуазия көп уақытта, — мәселен, феодализммен және оның қалдықтарымен күресуге келгенде, — рево-

люцияшыл болады» деп таныды. Мұнан әрі ол түзеймін деп бүлдіріп алды: «Бірақ әрқашан (?) реакцияшыл болып қалатын топтар бар, мұндай топтар — колөнершілер» деді. Кейіннен аузы көпіріп, бұрынғы редакцияны жактаған біздің «центрдің» басшылары принцип жөнінде міне осындай сорақылықтарды айтуға дейін барды! Цехтық кұрылым өте күшті болған Батыс Европада да, абсолютизмнің кұлау дәуірінде, қалалардағы басқа ұсақ буржуа сыяқты, ерекше революцияшылдық көрсеткенік осы колөнершілер болатын. Абсолютизмнің кұлауынан жүз жыл, елу жыл кейінгі дәуірде батыстық жолдастардың кәзіргі колөнершілер туралы айтқандарын, ойланбастан, қайталап айту әсіресе орыс социал-демократына лайықсыз. Россияда саяси мәселелер жөнінде колөнершілер буржуазиядан реакцияшыл деу жаттап алған дағдылы кұрғақ сөзден басқа ешнәрсе емес.

Амал не, Мартыновтың, Маховтың және Либбердің бұл мәселе жөнінде ұсынылып, қабыл алынбаған түзетулеріне қанша дауыс берілгені туралы протоколдарда ешбір мәлімет қалмаған. Біз тек антиискрашыл элементтердің басшылары және «центрдің» басшыларының біреуі* бұл арада да искрашылдарға қарсы шығып, бізге таныс жікке біріккенін айтып кете аламыз. Программа туралы барлық жарыссөзді қорытқанда: азды-көпті қызу, жұрттың көңілін аударатын айтыстардың ішінде, сарындардың айырмасын — кәзір Мартов жолдас пен «Искраның» жаңа редакциясы жасырып отыраан айырманы ашпаған бірде-бір айтыс болып көрген емес, деп қортынды шығармасак болмайды.

* Сол топтың «центрдің» екінші басшысы Егоров жолдас оппозициялық ағымдарды қолдау мәселесі туралы өз пікірін екінші бір жерде, Аксельродтың социалнет-революционерлер туралы кеңінін сөз болған кезде, айтты (359-бет). Егоров жолдас программа туралы талабы мен социалнет-революционерлерге де, либералдарға да қарсы болуы арасынан «қайшылымы» тапты. Егоров жолдас мәселеге басқа түрде және басқарак жағынан қарап, бұл арада, Махов, Либбер, Мартынов жолдастар сыяқты, өзінің марксизді тар мәністе түсінетінін, «Искраның» позициясына («өзі қаншан» позициясына) тұрақсыздықпен, жартылай дұшпандықпен қарайтынын көрсетті.

ж) ПАРТИЯНЫҢ УСТАВЫ. МАРТОВ ЖОЛДАСТЫҢ ЖОБАСЫ

Съезд программадан партияның уставына көшті (Орталық Орган туралы жоғарыда көрсетілген мәселеге және делегаттардың баяндамаларына соқпай өтеміз; амал не, делегаттардың көпшілігі бұл баяндамаларды қанағаттанарлық түрде тапсыра алмады). Устав туралы мәселенің біздің бәріміз үшін аса зор маңызы болғанын айтып жатудың қажеті жоқ. Шынында, «Искра» әуел бастан-ақ, тек әдебиет органы есебінде ғана емес, сонымен қатар *ұйымдық* ұя есебінде шықты ғой. Төртінші номерінде редакция атынан жазылған мақалада («Неден бастау керек?») «Искра» тұтас бір ұйымдық жоспарды* ұсынды және ол жоспарды *үш жыл* бойына үздіксіз, бұлтармай жүргізіп отырды. Партияның екінші съезі «Искраны» Орталық Орган деп танығанда, тиісті қарарды (147-бет) дәлелдеудің үш пункті ішінен екі пункт *нақ осы «Искраның» ұйымдық жоспары мен ұйымдық идеяларына* арналған еді: партияның *практикалық* жұмысына басшылық ету ісінде оның ролі және біріктіру жұмысындағы басшылық ролі көрсетілді. Сондықтан, бүкіл партия болып белгілібір ұйымдық идеяларды танымайынша және ол идеяларды формалды түрде бекітпейінше, «Искраның» жұмысын және партия ұйымының бүкіл ісін, партияны *факт* жүзінде қалпына келтіру жөніндегі бүкіл істі біржолата аяқталды деп есептеуге *болмайтыны* әбден табиғи нәрсе. Бұл міндетті партияның ұйымдық уставы орындауға тиіс болды.

«Искраның» партия ұйымына негіз етіп алмақ болған негізгі идеялары шынында мынадай екі идея болды. Біріншісі, централизм идеясы, ұйым жөніндегі жеке және бөлшек мәселелердің бәрін шешудің әдісін принцип жү-

* «Искраның» Орталық Орган деп тану туралы сөзінде Попов жолдас сөз арасында былай деді: «Мен «Искраның» 3 немесе 4-номерінде басылған «Неден бастау керек?» деген мақаланы еске түсіремін. Россияда жұмыс істеп жүрген жолдастардың көбі оны тактикаға үйлеспейтін мақала деп тапты; екінші біреулерге бұл жоспар қыял болып көрінді, ал көпшілік (? сірә, Попов жолдасының төңрегіндегі адамдардың көпшілігі болар) мұны атаққұмарлық деді» (140-бет). Менің саяси көзқарастарымды мұндай атаққұмарлық деп түсіндірушілікке — кәзір Аксельрод жолдас пен Мартов жолдас қоздырып отырған түсінікке көндігің жатуымның қажеті жоқ екенін оқушы көріп отыр.

зінде белгіледі. Екіншісі — идея жөнінде басшылық ететін органның, газеттің, ерекше ролі — шет елде революциялық тегеуріннің алғашқы операциялық базасы құрылған күнде, саяси құлдық жағдайында нақ орыс жұмысшыларының социал-демократиялық қозғалысының уақытша және ерекше мұқтаждарын ескерді. Бірден-бір принциптік идея болып табылатын бірінші идея бүкіл уставтың арқауы болуға тиіс еді. Екінші идея — орынға және істің түріне байланысты уақытша жағдайлардан туған жеке идея — централизмнен шегінгендік сияқты түрде, екі орталық орынды — Орталық Орган мен Орталық Комитетті құру түрінде болды. Искралық партия ұйымы жөніндегі бұл негізгі екі идеяны мен «Искраның» (№ 4) редакциясы атынан жазылған «Неден бастау керек?»* деген мақалада да, «Не істеу керек?»** де кеңейткен болатынымын және, ақыр аяғында, «Жолдасқа хат»*** ішінде устав түрінде дерлік толық түсіндірген болатынымын. Егер «Искраны» таңу қағаз бетінде ғана қалмаған болса, тек шартпен айтқан кұрғақ сөз ғана болмаса, онда, дәл осы идеяларды тұрмысқа асыруға тиісті болған уставтың параграфтарын тұжырымдау үшін, шынында тек редакциялау жұмысы ғана қалған еді. Өзім қайта бастырған «Жолдасқа хаттың» алғысөзінде мен, ұйымдық идеялардың партия уставында да, осы кітапта да бір-біріне толық үкесі екенін анықтау үшін, бұл екеуін жәй салыстырып қараудың өзі жеткілікті болатынын көрсеткеімін.****

«Искраның» ұйымдық идеяларын уставта тұжырымдаудың редакциялық жұмысы жөнінде маған Мартов жолдас көтерген бір жанжалға тоқтап өтуге тура келеді. Мартов Лиганың съезінде (58-бет) былай деді: «Бұл параграф (яғни бірінші параграф) жөнінде менің оппортунистікке түсуім Ленин үшін каннизна күтілмеген іс болып шыққанын сізге бұқтымлы естуге көрсетер. Съезден 1½—2 ай бұрын мен Ленинге өзімнің жобамды

беттер). Караныз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, казакша 1—13-беттері. Ред.

574-беттер). Караныз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, казакша 369—

259-беттер). Караныз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, казакша 237—

**** Осы томның 125—127-беттерін караныз. Ред.

көрсеттім; бұл жобада 1-параграфтың мазмұны дәл менің съезге ұсынғанымдай еді. Ленин менің жобамды — өте егжей-тегжейлеп кеткен деп тауып, оған қарсы болды және өзіне 1-параграфтың — мүше болу шартын белгілеудің идеясы ғана ұнайтынын, бұл идеяны өзінің уставына түрін өзгертіп кіргізетінін, өйткені менің тұжырымымды ойдағыдай емес деп есептейтінін айтты. Сөйтіп, Ленин менің тұжырымыммен көптен таныс болды, ол менің бұл мәселе жөніндегі көзқарастарымды білді. Сонымен, съезге барғанда, өзімнің көзқарастарымды жасырмай, бетті ашып барғанымды өздеріңіз көріп отырсыздар. Өзара кооптациялауға қарсы, Орталық Комитетке және Орталық Органға кооптация жасағанда бірауызды болу принципіне қарсы күресетінімді, тағысынтағыларды мен алдын ала ескерттім».

Өзара кооптациялауға қарсы күресетіндігін алдын ала ескертуі жөнінде істің қалай болғанын біз кезі келгенде көре жатармыз. Қазір Мартовтың уставының «бетті ашып баруына» тоқтайық. Өзінің сәтсіз жобасы жөнінде (Мартовтың өзі съезде бұл жобаны сәтсіз жоба деп тауып қайтып алған еді, ал съезден кейін, өзіне біткен қарыспалықпен, ол бұл жобаны тағы жарыққа шығарды) болған оқыйғаны Лигада, есінде қалғанынша, айтып бергенде Мартов, дағдысынша, көп жерін ұмытып қалған екен, сондықтан ол тағыда шатастырып отыр. Жәй әңгімелерге және өзінің есінде қалғанына (адам еріксізден тек өзіне пайдалыны есіне түсіреді) сүйенуден сақтандыратын фактылар көп болған сыяқты еді, бірақ сонда да Мартов жолдас, басқа материалы болмағандықтан, іске аспайтын материалдан пайдаланып отыр. Қазір тіпті Плеханов та оған еліктеп отыр, — сірә, жаман әдет жүкқыш келеді.

Мартовтың жобасындағы бірінші параграфтың «идеясы» маған «ұнауы» мүмкін емес, өйткені съезде жарыққа шыққан *идеяның ешбірі* оның жобасында болған да жоқ. Ол ұмытшақ болған. Мен қағаздардың арасынан Мартовтың жобасын тапқаным оңды болды; бұл жобада «*бірінші параграф, оның съезде ұсынғанындай емес, нақ басқаша жазылған*»! Міне съезге «бетті ашып бару»!

Мартовтың жобасында 1-параграф былай: «Россия-

лық социал-демократиялық жұмысшы партиясының программасын таныйтын, оның міндеттерін жүзеге асыру үшін, партия органдарының (sic!*) бақылауымен және басшылығымен белсеніп жұмыс істейтін әрбір адам Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшесі болып саналады».

Менің жобамда 1-параграф былай: «Партияның программасын таныйтын және заттық қаражатымен де, партия ұйымдарының біріне өз басының қатысуымен де партияға көмектесетін әрбір адам партияның мүшесі болып саналады».

Съезде Мартов ұсынған және съезд қабылдаған тұжырым бойынша, 1-параграф мынадай: «Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының программасын таныйтын, партияға заттық қаражатпен көмектесетін және оның ұйымдарының біреуінің басшылығымен партияға үнемі өз басы жәрдем көрсетіп отыратын әрбір адам Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшесі болып саналады».

Мартовтың жобасында ешбір *идеяның* жоқ екені, тек *құрғақ* сөз ғана бар екені осы салыстырудан айқын көрініп отыр. Партияның мүшелері партия *органдарының* бақылауымен және басшылығымен жұмыс істейтіні өзінен өзі белгілі, *мұның басқаша болуы мүмкін емес*; бұл туралы сөз қылатындар — мәні бар ешнәрсе айтпай, күр сөйлей беруді жақсы көретін адамдар, «уставтарды» ұшы-қыйыры жоқ сылдыр сөзбен және бюрократтық (яғни іс үшін керегі жоқ, тек көрініс үшін керекті) формулалармен толтыруды жақсы көретін адамдар. Бірінші параграфтың *идеясы* тек: *партия органдары партия ұйымдарының* біреуіне де *енбейтін* партия мүшелеріне *іс жүзінде* басшылық ете ала ма, деген сұрау қойылғанда ғана келіп шығады. Мартов жолдастың жобасында бұл идеяның ізі де жоқ. Олай болса, Мартов жолдастың «бұл мәселе жөніндегі» «көзқарастарымен» менің *таныс болуым мүмкін емес*, өйткені Мартов жолдастың жобасында *бұл мәселе жөнінде ешбір көзқарас жоқ*. Мартовтың фактылы справкасы *шатасқандық* болып шықты.

Қайта Мартов жолдастың өзіне айтылатын сөз: ол ме-

* — солай! *Ред.*

нің жобамнан «менің бұл мәселе жөніндегі көзқарастарымды білді»; менің жобам съезден 2—3 апта бұрын жұрттың бәріне көрсетіле тұрса да, ол менің көзқарастарыма қарсылық білдірген жоқ, редакциялық коллегияда да, тек менің жобаммен ғана танысқан делегаттар алдында да менің көзқарастарымды теріс деген жоқ. Ол ол ма. Тіпті *съезде*, мен уставтың өзім жазған жобасын* ұсынып, оны *устав комиссиясы сайланғанға дейін* қорғағанымда, Мартов жолдас турадан-тура: «Ленин жолдастың қортындыларына қосыламын. *Тек екі мәселеде ғана оған қосылмаймын*» деді (курсив менікі) — Советті құру әдісі туралы мәселеде және бірауыздан кооптация жасау туралы мәселеде қосылмайтынын айтты (157-бет). 1-параграф жөнінде *келісе алмау* туралы бұл арада әлі *бір сөз де айтылмаған*.

Қыйлы жағдай туралы өзінің кітапшасында Мартов жолдас өзінің уставын тағыда және неғұрлым толық еске түсіріп өтуді қажет тапты. Бұл кітапшасында ол өзінің уставын, жеке кейбір жерлерінен басқасын, кәзірдің өзінде қостайтынын айтты (кәзір 1904 жылдың февралы, — үш ай кейін не болары белгісіз), өзінің уставы «централизмді әсірелеуге қарсы екенін жеткілікті айқын көрсетті» деп сендіруге тырысты (IV-бет). Бұл жобаның съезге салынбауын Мартов жолдас *кәзір* мынадан деп түсіндіреді: 1-ден, «Искралық тәрбие мені уставтарды жек көруге үйретті» дейді (өзіне ұнаған уақытта Мартов жолдас искралық деген сөзді тар өрісті үйірмешілдік деп танымай, өте айқын бағыт деп таныйды! Тек, не

* Айта кетейік. Протокол комиссиясы XI қосымшада «*съезге Ленин ұсынған*» уставтың жобасын бастырды (393-бет). Протокол комиссиясы да бұл арада аздап былықтырды. Комиссия менің барлық делегаттарға (және съезге дейін көп адамдарға) көрсетілген алғашқы жобамды *съезге ұсынылған* жобамен (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қаз. 505—507-беті. *Ред.*) араластырып жіберіп, *біріншісін* екіншісі етіп бастырды. Менің жобамның *әзірленгендегі барлық нұсқалары болса да* басыла берсін, менің оған, әрине, түк қарсылығым жоқ, бірақ сонда да былықтыру жарамайды. Ал шынында былығып отыр, өйткені Попов пен Мартов (154 және 157-беттер) менің шынында съезге ұсынған жобамның тұжырымдарын сынады, ал протокол комиссиясы бастырған жобада ондай тұжырымдар жоқ (394-бет, 7 және 11 параграфтарды салыстыр). Іске шұғылырақ қарағанда, мен көрсеткен беттерді жәй салыстырғанда-ақ, бұл қатені байқау қыйын емес еді.

наде, он жерден шіндеті жордалық тәртібе. Милтон
журналы айданайық құрыяқ, сөзді жек көруге үйрет-
тілді. Бүгін қабандарын ұстағы бурғандықты табан-
ды дегендеріңдер және осындай анадимдык күтпен
қайда дегені айна). 2-дін, мәжесіздер ме, сол, Милтон
журналы сөзге үйіндык ұйтқы болып отырған. Біздер-
іңіз тұтқиығына қандай да болса іріткі озғудан» сөз-
тіндеті. Ол қанышыа тамаша ұмғасып шыққан!!! На-
дирдәлігіні оқиғандығытқ тұжырымы туралы немесе пен-
тұрғыла әңіүлге тұрағы принциптік мәселеде Милтон
журналы рәлі сөзден (ен тар сөзді үйдімешілік түр-
ғыла тұрағында қорқынышты) соншама қорқып, сөз-
ені алдық ақырғы редакция сыяқты ұйтқыны да аң-
дара қолғады. Ая орталық орындардың құрамы туралы
принциптілігі мәселеде Мартов жолдас «Искра» ұнғымы-
ның (қол қатыз қезісін ұнғымын ұнғынын) мүшелестінін
төһмендігіне дәуіс беріп шығарған тоқтамның рәйіні
қолғады. Бұл ая рабонеделешілердан жәрдем сұри-
ды. Мәселеге қаның арак адамдардың мәселеге берген
бәзесінде «ірімешілігі» жоқ деу үшін «қис»-редак-
цияны қорғауға ірімешілігіне әнегіп тымпайытын сөз-
ені сөздерінкелі күткі салыныпалықты» Милтон жолдас
қолғады. Оған жаза беру есебінде, біз оның ұстаы
ірімешілігіне келіріп, ес тарапымыздан оның
қандай кәсіпкерлік және қандай адрелілігі білдіреті-
нін көрсетіп өткіздік».

«Ширтия ұстаының жобасы.— I. Ширтия мүше білім —
I) Россиялық социал-демократиялық жұмышы партиияның про-
граммасын қабылдан, оның міндеттерін жүзеге ашыру үшін, пар-
тия органдарының бақылауымен және басшылығымен белония
жүйеге істейтін әрбір аялы Россиялық социал-демократиялық жұ-
мышы партиияның мүшесі болып қабылданды. — II) Ширтияның
жүйеге істейтін қалың қалалық қалалықтары үшін, партия ишкіні Орган-
ның Комитетін қаралыңдар адрелілігіне ашығарылды. (Ширтияның
шаруа) тұрғын қалалық қалалық ұқсас қарланын адрелілігіне
саясида ике, талы сөр білімде, қарланын әрбір ширтияны
білдіреді. Ел ике білім көп қалалық қалалық ете, оны Орталық
Комитетін адрелілігіне ширтия туралы қаралы ұстаы сыяғы па-
рып берге болды. Милтонның жобасына ешбір «қис»-
болмауы үстаы, ешбір белгия ширтияны қалалық қалалық

«Айт» қалалық, Милтонның жобасының бірінші нұсқасын, аялы
не, табы алмайды, ол нұсқаны аялы паратраптан құралған, онда
түккіе турмайтын формализмді «көрсетіле» оған да көп.

тын көріне мағынасыз ережелерін, — үкімді дәл қай жерге сақтауды «уставта» көрсету жөніндегі өрескелдік немесе Орталық Комитеттің партиядан шығару туралы қарарлары үстінен (оның қандай да болса жалпы қарарлары үстінен емес пе?) съезге шағым беруге болатынын көрсету сыяқты ережелерін — мен жақшаның ішіне аламын. Бұл — нақ кұрғақ сөзді әсірелегендік немесе керегі жоқ, көріне пайдасыз, яки қағаз бастылық туғызатын пункттер мен параграфтарды ойлап шығару мағынасындағы нағыз бюрократтық формализм. «...II. Жергілікті комитеттер. — 3) Партияның жергілікті жұмысы жөніндегі өкілдері — партия комитеттері болып табылады.» (әрі жаңалық, әрі тауып айтқандық!) «...4) [Екінші съезге өкілдер жіберген комитеттердің сол съезд кезінде барлары — партия комитеттері болып танылады]. — 5) Партияның, 4-параграфта көрсетілгендерден тыс, жаңа комитеттерін Орталық Комитет тағайындайды [Орталық Комитет не сол жергілікті ұйымның бар құрамын комитет деп таныйды, не жергілікті ұйымға реформа жасау жолымен жергілікті комитет құрады]. — 6) Комитеттер өздерінің құрамын кооптация жасау жолымен толықтырады. — 7) Орталық Комитет жергілікті комитеттің құрамын, саны бүкіл сол құрамның $\frac{1}{3}$ бөлегінен аспайтын (өзіне белгілі) жолдастармен толықтыруға праволы.» Бұл нағыз кеңсешілдіктің үлгісі: не себепті $\frac{1}{3}$ бөлегінен аспайды? мұның қажеті не? ешнәрсеге шек қоймайтын мұндай шек белгілеудің қандай мағынасы бар? өйткені толықтыруды сан рет қайталай беруге болады ғой. «...8) Егер жергілікті комитет тарқап кеткен болса немесе қудалау нәтижесінде қысқартылған болса» (яғни бәрі бірдей қамауға алынбаса ма?), «онда Орталық Комитет оны қайтадан құрады»... (7-параграфпен санаспай-ақ па? Ал, Мартов жолдас 8-параграфпен Россияның сыпайылық туралы заңдары — жай күндері жұмыс істеп, мейрам күндері дем алуға бұйыратын заңдары — арасында ұқсастық таппай ма?) «...9) [Егер белгілібір жергілікті комитеттің жұмысы партияның мүдделеріне үйлеспейді деп танылса, партияның кезекті съезі Орталық Комитетке оның құрамын қайта құруды тапсыра алады. Мұндай ретте сол құрамындағы комитет таратылғанға есептеледі және оның жұмыс жүргізген жеріндегі жолдастар, оған бағынбауға ерікті* деп есептеледі.] ...Бұған дейін орыс заңдарында болып келген: жұрттың бәріне де және әрбір адамға маскүнемдік істеуге рұқсат жоқ, деген статья қаншама пайдалы болса, бұл параграфтегі ереже де сонша пайдалы-ақ. ...10) [Партияның жергілікті комитеттері партияның жергілікті барлық насихат, үгіт және ұйымдастыру жұмыстарына басшылық етеді және халінен келгенінше Орталық Комитет пен Орталық Органға, олардың мойнындағы жалпы партиялық міндеттерді орындау жөнінде, жәрдем көрсетеді.] ... Уһ! Құдай ақмин, мұның бәрі не менеге керек еді?.. 11) [«Жергілікті ұйымның ішкі тәртіптерін, комитет пен оған бағынушы» (естіп отырсыз ба, Аксельрод жолдас?) «топтардың өзара қатнастарын және бұл топтардың қарай-

* Бұл сөзге Аксельрод жолдастың назарын аударамыз. Мұның өзі неткен сұмдық еді! Редакцияның құрамын өзгертуге дейін бұратын «якобиншілдіктің» тамыры міне қайда жатыр...

тын істерінің шегі мен автономиялығының шектерін» (қарайтын істердің шектері мен автономиялықтың шектері, екеуі бір емес пе?) «комитеттің өзі белгілеп, Орталық Комитетке және Орталық Органның редакциясына білдіреді»] ... (Кемшілігі: бұл білдіретін мәліметтердің қайда сақталатыны айтылмаған)... «12) [Комитеттерге бағынған топтар мен жеке партия мүшелерінің бәрі өздерінің әрбір мәселе жөніндегі пікірлерінің немесе тілектерінің партияның Орталық Комитетіне және оның Орталық Органдарына білдірілуін талап етуге праволы] — 13) Партияның жергілікті комитеті өзінің табыстарынан Орталық Комитеттің бөлуі бойынша өзіне түскен үлесті Орталық Комитеттің кассасына тапсырып тұруға міндетті. — III. Басқа тілдерде (орыс тілінен басқа) үгіт жүргізу үшін құрылатын ұйымдар. — 14) [Орыс тілінен басқа тілдердің бірінде үгіт жүргізу үшін және, бұл үгіт қандай жұмысшылар арасында жүргізілсе, сол жұмысшыларды ұйымдастыру үшін, мұндай арнаулы үгіт жүргізу керек болған және мұндай ұйым құру керек болған пункттерде жеке ұйымдар құруға болады]. — 15) Мұның қаншама керек болатындығы туралы мәселені партияның Орталық Комитеті шешеді, ал мәселе даулы болған реттерде партияның съезі шешеді»... Уставтың мұнан кейінгі қаулыларын еске алсақ, параграфтың бірінші бөлімінің керегі жоқ, ал мәселенің даулы болатын реттері туралы екінші бөлім мүлде адам күлерлік... «16) [14-параграфта көрсетілген жергілікті ұйымдар өздеріне тән істер жөнінде автономиялы, бірақ жергілікті комитеттің бақылауымен жұмыс істейді және оған бағынулы болады, бұлай болғанда бұл бақылаудың формаларын және сол комитетпен сол арнаулы ұйымның арасындағы ұйымдастыру жұмысы жөніндегі қатнастардың нормасын жергілікті комитет белгілейді»... (бұл бос сөздердің бәрінің түк қажеті болмағаны, құдайға шүкір, міне енді көрініп отыр.)... «Партияның жалпы істері жөнінде мұндай ұйымдар комитет ұйымының бір бөлегі есебінде жұмыс істейді.» — 17) [14-параграфта көрсетілген жергілікті ұйымдар, өздерінің арнаулы міндеттерін ойдағыдай орындау үшін, автономиялық одақ құра алады. Мұндай одақ өзінің арнаулы әдеби және әкімшілік органдарын құруға ықпалды; құрғанда, мұндай органдардың қайсысы болса да партияның Орталық Комитетінің тікелей бақылауында болады. Мұндай одақтың уставын одақтың өзі жасайды бірақ партияның орталық Комитеті бекітеді.] — 18) [17-параграфта көрсетілген автономиялық одақтың құрамына партияның мынадай жергілікті комитеттері де — жергілікті жағдайға қарай өздерін көбінесе сол тілде үгіт жүргізуге арнап отырған жергілікті комитеттері де кіре алады. *Ескерту.* Автономиялық одақтың бір бөлегі болып отырған мұндай комитет партияның комитеті болып санала береді»]... (бүкіл параграф өте пайдалы және өте тауып айтылған, ал ескертуі онан да асып түседі)... «19) [Автономиялық одақтың құрамына кіретін жергілікті ұйымдар, оның орталық органдарымен қатнас жасау жөнінде, жергілікті комитеттердің бақылауында болады.] — 20) Партияның жергілікті комитеттері партияның Орталық Комитетімен қандай қатнас жасап отырса, автономиялық одақтардың және әкімшілік орталық органдары да партияның Орталық Комитетімен сондай қатнас жасап отырады.] — IV. Партияның Орталық Комитеті мен әдеби органдары. — 21) Партияның Орталық Комитеті және әдебиеттік саяси-ғылыми

органдары, тұтасынан алғанда, партияның өкілдері болып табылады.] — 22) Орталық Комитетке партияның бүкіл практикалық жұмысына жалпы басшылық ету, партияның барлық күштерін дұрыс пайдалануды және дұрыс бөлуді қамдау, партияның барлық бөлімдерінің жұмысын бақылау, жергілікті ұйымдарды әдебиетпен жабдықтау, партияның техникалық аппараттарын жолға қою, партияның съездерін шақыру міндеттері жүктеледі. — 23) Партияның әдеби органдарына партия тұрмысына идея жөнінде басшылық ету, партия программасын насихаттау және социал-демократияның дүниетану көзқарасын ғылым және публицистика жолымен жасау міндеті жүктеледі. — 24) Партияның жергілікті комитеттерінің және автономиялық одақтарының бәрі партияның Орталық Комитетімен де, партия органдарының редакциясымен де тікелей қатынас жасап, жер-жердегі қозғалыстың және ұйымдастыру жұмысының барысы туралы уақыт-уақыт оларға мәлімет беріп отырады. — 25) Партияның әдеби органдарының редакциясын партияның съезі тағайындайды және бұл съезд тағайындаған редакция келесі съезге дейін жұмыс атқарады. — 26) [Өзінің ішкі істері жөнінде редакция автономиялы болады] және екі съездің арасындағы уақыттың ішінде өзінің құрамын толықтыра алады және өзгерте алады, бұл туралы әрбір ретте Орталық Комитетке білдіріп отырады. — 27) Орталық Комитеттен шыққан немесе Орталық Комитет мақұлдаған мәлімдемелердің бәрі, Орталық Комитеттің талап етуі бойынша, партия органдарында басылады. — 28) Орталық Комитет, партия органдарының редакциясымен келісіп, әдебиет жұмысының белгілі бір түрлері үшін арнаулы әдебиет топтарын құрады. — 29) Орталық Комитет партияның съезінде тағайындалып, келесі съезге дейін жұмыс атқарып отырады. Орталық Комитет кооптация жолымен өзінің құрамын шек қойылмаған мөлшерде толықтырып отыра алады, бұл туралы әрбір ретте партияның орталық органдарының редакциясына білдіріп отырады. — V. Партияның шетелдік ұйымы. — 30) Партияның шетелдік ұйымы шет елдерде тұратын орыстар арасында насихат жүргізу жұмысын және олардың арасында социалистік элементтерді ұйымдастыру жұмысын басқарады. Шетелдік ұйымды сайланып қойылған администрация басқарып отырады. — 31) Партияның құрамына кіретін автономиялық одақтар, бұл одақтардың арнаулы міндеттерін орындауға көмектесу үшін, шет елдерде өздерінің бөлімдерін құра алады. Бұл бөлімдер, автономиялық топтар есебінде, жалпы шетелдік ұйымның құрамына кіреді. — VI. Партияның съездері. — 32) Съезд партияның ең жоғарғы инстанциясы болып табылады. — 33) [Партияның съезі оның программасын, уставын және оның жұмысының жетекші принциптерін белгілейді; партияның барлық органдарының жұмысын бақылайды және олардың арасындағы дауларды қарайды.] — 34) Съезге өкіл жіберетіндер: а) партияның барлық жергілікті комитеттері; б) партияның құрамына кіретін барлық автономиялық одақтардың орталық әкімшілік органдары; в) партияның Орталық Комитеті және оның Орталық Органдарының редакциясы; г) партияның шетелдік ұйымы. — 35) Мандаттарды басқара тапсыруға болады, бірақ бір делегаттың ие болатын шын мандаттарының саны үштен артық болмауы керек. Бір мандатты екі өкілге бөлуге болады. Императивтік мандаттар болмауға тиіс. — 36) Ор-

талық Комитетке, съезге қатнасуы пайдалы болуы мүмкін жолдас-тарды кеңесші дауыспен съезге шақыруға право беріледі.— 37) Партияның программасын немесе уставын өзгерту туралы мәселелерді шешу үшін, бар дауыстың $\frac{2}{3}$ көпшілігі керек; басқа мәселелер жәй көпшілікпен шешіледі.— 38) Съезд кезінде бар барлық партия комитеттерінің жартысынан көбінен өкілдер келсе, съезд толық праволы болып саналады.— 39) Съезд — мүмкіндігіне қарай— екі жылда бір рет шақырылады [Орталық Комитеттен еріксіз, съездің бұл мерзімде шақырылуына бөгет кездесе, Орталық Комитет өзінің жауаптылығымен съезді кейінге қалдырады].]

Бұл уставсымақты ақырына дейін оқып шығуға дағдыдан тыс шыдамы жеткен оқушы бізден төмендегі қортындыларды ерекше тексеріп қарауды талап ете қоймас. Бірінші қортынды: уставта жазылуы қыйын сукесел бар. Екінші қортынды: централизмді әсірелеуге қарсы болу мағнасында, ұйымдық көзқарастардың ерекше реңкін бұл уставтан табу мүмкін емес. Үшінші қортынды: Мартов өзінің уставының $\frac{38}{39}$ бөлегінен көбін жұрттан (съезде талқылаудан да) жасырып, мейлінше дұрыс істеген. Тек мұны жасыру жөнінде бетті ашып бару туралы айтқаны кішкене ерсілеу шыққан.

з) ИСКРАШЫЛДАР ІШІНДЕГІ ЖІКТЕЛУГЕ ДЕЙІН ЦЕНТРАЛИЗМ ТУРАЛЫ БОЛҒАН ЖАРЫССӨЗ

Шынында қызық және көзқарастардың түрлі сарындарын сөзсіз ашып беретін мәселеге — уставтың 1-параграфының тұжырымы туралы мәселеге көшпестен бұрын, съездің 14-мәжілісін және 15-мәжілісінің бір бөлек уақытын алған устав туралы жалпы қысқаша жарыссөзге тағы да азырақ тоқтап өтелік. Бұл жарыссөздің белгілі маңызы бар, өйткені, ол орталық орындардың құрамы туралы мәселе жөнінде «Искра» ұйымының толық ажырасуынан бұрын болды. Ал, жалпы устав туралы, оның ішінде кооптация туралы кейінгі жарыссөз «Искра» ұйымында ажырасуымыздан кейін болды. Ажырасқанға дейін біз өзіміздің көзқарастарымызды ешкімге бұра тартпай тура айта алғанымыз — Орталық Комитеттің мүшелер құрамы туралы бәріміз ынталанған мәселеге пікірімізді неғұрлым бағындырмау мағнасында тура айта алғанымыз түсінікті. Жоғарыда айтқанымыздай, Мартов жолдас менің ұйымдық көзқарастарыма қосылды (157)бет), тек жеке мәселелер жөнінде ғана екі жер-

де маған қосылмайтынын ескертті. Ал, антиискрашылдар да, «центр» де сол арада-ақ «Искраның» бүкіл ұйымдық жоспарының екі негізгі идеясының екеуіне бірдей қарсы (олай болса, бүкіл уставқа да қарсы): централизмге де қарсы, «екі орталық орынға» да қарсы жорық ашты. Либер жолдас менің уставымды «ұйымдасқан сенбестік» деп атады, екі орталық орын болуын (Попов жолдас пен Егоров жолдас сыяқты) *децентрализм* деп тапты. Акимов жолдас жергілікті комитеттердің қарайтын мәселелерінің өрісін кеңірек белгілеуді тілейтінін, оның ішінде олардың өздеріне «өз құрамын өзгертуге право» беруді тілейтінін білдірді. «Оларға жұмыс істеу жөнінде көбірек бостандық беру керек... Орталық Комитетті Россиядағы белсенді ұйымдардың бәрінің өкілдерінің сайлайтыны сыяқты, жергілікті комитеттерді сол жердегі белсенді қызметкерлер сайлауға тиіс. Егер бұған да жол беруге болмаса, ол уақытта жергілікті комитеттерге Орталық Комитет тағайындап қоятын мүшелердің санына шек қойылсын...» (158). Көріп отырсыздар, Акимов жолдас «централизмді әсірелеуге» қарсы дәлелді Мартовтың аузына салады, бірақ, Мартов жолдас, орталық орындардың құрамы туралы мәселеде жеңілгендік оны Акимовқа еруге мәжбүр еткенге дейін, бұл беделді нұсқауларға құлақ аспады. Акимов жолдас Мартовтың өз *уставының «идеясын»* (7-параграф: Орталық Комитеттің комитеттерге мүшелер еңгізу праволарына шек қою) оның аузына салғанда да, ол Акимовты тындамайды! Ол кезде Мартов жолдас әлі бізбен екі арада «ірткі салуды» тілемеген еді, сондықтан оны мен Акимов жолдас-тың арасына ірткі салынды, оның өзі де ірткіге ұшырады... Ол кезде «сұмдық централизмге» тек, «Искраның» централизмі өздеріне көріне *пайдасыз* болған адамдар ғана қарсы шыққан еді: Акимов, Либер, Гольдблат қарсы шықты; оларға ептеп, жан-жағына қаранып (қай уақытта болса да кейін бұрылуға болғандай етіп) Егоров, т. т. *ерді* (156 және 272-беттерді қараңыз). Ол кезде централизмге қарсы наразылықты «Бундтың», «Южный рабочийдің», т. т. нақ сол өзімшілік, үйірмешілдік мүдделері туғызғаны партияның аса көпшілігіне айқын еді. Ал, «Искраның» бұрынғы редакциясының централизмге қарсы наразылығын оның сол үйірмешілдік мүдделері туғызатыны партияның көпшілігіне кәзірде де айқын...

Мәселен, Гольдблат жолдастың сөзін алыңыз (160—161). Ол бейнебір төменгі ұйымдарды «жоюға» бастайтын, «басынан аяғына дейін, орталық орындарға шек қойылмаған билік беруге, барлық іске шек қойылмаған түрде араласу правосын беруге ұмтылған», ұйымдарға «тек бір право — жоғарыдан не бұйырылса, соған күңкілсіз бағыну правосын» беретін менің «сұмдық» централизміме, т. т. қарсы шығады. «Жоба бойынша құрылатын орталық орын құр далада қалады, оның төңірегінде ешбір бөлімдер болмайды, тек үйме-жүйме бір нәрселер болады, оның іс атқарушы агенттері соның ішінде сенделіп жүретін болады». Съезде өздері жеңілгеннен кейін Мартовтар мен Аксельродтар бізді қандай жалған сөзуарлықпен сыйласа, бұл да сол жалған сөзуарлық. Біздің централизмге қарсы күресе отырып, өзіндегі орталық орынға онан да айқынырақ белгіленген шексіз праволар (мәселен, мүшелерді енгізу және шығару, ол түгіл делегаттарды съезге кіргізбеу праволарын алсақ та) беретін Бундқа жұрт күлген еді. Азшылық болып отырғанда централизмге қарсы және уставқа қарсы айқай салатын, көпшілікке айналған кезде дереу уставқа сүйеніп қоятын азшылықтың ойбайына да, істі анықтағаннан кейін, жұрт күлетін болады.

Делегаттардың қалай жіктелгені екі орталық орын туралы мәселеде де айқын көрінді: Либер де, Акимов та (Либер Советте Орталық Органның Орталық Комитеттен басым болуы туралы Аксельрод пен Мартовтың кәзіргі сүйікті әнін әндетіпті), Попов та, Егоров та барлық искрашылдарға қарсы шықты. Бұрынғы «Искраның» әрқашан дамытып келген (және Папов жолдас пен Егоров жолдас сөз жүзінде мақұлдаған!) ұйымдық идеялардан екі орталық орын жөніндегі жоспар өзінен өзі келіп туады. Бұрынғы «Искраның» саясаты «Южный рабочийдің» жоспарларына, қатарластырып көпшілікке арналған орган құру және оны факт жүзінде басым органға айналдыру жоспарларына қайшы келді. Антиискрашылдың бәрінің және бүкіл батпақтың бір орталық орынды, яғни бейнебір үлкен централизмді қостауының — үстірт қарағанда таңырқарлық болып көрінетін қайшылықтың — тамыры міне осында жатыр. Әрине, «Южный рабочийдің» ұйымдық жоспарларының қайда апарып соқтыратынын және, істің барысында, қайда апарып

соқтыруға тиіс екенін онша айқын түсіне қоймаған делегаттар да болды (әсіресе батпақтағылар арасында болды), бірақ олардың өздерінің батылсыздығы және өзіне өзі сенбейтіндігі оларды антиискрашылдар жағына шығуға итермеледі.

Устав туралы болған бұл (искрашылдардың жіктелуі алдындағы) айтыс кезінде сөйлеген искрашылдардың сөздері ішінде әсіресе Мартов жолдастың (менің ұйымдық идеяларыма «қосылуы») және Троцкий жолдастың сөздері тамаша болды. Троцкий Акимов жолдас пен Либер жолдасқа жауап берді, оның бұл жауабының әрбір сөзі «азшылықтың» съезден кейінгі мінез-хұлықтарының және съезден кейінгі теорияларының бүкіл жалғандығын ашкереледі. «Ол (Акимов жолдас) устав Орталық Комитеттің компетенциясының өрісін жеткілікті айқын белгілемейді, деді. Мен оның айтқанына қосыла алмаймын. Қайта, устав мұны дәл белгілеген, оның мәнісі мынадай: партия тұтас партия болғандықтан, оның жергілікті комитеттерге бақылау жасауын қамтамасыз ету қажет. Либер жолдас, менің сөзімді қолданып, устав — «ұйымдасқан сенбестік» деді. Бұл дұрыс. Бірақ мен бұл сөзді Бунд өкілдерінің ұсынған уставы жөнінде — партияның бір бөлегінің бүкіл партияға ұйымдасқан түрде сенбестік білдіруі болған устав жөнінде айттым. Ал, біздің устав» (ол кезде, орталық орындардың құрамы туралы мәселеде жеңілгенге дейін бұл устав «біздікі» еді!) «партияның өзінің барлық бөлімдеріне ұйымдасқан түрде сенбестік білдіруі, яғни жергілікті, аудандық, ұлттық және басқа ұйымдардың бәріне бақылау жасауы болып табылады» (158). Я, біздің устав бұл жерде дұрыс сыйпатталған, сондықтан біз, қазір беті бүлік етпей: қаскүнем көпшілік «ұйымдасқан сенбестіктің» яки, екеуі де бір, «қыйлы жағдайдың» системасын ойлап шығарып, тұрмысқа еңгізді, деп сендіруге тырысатындарға бұл сыйпаттаманы көбірек еске түсіріп отыруға кеңес берер едік. Саяси тұрлаусыздықтың үлгісін, — төменгі дәрежедегі өздерінің коллегиясы туралы немесе басқалардың коллегиясы туралы сөз болғанына қарай, Мартовтың және оның серіктерінің көзқарастары қалай өзгеріп отырғандығының үлгісін, — көру үшін, жоғарыда келтірілген сөзді Штетелдік Лиганың съезінде сөйленген сөздермен салыстырудың өзі-ақ жеткілікті.

в) УСТАВТЫҢ БІРІНШІ ПАРАГРАФЫ

Съезде қызық айтыс туғызған түрлі тұжырымдарды біз жоғарыда келтірдік. Бұл айтыстар екі мәжіліске жуық уақытты алды және *екі рет ат атап* дауысқа са-лумен аяқталды (кателеспесем, съезд кезінде ат атап дауысқа қою тек сегіз рет болды, мұндай дауысқа қою өте көп уақытты алатын болғандықтан, бұл тек ерекше маңызды реттерде ғана қолданылды). Көтерілген мәсе-ле, күмән жок, принциптік мәселе болды. Съезд айтысқа аса көп көңіл бөлді. Дауыс беруге делегаттардың *бәрі* қатнасты, бұл — біздің съезде (сол сыяқты үлкен съез-дердің қайсысында болса да) сирек кездесетін және, сонымен қатар, таласушылардың мәселеге ынталы еке-нің көрсеткен оқыйға болды.

Талас мәселенің шын мәні неде болды? деген сұрау қойылады. Мен съезде айттым және кейіннен де талай айттым: «біздің арамыздағы пікір алалығын (1-параграф туралы), партияның өмір сүруі не өлу тағдырын шешер-ліктей өте мәнді нәрсе деп тіпті санамаймын. Устав жа-ман пунктiнен біз әлі құрып қоймаймыз!» (250)*. Прин-циптік сарындарды ашып берсе де, бұл алауыздықтың тек өзі съезден кейінгідей ажырасушылықты (шарт қой-май айтсақ, факт жүзінде жіктелуді) ешуақытта туғыза алмайтын еді. Бірақ, егер алауыздықты туғызуға тырыс-саң, егер оны ең бірінші қатарға қойсаң, егер бұл ала-уыздықтың барлық тамырларын және барлық бұтақта-рын іздеуге кіріссең, онда *кішкене* алауыздықтың қанда-йы болса да *үлкенге* айналып кете алады. Егер алауыз-дық белгілібір қате көзқарастарға қарай бет алған *бұрылыстың* бастама пунктi болып шықса және бұл қа-те көзқарастар, жаңа қосымша таластардың тууы себеп-ті, партияны жіктелуге апарып соқтыратын *анархистік* әрекеттермен ұштасса, онда *кішкене* алауыздықтың қан-дайының болса да зор маңызы болуы мүмкін.

Бұл жолы да дәл осы айтылғандай болды. 1-параграф жөніндегі, басқалармен салыстырғанда, кішкене алауыз-дықтың кәзір зор маңызы болып отыр, өйткені азшы-лықтың оппортунистік терең ойлылыққа және анархистік сөзуарлыққа қарай бет бұруына (әсіресе Лиганың съе-

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қазақша 513-беті.
Ред.

зінде, онан кейін жаңа «Искраның» бетінде де) дәл осы алауыздық себеп болды. Искрашылдардың азшылығының антиискрашылдармен және батпақпен коалиция жасауы дәл осы алауыздықтан *басталды*; бұл коалиция сайлау алдында белгілі форма алып, біржолата қалыптанып болды, бұл коалицияны түсінбейінше орталық орындардың құрамы туралы мәселе жөніндегі ең басты, негізгі ажырасушылықты да *түсінуге болмайды*. Мартов пен Аксельродтың бірінші параграф жөніндегі кішкене қатесі табағымыздың кішкене жарықшағы болды (Лиганың съезінде мен осылай деп айтқан едім). Бұл табақты берік *түйінмен* (Лиганың съезі кезінде аласұруға жақын болған Мартовқа естілгендей, берік ілмекпен емес) түйіп, мықтап таңып қоюға болатын еді. Жарықшақты үлкейтіп, табақты қақ айыруға барлық күшті жұмсауға да болатын еді. Ынталанған мартовшылдардың бойкот жасауы және басқа сондай анархистік шаралар қолдануы арқасында, дәл соңғысы болды. Бірінші параграф жөніндегі алауыздықтың орталық орындарды сайлау мәселесінде ролі зор болды, ал бұл мәселеде Мартовтың жеңілуі оны, дөрекі-механистік және тіпті жанжалды әдістер (орыс революцияшыл социал-демократтарының Шетелдік Лигасының съезінде сөйленген сөздер) қолдану жолымен, «принциптік күреске» шығуға әкеліп соқтырды.

Қазір, осы оқыйғалардың бәрінен кейін, бірінші параграф туралы мәселе, сөйтіп, *зор маңыз* алып кетті, сондықтан біз, бұл параграфты дауысқа салғанда съезде болған жіктердің сыйпатын да және, — мұның маңызы онан да артық, — бірінші параграф жөнінде білінген немесе біліне бастаған *көзқарастардағы сарындардың* шын сыйпатын да анықтап біліп алуымыз керек. Қазір, оқушыларға белгілі оқыйғалардан кейін, мәселе енді мына түрде қойылып отыр: Мартовтың Аксельрод жақтаған тұжырымы, партия съезінде мен айтқандай (333), оның (немесе олардың) табансыздығын, тұрлаусыздығын және саяси күңгірттігін, Лиганың съезінде Плехановтың шамалағанындай (Лига протоколдарының 102-беті, т. б.), оның (не олардың) жоресизм мен анархизмге ауытқуын көрсетті ме? Әлде, Плеханов жақтаған менің тұжырымымда бюрократтықпен, формалистікпен, жөнсіздікпен централизмді теріс түсінгендік, социал-демократ-

ша түсінбегендік бар ма? Оппортунизм мен анархизм бе, әлде бюрократизм мен формализм бе? — кәзір, кішкене ажырасу үлкенге айналғаннан кейін, мәселе осылай қойылып отыр. Сондықтан менің тұжырымымды қостаған және оған қарсы айтылған дәлелдерді *шын мәнісінде* талқылағанда, — оқығалардың бәрімізге жүктеуінше, — егер бұлай деу өте құлақ тұндырарлық болмаса, айтар едім, тарихтың душар келтіруінше, — мәселенің дәл осылай қойылғанын есте ұстауымыз керек.

Бұл дәлелдерді тексергенде съездегі жарыссөзді талдаудан басталық. Бірінші сөздің, Егоров жолдастың сөзінің, көңіл бөлерлік жері тек мынау: оның көзқарасы (pop liquet, шындықтың қайда екені маған әлі айқын емес, мен әлі білмеймін), шынында жаңа, едәуір қыйын және егжей-тегжейлі мәселені анықтап білу өздеріне жеңіл соқпаған көп делегаттардың көзқарасын өте айқын сыйпаттайды. Онан кейінгі сөз, Аксельрод жолдастың сөзі, мәселені енді бірден принциптік мәселе етіп қойды. Бұл — Аксельрод жолдастың бірінші принциптік сөзі, тіпті дұрысырағы, жалпы айтқанда съездегі бірінші сөзі; оның атышулы «профессор» жөніндегі бастамасын оншама ойдағыдай болып шықты деп тану қыйын. Аксельрод жолдас: «Меніңше, бізге партия және ұйым деген ұғымды айыру керек. Ал бұл жерде бұл екі ұғым араласып кетіп отыр. Мұндай араласып кету қауіпті» деді. Менің тұжырымыма қарсы айтылған бірінші дәлел осындай. Мұны назар салыңқырап тексеріңіз. Егер мен: партия *ұйымдардың жыйнағы* (және арифметикадағы сандардың жыйнағы емес, комплекс)* болу керек десем,

* «Ұйым» деген сөз әдетте екі мағнада, кең және тар мағнада қолданылады. Тар мағнада ұйым — адамдар коллективінің, өте аз дәрежеде болса да, қалыптанған жеке ұясы деген сөз. Кең мағнада ұйым — біртұтас болып біріккен осындай ұялардың жыйнағы деген сөз. Мәселен, флот, армия, мемлекет әрі ұйымдардың (сөздің тар мағнасында) жыйнағы, әрі қоғамдық ұйымның (сөздің кең мағнасында) бір түрі болып табылады. Оқу мекемесі — ұйым (сөздің кең мағнасында), оқу мекемесі бірталай ұйымдардан (сөздің тар мағнасында) құрылған. Сол сыяқты партия да — ұйым (сөздің кең мағнасында) болып табылады, ұйым болуға тиіс; мұнымен қатар партия бірталай әралуан ұйымдардан (сөздің тар мағнасында) құрылуға тиіс. Сондықтан, партия және ұйым деген ұғымдарды айыру керек деп отырған Аксельрод жолдас, біріншіден, ұйым деген сөздің кең мағнасындағы және тар мағнасындағы бұл айырманы ескермеген, ал екіншіден, ұйымдасқан элементтер

бұл менің партия және ұйым деген ұғымдарды «араластырғаным» болып табыла ма? Әрине, табылмайды. Таптың алдыңғы отряды болып табылатын партия мүмкіндігінше неғұрлым ұйымдасқан болсын, партия аз да болса ұйымшылдықты қостайтын элементтерді өзіне тартсын деген тілегімді, талабымды мен ол сөздеріммен өте айқын және дәлдеп көрсеттім. Ал менің оппонентім ұйымдасқан элементтер мен ұйымдаспаған элементтерді, басшылыққа көнетіндер мен басшылыққа көнбейтіндерді, алдыңғы қатардағылар мен ем қонбайтын артта қалғандарды, — өйткені ем қонатын артта қалғандар ұйымға кіре алады ғой, — партияға үйіп-төгіп, араластырып отыр. Міне мұндай араластыру шынында да қауіпті. Аксельрод жолдас мұнан әрі «өткендегі өте конспиративтік және централистік ұйымдарды» («Земля и Воля» мен «Народная Воля»ны) дәлел қылады: олардың төңірегіне «ұйымға кірмеген, бірақ қалай болса да оған көмектескен және партияның мүшесі болып есептелген бірталай адамдар топталды ғой... Социал-демократиялық ұйымда бұл принцип онан да қатаң жүзеге асырылуға тиіс» дегенді айтады. Мәселенің түйінді жерлерінің біріне біз дәл осы арада кездесіп отырмыз: «бұл принцип» партия ұйымдарының ешбіріне кірмеген, тек «қалай болса да оған көмектесіп отырған» адамдардың өзін партия мүшесі деп атауына рұқсат ететін принцип шынында да социал-демократиялық принцип пе? Плеханов бұл сұрауға бірден-бір мүмкін болған жауап берді: «Аксельродтың 70-жылдарды дәлел қылуы дұрыс емес. Ол кезде өте жақсы ұйымдасқан және тамаша тәртіпті орталық орын болды, оның төңірегінде соның өзі құрған түрлі дәрежелі ұйымдар болды, ал бұл ұйымдардан тыстағылар — былық, анархия болды. Бұл былығын жүрген элементтер өздерін партия мүшесі деп атады, бірақ іс мұнан пайда талқан жоқ, зиян талты. Бізге 70-жылдардың анархиясына еліктеу керек емес, қайта одан қашу керек». Сонымен, Аксельрод жолдастың социал-демократиялық принципі деп көрсетпек болған «бұл принцип» — шынында, анархиялық принцип. Мұны теріске шығару үшін, ұйымнан тыс бақылау, басшылық және тәр-

мен ұйымдаспаған элементтерді бір жерге үйіп-төгіп, өзін шартты түрде атауының ол байқалмаған.

тіп болуы мүмкін екенін көрсету керек болады, «былығып жүрген элементтерге» партияның мүшесі деген атақ берудің қажеттігін көрсету керек болады. Мартов жолдастың тұжырымын жақтаушылар *бұл екеуінің ешқайсысын да* көрсете алмады. Аксельрод жолдас «өзін социал-демократ деп есептейтін және осылай деп мәлімдейтін профессорды» мысалға алды. Бұл мысалындағы пікірін аяқтап шығу үшін, Аксельрод жолдас онан кейін: ұйымдасқан социал-демократтардың өздері бұл профессорды социал-демократ деп таный ма? деуге тиіс еді. Одан кейін туатын бұл сұрауды қоймай, Аксельрод жолдас өзінің дәлелін жарты жолға тастап кетті. Шынында екінің бірі болу керек. Не, ұйымдасқан социал-демократтар біздің назарымызды аударып отырған профессорды социал-демократ деп таныйды, — онда бұлардың бұл профессорды социал-демократиялық ұйымдардың біріне алуына неге болмайды? Тек осындай ұйымға алғанда ғана профессордың «мәлімдемесі» бос сөз болып қалмай (профессорлардың мәлімдемелері көп уақытта осындай бос сөз болып қалады), оның істеріне үйлесетін болады. Не, ұйымдасқан социал-демократтар профессорды социал-демократ деп *танымайды*, — онда оған партияның мүшесі деген ардақты және жауапты атақты алып жүруге право беру өрескіл, мағнасыз және *зыянды* іс болады. Сөйтіп, іс нақ ұйымның принципін дәйекті түрде жүзеге асыруда немесе берекесіздік пен анархияны дәріптеуде болып отыр. Партияны құрғанда, *социал-демократтардың* кәзірден құрылған және біріккен ұйтқысын, айталық, партия съезін шақырған және партияның түрліше ұйымдарын кеңейтуге және көбейтуге тиіс болып отырған ұйтқысын негізге алып құрамыз ба, әлде көмектесушілердің бәрі — партия мүшелері деген жұбатқыш *құрғақ сөзбен* қанағаттанамыз ба? «Егер Лениннің формуласын қабылдасақ, — деді онан әрі Аксельрод жолдас, — онда, тікелей ұйымға алына қоймағанмен, сонда да партия мүшелері болып табылатын бір бөлек адамдарды сыртқа тебеміз». Түрлі ұғымдарды шатастырып жіберді деп мені айыптаған Аксельрод жолдастың өзінің ұғымдарды шатастырып отырғаны бұл жерде толық айқын көрінеді: көмектесушілердің бәрі партияға мүше бола ала ма деген мәселеге бола дау туып отырғанда, оппоненттер мұндай түсініктің керектігін және

пайдасын әлі дәлелден көрсетуге тиісті болып отырғанда, Аксельрод — көмектесушілердің бәрі партияның мүшелері болып табылады деп, мұны анықталып болғанға есептейді. Үстірт карағанда қорқынышты болып көрінетін бұл: сыртқа тебеміз, деген сөздің мазмұны қандай? Егер партиялық ұйымдар деп танылған ұйымдардың мүшелері ғана партия мүшесі деп танылса, онда партия ұйымдарының біреуіне де «тікелей» кіре алмайтын адамдар, партиялық емес, бірақ партияға жақын ұйымда жұмыс істей алады ғой. Олай болса, жұмыстан, қозғалысқа қатнасудан шеттетуге мағнасында сыртқа тебу туралы сөз болуы да мүмкін емес. Қайта, нағыз социал-демократтарды өз қатарына алған партия ұйымдарымыз неғұрлым берік болса, партия ішінде тұрақсыздық, табансыздық неғұрлым кем болса, өзінің төңірегіндегі, өзі басшылық етіп отырған жұмысшы бұқарасының элементтеріне партияның ықпалы соғұрлым кең, соғұрлым алуан-алуан, соғұрлым мол және соғұрлым жемісті болады. Шынында да, жұмысшы табының алдыңғы отряді болып табылатын партияны бүкіл таппен араластырып жіберуге болмайды ғой. «Біз, әрине, ең алдымен партияның неғұрлым белсенді элементтерінің ұйымын, революционерлердің ұйымын құрамыз, бірақ, өзіміз бір таптың партиясы болып отырғандықтан, біз, мүмкін онша белсенді түрде болмаса да, саналы түрде осы партияға жақын жүрген адамдарды партиядан тыс қалдырмау туралы ойлауымыз керек» дегенде, Аксельрод жолдас дәл осылай араластырып отыр (бұл араластыру, жалпы алғанда, біздің оппортунистік экономизмде болатын сыйпат). Біріншіден, социал-демократиялық жұмысшы партиясының белсенді элементтерінің санына қосылатындар тек революционерлердің ұйымдары ғана емес, партиялық ұйымдар деп танылған бірталай жұмысшы ұйымдары да сол белсенді элементтердің санына қосылады. Екіншіден, біз таптың партиясы болып отырғандығымыздан, міне осы фактыдан, партияға кірушілер мен партияға жақындасушылар арасында айырманың қажеті жоқ, деген қортынды қандай себеппен, қандай логикадан тууға мүмкін? Нақ мұның керісінше: саналылықтың дәрежесіне және белсенділіктің дәрежесіне қарай айырма болғандықтан да партияға жақындық дәрежесінде айырма жасау қажет. Біз — таптың партиясымыз,

сондықтан да бүкіл тап түзелімен *деталик* (тап тоғыс кезінде, әлеумет соғысы заманында мүше түзелімен бүкіл тап) біздің партияның басшылығымен іс істеуге тиіс. Біздің партияға мүмкіншіне тығыз жақындасуға тиіс. Бірақ, капитализм түсында, бүкіл тап түзелімен дерлік немесе бүкіл тап түзелімен өзінің алдыңғы отрядының өзінің социал-демократиялық партиясының саналылығы мен белсенділігі дәрежесіне бір кезде жете алады деп ойлау маанисіздік, «күйыршықтық» болар еді. Капитализм түсында тапты кәсіпшілер ұйымы да (негүрлым қарапайым, жетілмеген топтардың санасына негүрлым жақын ұйым) жұмысшы табын түгел дерліктей немесе түгелімен қамтып ала алмайтынына ешбір саналы социал-демократ күмәнданып көрмей жок. Алдыңғы отряд пен артқа бейім барлық қалып бұқара арасындағы айырманы ұмыту, алдыңғы отрядтың түпкілікті міндеті — бірден-біріе қалып топтарды сол алдыңғы қатардағы дәрежеге дейін көтеру екендігін ұмыту, — тек өзіңді өзін алдағандық, біздің міндеттеріміздің аса зор екендігін көргісі келмегендік, ол міндеттердің өрісін тарылтқандық болар еді. Партияға жақындасушылар мен партияға кірушілер арасындағы, саналы-белсенділер мен көмегесушілер арасындағы айырманы жою дал осындай көргісі келмегендік, ұмытқандық болып табылады.

Ұйымдасу жөніндегі бытырандылықты оқтау үшін, ұйымдасу мен ұйымды бұзушылықты шатастырушылықты оқтау үшін, біз таптың партиясымыз деп дәлел айту — «күзгәлістің «тереңге» тарайтын «тамырлары» жөніндегі философиялық және әлеуметтік-тарихи мәселені техникалық-ұйымдастыру мәселесімен» шатастырған («Не істеу керек?», 91-бет)*. Надеждынің қатесін қайталағандық болады. Мартов жолдастың тұжырымын жақтаған шешендер осы шатастырушылықты, Аксельрод жолдастан ала салып, сан рет қайталады. Мартов: «Партия мүшесі деген атақ негүрлым кең таратылса, соғұрлым жақсы бола береді» деді, бірақ мазмұнына үйлеспейтін атақты кең таратудан қандай пайда болатынын түсіндірмеді. Партияның ұйымына кірмеген мүшелерді бақылау фикция болып табылатындығын бекер деуге

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылум, 5-том, қазақша 498-беті.
Ред.

бола ма? Бұл фикцияны кең тарату пайдалы емес, қайта зиянды. «Егер әрбір стачкашы, әрбір демонстрацияшы, өзінің істеген ісіне жауапты болып, өзін партия мүшесі деп жарыялай алатын болса, біздің бұған қуанғаннан басқа айтарымыз жоқ» (239-бет). Шынында ма? *Әрбір стачкашы өзін партия мүшесі деп жарыялауға* праволы болуға тиіс пе? Бұл ережесімен Мартов жолдас социал-демократизмді стачкизмнің дәрежесіне түсіріп *кемітіп*, Акимовтардың бишаралықтарын қайталап, өзінің қатесін бірден-ақ сорақылыққа айналдырды. Егер социал-демократия әрбір стачкаға басшылық ете алса, біздің бұған қуанғаннан басқа айтарымыз жоқ, өйткені социал-демократияның тікелей және сөзсіз атқаруға тиісті міндеті — пролетариаттың таптық күресінің барлық түрлеріне басшылық ету, ал стачка — осы күрестің ең терең және неғұрлым күшті түрлерінің бірі. Бірақ, егерде күрестің мұндай бастапқы формасын, *ipso facto**, тред-юнионистік формадан аспайтын формасын социал-демократияның әртарапты және саналы күресімен *бірдей* деп санасақ, біз құйыршықшылдың өзі болар едік. Егер әрбір стачкашыға «өзін партияның мүшесі деп жарыялауға» право берсек, біз *көріне жалған нәрсені* оппортунистікпен *заңға сыйғызған* боламыз, өйткені бұлай деп «жарыялау» *аса көп реттерде* өтірік жарыялау болады. «Оқытылмаған», мамандығы жоқ жұмысшылардың өте кең топтары арасында, капитализм тұсында болмай қалмайтын, оларды басып-жаншып отыратын ұшан-теңіз бытырандылық, езушілік және топастанушылық болып отырғанда *әрбір стачкашы* социал-демократ және социал-демократиялық партияның мүшесі *бола алады*, деп өзімізді және басқаларды сендірмек болсақ, бұл Маниловтың қыялдарымен өзімізді-өзіміз әлдилегендік болады. Әрбір стачкаға социал-демократтарша басшылық етуге ұмтылған *революциялық талап* пен *әрбір стачкашыны* партия мүшесі деп жарыялайтын *оппортунистік бос сөз* арасындағы айырма дәл сол «*стачканың*» мысалынан ерекше айқын көрініп отыр. Бүкіл дерлік немесе тіпті бүкіл пролетариат табына *іс жүзінде* социал-демократтарша басшылық етіп отырғанымыздан, біз — таптың партиясымыз; бірақ мұнан тек Акимовтар ғана: *сөз жү-*

* — факт бойынша, асылында. *Ред.*

зінде партия мен тапты бірдей санауымыз керек деген қортынды шығара алады.

«Мен заговорлық ұйымнан қорықпаймын» деді сол сөзінде Мартов жолдас, — бірақ соңынан: «кең өрісті социал-демократиялық жұмысшы партиясы заговорлық ұйымды қаншама күшағына алып отырса, ол ұйымның мен үшін тек соншама ғана мәні бар» деп қосып қойды (239-бет). Дәлдеп айқын айту үшін: кең өрісті социал-демократиялық жұмысшы қозғалысы оны қаншама күшағына алып отырса, деу керек еді. Ал бұл түрінде Мартов жолдастың ережесі, даусыз болғаны былай тұрсын, оның үстіне тура айқын шындық болып табылады. Бұл пунктке менің тоқтайтын себебім тек мынау: кейінгі шешендер Мартов жолдастың бұл шындығын: Ленин «партияның барлық мүшелерін тек заговорщиктерден құрастырып қойғысы келеді» деген тым тез тарайтын және тым тұрпайы дәлелге айналдырды. Тек жұртты күлдірерлік бұл қортынды Посадовский жолдаста да, Попов жолдаста да болды, ал Мартынов пен Акимов бұл қортындыны іліп әкеткенде, оның шын сыйпаты, атап айтқанда оппортунистік бос сөз екені толық айқындалып қалды. Оқушы жұртты жаңа редакцияның ұйымдық жана көзқарастарымен таныстыру үшін, бұл дәлелді кәзір жана «Искрада» Аксельрод жолдас дамытып отыр. Съезде-ақ, I-параграф туралы мәселені қараған бірінші мәжілісте-ақ, мен оппоненттердің мұндай арзан құралдан пайдаланғысы келетінін байқағанмын, сондықтан былай деп ескерткенмін (240-бет): «Партия ұйымдары тек профессионал революционерлерден ғана құралуға тиіс, деп ойламау керек. Бізге, өте шағын және астыртын ұйымдардан бастап, өте кең өрісті, ерікті, loose Organisation-ге дейін, қандай түрде, қандай дәрежелі, қандай реңкті болса да, нағыз алуан-алуан ұйымдардың бәрі керек». Бұл — өзінен өзі ап-айқын, өзінен өзі түсінікті шындық, сондықтан мен бұған тоқтап жату қажет емес деп есептедім. Бірақ кәзіргі уақытта, бізді өте көп реттерде кейін шегеріп тастап отырғанда, бұл жөнде де «артқы сабақты қайталауға» тура келеді. Осындай қайталау үшін, «Не істеу керек?» пен «Жолдасқа хаттан» бірнеше үзінді келтіремін:

...«Алексеев пен Мышкин, Халтурин мен Желябов сыяқты корифейлердің үйірмелеріне сөздің нағыз шын,

нағыз практикалық мағнасындағы саяси міндеттер әбден ыңғайлы, ыңғайлы болғанда, олардың жалынды уағызын стихиялы түрде оянып келе жатқан бұқара мақұлдап қарсы алатындықтан, олардың қайнаған жігерін революцияшыл таптың жігері іліп алып, барынша қолдап отыратындықтан, нақ осы себептен ыңғайлы»*. Социал-демократиялық *партия* болу үшін, оны нақ сол *тап қолдайтын* ету керек. Мартов жолдас ойлағандай, заговорлық ұйымды партия құшағына алмау керек, заговорлық ұйымдарды да, заговорлық емес ұйымдарды да қамтыйтын партияны революцияшыл тап, пролетариат құшағына алу керек.

...«Экономикалық күрес жүргізетін жұмысшы ұйымдары кәсіпшілік ұйымдар болуға тиіс. Әрбір жұмысшы социал-демократ мүмкін қадерінше бұл ұйымдарға жәрдем беріп, белсеніп жұмыс істеуі керек... Бірақ цехтық одақтарға тек социал-демократтар ғана мүше болсын деп талап етудің бізге ешқандай пайдасы жоқ: бұл біздің бұқараға ететін әсеріміздің көлемін тарылтар еді. Қожайындар мен үкіметке қарсы күрес жүргізу үшін бірігудің қажеттігін ұққан әрбір жұмысшы цехтық одаққа қатыса берсін. Егер цехтық одақтар тым болмаса осы жадағай ұғым дәрежесіне пайымы жететіндердің бәрін біріктірмеген болса, егер осы цехтық одақтар өте көлемді ұйымдар болмаған болса, онда бұл одақтар өз мақсатына жете алмас еді. Сондықтан бұл ұйымдар неғұрлым көлемді болса, біздің оларға жүргізетін ықпалымыз да соғұрлым зор болады, бұл ықпал экономикалық күрестің «стихиялық» түрде дамуы арқасында ғана емес, сонымен бірге одақтың социалист мүшелерінің өз жолдастарына тікелей, саналы әсер етуі арқасында да жүргіземіз» (86-бет)**.

Реті келгенде айтып өту керек. 1-параграф туралы талас мәселеге баға беру үшін, кәсіпшілер одақтары туралы мысалдың ерекше мәні бар. Бұл одақтар социал-демократиялық ұйымдардың «бақылауымен және басшылығымен» жұмыс істеуге *тиіс*, — социал-демократтар арасында бұл туралы екі пікірдің болуы

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, қазақша 482—483-беттері. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, қазақша 490-беті. *Ред.*

тар және ұйымдар барлық жерде де *барынша көп* болуы керек, бұлардың функциялары барынша әртүрлі болуы керек, бірақ мұндай ұйымдарды *революционерлердің* ұйымымен *шатастырушылық*, олардың арасындағы айырманы жоғалтушылық әрі сорақы, әрі зыянды нәрсе... (96-бет)*. Мартов жолдастың маған: революционерлердің ұйымын кең өрісті жұмысшы ұйымдары кұшағына алу керек, деп ескертуінің орынсыз болғаны осы справкадан көрініп отыр. Мен мұны тіпті «Не істеу керек?» те көрсеткен болатынмын, ал «Жолдасқа хатта» бұл идеяны нақтырақ түрде баяндаған болатынмын. Мен онда былай деп жаздым: завод үйірмелері «біз үшін айрықша маңызды: қозғалыстың барлық басты күші — жұмысшылардың *ірі* заводтарда ұйымдасқанында ғой, өйткені жұмысшы табының тек сан жағынан басым ғана емес, ықпалы, ой өрісі, күресуге қаблеті жағынан одан бетер басым бөлегі осы ірі заводтарда (және фабрикаларда). Әрбір завод біздің қамалымыз болуға тиіс... Заводтық көмекші комитет бүкіл заводты, жұмысшылардың мүмкіндігінше көп бөлегін әралуан үйірмелермен (немесе агенттермен) қамтуға тырысуы тиіс... Барлық топтар, үйірмелер, көмекші комитеттер, тағысын тағылар комитет мекемелерінің немесе комитеттің филиал бөлімшелерінің дәрежесінде болуға тиіс. Олардың бірқатары Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының қатарына кіруді тілейтіндіктерін ашық мәлімдеп, комитет *бекіткен күнде*, партияның қатарына кіреді, өздеріне (комитеттің тапсыруы бойынша немесе онымен келісу бойынша) белгілі міндеттер алады, партия органдарының бұйрықтарына бағынуға міндеттенеді, *партияның барлық мүшелеріне бірдей* *қараларды алады*, комитеттің мүшелігіне ең таяу тұрған кандидаттар болып саналады, т. т. Енді бірқатары РСДЖП-ға *кірмейді*, партияның мүшелері кұрған, немесе партияның белгілібір тобына жақын тұрған үйірме жағдайында қала береді, т. т.» (17—18-беттер)**.

1-параграфтың мен жасаған тұжырымының *идеясы* «Жолдасқа хатта»-

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, қазақша 504-беті. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қазақша 250, 252, 253-беттері. *Ред.*

ақ толық баяндалғаны мен астын сызған сөздерден ерекше айқын көрініп отыр. Партияға кіру шарттары бұл арада турадан-тура көрсетілген, атап айтқанда ол шарттар: 1) белгілі дәрежеде ұйымдасқан болуы және 2) партия комитетінің бекітуі. Мұнан кейінгі бетте мен қандай топтар мен ұйымдардың қандай себеппен партияға енгізілуі керек (немесе енгізілмеуі керек) екенін де шамамен көрсетіп өтемін: «Әдебиет жеткізушілердің топтары РСДЖП қатарында болуға тиіс және оның мүшелері мен қызмет адамдарының белгілі бөлегін білуге тиіс. Еңбектің кәсіпшілік жағдайларын зерттеп, кәсіпшілік талаптардың түр-түрін белгілейтін топтың РСДЖП қатарында болуы қалайда міндетті емес. Партияның бір я екі мүшесінің қатнасуымен өздігінен білім алушы студент, офицер, қызметшілер тобы оның партияда бар-жоғын кейде мүлдем білмеуге тиіс, т. т.» (18—19)*.

«Бетті ашып бару» туралы мәселе жөнінде міне сізге тағы бір материал! Мартов жолдастың жобасының формуласы партияның ұйымға қатнасы туралы мүлде сөз қылмай отырғанда, — мен бірсыпыра ұйымдардың партияға кіруі тиіс, бірсыпырасының кірмеуі тиіс екенін съезден бір жыл бұрын дерлік көрсеткенмін. Съезде мен қорғаған идея «Жолдасқа хатта»-ақ айқын көрініп тұр. Істі мына түрде айқын аңғаруға болады. Ұйымның жалпы ұйымшылдық дәрежесіне, оның ішінде астыртындық дәрежесіне қарай, ұйымдарды, шамамен, мынадай разрядтарға бөлуге болады: 1) революционерлердің ұйымдары; 2) жұмысшылардың, мүмкін болғанынша, кең өрісті және алуан-алуан ұйымдары (белгілі жағдайларда басқа топтардың да белгілі элементтері жұмысшы ұйымдарына кіретінін өзінен-өзі түсінікті деп есептеп, мен бұл жерде тек жұмысшы табын ғана аламын). Партия осы екі разрядтан құралады. Мұнан кейін, 3) партияға жақын тұратын жұмысшы ұйымдары; 4) партияға жақын тұрмайтын, бірақ дұрысында оның бақылауына және басшылығына бағынатын жұмысшы ұйымдары; 5) жұмысшы табының ұйымдаспаған элементтері; социал-демократияның басшылығына шінара бұлар да бағынады, ең болмағанда тап күресінің ірі оқыйғалары тұсында

*Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қазақша 254-беті.
Ред.

бағынады. Менің көзқарасымша, істің түрі, шамамен айтқанда, міне осындай болу керек. Ал, Мартов жолдасының көзқарасынша, партияның шекарасы мүлде белгісіз болып қалады, өйткені, «әрбір стачкашы» «өзін партия мүшесімін деп жарыялай» алады. Мұндай қойыртпақтан пайда қандай? «Атақты» кең тарату. Мұның зыяны — тап пен партияны араластырып жіберетін *берекесіздік* идеясын енгізу.

Өзіміздің алға тартқан жалпы ережелерімізді суреттеу үшін, съезде 1-параграф туралы болған кейінгі жарыс-сөздерге тағы көз салып өтейік. Брукэр жолдас менің тұжырымды қостады (Мартов жолдас бұған риза болып қалды), бірақ *оның* менімен жасасқан одағы Акимов жолдасының Мартовпен жасаған одағынан басқаша, түсініспеушіліктен туған одақ болып шықты. Брукэр жолдас «бүкіл уставты және оның бүкіл рухын қостамайды» (239-бет) және менің формуламды жақтағанда, «Рабочее Дело» жағындағылар тілеген *демократизмнің негізгі есебінде* жақтайды. Брукэр жолдас, саяси күресте кейде *пәленің кішірегін* қалап алуға тура келеді, деген көзқарастың дәрежесіне әлі жетпеген; біздің съезд сыяқты съезде демократизмді қорғау пайдасыз екенін Брукэр жолдас байқамаған. Акимов жолдас қырағырақ болып шықты. «Мартов жолдас пен Ленин жолдас өздерінің ортақ мақсатына қайсысының (қай тұжырымның) толығырақ жеткізетіні жөнінде таласады» (252-бет) деп тауып, Акимов мәселені өте дұрыс қойды. «Мен және Брукэр — деді онан әрі Акимов — *мақсатқа кемірек жеткізетін* тұжырымды қалағымыз келеді. Бұл жөнде мен Мартовтың тұжырымын қалаймын». Сөйтіп Акимов жолдас «олардың көздеген мақсатының өзін» (Плеханов, Мартов үшеуіміздің мақсатымызды — революционерлердің басшы ұйымын құру мақсатын) «жүзеге аспайтын және зыянды» деп есептейтінін ашық айтып, түсіндіріп берді; Мартынов жолдас сыяқты*. Акимов та «револю-

* Алайда, Мартынов жолдас өзінің Акимов жолдастан айырмасы барлығын көрсеткісі келеді, заговорлық деген сөз астыртын деген сөз емес, бұл сөздердің айырмасы ұғымдардың айырмасын көрсетеді, деп дәлелдегісі келеді. Мұның қандай айырма екенін Мартынов жолдас та, кәзір оған еріп отырған Аксельрод жолдас та түсіндірмей-ақ қойды. Мартынов жолдас «түсін өзгерте қояды», оныңша бейнебір мен, мәселен, «Не істеу керек?»те («Міндеттерде»

ционерлердің ұйымын» қажетсіз деп таныған экономистердің идеясын қостайды. «Мартовтың тұжырымын немесе Лениннің тұжырымын көлденең қойып, жолын бөгесендер де, оған қарамастан тұрмыстың өзі біздің партия ұйымына басып кірмей қоймайтындығына қатты сенеді» ол. Мұндай пікірді Мартов жолдаста да кездестірмесек, «тұрмысты» мұндай «құйыршықшылдық» ұғынушылыққа тоқтаудың да қажеті болмас еді. Мартов жолдастың екінші сөзі (245-бет) өте қызық болып шықты, сондықтан оны толық тексеруге болады.

Мартов жолдастың бірінші дәлелі: ұйымға кірмеген партия мүшелеріне партия ұйымдарының бақылауын «жүзеге асыруға болады, өйткені комитет, біреу-міреуге белгілі міндет тапсырғаннан кейін, оны қадағалай отыра алады» (245-бет). Бұл тезистің тамаша мәні бар, өйткені Мартовтың тұжырымының *кімге* керек екенін және *іс жүзінде* кімге қызмет ететінін: жалғыз-жалғыз жүрген интеллигенттерге ме әлде жұмысшы топтары мен жұмысшы бұқарасына ма, қайсысына екенін бұл тезис, егер осылай деуге болса, «әшкерелеп береді». Әңгіме Мартовтың формуласын екі түрлі түсінуге болатындығында: 1) партия ұйымдарының біреуінің басшылығымен өз басы партияға үнемі көмек көрсетіп жүрген әрбір адам «өзін» партия мүшесі деп *жарыялауға* праволы (Мартов жолдастың өз сөзі); 2) партияның қай ұйымы болса да, сол ұйымның басшылығымен өз басы сол ұйымға үнемі көмек көрсетіп жүрген әрбір адамды партия мүшесі деп *тануға праволы*. Тек бірінші түсініс қана «әрбір стачкашыға» өзін партия мүшесі деп атауға шын мүмкіншілік береді, сондықтан да *тек осы түсініс қана* Либерлердің, Акимовтардың және Мартыновтардың жүрегіне қона қалды. Бірақ бұл түсіністің кәзір-ақ құрғақ сөз болып отырғаны айқын, өйткені онда бұл ұғымға бүкіл жұмысшы табы жатады, сөйтіп партия мен тап арасындағы айырма жойылып кетеді, «әрбір стачкашыға» бақылау жасау және басшылық ету

де (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 2-том, қазақша 357—388-беттері. *Ред.*) «саяси күресті заговор дәрежесіне жеткізіп *тарылтуға* батыл қарсы шықпаппын. Маған қарсы күрескендердің, Акимов жолдастың кәзірдің өзінде қажет таппағаны сыяқты, *революционерлердің ұйымын* қажет таппағанын Мартынов жолдас тыңдаушыларға *ұмыттырғысы* келеді.

туралы тек «бейнелі түрде» ғана айтуға болады. Міне сондықтан да Мартов жолдас өзінің екінші сөзінде бірден-ақ екінші түсініске ауып түсті (жақша ішінде айта кетейік, Қостичтің қарарын қабылдамаған съезд бұл түсіністі де турадан-тура қабылдамай тастады, 255-бет): комитет міндеттер тапсырады және сол міндеттердің орындалуын қадағалап отырады деді. Жұмысшылар бұқарасына, сан мың пролетариларға (Аксельрод жолдас пен Мартынов жолдас солар туралы айтып отыр) мұндай арнаулы міндеттер, әрине, ешуақытта тапсырылмайды, — мұндай міндеттер көп уақытта Аксельрод жолдас айтқан дәл сол профессорларға, Либер жолдас пен Попов жолдас қамқорлық етіп отырған (241-бет) дәл сол гимназистерге, өзінің екінші сөзінде Аксельрод жолдас дәлелге алған (242-бет) революцияшыл жастарға тапсырылады. Қысқасын айтқанда, Мартов жолдастың формуласы не түкке аспайтын бос сөз болып қалады, не ол көбінесе және түгелінен дерлік, «буржуазиялық дарашылдықпен суарылған интеллигенттерге», ұйымға кіргісі келмейтін интеллигенттерге ғана пайда береді. Мартовтың формуласы сөз жүзінде пролетариаттың қалың топтарының мүдделерін қорғайды; іс жүзінде бұл формула, пролетарлық тәртіп пен ұйымды жаратпайтын буржуазиялық интеллигенцияның мүдделері үшін қызмет етеді. Қазіргі замандағы капиталистік қоғамдардың ерекше тобы болып отырған интеллигенцияның сыйпаты, жалпы алғанда нақ сол дарашылдық және тәртіп пен ұйымға көне алмайтындық екенін бекер деуге ешкімнің батылы бармас (ең болмаса Каутскийдің интеллигенция туралы белгілі мақалаларын салыстырып қараңыз); бұл қоғамдық топтың пролетариаттан айырмасы, пайдасыз айырмасы, басқаларымен қатар, міне осындай; пролетариатқа өте жиі сезіліп отыратын интеллигенттік босандықтың және табансыздықтың себептерінің бірі міне осында; ал интеллигенцияның бұл қасиеті оның тұрмысының дағдылы жағдайларымен, оның табыс табу жағдайларымен — өте көп реттерде ұсақбуржуазиялық тіршілік жағдайларына жуық (жеке-жеке немесе өте кішкене коллективтерде жұмыс істеу, т. т.) келетін жағдайларымен тығыз байланысты. Ақырында, дәл сол Мартов жолдастың формуласын жақтаушылардың профессорларды және гим-

назистерде мысалға айрықша тиіс! Болмы да кемейтін нәрсе емес! 1-дарауға тұрағы таласта радикалдың-зағардың ұйымы жақтарына. Мартынов жолдас пен Аксенюк жолдас ойлағандай, кең өрісті пролетарлық күрестің жақтарына қарсы шыққан жоқ, қайта буржуазиялық, шотландиялық буржуазиялық, жаңас-тарғы пролетарлық ұйым мен тәртіптің жақтастарымен түсіні.

Попов жолдас былай деді: «Николаевтағыдай немесе Одессадағыдай, Петербургтің қай жерінде болса да, бұл қалалардың өкілдерінің айтуынша, әдебиет таратып жүрген, аузына үгіт таратып жүрген, бірақ ұйымның мүшесі бола алмайтын ондаған жұмысшылар бар. Оларды ұйымға тіркеуге болады, бірақ мүше деп есептеуге болмайды» (241-бет). Не себепті олар ұйымға мүше бола алмайды? — бұл Попов жолдастың жасырын сыры болып қалды. Мен жоғарыда «Жолдасқа хаттың» бір жерін келтірдім; онда мұндай жұмысшылардың бәрін (өйдан емес, жүздеп) ұйымға алуға болатыны және арудың қажеттігі көрсетілді, және де бұл ұйымдардың өте көбінің партияға кіре алатыны және кіруге тиіс екені айтылды.

Мартов жолдастың екінші дәлелі: «Ленинше, партияда партиялық ұйымдардан басқа ұйымдар болмайды»... Тіпті дұрыс! «Меніңше, қайта, мұндай ұйымдардың өмір сүруі керек. Тұрмыстың ұйымдарды туғызып, өрбітуі, біздің оларды профессионал революционерлерге арналған жауынгер ұйымымыздың иерархиясына қосып үлгіруімізден шаншанырақ»... Бұл екі жақтан дұрыс емес: 1) «тұрмыс» революционерлердің іскер ұйымдарын, бізшеңнен анағұрлым аз туғызып отыр; 2) біздің партия емес, толық жатқан жұмысшы ұйымдарының да иерархиясы болуға тиіс. «Ленин: Орталық Комитет принциптік жөнінде толық сенімді ұйымдарды ғана партиялық ұйымдар атағында бекітеді, деп ойлайды. Бірақ, тұрмыс (sic) дегеннің кетейтінін және, көп ұйымдарды партиядан тыс қалдырмау үшін, олардың толық сенімсіздік сипатына қарамастан, Орталық Комитеттің бұл ұйымдарды жарым етуге тиісті болатынын Брукер жолдас жақсы түсінеді, сондықтан да Брукер жолдас Ленинге

қосылады»... «Тұрмысты» шынында да күйыршықшылдық түсіну міне осы болады. Әрине, егер Орталық Комитет *міндетті түрде*, өзінің пікірінше емес, басқалардың айтқанынша іс ететін (Ұйымдастыру Комитеті жөніндегі жанжалды қараңыз) адамдардан құралған болса, онда «тұрмыс» мына мағнада «өз дегенін» істеген болар еді: партияның неғұрлым артта қалған элементтері үстемдік алар еді (*кәзір партияның «азшылығы» артта қалған элементтерден құралған кезде, дәл осылай болып шығып отырғанындай*). Бірақ, ұғымы бар Орталық Комитетке, «сенімсіз» элементтерді партияға алдырғандай ешбір *ақылға сыйымды* себеп көрсету мүмкін емес. Сенімсіз элементтерді өрбітетін «тұрмысқа» сүйенуімен де Мартов жолдас өзінің ұйымдық жоспарының оппортунистік сыйпатын айқын көрсетіп беріп отыр!.. «Ал, менің ойымша, — дейді онан әрі Мартов, — егер мұндай ұйым (толық сенімді емес ұйым) партияның программасы мен партияның бақылауын қабылдауға рыйза болса, — біз оны, партиялық ұйымға айналдырмай-ақ, партияға ала аламыз. Мәселен, егер «тәуелсіздердің» бір одағы социал-демократияның көзқарасын және оның программасын қабылдайтын болып және партияға кіретін болып кесім шығарса, мен мұны біздің партияның зор табысы деп есептер едім, алайда бұл — біз одақты партия ұйымына қосамыз деген сөз емес»... Мартовтың формуласы міне осындай шатастырушылыққа апарып соқтырады: партияға кіретін партиялық емес ұйымдар! Оның схемасын тек байқап қараңызшы: партия = 1) революционерлердің ұйымдары, + 2) партиялық ұйымдар деп танылған жұмысшы ұйымдары, + 3) партиялық ұйымдар деп танылмаған жұмысшы ұйымдары (көбінесе «тәуелсіздерден» құралған), + 4) түрлі міндеттерді атқаратын жеке жүрген адамдар, профессорлар, гимназистер, т. т. + 5) «әрбір стачкашы». Бұл тамаша жоспармен тек Либер жолдастың: «Біздің міндетіміз тек ұйымды ұйымдастыру ғана емес (!!), біз партияны ұйымдастыра аламыз және ұйымдастыруға тиістіміз» (241-бет) деген сөздерін ғана қатар қоюға болады, я, әрине, біз мұны істей аламыз және істеуге тиістіміз, бірақ мұның үшін «ұйымдарды ұйымдастыру» туралы мағнасыз сөздер керек емес; мұның үшін партия мүшелерінен іс жүзінде *ұйымдастыру жұмысымен шұғылдандуды тура талап ету керек*.

«Партияны ұйымдастыру» туралы айта отырып, қандай да болса ұйымдаспаушылықты және қандай да болса бекетсіздікті партия деген сөзбен бүркеушілікті қорғау — күр бос сөзді айтқандық болады.

«Біздің тұжырым — дейді Мартов жолдас — революционерлердің ұйымы мен бұқара арасында бірсыпыра ұйымдар болуына ұмтылғандықты көрсетеді». Тіпті олай емес. Мартовтың формуласы — міне осы шындап міндетті түрде ұмтылғандықты көрсетпей отыр, өйткені оның формуласы ұйымдасуға ұмтылмайды, ұйымдасуды талап етпейді, ұйымдасқандықты ұйымдаспаушылықтан бөліп, жігін ашпайды. Оның формуласы тек жалғыз атақты ғана* алға тартады, сондықтан бұл жөнде Аксельрод жолдастың мына сөздерін еске түсірмеске болмайды: «Олардың (революцияшыл жастардың үйірмелерінің жә-

* Лиганың съезінде Мартов жолдас өзінің тұжырымын жақтау үшін тағы бір дәлел келтірді, оның бұл дәлелі күлуге тұрарлық дәлел. «Дәл сөзбе-сөз мағынасында ұқсанда, Лениннің формуласы Орталық Комитеттің агенттерін партиядан шығарып тастайды, өйткені бұл агенттер ұйым болып табылмайды, деп көрсете алар едік» дейді Мартов (59-бет). Бұл дәлелді Лига съезінің келе-межел күліп қарсы алғаны протоколда жазылған. Мартов жолдас өзі көрсеткен «қыыншылықты» тек Орталық Комитет агенттерінің «Орталық Комитет ұйымына» кіруі арқылы ғана жойылады, деп ойлайды. Бірақ, әңгіме онда емес. Әңгіме мынада: Мартов жолдас өзінің осы мысалы арқылы өзінің 1-параграф идеясын күлде-түсінегендігін көрсетті, шынында күлуге тұратын сынның нағыз әріпшілдік үлгісін көрсетті. Формалық жағын алғанда, «Орталық Комитеттің агенттерінің ұйымын» құрып, оны партияға қосу туралы қаулы шығарудың өзі жеткілікті болар еді, сөйтіп, Мартов жолдастың осыншама басын қатырған «қыыншылық» бірден жойылған болар еді. Ал, менің тұжырымымда 1-параграфтың идеясы: «ұйымдасындар!» деп ұмтылдырады, нақты бақылау мен басшылықты қамтамасыз етеді. Істің мәні жағынан алып қарағанда, Орталық Комитеттің агенттері партияға кіре ме, деп сұрау қоюдан өзі күлкі, өйткені олар агенттікке тағайындалған, олар агент қызметінде қалады, осының өзі-ақ оларға нақты бақылау жүргізілуін сөзсіз толық қамтамасыз етеді. Олай болса ұйымдасқандарды ұйымдаспағандармен шатастыру туралы (Мартов жолдастың тұжырымындағы қатенің түп тамыры) бұл жерде сөз де жоқ. Мартов жолдастың формуласының жарамсыздығы мынада: кез келген әрбір адам, кез келген оппортунист, кез келген сандалбай, кез келген «профессор» және кез келген «гимназист» өзін партия мүшесі деп жарыялай алады. Өзін-өзі мүшеге есептеу туралы, өзін мүше деп жарыялау туралы сөз болуы да мүмкін емес реттерді мысалға алып Мартов жолдас өзінің тұжырымының осы жанды жерін бүркеуге тырысып, босқа арамтер болады.

не басқалардың) және жеке адамдардың өздерін социал-демократ деп атауына» (қасиетті шындық!) «және тіпті өздерін партияның бір бөлімі деп есептеуіне»... (мұның енді *дұрыс еместігі дәусыз!*) «ешқандай декреттермен тыйым салуға болмайды». Социал-демократ деп аталуға тыйым салуға болмайды және тыйым салудың қажеті жоқ, өйткені бұл сөз — белгілі ұйымдық қатнастарды емес, тек көзқарастар системасын ғана *тікелей* көрсететін сөз. Партияның ісіне зыян келтіріп отырған, партияны аздырып немесе оның берекесін кетіріп отырған жеке үйірмелердің және адамдардың «өздерін партияның бір бөлімі деп есептеуіне» тыйым салуға болады және тыйым салу керек те. Егер партия үйірменің өзін тұтастың «бір бөлегі деп есептеуіне» «декретпен тыйым» сала алмаса, онда партияны, тұтас партия есебінде, саяси зор күш есебінде, сөз қылудың өзі күлкі болар еді! Онда партиядан шығарудың тәртібі мен шарттарын белгілеудің қандай қажеті болған болар еді? Аксельрод жолдас Мартов жолдастың негізгі қатесін жұрттың көз алдында сорақылыққа әкеліп соқтырды; ол: «Лениннің тұжырымы бойынша 1-параграф пролетариаттың социал-демократиялық партиясының мәніне (!!), міндеттеріне турадан-тура принциптік түрде қайшы келіп отыр» (243-бет) деп қосқан сөздерімен бұл қатені тіпті *оппортунистік теорияға* айналдырды. Бұл: таптан гөрі партияға үлкенірек талаптар қою — пролетариаттың міндеттерінің шын мәнінің өзіне принципінде қайшы келгендік деп танығандық, мұнан артығы да жоқ, кемі де жоқ. Акимовтың мұндай теорияны жан-тәнімен қостауы таңданарлық іс емес.

Әділ болу үшін мынаны айтып өту керек: көріне оппортунизмге тартып отырған осы қате формулировканы *қазір жаңа* көзқарастардың ұрығына айналдырғысы келіп отырған Аксельрод жолдас съезде, қайта, «саудаласуға» даярлығын білдіріп, былай деді: «Бірақ мен ашық есікті қағып тұрғанымды байқаймын»... (мен мұны жаңа «Искрадан» да байқап отырмын)... «өйткені, партия ұйымының бөлімдері деп саналатын өзінің жергілікті үйірмелерімен Ленин жолдас менің талабымды қостайды»... (тек жергілікті үйірмелермен ғана емес, оның үстіне түрліше жұмысшы одақтарымен де: протоколдың 242-бетін, Страхов жолдастың сөзіндегілерді және «Не істеу керек?» пен «Жолдасқа хаттан» жоғарыда келті-

рілген үзінділерді салыстырыңыз)... «Енді жеке адамдар қалады, бірақ бұл жөнде де әлі саудаласуға болар еді. Мен Аксельрод жолдасқа: жалпы алғанда, саудаласудан қашпаймын, деп жауап бердім, енді қазір мұны қандай мағнада айтқанымды түсіндіруге тиістімін. Мен бәрінен де дәл осы жеке адамдар, барлық осы профессорлар, гимназистер және басқа сондайлар жөнінде уступка жасауға көне қоймас едім; бірақ егер жұмысшы ұйымдары жөнінде күмән туған болса, онда мен (бұл күмәнданулардың мүлде негізсіз екенін жоғарыда дәлелдеп көрсеткеніме қарамастан) өзімнің 1-параграфыма: «Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының программасы мен уставын қабылдайтын жұмысшы ұйымдары, мүмкін болғанынша көбірек мөлшерде, партиялық ұйымдардың санына қосылуға тиіс» деген сыяқты ескерту қосуға рыйза болған болар едім. Әрине, үзілді-кесілді айтқанда, мұндай тілек, заң ретіндегі анықтамалармен қанағаттануға тиісті уставқа кіргізілмей, түсінік беретін комментарийлерге, кітапшаларға кіргізілу керек (уставтан көп бұрын өзімнің кітапшаларымда мұндай түсіністер келтіргенімді мен мұнан бұрын айтқанмын), бірақ қалай да мұндай ескертуде береке-сіздікке бастайтын *теріс* пікірлердің ұшқыны болмас еді. Мартов жолдастың тұжырымына сөзсіз кіретін *оппортунистік* пікірлердің* және «анархистік концепциялардың» ұшқыны болмас еді.

* Әсіресе Троцкий жолдастың: «оппортунизм уставтың белгілі бір пунктінсіз гөрі күрделірек себептерден туады (немесе: оны тереңірек себептер белгілейді). — ол буржуазиялық демократияның және пролетариаттың дамуының относительдік дәрежесінен туады...» деген сөзі (248 және 346-беттер) осындай, Мартовтың фор-пікірлердің санына қосылады. Әңгіме уставтың пункттерінен оппортунизмнің тууы мүмкін болуында емес, әңгіме сол пункттердің жәрдемімен оппортунизмге қарсы азды-көпті өткір құрал даярлауда. Оппортунизмнің себептері неғұрлым терең болса, бұл құрал да соғұрлым өткір болуға тиіс. Сондықтан, оппортунизмге жол ашатын тұжырымды оппортунизмнің «терең себептерімен» *алтын* — барыл тұрған қуыршықтық. Троцкий жолдас Либер жолдасқа қарсы болған кезінде устав — бүгіннің бөлекке, алдыңғы отрядтың артта қалған отрядқа ұйымдасқан себестігі» екенін түсінген еді, ал өзі Либер жолдастың жағына шығып кеткеннен кейін Троцкий жолдас мұны тіпті ұмытты, ұмыту түгіл, бұл себестікті (оппортунизмге себестікті), ұйымдастыруымыздың нашарлығын және осалдығын «күрделі себептермен», «пролетариаттың даму дәреже-

Мен тырнакшаға алған соңғы сөз Павлович жолдасының айтқан сөзі; «жауапсыз және өздерін өздері партия қатарына қосатын» мүшелерді тануды оның *анархизмге* жатқызғаны өте әділдік болды. Менің тұжырымды Либер жолдасқа түсіндіріп, Павлович жолдас: «Жәй тілге аударғанда» ол тұжырымның мәнісі: «партия мүшесі болғың келеді екен, сен ұйымдық қатнастарды да тек платонша танып қоймауың керек» деген сөз болып шығады деді. Бұл «аударма» қаншама қарапайым аударма бола тұрса да, ол, тек әртүрлі күмәнді профессорлар мен гимназистер үшін ғана емес, партияның нағыз мүшелері үшін де, жоғары тұрған адамдар үшін де орынсыз болған жоқ... (мұны съезден кейінгі оқыйғалар көрсетті). Мартов жолдасының формуласы мен ғылыми со-

сімен», т. с. ақтай бастады. Троцкий жолдасының екінші дәлелі: «Қандай түрде болса да ұйымдасқан интеллигент жастардың өздерін партия тізіміне *енгізуі* (курсив менікі) анағұрлым жеңіл». Міне сондықтан да интеллигенттік бытырандылық «өздерін» тізімге «енгізу» правосын *жоятын* менің тұжырымымда болып отырған жоқ, тіпті ұйымдаспаған элементтерге де *өздерін* партия мүшесі деп *жарыялауға* ерік беретін тұжырымда болып отыр. Троцкий жолдас: егер Орталық Комитет оппортунистердің ұйымын «танымаса», адамдардың сыйпатына бола танымайды, ал бұл адамдардың саяси дарашылдар екені мәлім, олай болса бұлар қауіпті емес, оларды жалпы партиялық бойкотпен шеттетуге болады, дейді. Оның бұл айтқаны тек *партиядан шеттетуге* керек болатын реттер жөнінде ғана дұрыс (онда да тек жартылай дұрыс, өйткені ұйымдасқан партия бойкот арқылы емес, дауыс беру арқылы *шеттетеді*). *Шеттетуге* қыйсынсыз болатын, тек *бақылау* керек болатын жиі кездесетін реттер жөнінде бұл тіпті дұрыс емес. Бақылау мақсатымен Орталық Комитеттің, онша сенімді емес, бірақ іскер ұйымды белгілі шартпен әдейі партияға алуы мүмкін, алғанда, оны сынау үшін, оны *шындық жолына салуға* тырысу үшін, өзінің басшылығы арқылы, оның шінара ауытқуларына жол бермеу үшін, т. т. үшін алуы мүмкін. Егер, жалпы айтқанда, «өздерін» партия тізіміне «енгізушілікке» жол берілмесе, онда әлгідей түрде партияға алу қауіпті емес. Қате көзқарастарды және қате тактиканы ашық және *жауапты* түрде, бақыланып отыратын түрде білдіру (және талқылау) үшін, мұндай түрде партияға алу көп уақытта пайдалы болып шығады. «Бірақ, егер заң ретіндегі анықтамалар факт жүзіндегі қатнастарға үйлесуге тиісті болса, онда Ленин жолдасының формуласы қабылданбау керек» дейді Троцкий жолдас және ол мұны тағыда оппортунистше айтады. Факт жүзіндегі қатнастар жансыз нәрсе емес, олар өмір сүріп, дамып отырады. Заң ретіндегі анықтамалар осы қатнастардың прогрестік дамуына үйлесуі мүмкін, бірақ олардың (егер бұл анықтамалар жаман болса) регреске немесе тоқыраушылыққа «үйлесуі» де мүмкін. Осы соңғы жағдай — дәл Мартов жолдасының «жағдайы».

идеяларымыз сол Мартов жолдас орындары келтірілген дауыс ережесі арасындағы кайшылықты да Павлович жолдас сондай әдіс көрсетті. «Біздің партия — санасыз процессті саналылықпен білдіріп отырушы». Демек солай. Міне сондықтан да «әрбір станкашының» өзін партия мүшесі деп атай алуына ұятылу дұрыс емес, өйткені егер «әрбір станка» керемет қуатты таптық, инстинктің және атеуметтік революцияға бастамай қоймайтын таптық күрестің тек стихиялық белгісі ғана болып қоймай, ол процессті саналы белгісі болып табылса, онда... жалпы станка анархиялық бос сөз болмас еді, онда біздің партия бүкіл жұмысын табын дереу және бірден өзіне қаратып алған болар еді, олай болса бүкіл буржуазиялық қоғамды да бірден жоқ қылған болар еді. Іс жүзінде саналы білдіруші болу үшін, партия саналылықтың белгілі дәрежесінде болуын қамтамасыз ететін және саналылықтың сол дәрежесін үнемі арттырып отыратын ұйымдық қатнастарды белгілей білуге тиіс. «Егер Мартовтың жолына түсетін болсақ, — деді Павлович жолдас, — онда ең алдымен программаны тану туралы пунктті шығарып тастау керек, өйткені программаны қабылдау үшін, оны ұғыну керек және түсіну керек... Программаны тану үшін саяси саналылықтың дәрежесі едәуір жоғары болу шарт». Социал-демократияға көмектесуге, оның басшылық етіп отырған күресіне қатнасуға қандай талаптармен болса да (ұғыну, түсіну, т. б.) әдейі шек қойылуына біз ешуақытта жол бермейміз, өйткені тек сол қатнарудың өзі-ақ, өзінің тек жарыққа шығу фактысы арқылы-ақ, саналылықты да, ұйымдық инстинкті де арттырады, бірақ біз партияға бас қосқанда, жоспарлы жұмыс жүргізу үшін бас қосқандығымыздан, біз сол жоспарлылықты қамтамасыз етудің қамын істеуге тиіспіз.

Павлович жолдастың программа жөнінде сақтандыруының артық болмағандығы сол арада-ақ, сол мәжілістің өзінде-ақ көрінді. Мартов жолдастың тұжырымын өткізген* Акимов жолдас пен Либер жолдас: програм-

* Оның тұжырымын қостап 28 дауыс, оған қарсы 22 дауыс берілді. Искрашыларға қарсы сегіз адамның жетеуі Мартовты қосталды, біреуі мені қостады. Оппортунистердің жәрдемі болмаса, Мартов жолдас өзінің оппортунистік формуласын өткізе алмаған болар еді. (Лиганың съезінде Мартов жолдас бұл күмәнсіз фактыны бекерге шығаруға тырысып, құр босқа арамтер болды; ол,

маны да (партия «мүшелері» үшін) тек платонша тану керек еді, тек оның «негізгі ережелерін» тану керек еді деген талап қойып (254—255-беттер), *сол арада-ақ* өздерінің шын бейнесін көрсетті. «Мартов жолдастың тұрғысынан қарағанда, Акимов жолдастың ұсынысы толығынан қыйсынды» — деп көрсетіп өтті Павлович жолдас. Амал не, Акимовтың бұл ұсынысының қанша дауыс алғаны протоколда көрсетілмеген, — сірә, жеті дауыстан кем болмаса керек (бундшылдардың бес дауысы, Акимов пен Брукэр). Сөйтіп дәл *жеті* делегаттың съезден кетуі, уставтың 1-параграфы жөнінде кұрала бастаған «тұтас көпшілікті» (антиискрашылдар, «центр» және мартовшылдар) тұтас азшылыққа айналдырды! Дәл *жеті* делегаттың съезден кетуі бұрынғы редакцияны бекіту туралы ұсыныстың іске аспай қалуына — «Искраны» басқарудағы «сабақтастықты» осындай бейнебір бұзғандыққа әкеліп соқты. «Искраның» «сабақтастығын» бірден-бір кұтқарушы және оның бірден-бір кепілі осы ерекше *жеті адам* болды: бұл жеті адам бундшылдардан, Акимовтан және Брукэрден кұралды, яғни нақ «Искраны» Орталық Орган деп тану *дәлелдеріне* қарсы дауыс берген делегаттардан, съезде, бір емес, ондаған рет оппортунист деп танылған, оның ішінде, программа жөнінде 1-параграфты *жұмсарту* туралы мәселе қаралғанда Мартов пен Плеханов оппортунист деп таныған делегаттардан кұралды. «Искраның» антиискрашылдар қорғайтын «сабақтастығына» не айтарсын! — бұл арада бір съезден кейінгі трагикомедияның басталған жеріне кездесіп отырмыз.

* * *

Уставтың бірінші параграфы жөнінде дауыстардың топталуы, тілдердің тең праволылығы жөнінде жанжал кезіндегідей, дәл сондай жағдайды ашты: искрашылдар көпшілігінің төрттен бірінің (шамамен айтқанда) онан бөлініп кетуі антиискрашылдардың жеңуіне мүмкіншілік берді, оларға «центр» ерген еді. Бұл көріністің тұтас

неге екені белгісіз, тек ылғый бундшылдардың дауыстарын ғана айтып, Акимов жолдас туралы және оның достары туралы ұмытты, дұрысырағы: оларды маған қарсы куәлік бола алатын кезде ғана еске түсірді — Брукэр жолдастың маған қосылғанын еске түсірді).

бейнесін бұзған жеке дауыстар, әрине, бұл арада да болды — біздің съезд сыяқты үлкен жыйналыста, біресе бір жағына, біресе екінші жағына кездейсоқ ауысып жүретін бір бөлек «жабайы» дауыстар болмай қалмайды, мұндай дауыстар әсіресе бірінші параграф сыяқты мәселеде болмай қалмайды, өйткені бұл мәселеде ажырасудың шын сыйпаты тек жаңа ғана көріне бастаған еді және көп адамдар тіпті мұны айырып үлгірмеген еді (мәселе әдебиет бетінде алдын ала анықталмаған жағдайда). Искрашылдар көпшілігінен бес дауыс бөлініп кетті (әрқайсысы екі дауысқа ие болған Русов пен Карский және бір дауысқа ие болған Ленский); керісінше, оларға антиискрашылдардың біреуі (Брукэр) және центрдің үшеуі (Медведев, Егоров және Царев) қосылды; барлығы 23 дауыс (24 — 5 + 4) болып шықты, дауыстардың сайлау жөнінде топталғандағы санынан бір дауыс кем болды. *Мартовқа көпшілік дауысты алып берушілер антиискрашылдар болды*, олардың 7-і Мартовты қостады, біреуі мені қостады («центрдегілердің» де жетеуі Мартовты қостады, үшеуі мені қостады). Искрашылдардың азшылығының антиискрашылдармен және «центрмен» жасаған одағы — съездің аяғында және съезден кейін тұтас азшылық болған одағы — *құрала бастады*. Бірінші параграфтың тұжырымында және әсіресе осы тұжырымды қорғағанда *оппортунизмге және анархистік дарашылдыққа қарай күмәнсіз жақындай түскен* Мартов пен Аксельродтың саяси қатесі, съездегі айтыстың ерікті және ашық болуы арқасында, бірден-ақ және өте айқын түрде жарыққа шықты, мына түрде жарыққа шықты: табандылығы және принциптік ұстамдылығы неғұрлым кем элементтер революцияшыл социал-демократияның көзқарастарында болған жарықшақты, кетікті кеңейтуге бірден-ақ барлық күштерін жұмсады. *Ұйымдық мәселелер жөнінде ашықтан-ашық әртүрлі мақсаттарды* көздеген адамдардың (Акимовтың сөзін қараңыз) съезде бірге жұмыс істеуі, біздің ұйымдық жоспарымызға және біздің уставымызға *принциптік* түрде қарсы адамдарды бірден-ақ Мартов жолдас пен Аксельрод жолдастың қатесін қолдауға ұмтылдырды. Бұл мәселеде де революцияшыл социал-демократияның көзқарастарынан айнымаған искрашылдар *азшылық* болып қалды. Бұл жағдайдың зор маңызы бар, өйткені мұны

анықтамайынша, уставтың жеке мәселелеріне бола туған күресті де, Орталық Орган мен Орталық Комитеттің мүшелер құрамына бола туған күресті де мүлде түсінуге болмайды.

1) ОППОРТУНИЗМГЕ САЛЫНУ ЖӨНІНДЕ ЖАЛАДАН ТАҒЫЛҒАН АЙЫПТАН КҮНӘСІЗ КҮЙГЕНДЕР

Орталық мекемелердің мүшелер құрамы туралы мәселе жөніндегі біздің ажырасуымызды анықтау үшін, устав туралы кейінгі жарыссөздерге көшпей тұрып, «Искра» ұйымының съезд кезінде болған *жәй* мәжілістеріне тоқтап өту керек. Бұл төрт мәжілістің ақырғысы және ең маңыздысы уставтың бірінші параграфы туралы мәселе дауысқа қойылғаннан кейін *дәл соның артынша* өткізілді, — сөйтіп «Искра» ұйымының осы мәжілісте болған жіктелуі, уақыты жағынан да, логика жағынан да, кейінгі күрестің алдын ала туған жағдайы болды.

«Искра» ұйымының жәй мәжілістері* Ұйымдастыру Комитеті жөніндегі жанжалдың артынша басталды; бұл жанжал Орталық Комитетке өткізілуі мүмкін кандидаттар туралы мәселені талқылауға сылтау болып табылды. Императивтік мандаттар жойылғандықтан бұл мәжілістер тек қана кеңесетін мәжілістер, ешкімнің қолын байламайтын мәжілістер болғаны өзінен-өзі түсінікті, бірақ сонда да олардың маңызы зор болды. Жасырын аттарды да білмеген, «Искра» ұйымының — партияның факт жүзіндегі бірлігін жасаған, практикалық қозғалысқа басшылықты, басшылық болғанда, «Искраны» ресми түрде танудағы дәлелдердің бірі болған басшылықты жүзеге асырған ұйымның ішкі жұмысын да білмеген делегаттарға Орталық Комитетті сайлау едәуір қыйынға соқты. Искрашылдар бірауызды болса, олардың съезде молынан, $\frac{3}{5}$ ке дейін, көпшілік болуы қамтамасыз етілетінін біз сонда-ақ көрдік және мұны делегаттардың бәрі түсінді. Искрашылдардың бәрі де «Искра» ұйымының Орталық Комитетке белгілі мүшелер құрамын ұсы-

* Бітпейтін даулардан аулақ болу үшін, Лиганың съезінде-ақ мен жәй мәжілістерде болғандарды баяндаудың мүмкіндігінше тар шеңберін белгілеуге тырыстым. Негізгі фактылар менің ««Искра» редакциясына хатымда» да айтылды (4-б.). Мартов жолдас өзінің «Жауабында» бұл фактыларға қарсылық білдірген жоқ.

нуын күтті де; Орталық Комитеттің құрамының алдын ала «Искра» ұйымында талқылануына бұл ұйымның мүшелерінің біреуі де қарсы болған жоқ, бұған қарсы бір сөз де айтқан жоқ, Ұйымдастыру Комитетінің бүкіл құрамын, яғни оның Орталық Комитетке айналдырылуын бекіту туралы біреуі де түк айтқан жоқ, тіпті Орталық Комитетке ұсынылатын кандидаттар жөнінде Ұйымдастыру Комитетінің бүкіл құрамында кеңесу туралы да түк айтқан жоқ. Бұл жағдайдың да өте-мөте мәні бар, сондықтан оны есте тұту өте қажет, өйткені кәзір мартовшылдар өткенге қайта айналып соғып, Ұйымдастыру Комитетін мейлінше қорғап, бұл ісімен тек өздерінің саяси тұрлаусыздығын жүзінші рет және мыңыншы рет дәлелдеп отыр*. Орталық орындардың құрамына болашыққан жіктелу Мартовты Акимовтармен біріктіргенге дейін, — съезде жұрттың бәріне айқын нәрсе, әрбір әділ адамның, съездің протоколдары бойынша және «Искраның» бүкіл тарихы бойынша, оп-оңай көз жеткізуіне болатын нәрсе атап айтқанда мынау болды: Ұйымдастыру Комитеті ең алдымен съезд шақырушы комиссия болды, әдейі, Бундқа дейінгі, түрлі сарындардың өкілдерінен құралған комиссия болды; ал шынында партияның ұйымдық бірлігін жасау жөніндегі жұмысты толығынан «Искра» ұйымның бір өзі атқарды (түтқынға алынуы себепті, сол сыяқты «өздерінен болмаған» басқа себептермен, Ұйымдастыру Комитетінің искрашыл мүшелерінің бірнешесуінің тіпті ойда жоқ жерден съезде болмағанын да есте тұту керек). Съезде болған «Искра» ұйымының құрамы мұнан бұрын Павлович жолдастың кітапшасында көрсетілді (оның «II съезд туралы хатының» 13-бетін қараңыз)⁷⁰.

«Искра» ұйымындағы қызу айтыстың түпкі нәтижесінде мәселе екі рет дауысқа қойылды, мұны мен «Редакцияға хатымда»-ақ көрсеткенмін. Бірінші дауысқа қою-

* Мұндай «мінез-кұлықты» өздеріңіз ойға салып қараңыз: «Искра» ұйымының делегаты съезде тек осы ұйыммен кеңеседі және Ұйымдастыру Комитетімен кеңесу туралы тіпті түк те айтпайды. Ал, бұл ұйымда да, съезде де өзі жеңілгеннен кейін, ол Ұйымдастыру Комитетінің бекітілмегеніне қынжыла бастайды, кері оралып оны мақтай бастайды және өзіне мандат берген ұйымды елемей, үлкендік істей бастайды! Нағыз социал-демократиялық және нағыз жұмысшылық партияның ешқайсысының тарихынан мұндай фактының табылмайтындығына кепіл болуға болады.

дың нәтижесі: «Мартов жақтаған кандидатуралардың біреуі қабылданбады; тоғыз дауыс оған қарсы болды, төрт дауыс қостады, үш дауыс қалыс қалды». «Искра» ұйымының съезде болған он алты мүшесінің бәрінің жалпы рыйзашылығымен, мүмкін болған кандидатуралар туралы мәселе қаралды, сөйтіп көпшілік Мартов жолдастың кандидатураларының біреуін (атап айтқанда, Штейн жолдастың кандидатурасын; — шыдамы жетпеген Мартов жолдастың өзі-ақ мұны кәзірден айтып қойып отыр, «Қыйлы жағдайдың» 69-беті) қабылдамады; олай болса бұл фактыдан артық түсінікті, мұнан артық табиғи қандай нәрсе болуы мүмкін? Біз партия съезіне жыйналғанда, басқа мәселелермен қатар, «дирижердың нұсқаушысын» кімнің қолына беру туралы мәселені, нақ осы мәселені талқылап, шешу үшін жыйналдық-қой — және күн тәртібінің бұл пунктіне аса маңыз беріп көңіл бөлу, бұл мәселені, Русов жолдастың кейіннен өте дұрыс айтқанындай, «обывательдік бауырмалдық» тұрғысынан қарап шешпей, *істің мүдделері* тұрғысынан қарап шешу біздің бәрімізге ортақ партиялық міндетіміз еді-ғой. Әрине, *съезде* кандидаттар туралы мәселені талқылағанда олардың өз бастарының белгілі қасиеттеріне де соқпай кетуге болмады, әсіресе ресми емес және өзара жыйналыста өзіңнің қостайтынды немесе қостамайтынды білдірмеске болмады*. Кандидатураны қостамағандықты — оны «қорлағандық» деп (Лига протоколдарының 49-беті) есептеудің жөні жоқ екенін, қызмет басына қойылатын адамдарды саналы түрде, байқап сайлау жө-

* Мартов жолдас Лигада менің қостамайтындығымның қатаң айтылғанын көңіліне ауыр алып шағым етті, ол өзінің бұл шағымнан өзіне қарсы қортынды шығатынын байқамады. Ленин өзі-өзі, — оның сөзімен айтқанда, — өте қызу ұстады (Лига протоколдарының 63-беті). Дұрыс. Ол есікті қатты жапты. Рас. Ол өзінің қылығымен («Искра» ұйымының екінші не үшінші мәжілісінде) жыйналыста қалған мүшелерді ызаландырды. Шын. Бірақ бұл не-ні көрсетеді? Бұл тек, менің даулы мәселелер жөніндегі дәлелдерімнің орынды болғанын және съездің барысында расталғанын көрсетеді. Шынында да, «Искра» ұйымының он алты мүшесінің тоғызы қалайда, ақыр аяғында, маған қосылса, онда аса зыянды деген қатаң сөздерге *қарамастан*, онымен *есептеспестен* осылай болып шыққаны айқын. Демек, егер «қатаң сөздер» болмаса, онда маған қосылушылар мүмкін тоғыздан да көп болар еді. Демек, көрсетілген дәлелдер мен фактылар неғұрлым күшті «ызаланғандықты» басып кетсе, олардың соғұрлым салмақты болғаны.

ішіндегі партиялық міндетті тура орындауға жататын іске бола «жаиғал» турызып, бұлған-талан болудың жөні жоқ екенін мен Лиганың съезінде-ақ алдын ала ескерткен болатынымын. Ал, шынында, біздің азшылық үшін шатақ дәл осыдай туды-рой; съезден кейін олар «беделді түсіргендік» (Лига протоколдарының 70-беті) туралы айқай шығара бастады және: Штейн жолдас бұрынғы Ұйымдастыру Комитетінің «бас қайраткері» еді, оны «қайдағыбір сұрапыл жоспар жөнінде» орынсыз айыптады деп («Қыйлы жағдайдың» 69-беті), баспасөз бетінде қалың көпшілікті сендіруге тырыса бастады. Кандидаттарды қостағандық немесе қостамағандық жөнінде «беделді түсіргендік» деп айқайлау сол бұлған-талан болу емей не? «Искра» ұйымының жәй жыйналысында да, партияның жоғарғы ресми жыйналысы болып табылатын съезде де жеңілген адамдар, онан кейін көшеге шығып шағым етіп, жарамсыз деп танылған кандидаттарды құрметті көпшілікке «басты қайраткерлер» еді деп ұсынса, онан кейін жіктелу арқылы және кооптацияны талап ету арқылы өздерінің кандидаттарын партияға күштеп қабылдап болса, бұл құр дау емей не? Шет елдердің сасық ауасында саяси ұғымдар соншама шатасып, былығып кеткендіктен, Мартов жолдас кәзірдің өзінде партиялық борышты үйірмешілдік пен құда-андалықтан айыра алмайтын болып қалды! Кандидаттар туралы мәселені тек съездерде ғана талқыға салып, шешкен дұрыс, өйткені съезге жыйналған делегаттар, ең алдымен, принциптік маңызды мәселелерді талқылау үшін жыйналады, съезде қозғалыс өкілдері жыйналады, адамдар туралы мәселеге әділ қарайтын, үзілді-кесілді дауыс беру үшін барлық мәліметтерді талап ете алатын (және талап етуге міндетті) және ол мәліметтерді жыйнай алатын өкілдер жыйналады, съезде дирижердың нұсқауышы жөніндегі таласқа белгілі орын беру табиғи және қажет нәрсе — деп ойлау бюрократизм мен формализм болады екен. Осы бейнебір бюрократтық және формалистік көзқарастың орнына бізде кәзір басқа әдет қолданылады: біз, съездерден кейін, Иван Ивановичтің саяси өлімі туралы, Иван Никифоровичтің беделі түсуі туралы жұрттың бәріне жаямыз; кандидаттарды кітапшаларда кез келген әдебиетшілер ұсынады, ұсынғанда фарисейлерше: үйірме емеспіз, партиямыз деп кеудесін қағады... Оқушылардың

ішіндегі жанжалға әуес адамдар бұл қызық жаңалық хабарға — пәлендей адам Ұйымдастыру Комитетінің басты қайраткері екен, мұны Мартовтың өзі айтыпты* деген, хабарға қадала қалады. Көпшілік дауыспен қалай болса солай дөрекі қарарлар шығара қоятын съездер сыяқты формалистік мекемелерден гөрі оқушы жұрт мәселені анағұрлым артық талқылап, шеше алады екен... Солай, біздің нағыз партиялық қызметкерлерге шет елдердің дау-жанжалдарының әлі көп былықтарын тазартуға тура келеді!

«Искра» ұйымының екінші дауысқа қоюының нәтижесі: «он дауыспен бес адамның (Орталық Комитетке ұсынылған) тізімі қабылданды, бұған екі дауыс қарсы болып, төрт дауыс қалыс қалды; тізімге менің ұсынуым бойынша, искрашыл емес элементтердің бір басшысы, искрашылдардың азшылығының бір басшысы енгізілді»**. Бұл дауыс берудің нәтижесінің аса зор маңызы бар, өйткені ол кейіннен, дау-жанжалдың ішінде, туған өсек-аяңның: біз искрашыл еместерді партиядан қуып шығармақ немесе шеттетпек болыппыз, көпшілік тек съездің бір жағына сүйеніп, сол бір жағының адамдарын сайлады және т. т. деген өсек-аяңның түгелінен өтірік екенін даусыз айқын дәлелдеп береді. Бұл айтылғанның бәрі түгелінен өтірік. Искрашыл еместерді партиядан қумақ түгіл, Орталық Комитеттен де қумағанымызды, қайта оппоненттерімізге өте азшылық орын бергенімізді жоғарыда мен келтірген дауыс беру нәтижесі көрсетіп отыр. Барлық әңгіме мынада: олар көпшілік болғысы келді және, бұл шамалы тілектері іске аспағаннан кейін, олар орталық орындарға қатнарудан мүлде бас тартып, жанжал шығарды. Мартов жолдас Лигада мұны мойын-

* Мартов сыяқты, мен де «Искра» ұйымында Орталық Комитетке бір кандидатты өткізбек болып, өткізе алмадым; оның ерекше фактылармен дәлелденетін съезге дейінгі және съездің бас кезіндегі тамаша беделі туралы мен де айта алар едім. Бірақ бұл менің ойыма да келмейді. Бұл жолдас өзін-өзі жеткілікті құрметтейді, сондықтан съезден кейін өзінің кандидатурасын баспасөз бетінде жұрттың алдына тартуға немесе саяси өлім, бедел түсіру, т. т. туралы жұртқа шағым етуге ол ешкімге жол бермейді.

** Осы томның 114-бетін қараңыз. *Ред.*

дамаса да, ісін дән соның болғаны төмендегі хатпен көрсетеді; бұл хат — съезде ұстауың 1-параграфы қабылданғаннан кейін, соның артынша «Искра» ұйымының азшылығының бізге, искрашылардың көпшілігіне (кеті дауыс кеткеннен кейін, съездің көпшілігіне де) жіберген хаты («Искра» ұйымының мен айтқан жыйналысы *акцир-фы* жыйналыс болғанын көрсетіп өту керек: одан кейін ұйым *факт жүзінде* өкіл жарылды, емі жаңы да біздің дұрыс дән, съездің басқа делегаттарын сандыруға тырысты).

Хаттың тексті мынау:

«Редакциясы және «Еңбекші азат ету» тобының көпшілігінің жыйналысқа (пәлем күні)* қауыспасы келетіндігі туралы мәселе жөнінде делегаттардың — Соркин мен Саблинаның¹⁾ пікірлерін тыңдап, бұл делегаттардың жәрдемімен мынаны анықтадық: мұның алдындағы мәжілісте Орталық Комитетке ұсынылған кандидаттардың тізімі оқылған, бұл тізім бізден шынықты-мыс, біздің бұкіл *бәлем* позициямызды теріс сытайтау үшін осы тізімнен пайдаланған; сонымен қатар біз мынаны ескердік: біріншіден, бұл тізімнің қайдағы шыққанын тексеруге ешбір әрекет істеместен бұл тізімді бізге тапқан; екіншіден, бұл жағдай «Искра» редакциясы мен «Еңбекші азат ету» тобының көпшілігінің оппортунизмге салыну жөнінде айыптаушылықпен — анықтан-ашық тарапынан отырған осы айыптаушылықпен сөзсіз байланысты; үшіншіден, бұл айыптау «Искра» редакциясының құрамын өзгерту жөніндегі толық белгілі болып отырған көзінгі бар жоспармен байланысты екені біздің үшін мүлде айқын; — міне сондықтан біз: жыйналысқа жібермеудің себептері туралы бізге берілген түсініктер бізді қанағаттандырмайды деп жоғарыда айтылған, жаладан тағылған айыпты жойнамыздан түсіруге мүмкіндік бергісі келмегендікті көрсететін дәлел деп табымыз.

Орталық Комитетке ұсынылатын кандидаттардың ортақ тізімі жөнінде екі арасыда келісім жасау мүмкіншілігі туралы мәселе

* Менің есебімше, хатта көрсетілген күн сейсембіге тура келеді. Жыйналыс сейсембі күні кешке, яғни съездің 28-мәжілісінен кейін болды. Бұл уақыт туралы справканың аса зор маңызы бар. Бұл справка Мартов жолдастың: біз орталық орындардың мүшелер құрамы туралы мәселе жөнінде емес, орталық орындардың ұйымдастыру туралы мәселе жөнінде айрылыстық деген пікірін документ бойынша бекерге шығарады. Бұл справка менің Лига съезінде және «Редакцияға хатымда» айтқандарымның дұрыс екенін документ бойынша дәлелден көрсетеді. Съездің 28-мәжілісінен кейін Мартов жолдас пен Старовер жолдас оппортунизмге салыну жөнінде жаладан тағылған айып туралы көп айтып, Советтің құрамы туралы немесе орталық орындарға кооптация жасау туралы мәселе жөнінде ашырақандық туралы түк айтпайды (бұл туралы біз 25, 26 және 27-мәжілістерде таластық).

жайында біз: келісімнің негізі есебінде, біз қабылдай алатын бірден-бір тізім — Попов, Троцкий, Глебов деп мәлімдейміз, онда да бұл тізім *компромистік* тізім екенін атап көрсетеміз, неге десеңіз бұл тізімге Глебов жолдасты енгізгенде, көпшіліктің тілегін орындау ретінде ғана енгізіп отырмыз, өйткені Глебов жолдастың съездегі ролі бізге анықталғаннан кейін, *біз Глебов жолдасты Орталық Комитетке ұсынылған кандидатқа қойылатын талаптарды орындарлық адам деп есептемейміз.*

Мұнымен қатар біз мына жағдайды атап көрсетеміз: Орталық Комитетке ұсынылатын кандидаттар туралы келіссөзге кіріскенде, мұны біз Орталық Органның редакциясының құрамы туралы мәселеге ешуақытта байланыстырмаймыз, өйткені бұл мәселе жөнінде (редакцияның құрамы туралы) ешқандай келіссөз жүргізуге рыйза емеспіз.

Жолдастар үшін Мартов пен Старовер».

Таласушы екі жақтың бейілін және даудың мән-жайын дәл көрсеткен бұл хат бізді бірден-ақ, басталған жіктелудің дәл «ортасына» апарып қояды және оның нағыз шын себептерін көрсетіп береді. «Искра» ұйымының азшылығы көпшіліктің дегеніне көнгісі келмей, съезде еркін үгіт жүргізуді артық көре отырып (әрине, оған толық праволы бола отырып), сонда да көпшіліктің «делгаттарынан» олардың жәй жыйналысына өздерін қатыстыруды талап етеді! Әрине, бұл қызық талапты біздің жыйналыстағылар (хат, әлбетте, жыйналыста оқылды) мыйығынан күліп, танданып қарсы алды, ал «оппортунизмге салыну жөнінде жаладан тағылған айыптар» турасындағы айқайларға, бұлан-талан болушылыққа жыйналыстағылар тіпті ду күлді. Бірақ әуелі Мартов пен Старовердің зарланған шағымын пункт-пунктімен тексерейік.

Тізімді оларға таңу дұрыс болмапты; олардың саяси позициясын теріс сыйпаттапты. — Бірақ, Мартовтың өзінің де мойындап отырғанындай (Лига протоколдарының 64-беті), оның: тізімнің авторы мен емеспін, деген сөзінің дұрыстығына сезіктену менің ойыма да келген жоқ. Жалпы алғанда авторлық туралы мәселенің бұл жерге қатысы жоқ, тізімді искрашылдардың біреуі жасады ма әлде «центр» өкілдерінің біреуі жасады ма, т. с. — мұның ешқандай маңызы жоқ. Маңыздысы: тұтасынан кәзіргі азшылықтың мүшелерінен құралған бұл тізім, тіпті жәй жорамал немесе ұйғарынды есебінде болса да, съезде таралып отырды. Ақырында, *бәрінен маңыздысы: Мартов жолдасқа съезде мұндай тізімнен ат-тонын ала қа-*

шуға тура келді, ол кәзір бұл тізімді кұшағын жайып қарсы алуға тиіс болар еді. Екі айдың ішінде, «қорлықты лақап» туралы ойбайдан бастап, бейнебір қорлықты тізімдегі сол кандидаттарды партияның, орталық орнына күштеп өткізушілікке дейін барып жетті, адамдарға және сарындарға баға берудегі тұрақсыздықты мұнан артық айқын суреттеуге болмайды!*

Бұл тізім, — деді Лиганың съезінде Мартов жолдас, — «біздің және «Южный рабочийдің» Бундпен жасасқан саяси коалициясы, тікелей келісім мағнасындағы коалициясы болып табылады» (64-бет). Бұл дұрыс емес, өйткені, біріншіден, бундшылдардың біреуі де енгізілмеген тізім туралы «келісім» жасасуға Бунд ешуақытта көнбеген болар еді; ал, екіншіден, тек Бундпен екі арада ғана емес, «Южный рабочиймен» екі арада да тікелей келісім (Мартовқа масқаралық болып көрінген келісім) туралы сөз болған жоқ және болуы мүмкін емес еді. Әңгіме келісім туралы болған жоқ, нақ сол коалиция туралы болды, әңгіме Мартов жолдастың келісім жасауы туралы болған жоқ, әңгіме съездің бірінші жартысында Мартов өзі қарсы күрескен және уставтың 1-параграфындағы оның қатесіне жармаса кеткен антиискрашылар мен ауытқығыш элементтердің Мартовты лажсыз қостауға тиіс болғандығы туралы болды. «Өкпелеудің» түп тамыры нақ сол ашықтан-ашық, онда да жаладан, оппортунизмге салыну жөнінде айыптауда екенін жоғарыда мен келтірген хат сөзсіз дәлелдеп берді. Үлкен шатақ туғызған және «Редакцияға хатымда» менің ескерткеніме қарамастан, кәзір Мартов, жолдас жоламай отырған бұл «айыптаулар» екі түрлі болды: біріншіден, уставтың 1-параграфы туралы жарыссөз кезінде Плеханов турадан-тура 1-параграф туралы мәселе «оппортунизмнің түрліше өкілдерін» бізден «бөлектеу» туралы мәселе болып табылатынын, олардың партияға басып кіруіне қарсы камал есебіндегі менің жобама «тек осының үшін-ақ, оппортунизмге қарсылардың бәрі дауыс беруге тиіс» екенін айтты (съезд протоколдарының 246-беті):

* Гусев жолдас пен Дейч жолдастың жанжалы туралы хабар келгенде, мұнын алдындағы жолдар теріліп қалған еді. Біз бұл жанжалды қосымшада өз алдына сөз қыламыз (осы томның 434-443. беттерін қараңыз. *Ред.*)

Бұл жігерлі сөздер, менің аздап жұмсартқаным (250-беті)* карамастан, сенсация туғызды, мұндай сенсацияның туғаны Русов жолдастың (247-бет), Троцкий жолдастың (248-бет) және Акимов жолдастың (253-бет) сөздерінен көрінді. Біздің «парламенттің» «кулуарларында», 1-параграф туралы бітпейтін дауларда Плехановтың тезисі қатты сөз болып, неше түрлі саққа жүгіртілді. Ал енді, істің шын мәнінде өздерін қорғау орнына, біздің қадірлі жолдастар, «оппортунизмге салыну жөнінде жаладан тағылған айыпқа» қарсы шағым жазуға дейін барып, күлкі болатын өкпешілдікке бой ұрды!

Жұрт алдындағы ашық таластың жаңа лебін көтере алмайтын үйірмешілдіктің және партиялық жағынан жетілмегендіктің психологиясы осы жерде айқын көрінді. Бұл — Россия адамына таныс психология, не тісін сындыр, не қолынды бер, дейтін ескі нақылға дәл келетін психология! Өздерімен өздері болып, шүйіркелесіп қалған кішкене компанияның әйнекті қауашағына дағдыланған адамдар, еркін және ашық айтыстағы, өзінің жауаптылығымен айтылған бірінші сөзді есіткенде-ақ шалқасынан түсті. Айыптамақ және кімді айыптамақ? «Еңбекті азат ету» тобын, тіпті оның көпшілігін, оппортунизмге салыну жөнінде айыптамақ, — бұл неткен сұмдық! Мұндай кешірілмейтін зәбір үшін, не партия жікке бөлінуі керек, не әйнекті қауашақтың «сабақтастығын» қайта орнатып, «үй ішіндегі көңілсіздікті» жуып-шаю керек дейді — жоғарыда сөз болған хаттың ішінде бұл дилемма едәуір айқын көрініп отыр. Интеллигенттік дарашылдық пен үйірмешілдіктің психологиясы партия алдында пікірді ашық айту талабына қарсы келіп соқтығысты. Өздеріңіз ойлап қарандаршы, «оппортунизмге салыну жөнінде жаладан тағылған айыпқа» қарсы шағым беру сыяқты сорақылық, дау-жанжал неміс партиясында болар ма еді! Пролетарлық ұйым мен тәртіп бұл партияда интеллигенттік жылауықты алдағашан ұмыттырды. Айталық, Либкнехті жұрттың бәрі өте құрметтейді, бірақ 1895 жылғы съезде, Либкнехт аграрлық мәселе жөнінде көріне оппортунист Фольмардың және оның достарының жаман компаниясында болған кезде

* Қараныз: Шығармалар, 4-басылуы, 6 том, қазақша 531—533-беттері. Ред.

Бұл (Павловский съезд) өкілеттілігімен қаралы мәжілісте
 бұрын айтылған барлық мәселелер шешілгендігі бұл қаулап-
 та қаулап бекітілген нәтиже оңай айқындалатынын бізге және
 бүкіл жұртқа білдіретіндігіне қарағанда съезде байланысты
 бұрынғыдай, әрине, айқындалған мұндай айшықпен ұзақ
 және ұзақ уақытқа қарай өкілеттілігімен бұл жұртқа ту-
 ра қатынасына байланысты бұрынғыдай емес, қайта
 оңай қаулапталған байланысты бұрынғыдай. Демек бұл қаулап-
 та, құрылым қанығып келуі бұрынғына қарағанда, ай-
 тылса, бұрынғы жұрттың астам арасында әрбір өк-
 ілеттілігіне қатынасты және әртүрлілігіне құрметте-
 йек, бірақ құрылымда, дәрттендіруден әлсіздігіне
 бұрынғыдай өкілеттілігіне әдейілігіне қарағанда тура
 қатынасты ұзақ емес, бірақ оңай әлсіздігіне анархистік
 бұл мәжілістерге қатынасты қарағанда үшін емес, қайта
 оңай қаулапталған құрметтейді. «Әлбетте азамат ету» табы-
 нын қанығып келуіне қатынасты салыну мәнінде айыпталу-
 ға бұл бұл бұл-қалай болуы, дау-жанжалды және тар-
 тпау мәнінде қатынасты тек де бұл сандық, не қатынасты
 бұл, дейтін нәтиже қатынасты қарағанда жұрттың ұйымдас-
 пау және тұрақсыздығы.

Бұл жұрттың өкілеттілігіне дәлелді айданғысымен
 бұрынғы байланысты (Мартов жолдас Лиганың съезінде
 (1896) бұл жанжалды бір жағына соқпай кетуге, оны
 бұрынғыдай тиімдісі). Бұл дәлел — антиискраштылар-
 дың және солқылдық элементтердің Мартов жолдасымен
 бұл арасында, ұстаымың 1-параграфы мәнінде байқалған
 өкілеттілігіне байланысты дәлел. Әлбетте, Мартов жол-
 дас пен антиискраштылардың арасында тікелей де, жа-
 намадан та ешбір келісім болған жоқ және болуы мүм-
 кін де емес еді; бұл мәнінде ешкім одан сезіктенген жоқ;
 бірақ та қатынасты осындай болып көрінген. Бірақ
 қатынасты еден жағынан дәл мынадан білінді: оппортуни-
 змға бейімділігі күмәнсіз адамдар оның төңірегіне топта-
 лып; бірден-бірде молайған «жыйнақы» көпшілікті (жеті
 делегаттың «айда жоқта» кетуі аркасында ғана кәзір
 айналымына айналған көпшілікті) құра бастады. Бұл
 айналымына біз, әрине, 1-параграфтың артынша съез-
 де де (Павловский жолдасының жоғарыда көрсетілген ескер-
 туін қарағанда, протоколдардың 255-беті) және «Искра»
 ұйымында да айық көрсеттік (мұны әсіресе Плеханов-
 тың атап көрсеткені есімде). 1895 жылы Бебель мен

Либкнехтке Цеткина: «Es tut mir in der Seele weh, dass ich dich in der Gesellschaft seh'» (сені яғни Бебелді — мұндай компанияда — яғни Фольмармен және оның серіктерімен бірге — көріп отырмағаным қатты қайғырамын) дегенде жұрт Бебель мен Либкнехтке қандай күлген болса, бұл да дәл сондай күлгендік және дәл сондай қатесін көрсеткендік болып отыр. Бебель мен Либкнехттің ол кезде Қаутский мен Цеткинаға: оппортунизмге салыну жөнінде жаладан айыптадыңдар деп хат жазып, бұл талан-талан болмағаны шынында да таңданарлық іс...

Орталық Комитетке ұсынылған кандидаттардың тізіміне келсек, онда бұл хат, бізбен сөйлесіп келісуден әлі үзілді-кесілді бас тартпағандықтарын Лигада өз аузынан айтқан Мартов жолдастың қателескенін көрсетеді, мұның өзі — саяси күресте, документті справка беру орнына, *әңгімелерді* есте қалғанынша айтып беруге тырысудың орынсыз екендігіне тағы бір мысал болып табылады. Шынында «азшылық» қанағатшыл болып, «көпшілікке» ультиматум ұсынды: «азшылықтан» екеу және «көпшіліктен» біреу (компромис ретінде және *тек* уступка жасау үшін *ғана!*) алынсын, деді. Бұл сөкет, бірақ бұл факт. «Көпшілік» бейнебір съездің бір жағына сүйеніп, тек бір жағының ғана өкілдерін сайлады, деген кәзіргі өсек-аяңның бос сөз екенін бұл факт айқын көрсетіп отыр. Қайта *тіпті керісінше*: мартовшылдар тек уступка жасау үшін ғана бізге үшеудің біреуін ұсынды, демек, егер бұл ерекше «уступкаға» біз көнбесек, олар *барлығын* өздерінен өткізбек болды! Біз өзіміздің жәй жыйналысымызда мартовшылдардың қанағатшылдығына күлдік те, өзіміздің тізімімізді жасадық: Глебов — Травинский (кейін ол Орталық Комитетке сайланды) — Попов. Біз бұл соңғының орнына (мұны да 24 тің жәй жыйналысында) Васильев жолдасты (кейін ол Орталық Комитетке сайланды) енгіздік, енгізгендегі *жалғыз-ақ себебіміз*, — Попов жолдас біздің тізімде болудан бас тартты, әуелі жәй әңгімеде бас тартты, кейін съезде де ашық бас тартты (338-бет).

Істің жайы міне осындай болды.

Қанағатшыл «азшылық» қанағатшылдықпен көпшілік болғысы келді. Олардың бұл қанағаттылық тілегі қабылданғаннан кейін, «азшылық» бір жолата бас тартып,

жанжал шығара бастады. Ал, кәзір, «көпшіліктің» «уступкаға көнбейтіндігі» туралы маңызданып — рақымшылданып сөйлеушілер әлі де табылып отыр!

Съезде еркін үгіт жүргізуге белсеніп шыққан кезде «азшылық» «көпшілікке» адам күлелрік ультиматумдар қойды. Жеңіліп қалғаннан кейін *біздің сабаздар жылап жіберді және қыйлы жағдай туралы байбалам салды. Voila tout**.

Біздерді: редакцияның құрамын өзгертпекші, деп сөкет айыптағандықты да біз (24 тің жәй жыйналысында) күліп қарсы алдық: алғашқы үш адамды сайлау жолымен редакцияны *жаңалау* жоспары барлығын съездің басынан-ақ, тіпті съезден бұрын да жұрттың бәрі жақсы білді (съездегі редакция сайлауы туралы сөз болғанда бұл туралы толығырақ айтамын). «Азшылықтың» анти-искрашылдармен коалиция жасауы бұл жоспардың дұрыстығына тамаша айқын дәлел болып шыққанын көргеннен кейін, «азшылық» бұл жоспардан қорқып кетті, — бұл бізді тандандырған жоқ, бұл әбден табиғи нәрсе еді. Съездегі күреске дейін, өз ықтыярларыңмен азшылыққа айналындар деген ұсынысқа біз, әрине, пәлендей маңыз бере алмадық, соншама терісіне сыймай, «оппортунизмге салыну жөнінде жаладан тағылған айыптар» туралы айтуға дейін барған авторлардың бүкіл хатына пәлендей маңыз бере алмадық. «Бізасын төгуді» тілеген табиғи тілекті партиялық борыштың өте тез жеңіп шығатынына біз қатты сендік.

к) УСТАВ ТУРАЛЫ ЖАРЫССӨЗДІҢ ЖАЛҒАСЫ.
СОВЕТТІҢ ҚҰРАМЫ

Уставтың кейінгі пункттері, принциптерінен гөрі, жеке мәселелер туралы анағұрлым күшті талас туғызды. Съездің 24-мәжілісі түгелінен партия съездеріне өкілдер жіберу тәртібі туралы мәселеге арналды, жәнеде искрашылдардың бәріне ортақ жоспарларға қарсы батыл және айқын күресушілер тағыда тек бундшылдар (Гольдблат пен Либер, 258—259-беттер) және Акимов жолдас; Акимов өзінің съездегі ролін мақтанышпен ашықтанашық мойындады: «Өзімнің дәлелдеріммен жолдастарға әсер етпейтінімді, қайта керісінше, өзім жақтап отырған

* — Небары міне осы. Ред.

пунктке зыян келтіретінімді, мен әрдайым айқын біле тұра айтып келемін» деді (261-бет). Бұл дәлдеп тиген ескертудің, әсіресе уставтың 1-параграфынан кейін, соның артынша айтылуы өте орынды болды; тек бұл арада «керісінше» деген сөз онша дұрыс қолданылмаған, өйткені Акимов жолдас тек белгілі пункттерге зыян келтіруді ғана біліп қоймай, онымен қатар бұл ісімен, оппортунистік сөздерге бейім өте дәйексіз искрашылдардың арасынан шыққан... «жолдастарға әсер етуді» де білді.

Жалпы алғанда съезге өкілдер жіберу шарттарын белгілейтін уставтың 3-параграфы көпшілікпен қабылданды, 7 дауыс қалыс қалды (263-бет), — бұлар антиискрашылдардан болса керек.

Съездің 25-мәжілісінің жартыдан көп уақытын алған Советтің құрамы туралы талас, толып жатқан түрлі жобалардың төңірегіндегі жіктердің өте бытырандылығын көрсетті. Абрамсон мен Царев Советтің жоспарына тіпті қарсы болды. Панин Советті тек аралық сотқа айналдыруға мейлінше тырысты, сондықтан ол өз дегенінен айнымай, — Совет жоғарғы мекеме болып табылады және оның жыйылысын Советтің қандай да болса екі мүшесі шақыра алады деген анықтаманы шығарып тастауды ұсынды*. Герц⁷², Русов устав комиссиясының бес мүшесі ұсынған үш әдісті толықтыру ретінде, Советті құрудың әртүрлі әдістерін жақтады.

Талас мәселелер бәрінен бұрын Советтің міндеттерін белгілеу жайында болды: аралық сот па әлде партияның жоғарғы мекемесі ме? Бұл екеуінің біріншісін аумастан жақтаған, жоғарыда мен айтқандай, Панин жолдас болды. Бірақ ол жалғыз еді. Мартов жолдас оған батыл қарсы шығып, былай деді: «Мен «Совет — жоғарғы мекеме» деген сөздерді алып тастау туралы ұсынысты қабылдамауды ұсынамын: біздің тұжырым» (яғни Совет-

* Панин жолдастың көзқарасын Старовер жолдас та қостағысы келген болса керек, қостағандағы айырмасы тек мынау: Панин жолдас өзінің тілегі не екенін білді, сондықтан ол өзінің тілегінен аумай, Советті таза келістіруші, бітімші мекемеге айналдыратын қарарлар ұсынды, ал Старовер жолдас: жоба бойынша, Совет «тек екі жақтың тілеуі бойынша» жыйналады (266-бет) дегенде, ол мұны өзінің нені тілейтінін білместен айтты. Оның бұлай деуі тіпті дұрыс емес.

тің міндеттерінің тұжырымы, біз устав комиссиясында осы тұжырымға тоқтағанбыз) «Советтің дамый келе жоғарғы партиялық мекемеге айналуына әдейі мүмкіншілік қалдырады». Шынында, Мартов жолдастың жобасы бойынша, Советтің құрамы толығынан және тегісінен «бітімші мекемелерге» немесе аралық соттарға үйлесетін болып шықты: екі орталық орынның әрқайсысынан екі мүшеден, бесіншіні сол төрт мүше шақырып алады. Советтің тек мұндай құрамы ғана емес, Русов жолдас пен Герц жолдастың ұсынысы бойынша съезд қабылдаған құрамы да (бесінші мүшені съезд тағайындайды) түгелінен бітістіру немесе араға түсу мақсаттарына үйлеседі. Советтің мұндай құрамы мен оның партиялық жоғарғы мекеме болу міндеті арасында келісімге келмейтін қайшылық бар. Партияның жоғарғы мекемесінің құрамы тұрақты болуға тиіс, орталық орындардың құрамында кездейсоқ (кейде сәтсіздікке ұшырау себепті) болып қалатын өзгерістерге тәуелді болмауға тиіс. Жоғарғы мекеме партия съезімен тура байланыс жасап отыратын болуға тиіс, өзінің өкілдігін, партияның съезге бағынған екі мекемесінен емес, съездің өзінен алып отыратын болуға тиіс. Жоғарғы мекеме партия съезіне мәлім адамдардан құралуға тиіс. Ақырында, жоғарғы мекемені ұйымдастырғанда, оның өмір сүруінің өзі кездейсоқ оқыйғаға байланысты болатын етіп: бесінші мүшені сайлап алу жөнінде екі коллегия келісе алмаса, партия жоғарғы мекемесіз қалатын етіп, ұйымдастыруға болмайды! Бұған қарсы болғандар: 1) бесеудің біреуі қалыс болып, қалған төртеуі пар-пардан екіге бөлінгенде де, өте қыйын жағдай тууы мүмкін-ғой деді (Егоров). Бұл қарсы дау дәлелді емес, өйткені, қандай коллегия болса да, оның қарар шығара алмайтын кездері болмай қалмайды, бірақ бұл тіпті: коллегия құруға болмайды, деген сөз емес. Екінші қарсы дау: «егер Совет сыяқты мекеме бесінші мүшені сайлап ала алмаса, онда бұл мекеме тегінде қабілетсіз болып шығады» (Засулич). Бірақ бұл жерде әңгіме қабілетсіздікте болып отырған жоқ, жоғарғы мекеменің өмір сүрмейтіндігінде болып отыр: бесінші мүше болмаса, ешбір Совет болмайды, ешбір «мекеме» болмайды, сондықтан қабілетсіздік туралы сөз қылуға да болмайды. Ақырында, егере мұндай партиялық коллегиялардың біреуі құрылмай қалатын реттер

болса, оның үстінен қарайтын екінші, жоғарғы, коллегиясы болса, онда бұл шатақты түзетуге болып қалар еді, өйткені онда бұл жоғарғы коллегия әрқашан тығыз реттерде қалай да кемістің орнын толықтырып алар еді. Бірақ Советтің үстінен қарайтын, съезден басқа, ешбір коллегия жоқ, сондықтан уставта Советті тіпті құруға да болмайтындай мүмкіншілік қалдыру — көріне қыйсынсыздық болады.

Менің съезде бұл мәселе жөнінде сөйлеген қысқаша сөздерімнің екеуі де, Мартовтың жобасын қорғағанда оның өзінің және басқа жолдастардың қарсы қойған тек осы екі теріс дәлелін тексеруге арналды (267 және 269-беттер). Ал Советте Орталық Органның немесе Орталық Комитеттің басым болуы туралы мәселені мен тіпті қозғаған да жоқпын. Бұл мәселені съездің 14-мәжілісінде-ақ, Орталық Органның басым болуының қауіптілігін көрсету мағнасында, бірінші рет қозғаған Акимов жолдас болды (157-бет); «көпшілік» Орталық Комитетті редакцияның құралына айналдырғысы келеді деген қыйсынсыз, демагогиялық ертекті туғызу жөнінде Мартов, Аксельрод жолдастар және басқалары съезден кейін тек сол Акимовтың соңына ерді. Өзінің «Қыйлы жағдайында» бұл мәселені сөз қылғанда Мартов жолдас білмегенсіп, оның нағыз инициаторын атамай кеткен!

Байланысын жойып, жеке-жеке алынған цитаттармен қанағаттанбай, Орталық Органның Орталық Комитеттен басым болуы туралы мәселенің партия съезінде қандай түрде қойылғанын түгелінен білгісі келген адам Мартов жолдастың істі бұрмалап отырғанын оп-онай көреді. «Орталық Органның ықпалын кеміту үшін, партияның шыңында «нағыз қатаң централизацияны» қорғағысы» (154-бет, курсив менікі) келеді, «мұндай системаның (Акимовтың системасының) барлық мәні міне дәл осында» деп, 14-мәжілісте-ақ сөзін Акимов жолдастың көзқарастарына қарсы айтыстан бастаған; басқа ешкім емес, дәл Попов жолдас болатын. «Мұндай централизацияны менің жақтамайтындығым былай тұрсын — деді оның үстіне Попов жолдас — сонымен қатар мен онымен күресуге даярмын, өйткені ол — оппортунизмнің туы». Орталық Органның Орталық Комитеттен басым болуы туралы атышулы мәселенің тамыры міне осы жерде, сондықтан да, кәзір Мартов жолдасқа мәселенің

шынында қайдан туғаны жөнінде жұмған аузын ашпауға тура келіп отырса, бұл таңырқарлық нәрсе емес. Орталық Органның басым болуы туралы Акимовтың бұл пікірінің *оппортунистік* сыйпатын тіпті Попов жолдас та көрмей тұра алмады*, сондықтан өзін Акимов жолдас-тан бөлектеу үшін Попов жолдас *үзілді-кесілді* былай деді: «Бұл Орталық орында (Советте) редакциядан үш мүше және Орталық Комитеттен екі мүше бола қойсын. Бұл — *екінші дәрежедегі мәселе* (курсив менікі), ал істің маңызы басшылықтың, партияға жоғарыдан басшылық ету ісінің, бір жерден тарауында» (155-бет). Акимов жолдас бұған қарсы шығып: «жоба бойынша, Советте Орталық органның басым болуы қамтамасыз етіліп отыр, өйткені редакцияның құрамы тұрақты, ал Орталық Комитеттің құрамы ауыспалы болып отыр» деді (157-бет), — бұл дәлел тек *принциптік* басшылықтың «тұрақтылығына» ғана жататын дәлел (дұрыс және керекті іс), ал дербестікке араласу немесе қол сұғу мағнасындағы «басымдылыққа» тіпті жатпайтын дәлел. Орталық Комитетті дербес емес деп өсек таратып, мұнысымен орталық орындардың құрамына наразылығын жасырып отырған «азшылыққа» ол кезде әлі қосылмаған Попов жолдас та Акимов жолдасқа өте орынды жауап берді: «Мен оны (Советті) партияның басшы орталығы деп есептеуді ұсынамын; онда: *Советте Орталық Органның өкілдері көп бола ма, әлде Орталық Комитеттің өкілдері көп бола ма, деген мәселенің ешбір маңызы болмай қалады*» (157 — 158-бет. Курсив менікі).

Советтің құрамы туралы мәселені талқылау 25-мәжі-

* Акимов жолдасты оппортунист деп атаудан Попов жолдас та, Мартов жолдас та қысылған жоқ; тек, «тілдердің тең праволылығы» үшін немесе 1-параграф үшін, бұл атақты *олардың өздеріне* қолданғанда және дұрыс қолданғанда ғана олар ренжіп, ашулана бастады. Мартов жолдасты соңына ерткен Акимов жолдас, алайда, Лиганың съезіндегі Мартов жолдасқа және оның серіктеріне ұқсамай, партия съезінде өзін өте жақсы ұстап, ерлік көрсетті. «Бұл арада мені оппортунист деп атап отыр, — деді партия съезінде Акимов жолдас, — мен өз басым бұл сөзді кісіні балағаттайтын, қорлайтын сөз деп есептеймін және ондай ат таққандай ештеңе істегенім жоқ деп ойлаймын; алайда бұған қарсы наразылық білдірмеймін» (296-бет). Мүмкін, Мартов жолдас пен Старовер жолдас Акимов жолдасқа өздерінің оппортунизмге салыну жөнінде жаладан тағылған айыпқа қарсы наразылығына қол қоюға ұсынған болар, бірақ Акимов жолдас одан бас тартқан болар?

лісте қайтадан басталғанда, Павлович жолдас ескі айтысты қайталап, «Орталық Органның тұрақты болуы себепті» (264) оның Орталық Комитеттен басым болуын жақтады; Орталық Органның тұрақты болуын айтқанда, ол дәл *принциптік* тұрақтылығын айтты; мұны Мартов жолдас та солай түсінді, ол Павлович жолдастың ізінше сөз алып сөйлеп, «бір мекеменің екіншісінен басым болуын атап көрсетуді» кажет емес деп тапты және Орталық Комитеттің мүшелерінің біреуінің шет елде болуының мүмкіншілігін көрсетті: «бұлай еткенде Орталық Комитеттің принциптік тұрақтылығы белгілі мөлшерде сақталады» деді (264). *Принциптік* тұрақтылық пен оны қорғау туралы мәселені Орталық Комитеттің дербестігі мен тәуелсіздігін сақтаумен *шатастырып*, демагогия жүргізудің бұл жерде ұшқыны да болған жоқ. *Съезден кейін* Мартов жолдастың ең басты дәлелі дерлік болған бұл шатастырушылықты съезде тек Акимов жолдас қана қатты жақтады, ол *сол кездің өзінде-ақ* «уставтың аракчеевтік рухы» (268) туралы айтты, «егер партия Советінде Орталық Органның үш мүшесі болса, онда Орталық Комитет редакциясының дегенін жай орындап отырушыға айналды (курсив менікі). Шет елде тұрушы үш адам бүкіл (!!) партияның жұмысына шексіз (!!) билігін жүргізуге право алады. Қауіпсіз болу мағнасында олар қамтамасыз етілген, сондықтан олардың билігі өмір бойына кетеді» деді (268). Идеялық басшылық орнына бүкіл партияның жұмысына қол сұғушылықты әкеліп тықпалаған (және съезден кейін Аксельрод жолдасқа, оның «теократия» туралы сөздерімен қосылып, арзан ұран болып табылған) дәл осындай, мүлде қыйсынсыз және демагогиялық сөздерге тағы да Павлович жолдас қарсы шықты; бұларға *қарсы шыққанда ол: «Искра»* жақтаған принциптердің берік болуын, оларға кір жұқпауын жақтаймын. Орталық Органның редакциясының басым болуына жол бергенде, мен бұл ісімнен сол принциптерді нығайтамын» деді.

Орталық Органның Орталық Комитеттен басым болуы туралы атышулы мәселе шынында міне осылай қойылды. Аксельрод жолдас пен Мартов жолдастың бұл атақты «принциптік алауыздығы» *Акимов жолдастың оппортунистік және демагогиялық мылжың сөздерін қайталағандықтан* басқа ештеме емес; бұл мылжың сөз-

дің шын сыйпатын Попов жолдас та айқын көрді, көргенде — орталық орындардың құрамы туралы мәселе жөнінде жеңілместен бұрын көрді!

* * *

Советтің құрамы туралы мәселенің қортындысы мынадай: «Қыйлы жағдайда» Мартов жолдас менің «Редакцияға хатымда» көрсеткендерімді: қайшы келіп отыр, дұрыс емес, — деп дәлелдеуге қаншама тырысса да, оған қарамастан, съездің протоколдары бұл мәселенің, 1-параграфпен салыстырғанда, шынында бөлшек мәселе болғанын, біздерді «тек қана дерлік» партияның орталық мекемелерін құру туралы таласты демек болған «Біздің съезд» мақаласының («Искра» № 53) мәлімдеуі толығынан бұрмаланғандық болғанын айқын көрсетіп отыр. Мақаланың авторы 1-параграф туралы таласқа тіпті соқпай кеткендіктен де бұл бұрмалаушылық өте-мөте сорақы. Мұнан кейін, Советтің құрамы туралы мәселе жөнінде искрашылдардың белгілі жігінің болмағанын да протоколдар растап отыр: ат атап дауысқа қою болған жоқ, Мартов Панинді қостамады, мен Поповты қостадым, Егоров пен Гусев ерекше қалды, т. т. Ақырында, менің соңғы (орыс революцияшыл социал-демократиясының Шетелдік лигасының съезіндегі: мартовшылдардың антиискрашылдармен жасасқан коалициясы нығайды деген пікірімді алсақ ол да расталып отыр, расталғанда Мартов, Аксельрод жолдастардың бұл мәселеде де енді жұрттың көз алдында Акимов жолдасқа қарай ауғандығы арқылы расталып отыр.

л) УСТАВ ТУРАЛЫ ЖАРЫССӨЗДІҢ АЯҚТАЛУЫ. ОРТАЛЫҚ ОРЫНДАРҒА КООПТАЦИЯ ЖАСАУ. «РАБОЧЕЕ ДЕЛО» ДЕЛЕГАТТАРЫНЫҢ КЕТУІ

Устав туралы кейінгі (съездің 26-мәжілісіндегі) жарыссөздердің ішінен тек Орталық Комитеттің билігіне шек қою туралы мәселені ғана көрсетіп өтуге болады; бұл мәселе мартовшылдардың кәзір әсіре централизмге шабуыл жасауының түр-сыйпаты қандай екенін байқатады. Егоров жолдас пен Попов жолдас централизмге шек қоюға тырысқанда, өздерінің ұсынған немесе өткізбек болған кандидатурасының қандай болуына қарамастан,

күштірек сеніммен тырысты. Олар устав комиссиясының өзінде-ақ Орталық Комитеттің жергілікті комитеттерді тарату жөніндегі правосына шек қоюға, шек қойғанда, бұл жөнде Советтің рыйзалығын алатын етіп шек қоюға, оның үстіне ерекше көрсетілген реттерде (272-бет, 1-ескерту) шек қоюға ұсыныс жасады. Устав комиссиясының үш мүшесі (Глебов, Мартов және мен) бұған қарсы болдық, съезде де Мартов жолдас біздің пікірімізді жақтап (273-бет), Егоров пен Поповқа қарсы шықты: «Орталық Комитет онсыз да, ұйымды тарату сыяқты елеулі іске кіріспестен бұрын, мәселені талқыға салады» деді. Централизмге қарсы әрекеттердің қандайына болса да Мартов жолдастың сол кезде-ақ құлақ аспағанын өздеріңіз көріп отырсыздар, сөйтіп съезд Егоров пен Поповтың ұсынысын қабылдамады, — амал не, тек қанша дауыспен қабылдамағанын біз протоколдардан біле алмаймыз.

Партияның съезінде Мартов жолдас «ұйымдастырады (Орталық Комитет комитеттерді ұйымдастырады, т. т., партия уставының 6-параграфында) деген сөзді бекітеді деген сөзбен ауыстыруға» да қарсы болды. Тек Лиганың съезінде ғана ашылған тамаша идеяға — бекіту деген «ұйымдастыру» ұғымына жатпайтындығы туралы идеяға әлі ойы жетпеген Мартов жолдас *ол кезде:* «ұйымдастыруға да право беру керек» деді.

Осы екі пункт жөніндегі айтыстан басқаларының — уставтың 5—11 параграфтарының жеке мәселелері жөніндегі мүлде ұсақ айтыстардың (протоколдардың 273 — 276-беттері) қызығы бола қояр ма екен. 12 параграф — жалпы алғанда партиялық коллегиялардың бәріне, жеке алғанда орталық орындарға кооптация жасау туралы мәселе. Комиссия, кооптация жасау үшін керек болатын беделді көпшілікті $\frac{2}{3}$ ден $\frac{4}{5}$ ке жеткізуді ұсынды. Баяндамашы (Глебов) Орталық Комитетке кооптация жасағанда *бірауыздан* қабылданатын болуын ұсынды. Егоров жолдас, *адыр-бұдырлықтың* қажеті жоқ деп танып, дәлелдеген veto* болмаған жерде, жәй көпшілікпен қабылдауды жақтады. Папов жолдас комиссияны да, Егоров жолдасты да қостамай, не жәй көпшілікпен (veto жасау правосыз) қабылдайтын, не бірауыздан

* — тыйым салу, қарсы болу. Ред.

қабылдайтын болуды талап етті. Мартов жолдас комиссияны да, Плебансты да, Егоровты да, Шотовты да қостамай, бірауыздан қабылдауға қарсы болды, $\frac{4}{5}$ ке қарсы болды ($\frac{1}{5}$ -ні жақтады), «өзара кооптацияға» қарсы болды, яғни Орталық Комитет жөніндегі кооптацияға Орталық Органның редакциясының наразылығы жасау правосын және керісінше Орталық Комитеттің сондай правосын («кооптацияны өзара бақылау правдарына») қарсы болды.

Жіктің мәлініше ала-құла болғанын және әрбір делегаттың көзқарастарындағы «бірауызды» өзгешеліктердің бәрі жөнінде дерлік алауыздық тұнанын оқушының өзі көріп отыр.

Мартов жолдас былай дейді: «Әнамсыз адамдармен жұмыс істеу психология жағынан мүмкін емес екенін мен мойындаймын. Бірақ біздің ұйымның тұрмысқа бейімді және қабілетті болуының да біз үшін маңызы бар... Орталық Комитет пен Орталық Органның редакциясының кооптация жөнінде бір-бірін бақылауының керекті жоқ. Мен бұған қарсы болғанда, олар бір-біріннің ісін білмейді деп ойлағандықтан қарсы болып отырғанын жас. Жок, олай емес! Мәселен, Орталық Органның редакциясы, айталық, Надеждин мырзаны Орталық Комитетке алудың қажеттігі немесе қажет емеслігі туралы Орталық Комитетке жақсы кеңес бере алар еді. Мен қарсы болғанда, бір-бірін ашуландыратын былық туғызуды тілемегендіктен қарсы болатын».

Мен оған қарсы былай дедім: «Бұл жерде екі мәселе болып отыр. Бірінші — беделді көшілік туралы, оны кемітіп $\frac{4}{5}$ тең $\frac{2}{3}$ ге түсіру керек деген ұсынысқа мен де қарсымын. Дәлелденген наразылықты енгізу пайдалы емес, бұған мен де қарсымын. Екінші мәселенің — Орталық Комитет пен Орталық Органның кооптацияны өзара бақылау правосы туралы мәселенің маңызы анағұрлым зор. Екі орталық орынның бір-бірімен келісіп отыруы — ынтымақтылықтың керекті шарты. Бұл арадағы мәселе екі орталық орынның айрылысуы туралы болып отыр. Кімде-кім жіктелуді тілемесе, ол ынтымақтың болуын қамдауға тиіс. Жіктелу туғызған адамдардың болғаны партияның тұрмысынан мәлім. Бұл мәселе — принциптік мәселе, маңызды мәселе; партияның келешектегі бүкіл тағдырының осыған байланысты бо-

луы мүмкін» (276—277). Мартов жолдас ерекше зор маңыз беріп отырған менің сөзімнің съезде жазылған конспектісінің толық тексті міне осындай. Амал не, менің бұл сөзіме зор маңыз берсе де, Мартов бұл сөзімді барлық жарыссөздермен және съездің сол сөз айтылған кездегі бүкіл саяси жағдайымен байланыстыруға тырыспады.

Ең алдымен мынадай сұрау қойылады: өзімнің алғашқы жобамда (394-бетті қараңыз, § 11)* мен не себепті $\frac{2}{3}$ мен қанағаттандым, орталық орындарға кооптация жасау жөнінде өзара бақылаудың болуын не себепті талап етпедім? Менен кейін сөйлеген (277-бет) Троцкий жолдас бірден-ақ осы сұрауды қойды.

Бұл сұрауға менің Лига съезінде сөйлеген сөзім және Павлович жолдастың II съезд туралы хаты жауап береді. Лиганың съезінде мен: уставтың 1-параграфы «табақты қақ айырды», оны «қазықбау шалып» байлау керек еді дедім. Мұның мәнісі, 1-шіден, таза теориялық мәселеде Мартов оппортунист болып шықты және оның қатесін Либер мен Акимов қорғады. Мұның мәнісі, 2-шіден, мартовшылдардың (яғни искрашылдардың болмашы азшылығының) антиискрашылдармен коалиция жасауы съезде орталық орындардың мүшелер құрамын өткізгенде оларға көпшілік болуға мүмкіншілік берді. Ал мен ынтымақтың керек екенін атап көрсетіп және «жіктелу туғызатын адамдардан» сақтандырып, бұл жерде орталық орындардың дәл мүшелер құрамы туралы айттым. Бұл сақтандырудың шынында өте зор принциптік маңызы болды, өйткені «Искра» ұйымы (практикада барлық істермен және барлық кандидаттармен неғұрлым жақын таныс болғандықтан, орталық орындардың мүшелер құрамы туралы мәселеге жетігірек ұйым), осы «Искра» ұйымы бұл мәселе жөнінде сол кезде-ақ өзінің кеңесшілік пікірін білдіріп, өзі қауіптенген кандидатуралар жөнінде бізге мәлім қарарын шығарған еді. Бұл күрделі мәселеде «Искра» ұйымының моральдық жағынан да, істің мәні жөнінде де (яғни қарар шығарушының беделі жөнінде) шешуші маңызы болуға тиіс еді. Бірақ, «Искра» ұйымының көпшілігіне қарсы

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қазақша 506-беті. Ред.

болып, Либерлер мен Акимовтарға шағым етуіне, формалық жағынан алғанда, Мартов жолдастың, әлбетте, толық правосы болды. Ал Акимов жолдас өзінің I-параграф туралы тамаша сөзінде: искрашылдар арасында өздерінің ортақ, искралық, мақсатына жету әдістері туралы алауыздық барлығын көргеннен кейін, мен біле тұра және әдейі ең жаман әдісті қостап дауыс беремін, өйткені менің, Акимовтың, мақсаттарым искрашылдардың мақсаттарына карама-қарсы келеді, деп өте жақсы айтты және тауып айтты. Сөйтіп, тіпті Мартов жолдастың еркіне және сенгеніне карамастан, Либерлер мен Акимовтардың орталық орындардың дәл жаман құрамын қолдайтынына еш күмән болуы мүмкін емес еді. Олар «жіктелу туғызып келген адамдардың» болуын қамтамасыз ететін тізімге, дәл сондай тізімге дауыс бере алады, дауыс беруге тиіс (олардың сөзіне емес, олардың істеріне, олардың I-параграф жөніндегі дауыс беруіне карағанда), дауыс бергенде, нақ сол «жіктелу туғызу» үшін беруге тиіс. Мұндай жағдайда, партияның келешектегі бүкіл тағдыры байланысты болған принциптік маңызды мәселе (екі орталық орынның ынтымағы) жөнінде сөйлегеніме тандануға бола ма?

Орталық орындардың құрамы туралы «Искра» ұйымының ішінде болған дауды Либерлер мен Акимовтардың шешуі, формалық жағынан дұрыс болса да, мүмкін болатын нәтижелердің ең жаманын қамтамасыз еткеніне, искрашылдардың идеяларымен, жоспарларымен және қозғалыстың тарихымен азды-көпті таныс, бұл идеяларды азды-көпті шын ниетімен қостайтын социал-демократтардың ешқайсысы бір минут те күмән келтіре алған жоқ. Мүмкін болатын бұл ең жаман нәтижелермен қалай да күресу керек болды.

Қалай күресу керек? деген сұрау туады. Біз күрескенде, әрине, бұлан-талан болу және жанжалдасу жолымен күреспедік, толық лоялдық және толық заңды амалдарды қолданып күрестік: азшылық (I-параграф жөнінде азшылық болғанымыз сыяқты) екенімізді сезгендіктен, біз азшылықтың праволарын қорғау туралы съезге өтініш кіргізе бастадық. Мүшелер алу тәртібінің өте қатаң болуын да ($\frac{2}{3}$ орнына $\frac{4}{5}$), кооптация жөнінде бірауыздылық болуын да, орталық орындарға кооптация жасағанда өзара бакылаудың болуын да, — ор-

талық орындардың мүшелер құрамы туралы мәселе жөнінде азшылық болып қалғанда біз мұның бәрін қорғай бастадық. Ивандар мен Петрлер бұл фактыны елемейді; олар съезге баға бергенде, барлық протоколдарды және қатысы бар адамдардың барлық «жауаптарын» зер салып тексермей, атүсті, өзара шүйіркелескен бір-екі әңгімеден кейін, соған қарап баға беруге тым әуес. Бұл протоколдар мен жауаптарды шын ниетімен зерттегісі келген әрбір адам, мен көрсеткен мына фактыны мойындамай қалмайды: съездің осы кезеңінде таластың түп тамыры дәл осы орталық орындардың мүшелер құрамы туралы мәселеде болды, және де біз бақылаудың қатаңырақ шарттарын белгілеуді талап еткенде дәл азшылық болғандығымыздан, Либерлер мен Акимовтардың қуана-қуана қатысуымен, соларды қуантып Мартов сындырған «табақты қазықбау шалып берік таңғымыз» келгендіктен талап еттік.

«Егер іс осылай болмаған болса, — дейді съездің бұл кезеңі туралы Павлович жолдас, — онда кооптация жасауда бірауызды дауыстың болуы туралы пунктті ұсынғанда, біз өзімізге қарсылардың қамын ойлаған болып шығамыз, өйткені басым болып отырған партия үшін қандай болса да бір мекемеде бірауызды дауыс керексіз болуы үстіне, пайдасыз да» («II съезд туралы хаттың» 14-беті). Бірақ, кәзіргі уақытта оқыйғалардың хронологиясын жұрт өте жиі, тіпті жиі ұмыта береді, съездің біртұтас кезеңінде кәзіргі азшылықтың көпшілік болғанын (Либерлер мен Акимовтардың қатысуы арқасында) және орталық орындарға кооптация жасау туралы таластың осы дәуірге жататынын, ал бұл таластың орталық орындардың мүшелер құрамына бола «Искра» ұйымында болған ажырасудан туғанын ұмыта береді. Бұл жағдайды анықтап түсінген адам біздің айтыстың неге қызу болғанын да түсінеді; қайдағы бір ұсақ, жеке мәселелер жөніндегі алауыздықтан нағыз маңызды принциптік мәселелердің тууы қайшылық сыяқты болып көрінгеніне ол адам танданбайды.

Сол мәжілісте (277-бет) сөз сөйлеген Дейч жолдастың: «Бұл ұсыныстың осы кезеңге арналғаны күмәнсіз» дегені едәуір дәрежеде дұрыс айтылған сөз болды. Шынында да, осы кезеңнің қыйындығының бәрін түсінгенде ғана, таластың шын мәніне түсінуге болады. Сонсын,

мынаны ескерудің зор маңызы бар: біз азшылық болған кезімізде азшылықтың праволарын қорғадық, қорғағанда — Европаның әрбір социал-демократы заңды және орынды деп таныйтын *әдістермен* қорғадық: атап айтқанда, орталық орындардың мүшелер құрамына қатанрақ бақылау жасалуын съезден өтіндік. Сол съезде, бірақ басқа мәжілісте Егоров жолдас та едәуір дәрежеде дұрысын айтып, былай деді: «Айтыстарда принциптерге сүйенгендікті тағыда естіп отырғанымна мен өте танданамын»... (Ол бұл сөзді Орталық Комитетке мүшелер сайлау жөнінде, съездің 31-мәжілісінде, яғни, кателеспем, бейсембі күні таңертең айтты, ал кәзір сөз болып отырған 26-мәжіліс дүйсембі күні кешке болды)... «Соңғы күндердегі айтыстың бәрінің мәселені белгілібір принциптік түрде қою туралы болмай, тек белгілібір адамның орталық мекемелерге өтуін қамтамасыз ету немесе оның өтуіне бөгет жасау туралы ғана болғаны жұрттың бәріне айқын болса керек. Бұл съезде принциптердің көптен жоғалғанын мойындап, әр затты өзінің шын атымен атайық. (Жұрттың бәрі күледі. Муравьев: «Мартов жолдастың күлімдегенін протоколға жазуды өтінемін».)» (337-бет.) Егоров жолдастың шынында адам күлерлік болған зарлауына Мартов жолдастың да, бәріміздің де сақылдап күлгенімізге тандануға болмайды. Я, «соңғы күндерде» орталық орындардың мүшелер құрамы туралы мәселе жөнінде өте көп, тіпті көп *әңгіме* болды. Бұл рас. Бұл шынында да съезде *жұрттың бәріне айқын болды* (бұл айқын болған жағдайды азшылық тек *енді ғана бүркемелеуге* тырысып отыр). Ақырында, әр затты өзінің шын атымен атау керек екені де рас. Бірақ, құдай ақына, «принциптердің жоғалғандығының» *бұған не қатысы бар еді??* Біз съезге жыйналғанда (10-бетті, съездің күн тәртібін қараныз), *алғашқы күндерде* программа, тактика, устав туралы сөйлесіп, тиісті мәселелерді біржолата шешу үшін және *соңғы күндерде* (күн тәртібінің 18—19-пункттері) орталық орындардың мүшелер құрамы туралы сөйлесіп, *бұл мәселелерді біржолата шешу үшін* жыйналдық. Егер жұрт съездің *соңғы күндерін* дирижердың нұсқаушына бола туған күреске пайдаланып отырса, бұл табиғи және толығынан, бүтіндей заңды іс. (Ал, дирижердың нұсқаушына бола *съездерден кейін* төбелес шықса, онда

бұл орынсыз жанжал болып шағады.) Егер кімде-кім орталық орындардың мүшелер құрамы туралы мәселе жөнінде *съезде* жеңіліп қалса (Егоров жолдас сыяқты), ол адамның *мұнан кейін* «принциптердің жоғалуы» туралы сөз қылуы *мүлде күлкі*. Сондықтан да Егоров жолдасқа жұрттың бәрінің күлуі түсінікті нәрсе. Муравьев жолдас бұл күлкіге Мартов жолдастың қатысқанын протоколға жазуды өтінгенде, оның мұны не себепті өтінгені де түсінікті: *Мартов жолдас Егоров жолдасқа күлемін деп, өзіне өзі күлді...*

Муравьев жолдастың сықағына мынадай фактыны қосу, мүмкін, орынсыз болмас. *Съезден кейін* Мартов жолдастың: біздің ажырасуымызда күрделі роль атқарған мәселе дәл орталық орындарға кооптация жасау туралы мәселе болды, «бұрынғы редакцияның көпшілігі» орталық орындарға кооптация жасау жөніндегі өзара бақылауға тіпті қарсы болды, деп жұрттың бәрін сендіруге тырысқаны жұртқа мәлім. *Съезден бұрын* екі үштікті сайлау және $\frac{2}{3}$ көпшілікпен өзара кооптациялау жөніндегі менің жобамды қабылдап, Мартов жолдас *бұл туралы маған былай деп жазды: «Өзара кооптациялаудың мұндай формасын қабылдаумен қатар, съезден кейін әрбір коллегияның басқарақ негізбен толықтырылатынын атап көрсету керек (мен мынадай кеңес берер едім: әрбір коллегия жаңа мүшелерді кооптациялап алатын болсын, өзінің бұл жөндегі ойын екінші коллегияға білдіретін болсын: екінші коллегия қарсылық білдіре алады, онда дауды Совет шешеді. Істің былықпауы үшін, бұл тәртіп күні бұрын белгіленген кандидаттар жөнінде, ең болмағанда Орталық Комитет үшін қолданылады, бұл кандидаттармен толықтырылғанда тезірек толықтыруға болады). Мұнан кейінгі кооптация партияның уставында белгіленген тәртіп бойынша жасалатынын көрсету үшін, 22-параграфқа*: «алынған қарарларды да сол бекітеді» деп қосу керек» (курсив менікі).*

Түсіндіріп жатудың қажеті жоқ.

* Съездің Tagesordnung-іне (күн тәртібіне. *Ред.*) арналған менің алғашқы жобам туралы және оның барлық делегаттарға мәлім түсінігі туралы сөз болып отыр. Бұл жобаның 22-параграфында дәл осы Орталық Орган мен Орталық Комитетке екі үштік сай-

Орталық орындарға кооптация жасау туралы талас болған кезеңнің маңызын түсіндіргенде, бұған қатысы бар дауысқа қоюларға біраз тоқтап өтуіміз керек — жарыссөздерге тоқтауға тура келмейді, өйткені мен жоғарыда келтірген — Мартов жолдастың сөзінен және менің сөзімнен кейін тек қысқаша репликалар ғана болды; бұл репликаларға аз-кем делегаттар ғана қатнасты (протоколдардың 277—280-беттерін қараңыз). Дауысқа қою жөнінде, Лига съезінде Мартов жолдастың айтуынша, мен «устав төңірегінде болған күресті»... (Мартов жолдас абайламай үлкен шындықты айтты: 1-параграфтан кейін қызу айтыс дәл осы уставтың төңірегінде болды)... «Бундпен коалиция жасаған мартовшылдарға қарсы «Искраның» күресі деп көрсетіп», өзімнің баяндауымда «аса зор бұрмалаушылық» жасаппын (Лига протоколдарының 60-беті).

«Аса зор бұрмалаушылық» туралы осы қызық мәселені кұнттап қарайық. Мартов жолдас Советтің кұрамы туралы мәселені дауысқа қоюды кооптация туралы мәселені дауысқа қоюмен біріктіріп жіберіп, дауысқа қоюларды сегізге бөліп отыр: 1) Советке Орталық Орган мен Орталық Комитеттің әрқайсысынан екі өкілден сайлау — қостағандар 27 (М), қарсы болғандар — 16 (Л), қалыс қалғандар — 7*. (Жақшаның ішінде айта кетелік: протоколдардың 270-бетінде қалыс қалғандардың саны 8, бірақ бұл ұсақ мәселе.) — 2) Советтің бесінші мүшесін съездің сайлауы — қостағандар 23 (Л), қарсы болғандар 18 (М), қалыс қалғандар 7. — 3) Советтің шығып қалған мүшелері орнына Советтің өзінің жаңа мүшелер алуы — қарсы болғандар 23 (М), қостағандар 16 (Л), қалыс қалғандар 12. — 4) Орталық Комитетте бірауыздылық болу — қостағандар 25 (Л), қарсы болғандар 19 (М), қалыс қалғандар 7. — 5) Мүшені қабылдамау үшін дәлелденген бір қарсылық болуын талап ету — қостағандар 21 (Л), қарсы болғандар 19 (М), қалыс қалғандар 11. — 6) Орталық Органға кооптация

лау туралы, бұл алтылықтың $\frac{2}{3}$ көпшілікпен «өзара кооптациялауы» туралы, бұл өзара кооптациялауды съездің бекітуі туралы және Орталық Орган мен Орталық Комитетке онан әрлі өз беттерімен кооптация жасау туралы айтылды.

* Жақшаның ішіндегі М және Л әріптері менің (Л) қай жақта болғанымды және Мартовтың (М) қай жақта болғанын көрсетеді.

жасау жөнінде бірауыздылық болу — қостағандар 23 (Л), қарсы болғандар 21 (М), қалыс қалғандар 7. — 7) Жаңа мүшені қабылдамау туралы Орталық Орган мен Орталық Комитеттің қарарын Советтің бұзуға правосы болуы жөніндегі мәселені дауысқа салудың керектігі — қостағандар 25 (М), қарсы болғандар 19 (Л), қалыс қалғандар 7. — 8) Бұл туралы ұсыныстың өзі — қостағандар 24 (М), қарсы болғандар 23 (Л), қалыс қалғандар 4. *«Бұл арада Бундтың бір делегаты ұсынысты қостап дауыс беріп, басқалары қалыс қалғаны анық»* (курсив менікі) дейді қортындысында Мартов жолдас (Лига протоколдарының 61-беті).

Мынадай сұрау қойылады: ат атап дауысқа қою жоқ кезде, Мартов жолдастың бір бундшылдың өзіне, *Мартовқа*, дауыс бергені *айқын* деп есептейтін себебі не?

Себебі — Мартов *дауыс бергендердің санын* есепке алады да, бұл сан Бундтың дауыс беруге қатнасқанын көрсетсе, ол, Мартов жолдас *бұл қатнасудың* оның, Мартовтың, пайдасына болғанына шек келтірмейді.

Бұл жерде менің «аса зор бұрмалаушылық» жасағандығым қайда?

Барлық дауыстардың саны 51, ал бундшылдардың дауыстарын қоспағанда — 46, рабочеделошылардың дауыстарын қоспағанда — 43. Мартов жолдас келтірген сегіз рет дауысқа қоюдың *жетеуіне* 43, 41, 39, 44, 40, 44, 44 делегат қатнасты, *біреуіне* 47 делегат (дұрысы, дауыс) қатнасты, мұнда да оны бір бундшылдың қолдағанын Мартов жолдастың өзі мойындап отыр. Сөйтіп, Мартов суреттеген (және кем суреттеген, мұны кәзір көреміз) хал-жай *тек, күрестің мен көрсеткен сыйпатын растап, толықтыратын* болып шықты! Өте көп реттерде қалыс қалғандардың саны *өте көп* болып шықты: басқа мәселелермен *салыстырғанда*, мұндай белгілі жеке мәселелерге бүкіл съездің аз көңіл бөлгені, бұл мәселелер жөнінде искрашылдардың толық қалыптанған жігі болмағаны міне осыдан көрінеді. Мартовтың: бундшылдар «өздерінің қалыс қалуымен көріне Ленинге жәрдемдеседі» (Лига протоколдарының 62-беті) деген сөздері *нақ Мартовтың өзіне қарсы дәлел болып отыр*: олай болса, мен кейде *тек* бундшылдар жоқ болғанда немесе олар қалыс қалса *ғана* жеңемін деп есептей алған екенмін. Бірақ, бундшылдар: күреске араласуға *тұрарлық*

деп есептеген реттердің қайсысында болса да, олар Мартов жолдасты қолдады, ал олар тек жоғарыда айтылған ретте — 47 делегат қатысқан ретте ғана араласып қойған жоқ. Съездің протоколдарымен танысқысы келген адам Мартов жолдастың хал-жайды өте таңданарлық түрде кем суреттегенін көреді. Бунд дауыс беруге қатнасқан тағы бір үш ретті Мартов жолдас тіпті тастап кетіп отыр; бұл реттердің бәрінде де Мартов жолдас, әлбетте, жеңіп шыққан. Бұл реттер мынадай: 1) Беделді көпшілікті $\frac{4}{5}$ тен $\frac{2}{3}$ -ге түсіріп кемітетін Фомин жолдасының түзетуі қабылданды. Қостағандар 27, қарсылар 21 болды (278-бет), демек, 48 дауыс қатнасқан. 2) Өзара кооптацияны жою туралы Мартов жолдастың ұсынысы қабылданды. Қостағандар 26, қарсылар 24 болды (279-бет), демек, дауыс беруге 50 дауыс қатнасқан. Ақырында, 3) Орталық Орган мен Орталық Комитетке кооптация жасағанда, мұны тек Советтің барлық мүшелерінің рыйзалығымен ғана істеуге болатындығы туралы менің ұсынысым қабылданбады (208-бет). Қарсылар 27, қостаушылар 22 болды (тіпті ат атап дауысқа қойылды, бірақ амал не, бұл протоколдар да сақталмаған), демек, дауыс берушілердің саны 49 болған.

Қортынды мынау: орталық орындарға кооптация жасау туралы мәселелер жөнінде бундшылдар тек төрт рет дауыс беруге қатнасты (жаңа мен келтірген үш ретте 48, 50 және 49 адам қатнасты; Мартов жолдас келтірген бір ретте 47 адам қатнасты). Осы дауыс берулердің бәрінде де Мартов жолдас жеңіп шықты. Менің баяндауымның бәрі де, Бундпен коалиция жасағандарын көрсеткенім де, басқа мәселелермен салыстырғанда бұл мәселелердің ұсақтық сыйпатын білдіргенім де (қалыс қалғандардың талай реттерде көп болуы), искрашылдардың белгілі жігінің жоқтығын көрсеткенім де (ат атап дауысқа қоюдың болмағаны; жарыссөзде сөйлегендердің өте аз болуы) дұрыс болып шықты.

Менің баяндауымнан Мартов жолдастың қайшылық табуға оқталуы түкке аспайтын әдіспен оқталғандық болып шықты, өйткені Мартов жолдас, істің мән-жайын толық көрсетуге тырыспай, тек жеке сөздерді ғана алды.

Уставтың шетелдік ұйым туралы мәселеге арналған соңғы параграфы тағыда съездегі жіктерді тамаша сыйпаттаған жарыссөздер мен дауысқа қоюларды туғызды. Әңгіме Лиганы партияның шетелдік ұйымы деп тану туралы болды. Акимов жолдас, бірінші съезд бекіткен шетелдік Одақты ескертіп, мәселенің принциптік маңызын көрсетіп, әлбетте, дереу қарсы шыға келді. «Ең алдымен, — деді ол, — бұл мәселенің не олай, не бұлай шешілуіне ерекше практикалық маңыз бермейтінімді ескертіп өтемін. Осы уақытқа дейін біздің партия ішінде жүргізіліп келген идеялық күрестің аяқталмағаны күмәнсіз; бірақ бұл күрес басқа негізбен және күштердің басқаша топталуы жағдайында жүргізіле береді... Уставтың 13-параграфында біздің съезді партиялық съезден фракциялық съезге айналдыру тенденциясы тағы да өте айқын білінді. Партиялық ұйымдардың бәрін біріктіріп, партияның бірлігін сақтау үшін Россиядағы барлық социал-демократтарды партия съезінің қарарларына бағындыру орнына, съезге азшылықтың ұйымын жою, азшылықты жойылуға көндіру жөнінде ұсыныс жасалып отыр» (281). «Сабақтастық» Мартов жолдасқа, орталық орындардың құрамы туралы мәселеде жеңілгенінен кейін, қандай қымбат болса, Акимов жолдасқа да сондай қымбат екенін оқушының өзі көріп отыр. Бірақ, өздерін бір түрлі өлшеумен, басқаларды екінші түрлі өлшеумен өлшейтін адамдар съезде Акимов жолдасқа қарсы өре түрегелді. Программаның қабылданғанына, «Искраның» танылғанына және уставтың түгелінен дерлік қабылданғанына қарамастан, дәл Лиганы «принцип жүзінде» Одақтан бөлектеген «принцип» алға қойылды. Мартов жолдас даурығып былай деді: «Егер Акимов жолдас мәселені принциптік негізге қойғысы келсе, біздің оған ешбір қарсылығымыз жоқ; әсіресе, Акимов жолдас екі ағыммен күресте комбинациялардың болу мүмкіндігін айтқандықтан да қарсылығымыз жоқ. *Бір бағыттың жеңісін мақұлдағанда* (бұл сөздер съездің 27-мәжілісінде айтылып отырғанын байқап қалыңыз!), «Искрамен» тағы бір рет қоштасу мағнасында мақұлдамай, Акимов жолдас айтқан мүмкіндігі бар комбинациялардың қандайымен болса да біржолата қош айтысу мағнасында мақұлдау керек» (282. Курсив менікі).

Істің түр-сыйпаты мынадай: съездегі барлық програм-

малық таластар аяқталғаннан кейін Мартов жолдас орталық орындардың құрамы туралы мәселеде жеңілгенге дейін... мүмкін болған комбинациялардың қандайымен болса да біржолата қоштасумен жүрді! Мартов жолдас съезде сол мүмкін болған «комбинациямен» «біржолата» «қоштасып», съезден кейін екінші күні сол «комбинацияны» емін-еркін жүзеге асырды. Бірақ Акимов жолдас сол кездің өзінде-ақ Мартов жолдастан анағұрлым қырағырақ болды; Акимов жолдас «бірінші съездің тілегінше комитет деп аталған бұрынғы партиялық ұйымның» бес жылдық жұмысын дәлелге келтіріп, сөзінің аяғында сәуегейлік улы тілмен қадап алды: «Біздің партия ішінде өзге ағымның тууынан менің үміттенгенімді бекершілік деп тапқан Мартов жолдастың пікіріне келсек, онда мен: тіпті оның өзі де мені үміттендіреді деуге тиіспін» (283-бет).

Я, мойындау керек, Мартов жолдас Акимов жолдастың үмітін тамаша ақтады!

Үш жыл бойына жұмыс істеген болып есептелген бұрынғы партиялық коллегияның «сабақтастығы» бұзылғаннан кейін Акимов жолдастың айтқанының дұрыстығына көзі жетіп, Мартов жолдас оның соңынан ерді. Акимов жолдастың жеңісі оған қымбатқа түскен жоқ.

Алайда, съезде Акимов жолдасты тек Мартынов, Брукэр жолдастар мен бундшылдар (8 дауыс) ғана қостады және дәйекті түрде қостады. Егоров жолдас, «центрдің» нағыз көсемі ретінде, дәл орталықты ұстады: ол искрашылдарды қостайды екен, оларға «тілектес» екен (282-бет) және сол тілектестігін дәлелдеу үшін, алға қойылған принциптік мәселеге мүлде соқпай кету жөнінде, Лига туралы да, Одақ туралы да сөз қылмау жөнінде ұсыныс жасайды екен (283-бет). Ұсыныс қостаған 15 дауысқа қарсы 27 дауыспен қабылданбады. Анығында, антиискрашылдардан (8) басқа «центрдің» бәрі дерлік (10) Егоров жолдаспен бірге дауыс берді (дауыс бергендердің барлығы 42, олай болса едәуір адам қалыс болған немесе мәжілісте болмаған; өйткені қызығы жоқ және нәтижесінің қандай болатыны күмәнсіз мәселелер дауысқа қойылғанда көп уақытта осылай болатын). Искралық принциптерді іс жүзінде жүзеге асыру туралы әңгіме көтерілсе-ақ «центрдің» «тілектестігі» тек сөз жүзіндегі тілектестік болып шығады, сөйтіп ең әрісі

отыз дауыс немесе отыздан азғана артық дауыс бізді қостайды. Русовтың ұсынысы жөнінде (Лиганы *бірден-бір* шетелдік ұйым деп тану туралы болған айтыстар және дауысқа қоюлар мұны онан сайын айқын көрсетіп отыр. Антиискрашылдар мен «батпақ» енді тура *принциптік* көзқарасқа түсе бастады, жәнеде бұл көзқарасты Либер жолдас пен Егоров жолдас жақтады, олар Русов жолдастың ұсынысын дауысқа қоюға болмайтын, заңға сыймайтын ұсыныс деп жарыялады: «Бұл ұсыныс шетелдік ұйымдардың басқаларының бәрін кұртады» деді (Егоров). Сөйтіп, «ұйымды кұртуға» қатнасысы келмеген шешен, дауыс беруден бас тартқанымен тұрмай, тіпті залдан шығып кетті. Бірақ, әділін айту керек, «центрдің» басшысының нанымы (өзінің қате принциптеріне нанымы) және саяси ерлігі, Мартов жолдасқа және оның серіктеріне қарағанда, он есе артық болды ол, «кұртылған» ұйымды қорғағанда, ашық күресте жеңілген *өзінің үйірмесі әңгіме болғанда ғана* қорғап қойған жоқ, басқа уақытта да қорғады.

Русов жолдастың ұсынысы, — 15 дауысқа қарсы 27 дауыспен, — дауысқа қоюға болады, деп танылды: онан кейін бұл ұсыныс 17 дауысқа қарсы 25 дауыспен қабылданды. Бұл 17 дауысқа мәжілісте болмаған Егоров жолдасты қоссақ, *антиискрашылдар мен «центрдің» толық комплекті (18)* шыға келеді.

Уставтың шетелдік ұйым туралы бүкіл 13-параграфы 12 дауысқа қарсы *31 дауыспен* ғана қабылданды, алты дауыс қалыс қалды. Съездегі искрашылдардың, яғни «Искраның» көзқарастарын дәйектілікпен қорғайтын және *іс жүзінде* жүзеге асыратын адамдардың, шамамен есептегендегі санын көрсететін бұл санды, 31-ді, дауыс берулерге анализ жасауға кіріскеннен бері кемінде *алтыншы рет* кездестіріп отырмыз. (Бунд туралы мәселенің қай орынға қойылуы, Ұйымдастыру Комитеті жөніндегі жанжал, «Южный рабочий» тобын таратып жіберу және аграрлық программа туралы мәселені екі рет дауысқа қою.) Ал Мартов жолдас шынымен бізді: искрашылдардың мұндай «шағын» тобын бадырайтып көрсетуге ешбір дәлел жоқ, деп сендіруге тырысады!

Уставтың 13-параграфын қабылдау, Акимов жолдас пен Мартов жолдастың «дауыс беруге қатнасудан бас тарту» туралы (288-бет) мәлімдемесі жөнінде өте ерек-

ше жарыссөз туғызғанын айтпай кетуге болмайды. Съездің бюросы бұл мәлімдемені карап: Одак тіпті жабылғанда да, бұл Одақтың делегаттарына съездің жұмысына қатысудан бас тартуға ешқандай право бермес еді, деп тапты және бұлай деп табуы өте орынды болды. Бюромен бірге бүкіл съезд, оның ішінде, *31-мәжілісте өздерінің істеген ісін 28-мәжілісте өздері қатты айыптаған* азшылық искрашылар да: дауыс беруден бас тарту — сөзсіз теріс, орынсыз іс деген көзқарасты қостады! Мартов жолдас өзінің мәлімдемесін (291-бет) қорғай бастағанда, Павлович те, Троцкий де, Карский де, Мартов та оған қарсы шықты. Әсіресе Мартов жолдас наразы азшылықтың міндеттерін айқын ұғынды (өзі азшылық болып қалғанға дейін!) және олар жөнінде ерекше уағыз айтып, тілін безеді. Акимов жолдас пен Мартов жолдасқа арнап ол былай лепірді: «Егер сіздер съездің мүшелері болсаңыздар, онда съездің *барлық* жұмыстарына қатнасуға *тиіссіздер*» (курсив менікі; азшылықты көпшілікке бағындырудағы формализм мен бюрократизмді Мартов жолдас ол кезде әлі байқамаған екен!), «егер сіздер мүше болмасаңыздар, онда мәжілісте қала алмайсыздар... Одақтың делегаттары өздерінің мәлімдемесімен маған еріксіз мынадай екі сұрау қойдырып отыр: олар партияның мүшелері ме және олар съездің мүшелері ме?» (292-бет).

Мартов жолдас Акимов жолдасы партия мүшелерінің міндеттерін орындауға үйретеді! Бірақ, Мартов жолдас-тан аздап үміті бар екенін Акимов жолдас тегінге айтқан жоқ-қой... Оның бұл үміті жүзеге асты, бірақ сайлауда Мартов жеңілгеннен кейін ғана жүзеге асты. Өзі туралы емес, басқалар туралы сөз болғанда Мартов жолдас «ерекше заң» деген бірінші рет Мартынов жолдас шығарған (егер кателеспесем) қорқынышты сөзге тіпті құлақ аспайды. Мәлімдеменді қайтып ал деп үгіттегендерге жауап беріп Мартынов жолдас былай деді: «Қарар принциптік қарар болды ма, әлде бұл Одаққа қарсы қолданылған ерекше шара болды ма, бізге берілген түсініктер мұны анықтаған жоқ. Олай болса біз Одақты зәбірледі деп есептейміз. Біз сыяқты, Егоров жолдас та мұны Одаққа қарсы ерекше заң (курсив менікі) деп білді, сондықтан да ол тіпті мәжіліс залынан шығып кетті» (295-бет), Мартов жолдас та, Троцкий жолдас

та, Плехановпен бірігіп, съездің дауысқа қоюы *зәбір-легендік* деп түсінген қыйсынсыз, *шынында қыйсынсыз* идеяға қарсы шықты, сондықтан Троцкий жолдас өзінің ұсынысы бойынша съезд қабылдаған қарарды (Акимов жолдас пен Мартынов жолдас өздерін толық қанағаттандық деп есептей алады дегенді) қорғап, «қарардың обывательдік емес, принциптік сыйпаты бар, бұған *біреудің зәбірленгенінде біздің жұмысымыз жоқ*» (296-бет) деп сендірді. Алайда, біздің партияда үйірмешілдік пен обывательдіктің әлі де өте күшті екені көп ұзамай көрінді, сөйтіп мен астын сызған лепірме сөздер кұрғақ мылжың болып қалды.

Акимов жолдас пен Мартынов жолдас өздерінің мәлімдемесін қайтып алудан бас тартып, съезден кетіп қалды, олар кеткенде делегаттардың бәрі айқайлап: «бұлардың тіпті орынсыз!» деді.

м) САЙЛАУ. СЪЕЗДІҢ АЯҚТАЛУЫ

Уставты қабылдағаннан кейін съезд аудандық ұйымдар туралы қарарды қабылдады, партияның жеке ұйымдары туралы бірсыпыра қарарлар қабылдады және, «Южный рабочий» тобы туралы жарыссөзден — жоғарыда мен талдаған өте ғибратты жарыссөзден кейін, партияның орталық мекемелерін сайлау туралы мәселеге көшті.

Бүкіл съезд «Искра» ұйымының беделді ұсыныс жасауын күтті, бірақ, «Искра» ұйымы бұл мәселе жөнінде екі жікке бөлінді, өйткені ұйымның *азшылығы* съезде *көпшілікті* өзіне қаратып ала алатынын немесе ала алмайтынын ашық және ерікті күресте сынағысы келді; мұның бәрі бізге мәлім. Орталық Орган мен Орталық Комитетке екі үштік сайлау жолымен редакцияны *жаңалау* жоспарының барлығы съезден көп бұрын және съездің өзінде барлық делегаттарға белгілі болды; бұл да бізге мәлім. Съездегі жарыссөздерді анықтау үшін осы жоспарды толығырақ тексеріп қарайық.

Съездің Tagesordnung-інің жобасына арналған және сол жоспарды баяндаған менің түсінігімнің тексті мынау*: «съезд Орталық Органның редакциясына үш адам және Орталық Комитетке үш адам сайлайды. Бұл алты

* Менің ««Искра» редакциясына хатымның» 5-бетін және Лига протоколдарының 53-бетін қараңыз.

адам өзара бірігіп, $\frac{2}{3}$ көпшілікпен, керек болған уақытта Орталық Органның редакциясының және Орталық Комитеттің құрамын кооптация жолымен толықтырады және съезге тиісті баяндама жасайды. Бұл баяндаманы съезд бекіткеннен кейін, онан арғы кооптацияны Орталық Органның редакциясы мен Орталық Комитет өз алдына жеке жүргізеді».

Бұл текстіден жоспар, екі мағна беруге болмайтын, өте айқын түрде анықталып отыр: жоспар бойынша, редакция практикалық жұмыстың ең беделді басшыларының қатысуымен жаңартылады. Жоғарыда келтірілген текстіні аз да болса зер салып оқып шыққан әрбір адамға бұл жоспардың мен көрсеткен екі сыйпатының екеуі де бірден айқын болады. Бірақ кәзіргі уақытта ең айқын нәрселерді де түсіндіріп жатуға тура келеді. Жоспар редакцияны дәл жаңалауды көздейді, оның мүшелерінің санын міндетті түрде көбейтуді және міндетті түрде азайтуды емес, дәл сол жаңалауды көздейді, өйткені көбейту немесе азайту мүмкіншілігі туралы мәселе ашық қалдырылған: кооптация тек қажет болғанда ғана қолданылады. Бұл жаңалау туралы мәселе жөнінде түрлі адамдардың айтқан ұйғарындылары ішінде, редакцияның мүшелерінің санын кемітуге болады және жетіге дейін (мен жетілікті қашан да алтылықтан анағұрлым қолайлы деп есептедім), ол түгіл тіпті он бірге дейін (мен мұны, жалпы социал-демократиялық ұйымдардың бәрімен, әсіресе Бундпен және Польша социал-демократиясымен тату біріккенде мүмкін болады деп есептедім) көбейтуге болады, деген жоспарлар болды. Бірақ, «үштік» туралы айтушы адамдар дағдыда ескермейтін ең басты мәселе — Орталық Органға арғы жерде кооптация жасау мәселесін шешуге Орталық Комитеттің мүшелерінің қатнасуын талап ету. Ұйымның көптеген мүшелерінің бәрі ішінде және съездің «азшылықтан» келген делегаттарының ішінде бұл жоспарды білгендерден және қостағандардан (не әдейі өздерінің рыйзалығын білдіру арқылы не өздерінің үйлемеуі арқылы қостағандардан) ешбір жолда бұл талаптың маңызын түсінуге тырысқан жоқ. Біріншіден, редакцияны жаңалау негізіне не себепті дәл осы үштік қана алынды? Анығында, — егер тек қана, немесе, ең болмағанда, көбінесе коллегияны кеңейту көзделген болса, егер бұл коллегия шынында «ынтымақты»

деп танылса, — бұл мүлде қыйсынсыздық болған болар еді. «Ынтымақты» коллегияны кеңейту үшін сол бүкіл коллегия негізге алынбай, тек оның бір бөлегі негізге алынса, бұл таңданарлық іс болар еді. Анығында, коллегияның құрамын жаңалау туралы, бұрынғы редакторлық үйірмені *партиялық мекемеге* айналдыру туралы мәселені талқылап, *шешу* үшін коллегия мүшелерінің *кейбіреулері* толық жарамды деп танылмады. Анығында, кеңейту түрінде жаңалауды тілеген адамның өзі де бұрынғы құрамды ынтымақсыз, партиялық мекеменің идеалына үйлесімсіз деп таныды, әйтпесе *алтылықты* кеңейту үшін әуелі оны кемітіп *үштікке* түсірудің қажеті болмаған болар еді. Тағы айтамын: бұл өзінен өзі анық нәрсе, сондықтан мұны ұмыттырса, тек «жеке адамдардың» араластырылуы арқылы мәселенің уақытша былығуы ғана ұмыттыра алды.

Екіншіден, жоғарыда келтірілген текстіден мынаны көруге болады: үштікті кеңейту үшін, *Орталық Органның үш мүшесінің бәрінің рыйзалығы да* әлі жеткілікті болмаған болар еді. Бұл да әрқашан ескерілмейді. Кооптация жасау үшін *алтаудың 2/3 бөлегі* яғни *төрт* дауыс керек, демек, Орталық Комитеттің сайланған үш мүшесі «veto» десе-ақ, *үштіктің қандай да болса кеңейтілуі мүмкін болмас еді*. Керісінше, Орталық Органның редакциясының үш мүшесінің тіпті екеуі онан арғы кооптацияға қарсы болса да, сонда да, Орталық Комитеттің барлық үш мүшесі кооптацияға риза болса, кооптация жасалған болар еді. Сөйтіп, анығында, бұрынғы үйірмені партиялық мекемеге айналдырғанда съезд сайлайтын практикалық жұмыстың басшыларына *шешуші* дауыс беру жағы көзделді. Бұл жөнде қандай жолдас-тарды шамамен ұйғарғанымыз мынадан көрінеді: редакция, съезде коллегия атынан сөйлеуге тура келуі мүмкіндігін ескеріп, съезге дейін өзінің құрамына жетінші мүше етіп бірауыздан Павлович жолдасты сайлады; Павлович жолдастан басқа жетінші мүшенің орнына «Искра» ұйымының көптенгі бір мүшесі және Ұйымдас-тыру Комитетінің мүшесі ұсынылды, *ол кейіннен Орталық Комитеттің мүшелігіне сайланды*.

Сонымен, екі үштікті сайлау жоспары көріне: 1) редакцияны жаңалауды көздеді, 2) партиялық мекемеге лайықсыз болатын бұрынғы үйірмешілдіктің кейбір бел-

гілерін редакцияда қалдырмай жоюды көздеді (егер жоятын түк болмаса, онда алғашқы үштікті ойлап шығарудың қажеті болмаған болар еді!), ақырында 3) әдеби коллегияның «теократиялық» белгілерін жоюды көздеді (үштікті кеңейту туралы мәселені *шешуге* көрнекті практиктерді қатыстыру жолымен жою). Барлық редакторлар танысқан бұл жоспар, анығында, жұмыстың *үш жылдық тәжірибесіне* негізделіп жасалды және революциялық ұйымның өзіміз *толық* дәйектілікпен жүзеге асырған принциптеріне үйлестіріліп жасалды: «Искра» майданға шыққан *бытырау* дәуірінде жеке топтар, үйір-мешілдіктің кейбір зиянды көріністерінен лажсыз азап шеге отырып, көп уақытта кездейсоқ және стихиялық түрде құрылды. Партия құру мұндай белгілерді жоюды керек қылды және оларды жоюды талап етті; мұны жоюға көрнекті практиктердің қатысуы *қажет* болды, өйткені редакцияның кейбір мүшелері *әрқашан* ұйымдастыру жұмыстарын басқарды, сондықтан партиялық мекемелер системасына, тек әдеби коллегия ғана кірмей, саяси басшылар коллегиясы кіруге тиіс болды. Съезге алғашқы үштікті сайлауға право беру, «Искраның» ежелгі саясатының тұрғысынан қарағанда, сондай табиғи нәрсе болды: біз съезге мейлінше *сақтықпен* даярландық, программаның, тактиканың және ұйымның таласты принциптік мәселелерінің *толық* анықталуын күттік; бұл негізгі мәселелерде аса көпшіліктің ынтымақты болуы мағнасында, съездің *искралық* съезд болатынына біз *күмәнданбадық* («Искраны» басшы орган деп тану туралы қарарлар да бұған шінара дәлел болды), сондықтан, «Искраның» идеяларын тарату және оны партияға айналдыруға даярлық жасау жөніндегі жұмыстардың бәрін өздері атқарған жолдастардың, партиялық жаңа мекемеге неғұрлым жарамды кандидаттар көрсету мәселесін *өздерінің* шешуіне ерік беруге *тиісті* болдық. Бұл жоспарды жұрттың бәрінің қабылдауы, онымен бәсекелесетін басқа ешбір жоспардың болмауы «екі үштік» жоспарының табиғи жоспар болғандығынан *ғана*, «Искраның» бүкіл саясатына, іске азды-көпті жақын тұрған адамдардың «Искра» туралы білгендерінің бәріне бұл жоспардың *толық үйлескендігінен ғана деп түсіндіруге* болады.

Сонымен, съезде Русов жолдас ең алдымен *екі үштік* сайлауды ұсынды. *Оппортунизмге салыну жөнінде жаладан тағылған айыптарға бұл жоспардың байланысы бар, деп бізге хат арқылы білдірген* Мартовтың жақтастары, алайда, алтылық пен үштік туралы таласты бұл айыптаудың дұрыстығы немесе терістігі туралы мәселеге айналдыруды *ойлаған да жоқ. Олардың біреуі де бұл туралы аузын да ашқан жоқ!* Алтылықпен және үштікпен байланысты сарындардың принциптік айырмасы туралы *олардың біреуі де бір сөз айтуға батылдық еткен жоқ.* Олар көбірек қолданылатын және арзанырақ әдісті қолдануды — *аяушылыққа қол артуды, мүмкін болған зәбірді дәлел қылуды, «Искраны» Орталық Орган етіп тағайындау арқылы редакция туралы мәселе енді шешіліп қойды,* деп өтірік сырт көрсетуді артық көрді. Бұл соңғы дәлел — Кольцов жолдастың Русов жолдасқа қарсы қойған дәлелі — *турадан-тура жалған дәлел.* Съездің күн тәртібіне ерекше екі пункт (протоколдардың 10-бетін қараңыз) енгізілді, — әрине, кездейсоқ енгізілген жоқ, — бұл пункттер: 4-пункт — «Партияның Орталық Органы» және 18-пункт — «Орталық Комитетті және Орталық Органның редакциясын сайлау». Бұл бір, екіншіден Орталық Органды тағайындағанда, делегаттардың *бәрі де* үзілді-кесілді: *мұнымен редакция бекітілмейді, тек бағыт бекітіледі** деп мәлімдеді; бұл мәлімдемелерге қарсы *бір де наразылық жасалған жоқ.*

* Протоколдардың 140-бетін қараңыз; *Акимовтың* сөзі: ...«маған Орталық Органның сайлауы туралы кейіннен сөз қыламыз, деушілер болды»; *Акимовқа* қарсы *Муравьевтің* сөзінде *Акимовтың* «Орталық Органның келешектегі редакциясы туралы мәселені өзіне өте жақын көретіндігі» айтылды (141-бет); *Павловичтің* сөзінде органды тағайындағаннан кейін біздің «нақтылы материал» алғандығымыз туралы, «*Акимов жолдастың* соншама қамдаған жұмыстарын сол материал бойынша жүргізе алатындығымыз» туралы және «партияның қарарларына» «*Искраның*» «бағынуы» жөнінде титтей де күмән болмауға тиіс екені туралы айтылды (142-бет); *Троцкийдің* сөзі: «редакцияны бекітпесек, онда «*Искраның*» несің бекітеміз?... Атын емес, бағытын... атын емес, туын» (142-бет); *Мартыновтың* сөзі: ...«Басқа да көп жолдастар сыяқты, мен де былай деп ойлаймын: белгілі бағыты бар газет есебінде «*Искраны*» Орталық Органымыз деп тану туралы мәселені талқылағанда, біз кәзір оның редакциясын сайлау немесе бекіту әдісі туралы сөз қозғамауымыз керек; бұл туралы кейіннен, күн тәртібінің тиісті жерінде сөз болады»... (143-бет).

Сонымен, белгілі органды бекітуімен съезд асылында редакцияны да бекітті деген мәлімдеме — азшылық жағындағылардың (Кольцовтың, 321-бет, Посадовскийдің, сол бетте, Поповтың, 322-бетте және басқа көп адамдардың) талай рет қайталап айтып жүрген мәлімдемесі — *факт жүзінде турадан-тура жалған* мәлімдеме болып шықты. Бұл — орталық орындардың құрамы туралы мәселеге *жұрттың бәрі шынында әділдікпен* қарай алатын уақытта ұстаған позициядан *шегінгендікті* бүркейтін *маневр* болғаны жұртқа айқын көрініп отыр. Шегінгендікті принциптік дәлелдермен де ақтауға болмай қалды (өйткені, *съезде «оппортунизмге салыну жөнінде жаладан тағылған айып»* туралы мәселе көтеру азшылық үшін өте *тиімсіз* болды, сондықтан азшылық бұл туралы *ауыз ашқан жоқ*), алтылықтың немесе үштіктің шын іскерлігі жөніндегі *фактылы* мәліметтерге сүйенумен де ақтауға болмай қалды (өйткені бұл мәліметтерді тек қозғаудың өзі-ақ азшылыққа қарсы таудай дәлелдер тауып берер еді). Сонсын, «жүйелі бүтін» туралы, «ынтымақты коллектив» туралы, «жүйелі және кіршіксіз тұтас бүтін», т. с. туралы *құрғақ сөзбен* сылтауратып кұтылуға тура келді. Мұндай дәлелдердің дереу нағыз шын атымен: «*бишаралық сөздер*» (328-бет) деген атпен аталғанына тандануға болмайды. Үштіктің жоспарының өзі «ынтымақтықтың» жеткіліксіз екеніне айқын дәлел болды, ал бас қосып жұмыс істеген бір айдан артық уақыттың ішінде делегаттардың алған әсері, анығында, делегаттардың *өз бетімен* баға беруі үшін толып жатқан материал тауып берді. Посадовский жолдас бұл материалды аңғартқанда (оның көзқарасынша абайламай, ойланбай аңғартқанда: оның «үйлеспеушілік» деген сөзді «шартпен» қолданғаны туралы 321 және 325-беттерді қараңыз), Муравьев жолдас турасынан былай деді: «Менің пікірімше, мұндай* үйлеспеушіліктің күмәнсіз барлығы кәзіргі кезде

* Посадовский жолдастың нақ қандай «үйлеспеушілікті» айтқанын съезде білмей-ақ қойдық. Ал Муравьев жолдас сол мәжілісте (322-бет) өз пікірінің дұрыс берілмегенін айтты, ал протоколдарды бекіткен кезде турасынан былай деді: «мен съезде түрлі мәселелер жөніндегі жарыссөзде байқалған үйлеспеушіліктер, принциптік үйлеспеушіліктер туралы айттым; мұндай үйлеспеушіліктің кәзіргі уақытта барлығы, амал не, факт болып отыр, мұны ешкім де бекер дей алмайды» (353-бет).

съездің көпшілігі үшін өте айқын болып отыр» (321-бет). Азшылық Муравьев жолдасқа қарсы шығуға бата алмай, алтылықты қорғау үшін *істің шын мәнінде бір де* дәлел көрсете алмай, «үйлеспеушілік» деген сөзді (Муравьев емес, Посадовский бастап шығарған сөзді) адамның қара басына қатысы бар бір нәрсе деп қана түсінгісі келді. Сөйтіп, түк өнбейтіндігі жағынан масқара күлкі боларлық талас туды: көпшілік (Муравьев жолдас арқылы) алтылық пен үштіктің шын мәнін өздері *толық айқын көріп отырғандықтарын* айтты, ал азшылық бұған тіпті құлақ аспады және «біздің мұны айыруға мүмкіншілігіміз жоқ» деп сендіруге тырысты. Көпшілік мұны айыру мүмкін деп есептегені былай тұрсын, ол мұны «айыруға кірісіп», мұны айырудың нәтижелері оған *толығынан* айқын болып отырғанын айтты, ал азшылық тек «бишаралық сөздерді» бетке ұстап, мұны *айырудан қорқатын* болса керек. Көпшілік «біздің Орталық Орган тек әдеби топ қана емес екенін есте тұтуға» кеңес берді, көпшілік «Орталық Органның басында *толық қалыптанған съезге мәлім адамдар*, мен айтқан талаптарға (яғни тек әдебиет жөніндегі талаптарға ғана емес, 327-бет, Ланге жолдастың сөзі) *сай келетін адамдар* болуын тілейді». Азшылық тағыда қарсы шығуға бата алмады және, тек әдебиеттік қана емес коллегия үшін, оның пікірінше, кімнің жарамды екені, кімнің «толық қалыптанған және съезге мәлім» адам екені туралы түк айтпады. Азшылық бұрынғысынша атышулы «ынтымақтықты» бетке ұстап, бой жасырды. Ол ол ма. Азшылық тіпті принципінде мүлде теріс дәлелдер келтірді, сондықтан бұл дәлелдерге қатты сокқы берілуі әділ болды. «Редакцияны қайтадан пішіп-кесуге съездің, — көресіз бе, — адамгершілік жағынан да, саяси жағынан да *правосы жоқ*» (Троцкий, 326-бет), «бұл өте қытыққа тиетін (sic!) мәселе» (бұл да соның сөзі), «*редакцияның сайланбаған мүшелері съездің оларды мұнан былай редакцияның құрамында қалдырғысы келмейтініне қалай қарауға тиіс?*» (Царев, 324-бет)*.

Нағыз принциптік, нағыз саяси дәлелдер жөнінде бан-

* Посадовский жолдастың сөзін салыстыр: ...«Бұрынғы редакцияның алты мүшесінің үшеуін сайласаныздар, онда сіздер қалған үшеуін керексіз, артық адамдар деп таныйсыздар. Ал мұны істеуге сіздердің *праволарыңыз да жоқ, дәлелдеріңіз де жоқ*».

КРОТ БОЛГАЙДЫКТЫ ТУРАДАН-ТУРА МОЙНАДАГАЙДЫК БОЛМАШ
 КУЭТ СОАТЪ... (The text is extremely faded and largely illegible, appearing as a series of overlapping lines of characters.)

... (The text continues with more faded and illegible lines.)

... (This block contains the final lines of the document, which are also very faint and difficult to read.)

Бірақ сайлауға қарсы ақылға сыйымды және іске жана-насымды дәлелдер табуға ешбір мүмкіншілігі болмағандықтан, азшылық партиялық іске обывательдікті әкеліп тықпалаудың үстіне тіпті *жанжал* шығаратын *тәсілдер* қолдануға дейін барды. Шынында да, Муравьев жолдас-

Ол таласты толық суреттеп көрсетуге тырыспады. Бұл таласта өзінен-өзі келіп шыққан бірден-бір нағыз *принциптік* мәселеге: обывательдік бауырмалдық па әлде қызмет адамдарын сайлау ма? Партиялық көзқарас па әлде Иван Ивановичтердің өкпелеуі ме? деген сұраққа мүләйімсіп соқпай кетті. Мартов жолдас бұл арада да оқыйғаның жеке және бір-біріне байланысы жоқ бөлшектерін жұлып алумен, оған қоса мені түрліше бәлағаттаумен қанағаттанды. Бұл аздық қылады, Мартов жолдас!

Мартов жолдас әсіресе: съезде Аксельрод, Засулич, Старовер жолдастарды *неге* сайламады, деген сұрақты қойып *менің* мазамды алады. Обывательдік көзқарасқа түскендіктен, ол мұндай сұрақтар қоюдың *әдепсіздігін* байқамайды (ол мұны өзінің редакциядағы серігі Плеханов жолдастан неге сұрамайды?). Менің съезде азшылықтың алтылық туралы мәселе жөніндегі қылығын «әдепсіздік» деп санағанымнан және онымен қатар партиялық әшкерелікті талап еткенімнен ол қайшылық таппақ болады. Мәселенің үзінділерін алмай, оның *барлық* егжей-тегжейін алып, тұтас суретін беруге тырысса, бұл жерде қайшылық жоқ екенін Мартовтың өзі де ойнай көрген болар еді. Мәселені обывательдік көзқараспен қою, аяушылық пен өкпелеушілікке қол арту әдепсіздік болды; партиялық әшкереліктің мүдделері алтылықтың үштіктен артықшылығына шын *мәнінде* баға беруді, қызмет орындарына ұсынылған кандидаттарға баға беруді, сарындарға баға беруді талап еткен болар еді: *азшылық съезде бұл туралы жұмған аузын ашқан жоқ.*

Протоколдарды күнттап зерттесе, Мартов жолдас делегаттардың сөздерінде алтылыққа қарсы *бірталай* дәлелдер бар екенін көрген болар еді. Бұл сөздерден теріп алынған үзінділер міне мынадай: біріншіден, принциптік сарындар мағнасында, бұрынғы алтылықтағы үйлеспеушіліктер айқын көрініп отыр; екіншіден, редакциялық жұмысты техника жағынан оңайлатқан жөн; үшіншіден, обывательдік бауырмалдықтан гөрі істің пайдасы қажеттірек; сайланған адамдардың оларға жүктелген қызметтерге лайықты болуын тек сайлау ғана қамтамасыз етеді; төртіншіден, съездің сайлау бостандығына шек қоюға болмайды; бесіншіден, партия кәзір Орталық Органда тек әдебиеттік топтың ғана болуын керек қылмайды, Орталық Органда тек әдебиетшілер ғана емес, администраторлар да болуы керек; алтыншыдан, Орталық Органда толық қалыптанған, *съезге* мәлім адамдар болуы керек; жетіншіден, алты адамнан құрылған коллегия көбінесе кабілетсіз болады, оның жұмысы уставтың дұрыс болмауы *арқасында емес*, қайта *оған қарамастан* орындалып келген; сегізінші, газетті басқару — партиялық (іс үйірмелік іс емес), т. т. — Егер сайланбаудың себептері туралы мәселемен танысқысы келсе, Мартов жолдас осы пікірлердің әрқайсысына *ой жіберіп*, олардың *ең болмағанда біреуін* теріске шығарып көрсін.

ка «қыйын тапсырмаларды міндетіне алмауға» (322-бет) кеңес берген Попов жолдастың қолданған тәсілін қалайынша осылай деп атамассын? Бұл, Сорокин жолдастың әділ айтқанындай (328-бет), «баска біреудің ішіне кіріп шыққандық» емей не? Бұл, саяси дәлелдері болмағандықтан, «адамның қара басын» пайдаланғандық емей не? «Біз мұндай тәсілдерге әрқашан қарсы болдық» дегенде, Сорокин жолдас шын айтты ма әлде өтірік айтты ма? «Дейч жолдастың өз дегеніне көнбеген жолдастарды маскаралауға тырысып қыр көрсетуі орынды ма?»* (328-бет).

Редакция туралы мәселе жөніндегі жарыссөзге қортынды жасалық. Үштік жобасының делегаттарға съездің нақ бас кезінде және съезге дейін де мәлім болғанын, демек, бұл жобаның съезде болған оқыйғаларға және таласқа байланысы жоқ пікірлер мен мәліметтерге негізделіп жасалғанын көпшілік сан рет көрсетті; мұны азшылық бекерге шығарған жоқ (және бекерге шығарып көрген жоқ). Алтылықты жақтағанда азшылық обывательдік ой-пікірден туған принципінде теріс және орынсыз позицияда болды. Қызметке ұсынылған әрбір кандидатқа, сол қызметте атқарылатын міндеттерге оның лайықты немесе лайықсыз екендігіне баға беру жағына мүлде жоламай, азшылық қызмет адамдарын сайлау жөніндегі партиялық көзқарасты өздерінің ұмытқандығын көрсетті. Атышулы ынтымақтықты сылтау қылып, біреуді біреу бейнебір «өлтіргелі тұрғандай», «көз жасын тө-

* Дейч жолдастың сөздерін (324-бетпен салыстыр — «Орловпен екі арадағы қатты егес») Сорокин жолдас сол межілісте осылай түсінді. Дейч жолдас «мұндай ешнәрсе айтпағанын» түсіндірді (351-бет), бірақ соған өте-мөте «ұқсас» бір нәрсе айтқанын оның өзі сол жерде-ақ мойындады. Дейч жолдас былай деп түсіндіреді: «Мен — кім батылдық етеді, дегенім жоқ, мен — үшеуді сайлау сыяқты мұндай қылмысты (sic!) ұсынысты қолдануға батылдық ететін адамдардың кімдер екенін (sic! Дейч жолдас түзетем деп бүлдіріп алады) көргім келеді дедім» (351-бет). Дейч жолдас Сорокин жолдастың сөздерін бекерге шығарған жоқ, қайта оны растады. Дейч жолдас Сорокин жолдастың «бұл жерде ұғымдардың бәрі де шатасып кеткен» (азшылықтың алтылықты жақтағандағы дәлелінде) деп таққан кінәсін растады. Дейч жолдас Сорокин жолдастың: «біз партия мүшелері тек саяси тұрғыдан қарап іс етуге тиіспіз де» деп әліппедей мәлім шындықты ескертуінің орынды екенін растады. Сайлауды қылмысты іс деп айқай салу тек обывательдіктің ғана емес, тіпті жанжалшының дәрежесіне түсіп төмендегендік болады!

гіп» және «екіленіп» (327-бет, Лангенің сөзі), азшылық мәселені шын мәнінде қараудан *тайсалып* қашты. Азшылық «ашу үстінде» тіпті «басқа біреудің ішіне кіріп шығуға» дейін, сайлауды «қылмысты» іс деуге дейін және сол сыяқты жөнсіз тәсілдер қолдануға дейін барды (325-бет).

Біздің съездің отызыншы мәжілісінде алтылық пен үштікке бола туған күрес — *обывательдіктің партиялықпен* күресі, барып тұрған нашар «қара бастың мүдделерінің» *саяси ой-пікірмен* күресі, *бишаралық сөздердің революциялық борыш* жөніндегі жұртқа мәлім ұғымдармен күресі болды.

31-мәжілісте де, бұрынғы редакцияны бүтіндей бекіту туралы ұсынысты съезд 17 дауысқа қарсы 19 дауыспен, үш дауыс қалыс қалып, қабылдамаған кезде (330-бет және түзетулерді қараңыз) және *бұрынғы редакторлар* мәжіліс залына қайтып келген кезде Мартов жолдас өзінің «бұрынғы редакцияның көпшілігі атынан жасаған мәлімдемесінде» (330—331-беттер) саяси позициясының және *саяси ұғымдарының* сол солқылдақтығын және сол тұрақсыздығын онан сайын толық көрсетті. Қоллективтік *мәлімдеменің* және менің оған қайтарған жауабымның (332—333-беттер) әрбір пунктін толығырақ тексеріп қарайық.

Бұрынғы редакция бекітілмегеннен кейін Мартов жолдас былай деді: «Бүгіннен бастап бұрынғы «Искра» жоқ, сондықтан оның атын өзгерту дәйектілік болар еді. Қалай да съездің алғашқы мәжілістерінің бірінде «Искраға» білдірілген сенімге съездің жаңа қаулысында едәуір шек қойылғанын көріп отырмыз».

Мартов жолдас серіктерімен бірге, *саяси дәйектілік* туралы шынында қызық және көп ретте сабақ аларлық мәселе көтерді. «Искраны» бекіткенде жұрттың *бәрінің* сөйлегенін дәлелге келтіріп, мен бұған бұдан бұрын жауап бергенмін (протоколдың 349-бетін жоғарыдағы 82-бетпен салыстыр)*. Саяси дәйексіздіктің ең сорақы оқыйғаларының бірін көріп отырғанымыз күмәнсіз; кімнің саяси дәйексіздігі, — съездің көпшілігінің бе, әлде бұрынғы редакцияның көпшілігінің бе, бұған оқушылар төрелігін берсін. Басқа екі мәселенің де, Мартов жолдас

* Осы томның 322—323-беттерін қараңыз. *Ред.*

және оның сөздері өте ауырлықпен қолданылмайтындығын
 айтқанын білдірді. Оның ішінде (1) Ортақ
 Орыс тілінің редакциясының қызметі туралы айтылды. Ту-
 ралы сөздің қолданылуы туралы «жүйелі» болды-
 рлық еніне тек қолданылуы бар деп тануы туралы
 білдірілді. Қазірдегідей әдебиеттің қолданылуы туралы
 2) бұрынғы «Мектеп» журналында қай жерден бастап
 жөгі болып отыр, оны П. С. Левако вестігіне бастап баста-
 ған кезден — 4) жерден бастап жөгі болып отыр ма
 әлде оны бұрынғы редакцияның қолданылуы бастап баста-
 таған кезден — 3) жерден бастап жөгі болып отыр ма?
 Егер бұрынғы кезден өте қызықты принципті мәселе бол-
 са, қызықты мәселе — өте қызықты принципті мәселе.

Мұндай аяқ Мәртос жолдас бұлай дайді: «Біздің редак-
 сиялы үш адамға саялауға қарап алынғандықтан, мен
 өз атымаң және қарап үш жолдасың атымаң. Мұн-
 дай және редакцияға бұлай бұзғандық етіссейін,
 деп мәлімдеймін. Бізге тұрады оның үстіне мынаны біл-
 діміз: кейбір жолдасыңның менің атымаң, осы «сүй-
 тікке» ұштылығын қамтамасыз етуді есебінде, тізіме
 жазыла келгені рас болса, онда мұны мен өзімді соры-
 сыз қорлатандық (sic) деп болуға тиістімін. Мен мұны
 айтқанда, редакцияны өзгертуге қарап шығарылғандығы
 жолдасыңның ескерін айтты отырмын. Бұны қарап қайда-
 ғыбір «егестер» болуға себепті, бұрынғы редакцияның іс
 атына алмай себепті шығарылды, және де сөзді бұл
 егестер туралы редакциядан сұрастырмай және редак-
 сияның іс атына алмайтындығы туралы мәселе көтеру
 үшін ең болмаса комиссия құрмай, бұл мәселені үзілді-

* Мәртос жолдас Посадковский жолдасын «сүйлесушілік» де-
 ген сөзін айтты болса керек. Тағыда айтамын. Посадковский
 жолдас өзінің де айтқанын келгенін сөзге түсіндірмей-ақ қойды.
 Бірақ осы сөзді қолданған Мұртос жолдас сөзіндегі жарыссөздерде
 бұл сөздің принциптік сүйлесушіліктер туралы айтқанын түсіндір-
 ді. Төрт редактор (Плеханов, Мәртос, Аксельрод және мен) қат-
 теген бірдей бір қауым принциптік жарыссөз уставын I-парагра-
 фы туралы болғанын және Мәртос жолдас пен Старовер жолдас,
 редакцияны өзгертудің дәлелдерінің бірі есебінде, «оппортунизм-
 ге салыну жөнінде жалалан тағылған айыпқа» хат арқылы нара-
 қылық билігімен оқушылар еске түсірер. Мәртос жолдас бұл
 қауымда редакцияны өзгерту жоспарымен «оппортунизм» айып
 қалайды деп деп тапты, ал сөзінде «қайдағыбір егестерді» бұл-
 дың иерархиямен қарағанда, «Оппортунизмге салыну жөнінде
 жаңадан тағылған айып» соның өзінде-ақ ұмытылыпты!

кесілді мағнада шешті»... (Съезге «редакциядан сұрас-тыруға» немесе комиссия құруға ұсыныс жасау азшы-лықтың ішінде ешкімнің ойына келмеуі таңданарлық іс! Мұндай ұсыныс жасалмауы, «Искра» ұйымының жікте-луінен кейін және Мартов жолдас пен Старовер жолдас жазған келіссөздер сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, мұн-дай ұсыныс пайдасыз болғандықтан емес пе?)... «Мұн-дай жағдайларда кейбір жолдастардың мені осындай жолмен өзгертілген редакцияда жұмыс істеуге рыйза болады деп жорамалдауын мен: өзімнің саяси беделіме кір жүктырғандық, деп есептеуге тиіспін»...*

Съезден кейін соншама күшейген және құр жанжал деуден басқа ат қоюға болмайтын бұл қылықтың үлгісін және қалай басталғанын оқушыға көрсету үшін, мен бұл баяндауды әдейі түгелінен келтірдім. Құр жанжал деген сөзді мен мұнан бұрын ««Искра» редакциясына хатым-да» қолдандым және, редакцияның наразылығына кара-мастан, оны шарасыз қайталап отырмын, өйткені мұның дұрыс айтылған сөз екені даусыз. Құр жанжал «жаман оймен» туғызылады (жаңа «Искра» редакциясының қо-рытқаны сыяқты) деп ойлау қате: біздің жер аударыл-ғандармен және эмигранттық колониялармен азды-көпті таныс әрбір революционер, «ашу үстінде» және тұрмыс-тың ауыр, жиреніш жағдайларында бір-бірін тым өрес-кел айыптаған, сенбеушілік білдірген, өздерін өздері

* Мартов жолдас оның үстіне: «Мұндай рольді атқаруға көнсе Рязанов көнер, бірақ Мартов көнбейді, Мартовты сіздер оның жұ-мысы арқылы білесіздер-ғой деп ойлаймын» деді. Бұл Рязановтың өз басын кінәлау болғандықтан, Мартов жолдас бұл сөзін қайтып алды. Бірақ Рязанов съезде жалпы есім ретінде аталып отырды, аталғанда өз басының белгілі бір қасиеті үшін аталған жоқ (өз басын сөз қылу орынсыз болар еді), «Борьба» тобының саяси кескіні үшін, оның саяси қателері үшін аталды. Адамның өз басы-ның намысына тимек болған немесе шынында да намысына тиген сөздерін қайтып алса, Мартов жолдас өте жақсы істеген, бірақ партияға сабақ болуға тиісті саяси қателерді бұған бола ұмытуға болмайды. «Борьба» тобы біздің съезде айыпталғанда «ұйымдасу ісін былықтырғаны» үшін, «ешбір принциптік ой-пікірден тумаған бытыраушылықты» енгізгені үшін (38-бет, Мартов жолдастың сө-зі) айыпталды. Партия съезіне дейін жалпы былық кезінде кішке-не топ тарапынан болғанда ғана емес, партия съезінен кейін, бы-лықты жою дәуірінде, тіпті ««Искра» редакциясының көпшілігі мен «Еңбекті азат ету» тобының көпшілігі» тарапынан болғанда да, мұндай саяси қылық сөзсіз сөгуге тұрарлық қылық.

айыптаған, адамның «қарабасын» кінәлаған, т. с. ондаған кūr жанжалды көрген бөлар. Бұл жанжалдардың тууы қаншама жаманшылық бола тұрса да, ақылы дұрыс ешбір адам бұл жанжалдардан қалай да жаман ойлық табамын дей қоймас. Мартов жолдастың сөзінен мен келтірген абзацта болып отырған сорақылықтардың, адамның намысына тиюшіліктің, қыялдағы қорқыныштың, адамның ішіне кіріп шығушылықтың, шарасыздан тіл тигізушіліктің және қаралаушылықтың шиеленіскен шумағы тек «ашу үстінде» ғана туады. Тұрмыстың жиіреніш жағдайлары осындай жүздеген кūr жанжалды туғызады, сондықтан өзінің бойындағы кеселді атап айтуға, ауруының қандай екенін тайсалмай айырып, оны емдеп жазудың амалдарын іздеп табуға бата алмаған саяси партияны кūrметтеуге де болмас еді.

Бұл шумақтың ішінен принциптік нәрсені айырып шығаруға болатындықтан, лажсыз мынадай қортындыға келуге болады: «саяси беделге тіл тигізушілікке сайлаудың ешбір қатысы жоқ», «жаңа сайлау жүргізуге, қызмет адамдарын қандай да болса өзгертуге, съездің өзі өкіл еткен коллегияларын қайта қарастыруға съездің правосы бар екенін мойындамау» мәселені былықтырғандық болады, «Мартов жолдастың бұрынғы коллегияның бір бөлегін сайлауға болады деген көзқарасында саяси ұғымдарды орасан шатастырғандық байқалады» (съезде менің айтқанымдай, 332-бет)*.

Үштіктің жоспарын кім жасады деген мәселе жөнінде Мартов жолдастың «қара басының» ескертуін түсіріп қалдырып, бұрынғы редакцияның бекітілмеуінің маңызына оның берген «саяси» бағасына көшемін: ...«Кәзіргі болып отырған оқыйға — съездің екінші жартысы ішінде болған күрестің соңғы актысы»... (Дұрыс айтады! және бұл екінші жартысы уставтың 1-параграфы туралы мәселеде Мартовтың Акимов жолдастың берік кұшағына ілінген кезінен басталды.) ...«Мұндай реформада әңгіме «жұмыс атқара алатындық» туралы болмай, Орталық Комитетке ықпал ету жөніндегі күрес туралы болғаны жұрттың бәріне де жасырын емес»... (Біріншіден, бұл арада әңгіменің жұмыс атқара алатындық туралы да, Орталық Комитеттің құрамына бола ажырасқандық

* Қараныз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қазақша 535—536-беттері. Ред.

туралы да болғаны жұрттың бәріне де жасырын емес, өйткені «реформа» жоспары екінші ажырасу туралы сөз болуы да мүмкін емес уақытта, біз Мартов жолдаспен бірге отырып Павлович жолдасты редакциялық коллегияның жетінші мүшесі етіп сайлаған кезімізде ұсынылды! Екіншіден, әңгіме Орталық Комитеттің мүшелер құрамы туралы болғанын, әңгіме à la fin des fins* Глебов — Травинский — Попов деген тізім мен Глебов — Троцкий — Попов деген тізімнің айырмасына тірелгенін біз бұдан бұрын документтік мәліметтер бойынша көрсеткенбіз.)... «Редакцияның көпшілігі Орталық Комитетті редакцияның құралына айналдыруды тілемейтінін көрсетті»... (Акимовтың әніне басты: орталық мекемелерде көпшілік болып ықпалды нығайту үшін, қандай көпшілік болса да партияның әрбір съезінде әрқашан және қай жерде болса да сол ықпалға бола күреседі, міне осы ықпал туралы мәселе редакцияның «құралы» туралы, кейінірек, 334-бетте, сол Мартов жолдастың айтқанындай, редакцияның «жәй шылауы» туралы оппортунистік өсек-аяңға аударылды.) ...«Міне сол себепті редакция мүшелерінің санын азайту керек болды (!!). Сондықтан да мен мұндай редакцияға кіре алмаймын»... (Бұл «сондықтанына» зер салыңқырап қараңыз: редакция Орталық Комитетті шылауға немесе құралға қалай айналдыра алар еді? тек Советте үш дауысы болып, осы басымдығын жолсыз пайдаланса ғана, тек осылай еткенде ғана айналдыра алар еді ғой? бұл айдан анық емес пе? және үшінші болып сайланған Мартов жолдас қандай да болса жолсыздыққа қай уақытта болса да бөгет жасай алар еді және редакцияның Советтегі басымдылығының қандайын болса да тек жалғыз өзінің дауысымен жойып жібере алар еді, бұл да айдан анық емес пе? Олай болса, әңгіме Орталық Комитеттің дәл мүшелер құрамында болып отыр, ал құрал мен шылау туралы сөздер бірден-ақ өсек-аяң болып шығып отыр.) ...«Бұрынғы редакцияның көпшілігімен бірге мен: съезд партия ішіндегі «қыйлы жағдайды» жояр және партия ішінде дұрыс қалыпты тәртіп орнатар, деп ойладым. Шынында, жеке топтарға қарсы ерекше заңдар қолданатын қыйлы жағдай созылып отыр және тіпті шиеленісіп отыр.

* — ақыр аяғында. *Ред.*

Устав бойынша редакцияға берілген праволардың партияға зыянды болмауына тек бүкіл бұрынғы редакцияның құрамында ғана кепіл бола аламыз»...

Мартов жолдастың сөзінің «қыйлы жағдай» деген атышулы ұранды бірінші рет көтерген жері түгелінен міне осы. Ал енді менің оған қайтарған жауабымды қараңыздар:

...«Мартов жолдастың «екі үштік» жобасы жеке ретпен жасалды деген сөздерін түзете отырып, мен, алайда, бұрынғы редакцияны бекітпеу жөнінде біздің жасаған шарамызға сол Мартовтың өзінің қандай «саяси маңыз» бергенін сөз қылмақшы емеспін. Қайта, Мартов жолдастың бұл қадамымыздың үлкен саяси маңызы бар дегеніне даусыз толық қосыламын, — бірақ саяси маңызы болғанда Мартов айтқандай емес. Оның айтуынша бұл — Россияда Орталық Комитетке ықпал жүргізу үшін күресу актысы. Мен Мартовтан да артып түсемін. «Искраның», жеке топ ретінде, осы күнге дейінгі істеп келген жұмысының барлығы да өзінің ықпалын жүргізу үшін күрес болған, ал енді әңгіме ықпал үшін күресу туралы ғана емес, зорырақ мәселе туралы, ықпалды ұйымдастыру жағынан баянды ету туралы болып отыр. Мартов жолдаспен екеуіміздің саяси жөнінен арамыз бұл жерде қаншалықты қашықтап отырғандығын мынадан көруге болады: Мартов мені Орталық Комитетке ықпал жүргіздіртпек болады, деп айыптаса, мен мұны өзіме үлкен еңбек деп білемін, мен бұл ықпалды ұйымдастыру жолымен нығайтуға тырыстым және бұдан былай да тырыспақпын. Байқасаңыздар, екеуіміз тіпті екі түрлі сөйлеп отыр екенбіз! Егерде біздің бүкіл жұмысымыздың, біздің бүкіл тырысып істеген еңбегіміздің нәтижесі ықпалды толық жүргізу және нығайту болмай, бұрынғыша ықпал жүргізу үшін күрес болып қалатын болса, біздің нешетүрлі жұмыстарымыздың, толып жатқан еңбектеріміздің не бағасы болған болар еді? Я, Мартов жолдас өбден дұрыс айтады: басқан адымымыздың ірі саяси маңызы бар екені сөзсіз, бұл — белгіленіп тұрған екі бағыттың бірін партиямыздың ілгергі істеріне таңдап алғанымызды көрсетеді. «*Партия ішіндегі қыйлы жағдай*», «*жеке адамдар мен топтарға қарсы айрықша заңдар*» деген, тағы осы сыяқты қорқынышты сөздер мені ешқандай қорқытпайды. Тыянақсыз, солқылдақ элементтерге «қыйлы жағдай жасайтынымыз» былай тұрсын, оны жасауға міндеттіміз, сондықтан партиямыздың бүкіл уставы, бүгіннен бастап съезде бекітілген бүкіл централизіміміз саяси бытырандылықтың сансыз көп ордалары үшін «қыйлы жағдай» ғой. Бытырандылыққа қарсы ерекше, тіпті айрықша заңдар керек, сондықтан, осындай заңдарға, осындай шараларға негіз салған съездің қадамы саяси бағыты өте дұрыс белгіледі»*.

Мен съездегі сөзімнің бұл конспектісінде бір сөйлемнің

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қазақша 537—538-беттері. *Ред.*

астын сызып қойдым; *Мартов жолдас* өзінің «Қыйлы жағдайында» (16-бет) бұл сөйлемді шығарып тастауды артық көрген. Бұл сөйлемнің оған ұнамағанына және бұл сөйлемнің айқын мағнасын оның түсінгісі келмегеніне тандануға болмайды.

«Қорқынышты сөздер» деген не, *Мартов жолдас*?

Бұл келемеж қылғандық, кішкене заттарға үлкен атақ беретіндерді, өте-мөте бұра тартқан сөзуарлықпен жәй мәселені шиленістіретіндерді келемеж қылғандық болады.

Мартов жолдастың «ашулануына» тек жалғыз өзі ғана сылтау бола алған және сылтау болған кішкене және жәй факт тек қана *Мартов жолдастың съезде орталық орындардың мүшелер құрамы туралы мәселеде жеңіліп қалғандығы* болды. Бұл жәй фактының саяси маңызы мынау болды: партия съезінің көпшілігі, жеңгеннен кейін, партиялық басқармаға да көпшілікті өткізді, сол көпшіліктің: солқылдақтық, тұрақсыздық және бытырандылық деп тапқанына қарсы, устав бойынша, күресу үшін ұйымдық негіз жасады, сөйтіп өзінің ықпалын нығайтты*. Бұл жөнде «ықпал жүргізу үшін күрес» туралы үрейленіп сөз қылу және «қыйлы жағдайға» ренжу — өте-мөте бұра тартқан сөзуарлықтан, қорқынышты сөздерден басқа ештеңе емес еді.

Мартов жолдас бұған қосылмай ма? Көпшіліктің жеңіп алған ықпалын — 1) орталық орындарға да көпшілікті өткізумен, 2) солқылдақтықты, тұрақсыздықты және бытырандылықты жою үшін көпшіліктің қолына билік берумен — нығайтпаған партиялық съезд дүние жүзінде болғанын, тегінде мұндай партиялық съездің болуы мүмкін екендігін *Мартов* бізге көрсетіп бермес пе екен?

Сайлау алдынан біздің съезге мынадай мәселені шешуге тура келді: Орталық Орган мен Орталық Комитеттегі дауыстардың үштен бірін партиялық көпшілікке бе-

* Искралық азшылықтың тұрақсыздығы, солқылдақтығы және бытырандылығы съезде неден көрінді? Біріншіден, уставтың 1-параграфы туралы айтылған оппортунистік сөздерден көрінді; екіншіден, *Акимов жолдаспен* және *Ливер жолдаспен* коалиция жасаудан көрінді, бұл коалиция съездің екінші жартысында тез өсті; үшіншіден, Орталық Органға қызмет адамдарын сайлау мәселесінің құнын түсіріп, обывательдікке, бишаралық сөздерге және тіпті басқаның ішіне кіріп шығушылыққа салынудан көрінді. Ал съезден кейін бұл сүйкімді қасиеттер түйнек салып, гүл атып, жеміс берді.

ру керек пе әлде партиялық азшылыққа беру керек пе? Алтылық және Мартов жолдастың тізімі дауыстың үштен бірін бізге, үштен екісін оның жақтастарына беруді көздеді. Орталық Органға ұсынылған үштік және біздің тізім дауыстың үштен екісін бізге, үштен бірін Мартов жолдастың жақтастарына беруді көздеді. Мартов жолдас бізбен келісімге келуден немесе біздің дегенімізге көнуден бас тартты және хат арқылы бізді съезд алдында майданға шығысуға шақырды; ал съезд алдында жеңілгеннен кейін ол көз жасын көл қылып, «кыйлы жағдайға» ренжи бастады! Міне бұл кұр жанжал емей не? Бұл интеллигенттік жылауықтың жаңа белгісі емей не?

Бұл жөнде К. Каутскийдің жақында осы соңғы айтылған қасиетке берген тамаша әлеуметтік-психологиялық сыйпаттамасын еске түсірмеуге болмайды. Түрлі елдердің социал-демократиялық партияларына кәзір бірдей аурулармен жиі-жиі ауыруға тура келеді, сондықтан бізге ауруды дұрыс айырып, дұрыс емдеуді тәжірибелірек жолдастардан үйрену өте-мөте пайдалы. Сондықтан К. Каутскийдің кейбір интеллигенттерге берген сыйпаттамасын келтіру тек үстірт қарағанда ғана тамыздан шегінгендік болып көрінеді.

...*«Интеллигенция» мен пролетариат арасындағы антагонизм туралы мәселе кәзіргі уақытта тағыда біздің өте-мөте көңілімізді бөліп отыр. Менің серіктерім»* (Каутскийдің өзі де интеллигент, әдебиетші және редактор) «менің бұл антагонизмді бар дегеніме шетінен ашуланар. Бірақ антагонизм факт жүзінде бар ғой, сондықтан фактыны жоқ деп, онан қашуға тырысу барып тұрған қалайсыз тактика болар еді (мұнда да, басқа реттерде де). Бұл антагонизм — жеке адамдарда емес, таптарда болатын әлеуметтік антагонизм. Жеке капиталист сыяқты жеке интеллигент те пролетариаттың таптық күресіне толығынан қатыса алады. Қатыса қалған реттерде интеллигент өзінің сыйпатын да өзгертеді. Сондықтан мұнан кейін сөз болғанда, көбінесе, кәзіргі уақытта да әлі өз табының ішінде бірен-саран болып отырған бұл типтегі интеллигенттер туралы сөз болмайды. Егер ерекше ескертулер болмаса, мұнан кейін сөз болғанда мен интеллигент деп буржуазиялық

* Немістің Literat, Literatentum деген сөздерін мен интеллигент, интеллигенция деген сөзбен аудардым; немістің бұл сөзі әдебиетшілерді ғана емес, білімді адамдардың бәрін, жалпы алғанда еркін кәсіп өкілдерін, дене еңбегінің өкілдерінен айырмасы бар ақыл еңбегінің өкілдерін (brain worker деп ағылшындар айтқандай) қамтыйды.

қоғамның негізінде тұрған және интеллигенция табының нағыз өкілі болып отырған кәдімгі интеллигентті ғана айтамын. Бұл таптың пролетариат жөнінде белгілі антагонизмі бар.

Бұл антагонизм — еңбек пен капитал арасындағы антагонизмнен басқа. Интеллигент — капиталист емес. Рас, оның тұрмыс дәрежесі буржуазиялық; ол жалаңаяққа айналғанша, осы тұрмыс дәрежесін бір қалыпта ұстауға мәжбүр болады, бірақ мұнымен қатар ол лажсыздан өз еңбегінің өнімін сатады, көп реттерде жұмыс күшін де сатады, ол көп уақытта капиталистің қанауына түседі және әлеуметтік жағынан белгілі түрде төменшілік көреді. Сонымен, экономика жағынан интеллигенттің пролетариатқа ешбір антагонистігі жоқ. Бірақ оның тұрмыс жайы, оның еңбек жағдайлары пролетарлық емес, осыдан келіп оның бейілінде және ой-пікірінде белгілі антагонизм туады.

Өзімен өзі болып қалып отырғанда пролетар түкке тұрмайды. Оның барлық күші, оның прогреске қаблетінің бәрі, барлық үміті және арманы ұйымдасудан, жолдастармен бірігіп, жоспар бойынша жұмыс істеуден туады. Ол ұлы және күшті организмнің бір бөлегі болып отырғанда өзін ұлы және күшті деп сезеді. Оның барлық күші осы организмде, ал онымен салыстырғанда, жеке адамның салмағы өте аз. Пролетар өзінің күресін жүргізгенде, өз басының пайдасын, өз басының даңқын көздемей, жалпы бұқараның бір кішкене бөлегі есебінде, өзін қойған орынның қандайында болса да өзінің борышын орындай отырып, өзінің барлық сезіміне, барлық ой-пікіріне сіңген тәртіпке еркімен бағына отырып, мейлінше жанқиярлықпен күреседі.

Интеллигент мүлде басқаша. Ол белгілі бір күш қолданып күреспейді, дәлелдердің жәрдемімен күреседі. Оның құралы — оның өз басының білімі, оның өз басының қабілеті, оның өз басының нанымы. Тек өз басының қасиеттері арқасында ғана оның белгілі маңызы болуы мүмкін. Сондықтан өзін көрсетуге толық бостандық болу — оған ойдағыдай жұмыс істеудің бірінші шарты болып табылады. Ол белгілі тұтас топқа бағынғанда, соның қызмет атқаратын бір бөлегі есебінде, тек қыйындықпен ғана бағынады, өзінің тілеуі бойынша бағынбайды, бағыну қажет болғандықтан бағынады. Тәртіптің қажеттігін танығанда ол, қалаулылар үшін емес, тек бұқара үшін ғана қажет деп таныйды. Ал өзін ол, әлбетте, қалаулылардың қатарына қосады...

...Ницше философиясы, ерекше адамға табынатын, барлық іс өз қара басының толық дамуын қамтамасыз етуде деп есептейтін адамға, қандай да болса қоғамдық ұлы мақсатқа адамның қара басының қандай түрде болса бағынуын оңбағандық, жексұрындық деп таныйтын адамға табынатын бұл философия — нағыз интеллигенттің дүниеге көзқарасы; бұл философия интеллигентті пролетариаттың таптық күресіне қатнасуға мүлде жарамсыз етеді.

Ницшемен қатар, интеллигенцияның дүниеге көзқарасының, интеллигенцияның бейіліне үйлесетін көзқарастың көрнекті өкілі — Ибсен. Оның доктор Штокманы («Халық жауы» деген драмасында) — көп адамдар ойлағандай социалист емес, пролетарлық қозғалыспен, сол қозғалысқа араласып іс істеуге тырысқандықтан, жалпы айтқанда қандай болса да халық қозғалысымен түйіспей қалмайтын интеллигенттің типі. Мұның себебі — қандай да болса

демократиялық* қозғалыс сыяқты, пролетарлық қозғалыстың да негізі жолдастардың көпшілігін құрметтеу болып табылады. Штокман á la **. Нағыз интеллигент «жыйнақы көпшілікті» албастыдай көреді, оны құрту керек деп есептейді.

...Толығынан пролетарлық бейілге көшкен, тамаша жақсы жазушы бола тұрып, психикадағы интеллигентке тән мінездерін жойған, қатарда, сапта күнжілсіз жүріп отырған, өзін тағайындаған орынның қандайында болса да жұмыс істеген, біздің ұлы ісімізге өзін толығынан бағындырған, өз басына ерік бермеу жөнінде езіліп қынжылуды (weiches Gewinse!) — Ибсен мен Ницшеден тәрбие алған интеллигенттерде өздері азшылықта қалған кезде болатын қынжылуды — жексұрын көрген интеллигенттің кіршіксіз үлгісі, социалистік қозғалысқа керекті мұндай интеллигенттің кіршіксіз үлгісі Либкнехт болды. Ешуақытта бірінші орынға ұмтылмаған және талай рет азшылықта қалған кезінде Интернационалдағы партиялық тәртіпке үлгілі түрде бағынған Марксті де бұл жерде атап өтуге болады***.

Бұрынғы үйірменің бекітілмеуінен кейін-ақ Мартовтың және оның серіктерінің қызметтен бас тартуы, қыйлы жағдай жөнінде және Мартовқа «Южный рабочий» мен «Рабочее Делоны» таратқанда қадірлі болмай, оның өзінің коллегиясын таратқанда қадірлі бола қойған «жеке топтарға қарсы» ерекше заңдар жөнінде наразылық білдіру — азшылықта қалған интеллигенттің дәл осындай езіліп қынжылуы болды, мұнан басқа түк емес.

Мартовтың шеберлігі аркасында біздің партия съезінде**** (съезден кейін онан да күшті) өзен суындай ағытылған «жыйнақы көпшілік» жөніндегі ұшы-қыйыры жоқ шағымдардың, кінәлаудың, мұқамдаудың, сөгудің, өсек-аяңның, жаланың бәрі — азшылықта қалған интеллигенттердің дәл осындай езіліп қынжылуы болды.

Жыйнақы көпшіліктің өздерінің жәй жыйналыстары болғанына азшылық қатты ренжіді: азшылықтың өзде-

* Біздің мартовшылдардың Акимовка және орынсыз демократизмге бет бұрып, онымен қатар редакцияны демократиялық жолмен сайлауға, съезде сайлауға, жұрттың бәрі күн ілгері белгілеген сайлауға өшігуі олардың барлық ұйымдық мәселелерге енгізген былығын өте-мөте айқын сыйпаттайды! Бұл да мүмкін, сіздердің принциптеріңіз болар, мырзалар?

** — тәрізді. *Ред.*

*** Karl Kautsky: „Franz Mehring“, „Neue Zeit“, XXII, I, S. 101—103, 1903, № 4 (Карл Каутский: «Франц Меринг», «Жаңа Заман», XXII, I, 101—103 беттер, 1903, № 4. *Ред.*)

**** Съезд протоколдарының 337, 338, 340, 352 және басқа беттерін қараңыз.

рінің жәй жыйналыстарына шақырған делегаттары бұл жыйналыстарға барудан бас тартқанын, ал ынтасымен баратындарды (Егоровтарды, Маховтарды, Брукэрлерді), бұл екі жақтың арасында съезде болған күрестің бәрінен кейін, азшылықтың шақыруы мүмкін болмағанын — өзі үшін жағымсыз осы фактыны азшылыққа, шынында да, бір нәрсемен бүркеу керек болды.

«Оппортунизмге салыну жөнінде жаладан тағылған айыпқа» олар қатты ренжіді: антиискрашыларға анағұрлым жиі ерген дәл сол оппортунистердің, шінара антиискрашылардың өздерінің де жыйнақы азшылық күрғанын, мекемелердегі үйірмешілдікті, ой-пікірдегі оппортунизмді, партиялық істегі обывательдікті, интеллигенттік солқылдақтық пен жылауықтықты мейлінше қолдағанын — осы жағымсыз фактыны, шынында да, бір нәрсемен бүркеу керек болды.

Съездің аяғында, «жыйнақы көпшіліктің» құрылуы сыяқты өте қызықты саяси фактының мәнісі не екенін, жұрт қаншама жауап күтсе де бұл көпшіліктің құрылу себептері мен оның тарихы туралы мәселеден азшылықтың неліктен өлердей қашатынын біз келесі параграфта көрсетеміз. Бірақ әуелі съездегі жарыссөзге анализ жасап болайық.

Орталық Комитетті сайларда Мартов жолдас өте мәте ерекше сыйпаты бар қарар ұсынды (336-бет), бұл қарардың негізгі үш сыйпатын мен «үш жүріп мат жасау» деп атаған едім. Бұл үш сыйпаты мыналар: 1) Орталық Комитетке ұсынылған жеке кандидаттар дауысқа қойылмайды, кандидаттардың тізімдері дауысқа қойылады; 2) тізімдерді оқығаннан кейін екі мәжіліс өткізіледі (сірә, талқылау үшін болса керек); 3) басым көпшілік болмаса, екінші рет дауысқа қою түпкілікті болып танылады. Бұл қарар — тамаша ойлап шығарылған стратегия (өзіне қарсы адам жөнінде де әділін айту керек қой!), Егоров жолдас бұл қарарға рыйза емес (337-бет), бірақ, егер бундшылдар мен рабочеделошылдардың жетілігі съезден кетпесе, бұл қарар Мартовтың толық жеңуін сөзсіз қамтамасыз еткен болар еді. Бұл стратегияның мәнісі мынау: искрашылар азшылығының тек Бундпен және Брукэрмен ғана емес, Егоров, Махов жолдастармен де «тікелей келісімі» болған жоқ және

болуы да мүмкін емес еді (искрашылдардың көпшілігінде мұндай келісім болды).

Лиганың съезінде Мартов жолдастың: «оппортунизмге салыну жөнінде жаладан тағылған айып» мені «Бундпен» тікелей келісім жасау жөнінде де кінәлағандық болды, деп жылағанын еске түсіріңіздер. Тағыда айтамын, Мартов жолдасқа қорыққаннан осылай болып көрінген, шынында Егоров жолдастың тізімдерді дауысқа қоюға рыйза болмауының өзі-ақ (Егоров жолдас «өзінің принциптерін әлі жоғалтқан жоқ» бұл принциптер демократиялық гарантиялардың ерекше маңызына баға беру жөнінде оны Гольдблатпен бірігуге көндірген принциптер болса керек) «тікелей келісім» туралы Егоровпен де екі арада сөз болуы мүмкін емес екенін, осындай зор маңызы бар фактыны айқын көрсетіп отыр. Бірақ Егоровпен де, Брукэрмен де коалицияның жасалуы мүмкін еді және жасалды да; мартовшылдар бізбен шын жанжалдасқан сайын, Акимовке және оның достарына пәленің ең азын қалап алуға тура келген сайын мартовшылдарға олардың көмек көрсетуінің қамтамасыз етілуі мағнасында коалиция жасалды. Пәленің ең азы есебінде, искрашылдардың мақсаттарына өте аз жеткізетін құрал есебінде (Акимовтың I-параграф туралы сөзін және оның Мартовтан «үміттенетінін» қараңыз), Акимов жолдас пен Либер жолдас Орталық Органға ұсынылған алтылықты да, Мартовтың Орталық Комитетке ұсынған тізімін де сөзсіз қалап алатынына титтей де күмән болған жоқ және болмайды да. Тізімдерді дауысқа қою, екі мәжілісті өткізіп жіберу және қайтадан дауысқа қою — ешбір тікелей келісім жасамай-ақ, механикадай дәл келтіріп осы нәтижеге жету үшін алдын ала белгіленген амал еді.

Бірақ біздің жыйнақы көпшілік жыйнақы көпшілік болып қалғандықтан, — Мартов жолдастың айналма жолы тек бөгет жасайтын болды, сондықтан да біз оны қабылдамадық, олай етпеуге лажымыз болмады. Азшылық хат арқылы (мәлімдемеде, 341-бет) бұған қарсы наразылық білдірді, «сайлауды өткізгендегі жағдайларды ескеріп», Мартынов пен Акимовтың үлгісі бойынша, дауыс беруден және Орталық Комитетті сайлаудан бас тартты. Сайлау жағдайы дұрыс болмады, деген бұл шағымдарын (қараңыз: «Қыйлы жағдай», 31-бет) олар

съезден кейін жұрттың бәріне, партиядағы неше жүздеген өсекшілердің бәріне жарыялады. Бірақ сайлау жағдайының *дұрыс еместігі* не де? Жасырын дауысқа салғандықта ма? жасырын дауысқа салу съездің регламентінде күн ілгері белгіленген болатын (6-параграф, протоколдардың 11-беті) және жасырын дауысқа қоюды «екіжүзділік» немесе «әділсіздік» деп білу күлкі болар еді. Жылауық интеллигенттерге «кұбыжық» болып көрінетін жыйнақы көпшіліктің құрылуында ма? Әлде съездің сайлауларының бәрін дұрыс деп таныйтындығы туралы съезд алдынан берген уәделі сөзін (380-бет, съезд уставының 18 параграфы) осы құрметті интеллигенттердің *бұзғысы келген орынсыз* тілегінде ме?

Попов жолдас бұл тілекті *ептеп* аңғартып, сайлау күні съезде турадан-тура: «Егер қатнасушылардың жарма-жарысы дауыс беруден бас тартса, съездің қарары іске асымды және заңды болатынына бюро сене ме?»* деп сұрақ қойды. Бюро, әрине, сенетінін айтып жауап берді және Акимов, Мартынов жолдастармен болған жанжалды ескертті. Мартов жолдас бюроның пікіріне қосылды және Попов жолдастың қателесетінін «*съездің қарарлары заңды*» (343-бет) екенін турасынан ашып айтты. *Партия алдында жасалған* бұл мәлімдемені съезден кейінгі қылығымен және «*партияның жарма-жарысының съезде-ақ бастаған көтерілісі*» (20-бет) туралы «Қыйлы жағдайдағы» сөздерімен салыстырғанда көрінетін бұл, — өзінше әбден жөні бар, — саяси дәйектілік туралы оқушы өзі төрелік берсін. Акимов жолдастың Мартов жолдастан күткен үміті Мартовтың өзінің өткінші жақсы ниетін басып кетті.

«*Сен жеңдің*», Акимов жолдас!

* * *

Қазір мәңгіге кететін қайғылы-күлкілі мағна беріліп отырған «қыйлы жағдай» туралы сөздің қандай дәрежеде «қорқынышты сөз» болғанын съездің *аяқ кезіндегі*, сайлаудан *кейінгі* аяқ кезіндегі кейбір оқыйғалар, түрі жағынан алғанда ұсақ, бірақ мәні жағынан алғанда өте маңызды оқыйғалар сыйпаттай алады. Мартов

* 342-бет. Советке бесінші мүше сайлау туралы сөз болып отыр. 24 записка (барлығы 44 дауыс) беріледі, оның ішінен екеуі ақ күйінде болды.

жолдас кәзір осы қайғылы-күлкілі «қыйлы жағдайын» алып ұшып, өзінің ойдан шығарған бұл құбыжығын — «көпшіліктің» «азшылықты» біртүрлі орынсыз қудалауы, азаптауы, шалдықтыруы деп көрсетіп, өзін де, оқушыларды да шынымен сендіруге тырысады. Съезден кейін істің жайы қандай болғанын біз кәзір көрсетеміз. Бірақ тіпті съездің аяқ кезін алсаңыз да, «жыйнақы көпшіліктің» сайлаудан кейін бакытсыз, шалдыққан, зәбірленген және жазалауға апарыла жатқан мартовшыларды қудаламағаны былай тұрсын, қайта оларға протокол комиссиясындағы үш орынның екеуін өзі ұсынғанын (Лядов айтқан) өздеріңіз көресіз (354-бет). Тактикалық мәселелер және басқа мәселелер жөніндегі қарарларды (355-бет және келесі беттер) алсаңыз да, мәселенің таза іс тұрғысынан қаралып шын мәнінде талқыланғанын, қарарларды ұсынған жолдастардың қойған қолдары арасында құбыжық жыйнақы «көпшіліктің» өкілдерінің де, «кемсітілген және қорланған» «азшылықтың» өкілдерінің де қолдары алмакезек кездесетінін көресіз (протоколдардың 355, 357, 363, 365, 367-беттері). Расында да, мұның өзі «жұмыстан шеттеткендікке» және басқа қандай болса да «шалдықтырғандыққа» қаншалық ұқсайды?

Бірден-бір қызықты, бірақ, амал не, өте қысқа талас шынында либералдар туралы Старовер ұсынған қарар жөнінде туды. Соңынан қойылған қолдарға қарағанда (357 және 358-беттер), съезд бұл қарарды қабылдады, себебі — «көпшілік» жағындағылардың үшеуі (Браун, Орлов, Осипов⁷³), екі қарардың арасындағы бітіспейтін қайшылықты көрмей, Старовердің қарарын да, Плехановтың қарарын да қостап дауыс берген. Үстірт қарағанда, бұл екеуінің арасында бітіспейтін қайшылық жоқ сияқты, өйткені Плехановтың қарары жалпы принципті белгілейді, Россиядағы буржуазиялық либерализм жөніндегі белгілі принциптік және тактикалық көзқарасты көрсетеді, ал Старовердің қарары «либералдық немесе либерал-демократиялық ағымдармен» «уақытша келісімдер» жасауға болатындығының нақтылы шарттарын белгілеуге тырысады. Екі қарардың тақырыптары екі түрлі. Бірақ Старовердің қарарының кемшілігі — саяси бытырандылығы, сондықтан оның қарары ұсақ және ұсақшыл болып шыққан. Бұл қарар орыс либерализмі-

нің таптық мазмұнын ашпайды, сол либерализмді білдіретін белгілі саяси ағымдарды көрсетпейді, бұл қарар пролетариатқа оның осы белгілі ағымдар жөнінде жүргізетін насихаты мен үгітінің негізгі міндеттерін түсіндірмейді, бұл қарар студенттер қозғалысы мен «Освобождение» сыяқты әртүрлі заттарды араластырып, шатастырады (өзінің бытырандылығы себепті), бұл қарар «уақытша келісімдер» жасау үшін қойылатын нақтылы үш шартты өте ұсақтықпен, жалтарғыштықпен алға тартады. Саяси бытырандылық, басқа көп реттердегідей, бұл ретте де жалтарғыштыққа бастайды. Жалпы принциптің жоқтығы және «шарттарды» санап көрсетуге ұмтылғандық бұл шарттардың ұсақтықпен көрсетілуіне және, қатаң айтсақ, теріс көрсетілуіне апарып соғады. Шынында да, Старовердің мына үш шартын алып қараңыз: 1) «либералдық немесе либерал-демократиялық ағымдар» «өздерінің самодержавиелік үкіметке қарсы күресінде россиялық социал-демократия жағына батыл шығатындығын екі ұшты емес, айқын мәлімдеуге» тиіс. Либералдық ағымдардың либералдық-демократиялық ағымдардан айырмасы неде? Бұл сұраққа жауап қайтару үшін қарарда ешбір материал жоқ. Айырмасы — либералдық ағымдар буржуазияның саясат жүзінде прогресшілдігі неғұрлым кем топтарының позициясын көрсететіндігінде, ал либералдық-демократиялық ағымдар буржуазияның және ұсақ буржуазияның неғұрлым прогресшіл топтарының позициясын көрсететіндігінде емес пе? Егер осылай болса, онда Старовер жолдас буржуазияның прогресшілдігі неғұрлым кем (бірақ сонда да прогресшіл, әйтпесе либерализм туралы сөз қылуға болмас еді) топтарының «социал-демократия жағына батыл шығуын» қалайынша мүмкін деп табады?? Бұл — сорақылық, ал егер мұндай ағымның өкілдері «мұны екі ұшты емес, айқын мәлімдеген» күнде де (мүлде мүмкін емес жорамал), біз, пролетариат партиясы, олардың мәлімдемесіне сенбеуге міндетті болар едік. Либерал болу және социал-демократия жағына батыл шығу, — бұл екеуі сыйыса алмайтын нәрселер.

Сонсын. Өздерінің самодержавиеге қарсы күресінде социалист-революционерлер жағына батыл шығатынын «либералдық немесе либералдық-демократиялық ағымдар» екі ұшты емес, айқын мәлімдей қойсын делік. Ста-

ровердің жорамалына қарағанда, бұл жорамалдың мүмкіндігі анағұрлым зор (социалист-революционерлердің бағытының мәні буржуазиялық-демократиялық болғандықтан). Старовердің қарарының мағнасы бойынша, оның бытырандылығы мен жалтарғыштығы себепті, *мұндай ретте* ондай либералдармен *уақытша келісім жасау* орынсыз болып шығады. Старовер жолдастың қарарынан сөзсіз туатын бұл қортынды *тіпті теріс* қағыйдаға әкеліп соғады. Социалист-революционерлермен де (съездің олар туралы қарарын қараңыз), *олай болса* социалист-революционерлердің жағына шығатын либералдармен де уақытша келісімдер жасасуға болатын болып шығады.

Екінші шарты: егер бұл ағымдар «өздерінің программаларында жұмысшы табының және жалпы айтқанда демократияның мүдделеріне қайшы келетін немесе олардың санасын тотықтыратын талаптар қоймаса». Бұл жерде де сол қате: өздерінің программаларында жұмысшы табының мүдделеріне қайшы келетін және оның (пролетариаттың) санасын тотықтыратын талаптар қоймаған либералдық-демократиялық ағымдар ешқашан болып көрген емес және болуы мүмкін емес. Біздің либералдық-демократиялық ағымның ең демократияшыл фракцияларының бірі — социалист-революционерлердің фракциясы да өздерінің барлық либералдық программалар сыяқты, шатасқан программасында жұмысшы табының мүдделеріне қайшы келетін және оның санасын тотықтыратын талаптар қойып отыр. Бұл фактыдан — уақытша келісімдер жасау орынсыз деген қортындыны әсте шығармай, «буржуазияның азаттық қозғалысының өрісі тарлығын және жеткіліксіздігін әшкерелеу» қажет деген қортынды шығару керек.

Ақырында, Старовер жолдастың үшінші «шарты» да (жалпыға бірдей, тең, жасырын және төте сайлау правосын либерал-демократтар өздерінің күрес ұраны етіп алсын деген шарт) бұл жалпылаған қойылысында дұрыс емес: цензалық конституцияның, жалпы айтқанда «шолак» конституцияның ұранын көтерген либералдық-демократиялық ағымдармен ешбір ретте уақытша келісімдер және жәй келісімдер жасасуға болмайды, деп жарыялау *ақылсыздық болар еді*. Асылында, «освобожденец» мырзалардың «ағымы» нақ осы жерге дәл келер

еді, бірақ, тіпті ең жасқаншақ либералдармен болса да, «уақытша келісімдер» жасауға күн ілгері тыйым салып, өз қолынды өзің байлау марксизмнің принциптеріне үйлеспейтін саяси соқырлық болар еді.

Қортынды: Мартов жолдас пен Аксельрод жолдас қол қойған Старовер жолдастың қарары қате, сондықтан үшінші съезд бұл қарарды бұзса, өте орынды іс істеген болады. Бұл қарардың кемшілігі — теориялық және тактикалық позициясында *саяси бытырандылық бар*, өзі талап етіп отырған практикалық «шарттарында» жалтарғыштық бар. Бұл қарар *екі мәселені*: 1) либералдық-демократиялық ағымның қандайының болса да «революцияға қарсы және пролетариатқа қарсы» сыйпатын әшкерелеуді және оның бұл сыйпатымен күресу міндетін, 2) бұл ағымдардың қандайымен болса да уақытша және жәй келісімдер жасау шартын шатастырған. Бұл қарарда керегі (либерализмнің таптық мазмұнын талдау) айтылмаған, ал керек емесі («шарттарды» алдан белгілеу) айтылған. Белгілі контрагент — мұндай мүмкіндігі бар келісімді жасасатын субъект жоқ болып отырғанда партия съезінде уақытша келісімдердің нақты «шарттарын» белгілеудің өзі жалпы алғанда өрескілдік болып табылады; мұндай «субъект» бар болған күнде де, уақытша келісімнің «шарттарын» белгілеуді партияның орталық мекемелерінің еркіне берген жүз есе қолайлы болар еді; социалист-революционер мырзалардың «ағымы» жөнінде съезд осылай етті де (Аксельрод жолдастың қарарының аяғын Плехановтың қалай өзгерткенін қараңыз, протоколдардың 362 және 15-беттері).

Плехановтың қарарына «азшылықтың» қарсы қойған дәлелін алсақ, онда Мартов жолдастың бірден-бір дәлелі мынау болды: Плехановтың қарары «болмашы қортындымен — бір әдебиетшіні әшкерелеу керек, деген қортындымен аяқталады. Бұл «шыбынға балта ала жүгіргендік» болмай ма?» (358-бет). Белгілі пікірінің жоқтығын «болмашы қортынды» деген шанышпа сөзбен бүркеген бұл дәлел бізге қыңыр сөздің жаңа үлгісін көрсетіп отыр. Біріншіден, Плехановтың қарарында «буржуазияның азаттық қозғалысының өрісі тарлығы мен жеткіліксіздігі қай жерде көрінсе де, бұл өрісі тарлық пен жеткіліксіздікті барлық жерде пролетариат алдын-

да әшкерелеп отыру» туралы айтылған. Сондықтан Мартов жолдастың (Лиганың съезінде, протоколдардың 88-беті) «барлық назар жалғыз Струвеге, жалғыз либералға аударылу керек екен» деуі барып тұрған бос сөз. Екіншіден, орыс либералдарымен уақытша келісім жасау мүмкіншілігі туралы сөз болып отырғанда, Струве мырзаны «шыбынмен» теңеу жұртқа мәлім саяси ақыйқатты шанышпа сөздің жолына құрбан еткендік болады. Жоқ, Струве мырза шыбын емес, саясаттағы көрнекті адам, және де ол өз басының өте үлкен болғандығынан көрнекті адам болып отырған жоқ. Оны саяси көрнекті адам етіп отырған — оның позициясы, құпия жұмыс дүниесіндегі орыс либерализмінің, азды-көпті істей алатын және ұйымдасқан либерализмнің, бірден-бір өкілінің позициясы. Сондықтан орыс либералдары туралы және біздің партияның оларға көзқарасы туралы сөз қылғанда дәл осы Струве мырзаны, дәл осы «Освобождениені» еске алмау — түк те айтпай, босқа әңгіме қылғандық болады. Немесе, мүмкін Мартов жолдас Россиядағы, «Освобождение» ағымымен кәзіргі уақытта тіпті аз да болса тең түсерлік ең болмаса бір ғана «либералдық немесе либералдық-демократиялық ағымды» көрсетпекші болар? Мұндай әрекеттің өзін көру қызық болар еді!*

* Лиганың съезінде Мартов жолдас Плеханов жолдастың қарарына қарсы тағыда мынадай дәлел келтірді: «Оған қарсы айтылатын негізгі пікір, бұл қарардың негізгі кемшілігі мынау: біздің міндетіміз — самодержавиеге қарсы күресте либералдық-демократиялық элементтермен одақ жасаудан қашпау екенін бұл қарар мүлде есепке алмайды. Ленин жолдас мұндай тенденцияны мартиновтық тенденция деп атап еді. Жаңа «Искрада» бұл тенденция кәзірдің өзінде көрініп отыр» (88-бет).

Бұл пассаус — өзінің молдығы жағынан өте сирек ұшырайтын «керемет сөздердің» жыйнағы. 1) Либералдармен одақ жасау туралы сөздер — сорақы былықтырғандық. Одақ туралы ешкім ешнәрсе айтқан жоқ-қой, Мартов жолдас, тек уақытша немесе жәй келісімдер туралы ғана айтылды-ғой. Бұл екеуінің зор айырмасы бар. 2) Егер Плеханов қарарында мүмкіндігі жоқ «одақпен» есептеспесе, тек жалпы «қолдау» туралы айтса, онда бұл — қарардың кемшілігі емес, қайта артықшылығы. 3) «Мартиновтық тенденциялардың» жалпы алғанда қандай екенін Мартов жолдас бізге түсіндіріп бермес пе екен? Бұл тенденциялардың оппортунизмге қандай қатнасы барлығын ол бізге айтып бермес пе екен? Уставтың бірінші параграфына бұл тенденциялардың қандай қатнасы барлығын ол байқап көрмес пе екен? 4) «Мартиновтық тенденциялар-

Костров жолдас Мартов жолдасты қостап: «Струвенің атының жұмысшылар үшін түк мағнасы жоқ» деді. Бұл дәлел, — Костров жолдас пен Мартов жолдасқа ашудан ашылғандықтан айтылған сөз емес, — Акимовтың дәлелі сыяқты. Мұның өзі ілік жалғаудағы пролетариат сыяқты⁷⁴.

Қандай жұмысшылар үшін «Струвенің атының түк мағнасы жоқ» (Плеханов жолдастың қарарында Струве мырзаның атымен қатар аталған «Освобождениенің» аты да)? Россиядағы «либералдық және либералдық-демократиялық ағымдармен» таныстығы өте аз немесе тіпті таныс емес жұмысшылар үшін мағнасы жоқ. Мұндай жұмысшылар жөнінде біздің партия съезі не істеуге тиіс: партия мүшелеріне бұл жұмысшыларды Россиядағы бірден-бір айқын болып отырған либералдық ағыммен таныстыр, деп тапсыруға тиіс пе? әлде жұмысшылардың өздерінің саясатпен аз таныс болуы себепті оларға аз таныс болған ат туралы *үндемеуге* тиіс пе? деген сұрақ қойылады. Егер Костров жолдас Акимов жолдастың соңынан еріп бір аттағаннан кейін, оның артынан екінші рет аттағысы келмесе, онда ол бұл мәселені бірінші мағнада шешер. Ал, мәселені бірінші мағнада шешсе, ол өз дәлелінің қандай орынсыз екенін өзі де көрер. *Қалай болғанда да*, Плехановтың қарарындағы: «Струве» және «Освобождение» деген сөздер Старовердің қарарындағы: «либералдық және либералдық-демократиялық ағым» деген сөздерден гөрі жұмысшыларға әлдеқашан есе артық түсінік *бере алады*.

Орыс жұмысшысы біздегі либерализмнің азды-көпті айқын саяси тенденцияларымен практика жүзінде танысқанда, кәзіргі уақытта тек «Освобождение» арқылы ғана таныса алады. Либералдық жарыя әдебиет нақ өзінің бұлдырлығы себепті ол бұл жөнде іске аспайды. Сондықтан да, төңкерістің демократиялық сыйпатын кеміту жөнінде освобождениешіл мырзалардың сөзсіз жасайтын әрекеттерін келешек революция кезінде орыс пролетариаты нағыз қарулы сынмен талқандай алуы үшін, біз өзіміздің сынымыздың ең күштісін освождениешіл-

дың» «жаңа» «Искрада» қандай түрде білінгендігін Мартов жолдастан есіткім келіп өте асығыстықпен күтемін. Мартов жолдас, мені асығып күту азабынан құтқара көріңіз!

дерге қарсы неғұрлым қатты жұмсауымыз керек (және жұмысшылардың неғұрлым қалың бұқарасы алдында жұмсауымыз керек).

Оппозициялық және революциялық қозғалысты біздің «қолдауымыз» туралы мәселе жөнінде Егоров жолдастың жоғарыда мен көрсеткен «таңдануынан» басқа, қарарлар туралы жарыссөз қызықты материал бермеді, тіпті жарыссөздің өзі болмады деуге болады.

Председатель съездің қаулылары партия мүшелерінің бәріне міндетті екенін ескертті, съезд осымен аяқталды.

в) СЪЕЗДЕГІ КҮРЕСТІҢ ЖАЛПЫ СУРЕТІ. ПАРТИЯНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҚАНАТЫ МЕН ОППОРТУНИСТІК ҚАНАТЫ

Съездегі жарыссөздерге және дауысқа қоюларға анализ жасап бітіргеннен кейін, біз енді қортынды жасауға тиіспіз, сөйтіп бүкіл съезд материалына сүйеніп: сайлауларда өзіміз көрген және біраз уақытқа дейін негізгі партиялық бөлінуіміз болып шыққан түпкілікті көпшілік пен азшылық қандай элементтерден, топтардан, сарындардан құрылды? деген сұраққа жауап беруіміз керек. Принциптік, теориялық және тактикалық, сарындар жөніндегі бүкіл материалға қортынды жасау қажет, съездің протоколдары ондай материалмен толық толы. Бүкіл съездің және дауысқа қоюлардағы барлық басты-басты жіктердің жалпы «қортындысын», жалпы суретін жасамайынша, бұл материал тым бөлшекті, шашыранды болып қала береді, сөйтіп бірінші көз жүгіртуде анау-мынау жеке жіктер кездейсоқ жіктер болып көрінеді, бұл әсіресе съездің протоколдарын өз бетінше, толық зерттеп көрмеген адамға солай болып көрінбек (өз беттерімен толық зерттеген оқушылар сонша көп пе?).

Англия парламентінің есептерінде division — бөліну деген кәнігі сөз жиі кездеседі. Белгілі бір мәселені дауысқа қою жөнінде: палата пәлендей көпшілік пен азшылыққа «бөлінді» деседі. Съезде қаралған түрлі мәселе-

лер жөнінде біздің социал-демократиялық палатының «бөлінуі» партияның ішкі күресінің, оның сарындары мен топтарының толықтығы, дәлдігі жағынан таптырмайтын бірден-бір суретін көрсетіп береді. Бұл суретті айқын көрсету үшін, бір-бірімен байланысы жоқ, бөлшектелген, дара фактылар мен фактысымақтардың жыйынтығын емес, нағыз сурет жасау үшін, әрбір дауысқа қою туралы (кім кімді жақтап дауыс берді, кім кімді қолдады? деген) ұшы-қыйыры жоқ, мағнасыз таластарды бітіру үшін, мен біздің съездегі «бөлінулердің» барлық негізгі түрлерін диаграммамен суреттеп көрейін деп бел байлады. Менің бұл әдісім өте көп адамдарға, бәлкім, ерсі болып көрінер, бірақ шын қортынды жасап, мүмкін болғанынша барынша толық, барынша дәл суреттеудің бұдан өзге әдісін табуға болар ма екен, бұған менің шүбәм бар. Белгілібір ұсыныс бойынша қай делегаттың қарсы я жақтап дауыс бергендігін — ат атап дауысқа қоядан сөзсіз дәл ашуға болады, ал кейбір ат атамай дауысқа қоюлардың маңыздыларында мұны протоколдар арқылы білуге болады, бұл шамаға, ақыйқатқа барынша жақын келеді. Сонымен қатар егер ат атап дауысқа қоюлардың бәрін және азды-көпті маңызы бар (мәселен, жарыссөздің толықтығына қызулығына қарай) мәселелер туралы ат атамай дауысқа қоюлардың бәрін еске алсақ, біздің партия ішіндегі күрестеріміз, қолда бар материал бойынша, барынша объективті түрде суреттелген болады. Біз фотографиялық суреттің орнына, яғни әрбір дауысқа қоюларды жеке-жеке суреттеудің орнына, шын суретті көрсетуге, яғни дауысқа қоюлардың барлық басты түрлерін көрсетуге тырыстық, біршама маңызсыз шегінулерді, өзгешеліктерді тастап кеттік, өйткені бұлар тек істі былықтырады. Қалай болғанда да әркім протоколдарға сүйеніп, біздің суретіміздегі әрбір белгіні тексере алады, қандай да болса жеке дауысқа қоюлармен толықтыра алады, қысқасы бұл суретті түрлі пікірлер айту, шүбәлену, бірен-саран кемшіліктерін көрсету арқылы ғана емес, осы материалға сүйеніп басқа суреттер жасау арқылы да сынай алады.


Диаграммаға әрбір дауысқа қоюға қатнасқан делегатты ендіре отырып, біз съездегі бүкіл айтыс үстінде өзіміз толық байқап отырған негізгі төрт топты айрықша

сызықпен белгілейміз, олар мыналар: 1) көпшілік искрашылар; 2) азшылық искрашылар; 3) «центр»; 4) антиискрашылар. Бұл топтардың арасындағы принциптік сарындардың айырмасы қандай болғандығын біз көп мысалдардан көрдік, егерде бұран жолдарды сүйгіштерге «Искра» ұйымы мен «Искра» бағытын тым зәйкын көрсететін топ аттары кейбіреулерге ұнамаса, сонда біз оларға — іс атында емес, дейміз. Енді, біз съездің барлық айтыстарында сарындарды байқағаннан кейін, орнығып үлгірген, дағдымы (кейбіреулердің құлағына жағымсыз) партиялық аттардың орнынан топтар арасындағы сарындардың мәнін сыйпаттауды қолдану соңонай. Бұлай етіп өзгерткенде жоғарыда айтылған төрт топтың аттары мынадай болады: 1) дәйекті революцияшыл социал-демократтар; 2) кішкене оппортунистер; 3) орташа оппортунистер; 4) үлкен оппортунистер (біздің сорыс көлемінде үлкендер). Біраз уақыттан бері өздерін де, өзгені де: «искрашыл» деген «үйірмеге» ғана арналған ат, бағыт емес деп сендіріп жүргендерді бұл аттар көп ашудандырмас деп сенеміз.

Ұсынылып отырған диаграммаға дауыс берудің қандай түрлерінің «түсірілгендігін» толық баяндауға кірісейік («Съездегі күрестің жалпы суреті» деген диаграмманы қараңыз).

Дауыстардың бірінші түрі (А) искрашылармен «центр» бірігіп антиискрашыларға немесе олардың бір бөлігіне қарсы болған реттерді көрсетеді. Бұнан кіретін — программаны тұтас дауысқа қою ((жалғыз Акимов жолдас қалыс қалды, басқалары жақтады)), федерацияға қарсы принциптік қарарды дауысқа қою ((бес бундшыдан басқалары түгел жақтады)), Бунд уставының 2-параграфын дауысқа қою ((бізге бес бундшыл қарсы болды, бес кісі қалыс қалды, олар: Мартынов, Акимов, Брукер және екі дауысты Махов, басқалар бізбен бірге болды)); А диаграммасында міне осы дауысқа қою көрсетіледі. Онан соң «Искраны» партияның Орталық Органы етіп бекіту мәселесі жөнінде үш рет дауысқа қою да осы түрде болды; редакция ((бес дауыс) қалыс қалды, барлық үш рет дауысқа қоюда да екі дауыс (Акимов пен Брукер) қарсы болды; соңын «Искраны» бекі-

СЪЕЗДЕГІ КҮРЕСТІҢ ЖАЛПЫ СУРЕТІ



± және — белгілерімен жазылған цифрлар белгілібір мәселе жөнінде *жақтап* не *қарсы* берілген дауыстардың жалпы санын көрсетеді. Сызықтардың астындағы цифрлар төрт топтың әрқайсысының дауыстарының санын көрсетеді. А—Д типтерінің дауыс берудің қандай түрлерін көрсететіні текстіде баяндалған.

Топтардың белгілері:	
	— КӨПШІЛІК ИСКРАШЫЛДАР
	— АЗШЫЛЫҚ ИСКРАШЫЛДАР
	— ЦЕНТР
	— АНТИИСКРАШЫЛДАР

тудің дәлелдерін дауысқа қойғанда бес бундшыл мен Мартынов жолдас қалыс қалды*.

Дауысқа қоюлардың тексеріліп отырған түрлері мынадай өте қызық және маңызды сұраққа жауап береді: съездің «центрі» искрашылдармен қай уақытта бірге болды? Не, біразы болмаса, *антиискрашылдар да біз жақта болғанда бірге болды* (программаны қабылдау, дәлелдерге байланыссыз-ақ «Искраны» бекіту), не белгілібір саяси позиция ұстауға тікелей міндеттендірмейтін *мәлімдемелер* туралы сөз болғанда бірге болды («Искраның» ұйымдастыру жұмысын тану оның жәй топтар жөніндегі ұйымдық саясатын іс жүзінде асыруға міндеттендірмейді; федерацияны қабыл алмау федерацияның нақты жобасы туралы мәселе жөнінде қалыс қалуға кедергі келтірмейді, мұны біз Махов жолдастың ісінен көрдік). Жоғарыда біз, съезде болған жалпы жіктердің маңызын айтқанда, ресми «Искраның» ресми баяндауында бұл мәселенің қандай дәрежеде теріс көрсетілгенін көрдік; «Искра» (Мартов жолдастың сөзімен) искрашылдар мен «центрдің» арасындағы, дәйекті революцияшыл социал-демократтар мен оппортунистердің арасындағы айырмашылықты, *антиискрашылдардың да бізбен бірге болған жерлеріне сүйену арқылы бүркеп, күңгірттейді!* Программаны тұтас тану сыяқты пункттер жөнінде тіпті неміс және француз социал-демократиялық партияларының ішіндегі оппортунистердің барып тұрған «оңшылдары»да қарсы дауыс бермейді.

Дауысқа қоюлардың екінші түрі (Б) дәйекті және дәйексіз искрашылдар бірігіп, антиискрашылдардың бәріне және бүкіл «центрге» қарсы болған реттерді көрсетеді. Мұндай реттер, көбіне, әңгіме искралық саясаттың нақты айқын жоспарларын жүзеге асыру туралы, «Искраны» *тек сөзде ғана емес, іс жүзінде де* тану туралы болған уақыттағы мәселелер жөнінде болды. Бұ-

* Диаграммада суреттеу үшін Бунд уставының 2-параграфының дауысқа қойылуы не себепті алынды? Себебі — «Искраны» тану жөніндегі дауысқа қою аса толық емес; ал программа мен федерация жөніндегі дауысқа қою онша анықталмаған нақты саяси қарарлар жайында болды. Жалпы алғанда, *біртекті* дауысқа қоюлардың қайсысын болса да қалап алу суреттің негізгі сыйпатын өзгертпейді, бұлай екенін тиісті өзгерістер ендіру арқылы әркім-ақ түсіне алады.

ған кіретін — Ұйымдастыру Комитеті жөніндегі жанжал*, Бундтың партия ішіндегі күйі туралы мәселені бірінші орынға қою, «Южный рабочий» тобын таратып жіберу аграрлық программа туралы екі рет дауысқа қою, акырында, алтыншы, шет елдердегі Орыс социал-демократтарының шетелдік Одағына («Рабочее Делоға») қарсы дауыс беру, яғни Лиганы партияның шет елдердегі бірден-бір ұйымы деп тану. Ескі, партиядан бұрынғы үйірмешілдік, оппортунистік ұйымдардың немесе топсымақтардың мүдделері, марксизмді саяз түсінушілік бұл арада революцияшыл социал-демократияның принцип жөнінен ұстамды, дәйекті саясатымен күресті; азшылық искрашылдар бірталай реттерде, бірталай өте маңызды (Ұйымдастыру Комитетінің, «Южный рабочийдің» және «Рабочее Делоның» көзқарастарынша маңызды) дауыс берулер жөнінде бізбен бірге болды, бірге болғанда... олардың өздерінің үйірмешілдігіне, олардың өздерінің дәйексіздігіне тигенше ғана бірге болды. Осы тексеріліп отырған «бөліну» түрі біздің принциптерімізді жүзеге асыру жөніндегі бірталай мәселелерде «центрдің» антиискрашылдармен бір болғанын, бізден гөрі оларға анағұрлым жақын болғанын, социал-демократияның революциялық канатынан гөрі оппортунистік канатына іс жүзінде анағұрлым бейім болғанын көрсетеді: «Искрашылдар» деп аталып, искрашыл болуға ұялғандар өздерінің сырларын ашты, сөйтіп болмай қоймайтын күрес көп ашу енгізді; бұл ашу ойлануы кем, қыялы мол адамдардан бұл күресте ашылатын принциптік сарындардың мәнін көлеңкеледі. Ал енді, күрестің шаңы

* Б диаграммасында дал осы дауысқа қою суреттелді: Искрашылдар да 32 дауыс болды, бундшылдың қарарына 16 дауыс берілді. Ескертіп өтейік: дауысқа қоюдың бұл түрінде жалғыз да атап дауыс беру болған жоқ. Делегаттардың бөлінуін шындыққа жақын дәрежеде екі түрлі дерек көрсетеді: 1) жарыссөздерде искрашылдардың екі тобының шешендері де жақтап сөйлеген; ал антиискрашылдар мен «центрдің» шешендері қарсы сөйлеген; 2) «жақтап» берген дауыстардың саны қай уақытта болса да 33 ке жақын. Мұнымен қатар, съездегі жарыссөздерді талдай отырып, «центр» антиискрашылдармен (оппортунистермен) қосылып, бізге қарсы болған уақыттағы, дауысқа қоюдан басқа да, әлденеше оқмйғаларды көрсеткенімізді ұмытпау керек. Бұған кіретін — демократиялық талаптардың ерекше бағасы туралы, оппозициялық элементтерді қолдау туралы, централизмді тежеу туралы мәселелер, т. т.

біраз басылып, протоколдар толып жатқан қызу шайқасулардың объективтік экстракты болып қалып отырғанда, Махов, Егоровтардың Акимов, Либерлермен бірігуі кездейсоқ нәрсе болмағанын, кездейсоқ нәрсе болуы мүмкін емес екенін тек көздерін жұмған адамдар ғана көре алмайды. Мартов пен Аксельродқа протоколдарға толық, дәл анализ жасаудан қашудан басқа, не болмаса түрлі *өкініштер* арқылы, съездегі өздерінің пікірлерін енді қайта *өзгертуге* тырысудан басқа ештеңе қалған жоқ. Көзқарастардың, саясаттың айырмаларын кұр өкінішпен ғана жоюға болар ма екен? Мартов, Аксельродтардың Акимов, Брукэр, Мартыновтармен жасап отырған кәзіргі одағы екінші съезде қайтадан кұрылған партиямызға искрашылдардың бүкіл съездің ұзына бойына дерлік антиискрашылдарға қарсы жүргізген күресін ұмыттыра алар ма екен?

Диаграмманың бес бөлегінің соңғы үшеуін (В, Г, Д) қамтыйтын, съездегі дауысқа қоюдың үшінші түрі *искрашылдардың біразы бөлініп, антиискрашылдарға қосылғанын*, сондықтан бұлардың (өздері създен кеткенше) жеңіп отырғанын көрсетеді. Азшылық искрашылдардың антиискрашылдармен жасаған осы атакты *коалициясының* — есіне түсірілгенде-ақ Мартовқа съезде аузына келгенін айтқызған коалицияның дамуын толық дәл байқау үшін, мұнда *ат атап* дауысқа қоюдың негізгі үш түрінің бәрі де келтіріліп отыр. В — тілдердің тең праволылығы туралы мәселе жөніндегі дауысқа қойылу (ең толығы есебінде, бұл пункт жөніндегі үш рет ат атап дауысқа қоюдың соңғысы алынды). Антиискрашылдардың бәрі және бүкіл центр бізге қарсы сап түзеді; ал искрашылдардан көпшіліктің біразы, азшылықтың біразы бөлініп шықты. *Бірақ искрашылдардың қандайларының съездің оппортунистік «оңшылдарымен» түпкілікті, берік коалиция жасай алатыны әлі белгісіз еді.* Бұдан кейін, Г — уставтың бірінші параграфы туралы дауысқа қою (екі дауысқа қоюдың анығырағы, яғни ешкім қалыс қалмағаны алынды). *Коалиция анығырақ суреттеліп, берігірек құралды**: азшылық искрашылдардың бә-

* Барлық мәліметтерге қарағанда, устав жөнінде осындай тағы төрт рет дауысқа қою болды; 278-бетте — біздің 21-ге қарсы Фо-

рі Акимов пен Либердің жағына шықты; көпшілік искрашылдардан ол жаққа шыққан біраз ғана кісі біздің жаққа центрден шыққан үш кісінің және антиискрашылдардан шыққан бір кісінің орнын толтырады. Қандай элементтердің біресе ол жаққа, біресе бұл жаққа кездейсоқ, уақытша шығып жүргендігін, қандайларының тоқталмастан Акимовпен берік коалиция жасауға барғанын түсіну үшін, диаграммаға әншейін көз жіберудің өзі-ақ жеткілікті. Көпшілік, азшылық болып түпкілікті бөлінуді дәл көрсететін соңғы дауысқа қоюдан (Д — Орталық Органға, Орталық Комитетке, Партия советіне сайлау) азшылық искрашылдардың бүкіл «центрмен» және антиискрашылдардың қалдықтарымен толық қосылғаны айқын көрінеді. Бұл уақытқа антиискрашылдар сегіз адамнан съезде жалғыз Брукэр жолдас қалды (олан Акимов жолдас оның қатесін түсіндірді, сонсын ол мартовшылдар қатарындағы өзінің тиісті орнын алды). Өте «оңшыл» жеті оппортунистің кетуі сайлаудың тағдырын Мартовқа қарсы шешті*.

Әртүрлі дауысқа қоюлары туралы объективтік директерге сүйене отырып, енді съезге қортынды жасаймыз.

Біздің съездегі көпшіліктің «кездейсоқ» сыйпаты туралы көп әңгіме болды. Мартов жолдас «Тағыда азшылықта» деген кітапшасында өзін тек осы дәлелдермен жұбатты. Диаграммадан мынаны айқын көруге болады: көпшілікті бір мағнада, тек бір ғана мағнада, кездейсоқ болды деуге болады, дәлдеп айтқанда «оңшылдардың»

мыңді жақтағандар 27; 279-бетте — бізді жақтаған 24-ке қарсы Мартовты жақтағандар 26; 280-бетте — маған қарсылар 27, жақтағандар 22; тағы сол бетте — бізді жақтаған 23-ке қарсы Мартовты жақтағандар 24. Бұл — орталық орындарға кооптация жасау туралы мәселелер жөнінде бұрын мен қозғаған дауысқа қоюлар. Ал ат атап дауысқа қоюлар болған жоқ (біреу болған екен бірақ жоғалып кеткен). Бундшылдар (барлығы немесе бір бөлегі), шамасы, Мартовты сақтамақ. Осы түрдегі дауысқа қою жөнінде Мартовтың (Лигада) қате айтқаны жоғарыда түзетілген.

* 2 съезден кеткен жеті оппортунистің бесеуі бундшылдар (федерациялық принципті қабыл алмағаннан кейін, екінші съезде Бунд партиядан шықты), екеуі «рабочеделошылдар» — Мартынов жолдас пен Акимов жолдас. Кейінгі екеуі партияның шет елдердегі ұйымы тек искралық Лига деп танылғаннан кейін, яғни «рабочеделошылдардың» шет елдердегі «Орыс социал-демократтарының Одағы» ажыратылғаннан кейін съезден кетті. (1907 жылғы басылуына автордың жазған ескертуі. Ред.)

өте оппортунистік элементтерінің жетеуі бейнебір *кездейсоқ* кетті ғой деген мағнада ғана кездейсоқ болды деуге болады. Осы кету қаншалық дәрежеде кездейсоқ болса, біздің көпшілігіміз де соншалық дәрежеде (артық емес) кездейсоқ болды. Бұл жетеудің кім жағында *болатынын, болуға тиісті екенін* ұзақ сөздерден гөрі диаграмманы жәй қарап өтудің өзі анық көрсетеді*. Бірақ шынында бұл жетеудің кетуін қаншалық дәрежеде кездейсоқ деуге болады? Көпшіліктің «кездейсоқтығы» туралы қуанып сөйлеушілердің өздеріне қойғысы келмейтін сұрағы міне осы. Бұл оларға өте жағымсыз сұрақ. Партиямыздың *солшыл* қанатының емес, *оңшыл* қанатының өте белсенді өкілдерінің кеткені кездейсоқтық па? Дәйекті *революцияшыл социал-демократтар* кетпей, *оппортунистердің* кеткені кездейсоқ па? Бұл «кездейсоқ» кету оппортунистік қанатқа қарсы күреске, бүкіл съезд үстінде болған және диаграммамызда өте айқын көрсетілген күреске бірсыпыра байланысты емес пе?

Көпшіліктің кездейсоқтығы туралы әңгімелер арқылы қандай фактының *бүркелетінін* анықтау үшін, азшылыққа жағымсыз осындай сұрақтарды қоюдың өзі-ақ жеткілікті. Бұл күмәнсіз, даусыз факт мынау: *азшылық біздің партия мүшелерінің оппортунизмге өте-мөте бейімдерінен құралған*. Азшылық партия ішіндегі теория жағынан *ең табансыз, принцип* жағынан *ең ұстамсыз* элементтерден құралды. Азшылық партияның нағыз *оңшыл қанатынан* құралды. Көпшілік, азшылық болып бөліну — социал-демократияның революциялық және оппортунистік болып, Гора және Жиронда⁷⁵ болып бөлінуінің сөзсіз тікелей жалғасы; бұл бөліну кеше ғана болған жоқ, тек жалғыз орыс жұмысшыларының партиясы ішінде ғана болған жоқ және бұл бөліну күні ертең жойыла қоймас.

Бұл факты ажырасудың себептерін, кезеңдерін анықтау үшін зор маңызы бар факт. Съезде болған күресті және сол күресте білінген принциптік сарындарды бекерге шығару немесе көмескілеу арқылы бұл фактыға *соқпай кету* — ақыл, саясат жөнінен мешеумін деп өзіне өзін толық куәлік беру болып шығады. Ал бұл фактыны *бе-*

* Төменде Акимов жолдас та, оған өте-мөте жақын Воронеж Комитеті де съезден кейін «азшылыққа» тілектес екенін ашық айтқанын көреміз.

керге шығару үшін, біріншіден, партиямыздың съезінде дауысқа қоюлар мен «бөлінулердің» жалпы суреті жаңа мен келтіргендей болмай, басқаша болғанын көрсету керек; екіншіден, съездің «бөлінуіне» себеп болған барлық мәселелердің мәнін алғанда Россияда-искрашыл атапған ең дәйекті революцияшыл социал-демократтардың пікірлерінің теріс болғанын көрсету керек*. Осыны көрсетіп көріңдерші, мырзалар!

Азшылықтың партияның өте оппортунистік, өте тұрақсыз, өте ұстамсыз элементтерінен құрылу фактысы — іспен жақсы таныс емес немесе мәселені толық ойлап түсінбеген адамдардың көпшілікке ұсынған көп сұрақтарына, қарсылықтарына қайтарылған жауап та болып табылады. Бізге: айрылысу Мартов жолдас пен Аксельрод жолдастың кішкене қатесінен болды деу ұсақтық емес пе? — деседі. Я, мырзалар, Мартов жолдастың қатесі үлкен емес еді (мұны мен съездің өзінде, күрестің қызу кезінде-ақ айтқанмын), бірақ бұл кішкене қатеден үлкен зыян келуі мүмкін еді (зыян келді де), өйткені бірталай қателер істеген, бірталай мәселелерде оппортунизмге бой ұрған, принцип жөнінен ұстамсыздық көрсеткен делегаттар Мартов жолдасты өз жағына қаратып алды. Мартов жолдас пен Аксельрод жолдастың табансыздық көрсеткені жеке өз басындық, маңызы кем факт болды, ал барлық өте тұрақсыз элементтерден, я «Искрашыл» бағытын ең мойындамай, онымен ашық күрескен адамдардың, я ауызына мойындап, іс жүзінде антиискра-

* Мартов жолдас үшін жазылған ескерту. Искрашыл — бір үйірменің мүшесі емес, бір бағытты жақтаушы деген сөз екенін Мартов жолдас енді ұмытып қалған болса, біз оған съезд протоколдарынан бсы мәселе жөнінде Троцкий жолдастың Акимов жолдасқа берген түсінігін оқып шығуға кеңес береміз. Съезде үш үйірме (партияға қатынасы жөнінде): «Еңбекті азат ету» тобы, «Искра» редакциясы, «Искра» ұйымы — искралық үйірмелер болды. Бұл үш үйірменің екеуі ақылды болып шықты, олар өздерін өздері таратып жіберді; үшіншісінің мұны істеуге партияшылдығы жетпеді, сондықтан оны съезд таратып жіберді. Ең кең искралық үйірмеден — «Искра» ұйымынан (редакция да, «Еңбекті азат ету» тобы да соның ішінде) съезде барлығы 16 адам болды, оның тек би бірінде ғана шешуші дауыс болды. Ал, искралық үйірмелердің ешқайсысында жоқ, бағыт жөнінен искрашыл болып жүргендер съезде менің есебімше 27 болды, олар 33 дауысқа ие болды. Демек, искрашылдардың жартысынан кемі искралық үйірмелерде болған.

шылдармен ылғый бір болған адамдардың *бәрінен* едәуір салмақты азшылық құрылғаны жеке өз басындық емес, *партиялық және тіпті маңызды* факт болды.

Айрылысуға «Искраның» бұрынғы редакциясының кішкене үйірмесіндегі бойға сіңген үйірмешілдік пен революцияшыл обывательдіктің үстем болғандығы себеп болды, деп *түсіндіру* кісі күлерлік іс емес пе? Жоқ, кісі күлерлік іс емес, өйткені *мұндай жеке* үйірмешілдікке көмек көрсетуге *біздің партия* ішіндегі бүкіл съезд бойына *үйірмешілдік атаулыны* жақтап күрескендердің *бәрі шықты*, революцияшыл обывательдіктен тегінде асып *көтеріле алмайтындардың* бәрі шықты, обывательдік, үйірмешілдік жауыздықтың «тарихи» сыйпатына бұл жауыздықты ақтап, қорғау үшін сүйенгендердің бәрі шықты. «Искра» редакциясының бір кішкене үйірмесінде тар-үйірмелік мүдделердің партияшылдықтан үстем болғанын, бәлкім, кездейсоқтық деуге болар еді. Бірақ бұл үйірмешілдікті Акимов, Брукэр сыяқты жолдастардың жан-тәнімен қуаттағаны кездейсоқтық емес, оларға атақты Воронеж Комитетінің және атышулы Петербург «Жұмысшысы ұйымының»⁷⁶ «тарихи сабақтастығының» қымбаттығы (артық болмаса) кем емес еді; бұрынғы редакцияның «өлтірілуіне» қандай қайғырса, «Рабочие Делоның» «өлтірілуіне» де сондай қайғырған (артығырақ қайғыруы да мүмкін) Егоров сыяқты жолдастардың үйірмешілдікті қуаттағаны, Махов сыяқты жолдастардың және басқалардың қуаттағаны кездейсоқтық емес. Кіммен таныс екенінді айтсаң мен де сенің кім екенінді айтайын — деген нақыл бар. *Саяси одақтасыңның* кім екенін, саған кім дауыс бергенін айтсаң, — мен де сенің *саяси пішініңнің* қандай екенін айтып берейін.

Мартов жолдас пен Аксельрод жолдастың *ұсақ* қатесі олардың партиямыздың бүкіл оппортунистік канатымен *мықты одақ* жасауына бастама себеп болғанша ғана, осы одақтың аркасында оппортунизм *сілімтігіне* жеткізгенше ғана, «Искрамен» күресіп жүргендердің бәрін және революцияшыл социал-демократияның дәйекті жақтастарына *зеку арқылы енді* қуана-қуана *ашуын басуға* дайын тұрғандардың бәрін *қайта күресуге* жеткізгенше ғана *ұсақ* қалпында қалып еді, қала алатын да еді. Съезден кейінгі оқыйғалар нақ мынаған жеткізді: біз жаңа «Искрада» дәл оппортунизм сілімтігін, Акимовтар

мен Брукэрлердің қайта күрескенін (Воронеж Комитетінің листогін қараңыз*), жексұрын «Искрада» жексұрын «дұшпанын» өткендегі түрлі қорлықтары үшін тарпып өтуге ақырында келіп (ақырында келіп!) мүмкіндік алған Мартыновтардың қуанышын көріп отырмыз. Мұның өзі искралық «сабақтастықты» сақтау үшін... ««Искраның» бұрынғы редакциясын қалпына келтірудің» (Старовер жолдастың 1903 жылғы 3 ноябрьдегі ультиматумынан) қандай дәрежеде керек болғанын бізге ерекше айқын көрсетіп отыр.

Съездің (партияның да) солшыл және оңшыл, революцияшыл және оппортунистік қанат болып екі бөліну фактысының өзі ешқандай қорқынышты, дағдарысты нәрсе емес екені былай тұрсын, тіпті ешбір орынсыз жері жоқ нәрсе еді. Қайта, орыс социал-демократиясының (жалғыз орыс социал-демократиясының ғана емес) соңғы он жылдағы бүкіл тарихы амалсыз, лажсыз түрде осындай бөлінуге жеткізді. Бөлінуге оңшыл қанаттың бірталай өте ұсақ қателерінің, өте маңызсыз (салыстырғанда) алалықтардың себеп болғандығы — бұл жағдай (үстірт бақылаушыға және ақылы тар филистерге шамдандыратындай болып көрінетін жағдай) біздің бүкіл партиямыздың ірі адыммен ілгері басқанын көрсетті. Бұрын тіпті кейде жікке бөлінуге де дәлел боларлық ірі мәселелер жөнінде айрылысып жүрдік, ал кәзір барлық ірі, маңызды мәселелер жөнінде бірігіп отырмыз, енді бізді бөліп отырған болмашы *сарындар* ғана; бұл жөнде таласуға болады және таласу керек те, бірақ мүлде айрылысып кету өрескел, балалық болар еді (бұл туралы «Нені істемеу керек?» деген қызғылықты мақаласында Плеханов жолдас өте дұрыс айтты, ол мақалаға кейін айналып соғармыз). *Кәзір*, азшылықтың *съезден кейінгі анархистік құлқы* партияны жіктелуге жеткізді дерлік болып отырғанда: тегінде, Уйымдастыру Комитеті жөніндегі жанжал, «Южный рабочий» немесе «Рабочее Дело» тобын таратып жіберу, 1-параграф, бұрынғы редакцияны таратып жіберу, т. с. сыяқты ұсақ нәрселер үшін съезде күресу керек пе еді? — дейтін даналар жиі кездеседі.

* Осы томның 425—427-беттерін қараңыз. *Ред.*

Бұлай ойлайтындар* партия жұмыстарына дәл үйірмелік көзқарасты енгізеді: партия ішінде *сарындар* күресінің болуы *сөзсіз және қажет*, бірақ мұндай күрес анархияға жіктелуге бастамай тұрған кезінде ғана керек, барлық жолдастардың, партия мүшелерінің бірігіп мақұлдаған *шеңберінде* күрескен кезде ғана керек. Съезде партияның оңшыл қанатына қарсы, Акимов пен Аксельродқа қарсы, Мартынов пен Мартовқа қарсы жүргізген *біздің күресіміз осы шеңберден ешбір шыққан жоқ*. Мұны нағыз даусыз түрде сыпаттайтын екі фактыны еске түсіру жеткілікті: 1) Мартынов жолдас пен Акимов жолдас съезден шығып кетпек болғанда, біз *бәріміз де «қорлау» туралы ойды қалай да тастауға дайын болдық, біз бәріміз де (32 дауыс) Троцкий жолдастың бұл жолдастарды түсінікпен қанағаттандыруға және арыздарын қайтып алуға шақыратын қарарын қабылдадық*; 2) орталық орындарды сайлауға келгенде, біз съездегі азшылыққа (яки оппортунистік канатқа) *екі орталық орыннан да азшылық бердік*: Мартовқа Орталық Органнан, Поповқа Орталық Комитеттен орын бердік. Съезден бұрын-ақ екі үштік сайлансын деп өзіміз ұйғарғандықтан, партиялық тұрғыдан қарағанда біздің басқаша етуіміз мүмкін емес еді. Съезде білінген *сарындардың айырмасы үлкен болмаған болса*, біздің бұл сарындардың күресінен шығарған *практикалық қортындымыз да үлкен болмады* ғой: бұл қортынды тек қана екі үштікте де *үштен екісін партия съезінің көпшілігіне беру керек* дегенге тірелді.

* Бұл жөнде өзімнің съезде «центрдің» делегаттарының біреуімен жасаған әңгімемді еске түсірмей өте алмаймын. Ол қынжылып былай деді: «Біздің съезде жағдай қандай ауырлап кетті! Бұл арпалысқан күрес қой, бұл бір-бірімізге қарсы үгіт жүргізу ғой, бұл қатты кеткен айтыс қой, бұл жолдастыққа жатпайды ғой!..» Мен оған былай деп жауап бердім: «Біздің съезд қандай тамаша нәрсе! Ашық, еркін күрес. Пікірлер айтылды. Сарындар айқындалды. Топтар белгіленді. Қолдар көтерілді. Қарар қабылданды. Кезеңнен өттік. Енді алға! — міне іс болса осындай болсын. Бұл — нағыз өмір. Бұл — интеллигенттердің ұшы-қыйыры жоқ, жалықтыратын кұрғақ сөздері емес; мұндай кұрғақ сөздер жұрт мәселені шешкендіктен бітпейді, сөйлей-сөйлей шаршағандықтан бітеді...»

«Центрлік» жолдас маған таңқалған адамша қарап, ыйығын қозғады да қойды. Біз әртүрлі тілдерде сөйлестік.

Партия съезіндегі азшылықтың орталық орындарда азшылық болуға көнбеуі ғана жеңіліп қалған интеллигенттердің әуелі «бос қыңқылын» туғызды, ал сонан кейін анархиялық сөздері мен анархиялық қыймылдарын туғызды.

Қортындыда, орталық орындардың құрамы туралы мәселе тұрғысынан тағы бір рет диаграмма қарап өтейік: Сарындар туралы мәселеден басқа делегаттар алдында сайлау тұсында белгілібір кісінің іске жарамдылығы, қабілеттілігі, т. с. туралы мәселе де қойылды, бұл табиғи нәрсе. Енді азшылық осы мәселелерді әдейі шатастырып жүр. Ал бұлардың әртүрлі мәселелер екені өзінен өзі түсінікті, мұны Орталық Органға әуелгі үштікті сайлау съезге дейін белгіленгендігінің, Мартов, Аксельродтардың, Мартынов, Акимовтармен одактасуын ешбір жан болжай алмайтын уақытта белгіленгендігінің жәй фактысы-ақ анық көрсетеді. Түрлі сұрақтарға түрлі жолмен жауап берілуге тиіс: сарындар туралы сұраққа жауапты съезд протоколдарынан іздеу керек, барлық түрлі пункттердің ашық талқыланып, дауысқа қойылуынан іздеу керек. Қандай кісінің жарамдылығы туралы мәселе съезде құпия дауысқа қою жолымен шешілсін деп жұрттың бәрі қаулы еткен болатын. Бүкіл съезд бір дауыспен мұндай қаулыны неліктен қабылдады? — бұл әліпби сұрақ, оған тоқталып жату да ерсі болар еді. Бірақ азшылық (өздері сайлауда жеңілгеннен кейін) әліпбиді де ұмыта бастады. Біз бұрынғы редакцияны қорғаған неше түрлі қызу, қатты ашулы, естен тана сөйлеген сөздерді есіттік, бірақ алтылық үшін және үштік үшін күреске байланысты съездегі сарындар туралы біз тіпті ештеңе де естімедік. Орталық Комитетке сайланған адамдардың қабілетсіздігі, жарамсыздығы, жаман ойлылығы туралы бос әңгімелерді кез келген жерден есіттік, бірақ Орталық Комитетте басым болу үшін күрескен съездегі сарындар туралы тіпті ештеңе де естімедік. Менің ойымша, съезден тысқары жерде жеке адамдардың сапасы, қыймылы туралы бос әңгімелер жүргізу ұят, лайықсыз нәрсе (өйткені мұндай қыймылдардың 100 ден 99-ы партияның тек жоғарғы инстанциясы алдында ғана ашылатын ұйымдық сыр болып табылады). Съезден тысқары жерде мұндай бос әңгімелер арқылы күрес жүргізу, менің пікірімше, өсек айту болады. Бұл бос сөздер жөні-

де жұртқа беретін жалғыз-ақ жауабым — съезде болған күресті көрсету: сіздер Орталық Комитет азғантай ғана көпшілікпен сайланды дейсіздер. Бұл рас. Бірақ бұл азғантай көпшілік сөзбен емес, іс жүзінде, өте дәйекті түрде искралық жоспарларды жүзеге асыру үшін күрескендердің бәрінен құрылған. Сондықтан бұл көпшіліктің *моральдық* беделі *формалық* беделінен анағұрлым жоғары болуға тиіс, — «Искраның» *бағытының* сабақтастығын «Искраның» анау-мынау *үйірмесінің* сабақтастығынан артық бағалайтындар үшін жоғары болуға тиіс. «Искраның» саясатын жүзеге асыруға кім жарамды екенін кім *әділірек айта алар еді?* съезде осы саясатты жүргізгендер ме, әлде көп мәселерде осы саясатқа қарсы күресіп, түрлі артта қалғандықты, түрлі ескі-құсқыны, түрлі үйірмешілдікті жақтағандар ма?

о) СЪЕЗДЕН КЕЙІН КҮРЕСТІҢ ЕКІ ӘДІСІ

Съездегі жарыссөздерге және дауысқа қоюларға жасалған анализ, біз аяқтаған анализ, *съезден кейін болғандардың бәрін шынында* іп писе (бастама қалпында) түсіндіріп берді, сондықтан біздің партия дағдарысының кейінгі кезеңдерін қысқа айтып өтуімізге болады.

Мартов пен Поповтың сайлаудан бас тартуы партиялық сарындардың партиялық күресінде бірден-ақ *дау-жанжал* жағдайын туғызды. Глебов жолдас сайланбаған редакторлардың шынымен Акимов пен Мартыновқа қарай *бұрылуға* бел байлағанын өрескілдік деп есептеп, мұны ең алдымен ашу үстінде жасалған іс деп түсіндіріп, съезден кейін екінші күні-ақ маған және Плехановқа істі татулықпен бітіруге, Советте редакциядан өкіл болуын камтамасыз ету шартымен (яғни екі өкілдің біреуі қалай да партиялық көпшіліктікі болу үшін) төртеуінде «кооптациялауға» ұсыныс жасады. Бұл шарт Плехановқа және маған қолайлы болып көрінді, өйткені бұл шартқа көну *съездегі қатені үнсіз мойындағандық*, соғысты емес, татулықты тілегендік, Акимов пен Мартыновқа, Егоров пен Маховқа жақын болудан гөрі Плеханов пен бізге жақын болуды тілегендік болатын еді. Сөйтіп «кооптация» жөніндегі уступка адамның өз басы жөніндегі уступкаға айналды, ал ашу-араздықты жойып, татулық орнататын, адамның өз басы жөніндегі мұндай

уступкадан бас тартудың лайығы жоқ болды. Сондықтан біз Плеханов екеуіміз рыйзалығымызды бердік. Редакцияның көпшілігі бұл шартты қабылдамады. *Глебов кетіп қалды*. Біз ақырын күттік: Мартов съездегі ұстаған лоялдық тұрғысында (центрдің өкілі Попов жолдасқа қарсы) тұрып қалар ма екен, әлде оны соңына ерткен тұрақсыз және жіктелуге бейім элементтер үстем болып шығар ма екен деп күттік.

Біздің алдымызда мынадай мәселе тұрды: Мартов жолдас өзінің съездегі «коалициясын» некен-саяқ болатын саяси факт (1895 жылы Бебельдің Фольмармен коалиция жасауы некен-саяқ оқыйға болғаны сыяқты — *si licet parca compropege magnis**) деп есептегісі келе ме, әлде ол осы коалицияны *баянды еткісі* келіп *Плеханов пен біздің* съездегі қатемізді дәлелдеп көрсетуге бар күшін сала ма, біздің партияның оппортунистік қанатының нағыз басшысы болып шыға ма. Басқаша айтқанда бұл мәселе: дау-жанжал ма әлде партиялық саяси күрес пе? деп тұжырымдалды. Съездің ертеңінде орталық мекемелердің мүшелерінен үш-ақ кісі бар едік, үшеуіміздің ішімізде Глебов мәселені алғашқы айтылған түрде шешуді көбірек жақтап, таласқан балаларды татуластыруға көбірек ұмтылды. Плеханов жолдас мәселені екінші түрде шешуге көбірек ұмтылып, мүлде қасарып алды. Мен бұл жолы өзімді «центр» немесе «батпақ» санап, үгіттеп түсіндіру жағын қарастырдым. Қазіргі уақытта сөз жүзіндегі үгітті бұрынғы қалпынша қайта айтып беремін деу былыққан үмітсіз әрекет болар еді, сондықтан мен Мартов жолдас пен Плеханов жолдастың жаман үлгісін қолданбаймын. Бірақ «азшылық» искрашылардың біреуіне арнаған хат жүзіндегі үгітімнің кейбір жерлерін келтіруді қажет деп таниймын:

...«Мартовтың редакциядан бас тартуы, оның және партиядағы басқа әдебиетшілердің бірлесіп жұмыс істеуден бас тартуы, бірсыпыра адамдардың Орталық Комитет үшін жұмыс істеуден бас тартуы, бойкот жасау немесе баяу қарсылық жасау идеясын насихаттау, мұның бәрі, тіпті Мартовтың және оның достарының тілегіне қарамастан, партияның жіктелуін туғызбай қоймайды. Егер Мартов тіпті лоялдық тұрғыда (съезде оның батыл қолдаған тұрғысында) тұрып қалса да, басқалары шыдап отыра алмайды, — сөйтіп мен көрсеткен нәтиже тумай қалмайды...

* — егер кішкенеңі үлкенмен салыстыруға болатын болса. *Ред.*

...Сондықтан мен өзіме-өзім: шынында біз неге бола айрылысамыз?.. деген сұрақ қоямын. Съезде болған оқыйғалардың және съездің берген әсерлерінің бәрін көз алдыма келтіріп, мен көп уақытта қатты ашумен, «қызғындықпен» іс істегенімді мойныма аламын; егер сол кездегі жағдайдан, егестен, айтыстан, күрестен, етс. туған нәрсені айып деп атау керек болса, онда өз айыбымды кімнің алдында болса да мойындауға шын ынтаммен даярмын. Бірақ, қолымыз жеткен нәтижелерге, қызғын күрес арқасында жүзеге асқан жұмыстарға кәзір ешбір қызғынсыз көз жібергенде, мен бұл нәтижелерден партияға зыянды ешнәрсені, азшылықты ренжіткендік немесе қорлағандық болатын ешнәрсені көре алмаймын.

Әрине, азшылықта қалудың өзінің ренжірлік іс болмауы мүмкін емес, бірақ біз біреуді «масқаралаппыз», біз біреуді қорлағымыз немесе беделін түсіргіміз келіпті, деген ойға үзілді-кесілді қарсылық білдіремін. Мұндай ешнәрсе болған жоқ. Сондықтан саясат жөнінде ажырасушылықтың салдарынан оқыйғаларды түсіндіргенде екінші жақты арам, алаяқ өсекші деп және басқа осындай сүйкімді сөздерді айтып айыптау арқылы түсіндірушілікке жол бермеу керек; мұндай сөздерді төніп келе жатқан жіктелу жағдайында бірден бірге жиі естіп жүрміз. Бұған жол бермеу керек, өйткені бұл, ең кемінде, *plus ultra** ақылсыздық болады.

Мартовпен сан рет ажырасқанымыз сыяқты, біз онымен саяси (және ұйымдық) мәселелер жөнінде ажырастық. Уставтың 1-параграфы туралы мәселеде жеңілгеннен кейін, мен өзімдегі (және съездегі) бар құралды қолданып, барлық жігеріммен қайта күреске ұмтылмай тұра алмадым. Мен, бір жағынан, нағыз искрашыл Орталық Комитетті, екінші жағынан, редакциялық үштікгі көксемей тұра алмадым... Мен, құда-андалыққа және салдыр-салақтыққа негізделген коллегия болу емес, қызмет атқарушы мекеме болу, кісінің өз басына қатысты нәрсенің бәрінен, ренжу, кетіп қалу, тағы сондайлар туралы пікірлердің қандайынан болса да аулақ тұрып және оған *irrespective*** әркім әруақытта өзінің партиялық көзқарасын ұсына алатын, қорғай алатын нағыз бірден-бір орталық орын болу тек қана осы үштіктің қолынан келеді деп есептеймін.

Съездегі оқыйғалардан кейін бұл үштік бір ретте Мартовқа қарсы бет алған саяси және ұйымдық бағытты сөзсіз заңды етіп бекітті. Бұл күмәнсіз. Осыған бола айрылысу керек пе? Осыған бола партияны бұзу керек пе?? Ал демонстрациялар туралы мәселеде Мартов пен Плеханов маған қарсы болмады ма? Ал программа туралы мәселеде Мартовпен екеуіміз Плехановқа қарсы болмадық па? Қай үштіктің болса да бір жағы әрқашан сол үштікке қатнасушының біреуіне қарсы болмай ма? Егер искрашылдардың көпшілгі «Искраның» ұйымында да, съезде де Мартовтың бағытының бұл арнаулы сарынын ұйымдық және саяси жағынан қате деп тапса, мұны қайдағы бір «ор қазғандық», «айдап салғандық», т. т. деп түсіндіруге тырысу, шынында, ақылсыздық емес пе? Бұл көпшілікті «бұзақылар» деп *бәлағаттан*, бұл фактыдан кұр сөзбен кұтылу ақылсыздық болмас па еді?

* — барып тұрған. *Ред.*

** — бағынбай. *Ред.*

Тағы айтамын: Мартовтың теріс бағыт ұстағанына және оны түзету керек болғанына, съездегі искрашылдардың көпшілігіндей, менің де әбден көзім жетті. Бұл түзетуге бола ренжу, мұнан қорлау дегенді, етс шығару — ақылға сыймайтын нәрсе. Біз ешкімді ешқандай істе «масқаралаған» жоқпыз, «масқараламаймыз» және *жұмыстан* шеттетпейміз. Ал *орталық орыннан* шеттетуге бола жіктелу туғызу маған түсініксіз ақылсыздық болар еді»*.

Мен хат жүзіндегі осы мәлімдемелерімді кәзір қайтадан келтіруді керек деп таптым, өйткені, бір жағынан, айыптаудың қаттылығы, «қызғындығы», т. с. себепті болуы мүмкін (және қызу күресте болмай қалмайтын) адамның өз басының ренжуі мен ашулануы, екінші жағынан, белгілі саяси қате, саяси бағыт (оңшыл қанатпен коалиция жасау) арасына көпшіліктің *бірден-ақ* белгілі шек қоюға ұмтылғанын бұл мәлімдемелер дәл көрсетіп отыр.

Бұл мәлімделемер мынаны дәлелдейді: азшылықтың *баяу қарсылығы съездің артынша басталды және* бізді *бірден-ақ* мұның өзі *партияның жіктелуін туғызатын қадам деп* мұның өзі *съезде жасалған лоялдық мәлімдемелерге* турадан-тура қайшы келетін нәрсе деп, мұның өзі *орталық мекемелерден шеттеткендікке бола* (яки сайламағанға бола), тек соған бола жасалған жіктелу болады, өйткені партия мүшелерінің қайсысын болса да *жұмыстан шеттетуді* ешкім ешуақытта ойлаған жоқ деп, саясат жөнінде өзара ажырасуымыз (съездегі бағытында Мартов қателесті ме әлде біз қателестік пе, деген мәселе әлі анықталмағандықтан және шешілмегендіктен, болмай қалмайтын ажырасушылық) *бірден-бірге бұрмаланып, бәлағаттау, сенбеушілік, т. т. с. қосылған дау-жанжалға* айналып барады деп сақтандыруға мәжбүр етті.

Сақтандыру ем болмады. Азшылықтың істеп отырған істері олардың арасындағы неғұрлым табансыз, *партияны неғұрлым кем бағалайтын* элементтердің басым бо-

* Бұл хат (1903 жылы 31 августа (13 сентябрьде) А. Н. Потресовқа жазылған хат. Ред.) *сентябрьде-ақ* (жаңа стиль) жазылды. Оның меніңше іске қатысы жоқ жерлері түсіріліп қалдырылды. Егер хатты алушы дәл сол түсіріліп қалдырылған жерлерін маңызды деп есептесе, онда оған бұл кем жерлерін толықтыру қыйын емес. Осы жағдайды пайдаланып айта кетейін, мен барлық оппоненттеріме, егер олар іс үшін керекті деп тапса, менің жәй хаттарымның бәрін жарыялауға рұхсат етемін.

лып бара жатқанын көрсетті. Сондықтан Плеханов екеуіміз Глебовтың ұсынысына берген рыйзалығымызды шарасыздан қайтып алдық: шынында да, егер азшылық өздерінің *істерімен* тек принциптер жөнінде ғана емес, *кәдімгі партиялық лоялдық* жөнінде де өздерінің саяси тұрақсыздығын дәлелдеп отырса, онда атышулы «сабақтастық» туралы *сөздердің* қандай маңызы болуы мүмкін? Өздерінің жаңадан туып, көбейіп бара жатқан келіспеушіліктерін турадан-тура айтып отырған адамдардың көпшілігін партиялық редакцияға «кооптациялау» жөніндегі талаптың түгелінен қыйсынсыздық екенін Плехановтай түйреп келемеждеген адам болған жоқ! Шынында да, *жаңадан* туған алауыздықтарды баспасөз бетінде, партия алдында *анықтап алмай тұрып*, орталық мекемелердегі партиялық көпшіліктің өзін-өзі азшылыққа айналдырғанын бұл дүниеде кім көрген еді? Әуелі алауыздық ашып айтылсын, партия бұл алауыздықтардың салмағы мен маңызын талқылап тексерсін, егер қандай да болса қате істегені дәлелденіп көрсетілсе, партия өзінің екінші съезде істеген қатесін өзі түзетсін! Әлі ешкім білмейтін алауыздықтарға *бола* әлгідей талап қоюдың өзі сол талап етушілердің мүлде тұрақсыздығын, саяси ажырасушылықты дау-жанжалмен мүлде бүркеп тастағандығын, бүкіл партияны да, өздерінің сенімді пікірлерін де мүлде құрметтемейтіндігін көрсетті. Өздерінің басқаша пікірге сендірмек болған мекемесінде көпшілік алмай тұрып (*өз беттерімен алмай тұрып*), оны *сендіруден* бас тартқан *принциптік сенімі бар* адамдар дүниеде әлі болып көрген жоқ және ешуақытта болмайды да.

Ақырында, 4 октябрьде Плеханов жолдас бұл сорақылықты бітіруге *ақырғы рет* әркет жасап қарайтынын жарыялады. Бұрынғы редакцияның алты мүшесінің бәрінің жыйналысы болды; бұл жыйналысқа Орталық Комитеттің жаңа мүшесі* қатысты. «Азшылықтың» төрт адамын «көпшіліктің» екі адамының үстіне «кооптациялау» талабының ақылға сыймайтындығын Плеханов

* Орталық Комитеттің бұл мүшесі⁷⁷, мұнан басқа, азшылықпен бірге бірсыпыра жеке және коллективтік әнгімелер өткізіп, өрескел өсек-аяндардың өтірік екенін айтты, партиялық борышты өтеуге шақырды.

жолдас үш сағат бойына дәлелдеп көрсетті. Бір жағынан, біреулерді «мұқатқысы», жаныштағысы келеді, қылы жағдайға салып, жазалағысы, жоқ қылғысы келеді деп біз туралы қандай да болса қауіптенушілікті жою үшін, екінші жағынан, партиялық «көпшіліктің» праволары мен позициясын қорғау үшін, Плеханов *екі адамды кооптациялауға ұсыныс жасады. Екі адамды кооптациялау туралы ұсыныс та қабылданбады.*

6 октябрьде біз Плехановпен бірігіп, «Искраның» бұрынғы редакторларының бәріне және қызметкері Троцкийге мынадай мазмұнда ресми хат жаздық:

«Қадірлі жолдастар! Орталық Органның редакциясы Сіздердің «Искра» мен «Заряға» қатнарудан шеттеулеріңізге қынжылатындығын ресми түрде білдіруді өзінің борышы деп біледі. Партияның екінші съезі өтісімен және онан кейін де талай рет Сіздерді бірлесіп жұмыс істеуге сан рет шақыра тұрсақ та, біз Сіздерден бір де әдеби шығарма алған жоқпыз. Орталық Органның редакциясы: Сіздердің бірлесіп жұмыс істеуден шеттеулеріңізге өз тарапынан ешбір себеп болған жоқ деп білетінін мәлімдейді. Адамның өз басының бірер нәрсеге ашулануы, әрине, партияның Орталық Органында жұмыс істеуге бөгет болмауға тиіс. Егер Сіздердің шеттеулеріңіз сіз бен біздің көзқарасымыздағы белгілібір ажырасушылыққа байланысты болған болса, онда біз, партияның мүддесі үшін, мұндай алауыздықтарды толық баяндауды өте пайдалы деп есептеп едік. Ол ол ма. Бұл алауыздықтардың түр-сыйпаты мен тереңдігі қандай екенін бүкіл партия алдында, біз редакциялап отырған газет-журналдардың бетінде неғұрлым тез анықтауды біз өте-мөте қажетті деп есептер едік»*.

«Азшылықтың» істерінде өз бастарының ашуланғандығы басым ба әлде органға (партияға да) *жаңа бағыт* бергісі келетіндігі басым ба және атап айтқанда қандай істе, дәл қандай бағыт бергісі келеді, — бұл бізге әлі тіпті айқын емес екенін оқушының өзі көріп отыр. Менің ойымша, егер қандай әдебиетті болса да, куәлардың берген қандай мәліметтерін болса да негізге алып, осы мәселені анықтау жұмысына 70 білгішті отырғызса, олар кәзірдің өзінде де бұл былықты ешуақытта айыра ал-

* Мартов жолдасқа жазған хатта бір кітапша туралы тағы бір мәселе және мынадай сөйлем қосылды: «Ақырында, істің мүддесі үшін біз Сізге тағыда ескертеміз: өзіңіздің көз қарастарыңыздың бәрін партияның жоғарғы мекемесінде ресми түрде мәлімдеуге және қорғауда Сізге толық мүмкіндік беру үшін, біз кәзірде де Сізді Орталық Органның редакциясының мүшелігіне кооптациялауға даярмыз».

мас еді. Кūr дау-жанжалды қай уақытта да шешуге бола қояр ма екен: оны не кūrту керек, не онан аулақ болу керек*.

6 октябрьдегі хатқа Аксельрод, Засулич, Старовер, Троцкий және Кольцов: төменде қол қойғандар, «Искра» жаңа редакцияның қолына көшкеннен кейін, оның жұмысына ешқандай қатнаспайды, деп бір-екі ауыз сөзбен жауап қайтарды. Мартов жолдас олардан гөрі сөзге мырза болып, бізге мынадай жауап қайтарды:

«РСДЖП Орталық Органының редакциясына. Қадірлі жолдас-тар! Сіздердің 6 октябрьдегі хатыңызға жауап есебінде мен мынаны мәлімдеймін: 4 октябрьде Орталық Комитеттің мүшесінің қатнасуымен жасалған кеңестен кейін, бір органда бірігіп жұмыс істеу туралы мәселе жөнінде біздің түсініс беруіміздің бәрі аяқталды деп есептеймін; ол мәжілісте, Советке өзіміздің «өкіліміз» етіп Ленин жолдасты сайлауға уәде берсек, Аксельродтың, Засуличтің, Старовердің және менің редакцияға кіретіндігіміз туралы бізге жасалған ұсынысты Сіздердің не себепті қайтып алуларыңыз жөніндегі сұрауға жауап беруден Сіздер бас тарттыңыздар. Куәлардың алдында өздеріңіздің жасаған мәлімдемелеріңіздің тұжырымынан сол айтылған кеңесте бірнеше рет бас тартуларыңыздан кейін, мен кәзіргі жағдайда «Искрада» жұмыс істеуден бас тартуымның себептерін Сіздерге жазған хатымда түсіндіруді қажет деп таппаймын. Егер керек болса, мен бұл туралы бүкіл партия алдында толық айтып беремін; редакциядан және Советтен орын алу туралы сіздердің кәзір қайталап отырған ұсыныстарыңыздан менің не себепті бас тартқанымды партия екінші съездің протоколдарынан-ақ біледі...**

Л. Мартов».

Бұл хат, жоғарыда көрсетілген документтермен бірге, Мартов жолдастың өзінің «Қыйлы жағдайында» әдейі соқпай кетіп отырған (мұны ол леп белгілері мен көп ноқаттар кою арқылы істеп отыр) мәселе жөнінде — бойкот жасау, берекені кетіру, анархия, жіктелуді даярлау туралы мәселе жөнінде — күрестің лоялдық және лоялдық емес құралдары туралы мәселе жөнінде ешкім бекер дей алмайтын айқын түсінік береді.

Мартов жолдасқа және басқаларға алауыздықты баяндауға ұсыныс жасалып отыр, істің неде екенін және

* Плеханов жолдас бұл жерде: не дау-жанжалды шығарушылардың қандайда болса барлық талаптарын орындау керек, деп қосар еді. Бұл ій етуге неге мүмкін болмағанын біз кейін көреміз.

** Мартовтың сол кезде қайтадан бастырылған кітапшасы жөніндегі жауапты түсіріп қалдырамын.

олардың ниеттері қандай екенін тура ашып айтуға өтініш жасалып отыр, өкпелеуді қойып, 1-параграф жөніндегі қатені (оңға бұрылудағы қатемен тығыз байланысты қатені) сабырлықпен талдандар деп үгіт айтылып отыр, — ал Мартов жолдас және оның серіктері сөйлесуден бас тартып: мені қыйлы жағдайға салып, мұқатып отыр, деп айқай салады. «Қорқынышты сөздің» келекеге айналуы бұл күлкілі байбаламның қарқынын басқан жоқ екен.

Біз Мартовтан былай деп сұрадық: *бірге жұмыс істеуден бас тартып отырған* адамды қалайша қыйлы жағдайға салуға болады? *Азшылық болудан бас тартып отырған* азшылықты қалайша жәбірлеуге, «мұқатуға», қысым жасауға болады?? Азшылық болудың қандай болса да азшылықта қалғандарға қалайда белгілі қолайсыздық туғызбай қоймайтыны даусыз ғой. Бұл қолайсыздық мынау: не белгілі мәселелерде үстемдік ететін коллегияға кіруге тура келеді, не коллегиядан тыс қалып, оған шабуыл жасауға және, олай болса, берік орнатылған батареялардың оғының астына түсуге тура келеді.

Мартов жолдас «қыйлы жағдай» туралы байбалам салғанда: азшылықта қалғандарға қарсы күресу немесе оларға билік жүргізу әділ емес, лоялды емес, дегісі келген болар? *Тек* осындай тезис қана (Мартовтың көзқарасы бойынша) аз да болса ақылға сыярлық болады, өйткені, тағыда айтам, азшылықта болу қалайда белгілі қолайсыздық туғызбай қоймайтыны даусыз. Бірақ мұның кісі күлерлік екені дәл мынада: Мартов жолдас сөйлесуден бас тартып отырғанда, онымен *күресуге ешбір* мүмкіндік болмайды! азшылық азшылықта болудан бас тартып отырғанда, оған *билік жүргізуге ешбір* мүмкіндік болмады!

Біз Плехановпен редакцияда болған кезде Орталық Органның редакциясының қолдағы билікті асыра қолданғандығы немесе оны жолсыз пайдаланғандығы жөнінде Мартов жолдас *бірде-бір* фактыны дәлелдеп көрсете алмады. Азшылықтың практиктері де Орталық Комитет жағынан *бірде-бір* фактыны дәлелдеп көрсете алмады. Мартов жолдас өзінің «Қыйлы жағдайында» кәзір қаншама бұлтарса да, *қыйлы жағдай туралы бай-*

баламда «бос қыңқылдан» басқа тіпті түк жоқ екені әбден күмәнсіз болып отыр.

Мартов жолдаста және оның серіктерінде съезд тағайындаған редакцияға қарсы *орынды* дәлел жоқ екенін бәрінен де гөрі солардың өздерінің: «біз крепостной емеспіз!» («Қыйлы жағдай», 34-бет) деген сөзсымақтары жақсы сыйпаттайды. Өзін бұқаралық ұйымнан және бұқаралық тәртіптен жоғары тұрған «тандаулылардың» қатарына қосатын буржуазиялық интеллигенттің психологиясы бұл жерде тамаша айқын көрініп отыр. Партияда жұмыс істеуден бас тартқандыққа «біз крепостной емеспіз» деп *себеп көрсету* — *өзіңнің кім екеніңді толық ашып бергендік*, дәлелдеріңнің мүлде жоқтығын, дәлелдеуге мүлде шамаң келмейтіндігін, наразы болуда орынды себептеріңнің мүлде жоқтығын мойындағандық болады. Біз Плеханов екеуіміз: бас тартушылыққа біз ешқандай себеп болған жоқпыз деп есептейміз, алауыздықты баяндауды өтінеміз дедік, ал олар бізге: «біз крепостной емеспіз» деп (кооптация жөнінде біз әлі саудаласып біткен жоқпыз, деген сөзді қосып) жауап береді.

1-параграф туралы таласта-ақ өзін әшкерелеп, оппортунистік пікірге және анархистік кұрғақ сөзге бейімдігін ашық көрсетіп берген жекешіл интеллигентке *қандай да болса* пролетарлық ұйым мен тәртіп *крепостниктік право* болып көрінеді. Бұл «партия мүшелеріне» және партияның «қызмет атқарушы адамдарына» *партияның жана съезі* де «тандаулылар» үшін қорқынышты және төзе алмастық крепостниктік мекеме болып көрінетінін оқушы көпшілік көп ұзамай өзі білер... Партиялық атақтан пайдалануға әуес, бірақ партияның мүдделері мен партияның еркіне ол атактың *үйлеспейтінін* сезетін адамдар үшін бұл «мекеме» шынында да қорқынышты.

Менің жана «Искра» редакциясына жазған хатымда көрсетілген және «Қыйлы жағдайда» Мартов жолдас бастырып шығарған комитеттер қарарлары мынаны факт жүзінде дәлелдеп отыр: азшылықтың істері басынан аяғына дейін съездің қаулыларына *бағынбағандық*, пайдалы практикалық жұмыстың *берекесін кетіргендік* болды. Оппортунистерден және «Искраны» жек көрушілерден кұралған азшылық, съезде жеңілгені үшін өш алмақ болып және екінші съезде өздеріне оппортунизмге салыну жөнінде, интеллигенттік тұрақсыздық жөнінде тағыл-

ған айыпты ешқандай да, лоялдык жолмен (істі баспасыз бетінде немесе съезде түсіндіру жолымен) бекерге шығара алмайтынын сезіп, партияны жұдымлады, жұмысты бүлдіріп, берекесін кетірді. Партияны сендіруге шамасы келмейтінінің мойындағаннан кейін, олар партиялық берекесін кетіру және қандай жұмысқа болса да бөгет жасау жолымен әрекет етті. Жұрт оларды: сіздер (съезде істі былықтырып) біздің ыдысқа жарыпшақ түсірдіңдер деп кінәлаған еді; олар, бұл кінәлауға жауап ретінде, жарыпшақ түскен ыдысты бірқолмен қайратуға бар күшін салды.

Ұғымдардың шатаسقандығы сонша — бойкот және жұмыстан шеттеу күрестің «одим» жолы» деп жарыяланды. Мартов жолдас кәзір осы қытыққа тәбетін пунаттің маңында шырқ айналып жүр. Мартов жолдастың «принципшілдігі» сонша — азшылық бойкот жасаса, онда ол бұл бойкотты... қорғайды, ал көпшіліктің қатарында болып қалғанда бойкот Мартовтың өзіне қауіп туғыза, онда ол бұл бойкотты айыптайды!

Мұның өзі дау-жанжал ма әлде социал-демократиялық жұмысшы партиясы ішіндегі күрестің адал жолдары жөніндегі «принциптік алауыздық» па, деген мәселені талдамасақ та болады ғой деп ойлаймын.

«Кооптацияға» бола жанжал шығарған жолдастардан түсініс алуға тырысқан әрекеттен (4 және 6 октябрь) нәтиже шықпағаннан кейін, орталық мекемелерге олардың лоялдык жолмен күресуге берген сөз жүзіндегі уәдесінің іс жүзінде қандай болып шығатынын байқау ғана қалды. 10 октябрьде Орталық Комитет Лигаға циркуляр жіберіп (Лига протоколдарының 3—5-беттерін қараңыз), өзінің устав жасап жатқанын мәлімдеді және Лиганың мүшелерін бұл іске көмектесуге шақырды. Лиганың администрациясы ол кезде Лиганың съезін шақыруды қабылдамаған еді (бір дауысқа қарсы екі дауыспен қабылдамаған, сол протоколдардың 20-бетін қараңыз). Азшылық жағындағылардың бұл циркулярға қайтарған жауабы мынаны көрсетті: атышулы лоялдык және съезд қарарларын танушылық күр бос сөз болып

• Горнозавод қарары («Қылы жағдайдың» 38-беті).

шықты, іс жүзінде азшылық партияның орталық мекемелеріне қалайда *бағынбауға* бел байлап, ол мекемелердің бірлесіп жұмыс істеуге шақырған ұсынысына софизм мен *анархистік* кұрғақ сөзге салынған *сылтаулармен* жауап берді. Администрация мүшесінің, Дейчтің (10-бет), атышулы ашық хатына біз Плехановпен және көпшіліктің басқа жақтастарымен бірігіп былай деп жауап бердік: «партиялық тәртіпті өрескел бұзушылыққа қарсы батыл түрде наразылық білдіреміз; Лиганың қызмет адамы осы партиялық тәртіпті өрескел бұзу арқылы партиялық мекеменің ұйымдық жұмысына бөгет жасады және басқа жолдастарды тәртіп пен уставты осындай етіп бұзуға шақырды. «Орталық Комитеттің шақыруы бойынша мұндай жұмысқа қатнасуға өзімнің правом жоқ деп есептеймін» деген немесе «жолдастар! Лига үшін жаңа устав жасауды ешуақытта оның (Орталық Комитеттің) еркіне бермеуге тиістіміз» деген, тағы басқа сол сыяқты кұрғақ сөздер — үгіт жүргізу әдістерінің бірі, бұл әдіс партия, ұйым, партиялық тәртіп деген ұғымдардың не екенін аз да болса айыратын әрбір адамды тек ызаландыра түседі. Бұл сыяқты әдістердің сорақылық болатын тағыбір себебі — ол әдістер жаңа ғана кұрылған партиялық мекеме жөнінде қолданылып отыр, сөйтіп партиядағы жолдастар арасында бұл мекемеге сенімді азайтуға сөзсіз әрекет еткендік болып отыр, және бұл әдістер Лиганың администрациясының мүшесі атынан және Орталық Комитеттен жасырын қолданылып отыр» (17-бет).

Мұндай жағдайда Лиганың съезі тек жанжал болатын еді.

Мартов жолдас әуел бастан-ақ, жәй әңгімелерді бұрмалау жолымен, өзінің съездегі тактикасын — бұл жолы Плеханов жолдастың «ішіне кіріп шығу» тактикасын қолдана берді. Плеханов жолдас наразылық білдірді, сондықтан Мартов жолдастың ойламай айтқан немесе ашумен айтқан сөгістерін қайтып алуына тура келді (Лига протоколдарының 39 және 134-беттері).

Баяндама жасауға кезек келді. Партия съезінде Лиганың делегаты мен едім. Оқушы менің баяндаманың конспектіні (43-бет және кейінгі беттер*) жәй қарап өт-

* Осы томның 62—73-беттерін қараңыз. *Ред.*

кеңіні өзінде мынаны көре аядады: мен сөздергі дауыс-ка қоюларға жасаған аяаңызды — өңделген түрде оқи кытапшаның да мазмұны болып отыраан аяаңызды аярашқы жобасын бердім. Баяндаманың несізгі міндеті — Мартовтың және оның серіктерінің, өздері жасаған кателерінің салдарынан, біздің партиямың, ошшоқтунистік қанатымың қатарына қосыла аяаңызды дағалдесті көрсету болды. Баяндама мезілінде өңділіп отыраан қарсы жақты көпшіліктің алдында жасағалса да, олар баяндамадан партиялық күрес пен аятыстың лоялдык әдістерінен шет кеткен түк нәрсе таба алмады.

Қайта, Мартовтың баяндамасы, мезің баяндамама ұсақ және жәй «түзетулер» (бұл түзетулердің дұрыс еместігін біз жогарыда көрсеттім) жасауы үстіне... шын аяа ашудан тұран баяндама болды.

Мундай жағдайда күресуден көпшіліктің бас тартуы таңданарлық нәрсе емес. Плеханов «манжарға» (68-бет) қарсы наразылық білдірді — бұл шыньнда нағыз «жанжал» болды! — және баяндаманың шын мәні жөнінде қарсы аятық болып дапрлап койған сөздерін аятуды тілемей, сөзден кетіп қалды. Көпшілік жағындағы басқа адамдар да тегісінен дерлік, Мартов жолдас-тың «айықсыз қылымына» қарсы хат жүзінде наразы-лық білдірді, сөзден кетті (Лига протоколдарының 73-беті).

Азылықтың күрес әдістері жұрттың бәрін алдында толық мәлім болды. Біз азылықты сөзде саяси кате істеді, ошшоқтунизмге қарай бет бұрды, бұндшылармен, Акимовтармен, Брукерлеруек, Елоровтармен және Маховтармен коалиция жасады деп айыптады. Азылық сөзде жеңіліп қалған соң, енді күрестің екі әдісін — жеке-жеке тап берудің, шабуыл жасаудың, дүрсе қоя берудің, т. т. ұшы-қыйыры жок неше түрінің бәрін қам-тыттын екі әдісті «ойлап шығарды».

Бірінші әдіс — «себебін түсіндірместен» бүкіл партия-лық жұмыстың берекесін кетіру, істі бүлдіру, барлық іс-ке өзгет жасауға тырысу.

Екінші әдіс — «жанжал» шығару, т. т.*

* Эмигранттық және айдаудағы жағдайда жиі кездесетін дау-жанжалдардың мундай ең өсет формаларын да жамандыққа жору ақылсыздық болатынын мен мұнан бұрын көрсеттім. Мұның

Бұл «екінші күрес әдісі» Лиганың атышулы «принциптік» қарарларында да көрініп отыр; бұл қарарларды талқылауға «көпшілік», әлбетте, қатнаспады. Қазір өзінің «Қыйлы жағдайында» Мартов жолдас қайта бастырып шығарған осы қарарларды қарап өтелік.

Троцкий, Фомин, Дейч және басқа жолдастар қол қойған бірінші қарарда партия съезінің «көпшілігіне» қарсы бағытталған екі тезис бар: 1) «Съезде білінген, асылында «Искраның» бұрынғы саясатына қайшы келетін тенденциялардың салдарынан, партия уставын жасағанда Орталық Комитеттің тәуелсіздігін, беделін қорғаудың жеткілікті кепілдіктерін жасау жағына тиісті көңіл бөлінбегеніне Лига өзінің қатты қынжылатынын білдіреді» (Лига протоколдарының 83-беті).

Бұл «принциптік» тезис *Акимовтың* кұрғақ сөзіне апарып соғады, оны біз жоғарыда көрдік; ол кұрғақ сөздің *оппортунистік* сыйпатын партия съезінде *тіпті* Попов жолдас та әшкерелеген болатын! Асылында, «көпшілік» Орталық Комитеттің тәуелсіздігін, беделін қорғауды ойламайды деген пікір әрқашанда тек өсек болып қала беретін. Бұл жөнде мынаны көрсетсек те жеткілікті: біз Плехановпен бірге редакцияда болғанымызда *Советте* Орталық Орган Орталық Комитеттен басым болмады, ал мартовшылдар редакцияға кіргеннен кейін *Советте* Орталық Орган Орталық Комитеттен басым болып шықты! Біз редакцияда болған уақытта *Советте орыс практиктері* шетелдік әдебиетшілерден басым болды; мартовшылдарда керісінше болды. Біз редакцияда болған уақытта Совет бір ретте *практикалық* мәселелердің ешқайсысына қол сұғуға оқталған жоқ; бір ауыздан кооптация жасаудан бастап, *мұндай қол сұғушылық басталды*; оқушы жұрт мұны көп ұзамай анық білер.

Біз талдап отырған қарардың екінші тезисі мынау: ...«партияның ресми орталық орындарын кұрғанда съезд факт жүзінде кұралған орталық орындармен екі арадағы сабақтастық байланысты елемеді»...

өзі — тұрмыстың белгілі қолайсыз жағдайларында, белгілі дәрежеде ашушандық күшейген кезде және сондай жағдайларда біреуден біреуге тез жұғатын біртүрлі кесел. Маған бұл жерде күрестің осы системасының шын сыйпатын қайтадан көрсетуге тура келді, өйткені Мартов жолдас күрестің бұл системасын өзінің «Қыйлы жағдайында» толығынан қайталады.

Бұл тезис толығынан орталық орындардың мүшелерінің құрамы туралы мәселе жөнінде болып отыр. «Азшылық» бұрынғы орталық орындардың съезде өздерінің жарамсыздығын көрсеткеніне және бірталай қателер жасауына соқпай кетуді артық көрді. Бірақ Ұйымдастыру Комитеті жөніндегі «сабақтастыққа» сүйену бөрінен де гөрі күлкі болып шықты. Ұйымдастыру Комитетінің бүкіл құрамын бекіту туралы съезде ешбір адамның ауыз ашпағанын көрдік. Съезде Мартов, Ұйымдастыру Комитетінің үш мүшесі бар тізім оны қорлайтынын айтып, тіпті ті желігіп айқай салды. Съезде «азшылық» Ұйымдастыру Комитетінің бір мүшесін енгізген өздерінің *нақырғы* тізімін ұсынды (Попов, Глебов немесе Фомин және Троицкий), ал «көпшілік» Ұйымдастыру Комитетінің үш мүшесінің екеуін енгізген тізімді өткізді (Травинский, Васильев және Глебов). Олай болса, бұл «сабақтастыққа» сүйенуді қалайша «принциптік алауыздық» деп атауға болады? деген сұрақ туады.

Бастығы Аксельрод жолдас болып бұрынғы редакцияның төрт мүшесі қол қойған екінші қарарға көшелік. Бұл қарардан біз «көпшілікке» қарсы қойылған кейінгі баспасөз бетінде талай рет қайталап айтылған негізгі айыптаулардың бәрін табамыз. Бұл айыптауларды бөрінен де гөрі дәл редакторлар үйірмесінің мүшелерінің тұжырымы бойынша талдау қолайлырақ. Бұл айыптаулар «партияны самодержавиелік-бюрократтық жолмен басқару системасына» қарсы, «бюрократтық централизмге» қарсы айтылған; «шын социал-демократиялық централизмнен» бұл «бюрократтық централизмнің» айырмасы мынадай: ол «ішкі бірлікті бірінші орынға қоймайды, нағыз механикалық жолдармен, жеке адамдардың инициативасын және қоғамның өздігінен жұмыс істеуін үнемі басып-жаншып отыру жолымен жүзеге асырылатын және сақталатын сыртқы, формалық бірлікті бірінші орынға қояды»; сондықтан ол «өзінің жаратылысында қоғамның құрамды элементтерін біртұтас етіп біріктіре алмайды».

Аксельрод жолдасын және оның серіктерінің бұл жерде қай «қоғам» туралы айтып отырғанын бір алланың өзі білсін. Басқару жөнінде керекті реформалар жасау туралы земствоның өтінішін жазып отыр ма, әлде «азшылықтың» наразылықтарын білдіріп отыр ма, —

мұны сірә, Аксельрод жолдастың өзі де жақсы білмейтін болса керек. Наразы «редакторлар» байбалам салып отырған партиядағы «самодержавие» деген сөздің нендей мағна беруі мүмкін? Самодержавие — жалғыз адамның жоғары дәрежелі, бақылаусыз, жауапсыз, сайлаумен белгіленбеген өкімет билігі. Басқаны емес, мені осындай жалғыз билеп-төстеуші деп есептейтіндігі «азшылықтың» әдебиетінен өте жақсы мәлім. Талданып отырған қарар жазылып, қабылданған кезде мен Плехановпен бірге Орталық Органда едім. Демек, Аксельрод жолдас және оның серіктері — Плеханов та, Орталық Комитеттің басқа барлық мүшелері де «партияны басқарғанда», істің пайдасы үшін өздерінің көзқарастары бойынша басқармай, жалғыз билеп-төстеуші Лениннің бұйыруы бойынша басқарды, деп сенетіндігін білдіріп отыр. Самодержавиелік жолмен басқарып отыр деп айыптау басқаруға қатнаскандардың бәрін, жалғыз билеп-төстеушіден басқаларының бәрін, басқа біреудің қолындағы қолшоқпар, басқа біреудің айдағанына жүре беретін, оның дегенін орындай беретін адамдар деп тануды сөзсіз керек қылады. Сондықтан біз тағыда: шындығында бұл да кұрметті Аксельрод жолдастың «принциптік алауыздығы» ма? деген сұрақ қоямыз.

Сонсын. Партия съезінен жаңа ғана қайтқан, съездің қарарларын жүрт алдында заңды деп таныған біздің «партия мүшелері» бұл жерде қандай сыртқы, формалық бірлік туралы айтып отыр? Азды-көпті берік негізге ұйымдастырылған партияда бірлік орнату үшін, олар партия съезінен басқа бір амал бар деп біле ме екен? Егер солай болса, онда екінші съезді кәзір заңды съезд деп танымайтындықтарын тура ашып айтуға неге олардың батылдығы жетпейді? Олар өздерінің жаңа пікірлерін және бейне ұйымдастырылған бейне партияда бірлік орнатудың жаңа әдістерін неге бізге айтып көрмейді?

Сонсын. Партияның Орталық Органы тек осының алдында ғана алауыздықтарың қандай деп сұрағанда, оған жауап беру орнына «кооптация» туралы саудаласқан біздің жекешіл интеллигенттер қандай «жеке адамдардың инициативасын басып-жаншу» туралы айтып отыр? Қандай «жұмысты» болса да бізбен бірігіп істеуден бас тартқан адамдардың инициативасын және өздігінен жұмыс істеуін, жалпы айтқанда, біз Плехановпен

бірге немесе Орталық Комитет болып қалайша басып-жанша алатын едік! Кім болса да басып-жаншылушы адам қатысудан бас тартқан мекемеде немесе коллегияда оны қалайша «басып-жаншуға» болады? Өздері «басқарылатын болудан» бас тартып отырғанда, сайланбаған редакторлар «басқару системасына» қалайша наразылық білдіре алады? Біз жолдастарға басшылық еткенде, біздің ешқандай қате жасауымыз мүмкін емес еді, өйткені бұл жолдастар біздің басшылығымызбен мүлде жұмыс істеген жоқ.

Атышулы бюрократизм туралы байбалам салу — орталық орындардың құрамындағы адамдарға рыйза болмағандықты бүркеген жәй перде екені, съезде жұрт алдында берілген серттің бұзылғандығын бүркейтін әбүйір жапырағы екені айқын болса керек. Сен бюрократсың, өйткені съезд сені тағайындағанда менің тілегіммен емес, менің тілегіме қарсы тағайындады; сен формалисің, өйткені сен менің рыйзашылығымға сүйенбей, съездің формалық қарарларына сүйенесің; сен дөкір-механикалық жолмен іс істейсің, өйткені партия съезінің «механикалық» көпшілігіне сүйенесің, менің кооптация бойынша өткім келетін тілегіммен есептеспейсің; сен — жалғыз билеп-төстеушісің, өйткені сен ымы-жымы бір ескі компанияға билік бергің келмейді; бұл компания съездің үйірмешілдікті турадан-тура қостамауы өзіне неғұрлым жағымсыз болған сайын, өздерінің үйірмешілдік «сабақтастығын» соғұрлым күшті жігермен қорғайды.

Бюрократизм туралы бұл байбаламда, жоғарыда көрсетілгеннен басқа, ешқандай нақты мазмұн болған емес және жоқ та*. Күрестің дәл осындай әдісі азшылықтың интеллигенттік тұрақсыздығын тағыда көрсетіп береді. Азшылық партияны: орталық орындардың сайлауы ойдағыдай болмады деп сендірмек болды. Қандай жолмен сендірмек болды? Плехановпен екеуіміз басқарған «Искраны» сынау арқылы сендірмек болды ма? Жоқ, мұны істеуге олардың шамасы келмеді. Олар партияның бір бөлегінің өздеріне жек көрінішті орталық орындар-

* Плеханов жолдас игілікті кооптацияны жасағаннан кейін, ол азшылықтың көзқарасында «бюрократтық централизмнің» жақтасы болудан қалды; осыны көрсетудің өзі жеткілікті дәлел.

дың басшылығымен жұмыс істеуден бас тартуы арқалы сендірмек болды. Бірақ басшылыққа бағынғысы келмегендерге басшылық ете алатынын дүние жүзінде ешбір партияның ешбір орталық мекемесі дәлелдей алмайды. Орталық орындардың басшылығына бағынудан бас тарту партияда болудан бас тартумен бірдей, партияны күйретумен бірдей, мұның өзі сендіру амалы емес, бүлдіру амалы. Дәл осы сендіру орнына бүлдірудің өзі принциптік ұстамдылықтың жоқтығын, өздерінің идеясына сенімнің жоқтығын көрсетеді.

Бюрократизм туралы айтылып жүр. Бюрократизмді орыс тіліне: орыншылдық деген сөзбен аударуға болады. Бюрократизм дегеніміз істің мүдделерін мансаптың мүдделеріне бағындыру, орынға ерекше көңіл бөліп, жұмысты елемегендік, идеялар үшін күресу орнына кооптация үшін жанжал шығару. Шынында, мұндай бюрократизмнің партияға жағымсыз және зиянды екені сөзсіз, сондықтан кәзір партиямыздың ішінде күресіп отырған екі жақтың қайсысы осындай бюрократтық істеп отырғанын айыруды мен аспай-саспай оқушының төрелігіне беремін... Бірігудің дөкір-механикалық әдістері туралы айтылып жүр. Дөкір-механикалық әдістердің зиянды екені түсінікті, бірақ, жаңа бағыттың ескі бағытпен күресінде, жаңа көзқарастардың дұрыстығына партияны сендірмей тұрып, бұл көзқарастарды партияға баяндамай тұрып, партиялық мекемелерге адамдар енгізуден асқан дөкір, онан асқан механикалық әдіс ойлап табуға бола ма? мен мұны да оқушының төрелігіне беремін.

Бірақ, мүмкін, азшылық жақсы көретін сөздердің аздап принциптік маңызы бар болар, бұл ретте «бұрлықтың» сөзсіз бастама пункті болған ұсақ және жеке дәлелден тыс, бұл сөздер кейбір ұштасқан идеяларды көрсететін болар? Мүмкін, «кооптацияға» бола шыққан жанжалдан көңілімізді басқа жаққа аударсақ, бұл сөздер қалайда көзқарастардың басқа системасының белгісі болып шығар?

Мәселені осы жағынан қарайық. Бұл жөнде бізге өң алдымен мына жағдайды атап өтуге тура келеді: мәселені осылай қарауға Лисада бірінші рет бастап кіріскен Плеханов болатын; ол азшылықтың анархизм мен оппортунизмге қарай бұрылғанын көрсетті; ал Мартов

жолдас (кейбіреулер менің позициямды принциптік* позиция деп танығысы келмейді, деп кәзір қатты өкпелейтін Мартов) өзінің «Қыйлы жағдайында» бұл жанжалға мүлде соқпай кетуді артық көрді.

Лиганың съезінде: Лиганың немесе комитеттің өзі үшін жасайтын уставы, оны Орталық Комитет бекітпейінше, іске аса ма? Орталық Комитеттің бекіту, бекітпеуіне қарамастан іске аса ма? деген жалпы мәселе көтерілді. Мәселе тіпті айдан анық сыяқты: устав дегеніміз ұйымдасқандықтың формалық белгісі, ал комитеттерді ұйымдастыру правосы, біздің партия уставының алтыншы параграфы бойынша, тек Орталық Комитетке беріліп отыр; устав комитеттің автономиялылығының шегін белгілейді, ал бұл шекті белгілеу жөнінде мәселені партияның жергілікті мекемесі шешпейді, орталық мекемесі шешеді. *Бұл — жұртқа мәлім әліпби*, сондықтан: «ұйымдастыру» «уставты бекітуді» үнемі керек қыла бермейді деп терең ойлылыққа салыну (нақ осы ресми устав бойынша ұйымдасқысы келетінін Лиганың өзі өз бетімен білдірмеген сыяқты) барып тұрған балалық болар еді. Бірақ Мартов жолдас социал-демократияның әліпбиін де ұмытқан (уақытша ұмытқан деп сенейік). Оның пікірінше, уставты бекітуді талап ету тек «бұрынғы искралық революциялық централизм орнына бюрократтық централизм орнатқандықтың» (Лига протоколдарының 95-беті) белгісі болып шығады; мұнымен қатар Мартов жолдас

* Ленин принциптік алауыздықты көргісі келмейді немесе оны бекерге шығарады дегенді айтып жаңа «Искраның» өкпелеуі тіпті кісі күлерлік іс. Сіз іске неғұрлым принципшілдікпен қарасаныз, онда оппортунизмге бұрылғандықты менің қайта-қайта көрсеткенімді соғұрлым тезірек көрген болар едіңіз. Сіздің позицияңыз неғұрлым принциптік позиция болса, сіз идеялық күресті орынға бола өштесу дәрежесіне түсіріп оншама кемітпес едіңіз. Өздеріңізді принципті адамдар деп тануға өздеріңіз бөгет жасап, мұның үшін барлық шараларды қолданған болсаныз, онда өзіңізден көріңіз. Міне, мәселен, Мартов жолдас, «Қыйлы жағдайда» Лиганың съезі туралы сөз қылғанда, анархизм туралы Плехановпен екі арада болған талас жайында түк айтпайды, бірақ оның есесіне: Ленин — орталық орындардың үстінен қараушы, Ленин көзді бір қысып қойса, орталық орын бұйрық береді, Орталық Комитет Лигаға баса-көктеп кіріп келді дегенді, т. с. айтады. Өзінің мейлінше идеяшылдығы мен принципшілдігін Мартов жолдас дәл осы тақырыпты қалап алуы арқасында көрсетіп отырғанына күмәндандудан аулақпын.

сол сөзінде дәл осыны істің «принциптік жағы» (96-бет) деп танытынын айтады, ал істің осы принциптік жағына Мартов жолдас өзінің «Қыйлы жағдайында» соқпай кетуді артық көрген!

Плеханов жолдас Мартовқа сол арада-ақ жауап беріп, бюрократизм, помпадурлық, т. т. сыяқты «съездің беделін түсіретін» сөздерді айтудан тыйылуды өтінді (96-бет). Бұл сөздерді «белгілі бағыттың принциптік сыйпаты» деп білген Мартов жолдаспен екі арада шалыс сөздер болды. Көпшілік жағындағылардың бәрі сыяқты, Плеханов жолдас *ол кезде* бұл сөздердің принциптік емес, тек, былайша айтқанда, «кооптациялық» мағнасы бар екенін айқын түсініп, бұл сөздерді нақты мәнінде ұғынды. Алайда, Плеханов Мартовтар мен Дейчтердің талаптарын қабылдап (96—97-беттер), принциптіксымақ көзқарастарды *принциптік* түрде қарауға көшті. «Егерде бұл сол айтқандай болса (яғни өздерінің ұйымын құру, өздерінің уставын жасау жөнінде комитеттер автономиялы болса), — дейді ол, — онда олар тұтас ұйым, партия, жөнінде де автономиялы болған болар еді. Мұның өзі бундшылдардың көзқарасы емес, турадан-тура анархистік көзқарас. Шынында да анархистер: жеке адамдардың правосының шегі жоқ; олар бір-бірімен соқтығыса алады; өз праволарының шегін әрбір жеке адам өзі белгілейді, — деп ойлайды. Автономияның шегін топтың өзі белгілеуге тиіс емес, сол топ бір бөлегі болып отырған тұтас ұйым белгілеуге тиіс. Бұл принципті бұзғандыққа айқын мысал ретінде Бундты алуға болады. Демек, автономияның шегін не съезд белгілейді, не съезд құрған ең жоғарғы орын белгілейді. Орталық мекеменің өкімі хукүк пен ақылға сүйенген беделдің негізіне құрылуға тиіс. Бұған мен, әрине, қосыламын. Ұйымның әрбір өкілі мекеменің хукүкты беделі болуына тырысуға тиіс. Бірақ мұнан: бедел керек болса, онда өкімнің керегі жоқ, деген мағна тумайды... Идеялар беделіне өкім беделін қарсы қою — анархистік бос сөз, бұл жерде ондай бос сөзге орын болмау керек» (98-бет). Бұл қағыйдалар — өте айқын, шынында жұртқа мәлім қағыйдалар, сондықтан бұл қағыйдаларды дауысқа қоюдың өзі танданарлық іс болды (102-бет), ал егер бұл қағыйдалар жөнінде күмән туып отырса, тек «кәзіргі уақытта ұғымдардың шатасқандығынан» туып отыр (бұл

да сонда). Бірақ интеллигенттік жекешілдік азшылықты онан әрі сырғытып, съезді бұзу, көпшілікке бағынбау тілегіне апарып соқтырды; бұл тілекті *анархистік бос сөзбен* ақтамаса, басқаша ақтауға болмай қалды. Бір өте ерсі нәрсе — азшылық Плехановқа, оппортунизм, анархизм және басқа сондай өте қатаң сөздерді қолданғанына *ренжуден* басқа түк айта алған жоқ. Плеханов бұл ренжуді дұрыс келекелеп «жоресизм және анархизм деген сөздерді қолданудың қолайсыз, ал *lèse-majesté* (ұлыққа тіл тигізу) және помпадурлық деген сөздерді қолданудың қолайлы» болуының себебі не? деп сұрақ қойды. Бұл сұраққа жауап қайтпады. Бұл ерекше *qui pro quo** Мартов, Аксельрод жолдастарда және олардың серіктерінде үнемі болып отырады: олардың жаңа сөздерінің «ызалы жүректен» шыққандығы айқын көрініп тұрады; ал мұны бетіне айтсаң, олар ренжіп — біз принципшіл адамдармыз дейді; бірақ сендер бөлшектің тұтасқа бағынуын *принциптерің бойынша* қабылдамасаңдар, онда сендер — анархиссындар, дейміз оларға. Қатты сөз айтқанға тағыда ренжиді. Басқаша айтқанда: олар Плехановпен шайқасқысы келеді, бірақ шайқасқанда Плеханов бізге қатты шабуыл жасамасын, деп шарт қойды!

Мартов жолдас және басқа түрлі «меньшевиктер» мені төменде айтылғандай «қайшылық» жасады деп талай әшкерелемек болған; олардың бұл әшкерелеуі де сондай балалық әшкерелеу болып шыққан. Олар идеялық ықпал туралы, ықпал үшін күресу, т. с. туралы жазылған «Не істеу керек?» тен немесе «Жолдасқа хаттан» цитат алады да, устав арқылы «бюрократтық» ықпал етуді, өкімге және басқаларына сүйенбек болған «самодержавиелік» дәмені оған қарсы қояды. Аңқау байғұстар! *Бұрын* біздің партияның формалық жағынан ұйымдасқан тұтас бір ұйым болмағанын, тек жеке топтардың жыйнағы ғана болғанын, сондықтан бұл топтар арасында идеялық ықпалдан басқа катнастың болуы мүмкін болмағанын олар кәзірдің өзінде ұмытып қалыпты. *Кәзір* біз ұйымдасқан партия болдық, ал бұл — өкім құру, идеялар беделін өкім беделіне айналдыру, төменгі партия орындарының жоғарғы партия орындарына бағынуы болып та-

* — түсініксіздік. *Ред.*

былады. Шынында, әсіресе әңгіме сайлау жөнінде азшылықтың көпшілікке бағынғысы келмей отырғандығында ғана екенін сезіп отырғанда, мұндай әліпбиді өзінің ескі жолдастарыңа шәйнап беру тіпті біртүрлі ыңғайсыз сыяқты! Бірақ мені қайшылық жасады деп әшкерелемек болған бұл ұшы-қыйыры жоқ әрекеттердің бәрі де *принцип жүзінде* түгелінен анархистік бос сөз болып шығады. Жаңа «Искра» партиялық мекемінің атағы мен правосын пайдланаудан қашпайды, бірақ партияның көпшілігіне бағынғысы келмейді.

Егер бюрократизм туралы бос сөздерде принцип болса, егер мұның өзі бөлшектің тұтасқа бағыну міндетін анархисше бекерге шығару болмаса, онда бұл — жеке интеллигенттердің пролетариат партиясы алдындағы жауаптылығын нашарлатуға, орталық мекемлердің ықпалын нашарлатуға, партиядағы ұстамдылығы неғұрлым кем элементтердің автономиясын күшейтуге, ұйымдық қатнастарды төмендетіп, оларды сөз жүзінде нағыз платонша танушылыққа айналдыруға тырысатын *оппортунизмнің принципі* екенін көреміз. Мұны біз партияның съезінде көрген болатынбыз; Лиганың съезінде Мартов және оның серіктері «сөкет» централизм туралы қандай сөздер айтса, партияның съезінде Акимовтар мен Либерлер де бұл туралы дәл сондай сөздерді айтқан. Оппортунизм, тек Россияда ғана емес, бүкіл дүние жүзінде де Мартов пен Аксельродтың ұйымдық «көзқарастарына» әкеліп соғатынын, кездейсоқ түрде емес, өзінің жаратылысы сондай болғандықтан осыған әкеліп соғатынын біз төменде, Аксельрод жолдастың жаңа «Искрадағы» мақаласын тексергенде көреміз.

п) КІШКЕНЕ МЕХНАТ ҮЛКЕН РАХАТҚА БӨГЕТ БОЛМАСЫН

Лиганың уставын Орталық Комитет бекітетін болсын деген қарарды Лиганың қабылдамауы (Лига протоколдарының 105-беті), партия съезінің бүкіл көпшілігінің сол сағатында атап айтқанындай «*партияның уставын өрескел бұзғандық*» болды. Егер бұл бұзуды принципшіл адамдардың істеген ісі деп таныйтын болсақ, онда бұл нағыз анархизм болып шықты, ал съезден кейінгі күрестің жағдайында мұның өзі партиялық азшылықтың пар-

тиялық көпшіліктен «өш алуы» болып көрінбей қалмады (Лига протоколдарының 112-беті), мұның өзі партияға бағынуды және партияда болуды тілемегендік болып шықты. Уставты өзгерту қажеттігі туралы Орталық Комитеттің мәлімдемесі бойынша қарар алудан Лиганың бас тартуы (124—125-беттер) партия ұйымының жыйналысы болып *есептелгісі* келген және онымен қатар партияның орталық мекемесіне бағынғысы келмеген жыйналысты *заңсыз* деп танушылықты туғызбай қоймады. Сондықтан партия көпшілігінің жағындағылар, өзіне лайықсыз комедияға қатынасқысы келмей, дереу quasi-партиялық жыйналысты тастап шығып кетті.

Сонымен, ұйымдық қатнастарды платонша таныған, уставтың 1-параграфы туралы мәселе жөнінде пікір тайғақтығын көрсеткен интеллигенттік жекешілдік практика жүзінде өзінің логикалық ақыр шегіне, сентябрьде-ақ, яғни 1½ ай бұрын мен алдан болжаған ақыр шегіне — партия ұйымын *бұзушылыққа* дейін жетті. Міне сол кезде, Лиганың съезі аяқталған күннің кешінде, Плеханов партияның орталық екі мекемесіндегі серіктеріне: «өз адамдарымызға оқ атуға» шамам келмейді, «жіктелуден гөрі өз мандайыңа оқ жіберу артық», мұнан да үлкен бәлеге ұшырамау үшін, жеке адамдарға барынша уступка жасау керек, мынау апатты күрес (1-параграф жөніндегі теріс позицияда көрініп қалған принциптерге бола туған күрестен анағұрлым күшті күрес) асылында осыған бола туып отыр ғой деді. Плеханов жолдастың белгілі дәрежеде жалпы партиялық маңыз алған бұл бұрылысын дәлірек сыйпаттау үшін, мен жәй әңгімелерге емес және жәй хаттарға (басқа барар жер болмағанда тығылатын бұл баспанаға) емес, істі бүкіл партия алдында Плехановтың өзінің баяндауына, «Искраның» 52-номеріндегі оның «Не істемеу керек?» деген мақаласына сүйенуді артық көрдім; бұл мақала дәл Лиганың съезінен кейін, Орталық Органның редакциясынан менің шыққанымнан (1 ноябрь, 1903 ж.) кейін және мартовшылдардың кооптациясынан (26 ноябрь, 1903 ж.) бұрын жазылған.

«Не істемеу керек?» деген мақаладағы негізгі пікір мынадай: саясатта бір бетті, орынсыз қатаң, орынсыз қарыспа болмау керек, жіктелу туғызбау үшін кейде ревизионистерге де (бізбен жақындасушылардың немесе

дәйексіздердің арасындағыларға), анархистік жекешілдікке де уступка жасау қажет. Бұл дерексіз жалпы қағыйдалардың «Искраны» оқушыларды жаппай таңдандырғаны әбден табиғи нәрсе. Плеханов жолдастың (кейінгі мақалаларында): менің пікірім жаңа болғандықтан, диалектиканы білмегендіктен жұрт менің айтқандарымды түсінбеді, деген тамаша және лепірген сөздерін оқығанда күлмей отыра алмайсың. Шынында да, «Не істемеу керек?» деген мақала жазылған кезде оны тек Женеваның қасындағы, аттарының алғашқы екі әрпі бірдей болып басталатын екі қыстақта тұратын оншақты адам ғана түсіне алатын еді. Плеханов жолдастың сорлаған жері сол: съезден кейін азшылыққа қарсы күрестің барлық шатақтарына қатнасқан осы оншақты адамға ғана арналған толып жатқан мұқамды, егестерді, алгебралық белгілерді және жұмбақтарды ол он мыңдаған оқушылардың алдына тартты. Плеханов жолдастың бұлай сорлауының себебі — ол қыйсынсыз жерде өзі еске түсірген диалектиканың негізгі қағыйдасын: дерексіз ақыйқат жоқ, ақыйқат қай уақытта болса да нақты деген қағыйданы бұзып алды. Сондықтан да Лига съезінен кейін мартовшылдарға уступка жасау туралы өте нақты пікірге дерексіз форма беру қыйсынсыз болып шықты.

Плеханов жолдастың жаңа айбынды сөз есебінде ұсынған уступкашылдығы мынадай екі ретте заңды және қажетті: не уступка жасаушы уступканы талап етушілердің айтқанының дұрыстығына көзі жетсе (адал ниетті саяси қайраткерлер мұндайда өздерінің қатесін тура және ашық мойындайды), не ақылға сыймайтын және іс үшін зиянды болатын талапқа жасалған уступка зор бәледен құтылу үшін жасалған болса, сонда ғана уступкашылдық заңды және қажетті. Автордың соңғы ретті айтатыны талданылып отырған мақаладан мүлде айқын көрініп отыр: ол ревизионистер мен анархистік жекешілдерге (яғни мартовшылдарға, мұны кәзір Лиганың протоколдарынан партия мүшелерінің бәрі біліп отыр) уступка жасау туралы, жіктелу туғызбау үшін міндетті болып отырған уступка туралы ашып айтып отыр. Көріп отырсыздар, Плеханов жолдастың жаңа пікір дегені, түгелінен алғанда, оншама жаңалық болып табылмайтын мынадай от басындағы даналыққа соғып отыр: кішкене

мехнат үлкен рахатқа бөгет болмасын, аздаған оппортунистік ақымақтық пен аздаған анархистік бес сөз партиядағы үлкен жіктелуден жақсырақ. Плеханов жолдас, бұл мақаланы жазғанда, азшылық біздің партияның оппортунистік қанаты екенін және олар күресте анархистік әдістерді қолданып отырғанын айқын көрді. Плеханов жолдас, бұл азшылықпен күрескенде, неміс социал-демократиясының Бернштейнмен күрескені сыяқты (тағы да *si licet parva compropere magnis*), жеке адамдарға уступка жасау жолымен күресу жобасын ұсынды. Бебель өз партиясының конгрестерінде, ортаның ықпалына Бернштейн жолдастан (бұрын Плеханов жолдастың мырза деп атағанды жақсы көретініндей, Бернштейн мырза емес, Бернштейн жолдас) артық берілген ешбір адамды көрмегенін жұрт алдында ашып айта келіп, былай деген: біз оны ортамызға аламыз, біз оны рейхстагтың делегаттығына аламыз, біз ревизионизмге қарсы күресеміз, ревизиониске қарсы орынсыз қатандықпен (*à la Собакевич-Рагнус*) күреспейміз, біз бұл ревизионисті «жұмсақтық арқылы өлтіреміз» (*kill with kindness*); — әлі есімде, бұл сыйпаттаманы М. Бэр (M. Beer) жолдас Англия социал-демократиясының бір жыйналысында айтып, немістердің уступкашылдығын, татулықты тәуір көретіндігін, жұмсақтығын, икемділігін, сақтығын ағылшындық Собакевич-Гайндманның шабуылынан қорғаған еді. Дәл сол сыяқты Плеханов жолдас та Аксельрод, Мартов жолдастардың кішкене анархизмі мен кішкене оппортунизмін «жұмсақтық арқылы өлтіргісі» келді. Рас, «анархистік жекешілдерге» мүлде айқын сілтеумен қатар, Плеханов жолдас ревизионистер жөнінде әдейі күңгірт айтып өтті, *ортодоксиядан ревизионизмге* бұрыла бастаған Аксельрод пен Мартовты емес, оппортунизмнен ортодоксияға бұрылып отырған рабочеделошыларды айтқан сыяқты болып көрінді, бірақ мұнысы әншейін соғыс айналасы болып шықты*, мұнысы партия жұртшылы-

* Мартинов, Акимов, Брукэр жолдастар жөнінде уступка жасау туралы партияның съезінен кейін тіпті сөз де болған жоқ. Олардың да «кооптацияны» талап еткенін мен естіген жоқпын. «Партияның жарма-жары» атынан өздерінің қағаздарын, «ногаларын» жазғанда Старовер жолдас немесе Мартов жолдас Брукэр жолдаспен кенесті ме екен, мен бұған да күмәндымын... Диганың съезінде Мартов жолдас, қайсар саяси қайраткерше қатты ашу-

ғының артиллериялық оғына төтеп бере алмайтын нашар салынған фортификациялы камал болып шықты.

Сондықтан да, бұл суреттеліп отырған саяси кезеңнің нақтылы жағдайымен танысқан адам, Плеханов жолдасының психологиясына зер салған адам, менің ол кезде істеген ісімнен басқа іс істей алмағанымды түсінер. Мұны мен, көпшіліктің жақтастары ішіндегі, редакцияны беріп қойғаным үшін мені кінәлағандарға арнап айтып отырмын. Лиганың съезінен кейін Плеханов жолдас басқа жаққа бет бұрып, көпшілікті жақтаушыдан ымыраны жақтаушыға айналғанда, мен оның бұл бұрылысын ең жақсы мағнада түсінуге міндетті болдым. Мүмкін, Плеханов жолдас өзінің мақаласында жақсы ниетті, адал татулықтың программасын жасап бергісі келген болар? Мұндай программаның қандайы болса да екі жақтың да өз қателерін шын көңілімен мойындауын керек қылады. Плеханов жолдас көпшіліктің қандай қатесін көрсетті? — Ревизионистерге Собакевичше орынсыз қатаң тигендікті көрсетті. Мұны көрсеткенде Плеханов жолдас өзінің есектер жөніндегі қалжыңын есте тұтты ма әлде Аксельродтың алдында абайламай анархизм мен оппортунизм туралы ескерткендікті еске тұтты ма, мұның қайсысын есте тұтқаны белгісіз; Плеханов жолдас «дерексіз» сөзді айтуды, айтқанда, Петрге сілтеуді артық көрді. Әрине, әркім өзіне жаққанын істейді. Бірақ мен өзімнің қатты кеткенімді искрашылға жазған хатымда да, Лиганың съезінде де ашықтан-ашық мойныма алдым ғой; көпшіліктің мұндай «қатесін» мойындамасқа ылажым болды ма? Азшылықты алсақ, Плеханов жолдас олардың қатесі: ревизионизм (партия съезінде оппорту-

ланып, «Рязановпен немесе Мартыновпен бірігу» туралы, олармен «келісу» мүмкіндігі туралы немесе ең болмағанда бірігіп (редактор есебінде) «партияға қызмет ету» мүмкіндігі туралы ойдың өзін маңына жолатпады (Лига протоколдарының 53-беті) Мартов жолдас Лиганың съезінде «мартыновшылдық тенденцияларды» қатты сөкті (88-бет), ал Ортодокс жолдас⁷⁸ Аксельрод пен Мартовтың «жыйналуға, өздері үшін устав жасауға және сол устав бойынша, өздерінің тілегенінше істеуге Акимов, Мартынов жолдастардың және басқалардың да правосы барлығын тануы» мүмкін екенін ептеп байқатқанда (99-бет), мартовшылдар, Петрдің Христостан безгеніндей, өз сөздерінен өздері бөзе бастады (100-бет, «Акимовтар, Мартыновтар, т. т. жөнінде» «Ортодокс жолдасының қауіптенуі» «дәлелсіз»).

низм туралы және Лиганың съезінде жоресизм туралы пікірлерін салыстыр) және жіктелуге апарып соқтырған анархизм екенін ашық көрсетті. Жеке адамдарға уступка жасау және жалпы айтқанда «kindness» (жайдарылық, жұмсақтық, т. т.) жасау жолымен бұл қателерді мойындатуға және бұл қателердің зыянын жоюға тырысқан әрекетке мен бөгет жасай алатын ба едім? «Не істемеу керек?» деген мақаласында Плеханов жолдас: «тек кейбір дәйексіздігі себепті» ревизионист болып отырған ревизионистердің арасынан шыққан «қарсы адамдарды алу керек» деп турадан-тура үгіттеп отырғанда, мен мұндай әрекетке бөгет жасай алатын ба едім? Егер мен бұл әрекетке сенбегенде де, мен Орталық Орган жөнінде өз тарапымнан уступка жасаудан және, көпшіліктің позициясын қорғау үшін, Орталық Комитетке өтуден басқа не істей алатын едім? Мұндай әрекеттің мүмкіншілігін мүлде бекерге шығара алмауымның және болғалы тұрған жіктелуге жауаптылықты тек өз үстіме ала алмауымның себебі: 6 октябрьдегі хатта өзім де жанжалды «ашудың» салдары деп түсінуге бейім болдым. Ал көпшіліктің позициясын қорғауды мен өзімнің саяси міндетім деп есептедім және есептеймін. Бұл жөнде Плехановқа сену қыйын және қауіпті болды, өйткені өзінің: «жауынгерлік қабілет саяси мақсатқа қайшы келіп отыр-

* Мені — *avec armes et bagages* (қару мен жүгін қолына ала. *Ред.*) келді, деп Мартов жолдас бұл жөнде өте тауып айтты. Лигаға шабуыл, ұрыс, жазылмайтын жарақат, т. т. сыяқты соғыс жөніндегі тенеулерді қолдануға Мартов жолдас кұмар-ақ. Шыны айтуды керек, соғыс жөніндегі тенеулерге мен де кұмармын, әсіресе кәзіргі уақытта, Тынық мұхиттан келген хабарларды қатты көңіл қойып бақылап отырған кезде, өте-мөте кұмармын. Ал, егер соғыс тілімен сөйлесетін болсақ, онда істің жайы, Мартов жолдас, мынадай болды ғой. Біз партияның съезінде екі фортты жаулап алдық. Сіздер Лиганың съезінде осы екі фортқа шабуыл жасадыңыздар. Аздап атысқаннан кейін, менің серігім, бір камалдың коменданты, дұшпанға камалдың қақпасын ашты. Мен, әлбетте, өзіме қараған азын-аулақ артиллерияны жыйнап, мүлде нығайтылмаған деуге болатын басқа фортқа кеттім — саны жағынан басым дұшпаннан «паналау» үшін кеттім. Мен тіпті бітіспек болдым: екі державамен қалай соғыспақ едім? Бірақ, жаңа одақтастар, бітісуге ұсыныс жасағаныма жауап есебінде, менің «қалған» фортыма бомба жаудырды. Мен қарсы оқ аттым. Сонда менің бұрынғы серігім — комендант тамаша қатты ашуланып: қараңыздар, жамағат, мынау Чемберленнің бітімшілдігі қандай аз еді! деп айқай салды.

ғанда, өзінің осы жауынгерлік қабілетіне беріліп кетуге пролетариат басшысының правосы жоқ» деген сөзін Плеханов жолдастың: егер оқ ату керек болатын болса, онда көпшілікке атқан тиімдірек (Женевадағы ноябрьдегі күн райының жайына қарай) деген мағнада диалектикалық жолмен түсіндіруге даяр тұрғаны қай жағынан болса да көрініп қалды... Көпшіліктің позициясын қорғау қажет болды, өйткені Плеханов революционердің өз (?) еркі туралы мәселеге тоқтағанда, — мәселені нақтылы түрде және барлық жағынан алып қарауды талап ететін диалектиканы мазақ етіп, — *революционерге сену* туралы, партияның белгілібір қанатына басшылық еткен «пролетариат басшысына» сену туралы мәселеге мүләйімсіп соқпай кетті. Анархистік жекешілдік туралы сөз қылғанда, тәртіптің бұзылуын «кей уақыттарда» елемеуге, «революциялық идеяға берілгендікпен ешбір қатысы жоқ сезімнен туатын» интеллигенттік салдыр-салақтыққа «кейде» жол беруге кеңес бергенде, Плеханов жолдас, сірә, партияның көпшілігінің еркімен де санасу керек екенін, анархистік жекешілдерге уступка жасау *мәшһерін* белгілеуді нақ сол *практиктердің* еркіне беру керек екенін ұмытып кеткен болса керек. Әдебиет бетінде балалық анархистік сөкеттікке қарсы күресу қаншама оңай болса, бір ұйымда анархистік жекешілдермен бірге отырып практикалық жұмыс істеу соншама қыйын. Практикада анархизмге жасалуы мүмкін уступкалардың мөлшерін белгілеуді міндетіне алған әдебиетші бұл ісімен тек өзінің шектен тыс, нағыз доктринерлік, әдебиетшілдік менмендігін ғана көрсетер еді. Плеханов жолдас кеудесін көтеріп (Базаров⁷⁹ айтқандай маңыздылық үшін): егер жаңадан жіктелу туса, жұмысшылар бізді түсінуден қалады деді, солай дей тұрып, оның өзі жаңа «Искрада», тек жұмысшыларға ғана емес, тіпті бүкіл жер жүзіне нағыз, нақты маңызы түсініксіз болып қалған және түсініксіз болмауы мүмкін емес ұшы-қыйыры жоқ көп мақалаларға бастап жол ашты. «Не істемеу керек?»-ті корректурасынан оқыған Орталық Комитет мүшесінің Плехановты сақтандырып, оның кейбір материалдары (партия съезі мен Лига съезінің протоколдарын) жарыялауды аздап қысқарту жоспарын дәл осы мақаланың бұзатынын, өйткені бұл мақала жұртты еліктіріп, адамның қытығына тиетін және онымен қатар мүлде

түсініксіз бір нәрсені көшедегі жұрттың талқысына салатынын*, «не болып қалды?» деген аңтаң сұраулар туғызатынын ескерткені танданарлық нәрсе емес. Плеханов жолдастың пікірінің дерексіз болуы себепті, мұқамдарының айқын болмауы себепті, оның дәл осы мақаласы социал-демократияның жауларын қуандырды: «Революционная Россия» өзінің бетінде би билеп мәз болды, «Освобождениедегі» нағыз ревизионистер лепіремақтады; бұл да таңқаларлық нәрсе емес. Кейін Плеханов жолдас күлкілі, қайғылы түрде кұтылуға тырысқан осы күлкілі, қайғылы ағаттықтың бәрі диалектиканың негізгі ережесін; нақты мәселелерді неғұрлым нақты түрде талдау керек деген ережені бұзғандықтан, дәл осыдан туды. Өлгі қуанғандардың ішінде Струве мырзаның қуануы тіпті түсінікті: Плеханов жолдастың көздеген (бірақ орындалмауы да мүмкін) «жаксы» мақсаттарында (kill with kindness) Струвенің ісі болған жоқ; жана «Искрада» басталған бұрылысты — біздің партияның өппөртуннистік қанаты жағына бет алған бұрылысты Струве мырза кұттықтап карсы алды және оның кұттықтамауы мүмкін емес еді; мұны кәзір жұрттың бәрі де, әркім де көріп отыр. Барлық социал-демократиялық партияларда өппөртуннизмге карай бұрылғандықтың қайсысын бөлесін, тіпті аздап және уақытша бұрылғандықты да, тек орыстың буржуазиялық демократтары ғана кұттықтап көймайды. Акылды дұшпанның берген бағасында жаппай ағаттық бәрінен де сирек кездеседі: сені кімнің мақтағанын айтсаң, мен сенің катеннің қандай екенін айтып берейін. Сондықтан, Плеханов жолдастың көпшілік партияның сол қанатынан оң қанатына көшу-

* Басқа адам кірмейтін бір үйде отырып біз қатты таластық, талас қызу болды. Бір мезгілде ойламаған жерден біздің ішіміздең біреу орнынан ескіріп тұрып, көшеге шығатын терезені ашып жіберді. Социал-демократтарға қарсы, анархистік жекешілдерге, ревизионистерге және басқаларға қарсы айқай сала бастады. Әрине, көшеде оқиғаларға қумар жұрт жыйналып қалды, біздің жауларымыз табылып бастады. Істі бағынан түсіндіріп айтып бергісі келіп және өшкім билментіңге сөйлемей, тұра айтып бергісі келіп, таласқа катехушылардың басқалары да терезенің қасына келді. Сол кезде терезе тарап жабылды. Осу-жанықал туралы сөз қылудың қажеті жоқ десті («Искра» № 33, 8-бет, 2-бағана, төменнен санағанда 2-жол). «Искрада» «осу-жанықал» туралы сөз бастамаудың қажеті жоқ еді, Плеханов жолдас⁸⁰, — міне бұл шыныдық болады!

шілікке қарсы болған жоқ, кооптация жөнінде жеке адамдарға уступка жасауға сөзсіз қарсы болды деп, істі осындай түрде көрсетіп, оқушының аңғармауынан босқа дәмеленеді. Істің мәні әсте Плеханов жолдастың, жіктелу туғызбау үшін, өз басынан уступка жасағанында емес (мұнысы өте мақтарлық), істің мәні мынада: дәйексіз ревизионистермен және анархистік жекешілдермен *таласу* қажеттігін толық мойындай отырып, Плеханов анархизмге жасалуы мүмкін практикалық уступкалардың *мөлшеріне бола* айрылысқан көпшілікпен таласуды артық көрді. Істің мәні әсте Плеханов жолдастың редакцияның мүшелер кұрамын өзгерткенінде емес, істің мәні мынада: Плеханов ревизионизммен және анархизммен таласта өз позициясын өзгертті, партияның Орталық Органында бұл позицияны қорғаудан тоқтады.

Ал, *ол кезде* көпшіліктің ұйымдасқан бірден-бір өкілі есебінде қызмет істеген Орталық Комитетті алсақ, онымен (Орталық Комитетпен) Плеханов жолдас ол кезде *анархизмге жасалуы мүмкін практикалық уступкалардың тек мөлшеріне бола ғана* айрылысты. 1-ноябрьден бері, өзімнің кетуіммен *kill with kindness* саясатына жол ашқанымнан бері, бір айға жуық уақыт өтті. Түрліше қатнастар жасап, бұл саясаттың жарамдылығын тексеруге Плеханов жолдастың толық мүмкіншілігі болды. Плеханов жолдас бұл кезде «Не істемеу керек?» деген мақаласын бастырып шығарды; бұл мақала мартовшылдардың редакцияға кіруіне жол берген, былайша айтқанда, бірден-бір билет болды және *бірден-бір билет болып қалып отыр*. Ревизионизм (мұнымен таласқанда, дұшпанды аяй отырып таласу керек) және анархистік жекешілдік (мұны алдарқатып, жұмсақтықпен өлтіру керек) деген ұран бұл билетте үлкен қаріптермен басылған. Қош келдіңіздер, мырзалар, рақым етіңіз, мен сіздерді жұмсақтықпен өлтірем, — редакциядағы жаңа серіктеріне Плеханов жолдас бұл билетімен міне осыны айтады. Әрине, Орталық Комитетке тек, өз көзқарасынша, анархистік жекешілдікке жасауға болатын практикалық уступкалардың мөлшері туралы өзінің соңғы сөзін (ультиматум, ал мұның өзі мүмкін болған бітім туралы соңғы сөз болып табылады) айту ғана қалды. Не сіздер бітімді тілейсіздер, — онда сіздерге міне пәлендей орын береміз, бұл біздің жұмсақтығымызды, татулық

сүйетіндігімізді, уступкашылдығымызды etc. көрсетеді (татулықты, таластың болмауы мағнасындағы татулықты емес, анархистік жекешілдіктің партияны бұзбауы мағнасындағы татулықты қамтамасыз ете отырып, біз мұнан артық бере алмаймыз), осы орындарды алыңыздар да, қайтадан аздап Акимовтан Плехановқа қарай бұрылыңыздар. Не сіздер өздеріңіздің көзқарастарыңызды қорғап, онан әрі үдетуді тілейсіздер, біржолата (ең болмағанда тек ұйымдастыру мәселелері жөнінде) Акимовқа қарай бұрылуды тілейсіздер, Плехановқа қарсы өз пікірлеріңізді растап, партияны сендіруді тілейсіздер, — онда өздеріңізге әдебиеттік топ алыңыздар, съезге өкілдік алыңыздар, сөйтіп адал күрес, ашық айтыс арқылы көпшілікті өздеріңізге тарта бастаңыздар. Орталық Комитеттің 1903 жылғы 25 ноябрьдегі ультиматумында («Қыйлы жағдайды» және «Лиганың протоколдарына берілген түсінікті» қараңыз*) мартовшылдардың

* Мартовтың «Қыйлы жағдайында» жәй әңгімелерді etc. дәлелге алып, Орталық Комитеттің осы ультиматумы айналасына шырмаған шумағын мен, әлбетте, талдамай сол күйінде қалдырамын. Бұл — мұның алдындағы параграфта мен сыйпаттаған «күрестің екінші әдісі»; мұны нәтиже шығар деген үмітпен талдау невропатология маманының ғана қолынан келеді. Бұл жөнде мынаны айтсақ та жеткілікті: бұл мақаласында Мартов жолдас келіссөзді жарыяламау туралы Орталық Комитетпен жасасқан келісім бар деп өңештейді; бірақ, қанша іздестірсек те, мұндай келісім осы уақытқа дейін табылған емес. Орталық Комитеттің атынан келіссөз жүргізген Травинский жолдас маған хат жазып, мені — редакцияға жазған хатымды «Искрадан» тыс бастыруға праволы деп есептейтінін білдірді.

Мартов жолдастың тек бір сөзі ғана маған өте-мөте ұнады. Бұл — «ең жаман бонапартизм» деген сөзі. Меніңше, Мартов жолдастың бұл сөзі өте ретті болды. Қәне, бұл ұғымның мәнісі не екенін аспай-саспай тексерелік. Меніңше, мұның мәнісі — *формалық* жағынан заңды жолмен, ал *шынында* халықтың (немесе партияның) тілегіне қарсы келетін жолмен өкім алғандық болады. Солай емес пе, Мартов жолдас? Ал солай болса, онда төрелік айтуды мен аспай-саспай жұрттың еркіне беремін: бұл «ең жаман бонапартизм» кімнің тарапынан болды — II съездің еркіне сүйене отырып, мартовшылдарды өткізбеуге өздерінің *формалық* правосы барлығын пайдалана алатын, бірақ бұл правосын *пайдаланбаған* Ленин мен Игрек¹ тарапынан болды ма, — әлде редакцияны басып алу *шынында II съездің еркіне қайшы келетінін* біле тұрып және II съездің еркінің орындалуын III съездің тексеруінен қорқа отырып, редакцияны *формалық жағынан дұрыс* жолмен («бірауызды кооптация») басып алғандар тарапынан болды ма?

алдына өте айқын түрде қойылған бұл қалау Плехановпен екеуіміздің 1903 жылғы 6 октябрьде бұрынғы редакторларға жазған хатымызға толығынан үйлеседі: не ашуланысу (онда, ең құрығанда, «кооптациялауға» да болады), не принциптік ажырасу (онда әуелі партияны сендіру керек, содан кейін барып орталық орындардың мүшелер құрамын қайтадан өзгертуді сөз қылу керек). Орталық Комитеттің бұл орынды шешуді мартовшылардың өздерінің еркіне бере алған себебі — дәл сол кезде өзінің profession de foi-ында* («Тағыда азшылықта») Мартов жолдас төмендегі сөздерді жазды:

«Азшылық бір абырой алуға — «жеңіле тұрып» та жаңа партия құрмауға болатындығының үлгісін партиямыздың тарихында бірінші рет көрсетіп абырой алуға дәмеленеді. Азшылықтың мұндай позициясы партияның ұйымдық дамуы жөніндегі өзінің барлық көзқарасынан туады, мұндай позиция мұнан бұрынғы партиялық жұмыспен өзінің күшті байланысы барлығын ұғынғандығынан туады. Азшылық «қағаз жүзіндегі қарарлардың» мистикалық күшіне сенбейді және өзінің талаптарының тұрмыс жүзінде өте дәлелділігін — партия ішінде нағыз идеялық насихат жүргізу жолымен өзінің ұйымдық принциптерінің мерейін үстем ете алатындығына кепіл болады деп таныйды». (Курсив менікі.)

Бұл қандай тамаша, айбарлы сөз еді! Бірақ мұның құр сөз екенін тәжірибеден көру қандай қайғылы болды... Сіз енді мені ғафу етіңіз, Мартов жолдас, ал енді мен сендер ақтай алмаған осы «абыройға» не болуға көпшілік атынан тілек білдіремін. Бұл абырой шынында үлкен абырой болады, бұл абырой үшін таласуға болады, өйткені үйірмешілдік дәстірлері бізге тым оп-онай бола қалатын жіктелуді және: не тісін сындыр, не қолыңды бер деген ережені тым тырысып қолданушылықты мұра етіп қалдырды.

Үлкен рахат (біртұтас партияның болуы) кішкене мекнатты (кооптацияға бола дау-жанжал туғызу сыяқтыларды) басып кетуге тиіс еді және басып кетті де. Мен Орталық Органнан кеттім, Игрек жолдас (Плеханов

* — сөзін белгісіз, программа, дүние таныу бағаны. Ред. المصطفى

екеуіміз оны Орталық Органның редакциясынан Партия Советіне өкіл етіп жібергенбіз) Советтен кетті. Орталық Комитеттің татулық туралы соңғы сөзіне мартовшылдар соғыс жарыялағанға есеп болатын хатпен жауап берді (цитата алынған шығарманы қараңыз). Сонан кейін, тек сонан кейін ғана мен жарыялық туралы редакцияға («Искра» № 53) хат жаздым*. Егер ревизионизм туралы айтатын болсақ, дәйексіздік туралы және анархистік жекешілдік туралы, түрлі басшылардың жеңілуі туралы таласатын болсақ, онда келіндер, мырзалар, істің қалай болғанын жасырмай, толық айтып берейік, дедім — жарыялық туралы бұл хаттың мазмұны міне осындай болды. Редакция бұған жауап ретінде кейіп бәлағаттады және: «*үйірмелік тұрмыстың ұсақ-түйек әңгімесі мен дау-жанжалын*» («Искра», № 53) сөз қыла көрме, — деп тамаша ақыл айтты. Мен ішімнен: е, солай ма, «үйірмелік тұрмыстың ұсақ-түйек әңгімесі мен дау-жанжалы» ма... es ist mir recht, мырзалар, мен бұған қосыламын, деп ойладым. Демек, сіздерше «кооптация» жөніндегі әбігерлік турадан-тура *үйірмелік дау-жанжалға* жатады екен ғой. Бұл рас. Ал, сол 53-номердің басмақаласында сол (бейне сол) редакция бюрократизм, формализм және басқалар туралы өсек-аяң әңгіме туғызып отырса, онда бұл не деген үйлеспеушілік**. Орталық Органға кооптация жасау жөніндегі күрес туралы мәселе көтеруге сенің хақың жоқ, өйткені бұл дау-жанжал болады, деседі. Ал біз Орталық Комитетке кооптация жасау туралы мәселе көтереміз және мұны дау-жанжал деп атамай, «формализм» туралы принциптік ажырасушылық деп атаймыз, деседі. — Оларың болмайды, кымбатты жолдастар, сіздердің бұларыңызға жол бермеуге рұхсат етерсіздер, деп ойлаймын. Сіздер менің фортыма оқ атқыларыңыз келеді, сөйтіп отырып менен артиллерияны сізге қолдан беруді талап етесіңіздер. Ойнағыларың келеді екен! Сондықтан мен «Редакцияға хатты»

* Осы томның 107—111-беттерін қараныз. *Ред*

** Бұл «үйлеспеушіліктің» Орталық Орган редакциясының құрамындағы үйлеспеушіліктен туғаны кейіннен оп-онай анықталды. «Дау-жанжал» туралы Плеханов жазыпты (оның «Қайғылы түсінбеушіліктегі» мойындауын қараныз, № 57), ал «Біздің съезд» деген басмақаланы Мартов жазыпты («Қыйлы жағдай», 84-бет). Біреу орман паналайды, біреу отын арқалайды.

(«Мен «Искра» редакциясынан неліктен шықтым?»)* жазып, оны «Искрадан» тыс бұл хатта істің қалай болғанын қысқаша айтып бердім, әрі-бері қарастырып, мынадай үлес бойынша татулық болар деп ойладым: Орталық Орган сіздікі, Орталық Комитет біздікі болсын, дедім. Сонда қай жағы болса да өз партиясы ішінде өзін «жат» деп сезбейді, ал оппортунизмге бұрылғандық жөнінде біз әлі таласамыз, әуелі әдебиет бетінде таласамыз, онан кейін партияның үшінші съезінде де таласуымыз мүмкін.

Бітім туралы ескертуге жауап ретінде дұшпанның барлық батареяларынан, соның ішінде Советтен де оқ жаудырылды. Оқ қардай боратылды. Бір өзі билеп-төстеуші, Швейцер, бюрократ, формалист, орталық орындардың үстінен қараушы, біржақты, қайсар, қарыспа, тар өрісті, сенімсіз, сыйыса алмаушы... Тіпті жақсы, достарым! Болдыңыз ба? Запаста енді ешнәрсеңіз жоқ па? Оқтарыңыз түкке аспайды...

Енді сөз менікі. Жаңа «Искраның» ұйымдық жаңа көзқарастарының мазмұнын қарайық және біздің партияның «көпшілік», «азшылық» болып бөлінуіне бұл көзқарастардың қандай қатынасы барлығын көрейік; бұл бөлінудің шын сыйпатын біз екінші съездегі жарыссөздерге және дауысқа қоюларға анализ жасағанда көрсеткен болатынбыз.

р) ЖАҢА «ИСКРА».

УЙЫМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДЕГІ ОППОРТУНИЗМ

Жаңа «Искраның» принциптік позициясын талдауға негіз етіп, сөз жоқ, Аксельрод жолдастың екі фельетонын** алу керек. Оның толып жатқан таңдама сөздерінің нақты мәнін біз жоғарыда толық көрсеткенбіз, енді бұл нақты мәнге тоқталмауға тырысуымыз керек, «азшылықты» басқа бір ұранға емес, дәл осы ұрандарға (түрлі ұсақ-түйек себептер жөнінен) келтірген пікір өрісін ұғуымыз керек, бұл ұрандардың, қайдан шыққанына қарамастан, «кооптацияға» қарамастан, принциптік мә-

* Осы томның 112—119-беттерін қараңыз. *Ред.*

** Бұл фельетондар «Искра» екі жыл ішінде» деген жыйнаққа кірді, II бөлім, 122-бет және одан кейінгі беттер (СПБ, 1906). (1907 жылғы басылуына автордың жазған ескертуі. *Ред.*

нің тексеруіміз керек. Біз кәзір уступнаға келу керек деп жүрміз. Аксельрод жолдасқа да уступка жасап, оның «теориясын» «шыныдап қолға алайық».

Аксельрод жолдастың негізгі тезисті («Искра» № 57) мынау: «біздің қозғалысымыз өзінің бойында әуелде бір-біріне-бірі қарсы екі тенденцияны жасырын ұстады; бұл тенденциялардың өзара антагонизмі дамымай тұра алмады және қозғалыстың өзінің дамуымен қанжыға қатар отырып, оған әсер етпей тұра алмады». Атап айтқанда: «принцип жағынан, қозғалыстың пролетарлық мақсаты (Россияда) дәл батыс социал-демократиясындағыдай». Бірақ бізде жұмысшы бұқарасына «бұқараға жат әлеуметтік элементтер» — радикалдық интеллигентция әсер етіп отыр. Сөйтіп, Аксельрод жолдас біздің партияның ішінде пролетарлық тенденция мен радикалдық-интеллигенттік тенденцияның антагонизмі бар деп біледі.

Аксельрод жолдастың мұнысы сөзсіз дұрыс. Осындай антагонизмнің бар екенінде (және жалғыз орыс социал-демократиясында ғана емес) күмән жоқ. Ол ол ма. Осы күнгі социал-демократияның революцияшыл (әрі ортодоксалдық) және оппортунистік (ревизионистік, министрналистік, реформистік) болып бөлінуі — біздің қозғалысымыздың соңғы он жылында Россияда да толық анықталған бөлінуі — едәуір дәрежеде дәл осы антагонизмнен болып отырғаны жұрттың бәріне, кімге де болса белгілі. Қозғалыстың дәл пролетарлық тенденцияларын — ортодоксалдық социал-демократия, ал демократиялық-интеллигенттік тенденцияларын — оппортунистік социал-демократия көрсететіні де жұрттың бәріне белгілі.

Бірақ Аксельрод жолдас осындай жалпыға белгілі фактыға төніп келіп, қорқып шегіне бастайды. Бұл айтылған бөлінудің жалпы орыс социал-демократиясының тарихында, әсіресе біздің партия съезінде қалай білінгенін талдауға Аксельрод жолдас, — дәл съезд жайында жазып отырса да, — *ешбір әрекет етпейді!* Жаңа «Искраның» бүкіл редакциясы сыяқты, Аксельрод жолдас та бұл съездің протоколдарынан *өлгенше қорқады*. Бүкіл жоғарыдағы айтылғандардан кейін, бұған біз таңырқамауға тиіспіз, бірақ қозғалысымыздың ішіндегі әртүрлі тенденцияларды бейне зерттемекші болған «теоретиктің» мұнысы — *шындықтан қорқудың* ерекше түрі. Аксель-

род жолдас, өзінің осы мәселенің арасында, қызығарлықты
мыздың тенденциялары туралы ол жолдас ол дәл қате-
риалды өзінен аутактатып, сүйкімді қызығарлық дүниесімен
өзіне пана іздейді. «Жарық марксизм және жартылай
марксизм біздің либералдарға әдейілет көсемін берді ғой.
Ал тентек тарих революцияшылар буржуазиялық демок-
ратияға ортодоксальдык, революцияшылар марксизмге жекте-
бінен неге көсем тауып бермеді?» — дейді Аксельрод.
Аксельрод жолдастың бұл өзіне сүйкімді қызығарлық туралы
айтатынымыз мынау ғана: егер тарихтың тентек бола-
тын кезі болса, бұл осы тарихтың айналыс жолына кірісіп
отырған адамның тентектіктері болуының ақпайыды. Жар-
тылай марксизмнің көсемінен либерал көзінің тұрған-
да, ол көсемнің «тенденциялары» байқарлық келген
(және байқай алған) адамдар тарихтың мүмкін болатын
тентектігіне сүйенген жоқ, сол көсемнің идеологиясы
мен логикасының ондаған жүздеген түрлеріне сүйенген,
оның буржуазиялық әдебиетте марксизм суретін көрсет-
кен² бұны әдебиеттік пішінінің ерекшеліктеріне сүйенген.
Егер «қозғалысымыздағы жалпы революциялық және
пролетарлық тенденцияларға» анағұрлым жіктелуі кіріскен
Аксельрод жолдас партияның ол жаратылған ортодок-
салдық қанатының палатка-түрленді әдістерінің белгілі
тенденциялары барлығын есіндерімен, тіпті ешбір нәрсе-
мен дәлелден, көрсете алмаса, — онда ол мұнысымен
өзіне өзі мүсәлірлігі туралы «құрметті құрлық берген бо-
лып шығады. Тарихтың мүмкін болатын тентектігін ғана
дәлел етіп отырғанына қарағанда, Аксельрод жолдастың
істері өте нашар болса керек!

Аксельрод жолдастың «якобиншілдерді» дәлел етуі
мұнан да тәрі ныбыратты. Кәзіргі замандағы елшілік де-
мократияның революцияшылар және оппортунистік болатын
екіге бөлінуі алдеқашан, — және жалғыз Ресейде ғана
емес, — ұлы Француз революциясы заманының «тарихи
аналогияларын» келтіруге себепші болғандығы Аксельрод
жолдасқа, бәлкім, белгілі болар. Кәзіргі замандағы со-
циал-демократияның жирондистері өздерінің дүшпіндері-
рын сыйпаттағанда «якобиншілдік», «бланшизм», «С. З.
терминдерді қолданатыны да Аксельрод жолдасқа, бәлкім,
белгілі болар. Бірақ Аксельрод жолдастың шын-
дықтан қорқуына еліктемей-ақ қойып, өздерінің проле-
тарларында осы айтылып отырған тенденциялар мен

аналогияларды талдап, тексеруге керекті материалды жок па екен, соны байқайық.

Бірінші мысал. Партия съезінде программа туралы болған талас. Акимов жолдас (Мартынов жолдасын айтқанына «абдеп көсілетын» Акимов) былай деп «санси өкімді жаулап алу туралы (пролетариат диктатурасы туралы) абзап барлық баска социал-демократиялық программалармен-валытырғанда өзгеше жазылған, оны кейбіреулер — басшы ұйымның ролі сол ұйымды басшы ғып отырған-танты кейін ысырады, ұйымда таптан оңаша азиды, деп түсінулері мүмкін, пашанында да Плеханов осылай түсіндірді. Сондықтан біздің санси иждеттіміздің тұжырымы да дәл «Народизм Волянико сыяқты» (протоколдардың 124-беті). Акимов жолдасы Плеханов жолдас және Баона неокрашылдар қарсы шығып, оны оппортунизме салыну жөнінде қимылады. Біл талас бізге социал-демократия шліндегі кәзіргі яacobиншілер мен кәзіргі жирондистердің антагонизмін көрсететінін (қиялдағы тарих тәйтәтіінде семесіс жөзінде көрсететінін) Аксельрод жолдас мойындамас па екен? Және Аксельрод жолдас (өзі ісеген қателері салдарынан) социал-демократияның жирондистерінің қатарында болып қалғандықтан яacobиншілер туралы сөз қазғып отырған жок па екен?

Екінші мысал. Посадовский жолдас «демократиялық аристократияның абсолюттік күны» туралы «негізлі мәселе» жөніндегі «сдеулі алауыздық» жайында мәселе көтерді (169-бет). Ол Плеханов екеуі олардың абсолюттік күнын бекерге шығарды. «Дентрдің» яки баптықтың көсемі (Егоров) және антинекрашылдардың көсемі (Гольдблат) бұған өте мәте қарсы шықты. Плехановтың «буржуазиялық тактикаға енікөгеіні» көрді (170-бет) — бұл бұл жөзіндегі ортодоксияның буржуазиялық тенденциямен байланысы туралы идеясы; жалғыз-ақ ашырмасы — бұл идея Аксельродта ауада салбырап тұр, 44 Гольдблатта белгілі айтқастарға байланысты. Біз тағында сұраймыз: біздің партия съезінде болған бұл талас бә бізге кәзіргі замандағы социал-демократия ішіндегі жирондистер мен яacobиншілердің антагонизмін көзбөкіне көрсететінін Аксельрод жолдас мойындамас па екен? Аксельрод жолдас өзі жирондистердің қатарында болып

қалғандықтан якобиншілдерге қарсы айқайлап отырған жоқ па екен?

Үшінші мысал. Уставтың 1-параграфы туралы таластар. «Қозғалысымыздағы пролетарлық тенденцияларды» қорғаған кім, жұмысшының ұйымнан қорықпайтынын, пролетардың анархияға тілектес емес екенін, оның «ұйымдасыңдар!» деп дем берушілікті бағалай білетінін баса айтқан кім, оппортунизм тұла бойына сіңген буржуазияшыл интеллигенциядан сақтандырған кім? *Социал-демократияның якобиншілдері*. Ал радикалдық интеллигенцияны партияға сүйреген кім, профессорлардың, гимназистердің, жеке жүргендердің, радикалдық жастардың қамын ойлаған кім? *Жирондист Аксельрод пен жирондист Либер*.

Біздің партия съезінде «Еңбекті азат ету» тобының көпшілігіне қарсы ашық түрде қолданылған, «оппортунизмге салыну жөнінде жаладан тағылған айыптан» Аксельрод жолдас шебер қорғана алмай отыр! Ол қорғанғанда якобиншілдік, бланкизм және басқалар туралы Бернштейннің ескі әнін қайталап салып, айыптаудың дұрыс екенін дәлелдейді! Ол радикалдық интеллигенцияның қауіптілігі туралы айқайлап, партия съезінде өзінің сол интеллигенцияның қамын ойлап сөйлеген сөздерін ұмыттырмақ.

Якобиншілдік, т. с. туралы «қорқынышты сөздерде» оппортунизмнен басқа ештеңе жоқ. Өзінің таптық мүдделерін түсінген пролетариаттың ұйымымен берік байланысты якобиншіл — бұл нақ революцияшыл социал-демократ. Профессорлар, гимназистер туралы уайым-жайтін, пролетариат диктатурасынан қорқатын, демократиялық талаптардың абсолюттік құны туралы жаны шығып кете жаздайтын жирондист — бұл нақ оппортунист. Осы күні, саяси күресті заговор дәрежесіне түсіретарылу туралы пікір әдебиетте мыңдаған рет керексіз деп танылған уақытта, мұны тұрмыстың өзі әлдеқашан керексіз етіп, шығарып тастаған уақытта, бұқаралық саяси үгіттің артықша маңыздылығы анықталып, жетерліктей айтылған уақытта тек оппортунистер ғана заговорлық ұйымдардың қаупін көре алады. Заговоршылықтан, бланкизмнен қорқудың нақты негізі — практикалық қозғалыстың анау-мынау анықталған белгісі емес (мұны Бернштейн және оның серіктері көптен бері осы-

лай деп көрсетуге тырысып жүр), осы күнгі социал-демократтардың арасында психологиясы жиі көрініп қалатын буржуазияшыл интеллигенттің жирондистік үркектігі. Жаңа «Искраның» қыркыншы және алпысыншы жылдардағы француздық революцияшыл заговоршылардың тактикасынан сақтандыру сыяқты жаңа сөз айттам деп (уақытында жүздеген рет айтылған) осы күшеңулерінен күлдіргі нәрсе жоқ (№ 62, басмақала)⁸³. Қазіргі замандағы социал-демократияның жирондистері «Искраның» жақында шығатын бір номерінде, қыркыншы жылдардағы француздық заговоршылардың тобын — жұмысшылар бұқарасы арасында саяси үгіт жүргізудің мәнін, партияның тапқа әсер етуінің негізгі құралы болған жұмысшы газеттерін шығарудың мәнін әлдеқашан үйреніп, әліпбидей жаттап алған тобын, мүмкін, бізге көрсетер.

Алайда, жаңа «Искраның» жаңа сөз шығарғансып артын жаттап, әліпбиді қайта күйсеуге ұмтылуы әсте кездейсоқтық емес, қайта біздің партияның оппортунистік қанатына кірген Аксельрод пен Мартовтың түскен жағдайының сөзсіз салдары. Оларды жағдай міндеттендіреді. Съездегі күрестің тұрғысынан және партияның съезде құрылған сарындары мен бөлінулерінің тұрғысынан қорғауға келмейтін өздерінің позициясын ақтауға баяғы өткен уақыттан қандай болса да бір айғақ тауып көру үшін, оппортунистік сөздерді қайталап айта берулеріне, кейін шегінулеріне тура келеді. Якобиншілдік пен бланкизм жөніндегі акимовтік терең ойға Аксельрод жолдас — «экономистер» ғана емес, «саясатшылар» да «бір жақты» болды, тым «әуейленді», тағы сондайларды істеді деген нақ сол акимовтік қыңқылдарды қосып отыр. Мұндай бір жақтылықтың, әуейленудің бәрінен де жоғары тұрмын деп менменсіген жаңа «Искрада» осы жөндегі даурыққан пікірлерді оқығанда, өзіңнен өзің: мыналар кімнің суретін салып отыр? бұл әңгімелерді қайдан естіді? деп танданып сұрайсың. Орыс социал-демократтарын экономистер, саясатшылар деп бөлудің әлдеқашан күні өткен нәрсе екенін кім білмейді? Партия съезі алдындағы бір-екі жылғы «Искраны» аударып қарасаңыздар, «экономизмге» қарсы күрес бәсеңдеп барып, 1902 жылдың өзінде-ақ әбден біткенін көресіздер, мәселен, 1903 жылғы июльде (№ 43) «экономизм зама-

ны» туралы «мүлде біткен» нәрсе ретінде сөз қылына-тынын, экономизмнің «бүтіндей жерленген» деп санала-тынын, саясатшылардың әуейленуінің айқын атавизм деп есептелетінін көресіздер. «Искраның» жаңа редакциясы әбден жерленіп біткен бөлінуге неліктен айналып соғып отыр? Съезде біз Акимовтармен күрескенде олардың екі жыл бұрын «Рабочее Делода» істеген қателері жөнінде күрескен болғанымыз ба? Бұлай еткен болсақ, біз нағыз ақымақ болар едік. Бірақ, бұлай істемегенімізді, Аки-мовтармен съезде күрескенде олардың «Рабочее Делода-ғы» әбден жерленіп біткен ескі қателері жөнінде күрес-пегенімізді, олардың съездегі пікірлерінде, дауыс беруле-рінде істеген жаңа қателері жөнінде күрескенімізді кім де болса біледі. Қандай қателерінің болып өткенін, кә-зірде қандай қателері бар болып, таласты керек қыла-тынын тексергенде, біз олардың «Рабочее Делодағы» позициясына қарап тексермей, съездегі позициясына карап тексердік. Съезд қарсаңында бұрынғы экономис-тер, саясатшылар болып бөлінушілік жоқ еді, бірақ әр-түрлі оппортунистік тенденциялар болды, бұл тенден-циялар бірталай мәселелер жөніндегі жарыссөздерден, дауысқа коюлардан білінді және бұл тенденциялар ақы-рында партияның «көпшілік», «азшылық» болып жаңа-дан бөлінуіне жеткізді. Істің бүкіл мәнісі мынау: «Иск-раның» жаңа редакциясы, жеңіл түсінілетін себептер бо-йынша, бұл жаңа бөлінудің партиямыздағы осы күнгі оппортунизммен байланысты екенін бүркеуге тырысып отыр, сондықтан жаңа бөлінуден ескі бөлінуге қарай амалсыз шегіншектеп отыр. Жаңа бөлінудің саяси тегін түсіндіре алмағандық (немесе уступка жасау үшін бұл текті көлегейлегісі* келу) әлдеқашан күні өтіп кеткен

* «Искраның» 53-номеріндегі Плехановтың «экономизм» туралы мақаласын қараңыз. Бұл мақаланың атында кішкене қате кеткен сыяқты. «Партияның екінші съезі жөнінде естірте айтылған пікір-лер» дегеннің орнына — «Лига съезі жөнінде» немесе, бәлкім бұл дұрысырақ та болар, «кооптация жөнінде» деп оқу керек сыяқты. Белгілі жағдайларда, жеке басындық дәмелер жөнінде уступка жасау қанша орынды болса (обывательдік тұрғыдан емес, партия-лық тұрғыдан қарағанда), партияны толғандырып отырған мәселе-лерді шатастыру, ортодоксиядан оппортунизмге бет бұра бастаған Мартов пен Аксельродтың жаңа қатесі туралы мәселенің орны-на — бұл күнде программа мен тактиканың көп мәселелерінде оппортунизмнен ортодоксияға бет бұруға, бәлкім, дайын тұрған

ескі бөліну жөнінде бір сағызды қайта-қайта шәйнатып отыр. Жаңа бөлінудің түп негізі — ұйым принциптері туралы таластан басталып (уставтың I-параграфы), анархистерге лайықты «практикамен» тынған ұйымдық мәселелер жөнінде ажырасу екені жұрттың бәріне, әркімге де мәлім. Ал экономистер, саясатшылар болып бөлінген ескі бөлінудің түпкі негізі — көбіне тактикалық мәселелер жөніндегі ажырасу болды.

Партия өмірінің осындай өте күрделі, шынында да осы замандық және аса керекті мәселелерінен әлдеқашан шешілген, жорта қайтадан қозғалынып отырған мәселелерге шегінушілікті жаңа «Искра» кісі күлерлік терең ойлылықпен ақтауға тырысады; бұл терең ойлылықты құйыршықтық дегеннен басқа атпен атауға болмайды. Аксельрод жолдастың жеңіл қолымен басталған жаңа «Искраның» барлық жазбаларында: мазмұн формадан маңыздырақ, программа мен тактика ұйымнан маңыздырақ, «ұйымның өмір сүргіштігі оның қозғалысқа енгізетін мазмұнының көлемімен, мәнімен тікелей пропорциялы», централизм «өзімен өзі болған бірдеңе» емес, «барлық пәледен сақтайтын бойтұмар» емес, т. т. деген терең «ой» бар. Терең, ұлы ақыйқат! Шынында да программа тактикадан маңыздырақ, тактика ұйымнан маңыздырақ. Әліпби этимологиядан маңыздырақ, этимология синтаксистен маңыздырақ, — бірақ синтаксистен ымтихан ұстай алмай қалып, енді төменгі класта екінші жылға қалғанына кеудесін көтеріп, мақтанып отырған адамдар туралы не деуге болады? Аксельрод жолдас ұйымның принциптік мәселелері туралы оппортунистше ойлады (§ 1), ал ұйым ішінде анархистше қыймылдады (Лига съезі), — енді келіп социал-демократияны тереңдетіп отыр: шикі жүзім тіс қармайды дегендей! Шынында, ұйым деген не? бұл жәй форма ғой; централизм деген не? бұл бойтұмар емес қой; синтаксис деген не? бұл этимологиядан гөрі маңызы кем нәрсе ғой, этимология элементтерінің құралу формасы ғой... «Егер біз: устав қанша мінсіз болып көріне тұрса да, уставты қабылдаудан гөрі, партия программасын жасау арқылы съезд

Мартыновтар мен Акимовтардың ескі (кәзір жаңа «Искрадан» басқа ешкім ескермейтін) қатесі туралы мәселені қою сонша орынсыз.

партия жұмысының орталықтануына анағұрлым көбірек себепші болды десек, Александров жолдас мұны мақұлдамас па екен?» — деп «Искраның» жаңа редакциясы коқыыланып сұрақ қояды (№ 56, қосымша). Бұл классиктік нақыл сөз Кричевский жолдастың: социал-демократия, бүкіл адам баласы сыяқты, өзінің алдына әрдайым орындалатын міндеттерді қояды, деген атақты сөзінен әйгілілігі, таралуы кем соқпайтын тарихи атақалар деп сену керек. Жаңа «Искраның» әлгі терең ойының түрі де нақ осындай ғой. Кричевский жолдастың сөзінің мыскылданған себебі не еді? Себебі — ол социал-демократтардың белгілібір бөлімінің тактика мәселелеріндегі қатесін, саяси міндеттерді дұрыс қоя білмеушілікті — философияға баланған сорақылықпен ақтады. Дәл осы сыяқты жаңа «Искра» да социал-демократтардың белгілібір бөлімінің ұйым мәселелеріндегі қатесін, белгілібір жолдастардың өздерін анархистік бос сөзге жеткізген интеллигенттік тұрақсыздығын — программа уставтан маңыздырақ, программалық мәселелер ұйымдық мәселелерден маңыздырақ деген сорақылықпен ақтайды! Ау, мұның өзі күйыршықтық емес пе? Бұл өздерінің төменгі класта екінші жылға қалғандығына мақтанғандық емес пе?

Жұмысты орталықтандыруға уставты қабылдаудан гөрі программаны қабылдау көбірек себепші болады-мыс. Философияға баланып отырған бұл сорақылықтан социал-демократизмнен гөрі буржуазиялық декаденшілдікке анағұрлым жақынырақ келетін радикалдық интеллигенттің исі қандай мұңкіп тұр! Орталықтандыру деген сөз мына атақты сөздерде нағыз *символистік* мағнада айтылып отыр ғой. Егер бұл сөзді айтушылар ойлай білмейтін болса, не ойлағысы келмейтін болса, онда олар ең болмағанда мынадай жәй фактыны еске түсірсе екен: программаны бундшылдармен бірге қабылдау біздің жалпы жұмысымыздың орталықтануына жеткізбек түгіл, бізді жіктелуден сақтауға да себепші болған жоқ. Программа мәселелері мен тактика мәселелеріндегі бірлік — партияны біріктіру, партия жұмысын орталықтандыру жөніндегі қажетті шарт, бірақ әлі жеткіліксіз шарт (күндай-ау! кәзіргі, барлық ұғымдар шатасқан заманымызда, қандай әліпбиді ауызға шайнап беруге тура келеді). Мұның үшін тағы ұйым бірлігі керек; ұйым бірлігі семья-

лык үйірмөнүн шеңберинен аздай көптү өскөп шыккан партияда реттелген уставсыз, азыркы кылымдын көпчүлүгүне багыт берүүсүз, бөлүштүктүн бүтүгүсө багынуусуна багыт берилди. Программаны мен тапканга чейинки мөөмөлдөрүндө биримдигимиз жок кезинде, биз бытырай кылымдын үйірмөсүндө заманында жүрүмүз дептура айтканбыз, биримден бурун ажыраууна керек дептура айтканбыз; биз биримдин уюмунун формалары турады сөз көчүрүлүшүндө жок, ошол португалдык кыргыз прорраамалык жана тактикалык күрөштүн жаңы (бол кезде шын жаңы) мөөмөлдөрүн гана сөз кылып жүрдүк. Эндөй бул күрөс, бардыкбыздын мойундаууна, партия прорраамасында жана тактика туралы партия карарларында атуу кырында алан жек кылган биримдиги камтамасыз етти; эндөй биз таяны бир адамдын идеясына керек, биз, бардыкбыздын келишүүсүзүсүз, муну да иштейт; бардык үйрмөлөрдөй биримден биримге уюмунун формасын жасап шыгардык. Бул формаларды жактырмай кырып, биздөй эндөй кейин шегиндирди, биздөй анархисттик кырыккан, анархисттик бос сөзүсө карай шегиндирди, партиялык редакциянын орнына үйрмөнүн кайта курулушуна карай шегиндирди; эндөй бул керек багыттан калганды — дурман сөз сөйлөүүсө синтаксистик бөлүштүктөн гөрү алып көбүрөк себепчи болганды, деп айтканды!

Булдан үч жыл бурун тактика мөөмөлдөрүндө дауулан сүргөн куйырыктык философиясы эндөй уюм мөөмөлдөрүндө тирлип отыр. Жаңы редакциянын мынадай пикирин айтты: «Партиядагы айбанды социал демократиялык багыт жана идеялык күрөштөн гана эмес, уюмунун белгилі формалары мен де жүрүзүлүүсө тиис» дейди Александров жолдас. Редакция биздөй былай деп үйрөттөдү: «Идеялык күрөс пен уюм формаларын булгай салыстыруу жаман эмес. Идеялык күрөс дегенимиз процесс, ал уюм формалары дегенимиз тек... формалар гана» («Кудай акына, 58-номерде деп осылай бысылган, кысымша, 4 бет, 1-багына, төмөндө»), «формалар болганда өтпөй, дамууны мазмунду — партиянын дамуу практикалык жумушун камтуу тиисги формалар». Бул: ядро дегенимиз ядро, бомба дегенимиз бомба, деген сыякты анекдот. Идеялык күрөс дегенимиз процесс, ал уюмунун формалары дегенимиз мазмунду камтуу формалар гана! Мөөмөлдө мында болуп отыр: биздөй идеялык күрөсүмиз жактырмай формалар мен, журттын бәрине міндеттөй партия

ұйымының формаларымен камтыла ма, әлде ескі бытырандылықтың, ескі үйірмешілдіктің формаларымен камтыла ма. Бізді жоғарырақ формалардан жабайылау формаларға қарай шегіндіріп отыр және мұны: идеялық күрес дегеніміз процесс, ал формалар дегеніміз формалар ғана, деп ақтап отыр. Дәл осы сыяқты Кричевский жолдас та бізді бір заманда тактика-планнан тактика-процеске қарай кейін шегіндірген болатын.

Жаңа «Искраның» «пролетариаттың өзін өзі тәрбиелеуі» туралы, форма үшін мазмұнды бейне ескермейтіндерге қарсы айтқан зор дәмелі сөздерін алыңыздар (№ 58, басмақала). Бұл екінші номерлі акимовшілдік емес пе? Бірінші номерлі акимовшілдік социал-демократиялық интеллигенцияның кейбір бөлімінің тактикалық міндеттерді қоюдағы артта қалғандығын «пролетарлық күрестің» неғұрлым «терең» мазмұнына, пролетариаттың өзін өзі тәрбиелеуіне сүйеніп ақтаған болатын. Екінші номерлі акимовшілдік социал-демократиялық интеллигенцияның кейбір бөлімінің ұйым теориясы мен практикасы мәселелеріндегі артта қалғандығын дәл сондай терең ойлылықпен — ұйым дегеніміз тек форма, ал істің бүкіл мәні пролетариаттың өзін өзі тәрбиелеуінде, дегенге сүйеніп ақтайды. Кіші інісіне қайғырып жүрген мырзалар-ау, пролетариат ұйымнан, тәртіптен қорықпайды! Пролетариат — ұйымға кіргісі келмейтін профессор, гимназист мырзалар ұйымның бақылауымен жұмыс жүргізгені үшін партия мүшесі деп танылсын деп күйіп-піспейді. Пролетариат өзінің бүкіл өмір тәжірибесі арқылы ұйымшылдыққа көп интеллигентшелерден гөрі анағұрлым дұрыс тәрбиеленеді. Біздің программамыз бен біздің тактикамызды азды-көпті ұққан пролетариат ұйым ішіндегі артта қалғандықты — мазмұннан форманың маңызы кемірек деп ақтамайды. Ұйымшылдық, тәртіптілік рұхында, анархиялық бос сөздерге дұшпандық, қастық рұхында *өзін өзі тәрбиелеу* пролетариатта емес, біздің партиядағы *кейбір интеллигенттерде* кем болып жүр. Бірінші номерлі Акимовтардың пролетариатқа саяси күреске дайындығы жоқ деп жала жапқаны сыяқты, екінші номерлі Акимовтар да пролетариатқа ұйымдасуға дайындығы жоқ деп жала жауып отыр. Саналы социал-демократ болған, өзін партия мүшесі деп білген пролетар тактика мәселелеріндегі күйыршықтықты қандай

жек көріп теріске шығарған болса, ұйымдық мәселелердегі күйыршықты да сондай жек көріп теріске шығарады.

Ақырында, жаңа «Искра» «Практигінің» терең ойлылығын алыңыздар. Ол былай дейді: «Революционерлердің *істерін*» (курсивпен тереңдетуін-ай) «бірлестіріп, орталықтандыратын «айбынды», бір орталыққа бағынған ұйым құру жөніндегі дұрыс түсінілген идея әлбетте осы істер *бар болғанда* ғана жүзеге аспақ» (әрі жаңа, әрі тауып айтылған); «ұйымның өзі, форма ретінде» (тыңдаңыздар, тыңданыңыздар!), «сол форманың мазмұны болып табылатын революциялық жұмыстың өсуімен *бір мезгілде* ғана» (цитаттың барлық жеріндегі курсив автордікі) «өсе алады» (№ 57). Бұл баяғы өлікті кабірге апара жатқандарды көргенде: кырмандарың тасысын, деп айқайлаған халық әдебиетіндегі кейіпкерге ұксамай ма! Ісіміздің нақ формасы (яғни ұйым) мазмұнынан әлдеқашан кейін қалғанын, мықтап кейін қалып тұрғанын түсінбейтін практик (тырнақшаға алынбаған), артта қалғандарға: аяғыңды қатар алып жүр! ілгері кетіп қалма! деп айқай салу партиялық Иванушкаларға ғана лайық екенін түсінбейтін практик біздің партия ішінен табылмас деймін. Мәселен, біздің партияны Бундпен салыстырып-ақ байқаңыз. Біздің партияның жұмысының *мазмұны** Бундтікіне қарағанда өлшеусіз бай, әртарапты, кең және терең екендігі күмәнсіз. Теориялық құлашы ірірек, программа күштірек дамыған, жұмысшы бұқараға (тек ұйымдасқан қолөнершілерге ғана емес) әсер кеңірек те, тереңірек те, үгіт пен насихат көлемдірек, алдағылардың да, қатардағылардың да саяси жұмысының тамыры пысығырақ соғады, демонстрацияларда және жалпы стачкаларда *халық* қозғалысы айбындырақ, пролетарлық емес топтардың арасындағы жұмыс қажырлырақ. Ал, «форма» ше? Біздің жұмысымыздың формасы,

* Біздің партиялық жұмысымыздың *мазмұны* съезде (программада, тағы басқаларда) революциялық социал-демократияның рухында белгіленгендігін, күрес арқасында ғана антиискрашыларға қарсы және біздің «азшылықта» өкілдерінің саны басым болып отырған батпаққа қарсы күресудің арқасында ғана белгіленгендігін айтып та отырғаным жоқ. «Мазмұн» туралы мәселе жөнінде, мәселен, бұрынғы «Искраның» алты номерімен (№ 46—51) жаңа «Искраның» он екі номерін (№ 52—63) салыстыру да қызықты-ақ. Бірақ мұны тағы бірде айтармыз.

Бундтікіне карағанда, өте артта қалды, артта қалғандығы сонша — өз партиясының жұмысына «немқұрайды» карамайтын әрбір адамның көзіне қадаларлық, бетін қызартарлық дәрежеде артта қалды. Жұмыстың мазмұнымен салыстырып карағанда, жұмысты ұйымдастырудың артта қалғандығы — біздің нәзік жеріміз, оның нәзік жер болуы съезден де, Ұйымдастыру Комитетін құрудан да көп бұрын болған. Форманың өспегендігі, бекімегендігі мазмұнды дамыту жөнінде айта қалғандай ілгері кадам басуға мүмкіндік бермейді, ұятқа қалдырарлық тоқырау туғызады, күшті ысырап етушілікке, сөз бен істің арасында сәйкессіздікке соқтырады. Осы сәйкессіздік жұрттың бәрінің де жүйкесіне тиіп отырғанда, — Аксельродтар мен жаңа «Искраның» «Практиктері» келеді де терең ойлы уағыз айтып: форма мазмұнымен бір мезгілде ғана табиғи түрде өсіп шығуға тиіс — деседі!

Сорақылықты *тереңдетіп*, оппортунистік бос сөздерді философша дәлелдемек болсаңыздар, ұйымдық мәселе жөніндегі тигтей кате (§ 1) міне осыған әкеп соғады. Абайлап, ақырын бас! — деген әнді біз тактика мәселелері жөнінде есіткен едік, енді соны ұйым мәселелері жөнінде есітіп отырмыз. Анархиялық жекешіл өзінің (әуелде, мүмкін, кездейсоқ болған) анархиялық ауытқуларын *көзқарастар системасына* айналдыра бастаса, ерекше *принциптік алауыздыққа* айналдыра бастаса, онда *ұйымдық мәселелердегі құйыршықтық анархиялық жекешілдің* психологиясының табиғи және лажсыз нәтижесі болады. Бұл анархизмнің басын біз Лига съезінде көріп едік, енді жана «Искрада» оны көзқарастар системасына айналдыруға әрекет жасаушылықты көріп отырмыз. Бұл әрекеттер социал-демократияға қосылған буржуазиялық интеллигенттің көзқарасы мен өзінің таптық мүддесін ұққан пролетардың көзқарасы арасында айыр-ма барлығы туралы партияның съезінде-ақ айтылған пікірдің дұрыстығын тамаша сыйпаттайды. Мәселен, жаңа «Искраның» «Практигін» алсақ, — оның терең ойларымен біз жоғарыда таныстық қой, — ол: партияны барсында Орталық Комитет тәрізді директор тұрған «зор фабрика» деп түсінеді, деп мені әшкерелемек болады (№ 57, қосымша). Осы айтып отырған қорқынышты сөзінен пролетарлық ұйымның практикасымен де, теориясымен де таныс емес буржуазиялық интеллигенттің пси-

коллегиясы бірден көрініп тұрғандығын «Практик» сөзбеі де отыр. Нақ фабрика, кейбіреулерге тек құбыжық болып көрінетін фабрика, пролетариатты біріктіретін, тәртіпті еткен, ұйымдасута үйреткен, оны еңбекші және қауалушы халықтың басқа барлық топтарына басшы еткен капиталистік кооперацияның ең жоғарғы формасы болып табылады. Нақ марксизм, капитализм арқылы ысылған пролетариаттың идеологиясы ретінде, табынсыз интеллигенттерге фабриканың қауалушылық жағының (зінтен өлуден қорыққандықтан тәртіпті болу) және оның ұйымдастырушылық жағының (техника жағынан жоғары дәрежеде дамыған өндірістің жағдайында бас қосып, бірлесіп еңбек етуге негізделген тәртіп) арасындағы айырмашылықты үйреткен және үйретіп отыр. Буржуазиялық интеллигентке қиындықпен қонатын тәртіп пен ұйымшылдық пролетариатқа, нақ осы фабрикалық «мектеп» арқасында, олай қонады. Бұл мектептен өлердей көрсетіп, оның ұйымдастырушылық маңызын мүлде түсінебеу — өмір сүрудің ұсақбуржуазиялық жағдайын көрсететін, анархизм түрін туғызатын пікір әдістерінің ерекше белгісі; анархизмнің бұл түрін неміс социал-демократтары Еделарагшілыныз деп атайды, басқаша айтқанда мені мұны «асыл текті» мырзаның анархизмі, мырзалық анархизм деп атап едім. Орыс интеллигеніе бұл мырзалық анархизм өте-мөте тәп нәрсе. Партия ұйымы оған құбыжық «фабрика» болып көрінеді, бөлестің. Сүтінде бағынуы, азыншылықтың көпшілікке бағынуы оған «құл қылу» болып көрінеді (Акселародтың фолыетонын қараңыз), ол ерталықтың басшылығы бойынша еңбек бөлосу — адамдарды «тегершілік пен шикіне» айналдыру болады деп, қарсы байбалам салады (ол: бұл айналдырудың әсіресе жаман түрі — редакторларды жәй қызметкерлерге айналдыру деп санайды), партияның ұйымдастыру ұстаны туралы өз қозғалса, ол жақтырмалы бетін тыржойтып, менсінебегенсің («формалистерге» қарап): тілті ұставсыз да бола бермей ме, дейді.

Бұл адам нанғысыз нәрсе, бірақ — факт: сөзі дәлелді болу үшін менің «Жолдасқа хатпаны» өз сөздеріме сүйеніп, «Искранның» 58-номерінде Мартин жолдас маған нақ осындай уағыз ескерту жасады. Бытырандылық заманынан, үйірмелер заманынан мысал алып, партияшылдық заманында үйірмешілдік пен анархизмнің саяқты, дәрті-

еркін «процесі» деп аталып отырған жанжалдың үйірмелік әдістерінен қутылуға болады.

Жаңа «Искранын» редакциясы Александровка қарсы «сенім деген — жүрек пен басқа қолдан енгізуге болмайтын сыңайы нәрсе» деп уағыз ескерту жасап, неудесін көтереді (№ 36, қосымша). Бұл сенім категориясын, жаңадан сенім категориясын шығарудың өзі-ақ өзінің мырзалық анархизмі мен ұйымдық қуыршықтығын қайта-қайта ашып беретінін редакция түсінбейді. Редакцияның алтылығы болсын, «Искра» ұйымы болсын, әйтеуір үйірменің ғана мүшесі болған кезімде, мен, айталық, өзімнің Икспен бірге қызмет істегім келмегенін көстау үшін жалғыз сенбеушілікке, есепсіз, дәлелсіз сенбеушілікке ғана сүйенуге праволы едім. Ал енді партия мүшесі болып отырған кезімде, пішінделмеген сенбеушілікке ғана сүйенуге менің правом жоқ, өйткені мұндай сүйену өскі үйірмешіліктің әрбір сандырағына, әрбір жүгенсіздігіне секікті кең аңсар еді; енді мен өзімнің «сенгенімді» не «сербегенімді» ресми дәлелмен, яғни біздің программа-ның, біздің тактиканың, біздің уставтың ресми жағынан белгіленген тиісті ережесіне сүйеніп сыйпаттауға міндеттімін; «сенемін» не «сеибеймін» деуге қанағаттанбай, өзімнің ұйғаруларымын, тетінде партияның әрбір бөлімінің барлық ұйғаруларының бүкіл партияға басынцалы екенін мойындауға міндеттімін; өзімнің «сеибееушілігімді» білдіру үшін, осы сеибестіктен туатын көзқарастарды, тілектерді жүзеге асыру үшін, мен ресми бұйырғын жолмен жүруге міндеттімін. Біз енді беталды «сеену» жөніндегі үйірмелік көзқарасызан көтеріліп партизалық көзқарасқа, сенімді білдірудің және тексерудің жауапты және ресми бұйырылған әдістерін қолдануды талап ететін көзқарасқа жеттік, ал редакция бізді кері тартып отыр және өзінің қуыршықтығын ұйымдық жазыла көзқарастар деп атап отыр!

Қараңызшы, редакциядан өздерінің өкілдеріне сорын талып ете алатын әлеуметтік топтар туралы біздің партиялық редакция деп аталатын редакциямыз не деп отыр. «Біз ашуланбағмыз, тәртіп туралы айнай да салмаймыз», — ашуланбағмыз, тәртіп дегенге әрдайым, әржерде немқұрайды қарап жүрген мырзалық анархистер бізге осылай деп ақыл үйретеді. Егер іске жарайтын топ болса, біз ол

топпен «уғысармыз» (sic!), не оның талаптарын келекөкылармыз, деседі.

О шіркін, мына арада дөрекі-«фабрикалық» формализмге асыл заттылықтың қарсы шығып отырғанын-ай! Ал іс жүзінде, бұл — өзін партиялық мекеме емес, ескі үйірменің сарқыншағы деп сезетін редакцияның партияға ұсынған үйірмешілдік ажарлы сөзі. Бұл позицияның ішкі жалғандығы — сөз жүзінде фарисейлік түрде әлдеқашан құрылған деп жарыяланып отырған бытырандылықты социал-демократиялық ұйымның *принципіне* айналдырған *анархистік* терең ойлылыққа лажсыз соқтырады. Төменгі, жоғарғы партиялық коллегиялар мен инстанциялардың иерархиясының керегі жоқ, — мұндай иерархия мырзалық анархизмге мекемелердің, департаменттердің, тағы сондайлардың кеңседе отырып ойлап шығарған нәрсесі болып көрінеді (Аксельродтың фельетонын қараңыз), — ешбір бөлектің бүтінге бағынуы керек емес, «уғынысудың» немесе ажырасудың *партиялық* әдістерін «формалық-бюрократтық» ретпен анықтаудың ешбір керегі жоқ, ескі үйірмелік жанжал ұйымның «шын социал-демократиялық» әдістері туралы сөзуарлықпен дәріптеле берсін, деседі.

«Фабрика» мектебінен шыққан пролетардың анархистік жекешілдікке сабақ бере алатын және сабақ беруге тиісті жері міне осы. Саналы жұмысшы кәдімгі интеллигенттен шошыйтын кездегі жөргектен әлдеқашан шыққан. Саналы жұмысшы социал-демократияшыл интеллигенттердегі көп білім қорын, кеңірек саяси зердені бағалай біледі. Бірақ, бізде *нағыз* партия құрыла бастаған сайын, саналы жұмысшы пролетариат армиясының жауынгерінің психологиясын анархистік бос сөзбен кербезсіп жүрген буржуазиялық интеллигенттің психологиясынан айырып үйренуге тиіс, ол жәй қатарлы мүшелерден ғана емес, «жоғарғы адамдардан» да партия мүшесінің міндетін орындауды *талап* етіп үйренуге тиіс, ол бір заманда тактика мәселелеріндегі күйыршықтықты қандай жек көріп қарсы алған болса, ұйымдық мәселелердегі күйыршықтықты да сондай жек көріп қарсы алуды үйренуге тиіс!

Жирондизм мен мырзалық анархизмге нық байланысты, жаңа «Искраның» ұйымдық мәселелердегі позициясының ақырғы бір айрықша ерекшелігі түр: бұл — цент-

рализмге қарсы автономизмді қорғау. Бюрократизм туралы және самодержавие туралы жылдан-сықтаудың «искрашыл еместерді (съезде автономизмді қорғағандарды) орынсыз елеуішілік» туралы қайғырудың, «сөзсіз бағынушылықты» талап ету туралы кісі күлерлік айқайлардың, «исмпадурлыққа», т. т. с. қарсы зарлаған шағымдардың дәл осындай принциптік мағнасы бар (егер бар болса*). Қандай партияның болса да оппортунистік қанаты әрдайым, программалық болсын, тактикалық болсын, ұйымдық болсын, әртүрлі артта қалушылықты қорғап, ақтайды. Жаңа «Искраның» ұйымдық артта қалуды (құйыршықтықты) қорғауы автономизмді қорғаумен тығыз байланысты. Рас, автономизм, жалпы айтқанда, бұрынғы «Искраның» үш жылдық уағызымен абыройсызданып болған, сондықтан оны жаңа «Искраға» ашық қорғап шығуға әзірше ұят; ол әлі бізді централизмді тәуір көрем, деп сендірмек болады, бірақ мұнысын тек централизм деген сөзді курсивпен жазғанымен ғана дәлелдейді. Іс жүзінде жаңа «Искраның» «шын социал-демократиялық» (анархистік емес пе?) quasi-централизмінің «принциптеріне» сынның жеңіл-желпі тиіп кетуінің өзі қадам басқан сайын автономияшылдық көзқарасты әшкерелейді. Аксельрод пен Мартовтың ұйымдық мәселелерде Акимов жағына бұрылып кеткені енді жұрттың бәріне, әркімге де анық емес пе? «Искрашыл еместерді орынсыз елеуішілік» туралы өздерінің әйгілі сөздерінде олар өздері мұнысын салтанатты түрде мойындамады ма? Акимовтың және оның достарының біздің партия съезінде қорғағаны автономизм емес пе еді?

Лиганың съезінде: бөлшек бүтінге бағынбауға тиіс, бөлшек өзінің бүтінге қатынасын анықтау жөнінде автономиялы, бұл қатынастарды тұжырымдайтын Шетелдік Лиганың уставы, партия көпшілігінің тілегіне қарамастан, партия орталығының тілегіне қарамастан, күшінде қалады, деп адам күлерлік түрде тырысып дәлелдемеқ болғанда, Мартов пен Аксельрод дәл автономизмді (анархизмді болып жүрмесе) қорғаған болатын. Орталық Комитеттің жергілікті комитеттерге мүше кіргізуі туралы мәселе жөнінде Мартов жолдас кәзір жаңа «Искраның»

* Мен бұл жерде, бүкіл осы параграфтары сыяқты, бұл жылдан-сықтаулардың «кооптациялық» мағнасына соқпаймын.

бетінде де (№ 60) дәл автономизмді ашықтан ашық қорғап отыр. Мен Мартов жолдастың автономизмді Лига съезінде жақтағандағы және осы күні жаңа «Искрада» жақтап отырғандағы балалық софизмдері туралы айтпаймын*, — бұл арада маған ұйымдық мәселелер жөніндегі оппортунизмге тән принциптік белгі есебіндегі централизмге қарсы автономизмді қорғау тенденциясының сөзсіз болғанын айта кету мәнді болып отыр.

Бюрократизм ұғымына анализ жасау жөніндегі жалғыз әрекет — жаңа «Искрадағы» (№ 53) «формалық-демократиялық негізді» (курсив автордікі) «формалық-бюрократтық негізге» қарсы қою. Бұл қарсы қоюда (амал не, искрашыл еместер жөнінде айтқаны сыяқты, кеңітілмеген және түсіндірілмеген қарсы қоюда) шындықтың дәні бар. Демократизм *versus*** бюрократизм, — бұл автономизм *versus* централизм дегеннің дәл өзі, бұл социал-демократия оппортунистерінің ұйымдық принципі жөніндегі революцияшыл социал-демократияның ұйымдық принципінің дәл өзі. Оппортунистердің принципі төменнен жоғары қарай ұмтылады, сондықтан да, мүмкіндік бар жердің бәрінде және мүмкіндік болғанынша, анархизмге дейін баратын (ақылына қарамай тыраштанатындарда осылай болады) автономизмді, «демократизмді» қорғайды. Революционерлердің принципі орталықтың бөлшек жөніндегі праволары мен өкілдігін кеңітуді қолдай отырып, жоғарыдан бастауға ұмтылады. Бытырандылық пен үйірмешілдік заманында, революцияшыл социал-демократияның ұйымдық жағынан сүйеніш еткен жоғары орны — өзінің ісі мен өзінің революциялық дәйектілігі жағынан неғұрлым ықпалды бір үйірме (біздің бұл ретте — «Искра» ұйымы) болғаны сөзсіз. Партияның факт жүзіндегі бірлігі орнаған заманда және бұл бірлікте ескірген үйірмелер таратып жіберілген заманда, мұндай жоғары орын — партияның ең жоғарғы органы болып табылатын *партия съезі* екені сөзсіз; съезд белсенді ұйым-

* Мартов жолдас партия уставының әртүрлі параграфтарын қарастыра отырып, дәл бүтіннің бөлшекке қатнасы туралы мынадай параграфты тастап кеткен: Орталық Комитет «партияның күштерін бөліп отырады» (§6). Қызметкерлерді комитеттен комитетке ауыстырмай, күштерді бөліп отыруға бола ма? Шынында, бұл әліпбиге тоқтап отыру бір түрлі қолайсыз.

** *versus* — жөніндегі.

дардың барлық өкілдерін мүмкіндігінше біріктіреді және орталық мекемелерді тағайындай отырып (көбіне партияның артта қалған элементтерінен гөрі алдыңғы қатарлы элементтерін көбірек қанағаттандыратын, партияның оппортунистік қанатынан гөрі революцияшыл қанатына көбірек ұнайтын құрамда тағайындай отырып), оларды келесі съезге дейін жоғары орын етеді. Қалайда, социал-демократияның европалықтарында осындай болады; анархистерге принцип жүзінде сүйкімсіз бұл әдет, бейнетпен, күреспен, жанжалмен, аз-маздап болса да, социал-демократияның азиялықтарына да тарай бастады.

Көрсете кетуге аса қажетті бір қызық нәрсе — мен жоғарыда айтқан ұйымдық мәселелердегі оппортунизмнің принциптік белгілері (автономизм, мырзалық яки интеллигенттік анархизм, күйыршықтық және жирондизм) бүкіл дүние жүзіндегі революциялық және оппортунистік қанат болып бөлінуі бар (ал ол қайда жоқ?) социал-демократиялық партиялардың бәрінде де *mutatis mutandis* (тиісті өзгерістермен) байқалады. Әсіресе, бұл дәл ең соңғы мезгілде, 20-ші Саксон сайлау округінде сайлаудағы жеңіліс (Пёрэ жанжалы деп аталатын жанжал*) күн тәртібіне партия ұйымының принциптерін қойған кезде, Германия социал-демократиялық партиясында айқын түрде көрінді. Бұл айтылған жанжал жөнінде принциптік мәселенің көтерілуіне әсіресе неміс оппортунистерінің қызу кірісуі себеп болды. Пёрэ (бұрынғы пастор, «Drei Monate Fabrikarbeiter»** деген белгілі кітаптың авторы және Дрезден съезінің «каптармандарының» бірі) — өзі барып тұрған оппортунист, сондықтан немістің нағыз оппортунистерінің «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») деген органы оған жалма-жан «болыса» кетті.

* Пёрэ 1903 жылы 16 июльде 15-ші Саксон округінде рейхстагке сайланған, бірақ Дрезден съезінен²⁴ кейін өзі орнынан түскен; 20-округтің сайлаушылары, Розенов өлгенсін, бәс орынға тағыда Пёрэнің кандидатурасын ұсынбақ болған. Партияның Орталық басқармасы мен Саксон орталық үгіт комитеті бұған қарсы тұрған және, Пёрэнің кандидатурасына тыйым салуға формалық жағынан правосы жоқ болса да, қалай да Пёрэні өз кандидатурасына бәс тартқызыған. Социал-демократтар сайлауда жеңіліс тапқан.

** — «Фабрикадағы жұмысшыларға үш ай». *Red.*

Программа жөніндегі оппортунизм тактика жөніндегі оппортунизммен және ұйымдық мәселелер жөніндегі оппортунизммен байланысты. «Жаңа» көзқарасты баяндауды Вольфганг Гейне жолдас қолға алды. Социал-демократияға қосылған, оппортунистік пікір дағдыларын өзімен бірге әкелген бұл нағыз интеллигенттің пішінін оқушыға сыйпаттап көрсету үшін, Вольфганг Гейне жолдастың немістік Акимов жолдастан сәл кішірек, немістік Егоров жолдастан сәл үлкенірек екенін айтсақ, осының өзі жеткілікті болады.

«Социалистік Әрайлықта» жорыққа аттанған Вольфганг Гейне жолдастың айбары жаңа «Искрада» жорыққа аттанған Аксельрод жолдастың айбарынан кем емес. Мақаланың «Гөрэ жанжалы жөніндегі демократиялық заметкалар» деген атының өзі не тұрады (№ 4, апрель, «Sozialistische Monatshefte»). Мазмұны да — олқы емес. В. Гейне жолдас «сайлау округінің автономиясына қол сұғуға» қарсы шығады, «демократиялық принципті» қорғайды, халықтың өз еркімен делегаттар сайлауына «тағайындалған әкімнің» (яғни партияның орталық басқармасының) қол сұғуына қарсылық білдіреді. Мұнда әңгіме кездейсоқ болған жанжалда емес, «партия ішінде бюрократизм мен централизмге бет алған тенденцияда», ертеректе де байқалған, ал кәзір аса қауіпті болып отырған тенденцияда, деп В. Гейне жолдас бізге ақыл үйретеді. «Партияның жергілікті мекемлері оның өмірінің түпкі тірегі екенін принцип жүзінде мойындау» керек (Мартов жолдастың: «Тағыда азшылықта» деген кітапшасынан ұрлаған). «Аса маңызды саяси қарарлардың бәрі бір орталықтан шығуына дағдылану» жармайды, партияны «өмірмен байланысын жоғалтатын доктринерлік саясаттан» сақтандыру керек (Мартов жолдастың партия съезінде «өмір дегенін істетеді» деп айтқан сөзінен пайдаланған). ...«Егер мәселенің түп тамырына қарасақ, — деп В. Гейне жолдас өз дәлелін тереңдете түседі, — егер әруақыттағыдай бұл жерде де үлкен роль атқарған кара басқа байланысты қалығардан аулақ болсақ, онда біз бұл ревизионистерге қарсы өшігуден (курсив автордікі; ол: ревизионизмге қарсы күресу және ревизионистерге қарсы күресу деген ұғымдардың айырмасын меңзеп отырған болса керек) көбіне партиядағы ресми адамдардың «бөтен элементке» сенбеушілігін

көреміз (В. Гейне, сірә, қыйлы жағдаймен күресу туралы кітапшаны әлі оқымаған көрінеді, сондықтан да Outsiderium деген англицизмге жармасып отыр), ғұрыптың әдеттен тыс нәрсеге сенбеушілігін, адамсыз мекеменің жеке адамдық нәрсеге сенбеушілігін көреміз» (Аксельродтың Лига съезінде жеке адамдардың инициативасын басып-жаншу туралы қарарын қараңыз), «бір сөзбен айтқанда, жоғарыда біз сыйпаттаған дәл сол тенденцияны — партия ішіндегі бюрократизм мен централизмге бет алған тенденцияны көреміз».

«Тәртіп» ұғымы В. Гейне жолдасты Аксельрод жолдастан кем ашуландырмайды... Ол былай деп жазады: «*Партияның бақылауында болмағандықтан, социал-демократиялық орган деп тіпті жұрт мойындағысы келмей жүрген «Социалистік Әрайлыққа» мақала жазғандары үшін ревизионистерді біреулер тәртібі кем деп айыптайды. Тек осы «социал-демократиялық» деген ұғымды тарылтам деп әрекеттенудің өзі-ақ, бостандық сөзсіз үстем болуға тиісті идеялық өндіріс саласында тәртіпті талап етудің өзі-ақ» (еске түсіріңіз: идеялық күрес дегеніміз процесс, ал ұйым формалары дегеніміз тек формалар) «бюрократизмге бет алған және жеке адамдарды басып-жаншуға бет алған тенденцияны көрсетеді». В. Гейне «бәрін қамтыйтын бір үлкен ұйымды, мүмкін қадарлы бір орталыққа көбірек бағынатын ұйымды, бір тактиканы, бір теорияны» жасау жөніндегі бұл сүйкімсіз тенденцияны біраз жерге дейін неше түрлі мақамға салып бәлағаттайды, «сөзсіз көнушілікті», «беталды бағынушылықты» талап етуді бәлағаттайды, «дөрекіленген централизмді», т. т. с. бәлағаттайды, дәл «Аксельродша» бәлағаттайды.*

В. Гейне көтерген талас кыза түсті, бірақ неміс партиясында кооптацияға байланысты ешбір жанжал бұл таласты шатастырмағандықтан, неміс Акимовтары өздерінің пішіндерін съездерде ғана емес, ұдайы айрықша органда анықтайтын болғандықтан, талас тезінен ортодоксия мен ревизионизмнің ұйымдық мәселедегі принциптік тенденцияларының анализіне айналды. Революциялық бағыттың (әлбетте, біздегі сыяқты «диктаторлық», «инквизиторлық», тағы басқа сондай сұрапыл нәрселер жөнінде айыпталып жүрген бағыттың) бір өкілі ретінде К. Каутский шықты («Neue Zeit», 1904, № 28, «Wahl-

kreis und Partei» — «Сайлау округі және партия» деген мақала). В. Гейнениң мақаласы «бүкіл ревизионистік бағыттың ой-өрісін көрсетеді» — дейді Каутский. Жалғыз Германияда ғана емес, Францияда да, Италияда да оппортунистер жан-тәнімен автономизмді қуаттайды, партияның тәртібін бәсеңдетуді, оны мүлде жоюды қолдайды, олардың тенденциялары барлық жерде *ұйымды ірітуге* соғады, «демократиялық принципті» *анархизмге* айналдыруға соғады. «Демократия дегеніміз өкіметтің болмауы емес, демократия дегеніміз анархия емес; халықтың өтірік қызметкерлері шынында халыққа қожалық жасайтын өкіметтің басқа формаларынан демократияның айырмасы — демократия дегеніміз бұқараның өз өкілдеріне үстемдік етуі», — К. Каутский ұйымдық мәселе жөніндегі оппортунистерді осылай үйретеді. К. Каутский әр елдердегі оппортунистік автономизмнің іріткішілдік ролін толық байқап отырады, «*толып жатқан буржуазияшыл элементтердің*»* социал-демократияға қосылуының өзі оппортунизмді, автономизмді және тәртіп бұзу тенденциясын күшейтетінін көрсетеді, дәл «*ұйым — пролетариаттың өзін азат ететін құралы*» екендігін, дәл «*ұйым — тап күресінің пролетариатқа тән құралы*» екендігін тағы-тағы ескертеді.

Германияда оппортунизм Франция мен Италиядағыдан гөрі нашарлау болғандықтан, Германияда «автономистік тенденциялар әзірше диктаторлар мен ұлы инквизиторларға қарсы, шіркеуден бездірушілікке** және ерсіліктер іздеушілікке қарсы азды-көпті қызу декламацияларға ғана, ұшы-қыйыры жоқ кикілжің-жанжалға ғана әкеліп соқтырды; бұл жанжалдарды тексеріп отыру ұшы-қыйыры жоқ дауға жеткізер еді».

Россияда партия ішіндегі оппортунизм Германиядағыдан да гөрі нашар болғандықтан, автономистік тенденциялардың идеяларды азырақ, «қызу декламациялар»

* К. Каутский мысал ретінде *Жоресті* атайды. Оппортунизмге қарай бет алған сайын, мұндай адамдарға «партия тәртібі олардың бас еркіндігіне ауыр қысым болып көрінуге тиіс еді».

** *Ваннstrahl* — қарғыс. Бұл — орыстың «қыйлы жардайы» мен «төтенше заңдарының» немісше төлеуі. Бұл — неміс оппортунистерінің «қорқынышты сөзі».

мен дау-жанжалдарды көбірек туғызғаны таңырқарлық нәрсе емес.

Каутскийдің мынадай қортындыға келуі де таңырқарлық нәрсе емес: «Барлық елдердің ревизионизмі әртүрлі, әртүсті болса да, басқа мәселелердің ешқайсысында да дәл ұйымдық мәселедегідей біртекті болмаған шығар». Ортодоксия мен ревизионизмнің бұл жөндегі негізгі тенденцияларын К. Каутский де: демократизмге versus (қарсы) бюрократизм, деген «қорқынышты сөзбен» тұжырымдайды. К. Каутский былай деп жазады: бізге жұрт — жергілікті сайлау округтері кандидат (парламент депутатын) сайлағанда партия басқармасының ықпал етуіне право беру — «бүкіл саяси істің бұқараның өз белсенділігі арқылы төменнен жоғары қарай жүргізілуін, бюрократтық жолмен жоғарыдан төмен қарай жүргізілуі керек қылатын демократиялық принципке ұят түрде қол сұғу ғой, деседі... Ал егер қандай болса да шын демократиялық принцип бар болса, бұл — көпшілік азшылықтан басым болуға тиіс, керісінше болмауға тиіс деген принцип»... Қандай жеке сайлау округінен болса да парламентке депутаттар сайлау — бүкіл партия үшін өте маңызды мәселе, сондықтан да партия өзінің сенімді адамдары (Vertrauensmänner) арқылы болса да, кандидат белгілеу ісіне әсер етуге тиіс. «Мұны тым бюрократтық немесе централистік деушілер болса, олар кандидаттарды партия мүшесі атаулылардың бәрінің (sämtliche Parteigenossen) тіке дауысқа қоюы арқылы белгілеуге ұсыныс жасап көрсін. Ал бүйтуге мүмкін болмайтын болса, онда бұл функция, бүкіл партияға қатысты басқа көп функциялар сыяқты, бір немесе әлденеше партия орындары арқылы орындалатын жағдайдағы демократизмнің кемшілігіне наразы болудың да орны жоқ». Германия партиясының «ғұрып правосы» бойынша бұрын да қандай кандидат белгілеу туралы жеке сайлау округтері партия басқармасымен «жолдастық ретінде келісетін». «Бірақ кәзірде бұл үнсіз ғұрып правосын жеткілікті деп санауға партия тым үлкейіп кетті. Ғұрып правосын өзінен өзі түсінікті нәрсе ретінде танымай бастағанда, оның қағыйдаларының мазмұны және оның өзінің бар-жоқтығы даулы болғанда, ғұрып правосы право болмай шығады. Сонда бұл правоны дәл тұжырымдап, оны заң ету сөзсіз қажет болады»... неғұрлым «дәл

уставтық етіп бекітуге»* (statutarische Festlegung) көшу қажет болады, ал мұнымен қатар ұйымның қатандығын күшейту (grössere Straffheit) қажет болады.

Сонымен, басқа жағдайдағы партияның оппортунистік қанаты мен революциялық қанатының ұйымдық мәселе жөніндегі бәз-баяғы күресін көресіз, автономизм мен централизмнің, демократизм мен «бюрократизмнің» арасындағы, ұйымның, тәртіптің қатандығын бәсеңдету тенденциясы мен оның қатандығын күшейту тенденциясының арасындағы, тұрақсыз интеллигенттің психологиясы мен ұстамды пролетардың психологиясының арасындағы, интеллигенттік жекешілдік пен пролетарлық бірліктің арасындағы, бәз-баяғы жанжалды көресіз. Бұл жанжалға *буржуазиялық демократия* қалай қарады, — демократия болғанда, тентек тарихтың Аксельрод жолдасқа қашан болса да жасырын көрсетпек болған демократиясы емес, — кәдімгі, шын буржуазиялық демократия, Германияда біздің освобождениешіл мырзалардан кем соқпайтын ақылды, аңдағыш өкілдері бар буржуазиялық демократия қалай қарады? Немістің буржуазиялық демократиясы бұл жаңа дауға бірден сыбанып кірісті және, дәл орыс буржуазиясы сыяқты, әрдайымдағы, әржердегі сыяқты, социал-демократиялық партияның оппортунистік қанатына жан-тәнін салып болысты. Неміс биржа капиталының әйгілі органы «*Франкфурт Газеті*» дауылдатқан басмақала жазды («*Frankf. Ztg.*», 1904, 7 Apr., №97, *Abendblatt***); ол мақала Аксельродтан ұялмай ұрлау неміс баспасөзінің тіпті бір ауруы болғандығын көрсетеді, Франкфурт биржасының ызғарлы демократтары социал-демократиялық партияның ішіндегі «самодержавиені», «партия диктатурасын», «партия әкімдерінің автократтық үстемдігін», «бүкіл ревизионизмді жазаламақ болатын» («оппортунизмге салыну жөнінде жаладан тағыл-

* К. Каутский үнсіз танылатын ғұрып правосының орнына формалық жағынан бекіген уставтық правоны қолдану туралы бұл сөздерін жалпы партиямыздың, әсіресе редакцияның партия съезінен бергі жерде бастарынан кешіріп келген бүкіл «өзгерісімен» салыстыру өте ғыбыратты. В. И. Засуличтің сөзін салыстырыңыз (Лига съезіндегі сөз. 66 және ода (кейінгі беттер)); ол болып жатқан өзгерістің бүкіл мәнін түсіне қойды ма екен.

** — «*Франкфурт Газеті*», 1904, 7 апрель, № 97, кешкі шығуы.
Қед.

ған айыпты» еске түсіріңіз) «шеркеуден бездірушілікті», «көз жұмып көне беруді», «өлі тәртіпті» талап етуді, «кұлша бағынуды», партия мүшелерінің «саяси өлексеге» айналуын (бұл винттер мен тегершіктерден қаттырақ болады!) талап етуді іске алғысыз етіп тастайды. Социал-демократияның антидемократиялық тәртіптерін көргенде биржа рыцарлары: «әрбір жеке адамның ерекшелігі, әрбір жеке адам, көресіздер ме, кудалауға түсуге тиіс, өйткені мұның бәрі» Саксон социал-демократтарының партия съезінде «осы мәселе жөнінде баяндама жасаған Зиндерманның тура айтқанындай, француз тәртіптеріне, жоресизм мильеранизмге апарып соғатын қауіп туғызады», деп күйінеді.

Сонымен, ұйымдық мәселе жөнінде жаңа «Искраның» жаңа сөзсымақтарының қаншалық принциптік мағнасы бар болса, ол мағнаның оппортунистік мағна екендігі соншалық күмәнсіз. Бұл қортындының дұрыстығын революциялық және оппортунистік қанаттарға бөлінген біздің партия съезі жөніндегі бүкіл анализ де, *барлық* европалық социал-демократиялық партиялардың мысалы да көрсетеді; бұл партияларда ұйымдық мәселе жөніндегі оппортунизм бәз-баяғы тенденцияардан, бәз-баяғы айыптаулардан, екінің бірінде бәз-баяғы сөзсымақтардан көрінеді. Әрине, әртүрлі партиялардың ұлттық ерекшеліктері және әртүрлі елдердегі саяси жағдайлардың бірдей болмауы өзінің әсерін тигізіп, немістің оппортунизмін француздікіне, француздікін италяндікіне, италяндікін орыстікіне тіпті ұқсатпай жібереді. Бірақ, осы көрсетілген жағдай өзгешеліктеріне қарамастан, барлық партиялардың революциялық және оппортунистік қанаттарға негізгі бөлінуінің біртектес екендігі, ұйымдық мәселедегі оппортунизмнің ой-өрісі мен тенденцияларының біртектес екендігі анық көрінеді*. Біздің марксистер мен

* Бір жағынан — Мартынов, Акимов жолдастардың, екінші жағынан — фон-Фольмар, Фон-Эльм жолдастардың яки Жорес, Мильерандардың араларындағы айырма өте ірі болса да, тактика мәселелері жөнінде орыс социал-демократтарының ескіде экономистер және саясатшылар болып екіге бөлінгені бүкіл халықаралық социал-демократияның оппортунистер және революционерлер болып екіге бөлінуімен біртектес екеніне кәзірде ешкімнің кү-

Біздің социал-демократтардың қатарында Ресейлік интеллигенция өкілдерінің молдығы. Олардың іс-қимылымыздың тұрағын назарға алу үшін қажетті жағдайлар туралы пікірталастарды өткізудің қажеті туындайды. Біз өзіндік дүние көзін жеткізудің негізгі мақсаттары жөнінде бірлесіп жұмыс істейміз. Оппортунизммен күресу, сонымен бірге сипатымыз жөнінде толық айрылуымыздың қажеті туындайды. Бүгінгі таңдағы жұмысшылардың және социал-демократтардың бірлесіп істей алуына қажетті жағдайлар туындайды. Біз таптық мәселелері жөнінде өткізудің қажеті туындайды. Қызығым, Ақмола жолдастарымыздың маңызы кем мәселелері жөнінде айрылуымыздың қажеті туындайды. Біз таптық мәселелері жөнінде айрылуымыздың қажеті туындайды. Біз таптық мәселелері жөнінде айрылуымыздың қажеті туындайды. Біз таптық мәселелері жөнінде айрылуымыздың қажеті туындайды.

Оппортунизммен күресу туралы әңгіме болғанда, қазіргі замандағы бүкіл оппортунизмнің барлық салаларындағы ерекше белгісін: оның дәйексіздігін, батылдықсыздығын, жылпындығын ешуақытта ұмытпау керек. Оппортунист, өзінің жаратылысында, мәселені ашығынан ашығынсыз қоядан қашады, аралық күшті іздейді. Оларды бірі қарсы екі түрлі көзқарастың ортасында әрі-әрі айрылып анаусын да, мынаусын да «мақұлдауға» тырысады, өзінің алауыздығын кішкене түзетулерге, күмәнділікке, сәбилік, ізгі тілектерге, тағысын-тағы сондайларға айналыдырып жібереді. Программа мәселелері жөніндегі оппортунист Эд. Бернштейн жолдас партияның революциялық программасын «мақұлдайды»; еған, бәлкім, «түсінісіз программа жасауды» тілер де еді, бірақ мұны әлі ерте,

мәні жоқ. Дал осы сыяқты, саяси правоңыз елдер мен саяси өрісті елдердің жағдайлары арасындағы зор айырмаларға қарамастан, ұйымдық мәселе жөніндегі негізгі бөлінулерім біртектілікке де күмәндісіз. Өте бір сыйпатты нәрсе: жаңа «Шекспирдің принциптері» дакциясы, Каутскийдің Гейнемен айтысы жөніндегі қорытынды (№ 64), ұйымдық мәселедегі әртүрлі оппортунизм және әртүрлі ортодоксияның принциптік тенденциялары туралы мәселені қарастыра бастап кетті.

мақсатқа сәйкес емес, «сынның» «жалпы принциптерін» анықтаудай маңызды емес деп есептейді (бұл «жалпы принциптер» дегені — көбіне буржуазияшыл демократиядан талғамай ала салатын принциптері мен ұсақ сөздері). Тактика мәселелері жөніндегі оппортунист фон-Фольмар жолдас та революциялық социал-демократияның ескі тактикасын мақұлдайды; бұл да көбіне декламациямен, кішкене түзетулермен, сықақтармен қанағаттанады, бірақ ешбір айқын «министериалистік» тактикамен шықпайды. Ұйымдық мәселелер жөніндегі оппортунистер Мартов жолдас пен Аксельрод жолдас та, тікелей ұсыныс жасала тұрса да, әлі ешбір анық принциптік, «устав жолымен берки алатын» тезистер берген жоқ; бұлар да біздің ұйымдық уставымызға «түбірінен реформа жасауды» тілер еді, сөз жоқ тілер еді («Искра» № 58, 2-бет, 3-бағана), бірақ олар әуелі «ұйымның жалпы мәселелерін» қолға алуды артық көрер еді (өйткені, I-параграфы бола тұрса да тегінде централистік уставымызға шындап түбірінен реформа жасау, жаңа «Искраның» рухында жасалған болып, сөзсіз автономизмге апарар еді, ал Мартов жолдас өзінің автономизмге бет алған *принциптік* тенденциясын, әрине, тіпті өз алдында да мойындағысы келмейді). Сондықтан бұлардың ұйымдық мәселе жөніндегі «принциптік» позициясы кемпірқосақтың түстеріндегі кұбылады: самодержавие мен бюрократизм туралы, көз жұмып көне берушілік туралы, винттер мен тегершіктер туралы ышқынып шығатын сәбилік декламациялардың салмағы күшті, — бұлардың сәбилік декламациялар екендігі сонша — олардың ішінен шын принциптік мағнаны шын қооптациялық мағнадан айыру өте-мөте қыйын. Ал — орманға кірген сайын отынға молығасың; сүйкімсіз «бюрократизмді» талдау және дәл анықтау әрекеті сөзсіз автономизмге сүйрейді, «тереңдету» және дәлелдеу әрекеті мешеулікті ақтауға, кұйыршықтыққа, жирондистік бос сөздерге сөзсіз жеткізеді. Ақырында, жалғыз шын айқын, сондықтан практика жүзінде ерекше ашық көрінетін (практика әрдайым теориядан алда болады) принцип ретінде *анархизм* принципі келіп шығады. Тәртіпті сықақ ету — автономизм — анархизм, — міне біздің ұйымдық оппортунизмнің басқыштан басқышқа секіріп, өзінің принциптерін қандай болса да анық түрде тұжырымдаудан шебер бұлтарып,

біресе төмен түсетін, біресе жоғары шығатын сатысымағы осы*. Программа мен тактика мәселелеріндегі оппортунизмде де дәл осындай басқалдақ байқалады: «ортодоксияны», правоға сенушілікті, өрісі тарлықты және мызғымаушылықты сықақ ету — ревизионистік «сын» мен министрализм — буржуазиялық демократия.

Қазіргі замандағы оппортунистердің бәрінің, әсіресе біздегі азшылықтың барлық жазбаларында естілетін тынымсыз, ыңырсыған *өкпелеу* үні тәртіпті сүймеушілікке психологиялық жағынан нық байланысты. Қудалайсындар, қысасындар, тықсырасындар, қамайсындар, мұқатасындар, деседі. Бұл сөзсымақтыларда психологиялық және саясаттық шындық көп, мұқаушылар мен мұқатушылар жөніндегі сүйкімді, тауып айтылған әзілдің авторының ойлағанынан анағұрлым көп. Шынында, біздің партия съезінің протоколдарын алып қарасаңыз, — азшылықтың кілең өкпелілер, барлығы бір кезде, бір нәрсе үшін революцияшыл социал-демократияға өкпелегендер

* Кімде-кім 1-параграф туралы жарыссөзді есіне түсірсе, Мартов жолдас пен Аксельрод жолдастың 1-параграф жөніндегі қателері дамып, тереңдей келе ұйымдық оппортунизмге қайтсе де жеткізетініне енді көзі жетеді. Мартов жолдастың негізгі идеясы — өзін-өзі партияға ендіру — бұл дәл жалған «демократизм», партияны төменнен жоғары қарай құру идеясы. Ал, менің идеямның «бюрократтық» мағнасы — партия жоғарыдан төмен қарай, партия съезінен бастап, жеке партия ұйымдарына қарай құрылады. Сөйтіп, буржуазияшыл интеллигенттің психологиясы да, анархистік бос сөздер де, оппортунистік, құйыршықтық терең ойлылық та, — осының бәрі де 1-параграф туралы жарыссөзде-ақ белгіленген. Мартов жолдас «Қыйлы жағдайда» (20-бет) жаңа «Искрада» «басталған ой жұмысы» туралы айтады. Аксельрод екеуінің 1-параграфтан бастап, шынында ойды жаңа бағытпен қозғаулары жөнінде алсақ, бұл дұрыс. Бәле тек бұл бағыттың оппортунистік бағыт болуында. Олар бұл бағытпен неғұрлым ілгерілете «жұмыс істесе», бұл жұмыс кооптациялық дау-жанжалдардан неғұрлым таза болса, соғұрлым терең батпаққа бата береді. Плеханов жолдас мұны партия съезінде-ақ анық көрді, сондықтан «Нені істемеу керек?» деген мақаласында оларды екінші рет сактандырып: мен сіздерді кооптациялауға да дайынмын, сіздер тек оппортунизм мен анархизмге апаратын осынау жолмен жүрмеңіздер, деді. Мартов пен Аксельрод бұл жақсы кеңесті тыңдамады: қалай? жүрмегені несі? кооптация тек дау-жанжал деген Лениннің сөзіне көнгеніміз бе? Мұны ешуақытта істемейміз! Біз оған өзіміздің принципті адамдар екенімізді көрсетеміз! десті. Көрсетті де. Олардың жаңа принциптері бар болса, бұл принциптердің оппортунизм принциптері екенін олар жұрттың бәріне айқын көрсетті.

екенін көресіз. Мұнда съезден кетіп қаларлық халге түсіп бізге қатты өкпелеген бундшылдар мен рабочеделошылдар да бар, мұнда жалпы ұйымдарды, оның ішінде олардың өз ұйымын жойғанға өлердей өкпелеген южно-рабочийшілдер де бар, мұнда әрбір сөз алған сайын өкпелеген Махов жолдас та бар (өйткені ол сөйлеген сайын масқара болып қалатын), ақырында, мұнда уставтың 1-параграфына бола «оппортунизмге салыну жөнінде жаладан тағылған айыпқа» және сайлауда жеңіліп қалғанына өкпелеген Мартов жолдас пен Аксельрод жолдас та бар. Мұндай қатты өкпелеудің бәрі бұл күнге дейін өте көп филистерлер ойлағандай орынсыз ащы тілдің, о жар мінездердің, жан таласқан айтыстың, есікті тарс ұрудың, жұдырық көрсетудің кездейсоқ нәтижесі емес, «Искраның» үш жыл ұдайы жүргізген бүкіл идеялық жұмысының сөзсіз саяси нәтижесі болды. Егер біз осы үш жылдың ішінде кұр мылжындыкка салынбай, іске айналуға тиісті пікірлерді айтып жүрген болсақ, онда съезде антиискрашылдармен және «батпакпен» күреспеске амалымыз болмады. Ал біз ашықтан-ашық, алдыңғы қатарда жүріп алысқан Мартов жолдаспен бірге мұншама жұртты тым артық өкпелеткенімізде, — өкпені шектен асыру үшін, бізге Аксельрод жолдас пен Мартов жолдасты азғантай ғана, сәл-сәл ғана өкпелету қалып еді. Сан сапаға айналды. Бекерге шығаруды бекерге шығару болып шықты. Барлық өкпелегендер өз араларындағы өкпелерін ұмытты, бірімен бірі еңіреп кұшақтасып көрісті, сөйтіп «ленинизмге қарсы көтеріліс»* туын көтерді.

Алдыңғы қатарлы элементтер реакцияшыл элементтерге қарсы көтерілген болса, көтеріліс деген өте тамаша нәрсе. Революциялық қанат оппортунистік қанатқа қарсы көтерілсе, бұл жақсы. Оппортунистік қанат революциялық қанатқа қарсы көтерілсе, ол жаман.

Плеханов жолдасқа осы жаман іске, былайша айтқанда, соғыс плені есебінде қатысуға тура келеді. Ол, «көп-

* Бұл ғажап сөздің несі Мартов жолдас («Қыйлы жағдай», 68-бет). Жалғыз маған қарсы «көтеріліс» жасау үшін Мартов жолдас бір өзінің бесеу болатын уақытына жетті. Мартов жолдас шебер айтыса алмайды: ол өзінің дұшпанын аса зор мақтау арқылы жоқ қылғысы келеді.

шіліктің» пайдасына жазылған анау-мынау қарардың авторларының кейбір үйлессіз сөздерін теріп алып, өзінің ашуын басуға тырысып: «Пақыр Ленин жолдас! Оның ортодоксияшыл жақтастары жақсы-ау!» деп кекетеді («Искра» № 63, қосымша).

Я, білесіз бе, Плеханов жолдас, егер мен пақыр болсам, жаңа «Искраның» редакциясы әлден-ақ мүлде қайыршылыққа түсті. Мен қанша пақыр болсам да, көзімді жұмып, партия съезіне қарамай, өзімнің тапқырлығымды шынықтыру үшін материалды комитетшілдердің қарарларынан іздерлік жүрдай қайыршылық дәрежесіне жеткенім жоқ. Мен қанша пақыр болсам да, анау-мынау үйлессіз сөздерді әдейі айтатын, ал барлық мәселелер жөнінде, ұйымдық мәселелер жөнінде де, тактикалық мәселелер жөнінде де, программалық мәселелер жөнінде де, революциялық социал-демократияның принциптеріне қарсы принциптерді мелшиіп берік ұстайтын жақтастары барлардан мың есе байырақпын. Мен қаншама пақыр болсам да, ондай жақтастардың маған тартатын мақтауларын *жүрттан жасыратын* дәрежеге жеткенім жоқ. Ал жаңа «Искра» редакциясының осыны істеуіне тура келіп отыр.

Я, оқушы, сіз Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының Воронеж Комитетінің не екенін білесіз бе? Егер сіз мұны білмесеңіз, онда партия съезінің протоколдарын оқыңыз. Сіз одан бұл комитеттің бағытын Акимов жолдас пен Брукэр жолдастың толық қостайтынын білесіз; олар съезде бүкіл мәселелер жөнінен партияның революциялық қанатына қарсы күрескен және оларды жүрттың бәрі, Плеханов жолдастан бастап Попов жолдасқа дейін, әлденеше рет оппортунистердің қатарына қосқан. Міне осы Воронеж Комитеті өзінің январьдағы листогінде (№ 12, 1904 ж., январь) былай дейді:

«Біздің үздіксіз өсіп келе жатқан партиямызда өткен жылы партия үшін ірі және маңызды оқиға болды: РСДЖП-ның — оның ұйымдарының өкілдерінің — екінші съезі болды. Партия съезін шақыру өте күрделі жұмыс және монархиялық жағдайлар тұсына да өте қауіпті, қиын жұмыс, сондықтан да съезд шақыру жұмысының *өте жеткіліксіз түрде* орындалғандығы және съездің өзі, өте оиды өтсе де, партияның қойған тілектерін түгел қанағаттандырмағаны таңырқарлық нәрсе емес. 1902 жылғы конференцияның (кеңестің) тарапынан съезд шақыру ісі тапсырылған жолдастар

түткынға алынды, сондықтан съезді орыс социал-демократиясының бағы тек бір бағыттың — икралық бағыттың бөлген адамдары ғана жасады. Социал-демократтардың көп ұйымдары, икрашыл еместері, съезд жұмысына қатыстырылмады: бір жағынан соның есепінен — партияның программасы мен уставын жасап шығару жөніндегі съездің міндеттері өте жеткіліксіз орындалды; уставта «қауіпті шатақтар туғыза алатын» ірі кемшіліктердің бар екенін съезге қатысқандардың өздері де мойындап отыр. Съезде икрашылдардың өздері екі жікке бөлінді, сойтіп бұрын «Искра-ның» іс программасын бүтіндей қабыл алып жүрген, біздің РСДЖП-ның көптеген ірі қайраткерлері «Искрашы» көбінесе Ленин мен Плеханов жүргізін отырған бірталай көзқарастарын тұрмысқа үйлесімеіз деп таныды. Съезде Ленин мен Плеханов жеңсе де, практикалық өмірдің күші, икрашыл еместердің бәрі қолдап отырған нақты жұмыстың талаптары теоретиктердің қателерін тез түзетін, съезден кейін көрнекті түзетулер кіргізді. «Искра» қатты өзгерді және жалпы социал-демократия қайраткерлерінің тілектеріне назар салып құлақ қоюға уәде етіп отыр. Сонымен, съездің жұмыстары, келесі съезде қайта қаралатын болса да, қанағаттандырарлықтай бөлініп шықпағаны съезге қатысқандардың өздеріне де айқын болса да, сондықтан бұлжымайтын қаулылар есебінде партия ішіне тарай алмайтын болса да, съезд партиядағы істердің жайын ашық көрсетті, партияның ілгерідегі теориялық және ұйымдық жұмысына көп материал берді және жалпы партия жұмысқа үйлесімеіз деп таныды. Съезде Ленин мен Плеханов жеңсе өның жасаған уставын барлық ұйымдар еске алады, бірақ, олардың жеткіліксіздігі айқын болуы себепті, көп ұйымдар тек соларды ғана қолданудан тоқтала тұрады.

Воронеж Комитеті, жалпы партиялық жұмыстың бүкіл маңызын толық түсініп, съезді ұйымдастырудың барлық мәселелеріне тезінен көңіл бөлді. Ол съезде болған істің бүкіл маңызын түсінеді. Орталық Орган (бас орган) болған «Искрадағы» бұрылысты құттықтайды. Партия мен Орталық Комитеттегі іс жайы әлі қанағаттандырмайды, бірақ партияны ұйымдастыру жөніндегі қыйын жұмыс біріккен күш арқылы жақсарады деп сенеміз. Воронеж Комитеті партиядан шығады екен деген өтірік хабар тарағандықтан, Воронеж Комитеті жолдастарға бұл туралы тіпті сөз де болмауы керек екенін білдіреді. Воронеж Комитеті сыяқты жұмысшы ұйымының РСДЖП-дан шығуы басқаға қауіпті прецедент (үлгі) болатынын, мұның партияға кінә болатынын, мұндай үлгіге еруі мүмкін жұмысшы ұйымдарына мұның тиімеіз болатынын Воронеж Комитеті өте жақсы түсінеді. Бізге жаңадан жіктеуді жасау керек емес, қайта барлық еаналы жұмысшылар мен социалистерді бір партияға біріктіруге аянбай ұмтылу керек. Оның үстіне екінші съезд құрылмай съезі болған жоқ, кезекті съезд болды.

Партиядан шығару партия сотының қаулысымен ғана болады, қандай ұйымның бояса да, тіпті Орталық Комитеттің өзінің де, белгілібір социал-демократиялық ұйымды партиядан шығарып тастауға правосы жоқ. Ол бол ма, екінші съезде алынған уставтың сегізінші параграфы бойынша әрбір ұйым өзінің жергілікті істерінде автономиялы (өз алдына ерікті), сондықтан *Воронеж Комитеті өзінің ұйымдық көзқарастарын тұрмыс жүзінде, партия ішінде жүргізуге толық правосы*».

Жаңа «Искраның» редакциясы 61-номерде осы листокке сүйеніп, жоғарыда келтірілген тираданың ірі әріппен терілген екінші бөлімін көшіріп басқан; ал ұсақ әріппен терілген бірінші бөлімін редакция *тастап кетуді артық санаған*.

Уялған ғой.

с) ДИАЛЕКТИКА ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ. ЕКІ ТӨҢКЕРІС

Біздің партия дағдарысының дамуына жалпы көз салсақ, біз күресуші екі жақтың негізгі құрамы барлық уақытта дерлік бір қалыпты болып отырғанын оп-оңай көреміз. Бұл күрес партиямыздың революциялық қанаты мен опортунистік қанатының күресі еді. Бірақ бұл күрес әртүрлі кезендерден өтті; бұл кезендердің әрқайсысының ерекшеліктерімен дәл таныс болу жыйналған көп әдебиетке, толып жатқан үзінді сөздерге, ала салынған цитаттарға, жеке кінәлаушылықтарға, тағысын-тағы сондайларға түсінгісі келген әрбір кісіге кажет-ақ.

Бір бірінен айырмасы зор басты-басты кезендерді атап өтейік: 1) уставтың 1-параграфы туралы талас. Ұйымның негізгі принциптері туралы таза идеялық күрес. Біз Плехановпен бірге азшылықта болдық. Мартов пен Аксельрод опортунистік тұжырымды ұсынды және опортунистердің құшағында қалды. 2) Орталық Комитетке кандидаттар тізімін көрсету мәселесі туралы «Искра» ұйымының жіктелуі: Фомин яки Васильев бестікте, Троцкий яки Травинский үштікте болды. Біз Плехановпен бірге көпшілікті қаратып алдық (тоғыз жетіге қарсы), — мұның бір себебі 1-параграф жөнінде біздің азшылықта болғандығымыз. Мартовтың опортунистермен коалиция жасауы іс жүзінде менің Ұйымдастыру Коми-

теті жөніндегі жанжалдан туған барлық қауіптерімізді растады. 3) Уставтың ескей-терскейі туралы тағасын жалғасы. Мартовты тағыда оппортунистер аман алып қалды. Біз тағы азшылықта қалып, орталық орындардағы азшылықтың правосын көрсеттік. 4) Барып тұрған оппортунистердің жетеуі съезден шығып кетті. Біз көпшілік болып шығып, сайлауда коалицияны (азшылық искрашыларды, «батпақты», антиискрашыларды) жеңдік. Мартов пен Попов біздің үніміздеріміздегі орындардан бас тартты. 5) Кооптация жөнінде съезден кейін болған дау-жанжал. Анархистік мінездер мен анархистік бос сөздердің күшеюі. «Азшылық» ішіндегі ұстандылығы, тұрақтылығы ең аз элементтер күш алды. 6) Плеханов, жіктелу болмасын деп, «kill with kindness» саясатына көшті. «Азшылық» Орталық Органның редакциясы мен Советті қолына алды және барлық күштің салып Орталық Комитетке қарсы шабуыл жасады. Барлық істе дау-жанжал үдей түсті. 7) Орталық Комитетке қарсы жасалған бірінші шабуылдың беті қайтарылды. Дау-жанжал аздап бәсеңдей бастаған тәрізді болды. Партияны тереңнен толқытатын, таза идеялық мынадан екі мәселені жайшылықпен талқылауға мүмкіндік туды: а) біздің партиямыздың екінші съезде «көпшілік», «азшылық» болып екіге бөлініп, бұл бөлінудің барлық бұрынғы бөлінулердің орнын басуының саяси мәні қандай және оның себебі қалай? б) ұйымдық мәселе жөнінде жаңа «Искраның» жаңа позициясының принциптік мәні қалай?

Бұл кезеңдердің әрқайсысы күрестің маңызды айырмасы бар жағдайымен және шабуылдың тікелей мақсатымен сыйпатталады; әрбір кезең, былайша айтқанда, жалпы соғыс жорығындағы бөлек бір ұрыс сияқты. Әрбір ұрыстың нақты жағдайын зерттемей, біздің күресімізден ешнәрсе түсініп болмайды. Мұны зерттесек, дамудың шынында диалектика жолымен бара жатқанын, қайшылықтар жолымен бара жатқанын анық көреміз: азшылық көпшілікке, көпшілік азшылыққа айналды; екі жақ қорғаныстан шабуылға, шабуылдан қорғанысқа көшті; идеялық күрестің бастама пункті (§ 1) «бекерге шығарылды»; оның орнын дүниені толтыратын дау-жан-

жал* алды, бірақ бұдан кейін «бекерге шығаруды бекерге шығару» басталды, сөйтіп біз түрлі орталықтарда кұдай қосқан қосағымызбен әрең «күйіркелесіп», таза идеялық күрестің бастама пунктіне қайттық, бірақ бұл «тезис» енді «антитезистің» барлық нәтижелерімен толықты және жоғары дәрежелі синтезиске айналды, — енді I-параграф жөніндегі дара, кездейсоқ қате ұйымдық мәселе жөніндегі оппортунистік көзқарастардың quasi-системасына ұласты, бұл құбылыстың біздің партияның революциялық қанат пен оппортунистік қанатқа бөлінуімен байланысы бүкіл жұрт алдында бірден бірге анық көріне бастады. Қысқасы, тек сұлы ғана Гегель жолымен өсіп қоймайды, орыс социал-демократтары да бірімен бірі Гегель жолымен соғысады.

Бірақ гегельдік ұлы диалектиканы, марксизм аяғынан тік қойып түзеп алған диалектиканы, партияның революциялық қанатынан оппортунистік қанатына ұшып түсіп жүрген саяси қайраткерлердің бұлталақтауларын ақтаудың дәрекі әдісімен ешуақытта шатастырмау керек, біртұтас процестің түрлі кезеңдеріндегі дамудың жеке жерлерін, жеке моменттерін бір топ қылып қосатын дәрекі әдетпен шатастырмау керек. Шын диалектика жеке адамның қателерін ақтамайды, қайта болмай қоймайтын бұрылыстарды зерттейді, олардың болмай қоймайтынын дамудың бүкіл нақтылығын толық зерттеу арқылы дәлелдейді. Диалектиканың негізгі ережесі: дерексіз ақыйқат жоқ, ақыйқат әрдайым нақты... Тағыда бұл гегельдік ұлы диалектиканы итальяндардың: *mettere la coda dove non va il capo* (бас сыймаса, күйрық тық) деген мәтеліндегідей отбасындық ақылғөйлікпен шатастырмау керек.

Біздің партия күресінің диалектикалық дамуының қортындысы екі төңкеріске тіреледі. «Тағыда азшылықта» дегенінде Мартов жолдастың әділ айтқанындай, партия съезі шын төңкеріс болды. Азшылықтың кейбір сөз тапқыштарының: дүние революциялармен қозғалады,

* Дау-жанжал мен принциптік ажырасудың айырмасын көрсету туралы қыйын мәселе енді өзінен-өзі шешіледі: кооптацияға жататын нәрсенің бәрі — дау-жанжал; съездегі күреске анализ жатсауға, I-параграф туралы, оппортунизм мен анархизмге қарай бұрылу туралы таластарға жататын нәрсенің бәрі — принциптік ажырасу.

міне сондықтан біз революция жасадық! деп айтқандары да дұрыс. Олар шынында да съезден кейін революция жасады; жалпы айтқанда, дүниенің революциялармен қозғалатыны да рас. Бірақ әрбір нақты революцияның нақты мәні мұндай жалпы нақылмен ашылмайды: ұмытылмайтын Махов жолдастың ұмытылмайтын сөздерін өзгертіп айтқанда, реакция тәрізді революциялар да болады. Қандай да болса бір нақты революцияның «дүниені» (біздің партияны) ілгері я кейін қозғағанын анықтау үшін, — төңкеріс жасаған реалдық күш партияның революциялық қанаты ма, әлде оппортунистік қанаты ма, соны білу керек, күрескерлерді жігерлендірген революциялық принциптер ме, әлде оппортунистік принциптер ме, соны білу керек.

Біздің партия съезі орыс революциялық қозғалысының бүкіл тарихында жалғыз, бұрын ешкім көрмеген құбылыс болды. Конспирациялық революцияшыл партия өмірінде бірінші рет астыртын жұмыс түнегінен жарық дүниеге шыға алды, біздің партиялық ішкі күресіміздің бүкіл өрісін, тынымын, біздің партияның және оның азды-көпті елеулі әрбір бөлімінің программа, тактика, ұйым мәселелері жөніндегі бүкіл пішінін жұрттың бәріне, әркімге де толық көрсетті. Біз ең бірінші рет үйірмелік берекесіздік пен революциялық обывательдік дәстірлерінен кутыла алдық, нағыз әртүрлі, көбіне бірімен бірі өлгенше жауласқан, тек қана идея күшімен байланысқан, бүкіл топтық ерекшелігін, топтық дербестігін ұлы іс үшін, біз бірінші рет іс жүзінде жасап отырған іс үшін; партия үшін құрбан етуге дайын тұрған (принципте дайын тұрған) ондаған топтарды жыйнап біріктіре алдық. Бірақ саясатта құрбандық босқа берілмейді, ұрыспен алынады. Ұйымдарды өлімші қылу ұрысы лажсыз сұрапыл қатты болып шықты. Ашық еркін күрестің самал желі күйіңге айналды. Бұл күйін барлық үйірмешілдік мүдделердің, сезімдердің, дәстірлердің әртүрлі қалдықтарын ұшырып жіберіп, — ұшырғаны әсем де болды! — ең бірінші рет шын партиялық лауазымды коллегиялар жасады.

Бірақ аталу бір басқа да, болу бір басқа. Принцип жүзінде партияның пайдасы үшін үйірмешілдікті құрбан қылу бір басқа да, өз үйірмеңнен қол үзу бір басқа.

Сасық обывательдікке үйренгендерге самал жел әлі тым самал болып тиді. Өзінің «Тағы да азшылықта» дегенінде Мартов жолдастың әділ айтқанындай (байқаусызда әділ айтқанындай), «партия өзінің бірінші конгресін көтере алмады». Ұйымдарды өлімші қылуға өкпелеу аса күшті болды. Дауылды күйін партия дариясының түбіндегі бүкіл лайды шығарды, және бұл лай басым болып шықты. Буыны қатпаған жас партияшылдықты кұрысып жатқан ескі үйірмешілдік жеңіп шықты. Партияның сілейте қыйратылған оппортунистік қанаты Акимовтың кездейсоқ олжасымен әлденіп, революциялық қанатты жеңді, — әрине, уақытша жеңді.

Қортындысында партия съезінде редакторлары жасаған қатені амалсыздан дамытқан, терендеткен жаңа «Искра» пайда болды. Бұрынғы «Искра» революциялық күрестің шындықтарын үйретті. Жаңа «Искра» отбасындық ақылгөйлікті: көну, сыйысу әдетін үйретіп отыр. Бұрынғы «Искра» жауынгер ортодоксияның органы еді. Жаңа «Искра» бізге — әсіресе, ұйымдық мәселелерде — оппортунизмнің сілімтігін көлденең тартып отыр. Бұрынғы «Искра» орыс оппортунистеріне де, батыс-европалық оппортунистерге де жек көрінішті болды, бірақ бұл оған кұрметті атақ еді. Жаңа «Искраның» «ақылы кірді» және барып тұрған оппортунистердің оны есілте мақтауынан кешікпей ұялмайтын да болар. Бұрынғы «Искра» бұлтармастан, өз мақсатына қарай ұмтылып келді, және оның сөзі мен ісі бір жерден шығып отырды. Жаңа «Искраның» позициясының ішкі жалғандығы — ешкімнің еркіне, сана-сезіміне ешбір байланысыз — саяси екіжүзділікті туғызады. Ол, үйірмешілдіктің партияшылдықты жеңгенін бүркеу ниетімен, үйірмешілдікке қарсы айқайлайды. Ол, азды-көпті ұйымдасқан азды-көпті партияда азшылықтың көпшілікке бағынуынан басқа жіктелуге қарсы бөтен бір шара бар деп түсіну мүмкін болатындай, — жіктелуді фарисейлікпен сөгеді. Ол революциялық жұртшылық пікірімен санасу керек дегенді айтады және, Акимовтардың мақтағанын жарсырып, партияның революциялық қанатының комитеттері туралы ұсақ өсек-аяң жүргізеді*. Бұл не деген мас-

* Бұл сүйкімді жұмыс үшін әлден-ақ стереотиптік форма жасалды: біздің Х деген өз тілшіміз Y деген көпшілік комитеті тура-

кара! Біздің бұрынғы «Искраны» олар қандай масқара-лады!

Бір адым ілгері, екі адым кейін... Бұл жеке адамның өмірінде де, ұлттардың тарихында да, партиялардың дамуында да болады. Революциялық социал-демократияның, пролетарлық ұйымының және партиялық тәртіптің принциптерінің сөзсіз, толық жеңетініне бір минут болса да күмәндану барып тұрған қылмысты қорқақтық болар еді. Біз өте көп табысқа жеттік, біз бұдан былай да, жолымыз болмағанда еңсені түсірмей, күресе беруге тиіспіз, ұстамды түрде күресуге тиіспіз, сөйтіп жанжалдың обывательдік әдістерін аластай отыруымыз керек, Россияның барлық социал-демократтарының ірі еңбекпен жасалған тұтас партиялық байланысын қолдан келгенше сақтауымыз керек, қажырлы, үздіксіз еңбек арқылы партияның барлық мүшелерін, әсіресе жұмысшыларды партиялық міндеттермен, партияның II съезіндегі күреспен, біздің ажырасуымыздың барлық себептерімен, реттерімен, оппортунизмнің бүкіл залалдығымен толық және саналы түрде таныстыра отыруымыз керек; ал оппортунизм біздің программа мен біздің тактика жөніндегідей, ұйымдық істер жөнінде де буржуазиялық психологиядан тайсалып қаймығады, буржуазиялық демократияның көзқарасын талғамай қабыл алатын, пролетариаттың таптық күресінің құралын топастандырады.

Пролетариаттың өкімет жолындағы күресте ұйымнан басқа құралы жоқ. Буржуазия дүниесіндегі анархиялық бәсеке арқылы бытыраған, капиталға еріксіз еңбек етуі арқылы жаншылған, әрдайым барып тұрған қайыршылықтың, тағыланудың және азғындаудың «түбіне» тасталып тұрған пролетариат жеңілмейтін күш бола алады, сөзсіз болады, себебі оның марксизм принциптері арқылы идеялық бірігуі миллиондаған еңбекшілерді жұмысшы табының армиясы етіп топтастыратын ұйымның материалдық бірлігімен бекиді. Бұл армияға шіріп біткен орыс самодержавияның өкіметі де, шіруге айналған халықаралық капитал өкіметі де қарсы тұра алмайды. Бұл армия, ешқандай бұраң жолдарға және кері адымдарға қарамастан, кәзіргі замандағы социал-демокра-

лы — ол азшылықтағы Z жолдасқа жаман жасады, деп хабарлап отыр.

тияның жирондистерінің оппортунистік бос сөздеріне қарамастан, артта қалған үйірмешілдікті мәз болып мақтауға қарамастан, *интеллигенттік* анархизмнің әдемі көрінісі мен даурыққан шуына қарамастан, өзінің қатарларын бірден-бірге нығайта түседі.

Қосымша

ГУСЕВ ЖОЛДАС ПЕН ДЕЙЧ ЖОЛДАСТЫҢ АРАСЫНДАҒЫ
ЖАНЖАЛ

Мартов жолдас пен Старовер жолдастың і параграфындағы текстіде келтірілген хатында айтылған «жалған» (Мартов жолдастың сөзінше) тізім дегенмен күшті байланысты болған бұл жанжалдың мәні мынадай. Гусев жолдас Павлович жолдасқа: Штейн, Егоров, Попов, Троцкий, Фомин жолдастар енгізілген бұл тізімді оған, Гусевке, Дейч жолдастың бергенін айтқан (Павлович жолдастың «Хатының» 12-беті). Дейч жолдас мұндай мәлімдеме үшін Гусев жолдасты «қасақана жала жапты» деп айыптады, ал жолдастық аралық сот Гусев жолдастың «мәлімдемесін» «теріс» деп тапты («Искраның» 62-номерінде басылған соттың қарарын қараңыз). «Искраның» редакциясы соттың қарарын басып шығарғаннан кейін, Мартов жолдас (бұл енді редакция емес) «Жолдастық аралық соттың қарары» деген ат қойып, бөлек листок шығарды; бұл листокте тек соттың толық қарарын ғана емес, оның үстіне істің басынан аяғына дейін қаралуы туралы толық есепті, оған қосып *өзінің соңғы сөзін* басып шығарды. Айтқандайын, бұл соңғы сөзінде Мартов жолдас «фракциялық күрестің мүддесі үшін жалған тізім жасау фактысын» «масқарашылық» деп атайды. Ол листокке жауап ретінде II съездің делегаттары Лядов жолдас пен Горин жолдас «Аралық соттағы төртінші адам» деген листок шығарды; мұнда олар, сот қасақана жала жапқандық бар деп таппай, тек Гусев жолдастың мәлімдемесін дұрыс емес деп қана қаулы шығарып отырғанда, «Мартов жолдастың Гусев жолдасты жаман ниетте болды деп айыптап, соттың қарарынан асып түскеніне қатты қарсылық білдірді». Горин жол-

дас пен Лядов жолдас Гусев жолдастың мәлімдемесі тіпті табиғи қатеден тууы мүмкін болғанын толық түсіндірді және, Гусев жолдасты жаман ниетте деп беталды айыптап өзі бірталай қате мәлімдемелер жасаған (және өзінің листогінде осындай қателер жасап отырған) Мартов жолдастың қылығын «лайықсыз» қылық деп сыйпаттады. Бұл жерде тіпті жаман ниеттің болуы да мүмкін емес, деді олар. Қателеспесем, бұл мәселе жөніндегі «әдебиеттің» бәрі осы; бұл мәселенің түсіндірілуіне жәрдемдесуді мен өзімнің борышым деп санаймын.

Ең алдымен, оқушы бұл тізімнің (Орталық Комитетке ұсынылған кандидаттар тізімінің) қай уақытта және қандай жағдайда жасалғаны өзі толық түсініп алатын болу керек. Менің текстіде айтқанымдай, съезде «Искра» ұйымы Орталық Комитетке ұсынылатын кандидаттардың тізімі жөнінде кеңесті; «Искра» ұйымы бұл тізімді бірауыздан съезге ұсына алатын еді. Кеңес ажырасумен тарқады; «Искра» ұйымының көпшілігі Травинский, Глебов, Васильев, Попов, Троцкий енгізілетін тізімді қабылдады, бірақ азшылық бұған көңісі келмей, Травинский, Глебов, Фомин, Попов, Троцкий енгізілетін тізімді қабылдауды талап етті. «Искра» ұйымының екі бөлімінің екеуі де, сол тізімдер ұсынылған және дауысқа салынған жыйналыстан кейінгі жерде, бас қосып бірге жыйналыс жасаған жоқ. Ұйымның екі бөлімінің екеуі де, өздерін ажырастырып отырған даулы мәселені бүкіл партия съезінде дауысқа салып шешпек болып және неғұрлым көп делегатты әрқайсысы өз жағына тартуға тырысып, съезде еркін үгіт жүргізді. Съездегі бұл еркін үгіт текстіде мен толық талдаған саяси фактыны, атап айтқанда: бізді жеңу үшін, искрашылдар азшылығының (Мартов бастаған азшылықтың) «центрге» (батпаққа) және антиискрашылдарға сүйенуі қажет болғанын бірден-ақ ашып берді. Мұның өзі қажет болды, өйткені антиискрашылдар мен «центрдің» тегеурініне төтеп беріп, «Искраның» программасын, тактикасын және ұйымдық жоспарларын дәйектілікпен қорғаған делегаттардың аса көпшілігі өте тез және өте күшті табандылықпен біздің жаққа шықты. Антиискрашылдарға да, «центрге» де қосылмаған 33 делегаттың (дұрысырағы: дауыстың) ішінен 24 делегатты біз тез арада өз жағымызға қара-

тып алып, олармен «тікелей келісім» жасадық, «жыйнақы көпшілік» кұрдық. Ал Мартов жолдас барлығы тоғыз дауыспен калып қойды; бізді жеңу үшін оған антиискрашылдар мен «центрдің» барлық дауыстарын алу керек болды, ол бұл топтармен бірге бола алатын еді (уставтың 1-параграфы жөніндегідей), «коалиция» жасай алатын еді, яғни олардың жәрдеміне сүйене алатын еді, бірақ олармен тікелей келісім жасай алмады, жасай алмаған себебі — ол бұл топтарға қарсы бүкіл съезд бойына бізден кем күрескен жоқ. Мартов жолдастың жайының қайғылы-күлкілі болуының мәні міне осында! Өзінің «Қыйлы жағдайында»: «съезде «Южный рабочий» кімге жат болды? деген сұраққа Ленин жолдастың тура жауап беруін кішілікпен өтінеміз» (23-беттегі ескерту) деген зәрлі сұрақ қойып, Мартов жолдас мені мұқатпақ болады. Кішілікпен тура жауап беремін: Мартов жолдасқа жат болды. Оған дәлел: мен искрашылдармен өте тез тікелей келісім жасадым, ал Мартов жолдас «Южный рабочиймен» де, Махов жолдаспен де, Брукэр жолдаспен де тікелей келісім жасаған жоқ, жасай алмайтын да еді.

Тек осы саяси жағдайды анықтап алғаннан кейін ғана, атышулы «жалған» тізім туралы дінкеге тиген мәселенің «түйіні» неде екенін түсінуге болады. Істің нақты жайын байқап қараңыз: «Искра» ұйымы екіге жіктелді, сондықтан біз өзіміздің тізімімізді жақтап, съезде еркін үгіт жүргіздік. Толып жатқан жеке жәй әңгімелерде тізімді жақтағанда бұл тізімдер жүз түрге салынды, бестік орнына үштік белгіленді, бір кандидаттың орнына екінші кандидат енгізу туралы түрліше ұсыныстар жасалды. Мәселен, көпшіліктің жәй әңгімелерінде Русов, Осипов, Павлович, Дедов⁸⁵ жолдастардың кандидатуралары ұсынылғаны және талқыға салып, даулақаннан кейін бұл кандидатуралардың қабылданбағаны жақсы есімде. Маған мәлім емес басқа кандидатуралар да ұсынылған шығар, бұл өте ықтыымал. Әңгіме кезінде съездің әрбір делегаты өзінің пікірін айтты, түзетулер ұсынды, таласты, т. т. Мұндай іс тек көпшіліктің арасында ғана болды, деп ойлау аса қыйын нәрсе. Азшылық арасында да дәл осындай болғаны тіпті күмәнсіз, өйткені олардың алғашқы бестігі (Попов, Троцкий, Фомин, Глебов, Травинский) орнына кейін үштік: Гле-

бов, Троцкий, Попов ұсынылғанын біз Мартов жолдас пен Старовер жолдастың хатынан көрдік, бұл үштікті ұсынғанда Глебов оларға ұнамады, сондықтан олар Глебовтың орнына Фоминді енгізе қойды (Лядов жолдас пен Горин жолдастың листогін қараңыз). Кітапшаның текстінде мен делегаттарды топ-топқа бөлгенде, бұл топтарды *post factum** жасалған анализ негізінде жіктегенімді ұмытпау керек: шынында, сайлау алдындағы үгіт кезінде бұл топтар тек жаңа ғана белгілене бастаған еді, сондықтан делегаттар арасында пікір алысу мүлде еркін болды; біздің арамызда ешқандай «камал» болған жоқ, сондықтан әрбір адам, қандай делегатпен жәй сөйлескісі келсе, онымен еркін сөйлесті. Мұндай жағдайда, түрліше комбинациялардың және тізімдердің ішінде, «Искра» ұйымының азшылығының тізімімен (Попов, Троцкий, Фомин, Глебов, Травинский) қатар, одан онша көп өзгешелігі жоқ тізім: Попов, Троцкий, Фомин, Штейн, Егоров енгізілген тізім туғанына ешбір тандануға болмайды. Кандидаттардың мұндай комбинациясының тууы өте табиғи нәрсе, өйткені біздің кандидаттар, Глебов пен Травинский, «Искра» ұйымының азшылығына көре көзге ұнамады (і параграфының текстіндегі олардың хатын қараңыз, бұл хатта олар Травинскийді үштіктен шығарған, ал Глебов жөнінде турасынан: бұл — компромисс деген). Глебов пен Травинскийдің орнына Ұйымдастыру Комитетінің мүшелері, Штейн мен Егоровтың енгізілуі тіпті табиғи нәрсе болды, қайта, кандидаттарды мұндай ауыстыру идеясы партиялық азшылықтың делегаттары ішінен ешкімнің ойына келмесе, бұл танданарлық нәрсе болар еді.

Енді мына екі мәселені қарайық: 1) Егоров, Штейн, Попов, Троцкий, Фомин енгізілген тізім кімнен шықты? және 2) Мұндай тізімнің өзіне таңылғанына Мартов жолдас неге соншама қатты ашуланды? Бірінші сұраққа *дал* жауап беру үшін, бұл туралы съезд делегаттарының бәрінен сұрастырып шығу керек болар еді. Кәзір бұл мүмкін емес. «Искра» ұйымының жіктелуіне себеп болған тізімдер туралы съезде партиялық азшылықтың (оны «Искра» ұйымының азшылығымен шатастырмау керек) қандай делегаттары есітті екен? олар «Искра»

* — кейін. *Ред.*

ұйымының көпшілігі мен азшылығының бұл екі бөлек тізіміне қалай қарады екен? олар «Искра» ұйымының азшылығының тізіміне қажет болған өзгерістер енгізу туралы анау-мынау болжаулар мен пікірлерді ұсынбады ма екен, есітпеді ме екен, — әсіресе міне осыны анықтап алу қажет еді. Амал не, мұндай сұрақтар аралық сотта да қойылмаған болса керек; аралық сотқа (қарардың текстіне қарағанда) «Искра» ұйымының қандай «бестіктерге» бола айрылысқаны да белгісіз болып қалды. Мәселен, Белов жолдастың (мен оны «центрге» қостым) «жауабынша, оның Дейчпен жолдастық қатынасы жақсы болған, съездің жұмысы жөнінде қандай пікірде екенін Дейч оған айтып жүрген, ал егер Дейч белгілібір тізімді жақтап қандай да болса үгіт жүргізсе, онда ол бұл туралы Беловқа да айтқан болар еді». Дейч жолдас «Искра» ұйымының тізімдері жөнінде өзінің қандай пікірде екенін съезде Белов жолдасқа айтты ма екен? егер айтқан болса, онда Белов жолдас «Искра» ұйымының азшылығының бестік тізіміне қалай қарады екен? бұл тізімге анау-мынау қажетті өзгерістер енгізу туралы ұсыныс жасамады ма екен немесе есітпеді ме екен? — мұның анықталмай қалғанына қынжылмасқа болмайды. Осы жағдайдың анықталмағандығынан Белов жолдас пен Дейч жолдастың жауаптарындағы қайшылық — Горин жолдас пен Лядов жолдас көрсеткен қайшылық келіп шығады; атап айтқанда, Дейч жолдас, өз сөзіне өзі қарсы келіп, «Искра» ұйымы тарапынан ұсынылған «Орталық Комитеттің белгілібір кандидаттарын жақтап, үгіт жүргізді». Белов жолдастың мұнан кейінгі жауабына қарағанда, «съезде таралған тізім туралы ол жәй әңгімеден, съезд аяқталудан екі күн бұрын, Егоров, Попов жолдастармен және Харьков комитетінің делегаттарымен ұшырасқан кезде білген. Бұл әңгіме кезінде Егоров Орталық Комитетке ұсынылған кандидаттардың тізімінде өзінің аты болғанына танданатынын білдірген, өйткені оның, Егоровтың, пікірінше съездің делегаттары арасында, көпшіліктің арасында да, азшылықтың арасында да оның кандидатурасын қостаушылар болмаған болар еді». Бұл жерде, сірә, «Искра» ұйымының азшылығы туралы айтылған болса керек, мұның аса зор мәні бар, өйткені партия съезінің қалған азшылығы Ұйымдастыру Комитетінің мүшесі және «центрдің» көрнекті

шешені Егоров жолдастың кандидатурасын қостай алуы былай тұрсын, қостауға тиіс екені ықтығымал еді. Амал не, партиялық азшылықтың «Искра» ұйымында жоқ мүшелерінің қостайтыны немесе қостамайтыны туралы, дәл осы туралы Белов жолдас бізге ешнәрсе айтқан жоқ. Ал шынында дәл осы мәселе маңызды, өйткені Дейч жолдас бұл тізімді «Искра» ұйымының азшылық жағының тізімі дегенге қатты ашуланды, ал тізімнің бұл ұйымда жоқ азшылықтан шығуы да мүмкін еді!

Кандидаттардың мұндай комбинациясы туралы жорамалды ең әуелі кімнің айтқанын және біздің әрқайсымыздың бұл туралы кімнен есіткенімізді еске түсіру кәзіргі уақытта, әлбетте, өте қыйын. Мен, мәселен, тек мұны ғана емес, өзім атаған Русовтың, Дедовтың және басқаларының кандидатураларын көпшіліктің ішінен ең алдымен дәл кім ұсынғанын да еске түсіре алмаймын: кандидаттарды түрліше комбинациялау туралы толып жатқан әңгімелердің, жорамалдардың, лақап хабарлардың ішінен, «Искра» ұйымында немесе көпшіліктің жәй жыйналыстарында тікелей дауысқа қойылған «тізімдер» ғана есімде қалған. Бұл «тізімдер» көбінесе біреуден біреуге ауыз-екі айтылды («Искра» редакциясына хатымда», 4-бетте, төменнен 5-жолда мен «тізім» деп, жыйналыста өзім ұсынған бес кандидаттың комбинациясын, дәл соны атаған болатынмын), бірақ ылғый қағазға да жазылып, ол жазбалар, жалпы алғанда, съездің мәжілістері кезінде делегаттан делегатқа беріліп отыратын және, дағдыда, мәжілістен кейін жыртып тасталатын.

Бұл атышулы тізімнің қайдан шыққаны туралы анық мәлімет болмағандықтан, тек былай деп жорамалдау керек болады: не — бұл тізімдегі кандидаттардың мұндай комбинациясын партиялық азшылықтың «Искра» ұйымындағы азшылыққа белгісіз бір делегаты ұсынды, сөйтіп бұл комбинация ауызша және жазба түрде съездің делегаттарына таралды; не — бұл комбинацияны съезде «Искра» ұйымындағы азшылықтың бір мүшесі ұсынды, ол мұны кейіннен ұмытты. Меніңше соңғы жорамал дұрысырақ болса керек оның себебі: Штейн жолдастың кандидатурасын «Искра» ұйымындағы азшылықтың съезде-ақ қостағаны күмәнсіз (менің кітапшамның текстінен қараңыз), ал Егоров жолдастың кандидатурасы туралы идеяны бұл азшылықтың съезден кейін туғызға-

ны күмәнсіз (өйткені Лиганың съезінде де, «Қыйлы жардайда» да Ұйымдастыру Комитетін Орталық Комитет етіп бекітпегеніне қынжылғандық білдірілген, ал Егоров жолдас Ұйымдастыру Комитетінің мүшесі болды). Ұйымдастыру Комитетінің мүшелерін Орталық Комитеттің мүшелеріне айналдыру туралы анығында ауыздан-ауызға таралып жүрген мұндай идеяны жәй әңгімеде және партияның съезінде азшылықтың мүшелерінің бірі ұсынды, деп жорамалдау табиғи нәрсе емес пе?

Бірақ Мартов жолдас пен Дейч жолдас, табиғи түрде түсіндіру орнына, қалай да бір күйе жаққандық, алдағандық, арам ниет, «масқаралау мақсатымен көріне өтірік лақап» таратқандық, «фракциялық күрестің мүддесі үшін подделка жасағандық», т. т. тапқысы келді. Мұндай кеселді әрекетті тек — эмигранттық тұрмыстың нашар жағдайынан немесе жүкке тамырлардың нашарлауынан туған әрекет деп қана түсінуге болады, сондықтан, егер іс жолдастың намысына тиетін орынсыз іске апарып соқпаған болса, мен бұл мәселеге мүлде тоқталмаған да болар едім. Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы: теріс мәлімдемеден, теріс лақаптан күйе жаққандық, жаман ниет іздестіруге Дейч жолдас пен Мартов жолдастың қандай дәлелі бар еді? Олар өздерінің жаман қыялында — көпшілік оларды «масқаралағанда», азшылықтың саяси қатесін (I-параграф және оппортунистермен коалиция жасау) көрсеткендігімен емес, «көріне өтірік», «жалған» тізімнің таратылуын азшылықтан көруімен «масқаралап» отыр деп ойлаған болса керек. Азшылық бұл жағдайды өздерінің қатесінен туған іс деп танымай, көпшіліктің күйе жағуынан, арам ниетті, масқаралық әдіс қолдануынан туған іс деп тануды артық көрді! «Теріс мәлімдемеден» жаман ниет іздеу нағыз ақылсыздық; мұны біз жоғарыда істің жайын сыйпаттағанда көрсеттік; мұны ешбір жала, ешбір жаман ниет, ешбір масқаралық ешнәрсе болмағанын атап айтқан жолдастық аралық сот та айқын көрді. Ақырында, мұны мына факт айқын дәлелдейді: партияның съезінде-ақ, сайлаудан бұрын, «Искра» ұйымының азшылығы теріс лақап туралы көпшілікпен түсініс жасаған, ал Мартов жолдас көпшілік жағындағы барлық 24 делегаттың жыйналысында оқылған хатында-ақ бұл туралы түсініс берген. Съезде бір тізім таралып жүргенін «Иск-

ра» ұйымының азшылығынан жасыру көпшіліктің ойына да келген жоқ: Ленский жолдас бұл туралы Дейч жолдасқа айтты (соттың қарарын қараңыз), Плеханов жолдас бұл туралы Засулич жолдасқа айтты (Плеханов жолдас маған: «Засуличпен сөйлесу мүмкін емес, ол мені Треповке есептейтін болса керек» деді, көп айтылған бұл қалжың азшылықтың орынсыз ашуланғанын тағы да көрсетіп отыр), мен Мартов жолдасқа оның жауабына (тізімді оның, Мартовтың, ұсынбағаны туралы) қанағаттанғанымды айттым (Лига протоколдарының 64-беті). Мұнан кейін Мартов жолдас (Старовер жолдаспен екеуі екені есімде) біздің бюроға, шамамен айтқанда, мынадай мазмұнда хат жіберді: ««Искра» редакциясының көпшілігі, оған қарсы таратылып жүрген, оны масқаралайтын лақаптардың өтірігін ашу үшін, өзін көпшіліктің жәй жыйналысына қатнастыруды өтінеді». Плеханов екеуіміз сол хаттың үстіне мынадай жауап жаздық: «Біз ешқандай масқаралайтын лақап есіткен жоқпыз. Егер редакцияның жыйналысын шақыру қажет болса, онда бұл туралы бөлек келісу керек. Ленин. Плеханов». Кешке көпшіліктің жыйналысына келгеннен кейін, біз бұл туралы 24 делегаттың бәріне айттық. Түрлі ұғыныспаушылық туу мүмкіншілігін жою үшін, бәріміз бас қосып, 24 делегат атынан делегаттар сайлауға және оларды Мартов, Старовер жолдастармен түсінісу үшін өкіл етіп жіберуге қарар шығардық. Сайланған делегаттар, Сорокин жолдас пен Саблина жолдас, оларға барып, бұл тізімді ешкім әдейі Мартовқа немесе Староверге таңып отырмағанын, әсіресе олардың мәлімдемелерінен кейін ешкім бұл тізімді оларға таңбайтынын және бұл тізім қалай да болса, «Искра» ұйымындағы азшылықтан тараса да, немесе съездің бұл ұйымда жоқ азшылығынан тараса да, оның түк мәні жоқ екенін түсіндірді. Шынында съезде тергеу жүргізуге болмайды ғой! мұндай тізім жөнінде барлық делегаттардан жауап алуға болмайды ғой! Бірақ Мартов жолдас пен Старовер жолдас, оның үстіне, ол лақапты ресми түрде бекер деп бізге тағы хат жазды (і параграфын қараңыз). Біздің өкілдер, Сорокин жолдас пен Саблина жолдас, бұл хатты 24 делегаттың жыйналысында оқып шықты. Жанжалды біткенге есептеуге, — тізімнің қайдан шыққанын іздестіру мағнасында емес (егер біреулер мұны қызық

көретін болса), қандай да болса «азшылыққа зыян тигізу» немесе біреуді «масқаралау» немесе «фракциялық күрестің мүддесі үшін подделкадан» пайдалану ниеті туралы пікірдің қандайын болса да толық жою мағнасында біткенге есептеуге болатын сыяқты еді. Солай бола тұрса да, Мартов жолдас Лигада (63—64-беттер) шалдыққан қыялдан ауыр азаппен шыққан бұл дауды тағыда жарыққа шығарды, мұнымен қатар ол бірсыпыра *теріс мәліметтер* көрсетті (өзінің қатты ашулануы себепті болар). Оның айтуынша, тізімде бундшыл болыпты. Бұл дұрыс емес. Аралық сотта болған куәлардың бәрі, оның ішінде Штейн, Белов жолдастар да, тізімде Егоров жолдастың болғанын растады. Мартов жолдас тізімнің тікелей келісім жасау мағнасында коалиция жасағандық болып табылатынын айтты. Бұл дұрыс емес, мұны мен жоғарыда түсіндірдім. Мартов жолдас «Искра» ұйымының азшылығынан тараған (және съездің көпшілігін бұл азшылықтан бездіргендей) басқа ешқандай тізімдердің «тіпті жалған түрде де жасалмағанын» айтты. Бұл дұрыс емес, өйткені Мартов жолдастан және оның серіктерінен таралған кемінде үш тізім болғанын, көпшілік бұл тізімдерді қабылдамағанын партия съезінің көпшілік жағының бәрі білетін (Лядов пен Гориннің листогін қараңыз).

Тегінде Мартов жолдастың бұл тізімге бола мұнша ашуланған себебі не? Себебі — бұл тізім партияның оңшыл қанаты жағына қарай бұрылғандық болып табылды. Ол кезде Мартов жолдас «оппортунизмге салыну жөнінде жаладан тағылған айыпқа» қарсы байбалам салды, «оның саяси позициясына теріс баға берілгендігіне» ашуланды, ал кәзір бұл әйгілі тізімнің Мартов жолдас пен Дейч жолдастан шығуының ешбір саяси мәні болуы мүмкін емес екенін, *шынында, бұл тізімге де, басқа ешқандай тізімге де байланыссыз* бұл айыптаудың жала емес, шын болғанын, саяси позицияға берілген бағаның мүлде дұрыс болғанын жұрттың бәрі, әркім де көріп отыр.

Атышулы жалған тізім туралы бұл азапты ауыр істің қортындысы мынау:

1) Мартов жолдастың «фракциялық күрестің мүддесі үшін жалған тізім жасаудың масқаралық фактысы» туралы айқай салып, Гусев жолдастың намысына тиюін,

Горин жолдаспен және Лядов жолдаспен бірге, лайықсыз деп атамауға болмайды.

2) Жағдайды дұрыстау үшін және партия мүшелерін шалдыққан қыялдан туған қылықтардың қандайына болса да маңыз беру міндетінен кұтқару үшін, мүмкін, үшінші съезде мынадай ережені — неміс социал-демократиялық жұмысшы партиясының ұйымдық уставында бар ережені — белгілеу жөн болар еді. Бұл уставтың 2-параграфында былай делінген: «Партия программасының принциптерін өрескел бұзу жөнінде немесе арам қылығы жөнінде айыпты болған адам партияда бола алмайды. Онан әрі партияда болу мәселесін аралық сот шешеді; ол соттың мәжілісін партияның басқармасы шақырады. Судьялардың жартысын сол адамды партиядан шығаруды ұсынған адам тағайындайды, қалған жартысын сол партиядан шығарылуға ұйғарылған адам тағайындайды, ал председателді партияның басқармасы тағайындайды. Аралық соттың кесімі жөніндегі шағым арыз бақылау комиссиясына немесе партия съезіне беріледі». Мұндай ереже қандай болса да арамдық істегендік жөнінде ұшқалақтықпен айып тағушылардың (немесе лақап таратушылардың) бәріне қарсы күрестің жақсы құралы бола алады. Мұндай ереже болса, онда айыптаушылардың айыптаушы ролінде *партия алдына* барып, тиісті партия мекемесінің үкім шығаруын талап етуге адамшылық жігері жеткенше, мұндай айыптаулардың бәрі көңіл бөлуге тұрмайтын өсек-аянға есептелетін болады.

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ХАТ

Қымбатты достар! Борис маған мынадай хабар айтты: менің Советте съезді жақтап дауыс бергенім үшін және съездің пайдасына үгіт жүргізгенім үшін Орталық Комитеттің бес мүшесі (ол, Лошадь, Валентин, Митрофан⁸⁶ және Травинский) маған сөгіс берілді. Мен бұл бесеуінің әр қайсысының маған бұл фактыны растауын немесе соны түсіндіруін сұраймын, өйткені коллегияның мүшесі өз правосы мен өз міндеті бойынша іс істеді деп оны қалайша сөуге болатынын мен түсінбеймін. Оған қосылмауға болады, оны Советтен шақырып алуға болады, бірақ оны «сөгу» таңғаларлық нәрсе, өйткені мен Советте бола отырып, өз пікірімше дауыс бермей тұра алмадым. Сондай-ақ съезд үшін үгіт жүргізу партияның әрбір мүшесінің және Орталық Комитеттің әрбір мүшесінің правосы болып табылады, сондықтан коллегияның мүше жөніндегі өкілдігі біздің ешқайсымыздың да бұл правомызды (формалдық жағынан да, адамгершілік жағынан да) тұжыра алмайды. Мен тек қана Орталық Комитеттің жартысы немесе жартысынан көбі съезге қарсы екенін хабарлауға міндеттімін.

Советке келетін болсақ, онда істің жайы былай болып отыр: Колдың орнына Борис (оның өз айтуы бойынша бес дауыспен) тағайындалды. Менің отставкам (оның айтуына қарағанда) қабылданбапты. Мен өзімнің отставкамды қайтып алып, Советте қала беремін. Бұл жағынан қарағанда дау-жанжал бітістірілді, сондықтан мен тек «сөгіс» жөнінде түсінік беруді ғана сұраймын.

Бірақ бұдан да гөрі мына дау-жанжалдың маңызы зор: Борис маған, егерде мен (1) съезд шақыру жолын-

дағы үгітті тоқтатпайтын болсам және (2) съезге қарсы әрекет жасамайтын болсам, онда Орталық Комитетте қалу мүмкін емес деп санаймын деді. Әрине мен мұның екеуін де істей алмаймын, сондықтан Бориске былай деп жауап бердім: Орталық Комитеттегі істестердің барлығымен түсінісемін, сонан кейін сізге жауап беремін, ол жауап: менің Орталық Комитеттен кететін, кетпейтінді көрсететін болады. Бұл, екеуміздің біріміздің (немесе тіпті Орталық Комитеттің екі бөлегінің біреуінің) отставкаға кетуімізге әкеп соғуы мүмкін дау-жанжал жөнінде мен асықпай-саспай және істің парқына жете отырып толымды түсінік беруді өте маңызды нәрсе деп есептеймін. Борис не *Советтің протоколдарын* (бұл өте маңызды!), не менің өз *принциптік* позициямды анықтаған кітапшамды* оқымастан өзінің «ультиматумын» ұсынғандығы үшін мен оған қатты наразымын. Өте қиын мәселені шешіп алмай тұрып, дау-жанжалды шиеленістіре түсу ақылға сыйа ма?? *Негізінде* біз тілектес болып отырғанда оны шиеленістіру ақылға сыйа ма (басқаны айтпағанның өзінде, Валентин жазып, Орталық Комитеттің атынан бізге жіберілген, бірақ бізге келіп жетпеген декларация, маған ол туралы Борис айтты, азшылықтың оппортунистік позициясына қарағанда біздің ұйымдастыру мәселесінде жалпы принциптік позициямыз бар екенін баса көрсетеді)? Тіпті съезд жөнінде де біз тек мерзімі жөнінде ғана келіспей отырмыз, өйткені Борис съезді 1/2 жыл — бір жыл кейінірек шақыруға тіпті де уәде бермейді. Не болып шығатынын қарап көріңіз: заң бойынша съезд келесі жазда болуға тиіс; меніңше ең жақсы болған кезде, біздің үгітіміз толық табысқа жететін болса, жарты жылдан бергі жерде съездің шақырылуы мүмкін емес, онан да ұзаққа созылуы мүмкін деп есептеймін. Біздің «алауыздығымыз» мезгілін анықтау мәселесіне келіп тірелетін көрінеді! Осыған бола біздің ажырасуымыз ақылға сыйа ма? Іске таза саяси көзқарас тұрғысынан қараңыз: Борис съезд үшін үгіт жүргізу тиімді жұмысты нығайту ісімен үйлеспейді және біріншісі екіншісіне зыян келтіреді дейді. Бұл үйлеспеушілік жөніндегі көзқарасты мен мақұлдамаймын, бірақ Бористікі дұрыс деп-ақ қояйықшы. Айталық, ол

* Осы томның 205—443-беттерін қараңыз. *Ред.*

осы мәселе жөнінде өзінің пікіріне пікірі қосылмайтын-дарды Орталық Комитеттен кетіреді делік. Мұның нәтижесі қандай болады? Сөз жоқ, үгіт адам айтқысыз қатты шиеленіседі, көпшіліктің Орталық Комитетке қарым-қатнастары шиеленіседі, Борис үшін де съезге қарсы әрекет жасау жұмысы шиеленіседі, ал оған бұл жағымсыз жұмыс. Істі осылай шиеленістіру тиімді ме? Борис — мен съезге қарсымын, өйткені съезд жікке бөлінушілік болып табылады дейді. Менінше, бұл жерде Борис кәзіргі және ертеңгі болатын жағдайды дұрыс есептеп отырған жоқ, ал егер тіпті Бористікі дұрыс болғанын өзінде, бізді Орталық Комитеттен кетіріп, ол сонымен жікке бөліну мүмкіншілігін адам айтқысыз күшейтеді, атап айтқанда жағдайды сөзсіз шиеленістіру арқылы осылай етеді. Орталық Комитеттің ішінде дау-жанжалдың шиеленісуі қай көзқарастың тұрғысынан болса да тиімді емес.

Расында, біздің Бориспен келіспеуіміз тек мынада ғана: ол 3-ші съезде жікке бөлінушілік болмай қоймайды дейді, ал мен олай болуы мүмкін емес деймін. Біз екеуіміз де 3-ші съезд көпшілікті бізге береді деп ойламаймыз. Борис азшылықты партиядан кетіп қалады деп ойлайды: біз де, Мартов та әсірешілерді ұстап қала алмаймыз деп ойлайды. Менің ойымша, Борис жағдайдың тез эволюциялануын, оның бүгін кешегіден, ертең бүгінгіден басқаша болатындығын ескермейді. Борис кешегі жағдайдың (ұрыс-керістер принциптерді кейін шегіндірген кездің, жайып-шуып жіберуге, бүркемелеуге, жеке адамдардың жеңілдік жасауының жеңісті болуына сенуге болған кездің) тұрғысынан қарайды. Бұл жағдай өтіп кетті, мұны мен өзімнің кітапшамда толық дәлелдеймін және мұны жаңа «Искраға» түгел (тіпті Россиядағы Орталық Комитеттің жанындағы әдебиет тобы сияқты өте жұмсақ адамдарды) риза болмаушылық та дәлелдейді. Бүгінгі жағдай басқаша болып отыр: принциптер ұрыс-керістерді ығыстырып келеді. Кәзірде мәселе кооптацияда болып отырған жоқ, мүлде онда болып отырған жоқ. Мәселе жаңа «Искранікі» принцип жағынан дұрыс па? — міне осында. Жаңа «Искраның» принципті позициясына наразылықтың, күннен күнге өсіп келе жатқан наразылықтың нақ өзі съезд шақыру жолындағы үгітті үдете түседі: Борис бұл жағдайды ба-

ғаламай отыр. Ертеңгі болатын жағдай ұрыс-керісті бұдан да гөрі кейін ығыстырады. Біріншіден, азшылық та моральдық және саяси жағынан қашып кұтыла алмайды (ол үшін Лига съезінен кейін болған қолайлы уақыт өтіп кетті). Екінші жағынан мен Советте айтқан болатынымын (қыйын мәселені кесіп-пішуден бұрын Советтің протоколдарын міндетті түрде бәріңіздің оқып шығуыңызды тағыда сұраймын), біз келісім жасауға тіпті де қарсы емеспіз. Мен (1) барлық ескі редакторлардың жазғандарының бәрін өзгертулер мен ескертулер енгізбей партияның есебінен бастырып шығаруға кепіл болуға; (2) Орталық Комитеттің жергілікті комитеттерге жаңадан мүшелер енгізу және олардың мүшелерін шығару правосын 4-ші съезге дейін тоқтата тұруға; (3) азшылықтың ерекше аурулы праволарына ерекше қарар арқылы кепілдік беруге және тіпті (4) — *аса қажет болған жағдайда шартты түрде*, — «Искраны» битарап етуге, онан екі жақтың да айтысын (екі жақтан бөлінген практиктер комиссиясы және сондайлар арқылы) шығарып тастауға сөзсіз дайын екендігімді жұрттың бәріне де және әркімге де айтамын. Мен былай деп ойлаймын: 3-ші съездің азшылығы, шағын азшылық болғандықтан, мұндай жағдайда съезден кете алмайды. Мен былай деп ойлаймын: біз «қыйлы жағдай» сыяқты елесті 3-ші съезде біржолата жоямыз, формалдық қарарлар арқылы жоямыз, сөйтіп таластардың тиімді жұмысқа бөгет болмай жүргізілуіне жетеміз. Кризистің түйіні осында болып отыр ғой! Советте мен осылай болуын жақтадым, съездің $\frac{8}{10}$ осыны жақтауы мүмкін! Бористің де осыны жақтайтындығын мен өте жақсы білемін, бірақ съезсіз мұның болуы мүмкін емес. Біз (съезд шақыру жолында үгіт жүргізу арқылы) тегеуірін жасай бастадық және осы арқылы азшылық жұлмаланып отыр деп Борис қате ойлайды. Қайта мұның керісінше: Советке дейін де, Советте де бірталай хаттар мен үндеулер жазғаннан кейін ғана біз съезд шақыруды жақтап сөйледік, және де біз өзіміздің күшімізді тек үгіт арқылы ғана біраз көрсеттік. Плехановтың адам күлерлік (егер тек адам күлерлік қана болса жақсы ғой!) халіне (65-номеріндегі фельетонды оқыңыз) ұшырағысы келмеген адам күрес-те ашық және тікелей бір позицияны ұстауға тиіс. Съезд жолындағы үгітті кәзір ешнәрсе арқылы да тоқтату

мүмкін емес. Бұл үгітке шыдау керек, тіпті керек десе, мүмкін емес. Бұл үгітке шыдау керек, тіпті керек десе, ол үшін біз отырап қалу керек, міне сонда ол үшін ол жұмысқа кедейгі жасамайды. Бұл үгітке қарсы елеусіз жүмін пайдасы жоқ.

Бұл үгітке Комитеттегілердің арқайсымын маған жауап беріңіз. Комитеттегілердің арқайсымын маған жауап беріңіз. Бірінші катты өтініп сұраймын. Кейбір алауыздықтар болуымен, дау-жанжалдарсыз және бір-бірімізді шығарып жібермей-ақ, бірігіп жұмыс істеу үшін біз міндетті түрде түсінісіп, істің парқына жетуге тиісіз.

1904 жылы 13/26) майда жазылған

1904 жылы 13/26) майда жазылған

Елші өзгертулер енгізіліп

1904 жылы 13/26) майда жазылған

Сөзді үшін түркі тіліндегі

Сөзді үшін түркі тіліндегі

Сөзді үшін түркі тіліндегі

Ком. Казаньда қойылған
Сөзді үшін түркі тіліндегі

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТИҢ ҮШ МҮШЕСІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

Орталық Комитеттің үш мүшесі, Глебов, Зверев⁸⁷ және Ленин Орталық Комитеттің ішіндегі алауыздықтарды талқылай келіп, мынадай қортындыларға келді, бұл қортындылар Орталық Комитеттің барлық мүшелеріне хабарлануға тиіс:

1) Алауыздық съезд шақыру туралы мәселеден басталды. Ленин мен Васильев партия Советінде съезд шақыруды жақтап сөйлегеннен кейін Орталық Комитеттің көпшілігі (төрт дауысқа қарсы бес дауыс болды, оның бер жағында *Травинскийдің* дауысы Глебов жолдасқа берілді) съезге қарсы шықты. Сонан кейін *Ленин мен Васильев* өздерінің Советтен уақытша шығуы туралы мәлімдеді. Қазіргі уақытта бұл дау-жанжал бітістіріліп*, Советтің Орталық Комитеттен болған мүшелері деп *Глебов пен Ленин* есептеледі.

2) Глебов жолдас Ленин жолдасқа былай деді: егер Ленин съезд шақыру жолында (Орталық Комитеттен тысқары) үгіт жүргізуден бас тартпайтын болса және съезге қарсы әрекет жасамайтын болса мен, Глебов, Орталық Комитеттен шығамын деді. Мәселенің бұлай қойылуын теріс және принцип жағынан жол беруге болмайтын нәрсе деп есептеп Ленин былай дейді: Орталық Комитеттің мүшелерінің бәрінен сұраймын, сонан кейін жауап беремін, ол жауап менің, Лениннің, Орталық Комитеттен кететін, кетпейтіндігімді ғана көрсететін бола-

* Бұл туралы Лениннің *Глебов* жолдас ұнатқан хатын қараңыз, бұл хат осымен бірге басылып отыр. (Осы томның 444—448-беттерін қараңыз. *Ред.*)

ды. (Глебов жолдасын көзқарасы бойынша Ленинге қатысы бар нәрселердің Орталық Комитеттің Ленимен ынтымақтас мүшелерінің бәрін де қатысы бар.)

3) Орталық Комитеттің ішіндегі қазіргі кездегі алауыздықты дәл сыйпаттау үшін мынаны анықтау керек: өздерінің март айында жазылып, Глебов жолдас ұнатқан декларациясында *Валентин* жолдас пен *Нинитич*⁸⁸ жолдас — 1) ашымықтың талабы бойынша кооптацияға өздерінің ұялді-жесілді қарсы екендігін; 2) «Не істеу керек?» деген кітаптада баяндалған ұйымдастыру көзқарастарына өздерінің қосыматтындығын және 3) кейбір партия жазушыларының оппортунистік позициясын өздерінің немесе оң болмағанда олардың екеуінің ұнатпайтындығын айтқан болатын. Ал съезд жөнінде Глебов жолдас: 1) бұл мәселе жөніндегі алауыздық Орталық Комитетке екінші саясат енгізеді және 2) съездің жікке бөлінуге әкеп соғуы мүмкін, деп сенеді. Бұл үшін жауапкершілікті өзіне алғысы келмей, ол өзінің Орталық Комитеттен кайтқан күнде де шығатындығын айтады. Ал Ленин былай деп ойлайды: Орталық Комитет есеп беріп отыратын қолдағы болғандықтан съезд туралы мәселеде бітарап болуға тиіс, өз мүшелерінің барлығына үлгі жүргізу бостандығын беруге тиіс. Ал жікке бөліну мүмкін емес, өйткені көпшілік принципі жағынан «Искра» бітарап отуға дейін барып, съезде келісім болуына жол береді.

4) Осы көрсетілген дау-жанжал шешілгенге дейін Глебов жолдас пен Ленин жолдас ресми түрде іс істейді және барлық әрекеттерін Орталық Комитеттің атынан жалпы келісу арқылы, бірігіп қол қою арқылы ғана істеп отырады.

Женева, 26 май, 1904 ж.

Орталық Комитеттің мүшелері Глебов
Зверев
Ленин

Бірақ өзгертулер енгізіліп
1904 жылғы 11. Шілденің 11 сәзді
үшін сүрегі өзгеріп отырған
өзгерісін, Женева

Қол жазба бойынша
басылып отыр

ПАРТИЯҒА

ҮНДЕУ ЖОСПАРЫ

I. Бонапартизм туралы өсектерге жауап. Бос сөз. Бұған жауап берудің өзіне арлануға болады. Съезд шақыру, жолындағы үгітке бостандық беру. Орталық Органға карағанда Орталық Комитет, *qua talis**, пікір айтпайды.

Комитеттер шешуге тиіс, ал Орталық Комитет оларды асықпай-саспай, абайлап *pro men contra's***-ты өлшеуге асықпай-саспай, өзінің партиялық міндеттерін түсіне отырып екі жақты да тыңдауға, документтермен танысуға шақырады.

II. Тиімді жұмыс істеуге шақыру. Кәзіргі кездің маңызы: соғыс. Орталық Комитеттің Советтегі делегаттарының үндеуі***. *Perpetitio*****. Идеялық күрес тиімді жұмысқа бөгет жасамауға тиіс. Күрестің жол беруге болмайтын формалары. Алауыздықтар мен келіспеушіліктерді көптіріп көрсетпеу керек.

III. Қолайлы қатнастарды біртіндеп түзеуге тырысу. (Карл Каутскийдің үндеуі⁸⁹.)

Орталық Комитет *modus vivendi****** жөнінде шарттар қояды:

(1) 6-ның барлығына партияның есебіне барлығын бастырып шығару правосын беру.

* — өз атынан. *Red.*

** — қолдаушы мен қарсыны. *Red.*

*** — осы томның 141—144 беттерін қараңыз. *Red.*

**** — қайталау. *Red.*

***** — әрекеттердің бейнесі. *Red.*

(2) *idem** — сөзді өзіндігі бар әдебиет тобына да осындай право беру.

(3) жаңадан мүшелер енгізіп, шығаруды ұзақ уақытқа тоқтата тұру.

(4) зашылықтың кейбір правоарына ұзақ уақытқа дейін кепіл болу.

(5) комитеттің тілегі бойынша барлық партиялық шығармалардың бөлініп және жеткізіліп отыруына кепіл болу.

(6) ең кемінде $1\frac{1}{2}$ жылға уақытша бітім жасау; осының нәтижесінде — теңдеп 16 беттік кітапша жазу. Соңғы сөзді зашылыққа беру.

1991 ж. (1995) жылдан кейілірек жазылған

Бірінші рет 1920 жылы Ленинградта
2-дү жыйнағында басылған

Қолжазба (ббаның)
басылып отыр

РСДЖП СОВЕТИ**31 МАЙ (13 ИЮНЬ) ЖӘНЕ 5(18) ИЮНЬ, 1904 Ж.**

*Бірінші рет 1930 жылы
Лениннің XV жыйнағында
басылған*

*Совет протоколдарының текеті
бойынша басылған отыр*

1

ПАРТИЯРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН
СӨЗДЕР 31 МАЙ (13 ИЮНЬ)

I

Совет РРС-тың* ұсынысын оқығысы келе ме? (П л е х а н о в: «Я, сол дұрыс болар еді».) «Ортақ жауымызға — патша өкіметіне қарсы күрестің зор табысты болуын көздеп Польшаның социалистік партиясы поляк және орыс социалистік лагерлерінің өзара тығыз жақындасуын қашанда қажетті нәрсе деп санап келді. Амал не, осы күнге дейін бұл сыяқты жақындасу іске аса алмады, мұның өзі екі жақтың да практикалық жұмысында бірсыпыра қолайсыздықтар туғызды. Сондықтан РСДЖП-ның топтасқан бір бүтін болып қайта қалпына келуін, оның барлық ісіне жауапты болатын, орталық мекемелерінің болуын біз қуанышпен қарсы аламыз, өйткені ол біздің көптен алдымызға қойған мақсатымызды орындау жолында бірінші кадам басуға мүмкіндік береді. Сіздер мен біздің арамызда көптен бері дұрмеқарым-қатнастардың болмауы толып жатқан келіспеушіліктер мен қолайсыздықтар туғызды, бұлар бізге керекті келісімді біржолата тәртіпке келтіре бастағанға дейін қойылып, түзетілуге тиіс екендігі бізге айқын. Сондықтан біздің Орталық жұмысшы комитетіміз сіздерге жақын арада шет елде конференция шақырайық деп ұсыныс жасауға ұйғарды, ол конференцияда екі партияның бірігіп күрес жүргізуінің негіздері мен шарттарын біздің үш делегатпен бірге талқылау үшін сіздің партияңыздың делегаттары қатысар еді. Бұл конференцияның нәтижелері РСДЖП мен ППС-ның тиісті сатыларының арасын-

* — ППС — Польшаның социалистік партиясы. Ред.

да келешекте болатын келісімінің негізі болар еді. — Мүмкіндігінше тез арада жауап күтеміз, т. т.»

Бұл хатқа жауап ретінде Орталық Комитет PPS-тың мынадай сұрауға толығырақ мәлімет беруін сұрады: PPS қандай конференция шақыруды, атап айтқанда қандай мекемелердің өкілдерімен, қашан және қай жерде жиналап отыр. Сонымен қатар PPS-тың Польша социал-демократтарының конференциясына қатысуға қалай қарайтындығын хабарлауды сұрады.

PPS бізге мынадай хат арқылы жауап берді:

«Құрметті жолдастар! Сіздердің хатыңыз бізді біраз таңқалдырды, өйткені онда айтылған сұрауларға, біздің ойымызша, біздің бірінші хатымызда жауап берілген болатын. Біздердің партияларымыздың жақындасуына негіз болатын нәрселерді анықтау үшін біздің ұсынып отырған конференциямыздың дайындық сыйпаты болар еді; мысалы, ол тұрақты шарттың жобасын дайындай алар еді.

Сіздермен келіссөз жүргізу үшін біздің тарапымыздан үш делегатты Орталық Комитет бөлген болатын, ал бұл біздің партиямызда съездердің арасындағы ең жоғарғы саты болып табылады. Сіздер бізбен келіссөз жүргізу үшін өз партияңыздың тиісті сатысынан, немесе мұндай келіссөздер жүргізуге правосы бар және тиісті өкілдігі бар мекемеден өз өкілдеріңізді тағайындайды ғой деп ойлаймыз.

Біз съезді шет елде шақыруды ұсынамыз. Съездің орны — екінші қатардағы нәрсе, әрине, бізге басқадан да гөрі Вена қолайлы болар еді. Біздің Орталық Комитет делегаттарды Польша мен Литваның социал-демократиялық партиясымен келіссөз жүргізу үшін тағайындаған жоқ, сіздердің партияңызбен келіссөз жүргізу үшін тағайындады. Сондықтан Польша мен Литваның социал-демократиялық партиясының делегаттарының қатысуы туралы сөз болуы да мүмкін емес».

PPS-тың біздің партияға сөз салуы жөніндегі барлық документтер осы. Менің өз ойымша, егерде өзінің жобалап отырған конференциясына Польша социал-демократиясынан делегаттар шақырудан бас тартатын болса, онда PPS-тың ұсынысын біз қабылдай алмаймыз. Финляндиялықтардың ұсынысына келетін болсақ, онда біз оған алдын ала конференция шақыруға принцип жүзін-

де келісім беру арқылы жауап бере аламыз. Сондықтан, менің ойымша, біздің қарарды былай деп тұжырымдауға болар еді:

«РСДЖП белгілі жеке мәселелер бойынша келісімге келу үшін түрліше революциялық және оппозициялық партиялардың өкілдерімен алдын ала конференция шақыруға принцип жағынан келіседі».

Мартов жолдастың тек социал-демократиялық топтардың ғана алдын ала конференциясын шақыру керек деген ұсынысына келетін болсақ, мұндай ұсыныстың тиімді болуы екі талай, неге десеніз Бундтан, Польша социал-демократиясынан және «Пролетариат»⁹¹ партиясынан өзге шеткері аймақтарда тағыда социал-демократиялық ұйымдар бар, міне бұларды конференцияға қатыстыру онша ыңғайлы бола қоймас, ал олар конференцияға шақырылмаса өкпелеуі мүмкін.

II

Аксельрод пен Мартов жолдастар латыштарда екі фракция бар дегенді айтады. (Мартов: «Екі ағым».) Енді былай болып шығып отыр — социалист-революционерлерге, «Освобождению» басын тығып, террорға қарай (Аксельрод жолдастың айтуы бойынша) бой ұрып отырған фракциямен біз конференцияда жолығысуға тиіс болып отырмыз, ал екінші фракция — өте әлсіз. Істің қалай болып отырғандығын дәлірек білу қажет. Егерде бұл тек екі ағым ғана болса, ол уақытта біздің онда жұмысымыз жоқ, онда біз кәзіргі өмір сүріп отырған Латыш партиясымен бірігеміз. Ал егер оларда фракциялар болатын болса, онда біз дұрыстап тандап алмай, өте қолайсыз жағдайда қалуымыз мүмкін. Бұл фракциялардың күшін де, бағытын да алдын ала анықтап алу керек. Ал Кавказға келетін болсақ, онда менінше, оны конференцияға қатыстыру қажет. Бұл үшін бізге мынаны білу керек: бізбен қол ұстасып бірге жүре алатын социал-демократиялық ұйымдар онда бар ма.

2

КОМИТЕТТЕРГЕ КООПАЦИЯ ЖАСАУ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТИҢ ОЛАРҒА ЖАҢА МҮШЕЛЕР
ЕНГІЗУ ПРАВОСЫ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР.
5 (18) ИЮНЬ

I

Бұл қарардың, оның практикалық қортындысына қарамастан, бас жағын өзгертуді ұсынған болар едім. Расына келгенде, мәліметтер жеткіліксіз болғандықтан Москвада болған дау-жанжал туралы біз нақтылы бір тоқтам шығара алмаймыз, сондықтан қарарды да бұдан бұрынғы болған дау-жанжалдармен байланысты етпеу керек еді. Мен жалпы былай деп ұсыныс жасаған болар едім: егерде ұйымның бір жағы оның екінші жағына наразы болып шағым түсетін болса, онда екінші жақтың да өз пікірін айтуына мүмкіндік беру үшін, бұл шағым туралы екінші мүдделі жаққа хабарлау керек. Мысалы: Москвада болған дау-жанжалдың жайы Мартов жолдас айтқандай болған жоқ. Менің мәліметтерім бойынша бексудің үшеуі комитетті екі жаңа мүшемен толықтырғысы келіпті, бұған қалғандары да қосылыпты, бірақ бұлар өздерінің жағынан тағы бір адам енгізуді шарт етіп қойыпты, яғни басым бағытты сол күйінде қалдыру және тіпті оны күшейтсе түсу негізінде қосылыпты. Мұндай пікірге қосылудан көпшілік үзілді-кесілді бас тартқаннан кейін ғана москвалық жолдастар уставқа сүйенуге ұйғарды. Егер Орталық Комитеттің бір мүшесі уставты комитет көпшілігінің өзінше түсіндіруін жақтаған болса, оның есесіне Орталық Комитеттің екінші бір өкілі мұндай өзінше түсінік беруге қарсы шықты.

Мен мұны тек анықтама беру үшін ғана және протоколға жаздыру үшін ғана баяндап отырмын. Сөйтіп, Мартов жолдастың қарары алдағы уақытқа, келешекке белгілі бір ереже белгілеу туралы болып отырғандықтан, мен оның бас жағын өзгертуді ұсынамын. Ал шын мәні-

не келетін болсақ мен бөлшек атаулының бәрін бүтінге санауды жақтаған болар едім.

II

Бұл дау-жанжал тағыда сол — белгілібір жақтан шағым түсетін болса, ол туралы дереу екінші жақты да хабарлап, оның өз пікірін айтуына мүмкіндік беру қажет, деген пікірге әкеліп тірейді. Тек осылай еткенде ғана болатын дау-жанжалдар жөнінде белгілібір қарар алуға біздің мүмкіндігіміз болады. Біздің мәліметтеріміз бойынша істің жайы былай болған. Николаев комитеті көпшіліктің өкілдерінен құралды. Сонсоң ол толық күйреуге ұшырады. Бұдан кейін Орталық Комитет, немесе, мүмкін, оның өкілі, Николаев комитетіне үш мүше тағайындайды, олардың екеуі Николаевта болмаған адамдар, ал біреуі онда бұрын жұмыс істеп, толып жатқан байланыстары болған адам. Мүмкін, бұл бір адам да күйреу кезінде Николаевта болмаған болар. Орталық Комитеттің кандидаттары Николаевқа келген кезде олар онда азшылықтың жұмыс істегісі келетін екі мүшесін кездестіреді, сөйтіп бұларды алуға келіседі. Демек үш адам екі адамды кооптациялайды. Істің жайы осындай. Мұны тексеру үшін комитет мүшелерінен, егер олар апатқа ұшырамаған болса (Мартов: «Олар апатқа ұшырады»), анықтама алуға болады.

Біздің мәліметтеріміз бойынша бұл фактылар мүлде басқаша сыйпатталады, сондықтан көпшіліктің екі мүшесі дұрыс істеген сыяқты. Орталық Комитет тағайындаған кандидаттардың тұрған орны оларды алмай қоюға дәлел бола алмайды. Егер шағым түсетін болса екі жақты да тындау керек дейтін қарарды тағыда ұсынамын. Сонсоң, мәселенің мәніне келетін болсақ, онда мен Мартов жолдастың қарарына принципті түрде қосылмаймын. Орталық Комитетті комитеттерге өз кандидаттарын енгізу правосынан айыруға болмайды. Әрине, биліктің қандайы болса да зұлымдықпен пайдаланылуы мүмкін. Бірақ мұндай зұлымдыққа қарсы күресу үшін бақылау бар, — мәселен, баспасөз немесе Советтің жұмысы, т. т. сыяқты. Мен — жана мүшелерді кооптациялауда фракциялық өзгешеліктер туралы мәселе болмауға тиіс, деген пікірге қосыламын. Орталық Комитеттің мүшелерді

зорлықпен енгізген бірде бір фактысын мен осы уақытқа дейін білмеймін. Зорлықпен енгізу туралы бұл сыяқты сөздердің бәрі Орталық Комитетті өте сақ болуға мәжбүр етеді, жәнеде жәй әдептіліктің өзі оған өз правосымен пайдаланбауға жөн сілтейді.

III

Менің бірнеше ескертулер жасағым келеді. Ең алдымен менің Николаев комитетіне Одессадан немесе тіпті Одесса Комитетінен екі кандидат жіберіліпті-мыс деген пікірдің қайдағы бір түсініспеушілікке негізделгенін көрсеткім келеді. Сірә, Одессада Орталық Комитеттің агенті болған болар, сөйтіп ол күйрегеннен кейін Николаев комитетін қайтадан қалпына келтіру үшін шаралар қолданған болар. Қалай дегенмен де, ол жерге үш адамды нақ Орталық Комитеттің тағайындағанын біз барынша жақсы білеміз. Оның бержағында мұны мен бұл арада болуы мүмкін түсініспеушілікті болғызбау үшін айтып отырмын. Екіншіден, Мартов жолдастың — Орталық Комитеттің жергілікті комитеттерге өз кандидаттарын зорлықпен енгізген бірде-бір жағдайы да маған белгілі емес деген сөзінің зор маңызы бар, мұның маңызды болатын себебі редакция өзінің агенттері арқылы партия ішіндегі істі толық біліп отырады. Ал, Мартов жолдастың айтуы бойынша, өзін дауысқа салмай-ақ Москва комитетіне енгізуді талап еткен бикешке келетін болсақ, онда бұл мысалдың белгілібір маңызы бола қояр ма екен, өйткені істің жағдайлары да, бұл бикештің қандай өкілдігінің бар екендігі де бізге белгісіз; жәнеде, ақырында, бұл бикеш қалай дегенмен де комитетке дауысқа салынғаннан кейін алынды. Үшіншіден, Мартов жолдастың — қалыпты жағдайларда Орталық Комитеттің жергілікті комитеттердің құрамына әсер етуіне шек қою мүмкін емес, деген сөзіне тоқтала кетудің де өте зор маңызы бар деп есептеймін. Егерде бұл арада Орталық Комитетке оны комитеттерді қолдан «жасап шығарды» деп кінә тағуды айтып отырған болса, онда мұндай наразылықтар Орталық Орган жөнінде де жиі айтылып жүрғой. Бірақ іс жүзінде мұндай фактылар болмағандықтан, мұны Мартов жолдастың өзі де айтып отыр, жәнеде бүкіл мәселе мұндай фактылардың мүмкіндігі жөнін-

де ғана болып отырғандықтан, менің ойымша Орталық Комитеттің билігіне шек қою үшін бұл соңғы дәлел жеткілікті дәлел бола алмайды, оның үстіне мәселені осылайша қоюдың жалғыз өзі практикада белгілі наразылық туғызады. Мен Мартов жолдастың Николаев комитетінің оның өзі айтып отырған екі мүшесі — өте бағалы революцияшыл қайраткерлер деген пікіріне қосылуға дайынмын, бірақ комитетке нақ осы адамдар алынды ғой.

Жалпы былай деп айтуға болады: соңғы кезде нақ осы түрлі-түсті наразылықтар болғандықтан Орталық Комитет өте зор сақтық жасады, сөйтіп жергілікті ұйымдарға жаңа мүше енгізу правосымен пайдалануға асықпады. Ал Орталық Комитет жөнінде жалған лақаптардан кашу үшін және оларды тоқтату үшін сақтық жасау тактикасының уақытша орнығуына мен ешбір қарсы емеспін. Сонсоң, шағым бола қалған күнде екінші мүдделі жақты хабарлау жөнінде біз көтерген мәселеге келетін болсақ, мен бұл жөнінде мынадай қарар ұсынамын: «Партия Советі — партия ұйымдарының ұйымның белгілібір бөлегі партия Советіне шағым берсе немесе сұрау қойса, мұндай жағдайлардың барлығында бұл шағымның немесе сұраудың мазмұнын ұйымның екінші жағына дереу толық хабарлап отыруын сұрайды, өйткені таласты шешу үшін партия Советінде істі екі жақтың да баяндауы қажет. Бір ұйым екінші ұйымның үстінен шағым берген ретте де осылай болуын сұраймыз»⁹².

3

«РАССВЕТ»⁹³ ГАЗЕТИ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ
5 (18) ИЮНЬ

Амал не, мен «Рассветті» қорғап онша көп нәрсе айта алмаймын. Бұл тәжірибеден осы уақытқа дейін онша іс шыға қоймағандығын шын мойындауға тура келеді. Бонч-Бруевич — тәжірибесі жоқ әдебиетші және ол партиядағы басқа әдебиетшілерден көмек аламын деп сенді. Ол мұндай көмек көре алмады, сондықтан мұндай жағдайларда сәтсіздіктің бүкіл жауапкершілігін жалғыз оның мойнына арту әділетсіздік болады. Мұның басылып шыға бастағанына әзірше барлығы тек бес-ақ ай өтті. Бұл органның, әсіресе, оған басқа әдебиетшілер көмекке келетін болса, әлі де түзелуі мүмкін. Дегенмен бірдемелер істелді: Америкада да, Россияда да сектанттар арасындағы байланыстар кеңейіп келеді. Сонымен қатар бұл газеттің ақша жағынан партияға салмағын салмайтындығын көрсете кету керек, өйткені «Рассвет» басқа қаржыға басылады. «Рассветті» жауып тастау мезгілі жетпеген нәрсе деп санаймын және тәжірибені тоқтатпай жүргізе беруді ұсынамын.

БІЗДІҢ ТІЛЕЙТІНІМІЗ НЕ?

(ПАРТИЯҒА)

Таяуда РСДЖП-ның 19 мүшесінің жеке жыйналысы болып өтті (мұның ішінде II съездің делегаттары, басқа партия ұйымдары комитеттерінің мүшелері және партия ұйымдарына кірмейтін революционерлер де бар). Партияның II съезі көпшілігінің көзқарасында тұрған пікірлестердің бұл конференциясы біздің партия кризисі туралы және онан шығудың құралдары туралы мәселе талқылап, барлық орыс социал-демократтарына мына төмендегі үндеуді жазуға ұйғарды.

Жолдастар! Партия өмірінің ауыр кризисі әлі аяқталмай, созылып келеді. Аласапыран өсіп келеді, ол барған сайын жаңа дау-жанжалдар туғызуда, ол тиімді жұмысқа барлық жағынан, барынша қауіпті кедергі келтіріп отыр, ол әбден үйірме органына айналған және ең алдымен шет ел үйірмесінің органына айналған Орталық Органының партиямен екі арадағы байланысын барған сайын үзіп отыр. Алауыздықтарды әдейі іздеп жүру, әлдеқашан шешіліп, өтіп кеткен ескі мәселелерді қайтадан қазбалау, табанды оппортунистермен қылжақтау, ой-пікірлердің адам айтқысыз шатасуы, партия съезін, ондағы болған айтыс сөздерді және оның қаулыларын арсыздық жасап елемеу, партия ұйымы мен партия тәртібін мазақ ету, партияны құрған көпшілік пен жергілікті жерлерде жұмыс жүргізіп отырған революционерлерді мазақ ету, анонимдердің дәлелсіз мәліметтеріне және тексерілмеген хабарларына сүйеніп партияның революциялық қанаты комитеттерінің жұмысындағы кемшіліктер жөнінде тістене сөйлеп, инені жіпке тізушілік — міне аласапыраңның ұясы болған жаңа «Искрада» біз

осыны көріп отырмыз, міне, жаңа кооптатпалық жағдайды істер істеу үшін, партияны бүлдіру үшін жеке адамдардың берген жеңілдіктерін пайдаланған редакция, съезд бекітбеген редакция бізге осыларды көрсетіп отыр.

Ал оның бер жағында Россияның басынан кешіріп отырған кәзіргі тарихи жағдайы біздің партиямыздың барлық күшін сала қыймылдауын талап етеді. Жұмысшы табының революциялық қыймылы, халықтың басқа жіктерінің де қыймылы барған сайын өсіп келеді, соғыс пен дағдарыс, ашаршылық пен жұмыссыздық самодержавие-нің негіздерін барған сайын әлсіретіп келеді, маскара соғыстың маскаралықпен аяқталуы онша алыс емес, ал бұл аяқталу революциялық қыймылды сөзсіз он есе өсіреді, жұмысшы табын оның жауларымен бетпе-бет келтіреді, социал-демократиядан нағыз батыл шабуыл жасау шараларын қолдануды талап етеді. Топтасқан партия ұйымының болуы, революцияшыл-марксистік берік бағыттың болуы, партия ішіндегі күресті қолайлы және лайықты шеңберге салу, сөйтіп бұл күресті ірткі салмайтын және тиімді жұмысқа бөгет жасамайтын ету — міне бұл Россиядағы бүкіл жұмысшы қозғалысының табанды талаптары дереу, қайткен күнде де орындалуға тиіс, бұлар орындалмайтын болса Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясы өзінің жақсы атынан және өзінің барлық ие болған ықпалынан айрылып қалу қаупі туады деп тура айту керек.

Бұл мақсатқа жетудің бірінші қадамы — партиямыздың өртүрлі топтарының, бағыттарының және сарындарының арасындағы қатнастарын толық айқын, ашық, тура ету болып табылады деп есептейміз. Дау жоқ, кей уақытта істің жағдайы жеке келіспеушіліктер жөнінде үндемей қоя салуды талап етеді, бірақ кәзірде біздің партиямыздың басынан өткізіп отырған жағдайын дәл осындай деп санау нағыз қайғылы, кешірілмес қате болар еді. Жеке адамдардың азшылыққа берген жеңілдіктері аласапыранды тоқтата алмады, таласты мәселелер тікелей қойылып отыр, бүкіл партияға тұпа-тура зіл тасталып отыр, сондықтан қайрылмайтын ескілікті қайыруды, әлде нені жасыруды, әлде нені айтпай қалуды, әлде нені бүркемелеуді, әлде неден жасырынып қалуды тек дәрменсіз, надан адам ғана арман ете алады. Жоқ, қол қушырып қарап отыру саясаты, керексіз ұстамдылық сая-

саты, *laisser faire, laisser passer** саясаты, біздің партиялық күресте өзінің мүлде жарамсыздығын дәлелдеген болатын. Бұдан былайғы жерде жалтару, қулық жасау және үндемей қалу тек пайдасыз және жеке ұрысшылық ғана болып қоймай, сонымен қатар тікелей қылмыс болып саналған болар еді. Біз партия ішіндегі күресіміздің бұрынғы программасын тікелей баяндаудың бастамасын іспеп отырмыз, біз партияға кіріп отырған, және де белгілі жағдайларда партияға кіргісі келетін орыс социал-демократтарының барлық түрдегі бағыттарының өкілдерінің программаны осылайша баяндауға шақырамыз. Барлық саналы жұмысшылардың және барлық партия мүшелерінің партияның таласты мәселелерін ақылға салып, бағытталған шешуіне материалды тек толық ашықтық пен тұрағыштық ғана бере алады.

Біз партияның II съезі көпшілігінің көзқарасын жақтаймыз. Біз бұдан былайғы қателер мен аласапыранның барлығының негізгі себебі съездегі азшылықтың позициясының терістігінде, бұл позицияны партияның еркіне қарамастан қорғап қалуға тырысушылықта деп білеміз. Екі түрлі теріс нәрсе болды: біріншіден, «Искраның» бұрынғы редакторлар үйірмесі біздің съездің және біздің партияның оппортунистік қанатынан басқа жерде ашықтығын жері болмады. Екіншіден, бұл барып тұрған оппортунистермен (Акимов жолдас басқарған және қазірде сол басқарып отырған оппортунистермен) қосылу бірнеше ла талтасып бекіді және тек орталықтарды сайлау сындығы мәселеде ғана партиядағы жікке бөлінушілік болып қалып отыр. Бірінші теріс нәрседен тәбиғи түрде сөзге келіп шыққан нәрселер: барлық принциптік шатақсулар мен оппортунистік ауытқулар болып отыр. Олар оппортунистермен принципті деп танылатын болса да және «Искраның» оң пікірлерінен шыққандығын көріп отырмыз. Екінші теріс нәрседен партияның еркіне қарамастан екі редактордың үйірмесін сақтауға тырысушылық, партиялыққа қарсы үйірмешілікті қорғап және оны ақтаушылық қалып шықты, біздің таласымызға өз партиямын да, өздерің де сөйлей білетін партия мүшелерінің күресінде қолданатын әдістерді, қайта бүтіндей тоғышарлық ұяны қармаққа алып және үйірмешілік қым-қыйраштыққа тән бағыттарды өзіміздің

* — кіріспеушілік. Р60.

лік келіп шықты. Бірінші теріс нәрседен табиғый түрде сөзсіз келіп шыққан нәрсе мынау болды: оппортунизмге қарай бейімделушілердің бәрі, партияны кейін сүйреп, революцияшыл социал-демократияның өз дұшпандарына зәбір көрсеткені үшін өш алуға бейім адамдардың бәрі, қозғалысымыздың интеллигенттік беталысын жақлаушылардың бәрі, ұйым мен тәртіп атаулыны интеллигент-анархисше танымауға бейім адамдардың бәрі азшылықтың төңірегіне топтасты. Екінші теріс нәрседен — орыс қызметкерлерінің көпшілігіне шетелдік үйірменің үстемдік етуі, ерекше өзгешелігі бар эмигранттық ұрыс-керістердің адам айтқысыз көбеюі келіп шықты, мұндай ұрыс-керістер азшылықтың ұғындыру әдістері болып жүр.

Енді ешқандай күдік қалған жоқ. Сөз жүзінде ғана партия мүшесі болып отырмаған адамдардың, біздің жұмысшы қозғалысының маңызды мүдделерін іс жүзінде қорғағысы келген адамдардың ешбір қобалжуы мүмкін емес. Күрес жарыяланып отыр, күресті азшылық жарыялап, барлық жағынан бірдей жүргізіп отыр, сондықтан біз де күреске шығып, келісімге келмейтін күрес жарыялаймыз, ақыр аяғына дейін күрес жарыялаймыз. Біз партия үшін жалпы үйірмешілдікке қарсы күресеміз және әсіресе ескі редакторлардың үйірмесіне қарсы күресеміз. Біз орыс жұмысшылары қозғалысының мүддесі үшін шетелдік ұрыс-керіске қарсы күресеміз. Біз қозғалысымыздың революциялық-пролетарлық беталысы үшін интеллигенттік-оппортунистік беталысқа қарсы күресеміз. Біз революциялық социал-демократияның ұстамды бағыты үшін ауытқушылықтарға, бұлталақтаушылықтарға қарсы және әлдеқашан өтіп кеткен ескілікке қайта оралуға қарсы күресеміз. Біз өзіміздің жұмысшы авангардының топтасқан партия ұйымы болуы үшін интеллигенттік бетімен кетушілікке, ірткі салушылыққа және анархияға қарсы күресеміз. Біз партия съездерінің құрметтелуі үшін оңбаған ауытқушылыққа қарсы, іске асырылмайтын сөздерге қарсы бірлесіп қабылданған шарттар мен қарарларды мазақ етуге қарсы күресеміз. Біз партиядағы оқыйғаның ашық болуы үшін жаңа «Искра» мен партияның жаңа Советінің көпшіліктің аузын аштырмау және өз протоколдарын көрінбес жерге тығып жасыру тактикасына қарсы күресеміз.

Біздің күрес программамыздан ол күрестің құралдары

мен оның таяудағы міндеттері өзінен өзі келіп шығады. Бірінші кұрал — барлық жағын қамтыйтын, барынша кең түрде ауызша және баспасөз жүзінде үгіт жүргізу болады. Егерде азшылықтың ұрыс-керістерге толған күресі біздің партияда (Екатеринослав комитеті және басқа да көп ұйымдар дұрыс мазақ еткен) атышулы «ымырашылдықты» туғызбаған болса, онда бұл пунктке тоқталудың керегі болмас еді, ал бұл «ымырашылдық» басын қанатының астына тығып алып, көпшіліктің азшылыққа қарсы күресін тоқтатуын дәріптейді. Партияның азды-көпті ержеткен мүшесіне лайықсыз бұл сыяқты балалық көзқарастардың болуын қорқақтық, шаршағандық немесе азғындағандық арқылы ғана түсіндіруге болады. Партиядағы күресті партиялық шеңберге салу туралы айтуға болады және айту керек, мұны тек ұялту арқылы ғана жүзеге асыруға тырыспай, барлық жағынан тырысуға болады және тырысу керек, бірақ бүкіл партия алдында съезде жақталған нәрсені және партияның маңызды мүдделері үшін қажетті болып саналатын нәрсені жақтауды доғару керек деп ұсыныс жасау, егерде оны көп алдында жасауға батылы барған болса, онда мұндай ұсыныс жасау тек жалпыға жексұрын болып қана көрінген болар еді.

Күрестің екінші және шешуші кұралы деп біз партия съезін шақыруды есептейміз. Біз партияның үшінші съезін дереу шақыруды талап етіп шыққан комитеттерді толығынан қолдаймыз. Біз әсіресе жаңа «Искраның» редакциясының және оның ашық, құпия жәрдемшілерінің съезге қарсы қойып жүрген екіжүзді дәлелдеріне тоқтала кетуді борышымыз деп санаймыз, ал олар бұл (партиялық борышпен қыйын үйлесетін) дәлелдерін жұрттан жасыратын көрінеді (Шетелдік лига мен «Искраның» редакциясы осылайша жасырып жүр, ал бұл дәлел жөніндегі үгіт тек жартылап қана сыртқа шығып, комитеттер арқылы әшкереленді). Бірінші дәлел: съезд жікке бөлінуге әкеп соғады. Азшылықтың мұндай дәлелді қою фактысының өзі оның позициясының мейлінше жалған позиция екендігін көрсетеді. Бұлай деу арқылы азшылық өзіне партияның қарсы екендігін, шетелдік үйірменің партияға өзін күшпен таңып отырғандығын, бұл үйірменің Россия алыста жатқандықтан және шын революционерлердің жұмыс істеуінің сыртқы жағдайларының

қыйын болуы арқылы өмір сүріп отырғандығын мойындап отырған жоқ па. Партияға адал қарайтын адам, шынымен бірігіп жұмыс істегісі келетін адам, ол адам съезден қорықпайды, қайта аласапранды жою үшін, партияны және оның қызмет коллегияларын дұрыстау үшін, адамның арына жатпайтын екіжүзділікті жою үшін съезд шақыруды жақтайды. Жікке бөлінуді құбыжық ретінде көрсету — өзінің ниетінің арам екендігін ғана көрсетеді. Азшылықты көпшілікке бағындырмайынша жұмысшы партиясы деген атты аздап болса да ақтай алатын партияның болуы мүмкін емес, ал егер өзара (сыңаржақты емес) жеңілдіктер жасау қажет болса, егерде партия бөлімдерінің арасында кейде келісімдер мен шарттар жасау қажет болса, онда бұлар тек съезде ғана болуы мүмкін және сонда ғана болуға тиіс. Өзін қадірлей білетін революционерлердің бірде бірі партия съезін әдейі кейінге созу арқылы ғана бірге өмір сүріп отырған партияда қалуға рыйза болмас еді.

Екінші дәлел: әлі де болса съезсіз-ақ келісуге болады. Мұндай пікірдің не нәрсеге сүйенетіндігі белгісіз. Бұл пікірдің жағындағылар астыртын сөйлеп, астыртын ғана әрекет жасайды. Бұл, өзара сенімсіздікті тек он есе көбейтіп, өшпенділікті тек шиеленістіре түсетін және жағдайды бүркемелей түсетін астыртын әрекетті тастайтын уақыт жеткен жоқ па? Келістіру жоспарын жасап жұртқа жарыялауға бірде бір адамның батылы бармай отырған себебі қазіргі жағдайда ондай жоспардың мүмкін емес екендігінен емес пе? — мұндай жоспар бола қалған күнде де ең жақсы болғанның өзінде жұртқа күлкі болар еді. Азшылықтың жақсы көретін адамдарын Орталық Комитетке кооптациялауды бейбіттік деп түсінетін адам бейбіттік орнатқысы келмейді, қайта көпшіліктің шиеленіскен күресін тілейді, ондай адам партия күресінің бірыңғай кооптациялық ұрыс-керістерден біржолата асып кеткендігін түсінбейді. Бейбіттік деп таластар мен күрестерді тоқтатуды түсінген адам ескі үйірменің психологиясына қайта оралады: партияда таластар мен күрес қашанда болып отырады, оларды тек партиялық шеңберге келтірсе болғаны, ал бұлай ету тек съездің ғана қолынан келеді. Бір сөзбен айтқанда, съезсіз-ақ бейбіттік орнату туралы ұранды қалай төңкермелесеңіз де, күресуші жақтардың бірде бірін қанағаттандырмай-

ақ келістіру туралы бұл идеяны қалай төңкермелесеңіздер де, — сіздер бұл ұлы идеяның сасқалақтағандықты ғана, ой-өрістің тарлығын ғана, не нәрсені тілеп, не нәрсеге тырысатындығын білмеушілікті ғана көрсететіндігін көрмей қоймассыздар. Плеханов сыяқты ықпалы жүретін (бұрын ықпалы жүрген) адамның жеке басының барынша жеңілдіктер жасау арқылы өртті алғашқы шыққан кезінде сөндіру жөніндегі жоспарының өзі іске аспай қалып отырғанда, мұндай жоспар туралы кәзірде шынымен сөз қылуға бола ма?

Үшінші дәлел: съездің қолдан жасалуы мүмкін. Бұл дәлелге Петербург комитеті жауап берген болатын, ол мұны жала⁹⁴ деп атаған болатын. Сөйтіп жергілікті комитеттің бұлай деуі ешбір фактылары болмаса да жасырынып жүріп кінәлаған адамдарға дұрыс берілген соққы болды, азшылықтың қолында партияның жоғарғы Советі мен баспасөз органы бола тұрса да олардың қолында фактылары болмады, азшылықтың қолында өзінің болды ғой деп ойлаған әділетсіздіктерді жұрт алдында әшкерелейтін құралы да, сонымен қатар оларды әкімшілік жолымен түзетіп, әсер ету құралы да болды. Егерде фактылар болған болса, онда азшылықтың бұл фактылар туралы әлдеқашан айғай-шу көтеретіндігін кім болса сол түсінеді, сонымен қатар Советтің осы таяуда алған қарары бұрын фактылардың болмағандығын дәлелдей отырып, олардың алда да болмайтындығын дәлелдейді⁹⁵. «Искраның» бұл дәлелді пайдалануы оның айтыс орнына көше адамдарының ұрсысуын қолданып отырғандығын тағыда көрсетіп отыр, ал мұның өзі бізді партияның барлық мүшелерінен: бізде іс жүзінде партия бар ма? біз социалист-революционерлер сыяқты декорация мен жарнамаға қанағаттанғымыз келе ме немесе біз жалған нәрселердің барлығын әшкерелеуге міндеттіміз бе? — деп сұрауға мәжбүр етеді.

Төртінші дәлел: алауыздықтар әлі анықталған жоқ. Бұл дәлелге жаңа «Искра» жақсы жауап береді, мұнымен танысу партияға мынаны көрсетеді: алауыздықтар анықтаудың орнына, оны әдейі іздестіріп жүр, шатасу өлшеусіз өсіп келеді. Адам айтқысыз шатасқан мәселелер мен шатасқан жағдайды анықтауға барлық жолдас-тардың тілектері ашық және толық айтылатын тек съездің ғана қабілеті бар.

Бесінші дәлел: съезд күш пен қаражатты тиімді жұмыстан басқа жаққа бөліп жібереді. Бұл дәлелдің де барып тұрған мазақ екені көрініп тұр: күш пен қаражатты аласапыраннан гөрі көп шашатын нәрсені ойлап табудың өзі қыйын.

Жоқ, съезге қарсы келтірілген дәлелдердің бәрі не екіжүзділікті, не істен хабары жоқтықты және партияның күшіне енжар болып сенбеушілікті көрсетеді. Біздің партия тағыда қатты ауру, бірақ оның қайтадан көтеріліп, орыс пролетариатының атағына сай келуге күші бар. Бұл аурудан емделу шаралары деп біз мынадай үш түрлі қайта құру мәселесін есептейміз, оларды біз барлық адал құралдар арқылы жүргіземіз.

Бірінші — Орталық Органның редакциясын II партия съезінің көпшілігін жақтаушылардың қолына беру.

Екінші — шетелдегі жергілікті ұйымды (Лиганы) жалпыорыстық орталық ұйымға (Орталық Комитетке) шын бағындыру.

Үшінші — партиялық күрес жүргізуде партиялық тәсілдердің қолданылуы устав арқылы қамтамасыз етілсін.

Жоғарыда айтылғандардан кейін программамыздың бұл негізгі үш пункттері туралы аз айтуға тура келеді. Ал «Искраның» ескі редакциясы кәзірде іс жүзінде өзінің жарамсыз екендігін көрсетті, мұны біз күмәнсіз деп есептейміз. Сайлауда жеңіліп қалғаннан кейін Мартов жолдастың ашқаны сыяқты искрашылдар өзінен өзі жойылған жоқ, «Искраның» ескі редакциясы өзін өзі жойды. Енді бүкіл партияға үйірме зілт тастап отырғанда мұны тура айтпау тек қана екіжүзділік болған болар еді. Өзін екінші (егер үшінші болмаса) орталыққа айналдырған және партияның Орталық Комитетін мүлде елемей отырған шетелдегі ұйымның жағдайының қолайсыз екендігі туралы көп айта берудің қажеті жоқ. Ақырында, азшылықтың (қандай азшылықтың болса да) біздің партиядағы заңдылы алатын орны туралы съезден кейінгі күрестің барлық тәжірибесі ойлануға мәжбүр етеді. Біздің түсінуімізше, бұл тәжірибе мынаның қажет екенін үйретеді: партия уставында азшылықтың қайсысының болса да правосын қамтамасыз ету керек, бұл жол наразылықтардың, ашуланудың және күрестің ұдайы болып отыратын және жойылмайтын көздерін жанжал мен ұрыс-керістердің әдеттегі тоғышарлық ар-

насынан алып, өзі сенген пікір жолындағы қалыптасқан, лайықты күрестің әлі дағдылы болмаған арнасына салу үшін керек. Мұндай сөзсіз гарантияларға біз мыналарды жатқызамыз: азшылықтың съездерге өкілдік етуге правосы бар және толық «тіл бостандығы» бар бір (немесе онан да көп) әдеби тобы болатын болсын. Партияның орталық мекемелерінің жұмысын сынауға арналған партия әдебиетін басып шығару жөнінде жалпы өте кең гарантия беру қажет. Комитеттердің өздеріне нақ керекті партиялық әдебиеттерді (жалпыпартиялық транспортан) алып тұруына право беру қажет. Орталық Комитеттің, кеңес ретінде болмаса, комитеттердің адам құрамына ықпалын жүргізу правосын 4-ші съезге дейін тоқтата тұру қажет. Біз бұл арада өз ұсыныстарымызды түгелдеп жазып отырғанымыз жоқ, өйткені біз уставтың жобасын жазып отырғанымыз жоқ, тек қана күрестің жалпы программасын жазып отырмыз. Наразылық сыпайы жолмен айтылып, ақылға сыймайтын қыйлы жағдай жөніндегі (кооптацияның ерлері шығарған) жалған пікір жойылу үшін, партия ішіндегі болмай қоймайтын күрес тиімді жұмысты бөгемеу үшін біз наразылардың әдебиетін бастыру жөніндегі, II съездің азшылығына Орталық Комитет ұсынған, шаралардың устав арқылы тыянақталуын зор маңызды нәрсе деп есептейміз.

Біз өзіміздің азшылықты орталықтың адам құрамы жөнінде тек съездерде ғана күресіп, ал съездерден кейін ұрыс-керістер арқылы біздің жұмысымызға бөгет жасамауға үйретуге міндеттіміз, мұны біз партиямыздың құрып кету қаупі бар деп ашық айту арқылы жетуге міндеттіміз. Ақыраяғы, біз жалпы программада уставтың өзіміз үшін өзгеруге тиісті жерлері туралы қысқаша ғана айтамыз, мысалы: Советті аралық мекемеден съезде сайланатын мекемеге айналдыру, уставтың 1-параграфын II съездің көпшілігінің рухында өзгерту, үйірме дәуірінде ерекше өмір сүріп келген және партияға енгісі келетін барлық жұмысшы ұйымдар мен орыс социал-демократтарының барлық топтарын партия ұйымдарының ішіне енгізу, тағысын тағылар.

Біз өзіміздің партия ішіндегі күрестің осы программасын алға қоя отырып, біз партияның барлық ұйымдарын

және оның ішіндегі барлық бағыттардың өкілдерін съезге біртіндеп, байсалды түрде, абайлап және ойланып дайындалуға мүмкіндік туғызу үшін өздерінің программасы жөніндегі мәселе бойынша пікірін айтуға шақырамыз.

Біздің редакцияда болған орда төңкерісіне қатысушылар Россияның алыстығын, ондағы қызметкерлердің жиі ауысатындығын және нақ өздерінің орнын ешкімнің баса алмайтындығын пайдаланып, өздерінше бізде партия жоқ деп ойлады. Біз іске белсене қатысуға қарай оянып келе жатқан комитеттерді, алдыңғы қатардағы жұмысшылардың саяси санасының өскендігін көріп — бізде партия туып келеді! — дейміз. Бізде партия туып келеді, бізде ескіріп тозығы жеткен әдебиеттік істес адамдарды жандандырып, олардың орнын баса алатын жас күштер көбейіп келеді; бізде революционерлер бар және олар барған сайын көбейіп келеді, олар редакторлық үйірмелердің қайсысынан болса да өздерін тәрбиелеген ескі «Искраның» бағытын артық бағалайды. Бізде партия туып келеді, сондықтан айла мен жалған алдаулардың ешбіреуі, жана «Искраның» алжыған-ашулы баләғаттауларының ешбіреуі бұл партияның үзілді-кесілді және бір-жола шығаратын үкімін бөгей алмайды.

Біз жеңіп шығу сенімін партиямыздың осы жаңа күштерінен аламыз.

1924 ж. шольде жазылған

*Бірінші рет 1923 ж.
Н. Ленин (В. Ульянов)
Шығармалар жыйнағының
V томында басылған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

ПАРТИЯҒА

Таяғуда РСДЖП 22 мүшесінің⁹⁶ — партияның III съезі көпшілігінің көзкарасында тұрған пікірлестердің жеке кыйналысы болды, бұл конференция біздің партия кризисі туралы және ол кризистен шығудың құралдары туралы мәселе талқылап, россиялық социал-демократтардың барлығына мына төмендегі үндеуді жазуға үйнеарды:

Жолдастар! Партия өмірінің ауыр кризисі әлі созылып келеді, оның аяғы көрінер емес. Аласапыран өсіп келеді, ол барған сайын жаңа дау-жанжалдар туғызуда, партияның тиімді жұмысын осы аласапыран жанжалдан барынша қыспаққа алып отыр. Әлі жас, нығайып үлгірмеген партияның күштері орасан зор мөлшерде текке жұмсалуда.

Ал оның бер жағында тарихи жағдай партияға бұрын ешумақалта болып көрмеген орасан үлкен талаптар қойып отыр. Жұмысшы табының революциялық қыймылы өсуде, коғамның басқа жіктерінде де наразылық күшеюде, соғыс пен дағдарыс, аңсаршылық пен жұмыссыздық самодержавиедің түп тамырларын стихиялық түрде саясіз әлсіретуде. Масқара соғыстың мақаралықпен аяқталуы онша алыс емес; ал бұл аяқталу революциялық қыймылды саясіз он өсе көбейтеді, жұмысшы табын оның жауларымен саясіз бетпе-бет соқтығыстырады, сөйтпін самодержавиеге қарсы үлкенді жесілді ең соңғы күресті ұйымдастыру үшін социал-демократияның орасан көп жұмыс істеп, адам айтқысыз күш жұмсауын талап етеді.

Көзірті жағдай тұрғанда біздің партия бұл талаптарды қанағаттандыра ала ма? Ар-ұяты бар адамның қай-

қайсысы болса да бұған — жоқ, қанағаттандыра алмайды, деп тайсалмай жауап беруге тиіс!

Партияның бірлігі қатты күйзелді, оның ішкі күресі партиялық шеңбер атаулының бәрінен шықты. Ұйымдастыру тәртібі түпкі негізінен әлсіреді, партияның бірігіп мүлтіксіз әрекет жасау қабілеттілігі арманға айналып отыр.

Солай бола тұрса да партияның бұл ауруын біз өсу ауруы деп есептейміз. Біз кризистің негізі социал-демократия өмірінің үйірме формасынан партиялық формаларына көшуде дей білеміз; оның ішкі күресінің мәнісі — үйірмешілік пен партияшылықтың дау-жанжалында деп білеміз. Сондықтан да, біздің партия бұл ауруды жойғанда ғана *нағыз* партия бола алады.

Партияда «азшылық» деген атпен әртекті элементтер топтасты, олар өзара біле тұра болса да, білместіктен болса да үйірмелік қарым-қатнастарды, ұйымның партияға дейінгі формаларын сақтап қалуға тырысу арқылы байланысып отыр.

Бұрынғы үйірмелердің, партия тәртібі талап ететін ұйымдастыру жағынан өзін өзі тежеу жағдайларына дағдыланбаған ең ықпалды кейбір озат қайраткерлері дағды бойынша өздерінің үйірмелік мүдделерін жалпы партиялық мүдделермен шатастыруға бейім болып отыр, олардың үйірмелік мүдделерінің үйірме дәуірінде көбінесе шынында да жалпы партиялық мүдделерге сай келуі мүмкін еді, — осындай қайраткерлердің бірсыпырасы («Искраның» бұрынғы редакциясының бір бөлегі, бұрынғы Ұйымдастыру Комитетінің бір бөлегі, «Южный рабочийдің» бұрынғы тобының мүшелері және басқалар) партиялыққа қарсы үйірмешілікті жақтайтын күресті басқарып отыр.

Теорияда немесе практикада нағыз социал-демократизмнің принциптерінен тайған элементтердің бәрі бұларға одақтас болып шықты, өйткені бұл элементтердің идеялық жекелігін және олардың ықпалын тек үйірмешілік қана сақтай алатын еді, ал партиялық оларды ыдыратып жіберу немесе олардың ешқандай ықпалын жүргізбей қою қаупін туғызды (экономистер, рабочеделошылар және басқалар). Ақырында оппозицияның басты кадрларының бәрі біздің партияның жалпы алғанда көбінесе интеллигент элементтерінен болып отыр. Про-

детариатқа карағанда интеллигенция өзінің өмірі мен жұмысының негізгі жағдайлары бойынша қашанда неғұрлым жекешіл болады, бұл жағдайлар интеллигенцияның күштерін тікелей кең түрде біріктірмейді, бірігіп ұйымдаған еңбек үстінде тікелей тәрбиеленуіне мүмкіндік бермейді. Сондықтан интеллигент элементтерге партия өмірінің тәртібіне бейімделу қыйынырақ соғады, сөйтіп, олардың бұл міндетті орындауға күші жетпейтіндері ұйымдастыру жағынан болатын қажетті шектеулерге қарсы табиғи түрде көтеріліс туын көтереді және өздерінің стихиялық анархиялығын күрес принципіне көтеріп, бұл анархиялықты «автономияға» қарай ұмтылу ретінде, «шыдамдылықты» тілейтін талап ретінде етіп теріс көрсетеді.

Партияның шетелдік бөлегінде үйірмелер басқадан гөрі көп өмір сүріп келеді, онда әртүрлі бағыттағы теоретиктер топтасып отыр, онда интеллигенция өте басым болып отыр, — партияның бұл бөлегі «азшылықтың» көзқарасына басқадан да гөрі бейімді болуға тиіс еді. Сондықтан онда азшылық көп ұзамай-ақ нағыз көпшілік болып алды. Мұның керісінше Россияда ұйымдасқан пролетарлардың даусы қатты естіледі, мұнда партия интеллигенциясы да пролетарлармен күнделікті, тығыз байланысты болып неғұрлым пролетарлық рухта тәрбиеленеді, мұнда нақтылы күрестің ауыр салмағы жұмыстың ұйымдасқан түрде бір болуының қажет екендігін күштірек сезуге мәжбүр етеді, сондықтан Россия үйірмешілдікке, шырыш бұзатын анархиялық тенденцияларға үзілді-кесілді қарсы шықты. Россия өзінің осыларға мұндайлықты көзқарасын комитеттердің және басқа партия ұйымдарының тарапынан болған бірсыпыра мәлімдемелерде ашық айтты.

Күрес дамып, шиеленісе түсті. Сонда күрес неге жетті десеңізші!

Съездің еркіне карамастан және съезд сайлаған редакторлардың өздерінің жол берулерінің арқасында партия органын «азшылық» өз қолына түсіріп алды; сөйтіп партия органы партияға қарсы күрес органына айналды.

Енді ол партияның самодержавие мен буржуазияға қарсы күресінде идеялық басшы болудан қалуға айналып, көбінесе партиялыққа қарсы күресте үйірмелік оп-

позицияның басшысы болып отыр. Бір жағынан, партия мүдделерінің тұрғысынан қарағанда өзінің негізгі позициясының мүлде жолсыз екендігін сезіп, ол бұл позицияны идея жағынан бүркемелеу үшін кәзірде шын болған және болмаған алауыздықтарды іздестірумен болып жүр; сөйтіп ол бұл іздеулерінде бүгін бір ұранға, ертең екінші бір ұранға жармасып, материалды көбінесе партияның оң қанатынан — «Искраның» бұрынғы дұшпандарынан алып отыр, олармен барған сайын идеялық жағынан жақындасып отыр, олардың партия қабылдамай тастаған теорияларын қайта жаңғыртып, партияның идеялық өмірін өтіп кеткен, принцип жағынан күңгірт, идеялық табансыздық, солқылдақтық сыяқты дәуірге қайта қайтарып отыр. Екінші жағынан, жаңа «Искра» партия көпшілігінің адамгершілік ықпалын бәсеңдетуге тырысып, оның қызметкерлерінің қателерін іздестірумен, әшкерелеумен бұрынғыдан да қатты шұғылданып отыр; шын болған қатенің кез келгенін адам айтқысыз мөлшерге жеткізіп, бұл үшін жауапкершілікті партияның бүкіл көпшілігіне жабуға тырысып жүр; үйірмелік өсектің бәрін, дұшпанға зыян келтіруге жарайтын жаланың бәрін іліп әкетіп жүр, ол мұндайларды тексермек былай тұрсын, тіпті олардың шын-өтірік екендігіне де көңіл бөлмей жүр. Жаңа «Искраның» қайраткерлері бұл жолда көпшіліктің мүшелеріне, мүлде болып көрмеген қылмыстарды жапқаны былай тұрсын, тіпті болуы мүмкін емес қылмыстарды да жабуға дейін барып отыр, тіпті тек саяси жағынан (мысалы: Орталық Комитетті адамдар мен ұйымдарды еріксіз таратып жіберді деп айыптау) ғана емес, сонымен қатар жалпы моральдық жағынан да (партияның көрнекті қайраткерлерін жалғандық жасады және жалғандық жасауға нравалық көмек берді деп айыптау) жала жабуға дейін барып отыр. Кәзіргі айтыста шетелдегі азшылықтың жасап отырғанындай адам айтқысыз батпаққа партия бұдан бұрын ешуақытта да шомылып көрген емес.

Осының бәрі неліктен болып отыр?

Әрбір жақтың әрекет жасау әдісі оның тенденцияларының негізгі сыйпатына сай келіп отырды. Партияның көпшілігі кайткен күнде де партияның бірлігі мен ұйымдастыру жөніндегі байланысын сақтап қалуға тырысып, тек қана партиялық-адал құралдар арқылы күресті жә-

не келісімге келу үшін талай рет жеңілдіктер жасады. Азшылық анархиялық тенденцияны қолданып, партияның бейбіттігі мен бірлігі туралы қам жемеді. Ол өзіне берілген әрбір жеңілдікті бұдан да былайғы күрес құралы етіп отырды. Азшылықтың қойған талаптарының осы уақытқа дейін тек біреуі ғана — азшылықтың еріксіз таңылып отырған мүшелерін Орталық Комитетке кооптациялау арқылы Орталық Комитетке алауыздық енгізетін талабы ғана, — қанағаттандырылмады, ал азшылықтың шабуылы кәзірде бұрынғылардың бәрінен де қатайып отыр. Азшылық партияның Орталық Органы мен Советін қолына түсіріп алып, енді шынында өзі қарсы күресіп отырған тәртіпті өзінің үйірмелік мүдделері үшін пайдаланудан ұялмайды.

Жағдай адам төзбестей қыйындап отыр; оны бұдан былай соза беру тура қылмыс.

Біз мұндай жағдайдан құтылудың бірінші құралы — партиялық қарым-қатнастардың толығынан анық және ашық болуы деп есептейміз. Батпақ пен тұманның ішінен кәзірдің өзінде дұрыс жол табуға болмай отыр. Әрбір партиялық ағым, әрбір топ партияның кәзіргі жағдайы туралы өздерінің не ойлайтындығын және бұл жағдайдан қалай шыққысы келетіндігін ашық және нақтылы түрде айтуға тиіс. Біз барлық жолдастарға да, партияның барлық бағыттарының өкілдеріне де осындай ұсыныс жасаймыз. Біз дағдарыстан шығудың практикалық жолы партияның үшінші съезін дереу шақыруда деп білеміз. Тек съездің жалғыз өзі ғана жағдайды анықтап, дау-жанжалды шешіп, күресті бір қалыпқа келтіре алады. Онсыз партияның прогресті түрде ыдырауын ғана күтуге болады.

Съезді шақыруға қарсы қойылатын наразылықтардың бәрін біз мүлде дәлелсіз деп санаймыз.

Бізге: съезд жікке бөлінуге әкеп соғады, дегенді айтады. Неліктен өйтеді? Азшылық өздерінің анархиялық талаптарында келісімге келмей отырған болса, партияға бағынудан гөрі жікке бөлінуге дайын болып отырған болса, онда ол партиядан іс жүзінде бөлініп шыққан болып табылады, сондықтан болмай қоймайтын формалды түрде жікке бөлінуді кейінге соза беру ешбір ақылға сыймайды, — бір шынжырмен байланған екі жак ұсақ күрес пен ұрыс-керістерде өз күштерін барған сайын

босқа шыккан болар еді, адамгершілік жағынан жүдеп, болған болар еді. Бірақ біз жикее бөліну мүмкін деп ойламаймыз. Аңғарымалық пікірдегі элементтер ұйымдасқан партияның шын күшінің алдында бас иоте тис және біз оларды бас не алады деп сенеміз, неге десеміз олар өздерінің жаратылысы бойынша өз алдына күш болып қорына алмайды. Съезді де келісуге болады ғой деседі. Сонда қандай келісім болмақ? Үйірмешілдіктің алдында біржолға тізе бүгу, ашылықты Орталық Комитетке кооптациялау, демек, орталық меместердің шырқын бұзуды толық аяқтау болып шығады. Онда партия тек сөз ғана болып шығар еді де, партия көпшілігі жаңа күрес бастауға мәжбүр болар еді. Ал ашылық қайтер еді? Осы уақытқа дейін оның әрбір алған жеңілісі ол үшін шырқын бұзу жұмысына тірек қана болып келді; тіпті ашылықтың көзқарасы бойынша да күрес кооптациялық ұрыс-керістердің шеңберінен мүлде асып кетіп отыр; ашылық күресті қалай тоқтатамақ? Ол жеңілістің барлығын алып болмайынша күресті тіпті де тоқтатпайды. Бізге былай дейді: съезд мақсатқа жете алмайды, неге десеміз осы уақытқа дейін алауыздықтың неге екендігі анықталған жоқ. Іс кәзірде алауыздықтарды анықтауға бағытталып отыр ма, шатақ барған сайын өсіп келе жатқан жоқ па? Кәзірде алауыздықтар анықталмайды, қайта оларды шарқұрып іздеп, жасап шығарады, сондықтан мұны тек съезд ғана жоя алады. Тек съезд ғана күресуші жақтарды бетше-бет қоя отырып, оларды өздерінің талаптарын анық және ашық түрде айтуға мәжбүр ете алады, тек съезд ғана партиялық ағымдар мен партиялық күштердің өзара қатнастарын толық анықтай алады. Бірақ ұйымдарды таратып жіберу арқылы съездің жалғандық жасалып шақырылуы мүмкін — дейді ашылық. Біз бұған — бұл жалған-өтірік, өтірік болғанда да дәлелдеуге бірде-бір факты келтірілмеген өтірік, деп жауап береміз. Егерде фактылар болған болса, онда қолында партиялық орган отырған ашылық, әрине, ол фактыларды көпке жая білген болар еді, және де партия Советі қолында отырғанда оларды түзетуге ашылықтың толық мүмкіншілігі болар еді. Ақырында, Советтің таяуда шыққан қарары өткен уақытта мұндай фактылар болды деп көрсетпей, ондай фактылар алдыңғы уақытта да болмайды деп біржолға-

та келіпдік береді. Қазірде шымыдыққа жатпайтын жаңаған нәрсеге кім сенбек? Олар съезд тиімді жұмыстан өте көп күш, қаражаттарды алып кетеді деп қауіптенеді. Бұл орынсыз мазақ! Аласапыраннан артық күш, қаражаттарды ысрап қылатын не бар? Съездің болуы қажет! Тарихи жағдай ерекше болып отырғандықтан, дүниежүзілік оқығалардың партияға қоятын жаңа міндеттері де болуы мүмкін болғандықтан партия өмірі қалыпты күйінде болғанның өзінде де съездің шақырылуы қажет болар еді. Партия осындай кризиске ұшырап отырғанда бұл партия кризисінен адал және дұрыс шығу үшін, партияның күшін сақтау үшін, оның ары мен қасиетін көтеру үшін съезд екі есе қажет.

Аласапыранды тоқтату үшін, партияның қалыпты өмірін қалпына келтіру үшін үшінші съезд не істеуге тиіс? Бұл жөнінде біз бәрінен де гөрі мынадай нәрселерді қайта жасауды маңызды деп есептейміз, бұларды біз барлық адал құралдар арқылы қорғап, іске асырамыз:

I. Орталық Органның редакциясы партия көпшілігі жағындағылардың қолына көшсін. Қазіргі редакция Орталық Органды партия мүдделерінің дәрежесінде ұстауға мүлде қабілетсіз болғандықтан мұндай көшудің қажет екендігі әбден дәлелденді. Үйірмелік орган партия органы бола алмайды және болмауға тиіс.

II. Шетелдік жергілікті ұйымның (Лиганың) жалпы орыстық орталыққа, Орталық Комитетке қарым-қатынастары дұрыс жолға қойылсын. Өзін партияның екінші орталығына айналдырып, жанама топтарды бақылаусыз басқарып отырған, сонымен қатар Орталық Комитетпен мүлде есептеспей отырған Лиганың қазіргі жағдайы — міне мұндай жағдай мүлде қолайсыз жағдай; оны жойу қажет.

III. Партиялық күрес жүргізуде партиялық әдістердің қолданылуы устав арқылы қамтамасыз етілсін. Мұндай реформаның қажеттігі съезден кейінгі күрестің барлық тәжірибесінен анықталып отыр. Партия уставында азшылықтың қайсысының болса да правосын қамтамасыз ету керек, бұл жол алауыздықтардың, наразылықтар мен ашуланудың ұдайы болып отыратын және жойылмайтын көздерін жанжал мен ұрыс-керістердің ескі үйірмелік, тоғышарлық, арнасынан алып, сенген жігіт жолдықтағы қалыптасқан, лайықты күрестің әлі дағдылы бол-

маған арнасына салу үшін керек. Мұндай бетбұрыстың қажетті шарттарына біз мыналарды жатқызамыз. Азшылықтың съездерде өкілдік етуге правосы бар бір (немесе онанда көп) әдеби тобы болатын болсын; партияның орталық мекемелерінің жұмысын сынауға арналған партия әдебиетін басып шығару жөнінде формалдық жағынан өте кең гарантия берілсін. Комитеттердің өздеріне керекті партиялық әдебиеттерді (жалпыпартиялық транспорттан) алып тұруына правосы бар екендігі формалды түрде танылсын. Комитеттердің адам құрамына Орталық Комитеттің әсер ету правосы дәл белгіленсін. Азшылықтың «қыйлы жағдай» жөнінде шығарған жалған пікірі жойылу үшін, партия ішіндегі болмай қалмайтын күрес дұрыс формаларда жүргізіліп, тиімді жұмысты бөгемеу үшін біз наразылардың әдебиетін бастыру жөніндегі, екінші съездің азшылығына Орталық Комитет ұсынған, шаралардың устав арқылы тыянақталуын зор маңызды нәрсе деп есептейміз.

Біз бұл арада өз ұсыныстарымызды түгелдеп жазып отырғанымыз жоқ, өйткені біз уставтың жобасын ұсынып отырғанымыз жоқ, тек қана партияның бірлігі жолындағы күрестің жалпы программасын ұсынып отырмыз. Сондықтан біз уставтың кейбір, өз ойымызша, керекті жеке өзгерістерінің бағытын қысқаша ғана белгілейміз, мұнымен біз тәжірибенің жаңа көрсетулерінің негізінде уставтың бұдан былай өңделуі жөнінде өзіміздің қолымызды ешбір байламаймыз. Мысалы, өзінің алдына қойылған міндетті — орталықтардың қыймылын біріктіріп, оған ең жоғарғы бақылау жүргізіп отыру міндетін орындауға өзінің кәзіргі күйінде жарамсыз екендігін практикада көрсеткен мекеме ретінде партия Советін қайта құру қажет. Ол, өздерін өз делегаттары арқылы қорғайтын орталықтардың үстінен съезд сайлайтын бесіншінің аралық соты болмай, бүтіндей съезд сайлайтын коллегия болуға тиіс. Сонымен қатар партиялық сынның көрсетулеріне сәйкесе отырып, партияның шектерін, т. т. бұдан да гөрі дәл белгілеу мағнасында уставтың I-параграфын қайта қарау керек.

Біз партияның бірлігі жолындағы күрестің осы программасын алға қоя отырып, басқадай барлық бағыттардың өкілдері мен барлық партия ұйымдарын съезге шындап, табанды, саналы түрде және жоспар бойынша дайында-

луға мүмкіндік туғызу үшін өздерінің программалары жөніндегі мәселе бойынша ашықтан-ашық пікірін айтуға шақырамыз. Партия үшін өмір мәселесі, ар мен қасиет мәселесі шешіледі: еліміздің революциялық жұмысшы қозғалысының шын басшысы болып шығарлықтай етіп, өзін ақылға салып ұйымдастыруға қабілеті бар идеялық, шын күш болып өмір сүріп отыр ма? деген мәселе шешіледі. Шетелдегі азшылық өзінің бүкіл әрекет жасау тәсіліне карағанда бұған — жоқ деп жауап береді. Сөйтіп ол бұл мағнада сенімді түрде, батыл қыймыл жасап келеді, ол Россияның алыстығына, ондағы қызметкерлердің жиі ауысатындығына, көсемдерінің, өз әдебиеттік күштерінің орнын ешкімнің баса алмайтындығына сенеді. Біз алдыңғы қатардағы жұмысшылардың саяси сана-санының өскендігін көріп, жалпы партия өмірінде белсене шығып жүрген комитеттерді көріп — бізде партия туып келеді! — дейміз. Бізде партия туып келеді, бізде партияның сенімінен айрылып бара жатқан әдебиеттік ескі істес адамдардың орнын баса алатын және оларды жандандыра алатын жас күштер көбейіп келеді; бізде барған сайын революционерлер көбейіп келеді, олар бұрынғы көсемдердің қай үйірмесінен болса да партия өмірінің тұрақты бағытын артық бағалайды. Бізде партия туып келеді, сондықтан айла мен жалған алдаулардың ешбіреуі оның үзілді-кесілді және біржола шығаратын үкімін бөгей алмайды.

Біз жеңіп шығу сенімін партиямыздың осы күштерінен аламыз.

Жолдастар! бұл үндеуді баспаға бастырып, таратыңдар.

1904 ж. августтың бірінші жартысында жазылған

Бірінші рет 1904 ж. августта жеке листок болып басылған

1904 ж. Желтоқанда шыққан „Партияға“ деген кітапшаның төртінші басымында басылған отыр

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ БЕС МҮШЕСІНЕ

РОССИЯҒА

18 август, 1904 ж.

РСДЖП Орталық Комитетінің мүшелері Глебовқа, Конягинге⁹⁷, Травинскийге, Лошадьқа және Осиповқа.

Бүгін мен Орталық Комитеттің Берлиндегі агенті арқылы Орталық Комитеттің төрт (?) мүшесінің Россиядағы өздерінің жыйналысында⁹⁸ шығарған қарарлары туралы хабар алдым. Мынадай пікірлер бойынша бұл қарарды мен заңды түрдегі қарар деп таный алмаймын:

1) Қарардың бас жағында Орталық Комитеттің бір мүшесінен (яғни менен) басқа барлық мүшелері жыйналысқа қатысты деген мәлімдеме — өтірік мәлімдеме. Васильев пен Зверев тұтқынға алынғаннан кейін де, Митрофанов⁹⁹ отставкаға шыққаннан кейін де Орталық Комитетте тағы бір мүше — Осипов жолдас бар. Ол отставкаға кетті деген аңыз өтірік болып шықты: Осипов жолдас өзін Орталық Комитеттің мүшесімін деп санайды. Васильев (ол бұл туралы маған жазған болатын), Зверев және мен дәл сондай пікірдеміз. Қалай дегенменде, Осиповты өтірік отставкаға шықты деген мәселені анықтамай тұрып Орталық Комитеттің төрт мүшесінің оны мүшеліктен шықты деп есептеуге правосы жоқ еді. Бұған қоса айтатын нәрсе: Осиповтың отставкасы туралы не мен, не Орталық Орган, не Орталық Комитеттің шетелдік агенттерінің бірде бірі ешуақытта да формалды түрде хабарланған емес. Оның бер жағын да Осипов жыйналысқа шақырылған жоқ.

2) Сондай-ақ мені де жыйналысқа шақырмағандығы былай тұрсын, тіпті жыйналыс туралы маған хабарла-

ған да жоқ, талқылануға тиісті мәселелерді де хабарланған жоқ. Әрине, дауыстың көпшілігіне қарай Орталық Комитеттің шешуге қарай бар, бірақ сол мүшелердің бәрінің кеңеске қатысуына және, керек болған жағдайда, ерекше пікір айтуына мүмкіншілік бермей тұрып, заңды қарарлар қабылдай алмайды. Мұнмен мұндай мүмкіншіліктен барынша заңсыз түрде айрылып отырмыз.

3) Орталық Комитеттің төрт мүшесі Глебов пен мен өктемдіктің арасында 1904 ж. 26 майда жасалған шартқа өздерінің қалай қарайтындығын айтпады. Бұл шарт және сонымен бірге жіберілген менің хатым, Глебов пен Зверевтің келісуі бойынша, Орталық Комитеттің барлық мүшелеріне хабарланатын, олардың маған тура жауап беруі сұралса да олар өз пікірлерін айтпады. Орталық Комитеттің көпшілігінің азшылықтың ұсынысын көпшілік дауысқа сүйеніп қабылдамай қолға толық қарары бар, бірақ азшылықтың ресми түрде қойған сұрауларынан және азшылықтың талқыға салған тікелей мәселелерінен қашуға ешқандай қарары жоқ.

4) Осы айтылғандарға сүйеніп мен Орталық Комитеттің төрт мүшесінің маған дереу мыналарға жауап берулерін талап етемін: а) олар Осипов жолдасты Орталық Комитеттің мүшесін жыйналымға міндеттендіріп шықпаймысыз? б) мені де неге шақырмады? в) олар қолдағын көпшіліктің азшылық кеңеске шақырылғанда ғана мәселелерді талқылауда өз пікірін айтуға және өзін ерекше пікірін беруге азшылық мүмкіндік алғаннан кейін ғана жалпы қарар қабылдауға міндеттенгендігін мойындай ма? д) олар 1904 ж. 26 майдан бері маған қалған мәселелердің барлығына қатысты жауап беруге өздерін міндетті деп білесіз бе?

5) Орталық Комитеттің 4 мүшесі өздерінің заңсыз қабылданған қарарларын (бұны Орталық Комитеттің қарары-мыс деп) Орталық Орталық хабарлап отырғандықтан, мен бұл мәселеге барынша тығыз қатыныс бар тұрғыда қызметкерлерше Орталық Комитеттің төрт мүшесінің қымыл әдістері жөнінде хат жауап маңдай болып отырмын.

Орталық Комитеттің мүшесі Н. Ленин

II ПАРТИЯ СЪЕЗІНІҢ КӨПШІЛІГІН ЖАҚТАҒАН ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ АГЕНТТЕРІ МЕН РСДЖП КОМИТЕТТЕРІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ХАТ

Жолдастар! Орталық Комитеттің ішіндегі дау-жанжалдың өршігендігі сонша, мен бұл туралы партияның II съезі көпшілігінің жағындағылардың барлығына хабарлауды өзімнің адамгершілік міндетім деп есептеймін. Бұл қадамды жасауға мені Орталық Комитеттің төрт мүшесінің заңсыз әрекет жасауы да, пікірлестермен кенес құрмай екінші бір абайсыз және партияға зыянды (менің редакциядан шыққаным сыяқты) қадам жасап қою қаупі де мәжбүр етіп отыр, өйткені ол пікірлестер жергілікті жерлерде жұмыс жүргізеді, олар партияның шын әлпетін жақсы біледі және олар тек сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде шетелдік ескі үйірмешілікке қарсы жас партияшылықты қорғап соғыс жарыялады.

Орталық Комитеттің ішіндегі дау-жанжал неде екендігін осыған қоса тіркеліп отырған 4 документтен көруге болады: 1) Орталық Комитеттің үш мүшесінің, Глебов, Зверев және Лениннің арасында жасалған 1904 ж. 26 майдағы шарттан; 2) менің сол күні Орталық Комитеттің мүшелеріне жазған хатымнан; 3) Орталық Комитеттің бір мүшесінен өзге барлық мүшелері қабылдады-мыс дейтін қаулыдан; 4) бұл қаулы сымақтың заңды екендігіне қарсы менің жазған наразылығымнан¹⁰⁰ көруге болады.

Бұл партиялық күресте бізбен бірдей көзқараста тұрған барлық жолдастардың бұл ойда қаларлық документтерді зер салып оқып, бұлар туралы өздерінің қандай пікірде екенін ашықтан-ашық және ақырына дейін айтуын өте қатты сұрар едім. Мен бұл мәселелер бойынша баспасөз жүзінде көпшіліктің алдында пікір айтпай

қоя тұрамын, ең болмағанда Россияда жұмыс істейтіндердің кейбіреулерінің пікірлерін білгенге дейін біраз уақыт бойына немесе оқыйғалардың өзі осы кадамды басуға мәжбүр еткенге дейін қоя тұрамын.

Егер ұйымдарымыздың мүшелері бізде іс жүзінде партия бар деп таныйтын болса, онда партияға бірнеше сұраулар қоюмен шектелемін: 1) жұмысшы партиясы деп аталуға тұратын партияда көпшілікпен сайланып, көпшіліктің саясатын «топтық» саясат деп жарыялайтын Орталық Комитеттің өмір сүруі лайық па? 2) март айында декларацияда бір нәрсе айтып, июльде басқаша айтып отырған адамдардың біздің сенімімізді пайдалануға адамгершілік правосы бар ма? — 3) көпшіліктің мүдделерін аяққа басу үшін Орталық Комитеттің көпшілік жағындағы 2 мүшесінің тұтқынға алынуымен пайдаланып отырған адамдардың? — 4) жікшілдік саясатқа қарсы күресу үшін көпшілікті елемей, азшылықтың тобымен конференция шақыру туралы талқылап жүрген адамдардың? — 5) өздерінің әрекетіне съездің баға беруінен қорқатын, сондықтан партияны жікке бөлінеді деп қорқытуға батылы баратын, партия мүшелерінің съезд шақыру жолында үгіт жүргізу жөніндегі қалыпты правосына «тыйым» салуға батылы баратын адамдардың? — 6) біздің партия кризисын мүлде бала сыяқты түсінетін, Орталық Органды «заңды» деп шынымен дәлелдейтін және сол Орталық Органның «жоғары» екендігін декретке айналдыратын адамдардың? — 7) біле тұра партияның еркіне қарамастан партия көпшілігінің табанды жақтаушыларын Орталық Комитеттен қуып шығуға тырысатын адамдардың біздің сенімімізді пайдалануға адамгершілік правосы бар ма?

Аяқтай келіп, маған осы мәселелердің барлығына жауап беруді және істің жағдайымен, осы хатпен партияның барлық белсенді мүшелерін таныстыру қамын ойлауды сұраймын. Бұл хатты әзірше жарыялаудың керегі жоқ қой деп ойлаймын.

Орталық Комитеттің мүшесі *Ленин*

1904 ж. 5(18) августа жазылған

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XV жыйнағында басылған

Қол жазба бойынша
басылып отыр.

ГЛЕБОВКА (В. А. ПОСКОВИКА) ХАТ

11 сентябрь, 1904 ж.

11 сентябрь, 1904 ж.
Кумметті жолдас!

Кумметті жолдас!

Мен Орталық Орданың редакциясына жазған хатыма
 Орталық Комитеттің айтты деп біз өзінше қайта
 тіленіп Орталық Комитеттің айтты деп біз өзінше қайта
 лайықсыз деп деңді келіссон мұны ең болмағалы едім
 добрымис деп қамалды деп де қайта ұстауға тиіс
 Орталық Комитеттің мүшесінің декларациясы Орталық
 Комитеттен қарымда деп барлық мүшесі бірі
 ауып анық сағат мұнда деп формалды түрде мәліметін
 нәже мен барғы болатынын 18 ағустық бұл мәжіліс
 жауап берген болатынын Декларация Орталық Ко
 митеттің қолда болған тоғыз мүшесінің мүше
 су қолары анық бір жерінде бұл үшін заңнамалы
 де мәресі шығып Осипов жолдасы Орталық Комитет
 тің мүшесі бар емес деп жарыялаған, ал бұл өзінше бұрын
 ғына Орталық Комитеттің мүшесі деп есептейтіннің
 мұнда жау жүзінде мен деген болатын Жолдас пен өзін
 мен сөйлесіп тұрып оны отставкаға шығарып деп кө
 рділау заңнамалары сіздің және сіздің екі қолдасы
 нәзік бұл заңсыздықты қорғауда қолданған екі де
 лелің екеуі басшысыз қараусыз дәлел. Сіз Осипов қала
 да өзінше отставкаға шығатындығы туралы Орталық
 Комитеттің қолы алындағы кезекті жыйналысында
 формалды түрде мәліматет дегенге сүйендім. Бұл өті
 рік өткені мәліматет аяқ кезінде (яғни бұл федералды
 немесе мәліматет болған жыйналыстан кейін бір ай өткен
 деп сон) біз Орталық Комитеттің алды 9 мүшесі бар
 деп саналық бұл Орталық Комитеттің үшін мүшесінің
 қолы қойылған 1904 жылғы 26 майдағы шартқа және

бұл шартқа қоса тігілген хатта* қуаландырылған болатын. Сіз, Орталық Комитеттің осы айтылған жыйналысынан кейін Осипов жолдас жергілікті бір комитетке кірді, Орталық Комитеттің мүшесінің мұны істеуге правосы болмас еді, дегенге сүйендіңіз. Бұл жөнінде Осипов жолдас маған бұдан да бұрын былай деп жауап берген болатын: мен көрсетілген жерге жергілікті жұмысқа қатысу үшін барғанда Орталық Комитеттің нақ үш мүшесінің ұсынысы бойынша бардым және мен комитеттің формальды түрдегі мүшесі ретінде істегенім жоқ деп жауап берді, ал енді Орталық Комитеттің сол үш мүшесі оны шығып қалды деп жарыялап отыр. Оның үстіне, егерде тіпті Орталық Комитеттің мүшесі устав бойынша жарамайтын, теріс іс істеп, жергілікті комитетке кіргеннің өзінде, сонда да мұндай қатені түзеу үшін жергілікті комитеттен шықпай, қайткенде де Орталық Комитеттен шығуды талап ететін ешбір негіз жоқ. Ақырында, Орталық Комитеттің үш мүшесінің жыйналысына Осипов жолдастың отставкаға шығу мәселесінің таластылығы туралы мәлімделінді деп маған жазған хатта сіз өзіңіз мойындадыңыз. Бұл таласты мәселені Осипов жоқта және тіпті Осиповтың пікірін тындамастан Орталық Комитеттің үш мүшесінің шешуі барып тұрған өрескел заңсыздық болып табылады. Әрине, ретацияның қолында отырған партия Советінің жақтайтындығына Орталық Комитеттің үш мүшесінің сенуіне болатын еді; әрине Орталық Комитеттің үш мүшесі өздерінің Советтегі азшылықтың жақтаушыларымен формальды түрде жасаған немесе үн-түн жоқ мойындалған келісіміне сүйене алатын еді. Бірақ мұндай жағдай заңсыздықты жоймаған болар еді, қайта, оны саяси арамдықтың элементтерімен күшейте түскен болар еді. Сондай-ақ Орталық Комитеттің 3 мүшесінің Травинский жолдастың отставкаға шығуын қабылдауы да заңсыз, ол туралы бұдан бұрын, жыйналысқа дейін Орталық Комитеттің барлық мүшелері хабарланбаған болатын. Сіз маған осы уақытқа дейін де бұл отставканың кімге және қашан айтылғандығы туралы дәл мәліметтер келтіре алған жоқсыз. Сіз: «россиялық коллегиядан сұрап біліңіз» деген сыяқты күлкіге ұқсас жауаппен кұтылдыңыз,

* Осы томның 444—450-беттерін қараңыз. *Ред.*

ал сіз сол сыяқты «коллегиядан» (сол баяғы үш адамның коллегиясынан!) жаңа ғана келіп отырсыз, мұндай коллегиямен қатнас жасау үшін менің сіз арқылы болмаса, басқадай құралым жоқ!!

Сөйтіп мен Орталық Комитеттің құрамының және оның соңғы жыйналысының («декларация» қабылданған жыйналыстың) заңды екендігіне таласамын. Сондықтан менің Орталық Органның редакциясына кіруім туралы сіздің ұсынысыңызды жауапсыз қалдыруға менің толық правом болар еді. Бірақ мен бұл ұсынысты Орталық Комитеттің жасаған ұсынысы деп қарамай, партияның үш мүшесі жасаған ұсыныс деп қараймын, сондықтан оған дәлелді жауап беруді өзімнің борышым деп санаймын, оның үстіне сіз Орталық Органның редакциясы мені редакторлардың қатарынан көргісі келетіндігін өзіңізге хат арқылы білдіргендігін айтып отырсыз.

Сіз, менің Орталық Органның редакциясына кіруім «менің көксеп отырған нәрсемді, партия ішінде бейбітшілік орнауын толығынан дерлік қамтамасыз етер еді», деп ойлайсыз. Сіздің бұл «дерлік» деген сөзіңіз айрықша нәрсе! Рас, мен партия ішінде бейбітшіліктің болуын тілеймін, мен өзімнің ««Искра» редакциясына» жазған «хатымда» («Мен редакциядан неліктен шықтым?») * 1903 жылы декабрьде баспасөз жүзінде бейбітшілік жасауды ұсынған болатынмын. Онан соң 1904 жылы январьда партия Советінде мен ресми түрде бейбітшілік жасауды тағы ұсынған болатынмын **. Ол кезде менің көпшіліктің атынан қойған шарттарым бойынша бейбітшілік қабылданбаған болатын. Қазірде азшылыққа толық жол ашуды, көпшілікті мүлде елемеуді және съезді толық ұмытуды бейбітшілік деп түсініп, «бейбітшілік» туралы екіжүзді сөздер айту үлгі болып жүргендігіне қарамас-тан, партиядағы бейбітшілік деп нені түсінетіндігімді мен Советте ашық көрсеткен болатынмын. Мен өзімнің сол кездегі Орталық Комитеттен болған жолдасыммен бірге Советте тура айтқан болатынмын: мен бейбітшілік деп идеялық күресті орын жөніндегі араздықтардан ұрыс-керістерден және күрестің арам тәсілдерінен та-

* Осы томның 112—119-беттерін қараңыз. *Ред.*

** Осы томның 141—144-беттерін қараңыз. *Ред.*

зартуды түсінемін. Орталық Орган азшылықтың қолында болып, Орталық Комитет көпшіліктің қолында болсын, — деп ұсындым мен ол кезде, — жұрттың бәрін бойкот атаулыны, орынға таласу, кооптациялық ұрыс-керіс атаулыны тоқтатуға шақырып, өзіміздің алауыздықтырымыз туралы және біздің съезде, ажырасқан себептеріміз туралы жолдастық ретінде таласайық, партияны өзінің ішкі таластарын адал және аброймен талдауға дағдыландырайық, деп ұсындым. Менің бұл шақыруымды Плеханов пен Мартов мазақтап күлді. Мен олардың Советтің протоколдарын жарыяламау керек деп (Советтегі азшылықтың, атап айтқанда Орталық Комитеттен болған өкілдің екеуінің де талап етуіне қарамастан) мәсқара қарар алғандығына және кәзір бұл қарарға Орталық Комитеттің үш мүшесінің (жасырын) қосылып отырғандығына таңғалмаймын. Орыс революционерлерінің өмірінде болмай қоймайтын кездейсоқтықтарды пайдаланып және басқа пікірдегілерді* Орталық Комитеттен қуып шыға отырып, екіжүзді бейбітшілік орнататын адам дер кезінде адал бейбітшілік жасауға тырысушылықты партия мүшелерінен жасыруға талпынбай тұра алмайды. Бақытқа қарай, бұл, партияны алдауға бағытталған, түкке тұрмайтын айла іске аспайды деп ойлауға және Советтің протоколдары ақыр аяғында жарыққа шығады деп ойлауға менің дәлелім бар.

Советті басып алған редакция менің бейбітшілік жөніндегі ұсынысымды күлкі етіп қабылдамай тастағаннан кейін мен сол кезде-ақ бірден-бір адал жол съезд деп санаймын дегенді айттым. Азшылықтың (оның ішінде Плехановтың да) тактикасын — Орталық Орган мен Советті өз қолында ұстап, бұл орталық мекемелерде сөз жүзінде бүтіндей бүкіл партия мүдделерін қорғайтын және сонымен қатар іс жүзінде азшылықтың мүдделері үшін съезден бөлек Орталық Комитетті өзгертуге тырысатын тактиканы, міне мұндай тактиканы мен адал күрес деп санай алмаймын. Мұндай тактиканың жағындағылармен ешуақытта ешқандай келісімге келгенім жоқ және келісімге келу мүмкін емес деп есептеймін.

* Бұл ең алдымен Осипов жолдасқа жатады. Сонсоң, әрине, маған да жатады, өйткені Орталық Органға кіруді ұсыну Орталық Комитеттен кет деп ұсыныс жасаумен бірдей.

Сонымен қатар жаңа «Искраның» бейнесі январьдан бастап барынша анықталды, ол өсек пен ұрыс-керістердің, ойлаудағы шатасудың және оппортунистермен қылжақтасудың, жеке адамның өштерін алудың және алауыздықтарды соңына түсіп іздеудің орталық органы болып отыр. Жаңа «Искраның» үйірме органы екендігін, жаңа «бағыттың» органы екендігін — міне мұны кәзірде жұрттың бәрі көріп отыр және керек десе әуелі «сабақтастықты» жақтауға кірісіп, ал кәзіргі уақытта ескі «Искраны» үнемі жамандап отырған редакцияның өзі де көріп отыр. Кәзірде бейбітшілік туралы қай мағнада айтуға болады деген сұрау туады? Егер бейбітшілік деп идеялық күресті кооптациялық ұрыс-керістерден тазартуды түсінетін болсақ, онда мен бейбітшілікке келісуге және өзімнің Советте жасаған ұсынысымды қайтадан жасауға кәзірде де толық дайынмын. Ал егер бейбітшілік деп идеялық күресті тоқтатуды, бағытпен немесе, дұрысырақ айтқанда, ешбір бағыты жоқ жаңа «Искраның» бейнесімен келісімге келуді түсінетін болсақ, онда мұндай «бейбітшілікті» принципсіз немесе екіжүзді адамдар ғана, болмаса партия органдарына баспа қағаз деп («татуластырушылардың» бірі жаңа «Искраның» әдебиетін Druckerschwärgze — типография бояуы, деп атады) қарайтын адамдар ғана ұсына алады. Егер, жаңа «Искраның», өзінің бүкіл «принциптік» позициясын менің жеке басыма шабуыл жасауға, өздерінің «ленинизм» деп атап жүргендерін қудалауға және менімен екі арадағы алауыздықтарды іздеп табуға әкеліп тіреген редакторлары кәзірде мені редакцияда көргілері келетіндігін айтатын болса, онда олар мұнымен өз жазғандарына жеңіл қарайтындығын, бүкіл айтысты тек «кооптация үшін» ғана шығарғандығын және енді кооптация ойдағыдай орындалғаннан кейін өздерінің бүкіл жаңа «принциптерін» тастауға дайын екендігін мойындайды. Маған келетін болсақ, онда мен көпшіліктің өз позициясы үшін партиялық күрестен, ұстамды бағыт үшін күрестен, үйірмешілікке қарсы күрестен бас тарту мүмкіншілігі туралы ұйғарудың өзін лайықсыз нәрсе деп қабылдамаймын. Мен көпшіліктің принциптік жақтаушыларымен бірге бұл күресті жүргізуді өзімнің арнаулы правом мен міндетім деп санаймын, көпшілікті жақтаушылардың саны Россияда өсіп келеді. Ме-

ніңше бұл күрес ашық жүргізілуге тиіс, өйткені дау-жанжалдың $\frac{9}{10}$ кәзірдің өзінде халыққа әйгіленді, сондықтан оны бұдан былай жұрттан жасырудың қандайы болса да ұсақтыққа салынып, кризисті босқа созғандық болар еді.

Сіз, менің «Искраның» кәзіргі редакциясына кіруімді «көп комитеттер де сөзсіз тілейді», деп жазасыз. Амал не айтуға тура келеді, сіздің бұл жолы да айтып отырғаныңыз көрне көзге өтірік. Күрестің кәзіргі жағдайларында мұндай тілекті әлі бірде-бір комитет айтқан жоқ. Бұл тілекті Орталық Орган редакторларының үйірмесі мен Орталық Комитеттің үш мүшесі ғана айтты, олар саяси даналылықтың шыңы азшылық арқылы көпшілікке, ал көпшілік арқылы азшылыққа ұрсуда деп біледі. Мен былай деп ойлаймын: маған белгілбір саясатшылардың еркімен санасудың керегі жоқ, бүкіл партияның еркімен санасу керек, мұндай ерікті формалды түрде білдірудің әдісін, — съезд деп, — партия өзіне өзі белгіледі. Мен былай деп ойлаймын: съезде белгілі жолға түсіп, сол жолмен партияның бір бөлегін алып жүрген басшы егер өз дұшпандарының жағына шығып кететін болса, онда ол қадірлі болу және керек десе өзінің сөздеріне жұртқа құлақ асқызу правосының бәрінен айрылады.

Сіздің «көп комитеттерге» сілтеуіңіз, өзінің... шындыққа жатпайтындығына карамастан, өте сабақ боларлық және мағнасы бар нәрсе. Бұл сілтеуіңіз кішкене болса да партиялық ар-ұяттың бар екендігін, партия тағайындаған қызмет мекемелері орталықтардың құрамы мен бағытын қайта жаңғыртуға кірісуде бұл партияның еркімен санасуға тиіс екенін азда болса сезетіндіктің бар екендігін дәлелдейді. Егерде сіздің бұл сезіміңіз өзіңіз ұстаған шатақ позиция арқылы бүлінбеген болса, онда сіз нағыз көп комитеттердің шын тілегін шын білудің съезден басқа әдісі жоқ екенін оңай көрген болар едіңіз. Ал егер сіздің «көп комитеттерге» сілтеуіңіз кішкене болса да партиялық ар-ұяттың бар екенін көрсетіп отырған болса, сонымен қатар бұл сілтеу ұжданның таза емес екенін ашықтан-ашық көрсетіп отыр: сіздің съезден оттан да бетер қорқып отырған себебіңіз өзіңіздің уақытғалы саясатыңыз бен партия еркінің арасында өрескел қайшылық бар екендігін сезіп отырсыз.

Сіздің келістіру камын ойлауыңыз екіжүзділік әрекет екендігі жөнінде менің жалпы пікірімді бірсыпыра қосымша фактылар дәлелдейді. Орталық Комитеттің үш мүшесі кәзірде Орталық Органның «жоғарылығына» сүйсінеді, ал мартта Орталық Комитеттің дәл осы үш мүшесі кейбір партия жазушылары (Орталық Органның кәзіргі көпшілігі) оппортунизмге қарай ауытқыды деп өкініп арыз жазған болатын. Орталық Комитеттің бұл үш мүшесі «бейбітшілік» туралы сөз қыла отырып, сонымен қатар Оңтүстік бюросын (Орталық Комитеттің агенттерінің коллегиясы) таратады, онда көпшіліктің жағындағылар жұмыс істеді, бұлардың съезд шақыру жолында үгіт жүргізуге батылы барды деп таратады. Орталық Комитеттің үш мүшесі күресіп жүрген екі жақты келістіру туралы айта отырып, бір жағының өкілдерімен конференция жасап, екінші жағын елемейді. Бұл, жеке, ресми емес түрдегі келісімдер партияға қандай азғындық енгізеді десейші, бұлар бүкіл партияның ең зәру мүдделеріне жатады және құпия сырдың ешбір қажет емес екендігіне қарамастан бұларды партиядан барынша қымқырып жасырады! Бұл сыяқты партиядан жасырып істелген қылықтар арқылы бүкіл партия өміріне қаншама өзара сеніспеушілік, күдіктенушілік енеді десейші! Бұл келісімдер жайында қандай аңыз таралып жүргенін бүгін бір жолдас Россиядан маған былай деп жазады: партия арасында, азшылықтың ішінен үш бөлек топ құрылды деседі; бір бөлегі ең алдымен Орталық Комитетке Данды және Троцкийді кооптациялауды талап етеді, бұдан өзге ешнәрсе білгісі келмейді; екінші бөлегі конференция шақыруға келіседі; үшінші бөлегі тек Орталық Комитеттің декларациясына ғана қанағаттанады, ал бұл бөлегіне южнорабочийлықтар жатады (бұлар халыққа түсінікті орган құруды съезд жауып тастаған «Южный Рабочийді» бүркемелеп қайтадан қалпына келтірудің дәл өзі деп өте дұрыс қарайды). Бұл партиялық аңыздардың қандайының дұрыс екенін мен білмеймін. Бірақ азшылықтың әртүрлі топтардан құралатындығы, мәселен, Брукэр жолдастың азшылықтың «ультиматумдарына» және бүкіл кооптациялық ұрыскерістерге, бәлкім, мүлде қатыспайтындығы, «Южный рабочий» тобының әжептәуір ерекше бағыты бар екендігі, міне мұның бәрі жұртқа әйгілі фактылар, бұл фак-

тылармен біздің партия съезін зерттеп оқып жүрген адамдардың бәрі таныс. Партияның сыртынан көбінесе жекесторлардың мұндай саудаға салынуында қаншақтық маскара қорлық бар екенін сіз қалай көрмейсіз! Орталық Комитеттің үш мүшесінің екіжүзділігі оларға бұл сөздерді оңбағандықтардың бөлінен бөлек тұрған көшілік тарапынан мейлінше сенбеушілік туғызады. Бүгінгі таңда бұл бола ма? Съезд шақыру жолында үгіттеушілерді тарапып жіберуден басталған «бейбітшіліктің» партия жұмысындағының шыртындағы бұрмалаудың назар алынды деп танылатындығына таңғалуға бола ма? Көшіліктің азығылықты зорлықпен комитеттерге енгізу туралы көшіліктің қарарларын жарияламау туралы (Делерфурт және Евагерниослав қарарлары бір-непелік босып бөтеліп отыр), т. т. сондайлар туралы көшілік Орталық Комитет пен Орталық Орган (демек, Советте) келісіміне келуді деп ойлауына таңғалуға бола ма?

Партияның қазіргі жағдайында менің не себепті Орталық Органның редакциясына кіруім туралы сөз де болуы мүмкін емес екендігін сөз енді түсінер деп сенемін.

Сіздің мені Орталық Комитетке үш адамды қоопташыялау туралы мәселе бойынша дауыс беруден «тартынды» деуіңіздің недіңкісісіз. Мен «сайлауды бодлып өтісі» деп тағуға үзілді-кесілді қарсымын. Бұл жағдадан болып зиясыздық. Орталық Комитеттің үш мүшесі түгелімен менің жазған наразылығымды қарауға міндетті, мінне тек осыдан кейін ғана қоопташыя туралы мәселе көтеруге тиіс. Устав бойынша қоопташыя бірауыздан қабылдануға тиіс; мен бұған рыйзалығымды бергенім жоқ. Демек, істі Советке қоймайынша болып өткен қоопташыя туралы сөз де болуы мүмкін емес. Советтің қоопташыя туралы құрамын Орталық Комитеттің барлық мүшелері тексергенге дейін қоопташыя туралы мәселені сіз Советке заңсыз қоятын болсаңыз) Советтің протоколдарымен бірге маған хабарланылуға тиіс.

Сіздің менімен көрісе алмадым деп өкінуіңізге мен қосыла алмаймын. Сіздің Осипов жолдас жөнінде істеген қылықтарыңыздан кейін және сіздің берілген сөзге (1904 жылғы 26 майдағы шарт) осылай қарағаныңыздан кейін мен сізбен бірыңғай ресми түрде және бірыңғай хат арқылы болмаса, басқа ешқандай қатнас жасағым келмейді.

Орталық Комитеттің мүшесі *Н. Ленин*

*Біраз қысқартылып 1904 жылы мына
кітапшада басылған: Н. Шахов
„Съезд үшін күрес“, Женева*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

БІР АДЫМ ІЛГЕРІ, ЕКІ АДЫМ КЕЙІН

Н. ЛЕНИННИҢ РОЗА ЛЮКСЕМБУРГКЕ ЖАУАБЫ¹⁰¹

Роза Люксембург жолдастың «Die Neue Zeit-тың»* 42 және 43 номерлеріндегі мақаласы менің біздің партиядағы кризис туралы жазған орысша кітабымды** сын көзімен талдау болып табылады. Біздің партиялық әдебиетке көңіл бөлгендігі үшін, біздің әдебиетпен герман социал-демократиясын таныстыруға тырысқандығы үшін мен герман жолдастарға алғыс айтуға тиіспін, бірақ та мен Роза Люксембургтің «Neue Zeit-тағы» мақаласы оқушыларды менің кітабыммен таныстырмай, басқа бірдемемен таныстыратындығын көрсетуге тиіспін. Бұл мынадай мысалдардан көрінеді. Мысалы, Люксембург жолдас менің кітабымда «ешнәрсемен санаспайтын централизм» бағыты ашықтан-ашық көрініп тұр дейді. Сөйтіп, Люксембург жолдас мені бір ұйымдастыру системасын екінші бір системаға қарсы жақтап отыр деп ойлайды. Бірақ шынында ол бұлай емес. Бүкіл кітаптың өн бойында, бірінші бетінен бастап ақырғы бетіне дейін мен болуы мүмкін партияның барлығының қандай системасының болса да қалыпты ережелерін қорғаймын. Менің кітабымда белгілібір ұйымдастыру системаларының арасындағы айырма туралы мәселе қаралмайды, қайта партияның принциптеріне қайшы келмей, системалардың қандайын болса да қалайша қолдау, сынау және түзету керек екендігі туралы мәселе қаралады. Роза Люксембург бұдан соң былай дейді: «оның (Лениннің) түсінуі бойынша Орталық Комитетке партияның барлық жергілікті комитеттерін ұйымдастыру

* — «Жаңа Заман». *Ред.*
 ** Осы томның 205—443-беттерін қараңыз. *Ред.*

өкілдігі беріледі». Расында бұл дұрыс емес. Менің бұл мәселе жөніндегі пікірімді партия ұйымы уставының мен ұсынған жобасы арқылы документ бойынша дәлелдеуге болады. Бұл жобада жергілікті комитеттерді ұйымдастыру правосы туралы бірде бір сөз жоқ. Партия уставын дайындау үшін партия съезінде сайланған комиссия уставқа осы правоны енгізді, ал партия съезі комиссияның жасаған жобасын бекітті. Бұл комиссияға менен және көпшіліктің тағы бір жақтаушысынан өзге партия съезі азшылығының үш өкілі сайланды, демек, бұл Орталық Комитетке жергілікті комитеттерді ұйымдастыру правосын берген комиссияда менің үш дұшпаным басым болды. Роза Люксембург түрліше екі фактыны шатастырыпты. Біріншіден, ол менің ұйымдастыру жөніндегі жобамды, бір жағынан, комиссияның өзгертілген жобасымен шатастырды, екінші жағынан, партия съезі қабылдаған ұйымдастыру уставымен шатастырған; екіншіден, уставтың белгілі параграфының белгілі талабын қорғауды (бұл қорғауда мені ешнәрсемен санаспады деу мүлде теріс, өйткені комиссия енгізген түзетуге қарсы мен пленумда ешнәрсе айтқаным жоқ), партия съезі қабылдаған устав келесі съезд өзгерткенге дейін жүзеге асырылуға тиіс дейтін тезисті жақтаумен («әсіре централистік» екені рас емес пе?) шатастырған. Мен бұл тезисті (мұның «нағыз бланкистік» екенін оқушының оңай байқауына болады) расында да өз кітабымда «ешнәрсемен санаспай» қорғадым. Люксембург жолдас былай дейді: Лениннің ойынша «Орталық Комитет партияның бірден бір белсенді ұйтқысы болып табылады». Шынында бұл дұрыс емес. Мен ешуақытта да мұндай пікірді жақтағаным жоқ. Қайта, менің оппоненттерім (партияның II съезінің азшылығы) өздерінің хаттарында мені Орталық Комитеттің тәуелсіздігін, дербестігін жете қорғамайды және оны шет елдегі Орталық Орган мен партия Советіне тым бағындырып жіберді деп кінәлаған болатын. Бұл кінәлауға, партия көпшілігі партия Советінде басым болған кезде Орталық Комитеттің дербестігіне шек қоюға ешуақытта да ол тырыспаған болатынды деп мен өзімнің кітабымда жауап берген болатынмын; бірақ партия Советі азшылықтың қолындағы құралға айналысымен-ақ бұл дербестікке шек қойылды. Роза Люксембург

жолдас былай дейді: тұтас бір партияның қажет екендігіне россиялық социал-демократия қатарында ешқандай күмән жоқ, барлық талас централизация аз болу керек пе немесе көп бөлу керек пе деген мәселенің төңірегінде болып отыр. Шынында бұл дұрыс емес. Егерде Люксембург жолдас партияның көпшілігі болып отырған толып жатқан жергілікті партия комитеттерінің қарарларымен танысуға еңбектенген болса, онда ол таластың бізде, ең алдымен, Орталық Комитет пен Орталық Орган партия съезі көпшілігінің бағытында болуға тиіс пе немесе тиіс емес пе деген мәселе туралы болғандығын (бұл әсіресе менің кітабымнан анық көрініп тұр) түсінген болар еді. Бұл «әсіре централистік» және «таза бланкистік» талап туралы кұрметті жолдас бірде-бір сөз айтпайды, ол бөлшектің бүтінге беталды бағына беруіне қарсы, құлша бас ие беруге қарсы, алды-артына карамай бағынышты болуға және сол сыяқты құбыжықтарға қарсы декламация айтуды артық көреді. Құлша бас ию партия үшін қатерлі нәрсе дейтін терең мағналы идеяны түсіндіргені үшін мен Люксембург жолдасқа қатты алғыс айтамын, бірақ менің мынаны білгім келеді: өзін партиялық орган деп атайтын орталық органдарда партия съезінің азшылығы басым болуын ол жолдас дұрыс деп санай ма екен, мұның болуына жол бере ме екен, мұны белгілі бір партияда көрді ме екен? Р. Люксембург жолдас, Россияда үлкен және барынша централизацияланған жұмысшы партиясын кұру үшін барлық алғышарттар кәзірдің өзінде бар, деген пікірді маған таңады. Расына келгенде бұл да теріс. Мен кітабымның бірде-бір жерінде бұл пікірді қорғамағандығым былай тұрсын, керек десе ондай пікірді айтқаным да жоқ. Менің алға қойған тезисім мұнан басқа бір нәрсені көрсетті және көрсетеді де. Атап айтқанда, мен — партия съезінің қарарларын мойындау үшін кәзірдің өзінде барлық алғышарттар бар, жәнеде партия коллегиясын жеке үйірмемен алмастыруға болатын уақыт әлдеқашан өтіп кетті деп баса көрсеткен болатынмын. Біздің партиядағы кейбір академиктердің өздерінің тыянақсыз және тұрақсыз екендігін көрсеткендігі жөнінде және олардың өз тәртіпсіздігін орыс пролетарларына жабуға ешбір правосы жоқ екендігі жөнінде мен дәлелдер келтірген болатынмын. Орыс жұмыс-

шылары партия съезінің қаулыларын сақтау керек екендігі жөнінде түрлі жағдайларда бірнеше рет пікірін білдірген болатын. Люксембург жолдастың мұндай пікірді «оптимистік» пікір деп (оны мұнан да гөрі «пессимистік» деп есептеу керек емес пе екен) жарыялауы және сонымен бірге менің қағыйдамның дәл негізі туралы бірде-бір ауыз сөз айтпауы нағыз адам күлерлік нәрсе. Люксембург жолдас, мені фабриканың тәрбиелеу маңызын өте мақтайды, дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Мен партияны фабрика сыяқты деп ешуақытта да айтқаным жоқ, партияны мен осылай деп түсінеді деген менің дұшпаным болатын. Мен оны барынша мазақ етіп, оның фабрикалық тәртіптің түрліше екі жағын шатастырып отырғандығын оның өз сөзімен дәлелдеген болатынымын, амал не, Р. Люксембург жолдас та осылай шатастырып отыр*.

Люксембург жолдас былай дейді: Ленин өзінің революцияшыл социал-демократты, таптық-саналы жұмысшыларды ұйымдастыру ісімен байланысты Якобинец ретінде сыйпаттауы арқылы өзінің көзқарасына басқадан да гөрі тапқырлықпен өткір сыйпаттама берді, бұл оның дұшпандарының қайсысының беретін сыйпаттамасынан болса да өткір болып шықты. Расына келгенде бұл да теріс. Якобиншілдік туралы бірінші сөз қылған мен емес, қайта П. Аксельрод болатын. Біздің партиялық жіктерді ұлы француз революциясының кезіндегі жіктермен бірінші болып салыстырған Аксельрод болатын. Мен бұл салыстыруды кәзіргі социал-демократияның революциялық және оппортунистік болып бөлінуі кейбір жағынан монтаньярлар мен жирондистердің бөлінуіне сай келеді деген мағнада ғана қолдануға болады дегенді ғана айттым. Партия съезі таныған ескі «Искра» мұндай салыстыруды жиі келтіріп отыратынды. Ескі «Искра» нақ осындай бөлуді мойындай отырып, біздің партияның оппортунистік канатына қарсы, «Рабочее Делоның» бағытына қарсы күресті. Роза Люксембург бұл арада XVIII және XX ғасырдың революциялық екі бағытының арасындағы арасалмағын осы бағыттардың өздерін бірдей

* «Біздің түсініспеушіліктеріміз» деген кітапшаның орысшасындағы, «Р. Люксембург Карл Маркске қарсы» деген мақаланы қараңыз.

деп санаушылықпен шатастырады. Мысалы, егерде мен Кішкене Шайдегті Юнгфараумен салыстырғанда бәрібір, екі қабат үйді төрт қабат үймен салыстырғанда бәрібір болады дейтін болсам, бұл менің төрт қабат үйді Юнгфараумен бірдей дегенім болып шықпайды. Партиямыздың түрліше бағыттарына дұрыстап анализ жасау Люксембург жолдастың есінен шығып кеткен. Ал мен өз кітабымның жартысынан көбін нақ осы анализға арнап жаздым, бұл анализ біздің партия съезінің протоколдарына негізделген, ал кітапқа жазылған кіріспеде мен бұған ерекше көңіл бөлемін. Роза Люксембург біздің партияның кәзіргі жағдайы туралы айтқысы келеді, бірақ бұлай істеуде біздің партия съезін мүлде елемейді, ал, расына келгенде, біздің партияның шын негізін салған сол съезд болатын. Мұны қатерлі қадам деп тану керек! Мұның қатерлі болатын себебі менің дұшпандарым біздің партия съезін елемейді, мұны мен өз кітабымда жүздеген рет көрсеткен болатынмын, сондықтан да олардың айтқандарының бәрінде ешқандай дұрыс негіз жоқ.

Роза Люксембург жолдас та дәл осындай өте зор қате жіберіп отыр. Ол тек құр сөздерді ғана қайталайды, олардың түпкі мағнасын түсінуге еңбектенбейді. Ол таластың шын негізін зерттеместен, түрліше жаманшылықтарды айтып қорқытады. Ол маған жалпы нәрсені, жалпыға мәлім принциптер мен пікірлерді, шын ақыйқаттарды кінә етіп жапсырады да, шамалы ақыйқаттар жайында үндемеуге тырысады, ал бұл шамалы ақыйқаттар мейлінше нақтылы фактыларға негізделеді, міне мен тек осындай ақыйқаттарды ғана пайдаландым. Сөйте тұрып ол бір қалыппен кеткен деп кейіп, сонымен бірге Маркстің диалектикасына сүйенуге шақырады. Ал нағыз ойдан шығарылған қалыпқа салынушылық құрметті жолдастың дәл өз мақаласында болып отыр, нақ оның өз мақаласы диалектиканың азбукасына қайшы келеді. Бұл азбука ешқандай дерексіз ақыйқат болмайды, ақыйқат қашанда нақтылы болады деп дәлелдейді. Роза Люксембург жолдас біздің партиялық күрестің нақтылы фактыларын кереметсініп елемей, шындап талқылануы мүмкін емес мәселелер туралы ақкөңілдік жасап декломация айтумен болып отыр. Мен Люксембург жолдастың екінші мақаласынан ақырғы бір мысал келтіремін. Ол менің — ұйымдастыру уставының

белгілібір редакциясы оппортунизмге қарсы күрестің азды көпті өткір кұралы бола алады*, деген сөздерімді цитатқа алады. Мен өзімнің кітабымда және біз бәріміз съезде қандай тұжырымдар туралы айттық, міне бұл туралы Роза Люксембург бірде-бір сөз айтпайды. Партия съезінде мен қандай айтыс жүргіздім, мен өзімнің қағыйдаларымды кімге қарсы көтердім, міне бұларды ол жолдас мүлде қозғамайды. Мұның орнына ол маған парламенттік елдердегі оппортунизм туралы... бүтіндей лекция оқып рақым етеді!! Бірақ оппортунизмнің ерекше, айырықша өзгешеліктері туралы, бізде Россияда оппортунизмнің алған бағыттары туралы, менің кітабымда сөз болған бағыттары туралы — міне бұлар туралы біз оның мақаласынан бір сөзде таба алмаймыз. Бұл, барынша өткір тілді пікірлердің барлығынан шығатын қортынды мынау: «Партияның уставы оппортунизмге тойтарыс беру үшін өзімен өзі болған (?? қолынан келген адам түсініп көрсін) қайдағы бір кұрал болмауға тиіс, партияның іс жүзінде өмір сүріп отырған революцияшыл-пролетарлық көпшілігінің басшылық ықпалын жүргізу үшін тек қана қуаты күшті сыртқы кұрал болуға тиіс». Өте дұрыс. Бірақ біздің партияның іс жүзінде өмір сүріп отырған көпшілігі қалай кұрылды, міне бұл туралы Р. Люксембург үндемейді, ал мен өзімнің кітабымда нақ осы туралы айтамын. Сонымен қатар ол осы қуаты күшті сыртқы кұралдың көмегі арқылы менімен Плеханов екеуміз қандай ықпалды қорғағандығымыз туралы да үндемейді. Менің тек мынаны ғана қосуыма болады: партияның уставы «өзімен өзі болған» қару болып табылады дейтін мағнасыз сөзді мен ешуақытта және ешбір жерде айтқан жоқпын.

Менің көзқарастарымды бұл сыяқты тәсілмен талдауға берілетін жауаптың ең дұрысы біздің партиялық күрестің нақтылы фактыларын баяндау болар еді. Сонда нақтылы фактылардың Люксембург жолдастың жалпы сөздері мен бір қалыппен алынған абстракцияларына қаншалықты қатты қайшы келетіндігі әркімге де анық болады.

Біздің партия бірнеше орыс ұйымдары өкілдірінің съезінде 1898 жылы жазғытұрым Россияда кұрылды.

* Осы томның 282-бетін қараңыз. *Ред.*

Партия Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясы деп аталды. Орталық Орган болып «Рабочая Газета»¹⁰² белгіледі; «Шет елдегі орыс социал-демократтарының Одағы» партияның шетелдік өкілі болды. Съезден кейін көп ұзамай-ақ партияның Орталық Комитеті тұтқынға алынды. «Рабочая Газета» екінші номерінен кейін шықпай тоқтап қалды. Бүкіл партия жергілікті партия ұйымдарынан (комитет деп аталатындардан) қырық кұрау болып кұралған бейнесіз бір нәрсеге айналды. Бұл жергілікті комитеттерді біріктірген бірден-бір байланыс идеялық, таза руханилық байланыс болды. Келіспеушіліктердің, солқылдақтықтардың, жікке бөлінушіліктің дәуірі сөзсіз тууға тиіс еді. Батысевропалық партияларға қарағанда біздің партияның ішінде анағұрлым көп процент болған интеллигенттер жаңа мода ретінде марксизммен әуестенді. Көп ұзамай-ақ бұл әуестену, бір жағынан, Марксті буржуазиялық сынаудың алдына кұлша бас июшілікке, екінші жағынан, таза профессионалдық жұмысшы қозғалысына (стачкизм-экономизм) орын берді. Интеллигенттік-оппорунистік ағым мен пролетарлық-революциялық ағымның келіспеушілігі шетелдік «Одақтың» жікке бөлінуіне әкеп соқты. «Рабочая Мысль» газеті мен шетелдік «Рабочее Дело» журналы (бұл соңғысы біраз бәсендеу) экономизмнің дәріптеушісі болды, саяси күрестің маңызын түсірді, Россияда буржуазиялық демократияның элементтері бар екендігін бекерге шығарды. Маркстің «жарыя» сыншылары, Струве, Туган-Барановский, Булгаков, Бердяев және басқа мырзалар үзілді-кесілді оңға қарай кетті. Біздің Россияда болғаны сыяқты, өзінің логикалық ақырына, либералдық фракция кұруға бернштейншілдіктің осындайлық тез келген жерін біз Европаның ешбір жерінен таба алмаймыз. Бізде Струве мырза бернштейншілдік үшін «сынаудан» бастап, «Освобождение» дейтін либералдық, либералдық болғанда бұл сөздің европалық мағнасында, журнал ұйымдастырумен аяқтады. Шетелдік Одақтан шыққан Плеханов және оның достары «Искра» мен «Заряның» негізін салушылардың тарапынан сүйеніш көрді. Бұл екі журнал (тіпті Роза Люксембург жолдас та бұл туралы бірдемелер естіген) партияның оппортунистік қанатына қарсы «үш жылдық тамаша науқан» жүргізді, социал-демократиялық «Гораның»

социал-демократиялық «Жирондаға» (бұл сөз ескі «Искранікі») қарсы науқанын, «Рабочее Делоға» (Кричевский, Акимов Мартынов және басқа жолдастарға) қарсы, еврей Бундысына қарсы, бұл бағытпен жігерленген орыс ұйымдарына қарсы (ең алдымен петербургтік «Жұмысшы ұйымы» дейтінге және Воронеж комитетіне қарсы) науқан жүргізді.

Комитеттердің арасында бір ғана таза идеялық байланыстың болуы жеткіліксіз екендігі барған сайын анықталды. Нағыз топтасқан партия құрудың, яғни 1898 жылы белгіленіп қана қойылған нәрсені орындаудың қажет екендігі барған сайын анық сезіле бастады. Ақырында, 1902 жылдың аяғында Ұйымдастыру Комитеті құрылды, ол партияның II съезін шақыруды өзіне міндет етіп қойды. Бұл ең алдымен «Искраның» орыс ұйымы құрған Ұйымдастыру Комитетіне еврей Бундысының өкілі де кірді. 1903 жылы күзде, ақырында, II съезд болды, бұл съезд, бір жағынан, партияны формалды түрде біріктірумен аяқталса, екінші жағынан, партияны «көпшілік» және «азшылық» етіп жікке бөлумен аяқталды. Партия съезіне дейін мұндай бөлінушілік болған жоқ. Партия съезінде болған күреске қадағалап анализ жасау ісі ғана бұл бөлінуді түсіндіре алады. Амал не, азшылықтың жағындағылар (мұның ішінде Люксембург жолдас та бар) бұл анализдан жалтақтап бас тартады.

Мен өзімнің Люксембург жолдастың неміс оқушыларына осыншалық ерекше түрде көрсетіп отырған кітабымда 100 беттен артығын съездің протоколдарын (400 бетке таяу бір том болады) қадағалап талдап, шығуға арнадым. Мені бұл анализ делегаттарды, немесе дұрысырағын айтқанда дауыстарды (бізде бір немесе екі дауысы бар делегаттар болды) негізгі төрт топқа бөлуге мәжбүр етті: 1) көпшілік искрашылар (ескі «Искра» бағытын жақтаушылар) — 24 дауыс, 2) азшылық искрашылар — 9 дауыс, 3) центр (мазақ ретінде «батпак» деп те аталды) — 10 дауыс және, ақырында, 4) антиискрашылар — 8 дауыс, барлығы 51 дауыс. Мен осы топтардың партия съезінде болған барлық дауыс берулерде қатысуына анализ жасап, барлық мәселелер программа, тактика және ұйым бойынша партия съезі искрашылардың антиискрашыларға қарсы күресінің майданы болғандығын дәлелдеймін, бұл күресте «батпак» әрқый-

лы бұлтақтап отырды. Біздің партия тарихымен азда болса таныстығы бар адамның қай-қайсына болса да бұдан басқаша болуы мүмкін еместігі анық болуға тиіс. Бірақ азшылықтың жағындағылардың бәрі (мұның ішінде Р. Люксембург те бар) бұл күресті көздерін жұмып көргісі келмейді. Неге? Азшылықтың кәзіргі саяси жағдайының барынша жалған екендігін нақ осы күрес анықтайды. Партия съезіндегі осы күрестің өн бойында ондаған мәселелер бойынша, ондаған рет дауысқа салғанда искрашылар антиискрашылар мен «батпаққа» қарсы күресті, талқыланған мәселе неғұрлым нақтылы болған сайын, ол мәселе социал-демократиялық жұмыстың негізгі мәнін неғұрлым дұрыс етіп анықтаған сайын, ескі «Искраның» мызғымас берік жоспарын жүзеге асыруға неғұрлым шындап ұмтылған сайын, «батпақ» антиискрашылардың жағына соғұрлым батыл шығып отырды. Антиискрашылар (әсіресе Акимов жолдас және қашанда мұнымен бірыңғай болған петербургтік «Жұмысшы ұйымының» депутаты Брукэр жолдас, барлық уақытта дерлік Мартынов жолдас және еврей Бундының 5 делегаты) ескі «Искраның» бағытын мойындауға қарсы болды. Олар ескі жеке ұйымдарды қорғады, бұл ұйымдардың партияға бағынуына, бұлардың партиямен қосылуына қарсы дауыс берді (Ұйымдастыру Комитетімен болған шатақ, «батпақтың» ең маңызды тобы болған «Южный рабочий» тобын таратып жіберу, т. т.). Олар централизм рухында жасалған ұйымдастыру уставына қарсы күресті (съездің 14-мәжілісі), сөйтіп, ол кезде искрашылардың бәрін — олар «ұйымдасқан сенбеушілік», «ерекше заң» және басқадай құбыжықтарды енгізгелі отыр деп айыптады. Ол кезде искрашылардың бәрі, тегісімен, мұны мазақ етіп күлген болатын; енді Роза Люксембург жолдастың бұл ойдан шығарылған нәрселерді белгілібір маңызды нәрсе деп түсінуі қызық. Мәселелердің басым көпшілігіне келгенде искрашылар жеңді; олар съезде басым болды, мұны жоғарыда айтылған цифр мәліметтері ашық көрсетеді. Бірақ съезд мәжілістерінің екінші жартысында, принциптілігі кемірек мәселелер шешілген кезде антиискрашылар жеңді, — кейбір искрашылар олармен бірге дауыс берді. Мәселен, барлық тілдердің тең праволы болуы туралы біздің программамыздағы мәселе жайында осылай болды; бұл мә-

селе бойынша антиискрашылар программа комиссиясын талқандады және өз тұжырымын өткізді деуге болады. Сонымен қатар уставтың бірінші параграфы туралы мәселе бойынша да осылай болды, мұнда антиискрашылар «батпақпен» бірігіп Мартовтың тұжырымын өткізді. Бұл редакция бойынша партия мүшесі болып партия ұйымының мүшесі ғана (мұндай редакцияны Плеханов екеуміз жақтадық) саналып қоймай, сонымен қатар партия ұйымының бақылауымен жұмыс істейтін адамдар да саналады*.

Орталық Комитетті және Орталық Органның редакциясын сайлау туралы мәселе бойынша да дәл осындай болды. 24 искрашылар топтасқан көпшілік болып құрылды; олар редакцияны жанартудың көптен-ақ ойланған жоспарын өткізді: бұрынғы алты редактордың үшеуі сайланды; азшылыққа 9 искрашылар, центрдың 10 мүшесі және 1 антиискрашы кірді (қалғандары — 7 антиискрашылар, еврей Бундысының және «Рабочее Делоның» өкілдері — съезден бұдан да бұрын кетіп қалған болатын). Бұл азшылықтың сайлауларға наразы болғандығы сонша, ол қалған сайлауларға қатыспауға ұйғарды. Каутский жолдастың бұдан кейінгі күрестің басты себебі редакцияны жанарту фактысында болды деп білуі өте дұрыс. Бірақ оның редакциядан үш жолдасты мен (sic!**) «шығарды» деп карауы оның тек біздің съезбен мүлде таныс еместігінен болып отыр. Біріншіден, сайламай қою тіпті де шығарып тастау емес қой және де съезде менің біреуді шығарып тастауға, әрине, правом болған жоқ, ал екіншіден, антиискрашылардың, центрдың және «Искраны» жақтаушылардың кішкене бір

* Каутский жолдас Мартовтың редакциясын жақтайтындығын білдірді, ол бұлай етуде тиімділік көзқарасты жақтады. Біріншіден, бұл пункт біздің партия съезінде тиімділік көзқарас бойынша талқыланбай, принциптік көзқарас бойынша талқыланды. Міне мәселені дәл осы түрде Аксельрод қойған болатын. Екіншіден, егерде ол орыстың полициялық тәртібі кезінде партия ұйымына кірушілік пен мұндай ұйымның бақылауымен жәй ғана жұмыс істеудің арасында мұндай үлкен айырма бар деп ойлайтын болса, онда Каутский жолдас адасады. Үшіншіден, Россиядағы кәзіргі халде Германияда социалистер туралы ерекше заңның¹⁰³ әсерімен болған халмен салыстыру барынша қате.

** — солай! *Ред.*

бөлегінің коалиция жасау фактысының да саяси маңызы болғандығын және оның сайлаулардың нәтижесіне әсер етпей қала алмағандығын Каутский жолдас сезбейтін де болу керек. Біздің съезде болған нәрселерге көзін жұмбай қараған адам біздің азшылық және көпшілік болып жаңадан бөлінуіміз партиямыздың пролетарлық-революциялық және интеллигенттік-оппортунистік қанаты болып бұрынғы бөлінуінің тек бір түрі ғана болып табылатындығын түсінуге тиіс. Бұл қалай талқылағанмен де, қалай мазақтағанмен де елемей кетуге болмайтын факты.

Амал не, съезден кейін бұл жікке бөлінудің принциптік маңызы кооптация туралы мәселе жөніндегі ұрыскерістермен былғанды. Атап айтқанда, егерде ескі үш редактор қайтадан кооптацияланбайтын болса, азшылық бұталық мекемелердің бақылауымен жұмыс істегісі келмеді. Бұл күрес екі айға созылды. Күрестің құралы партияға бойкот жасау және партияға іріткі салу болды. Күрестің бұл әдістерін 12 комитет (бұл мәселе бойынша пікірін айтқан 14 комитеттің ішінен) қатты сөкті. Азшылық керек десе біздің (мені мен Плехановтан шыққан) ұсынысымызды қабылдаудан да және өз көзқарасын «Искраға» жазудан да бас тартты. Шетел лигасының съезінде іс насырға шауып, орталық органдардың мүшелерін бәлағаттап, сөгуге (озбырлар, бюрократтар, жандармдар, өтірікшілер, т. т.) дейін барды. Оларды адамның бастамасына жол бермеді және сөзсіз бас ию мен беталды бағынушылықты, т. т. енгізгісі келді деп кінәлады. Плехановтың азшылықтың мұндай күрес әдісін анархиялық әдіс деп бағалауға тырысуы мақсатқа жете алмады. Бұл съезден кейін Плеханов өзінің, дәуір жасаған және маған қарсы бағытталған, «Не істемеу керек» («Искраның» 52-номерінде) деген мақаласын шығарды. Бұл мақалада — ол ревизионизмге қарсы күрестің қайткен күнде де ревизионистерге қарсы күрес болуы шарт емес, дегенді айтты; оның бұл арада біздің азшылықты айтып отырғандығы жұрттың бәріне де анық еді. Ол бұдан соң былай деді: кейде, орыс революционерінде соншама терең орнаған анархиялық индивидуализммен күресіп те керегі жоқ; оны бағындырып, жікке бөлінуді болғызбау үшін кейде біраз жеңілдік жасау ең

жақсы құрал болып табылады. Мен редакциядан шықтым, өйткені мұндай көзқарасқа қосыла алмадым, ал азшылықтың редакторлары кооптацияланды. Бұдан соң Орталық Комитетке кооптация жасау жолында күрес болды. Менің — азшылықтың қолында Орталық Орган қалып, ал көпшіліктің қолында — Орталық Комитет қалатын болсын, осы шарт бойынша бітім жасалсын деген ұсынысым қабылданбады. Күрес тоқтамай жүре береді, «принципті түрде» бюрократизмге, әсіре централизмге, формализмге, Якобиншілдікке, швейцершілдікке (нақ мені орыс Швейцері деп атаған болатын) және басқадай құбыжықтарға қарсы күресті. Мен өзімнің кітабымда осы айыптаулардың бәрін мазақтап, не бұл жәй ғана кооптациялық ұрыс-керіс не (егер бұл шартты түрде «принциптер» деп танылуға тиісті болса) оппортунистік, жирондалық сылдыр сөз сыяқты басқа бірдеме. Қазіргі азшылық тек біздің съезде ескі «Искраның» барлық жақтаушылары қорғаған централизмге қарсы Акимов жолдастың және басқада әйгілі болған оппортунистердің айтқандарын ғана қайталайды.

Орталық Органның жеке үйірменің органына, кооптациялық ұрыс-керістер мен партиялық өсектердің органына айналуына орыс комитеттері ыза болды. Көптеген қарарлар шығарылып бұларда қатты сөгістер айтылды. Тек, біз атап өткен, петербургтік «Жұмысшы ұйымы» дейтін ғана және Воронеж комитеті (Акимов жолдастың бағытын жақтаушылар) жаңа «Искраның» бағыты жөнінде өздерінің *принциптік* қанағаттанғандығын білдірді. III съездің шақырылуын талап еткен дауыстар барған сайын көбейе берді.

Біздің партиялық күрестің шыққан негіздерін зерттеуге еңбектенген оқушы Роза Люксембург жолдастың «әсіре централизм» туралы, біртіндеп централизациялау, т. т. қажет екендігі туралы айтқандарының нақтылы түрде және практикада біздің съезді мазақ еткендік болып табылатындығын, ал абстрактылық және теориялық (егерде бұл арада теория туралы айтуға болатын болса) жағынан марксизмнің тікелей қадірін кетіру, Маркстің нағыз диалектикасын бұрмалау, т. т. болып табылатындығын оңай түсінеді.

Біздің партиялық күрестің ақырғы кезеңінде көпшілік мүшелерінің бір бөлегі Орталық Комитеттен шығарылып, бір бөлегі зыянсыз етілді, нольге теңеледі. (Бұл Орталық Комитеттің құрамында өзгеріс¹⁰⁴ болу нәтижесінде болды.) Партия Советі (ескі редакторларды кооптациялағаннан кейін бұл да азшылықтың қолына көшті) мен кәзіргі Орталық Комитет ІІІ съезд шақыру жолындағы үгіттің қандайын болса да теріс деп есептеді және олар азшылықтың кейбір мүшелерімен жеке келісуге және келіссөз жүргізуге көшті. Мысалы, Орталық Комитеттің агенттерінің (өкілдерінің), съезд шақыру жолында үгіт жүргізу сыяқты қылмыс істеуге барған коллегиялары таратылып жіберілді¹⁰⁵. Партия Советінің және партияның жаңа Орталық Комитетінің ІІІ съезді шақыруға қарсы күресі барлық жақтан бірдей жарыяланды. Бұған көпшілік: «Бонапартизм жойылсын!» (көпшіліктің атынан сөйлейтін Галерки¹⁰⁶ жолдастың кітапшасы осылай деп аталған болатын) деген ұранмен жауап берді. Съезд шақыруға қарсы күрес жүргізіп отырған партия мекемелерін антипартиялық, бонапартистік деп жарыялайтын қарарлардың саны көбейіп келеді. Азшылықтың әсіресе централизмге қарсы және автономия жолындағы барлық сөздерінің қаншалықты екіжүзді болғандығы мынадан-ақ ашық көрініп тұр: көпшіліктің жаңа баспасы (Галерки жолдастың жоғарыда көрсетілген кітапшасы және басқадай кейбір нәрселер осы баспада басылды) партиядан тысқары деп жарыяланды, бұл баспаны бір жолдаспен бірігіп мен құрған едім.¹⁰⁷ Жаңа баспа көпшілікке өз көзқарастарын насихаттауға бірден-бір мүмкіншілік береді, өйткені ол үшін «Искраның» беті жабық деуге болады. Міне осыған қарамастан немесе, дұрысырақ айтқанда, нақ осылай болғандықтан партия Советі біздің баспамызды бірде-бір партия ұйымы өкіл еткен жоқ деген таза формалдық дәлел бойынша жоғарыда аталған қаулыны шығарып отыр.

Кәзірде тиімді жұмыстың қаншалықты қалып қойғандығы туралы, социал-демократияның беделінің қаншалықты катты төмендегені туралы, бүкіл партияға қаншалықты катты ірткі салынғандығы туралы айтып та керегі жоқ, неге десеңіз ІІ съездің барлық қарарлары,

барлық сайлаулары жокка тән етілді, сонымен қатар III съезді шақыруға қарсы, партия алдында жауапты, партия мекемелері жүргізіп отырған күрестің нәтижесінде де осылай болып отыр.

1904 ж. сентябрьдің екінші жартысында жазылған

Ерінші рет 1930 жылы Лениннің XV жыйнағында басылған

*Қолжазба бойынша басылп отыр.
Неміс тілінен аударылған*

ЖАРАМСАҚ ЛИБЕРАЛ

Тарықсақ, шын қолғабыс жәрдем етер,
Бірақ бұған қай жанның ебі жетер,
Тек, тәңрім, Струвемен істес қылма,
Жарамсақ Струве — жаудан бетер!

Струве мырзаның «Освобождение» журналының соңғы номерінде (№ 57) мынандай өсиетті сөздер басылды:

Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясы деп аталатын партияның ішіндегі жіктелу процесі жаңа кезеңге көшті. Әсіре централистер («лениншілдер», «табанды», «большевистер») табан тірегін жоғалта бастады, ал олардың қарсы жақтарының позициясы барған сайын — ең болмағанда шетел «колонияларында» — нығая түсіп отыр. «Меньшевистер» (мартовшылдар) барлық жерде дерлік басым болып барады, барған сайын көптеген партия органдарын өз қолдарына алып отыр, ал «большевистерден» топтар мен жеке адамдар бөлініп кетіп жатыр, олар азшылықтың «платформасын» біржолата қабылдамаса да, алайда олармен күрескісі де келмейді және осы кезге дейін аласапранға ұшырап отырған партия ішінде бейбітшілік орнатуға тырысады. Қым-қыйғаш тартысты біржола жоюды тілейтін «ымырашылдар» сахнаға шыға бастады, өйткені бұл қым-қыйғаш тартыста адамдар басқаларды ғана емес өздерін де түсінуден қалды. Бұл «ымырашылдардың» пайда болуы келісімге келмейтін централистерді «партияның екінші съезі көпшілігінің принциптік позициясын қорғауға арналған социал-демократиялық партия әдебиетін басып шығару арқылы» пікір айтуға мәжбүр етіп отыр. (В. Бонч-Бруевич пен Н. Лениннің мәлімдемесі.) Біздің алдымызда осы жаңа баспаның үш кітапшасы: 1) *Партияға*. Женева. 1904, 16 бет, бағасы 20 сант., 15 пф. 2) *Галерка*, Бонапартизм жойылсын! Женева. 1904, 23 бет. Бағасы 25 сант., 20 пф. 3) *Галерка және Рядовой*¹⁰⁸. Біздің ұғыныспаушылықтарымыз. Женева. 1904. Бағасы 50 сант., 40 пф. — жатыр. Бұл үш кітапшаның басты мазмұны: «көпшілікке қарсы жүргізіліп отырылған «меньшевиктік» күрестің шындығында онша мінсіз емес кейбір методтарын сынау жолымен түсіндіреді және партиялық егестерді жайғастыру үшін үшінші съезді шақырудың мүмкіндігі былай тұрсын, тіпті оның хажетті нәрсе екендігі туралы тезисті қорғайды.

Партиялық адалдық тұрғыдан қарағанда неғұрлым байсалды позицияда *формалдық түрде тұрып*, «большевистер» істің мәнінде өзінің қарсы жақтарынан кем түсіп отыр. Істің шын мәнінде, меньшевистер «большевистерге» қарағанда кәзір анағұрлым өмірге жана-

сынды және қабілетті нәрсені қорғап отыр. Бірақ амал нешік, осы қорғау онша немесе, дұрысырағы, мүлде өрескел түрде жүргізіледі, тәсілдерді пайдалануда көбінесе барынша ретсіздік жасайды. Соңғы кезде «Искрада» шыққан еселсіз мақалалар және *Н. Троцкийдің*: Біздің саяси міндеттеріміз. (Тактикалық және ұйымдастыру мәселелері) Женева. 1904, 107 бет. Бағасы 75 сант. деген кітапшасы мұндай дәрежелік қорғаудың мысалы бола алады. Бұл кітапша көп жерлерде сылдыр сөздерге арқа сүйейді, бірақ, ол, дегенмен, кейбір идеяларды мүлде әділдікпен өз қорғауына алады, бұл идеялармен социал-демократиялық әдебиетке зейін салушылар: Акимов, Мартинов, Кричевский мырзалар мен және басқа да «экономистер» деп аталатындардың жазғандарынан-ақ таныс. Тек амал не, автор кей жерлерде соңғылардың көзқарасын келемежге айналдырып жібереді.

Мұнда біздің партиямыздың кәмшіліктерін қуана-қуана табалаушылық соншалықты көп! Бірақ либерал, өзінің саяси құлқы бойынша, социал-демократияның әлсіреуін және ыдырауын шаттана табаламай отыра алмайды.

Мұнда азшылықтың акимовтық көзқарастарының мәніне терең ойланылған, сезінген тілектестік соншалықты көп! Бірақ, шындығында, орыс либерализмінің өмірге қабілеттілігі, идеялық өмірге қабілеттілігі жөніндегі бірден-бір үміт, социал-демократтық оппортунизмнің өмірге қабілеттілігінде болып отырған жоқ па?

Жаңа «Искраның» және оның жақтаушыларының жолы болмай отыр.

Плехановтың атышулы, керемет, бір дәуір жасаған, «Негізі істемеу керек?» дегенін еске түсіріңіз. Қулықтың және жеке бастың икемге келушілігінің осы саясаты қалай шебер ойланылған және біздің дипломат аңқаулыққа қалай қолайсыз ұшыраған. Табанды оппортунист, Струве мырза, жаңа «Искрадағы» «мәнді өзгеріске» қалай дұрыс жармасқан. Ескі және жаңа «Искраның» арасындағы «тұңғышықты» енді жаңа «Искраның» басшыларының өздері де мойындап отыр.

«Искраның» 65-номерінде «Акимов ешкімге қорқынышты емес, онымен енді тіпті бақшадағы торғайларды да қорқыта алмайсыз», деп айтқан Плехановтың нарцистік сөзін еске түсіріңіз. Плеханов рабочее деловыларға жұмсақтықты, және икемге келушілікті онша айқын көрсетпейтін осы сөздерді айтқанда, сонымен бірге ол: біздің партия съезімізде «ортодокстық марксизмге қарсы қайдағы бір Акимов қана сөйлепті-мыс па», деп мәлім-

деді. Міне сонымен осы нарцистік мәлімдемелерден кейін іле-шала Воронеж комитетінің листогі *толығынан* басылып шығады, ал ол комитеттің Акимов пен Брукэр жолдастарға тілектес екендігі жұрттың бәріне мәлім, оның үстіне жаңа «Искраның» редакциясы листоктың бүкіл принциптік бөлімін (№ 61), жаңа «Искраның» жақтайтын сөздердің бәрін көпшіліктен *жасырып* қалыпты. Торғайға ұсаған кім болып шықты? Енді қандай партиялық мекемені бақшамен салыстыруға болады?

«Искраның» 73—74-номерлерінің қосымшаларындағы «Пора!» деген мақаланың авторын еске түсіріңіз. Біздің съезіміздің бүкіл бойына «батпақ» делегаттарының бәрі жүргізген көзқарастардың ашық және адал өкілі болған бұл жолдас Плехановпен өзінің келіспейтіндігін тура айтты, «Акимов съезде оппортунизмнің шын өкілінен гөрі оның елесінің ролін атқарды» деп өз пікірін тура айтты. Сондықтан бишара редакция өзін кейбір унтер-офицерлік операцияға қайта-қайта ұшыратуға тиіс болды. Редакция «Пора!» мақаласы авторының айтқанын мына төмендегі ескертумен жабдықтады:

«Бұл пікірмен келісуге болмайды. Акимов жолдастың программалық көзқарастарында оппортунизмнің айқын ізі жатыр, мұны «Освобождениенің» соңғы номерлерінің бірінде, Акимов жолдас «реалистік», — ревизионистік, деп оқыңыз, — бағытқа қосылып отыр деп «Освобождениенің» сыншысы да мойындайды».

Тамаша, рас емес пе? Акимов жолдастың программалық көзқарастарында оппортунизм бар дейді, онымен бірге программа туралы таластарда Мартынов, Брукэр жолдастар және бундшылдар барлық уақытта дерлік Акимовпен бірге дауыс беріп келді, ал батпактың делегаттары да көбінесе осылай етті. Ал, оның тактикалық және ұйымдастыру көзқарастарында оппортунизм жоқ па, — осылай ма, мырзалар? Сіздердің осы соңғы көзқарастар туралы үндемей отыруларыңыздың себебі жаңа «Искра» жаңа ұйымдастыру алауыздықтарын салтанатпен көтеріп, Мартынов пен Акимов ескі «Искраға» қарсы бұрын не айтса, нақ соны, тек соны ғана айтып отырғандықтан үндемей отырған жоқсыздар ма? Ең жаңа уақытта ең жаңа «Искраның» ұсынып отырған жаңа тактикалық алауыздықтары да, Мартынов пен Акимовтың ескі «Искраға» қарсы әлдеқашан айтқандарын түгелінен қайталау болып отырғандығынан емес пе? «Рабо-

«сее Делонин»¹⁰⁹ 10-номерін кәзір қайта бастырып шығару қандай пайдалы болған болар еді!

Сонымен, жаңа «Искра» редакциясының өзі Акимов жолдасқа қарсы судья және куә ретінде кімді көрсетіп отыр? — Струве мырзаны көрсетіп отыр. Судья жақсы, бұл спортунизм мәселелерінде нағыз маман, білімпаз, чемпион және сарапшы адам. Әсіресе, Троцкий көзқарастарының мазмұны туралы редакцияның өзі шақырған осы куәсінің бағасы аса маңызды. Ал, Троцкийдің кітапшасы, мұны ұмытпаңыз, «Искраның» редакциялауымен шықты ғой, (№ 72, 10-бет, 3-бағана). Троцкийдің «жаңа» көзқарастары — Плеханов, Аксельрод, Засулич, Старовер және Мартов мақұлдаған редакциялық көзқарастар.

Сылдыр сөз және акимовщина, амал қанша, соңғы адам күлерлік түрде, — жаңа «Искраға» тілектестің және оның өзі шақырған судьяның пікірі осындай.

Жарамсақ либерал бұл жолы байқаусызда нағыз шындықты айтты.

1904 ж. октябрде жазылған

1904 ж. ноябрде бөлек листок болып Женевада басылған

*Листоктың тексті бойынша
басылып отыр*

Н. ШАХОВТЫҢ «СЪЕЗД ҮШІН КҮРЕС» ДЕГЕН КІТАПШАСЫНА АРНАЛҒАН АЛҒЫСӨЗ

Біз оқушыға осы ұсынылып отырылған кітапшада біздің партиямыздың жергілікті орындарда жұмыс істеп отырған түрлі ұйымдарының осы кездегі партия кризисіне көзқарасын сыйпаттайтын документтердің мүмкіндігінше неғұрлым толық жыйнағын беруге тырыстық. Бұл документтердің бір қатары «Искрада» бұрын басылған текстіден, бір қатары тура қол жазбадан алынып отыр, сондықтан оқушы, оларды жеткізу жағдайының салдарынан бұл қол жазбаларда кейде қателердің және қалып қойған жерлердің болмауы мүмкін еместігін, ұмытпауға тиіс.

Басылып отырған документтердің мазмұны бір орталық пункттің айналасында, атап айтқанда: партиялықтың үйірмешілдікке қарсы күресінің, съезд үшін күрестің айналасында болады. Әуелі бұл күрес партияның екінші съезі үшін, съездің қарарларын мойындау және оны адалдықпен орындау үшін күрес болды, содан кейін осы күнгі сорақы жағдайдан шығуда партияның бірден-бір лайықты құралы болған үшінші съезд үшін күрес болды. Партияның осы күнгі орталық мекемелерінің үшінші съезге қарсы күресін біз документ мәліметтері негізінде мүмкін қадарынша толығырақ көрсетуге тырыстық.

Біздің жұмысымыз документтерді хронологиялық (мүмкін болғанынша) тәртіпке келтірумен және документтер арасындағы байланысты көрсету үшін мейлінше

қысқа түсініктер берумен аяқталды. Түсінік беруді біз келесі әдебиетке қалдырамыз. Съезд үшін күрес туралы факт жүзіндегі жалаң мәліметтер өзінен-өзі айқын нәрсе, сондықтан оларды зерттеу біздің партия ішіндегі күресіміз туралы жұрттың бәрінің және әрбір адамның өз алдына бөлек пікірі болуына жәрдем етеді.

1904 ж. мына кітапшада басылған:
Н. Шахов, „Съезд үшін
күрес“, Женева

Қолжазба бойынша
басылып отыр

КӨПШІЛІК КОМИТЕТТЕРІ БЮРОСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ХАБАР¹¹⁰

ЖОБА

Партия кризисі шексіз созылып отыр және оны шешу барған сайын қыйындай түсіп отыр. Көпшілікті жақтаушылар кризистің себептері жөнінде өз көзқарастарын және одан шығудың құралдарын баспа бетінде талай рет баяндады да. Бірсыпыра комитеттердің де (Одесса, Екатеринослав, Николаевск, Рига, Петербург, Москва және Кавказ одағы), 19 дың декларациясының да¹¹¹, көпшіліктің шетелдегі өкілдерінің де қуаттаған 22 нің мәлімдемесі* оның программасын толық және дәл баяндады. Кризистің барысымен азды-көпті таныс адамның және партияның беделі мен хасиетін азды-көпті кәдірлейтін адамның қай-қайсысы үшін де партия съезінен басқа ешбір жолдың жоқ екендігі әлдеқашан-ақ айқын болды. Бірақ енді Орталық Комитеттің бір бөлімінің жаңа декларациясы, партия Советінің жаңа қарарлары партиялық алауыздықты бұрынғыдан да гөрі шиеленістіріп отыр. Орталық Комитеттің азшылық жағына шыққан мүшелері Орталық Комитеттің көпшілік жағына қалған мүшелерінің праволарын нағыз өрескел түрде бұзып отыр. Жаңа Орталық Комитет бітім жарыялады, мұнда жаңа Орталық Комитеттің көпшілікпен есептеспегені былай тұрсын, ал, қайта, оны мүлде елемеді, сөйтіп тек бір ғана азшылықпен келісімге келді, ал бұл келісімді жәй құпия түрде жасады. Кімде-кім шын бітімді тілейтін болса, ол ең алдымен барлық күресушілерді, айтысушыларды және наразыларды шақырған болар еді, ал мұндай шақырушылық партия съезі болып табы-

* Осы томның 473—481-беттерін қараңыз. *Редд.*

лады. Бітім туралы айтып, ал съезден қорқу, бітістіру бірақ сонымен қатар азшылықтың 3 съезде де жеңіліп қалуы ықтималдығынан, екіге жарылушылықпен қорқыту — екіжүзділік жасау деген сөз, орыс партия қызметкерлеріне шетел үйірмесінің кіділігін күшпен әкеліп таңу деген сөз, бітімнің сыпайы ұранымен көпшіліктің толық опасыздығын көрсету деген сөз. Жаңа Орталық Комитет бітім үшін, съезді тілейтін батыл талабы бар ұйымдарды таратып отыр. Жаңа Орталық Комитет бітім үшін көпшіліктің басып шығарғандарын партиялық емес деп жарыялап, оларды комитеттерге жеткізуден бас тартып отыр. Жаңа Орталық Комитет бітім үшін партия Советінің қарарына ұрыс-керіс енгізіп отыр, партия Советінің әрекеттері әлі тексерілмеген және бағытталған айыпты оларға дәлелдеп көрсету жөнінде тіпті түк жасалмаған жолдастар тарапынан болған «алдаулар» туралы баспа сөз бетінде мәлімдеуге батылы барып отыр. Партия Советі партияның қоғамдық пікірін және оның қарарын кәзір тура қолдан жасап отыр; комитеттердің қарарларын тексеруді съезд идеясына жау Орталық Комитетке біле тура тапсырып отыр; комитеттердің бұл қарарларына күдіктеніп, олардың жарыялануын кешіктіріп отыр; дауыстарды теріс есептеп, съездің мандаттарды жарамсыз деп жарыялайтын правосын өз қолына алып отыр; жергілікті комитеттерге қарсы «периферияны» қалпына келтіру арқылы тиімді жұмыстарға іріткі салып отыр. Ал, оның бержағында, Орталық Комитет пен Орталық Органның күштерінің съезге қарсы күреске кетіп жатқандығынан жалпы партиялық тиімді жұмыс та тоқтап қалып отыр.

Көпшіліктің комитеттері мен ұйымдарына съезді талап етіп күресу үшін, партияның орталық мекемелері деп аталатын, іс жүзінде партияны тура қорлап отырған мекемелерге қарсы күресу үшін бірлесіп ұйымдасудан басқа ештеме қалмай отыр. Біз осылай ұйымдасуға әрекет етеміз: Одесса, Екатеринослав, Николаевск, Рига, Петербург және Москва комитеттерінің инициативасы және келісімі бойынша Көпшілік Комитеттері Бюросын құрамыз.

Біздің ұран — партиялылықтың үйірмешілдікке қарсы күресі, ұстамды революциялық бағыттың бұран жолдарға, шым-шытырақтарға және рабочедельствоға қайтып

оралуға қарсы күресі, пролетарлық ұйым үшін және іріткі салушыларға қарсы қойылған тәртіп үшін күрес.

Біздің таяудағы міндеттеріміз — Россияда және шетелде көпшілікті идеялық және ұйымдастыру жағынан топтастыру, көпшіліктің (Бонч-Бруевич және Ленин жолдастардың шетелде бастаған) баспасын барлық жағынан бірдей қуаттап дамыту, біздің орталық мекемелеріміздің бонапартизмімен күресу, 3 съезді шақыру жөніндегі шаралардың дұрыстығын бақылау, комитеттердің редакция мен жаңа Орталық Комитеттің агенттері іріткі салып отырған тиімді жұмысына көмектесу.

Көпшілік Комитеттері Бюросы.

Бюромен Россиядағы көпшілік комитеттері арқылы және шетелдегі Бонч-Бруевич пен Лениннің баспасы арқылы қатнасуға болады.

*1904 жылы 20 октябрьге
(2 ноябрьге) дейін жазылған*

*Бірінші рет 1940 жылы „Пролетарская Революция“ журналының
2 номерінде басылған*

*Қолжазбасы бойынша
басылып отыр*



**ЗЕМСТВО НАУҚАНЫ ЖӘНЕ
«ИСКРА» ЖОСПАРЫ¹¹²**

*1904 ж. ноябрьде жазылған
1904 ж. ноябрьде Женевада жеке
кітапша болып басылып шыққан*

*Кітапшаның тексті
бойынша басылып отыр*

ПАРТИЯ МҮШЕЛЕРІ ҮШІН ҒАНА

Жақында ғана «Искра» редакциясының қолы қойылып, партия ұйымдарына арналған («партия мүшелері үшін» деген) хат жарыяланды. Россия ешуақытта да конституцияға тап осы күнгідей жақын болған жоқ, — дейді редакция және «саяси науқанның» тұтас бір жоспарын, конституцияны сұранып, ізденіп жүрген либерал земствошыларымызға ықпал етудің тұтас бір жоспарын толық баяндайды.

Жаңа «Искраның» бұл аса ғыйбратты жоспарын, талдап тексерместен бұрын, біздің либерал земствошыларымызға көзқарас туралы мәселе бұқаралық жұмысшы қозғалысы туғаннан бері орыс социал-демократиясында қалай қойылғандығын есімізге түсірейік. Бұқаралық жұмысшы қозғалысы туа бастаған кезден бері дерлік «экономистер» мен революционерлер арасында бұл мәселе жөнінде де күрес болып келгені жұртқа мәлім. «Экономистер» Россиядағы буржуазиялық демократияны тұпатура жоқ деуге дейін, қоғамның оппозициялық топтарына пролетариаттың ықпал ету міндеттерін елемеушілікке дейін барды, мұнымен қатар пролетариаттың саяси күресінің өрісін тарылтып, олар, түсініп болсын, түсінбей болсын, саяси басшылық ролін қоғамның либерал элементтерінің қолына берді, жұмысшыларға «қожайындарымен және үкіметпен экономикалық күрес жүргізуді» қалдырды. Бұрынғы «Искрадағы» революцияшыл социал-демократияны жақтаушылар бұл бағытқа қарсы күресті. Бұл күрес үлкен екі дәуірге: либералдардың органы «Освобождение» шыққанға дейінгі және ол шыққаннан кейінгі дәуірге бөлінді. Бірінші дәуірде біз көбі-

несе экономистердің ой өрісінің тарлығына қарсы шабуыл жасадық, олардың өздері байқамай жүрген фактыны — Россияда буржуазиялық демократия бар екендігінің фактысын «естеріне салдық», пролетариаттың барлық жағынан бірдей саяси жұмыс жүргізу міндетін, оның қоғам топтарының бәріне ықпал ету міндетін, бостандық жолындағы соғыста авангард болу міндетін атап айттық. Кәзіргі уақытта, жаңа «Искраны» жақтаушылар бұл дәуірді неғұрлым сорақы түрде бұрмалаған сайын (Троцкийдің «Искраның» редакциялауымен басылған «Біздің саяси міндеттеріміз» деген мақаласын қараңыз), қозғалысымыздың жақында ғана басынан өткізген істерінің тарихымен кәзіргі жастардың таныс еместігін, неғұрлым көп пайдаланған сайын, бұл дәуірді, оның негізгі белгілерін еске түсіру соғұрлым орынды және соғұрлым керек.

«Освобождение» шыққаннан бері бұрынғы «Искраның» күресінің екінші дәуірі басталды. Либералдар дербес органмен және ерекше саяси программамен майданға шыққан соң, пролетариаттың «қоғамға» ықпал ету міндеті, әрине, өзгерді: жұмысшы демократиясы либералдық демократияны «сілкіндірумен», оның оппозицияшыл рухын қозғатумен қанағаттана алмады, ол, либерализмнің саяси позициясында айқын көрінген тұрлаусыздықты революцияшылықпен сынауды бірінші орынға қоюға тиіс болды. Либералдық топтарға біздің ықпал етуіміз либерал мырзалардың саяси қарсылығының тынақсыздығын және жеткіліксіздігін үнемі көрсетіп отыру түріне айналды (Виттенің запискасына Струве мырзаның жазған алғысөзін сынаған «Заряны»* және «Искраның» толып жатқан мақалаларын дәлелге алудың өзі жеткілікті болады).

Ашық майданға шыққан либерализм жөніндегі социал-демократияның бұл жаңа позициясының партияның II съезі қарсаңында анықталып, нығайғаны соншама — Россияда буржуазиялық демократия бар ма және оппозициялық қозғалыс пролетариаттан жәрдем алуы керек пе (алса, қандай жәрдем) деген сұрау ешкімнің ойына да кіріп шыкпады. Әңгіме тек бұл мәселе жөніндегі партиялық көзқарастарды тұжырымдау туралы

* Қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, қазақша 21—73-беттері. *Ред.*

болды; бұл жерде мен бір жағынан либералдармен «келісудің» соңына түскен (және тіпті мезгілсіз түскен), ал екінші жағынан мұндай келісімдердің, либералдардың мүлдем орындауына болмайтын жалған шарттарын қойған Старовердің шатасқан қарарынан гөрі, либералдық «Освобождениенің» революцияға қарсы және пролетариатқа қарсы сыйпатын атап көрсеткен Плехановтың қарарында бұрынғы «Искраның» көзқарастары анағұрлым жақсы айтылғанын көрсетсем де жеткілікті.

I

Жана «Искраның» жоспарына көшейік. Либералдық демократияның батылсыздығы және тұрлаусыздығы туралы мәселе жөніндегі, либералдық буржуазия мен пролетариаттың мүдделерінің дұшпандық қарама-қарсылығы туралы мәселе жөніндегі күллі материалды сарқа пайдалану, «біздің программамыздың принципті талаптарына сәйкес» пайдалану біздің міндетіміз екенін редакция мойындайды. «Бірақ — дейді редакция — бірақ абсолютизмге қарсы күрестің шеңберінде, нақ кәзіргі сатыда либералдық буржуазияға біздің көзқарасымыз оны жүректірек ету, социал-демократия бастаған пролетариат көтеріп шығатын (?шыққан?) талаптарына қосылуға оған түрткі салу міндетімен белгіленеді». Біз бұл ғажайып тирададағы ғажайып сөздерді баса көрсетіп отырмыз. Шынында да, бір жағынан, тұрлаусыздықты сынап, мүдделердің бір-біріне дұшпандықпен қарама-қарсы екенін талдағандықты, ал екінші жағынан, жүректірек ету және қосылуына түрткі салу міндеттерін қойғандықты ғажайып қарама-қарсылық демегенде не дейміз? Либералдық буржуазияны біз оның демократия мәселелеріндегі тұрлаусыздығын аяусыз талдап, өлтіре сынау жолымен жүректі етпегенде, басқаша қалай жүректі ете аламыз? Буржуазиялық (либералдық) демократияның демократия болып бой көрсетуге ойы болғандықтан және демократия болып бой көрсетуге мәжбүр болғандықтан ол халықтың неғұрлым қалың топтарына сүйенуге қалай да талаптанады. Бұл талап мынадай қайшылықты туғызбай қоймайды: халықтың әлігі топтары неғұрлым қалың топ болса, олардың арасында пролетарлық және жартылай пролетарлық жіктердің өкіл-

дері соғұрлым көп болады; бұлар саяси және қоғамдық құрылыстың толық демократиялануын, толық демократиялану болғанда жалпы буржуазиялық үстемдік атаулының өте маңызды тіректерін (монархияны, тұрақты әскерді, бюрократияны) бұзу қаупін туғызатындай демократиялануды талап етеді. Буржуазиялық демократия өзінің жаратылысы жағынан бұл талаптарды қанағаттандыра алмайды, ол сондықтан өзінің жаратылысы жағынан батылсыздыққа және тұрлаусыздыққа душар болмай қоймайды. Социал-демократтар осы тұрлаусыздықты сынап, либералдарды әрқашан итермелеп отырады, көптеген пролетарлар мен жартылай пролетарларды, тамтұмдап ұсақ буржуаларды да либералдық демократиядан жұмысшы демократиясының жағына аударып алып отырады. Біз либералдық буржуазияның тұрлаусыздығын сынауымыз керек, бірақ (бірақ!) либералдық буржуазияға біздің көзқарасымыз оны жүректірек ету міндетімен белгіленеді деп қалайша айтуға болады? Бұл көрінеу шатақ-қой, бұл мынаны дәлелдейді-ғой: мұның авторлары не шегіншектеп барады, яғни либералдар әлі ашық бой көрсетпеген, оларды жалпы ояту, қозғау, аузын ашуға итермелеу керек болған заманға қарай қайта оралып барады; — не болмаса авторлар пролетарийлердің жүректілігін кеміту арқылы либералдарды «жүректірек етуге» болады-мыс деген пікірге бой ұрады.

Бұл адам айтқысыз сұмдық пікір бола тұрса да, редакциялық хаттын тағы бір жерінде бұл пікірдің одан да айқын айтылғанын көреміз: «Бірақ — деп қайта-қайта ескертеді редакция — бірақ егерде біз *қорқытудың* жігерлі шараларымен земствоны немесе буржуазиялық оппозицияның басқа органдарын, *үрейлену* әсерімен, біздің талаптарымызды үкіметке тапсыруға кәзір-ақ *мәжбүр етуді* максат қылсақ, зор категе душар болған болар едік. Ондай тактика социал-демократияға кір келтірген болар еді, өйткені біздің бүкіл саяси науқанымызды реакция үшін демеу құралға айналдырған болар еді» (курсив редакцияныкі).

Міне қалай! Патша самодержавиесі өте-мөте көрінеу қобалжып отырған кезде, үлкен соққы беру өте-мөте керек, өте-мөте пайдалы болып отырған кезде және шешуші соққы болуы мүмкін кезде революциялық проле-

тариат патша самодержавиесіне әлі бірде-бір үлкен соққы беріп үлгірген жоқ, ал соның өзінде реакция үшін демеу құрал туралы миңгірлейтін социал-демократтар табылып қалды. Бұл енді тек шатақ қана емес, бұл тура азғын сөз. Сонымен редакция реакция үшін демеу құрал туралы әдейілеп сөз қозғау үшін өте қорқынышты құбыжықты ойлап шығарып алып, осындай азғын сөзді айтуға дейін жетіп отыр. Ойлап қараңыздаршы: социал-демократиялық партияның партиялық ұйымдарына жазылған хатта земствошыларды қорқыту тактикасы және үрейлену әсерімен, формальды уәде беруге оларды көндіру жайында бұл адамдар шынымен-ақ айтып отыр! Мұндай құбыжыққа сенетін мемелекеттік сәбиді тіпті орыс сановниктерінің арасынан да, тіпті біздің Угрюм-Бурчеевтердің¹¹³ арасынан да табу оңай болмас еді. Бізде, революционерлердің арасында, барып тұрған террористер бар, барып тұрған бомбистер бар, бірақ бомбизмді қорғаушылардың ақымақтарының ішіндегі ең ақымағы да осы уақытқа дейін... земствошыларды қорқытуды және... оппозицияның арасында үрей туғызуды ұсынбаған сыяқты. Осындай кісі күлерлік құбыжықтарды ойлап шығарып, осындай тұрпайы сөздерді іске жұмсап, түсініспеушіліктер мен шатастырушылық туғызбай қоймайтынын, күресіп жатқан пролетарийлердің санасезімін көмескілеп, ақыл-ойына лаң салатынын редакция шыныменен көрмей ме? Редакция үшін демеу құрал туралы, кір келтіретін қорқыту тактикасы туралы айтылған бұл сөздер желге кетіп жатқан жоқ-қой, бұл сөздер арам шөптің өсуіне барынша бейімделген өзгеше Россиялық-полицейлік топыраққа себіліп отыр-ғой. Реакция үшін демеу құрал туралы бізге шынында әрбір бұрыш сайын айтып жүр, бірақ айтушылар — нововремышылдар. Кір келтіретін қорқыту тактикасы туралы шынында біздің құлағымызды тұндырды, — мұны айтушылар буржуазиялық оппозицияның қоян жүрек көсемшелерінен басқа ешкім де емес.

Профессор князь Е. Н. Трубецкойды алыңыз. Ол жеткілікті «көзі ашық» және — орыстың жарыя қайраткері үшін — жеткілікті «батыл» либерал сыяқты. Ал либералдық «Правода» (№ 39) «ішкі қауіп» туралы, нақ шеткергі партиялардың қауіпі туралы ол қандай азғын пікірлер айтады десеңізші! Міне бұл үрейленушілікке іс

жүзінде кімнің жақын тұрғандығының нақтылы үлгісі, міне бұл нағыз либералдарға іс жүзінде ненің қорқыныш әсерін тигізетіндігінің айқын мысалы. Әрине, олар «Искра» редакторларының түсіне кірген жоспардан, земствошылардан революционерлерге ресми уәде алып беру жоспарынан қорықпайды (Трубешкой мырзаға мұндай жоспар жайында айтса, ол қарқылдап күлер еді де қояр еді), — олар «шеткергі» партиялардың революциялық-социалистік мақсаттарынан қорқады, олар буржуазияның үстемдігін құлатқанға дейін тоқтамайтын, қаруын тастамайтын пролетариаттың революциялық жолмен өздігінен әрекет етуінің тұңғыш жыл кұстары болып табылатын көше листоктарынан қорқады. Бұл қорқыныш кісі күлерлік құбыжықтар арқылы тумайды, қайта жұмысшы қозғалысының шын сыйпаты арқылы туады, бұл қорқыныш буржуазияның жүрегінен шығып кетпейді (жеке адамдар мен жеке топтар, әрине, есепке алынбайды). Міне сондықтан земствошылар мен буржуазиялық оппозицияның өкілдерін қорқытудың кір келтірерлік тактикасы туралы жаңа «Искраның» пікірінен сондай жалғандық байқалады. Көше листоктарынан шошынып, цензілі конституциядан әрі баратын нәрсенің бәрінен шошынып, либерал мырзалар «демократиялық республика» деген ұраннан және бүкіл халықтық қарулы көтеріліске шақырудан әрқашан қорқатын болады. Ал біз бұл ұраннан және бұл шақырудан бас тарта аламыз-ау, біз өз жұмысымызда буржуазияның жалпы үрейленуіне, қорқуына сүйене аламыз-ау деген ойдың өзін саналы пролетариат ашу-ызамен аулақ тастайды.

«Новое Время»¹¹⁴ алыңыз. Реакция үшін демеу құрал туралы сарынға ол неше құбылтып ариялар айтып жүр. «Жастар және реакция — дегенді оқығандық біз № 10285 (18 октябрь) «Мақалаларда» — ...Бұл екі сөз бір-бірімен үйлеспейді, ал оның бержағында жеткілікті ойластырылмаған әрекеттердің, қызбайға салынушылықтардың, мемлекеттің тағдырына қалайда дереу қатынасқа талпынған талаптардың жастарды осындай үмітсіз тұйыққа әкеп тіреуі мүмкін. Жақында Выборг түрмесінің жанында демонстрация болуы, одан соң астананың өзінде бірдемені манифестациялау әрекеті, Москвада 200 студенттің соғысқа қарсылық білдіріп, жалау көтеріп шығуы... Осыдан келіп реакция түсінікті бола-

ды... студенттердің толқулары, жастардың демонстрациялары, — осының бәрі үлкен бір олжа-ғой, мұның өзі көзір-ғой, реакционерлердің қолына түскен, күтпеген үлкен көзір-ғой. Міне бұл олар үшін шын қымбат сыйлық, мұны олар пайдалануды біледі. Бұл сыйлықты берудің керегі жоқ, көз алдына елестеген (!!!) темір торларды бұзудың керегі жоқ: кәзір барлық есік ашық (сірә, Выборг түрмесінің де, басқа түрмелердің де болса керек?) және кеңінен ашық!»

Бұл пікірлер түсіндіріп жатуды керек қылмайды. *Кәзір*, күресуші жұмысшылардың шығуы үшін бүкілроссиялық түрменің бірде-біреуінің есігі ашылмаған кезде, патша самодержавиесі пролетариатқа титтей де болса сезілгендей әлі бірде-бір жеңілдік бермей отырған кезде, орыс халқының жауына қарсы нағыз және батыл шайқасқа әзірленуге барлық назарды аударып, барлық күшті жұмсау керек болып отырған кезде, — міне осы кезде реакция үшін демеу құрал туралы сөз қозғаудың жөнсіз екенін көру үшін ол пікірлерді мысалға келтірудің өзі-ақ жеткілікті. Әрине, мұндай шайқасу туралы ойдың өзі-ақ Трубецкой мырзалар мен «көзі ашықтығы» бұлардікінен кем мындаған либерал мырзаларды қорқытып, үрейлендіреді. Бірақ біз олардың үрейленуімен санасатын болсақ, ессіз болған болар едік. Біз өз күштеріміздің жайымен, халықтың толқуы, ызалануы күшеюімен, пролетариаттың самодержавиеге тікелей шабуылы стихиялық және стихиялық жолмен өршуші қозғалыстардың біріне қосылатын кезеңмен санасуымыз керек.

II

Жоғарыда, біздің редакцияның түсіне кірген құбыжық туралы сөз қылғанымызда, біз оның пікіріндегі тағы бір сыйпатты белгіні айтпай кеттік. Земствошылардың «біздің талаптарымызды үкімет алдына қоюға формалды уәдесін» жұлып алуға бағыт алған және беделің түсіретін тактиканы редакция қатты сөкті. Бұрын көрсетілген ыңғайсыздықтардың үстіне, бұл арада «біздің» талаптарымызды, жұмысшылар демократиясының талаптарын, үкімет алдына либералдық демократияның қоюы туралы пікірдің өзі де сөкет пікір. Бір жағынан,

либералдық демократияның буржуазиялық демократия болғандығынан да, ол «біздің» талаптарымызды ешуақытта түсіне алмайды, шын ниетімен, тыянақты түрде және батыл қорғай алмайды. Егерде, либералдар біздің талаптарымызды қоюға формалды уәде берсе де, «еркімен» берсе де, сонда да олар, әрине, бұл уәдеде тұра алмас еді, пролетариатты алдар еді. Екінші жағынан, біз жалпы алғанда буржуазиялық демократияға, әсіресе земствошыл мырзаларға шындап ықпал ете алатындай күшті болсақ, онда талаптарымызды үкіметке өз бетімізбен білдіру үшін мұндай күш бізге толық жеткілікті болар еді.

Редакцияның сөкет пікірі — аңдамай сөйлеп қалғандығының нәтижесі емес, өзінің бұл мәселе жөнінде ұстаған шатқалаң позициясының болмай қалмайтын салдары. Тындаңыздар: «буржуазиялық оппозицияға ұйымдасқан түрде күшті ықпал етудің... практикалық міндеті... негізгі нысана, басшылық жол болып табылуы тиіс»; «либералдық оппозицияның бұл органына жұмысшылар атынан берілетін мәлімдеменің жобасында жұмысшылардың неліктен үкіметке айтпай, дәл осы оппозиция өкілдерінің жыйылысына айтуы туралы түсініс» болуға тиіс. Міндетті мұндай түрде алға қою, негізінде қате. Біз, пролетариаттың партиясы, әрине, «халықтың барлық таптарына баруға тиіспіз», барғанда программамызды және жуықтағы талаптарымызды бүкіл халық алдында ашық және жігерлі түрде қорғай отырып баруымыз керек, біз бұл талаптарымызды земствошыл мырзалардың алдына қоюға да тырысуымыз керек, бірақ біз үшін негізгі нысана және басшылық жол земствошыларға емес, үкіметке ықпал жасау болуы керек. «Искраның» редакциясы негізгі нысана туралы мәселені астын-үстіне келтіріп, шатыстырып қойып отыр. Өзі күреспегендіктен, өзінің сөзсіз қорғайтын программасы болмағандықтан, күресіп жатқан екі жақтың арасында (үкіметтің және революцияшы пролетариаттың, оның азғантай интеллигент жақтастарының арасында) тұрғандықтан, күрестің нәтижесін өз пайдасына есептеп отырғандықтан ғана буржуазиялық оппозиция тек буржуазиялық, тек оппозиция болып отыр. Сондықтан күрес неғұрлым қызған сайын, батыл ұрыстың мезгілі неғұрлым жақындаған сайын, біз назарымызды, ықпал ету күшімізді, *көрінеу*

шартты, проблематикалық, сенімсіз және тұрлаусыз одақтас болып отырған одақтасымызға емес, өзіміздің шын жауымызға соғұрлым көбірек аударуымыз керек. Бұл одақтасты елемеу ақылсыздық болар еді, оны қорқытуды және үркітуді мақсат ету қыйсынсыздық болар еді, — мұның бәрі соншама айқын, сондықтан мұны әңгіме ету де орынсыз. Бірақ тағыда айтамын, біздің үгітіміздің негізгі нысанасы және басшылық жолы бұл одақтасқа ықпал ету емес, дұшпанмен үзілді-кесілді шайқасуға әзірлік жүргізу болып табылады. Земствоны алдарқатып, оған болмашы жеңілдіктер жасай отырып, үкімет іс жүзінде халыққа әлі ешнәрсе берген жоқ қой; анау я мынау патшаның өткінші либералдық әсерлерінен кейін Россияда нешеме ондаған, жүздеген рет болған тәжірибелер сыяқты, үкімет әлі реакцияға толық, әбден толық қайта орала алады (дұрысын айтқанда, реакцияны соза береді). Дәл осы уақытта, земствоны алдарқатып, халықтың көзін бояп, оны бос сөзбен жұбатып отырған уақытта, түлкі құйрықтан ерекше сақтану керек, дұшпанның әлі жеңіліп жетпегенін ерекше жігермен ескертіп отыру керек, күштің басым салмағын үкіметке «айтудан» земствоға айтуға аудармай, жауға қарсы күресті жүргізе беруге және сан есе күшейтуге ерекше жігермен шақырып отыру керек. Дәл кәзіргі уақытта, басқа ешкім емес, көрнеу қаймақты қармайтындар және бостандықты сатушылар ғана, қоғам мен халық назарының басым салмағын земствоға аудару үшін, іс жүзінде шын демократияға сенімді боларлық еңбегі жоқ земствоға сенім туғызу үшін алас урады. «Новое Время» алыңыз: жоғарыда цитат алынған мақалада сіз мынадай пікірді оқыйсыз: «Кемшіліктерімізді және жетіспегендіктерімізді батыл және дұрыс талқыға салу мүмкіндігімен бірге, әрбір қайраткердің еркін жұмыс істеу мүмкіндігімен бірге тезден кемшіліктердің де жойылатыны, сөйтіп Россияның өзіне өте керекті болып отырған прогресс жолына, өркендеу жолына батыл түсе алатыны әркімге айқын. Ол түгіл, бұл прогрестің аспабы — ұйымды да ойлап табуға тура келмейді: ол земство түрінде дайын тұр, оған тек (!!) өсуге бостандық беру керек болады; бөтеннен үйренбей шын өз жолымызбен өркендеуімізге осы земство кепіл». Осындай және осы сыяқты сөздер «шек

қойылған монархия мен цензiлi конституцияға ұмтылу-ды бүркеп қана қоймайды» (өз хатының екiншi жерiнде редакцияның айтқанындай); бұл сөздер монархияға тiптi ешбiр шек қоймай да, бүкiл iстiң земствоға жымыя қарауымен аяқталуына турадан негiз дайындайды!

Негiзгi нысана есебiнде, үкiметке ықпал етудi алға қоймай, земствоға ықпал етудi алға қою, әрине, Старовердiң қарарының негiзiне қаланған сорлы пiкiрге, либералдармен қандай болса да «келiсiмдер» жасау үшiн кәзiр және тезден негiз iздеу пiкiрiне соғады. «Ал кәзiргi земстволар жөнiнде бiздiң мiндетiмiз: олардың алдына революцияшыл пролетариаттың саяси талаптарын қою болып табылады, халық атынан сөйлеуге қандай да болса праволы болу үшiн және жұмысшылар бұқарасының жiгерлi көмегi болады деп сену үшiн олар бұл талаптарды жақтауға мiндеттi (!!))» дейдi редакция өзiнiң хатында. Айтарың бар ма, жұмысшы партиясының мiндеттерiн жақсылап-ақ белгiлеген екен! Революцияшыл пролетариатқа қарсы күресу үшiн бәсең земствошылардың үкiметпен одақ жасау мүмкiншiлiгi және жасалуы ықтимал одақ көз алдымызда мүлде айқын суреттелiп отырған уақытта (мұндай одақ жасалуы мүмкiндiгiн редакцияның өзi де мойындайды), бiз өзiмiздiң мiндетiмiз үкiметке қарсы күрестiң жiгерiн он есе арттыруды емес, өзара көмектесу туралы либералдармен келiсiмге келудiң бас қатыратын шарттарын жасауда деп «таныймыз» екен. Егерде мен басқа бiреуге талаптар ұсынсам, менен көмек алуға праволы болу үшiн ол менiң талаптарымды қолдайтын болып мiндеттенуге тиiс, онда мен онымен сөзсiз келiсiм жасасамын. Ендi бiз жұрттың бәрiнен де және әркiмнен де мынаны сұраймыз: Старовердiң өзiнiң қарарында жазған* (Аксельрод

* Съезд қабылдаған (менi мен Плехановтың екеумiздiң пiкiрiмiзге қарамастан) Старовердiң қарарында либералдармен уақытша келiсудiң мынадай 3 шарты қойылғанын оқушыға ескертiп өтейiк: 1) либералдар «самодержавиелик үкiметке қарсы өздерiнiң күресiнде социал-демократия жағына бiр жола шығатынын екiүштi қылмай ашық мәлiмдейдi»; 2) «олар өздерiнiң программаларында жұмысшы табының және жалпы демократияның мүдделерiне қарсы келетiн немесе жұмысшы табының сана-сезiмiн көмескiлейтiн талаптарды қоймайды»; 3) «жалпыға бiрдей, тең, жасырын және төте сайлау правосын өзiнiң күрес ұраны етедi».

пен Мартов қол қойған) және орындалмайтыны біздің әдебиетімізде күнілгері болжалған либералдармен келісу «шарттары» қайда ұшып кетті? Бұл шарттар туралы редакция өз хатында бір сөз де айтпайды. Редакция бұл қарарды съезде өткізгенде, кейіннен керегі жоқ қағаздардың корзинкасына тастау үшін өткізген болып шықты. Жұмысқа іс жүзінде кірісуге бастап талаптанған уақытта-ақ, Старовер ұсынған «шарттар» қойылса, либерал мырзалардың бұған шек-сілесі қатып күлегіні бірден айқын болды.

Ілгері барайық. «Халық атынан сөйлеуге қандай да болса праволы болу үшін ол жақтауға міндетті» болатын мұндай саяси талаптарды либералдық демократияға немесе земствошыларға ұсыну міндетін жұмысшы партиясының алдына қоюды жалпы алғанда *принципінде* дұрыс деп санауға бола ма? Жоқ, міндетті мұндай түрде алға қою принципінде дұрыс емес және пролетариаттың өзінің таптық сана-сезімін көмескілендіруге ғана және нәтижесіз кұрғақ таласқа ғана бастайды. Халық атынан сөйлеу дегеніміздің өзі демократ есебінде сөйлеу деген сөз. Әрбір демократтың (оның ішінде буржуазияшыл демократтың да) халық атынан сөйлеуге правосы бар, бірақ ол бұл правоға демократизмді тыянақты, батыл және ақырына дейін жүргізсе ғана ие бола алады. Олай болса, *әрбір* буржуазияшыл демократтың «халық атынан сөйлеуге қандай болса да правосы бар» (өйткені әрбір буржуазияшыл демократ, демократ болып тұрғанда, белгілібір демократиялық талапты жақтайды), бірақ мұнымен қабат, барлық жағынан бірдей алғанда, *бірде-бір* буржуазияшыл демократтың халық атынан сөйлеуге правосы жоқ (өйткені кәзіргі уақытта бірде-бір буржуазияшыл демократ демократизмді батыл және ақырына дейін жеткізіп жүргізе алмайды). «Освобождение» самодержавиеге қарсы күресіп отырғандықтан Струве мырзаның халық атынан сөйлеуге правосы бар. «Освобождение» кұйрығын бұлғандатып, шыр айналып, цензілі конституция жеткілікті деп отырғандықтан, земстволық оппозицияны күреске тенең отырғандықтан, тыянақты және айқын демократиялық программадан іргесін аулақ салып отырғандықтан, Струве мырзаның халық атынан сөйлеуге ешбір правосы жоқ. Немістің национал-либералдары бір жерден екінші жерге көшу бос-

тандығы үшін күрескендіктен олардың халық атынан сөйлеуге правосы болды. Немістің национал-либералдары Бисмарктың реакцияшыл саясатын қуаттағандықтан олардың халық атынан сөйлеуге ешбір правосы болмады.

Сонымен либерал буржуа мырзалардың өздері қолдаған жағдайда, оларды халық атынан сөйлеуге қандай да болса правосы ететін талаптар олардың алдына ұсынуды жұмысшы партиясының алдына міндет етіп қою — жөнсіз, сорақы міндетті ойлап шығару деген сөз болады. Өзіміздің программамызда көрсетілген талаптардан басқа ешбір ерекше демократиялық талаптар ойлап шығарудың бізге керегі жоқ. Осы программамыз үшін біз демократизмді жүргізіп отырған әрбір демократты (оның ішінде буржуазиялық) демократты да қолдауға міндеттіміз; демократизмнен айныса (мысалы: шаруаның қауымынан ерікті түрде шығуы және жерді ерікті түрде сатуы туралы мәселелерде болса да) біз демократтардың қайсысын болса да (соның ішінде социалист-революционерді) аяусыз әшкерелеуге міндеттіміз. Демократ болып сөйлеуге қандай болса да правосы болу үшін, былайынша айтқанда демократқа қандай мөлшерде арамдық істеуге болатынын алдын ала анықтауға тырысу демократизмнен қандай мөлшерде шегінуге болатынын күні бұрын белгілеуге тырысу, — соншама даналық міндет, сондықтан біздің редакциямыздың мұны ойлап шығаруына Мартынов жолдас немесе Дан жолдас көмектеспеді ме екен деген күмән амалсыз туады.

III

Өзінің хатында жетекші саяси пікірлерді баяндай келіп, редакция онан кейін өзінің ұлы жоспарын да толық көрсетеді.

Губерниялық земство жыйналыстары конституция туралы өтініштер жасап жатқан көрінеді. N, X, Y қалаларында комитетшілер және білімді жұмысшылар «Аксельродша» саяси науқан жүргізу жоспарын жасайды. Үгіттің негізгі нысанасы буржуазиялық оппозицияға ықпал жасау болады. Ұйымдастыру тобы сайланады. Ұйымдастыру тобы атқару комиссиясын сайлайды. Атқару комиссиясы арнаулы шешен сайлайды. «Қалың

бұқараны земство жыйналыстарымен тікелей ұшырас-тыруға, манифестацияны земство гласныйлары мәжіліс жасап жатқан үйдің қасына жыйнауға» тырысады. «Қолайы келген кезде, бұған арнап белгіленген шешен арқылы, жұмысшылардың мәлімдемесін жыйналысқа оқып шығуға жыйналыстан (?жыйналысты басқарып отырған дворяндар басшысынан ба?) рұхсат сұрау үшін, демонстрацияшылардың бір бөлегі мәжіліс залына кіреді. Егер бұған рұхсат берілмесе, әлгі шешен халық атынан сөйлеуші жыйналыстың, сол халықтың өзі белгілеген нағыз өкілдердің сөзін естігісі келмегеніне қатты қарсылық білдіреді».

Жаңа «Искраның» жаңа жоспары міне осындай. Оның маңызын редакцияның өзі қандай сараң бағалайтынын біз кәзір көреміз, бірақ әуелі атқару комиссиясының міндеттері туралы редакцияның аса жоғарғы дәрежедегі принциптік түсініктерін келтірейік:

...«Бірнеше мың жұмысшылар земство гласныйлары мәжіліс жасап жатқан үйдің алдына келгенде және бірнеше ондаған я жүздеген жұмысшылар үйдің ішіне кіргенде, *земствошылардың зәресі ұшып қорқпауы* (!) үшін атқару комиссиясының күн ілгері шаралар қолдануы керек, өйткені қорқудың әсерінен олар полицейлер мен казактардың масқаралық қорғауына паналауы (!), сөйтіп бейбіт манифестацияны сорақы төбелеске және айуандық қырғынға айналдырып, оның бүкіл мағнасын теріс айналдырып бұзуы мүмкін»... (Сірә, түсіне кірген кұбыжыққа редакцияның өзі де нанып қалған болса керек. Редакцияның айтуынша, тіпті сөйлемнің сөзбе-сөз грамматикалық мағнасы бойынша, земствошылар манифестацияны қырғын төбелеске айналдырып, оның мағнасын теріс айналдырады-мыс. Либерал земствошылар туралы біз өте төмен пікірдеміз, бірақ сонда да земство жыйналысындағы либералдардың полицияны және казактарды шақыруы жөнінде редакцияның үрейі ұшып қорқуы бізге мүлде қыйсынсыз көрінеді. Тәртіп бұзылды дейтін реттерде полицияны не председатілдік етуші дворяндар басшысы, не жәй адам ретінде көрші бөлмеде отыратын полиция чиновнигі шақыратынын, земство жыйналысында бір рет болса да, болған әрбір адам жақсы біледі. Немесе, бәлкім, бұл жөнінде атқару комиссиясының мүшелері бейбіт манифестацияны айуандық

қырғынға айналдыру жаңа «Искранын» «жоспарына» тіпті кірмейді деп оқолотқа надаррагеліне түсіндіріп берер?)

... Мұндай көңілсіз уақыттың болмауы үшін атқару комиссиясы болғалы жатқан манифестация және оның шын мақсаты туралы либерал глагоныйларына күші бұрын (казактарды шақырмауға олардың «формалды уәде» беруі үшін бә?)... ескертіп қоюға тиіс... (яғни, біздің шын мақсатымыз бізді ауыздықпен сабағын, сөйтіп Аксельрод жоспарының шын мақсатын бұзғын, деген мақсат емес екенін күші бұрын ескертіп қою керек)... Мұның үетіне, атқару комиссиясы оппозициялық буржуазияның сол жақ қанатының өкілдерімен кейбір келісімге келуге (тыңданыңдар!) және біздің саяси шарамызға олардың белсенді жәрдем көрсетпегенмен, сенімі тілектес боламыз деген уәдесін алуға тырысуға тиіс болады. Олармен атқару комиссиясы, әрине, партияның атынан, жұмысшылардың үйірмелері мен жыйналыстарының тапсыруы бойынша сөйлесуге тиіс; бұл үйірмелер мен жыйналыстарда саяси наумқандардың жалпы жоспары талқылынап қана қоймай, оның барысы туралы есеп те беріледі, бұл арада, әрине, конспирацияның барлық шарттары мүлтіксіз қолданылуы керек».

А, а, либералдармен айқын белгіленген шарттар негізінде келісім жасау туралы Старовердің ұлы идеясының күн сайын емес, сағат сайын өсіп, нығайып келе жатқанын көзімізбен көріп отырмыз. Рас, бұл белгіленген шарттардың бәрі «уақытша» жылы жауып қойылған («біз формалист емеспіз еой!»), бірақ оның есесіне келісім іс жүзінде жасалады, тез жасалады, атап айтқанда: зәресін ұшырып қорқытпау туралы келісім жасалады.

Редакцияның хатын қалай айналдырып қарасаныңдар да либералдармен атышулы «келісім жасаудың» біз көрсеткеннен басқа ешбір мазмұнын таба алмайсыңдар: бұл келісім не либералдарға халық атынан сөйлеуге право беретін шарттар туралы келісім (онда мұндай келісімнің идеясының өзі, оны ұсынып отырған социал-демократиялардың беделін мықтап түсіреді), не бұл зәресін ұшырып қорқытпау туралы келісім, бейбіт манифестацияға тілектестік туралы келісім, — олай болған күнде бұл шындап әңгіме етуге ауыз бармайтын сөкет нәрсе. Үкіметке емес, буржуазиялық оппозицияға ықпал етудің ерекше

маныздылығы туралы қыйсынсыз идея осындай сорақылықтан басқа ешнәрсеге жеткізе алмайды да. Егер бізге земство жыйналысының залында жұмысшылардың айбарлы бұқаралық демонстрациясын жасауға болатын болса, — біз, оны, әрине жасаймыз (бірақ, бұқаралық демонстрация жасау үшін күш жеткілікті болған күнде бұл күштерді земство жыйналыстарының емес, полицейлік, жандарымдық немесе цензорлық жыйналыстардың «үйі жанына» «шоғырлау» анағұрлым артығырақ болар еді). Бірақ бұл арада земствошылардың зәресі ұшып қорқуы жайындағы пікірлерге сүйену, бұл туралы келіссөз жүргізу — ақылсыздықтың, күлкі болудың барып тұрған шегі. Дәйекті социал-демократтың сөзінің *мазмұнының* өзі-ақ қай уақытта болса да Россия земствошыларының едәуірінің, бәлкім, тіпті көпшілігінің арасында зәресін алатын қорқыныш туғызбай қоймайды. *Мұндай* зәрені ұшыратын қорқыныштың керексіздігі туралы земствошылармен күнібұрын сөйлесу өзін-өзі ең жалған және лайықсыз жағдайға түсіру деген сөз болады. Айуандық қырғын төбелес, не оның болуы мүмкін деп ойлау басқа түрлі қатты қорқынышты да туғызбай қоймайды. Мұндай қатты қорқыныш туралы земствошылармен сөйлесу тіпті ақылға сыймайды, өйткені баяу либералдардың ешқайсысы қырғын туғызбайды да, оған тілектес болмайды да, бірақ бұл тіпті оның қолында тұрған жоқ. Бұл жерде «сөйлесу» керек емес, іс жүзінде күш дайындау керек; земствошыларға ықпал ету керек емес, үкіметке және соның агенттеріне ықпал ету керек. Егер күш болмаса, ұлы жоспар жайында даурықпау керек, ал, егер күш бар болса, онда нақ казактармен полицияға қарсы күш жұмсау керек, казактар мен полицияның шабуылын тойтарғандай, я ең болмағанда тоқтатқандай жұрт жыйнауға және қолайлы жерге жыйнауға тырысу керек. Егерде біз «буржуазиялық оппозицияға» сөз жүзінде емес, іс жүзінде «ұйымдасқан айбарлы ықпал» ете алатын болсақ, онда, әрине, зәресін ұшыра қорқытпау туралы ақымақтық «келіссөздермен» емес, тек күшпен, казактардың және патша полициясының көп болып бетін қайыратын күшпен, халық көтерілісіне айнала алатын бұқаралық шабуылдың күшімен ықпал ете аламыз.

Жаңа «Искраның» редакциясы бұл іске басқаша қа-

райды. Өзінің келісу және келіссөз жүргізу жоспарына оның рыйза болғаны соншама, ол жоспарға сүйсінудің шегіне жете алмайды, оны мақтап жеткізе алмайды.

...Белсенді демонстранттар «полицияға немесе жалпы алғанда үкіметке қарсы дағдыдағы демонстрация мен *осы* (курсив редакциянікі) кезенде либерал элементтердің саяси тактикасына (міне қалай!) революцияшыл пролетариаттың тікелей ықпал етуінің жәрдемі арқылы абсолютизмге қарсы күресті өзінің тура мақсаты ететін демонстрацияның арасындағы негізгі айырманы жете түсінуге тиісті... Екі дербес саяси күш болып табылатын революцияшыл пролетариат пен либералдық-оппозициялық буржуазияны бір-біріне нақтылы қарсы қоюды тікелей мақсат етпейтін дағдылы, айталық, жалпы демократиялық (!!)) түрдегі демонстрацияларды жасау үшін халық бұқарасы арасында күшті саяси толқудың болуының өзі-ақ жеткілікті»... «Біздің партия, қалың бұқараны абсолютизмге қарсы жұмылдырудың осындай, — бұлай деп айту мүмкін болса, төменгі түрі үшін (тыңдаңыздар! тыңдаңыздар!) болса да бұқараның осы ниетін пайдалануға міндетті». ...«Біз саяси әрекеттің жаңа (!) жолында, жұмысшылар бұқарасының (NB*) қоғамдық тұрмысқа жоспарлы түрде қатнасуын ұйымдастыру жолында бірінші (!) кадамдар басып отырмыз; қоғамдық тұрмысқа қатнасуға көзделетін тікелей мақсат: өзінің таптық мүдделері жағынан буржуазиялық оппозицияға қарама-қарсы келетін, сонымен қабат, ортақ жауға қарсы біріккен жігерлі күрес жүргізу үшін оған өзінің шарттарын (қандай шарттар?) ұсынатын дербес күш есебінде, жұмысшылар бұқарасын буржуазиялық оппозицияға қарсы қою болып табылады».

Мұндай тамаша пікірлердің терең мағынасын кез келген адам түсіне бермейді. Сан мыңдаған жұмысшының алдында социализмнің мақсаттары мен жұмысшы демократиясының талаптары түсіндірілген Ростов демонстрациясы¹¹⁵ «ұйымдастырудың төменгі түрі», бұл дағдыдағы, *жалпы демократиялық* түрі болыпты, мұнда революцияшыл пролетариат пен буржуазиялық оппозицияны бір-біріне нақты қарсы қойғандық жоқ болыпты. Ал, комитетшілер мен белсенді жұмысшылар құрған ұйым-

• — Нота бепе — ескеріп қойыңыз. *Ред.*

дастыру тобы сайлаған атқару комиссиясының тағайындаған арнаулы өкіл шешені земствошылармен алдын ала сөйлесіп алғаннан кейін, өзінің сөзін жыйналыстың тыңдағысы келмегеніне земство жыйналысында дауыстап қарсылық білдірсе, бұл дербес екі күшті бір-біріне «нақты түрде» және «тікелей» қарсы қойғандық болады екен, онда бұл либералдардың тактикасына «тура» ықпал жасағандық болады екен, онда бұл «жаңа жолда бірінші адым» болады екен. Құдайдан қорықсандаршы, мырзалар! «Рабочее Делоның» жаман уақыттарында тіпті Мартынов та мұндай сорақылықты ауызы барып айта қойды ма екен!

Оңтүстіктегі қалалардың көшелерінде жұмысшылардың бұқаралық жыйындары, ондаған жұмысшы шешендердің сөйлеуі, патша самодержавиесінің нағыз күштерімен бетпе-бет соқтығысулар — бұл «ұйымдастырудың төменгі түрі» болыпты. Либерал мырзаларды қорқытпай сөйлеуді міндетіне алатын шешеніміздің жайшылықпен сөйлеуі жайында земствошылармен келісім жасау — «жаңа жол» болыпты. Жаңа «Искраның» редакциялық Балалайкин¹¹⁶ арқылы бүкіл жер жүзіне мұндай даурығып жарыялап отырған тактикалық жаңа міндеттері, тактикалық жаңа көзқарастары — міне осылар. Бірақ әлгі Балалайкин бір жерде байқаусыздан шындықты айтып салды: бұрынғы «Искра» мен жаңа «Искраның» арасы шынында жер мен көктей, деді. Боямалаған таптар келісімін «жаңа жол» есебінде мадақтап масаттана алатын адамдар жайында бұрынғы «Искра» жиреніш білдіріп, оларды мысқылдаудан басқа сөз айтқан емес. *Бұл жаңа жолды біз социализмнің француз және неміс «мемлекеттік ерлерінің» тәжрибесінен көптен бері білеміз: бұлар да ескі революциялық тактиканы «төменгі түр» деп есептейді және оппозициялық буржуазияның сол жақ қанатымен сөйлесіп алғаннан кейін жұмысшы шешендердің жайшылықпен, кішіпейілдікпен сөйлеуі туралы келісімдер жасау түріндегі «қоғамдық тұрмысқа жоспарлы және тікелей қатнаруды» мақтап жеткізе алмайды.*

Либерал земствошылардың зәресі ұшып қорқатынынан редакцияның өзі де жаман қорқады; сондықтан өзі ойлап шығарған «жаңа» жоспарға қатнасындарға «өте сақ болындар» деп қатты ұсынды. «Жұмысшылардың

мәлімдемесін почта арқылы гласныйлардың үйіне апаруды және оны земство жыйналысының залына едәуір мөлшерде шашып тастауды, біз сыртқы сақтық мағнасында, бұл істің жағдайындағы ең шегіне жеткен оқыға деп таныймыз. Бұған буржуазиялық революционизм тұрғысынан карағанда ғана (sic!*) ұялуға болар еді, өйткені буржуазиялық революционизм сыртқы көрініс нәтижелеріне толық қанағаттанады да, пролетариаттың таптық сана-сезімінің және өздігінен әрекет етудің жоспар бойынша даму процесін түкке есептемейді» дейді редакция хатында.

Листоктарды таратып, жұртқа шашудан ұялу біздерге тән нәрсе емес, бірақ лепірген, мағнасыз сөздерден біз әркашан ұяламыз. Листоктарды таратып, жұртқа шашу жайына келгенде пролетариаттың таптық сана-сезімінің және өздігінен әрекет етуінің жоспар бойынша даму процесі туралы маңызданып сөз сөйлеу үшін менмендікпен сорақылық істеуші герой болу керек. Тактикалық жаңа міндеттер туралы бүкіл жер жүзіне айғайлау және істі листоктар таратып, жұртқа шашумен тындыру шынында теңдесі жоқ өрескелдік, бұл — біздің партия ішіндегі интеллигенттік бағыттың өкілдерінің ерекше сыйпаты, олар — ұйымдастыру жөнінде жаңалық сөздері іске аспай, мазақ болып қалғаннан кейін жаңа тактикалық сөз іздеп, жан таласып жүргендер. Сөйте тұрып бұлар әлі өздеріне тән кішіпейілдікпен сырт көріністің нәтижелігі түкке тұрмайды деп сөз қылады. Сіздердің жаңа жоспар дегеніңіз толық іске аса қалған күнде, жұмысшының земствошыл мырзалар алдында шығып сөйлеуінен көп болғанда тек сол сырт көріністі нәтиже ғана шығатынын, ал мұндай сөйлеудің «либерал элементтердің тактикасына» шынында «айбарлы» ықпал жасауы туралы тек күлкі үшін сөйлеуге болатынын сіз, мырзалар, қалайша көрмейсіздер? Керісінше емес пе, сіздерге «дағдыдағы, жалпы демократиялық, төменгі түрдегі» демонстрация болып көрінетін жұмысшылардың бұқаралық демонстрациялары либерал элементтердің тактикасына шынында айбарлы ықпал жасаған жоқ па? Ал егер де либералдардың тактикасына орыс пролетариатының тағыда ықпал жасауына тура келсе, онда

* — солай! Ред.

ол земствошылармен келісім жасау жолымен емес, үкіметке көпшілік шабуыл жасау жолымен әсер ететініне сеніңіздер.

IV

Полицияның рақымды рұхсаты бойынша ашылған земство науқаны, Святополк-Мирскийдің және үкімет официоздарының мүләйім сөздері, либералдық баспасөздің дауысының қатаюы, оқымысты қоғам дегеннің жандануы — мінеки, осының бәрі жұмысшы партиясының алдына өте зор міндеттер қояды. Бірақ «Искра» редакциясының хатында бұл міндеттер мүлдем теріс тұжырымдалып отыр. Дәл кәзіргі кезеңде пролетариаттың саяси қызметінің негізгі нысанасы либералдық оппозицияға емес, үкіметке айбарлы ықпал жасауды ұйымдастыруы болуы керек. Бейбіт манифестация жасау туралы жұмысшылардың земствошылармен келісімдер жасауы, — кұр көрініс нәтижелерді қолдан жасауға айналмай қалмайтын келісімдер жасауы, — дәл осы кезде бәрінен де орынсыз; бәрінен де гөрі керегі — бостандық жолындағы батыл күреске әзірлік жасау үшін пролетариаттың алдыңғы қатарлы, революцияшыл элементтерін ұйымдастыру керек. Дәл кәзіргі кезде, біздің конституциялық қозғалысымыз буржуазиялық либерализм атуалының, әсіресе орыс либерализмінің ежелден бергі күнәдерін: кұрғақ сөздің өлшеусіз өскенін, іс жүзінде орындалмайтын сөзді орынсыз қолданушылықты, үкіметке және түлкі кұйрық саясаттың кез келген геройына нағыз филистрлікпен сенушілікті айқын сыртқа шығарып отырған уақытта дәл осы кезде земствошыларды қорқыттың зәресін алудың қажетсіздігі туралы, реакция үшін демеу кұралының қажеттігі, тағы басқалар туралы сөздер әсіресе орынсыз. Көтеріліс жасау қолынан келетін және көтеріліс жасауға әзір тұрған жұмысшылар бұқарасының күші араласпаса, осы күнгі «қоғам ішіндегі азаттық қозғалысының» бұрынғылар сыяқты сабынның көбігіндей ұшып кететіні сөзсіз екеніне революцияшыл пролетариаттың өте-мөте көзін жеткізу дәл кәзіргі уақытта бәрінен де гөрі маңызды іс.

Халықтың түрлі топтарының ішіндегі саяси қозғалыс — көтеріліс болу мүмкіндігінің керекті шарты және

оның жеңіп шығуының кепілдігі, пролетариаттың бастаған ісін қолдаудың кепілдігі болып отырған қозғалыс — бірден бірге кеңуде, өсуде және күшеюде. Сондықтан кәзір тағы біреу-міреу дереу шабуыл жасау туралы айқай салмақ болса, кәзірден шабуылшы колонналар¹¹⁷ қатарына жыйналуға шақырмақ болса және басқа сондай істесе, бұл өте ақылсыздық болар еді. Патша үкіметінің жуық арада бұрынғыдан бетер шатаса түсетініне, патша үкіметіне өштік бұрынғыдан бетер күшейе түсетініне оқыйғалардың бүкіл барысы кепіл. Земстволық конституционализммен өзі бастаған әрекетінде үкімет шатаспай қалмайды. Үкімет болмашы жеңілдік берген күнде де, ол ешбір жеңілдік бермеген күнде де, наразылық пен өшпенділік бұрынғыдан бетер өршімей қалмайды. Соғыста қатты жеңілсе де, Россия үшін үмітсіз соғыс ұзаққа созылса да, саяси кризис туғызатын Маньчжурия жөніндегі масқаралық және қылмысты авантюрасында да үкімет шатаспай қалмайды.

Жұмысшы табының міндеті — үкіметтің әрбір бұлтақтауымен пайдалана отырып, көтеріліс идеясын насихаттай отырып, бұл күнде өте көп айтылып жүрген жартыкеш және іске аспайтыны күні бұрын анықталған «шаралардың» мысалы арқылы көтерілістің керектігін түсіндіре отырып, өзінің ұйымын кеңейту және нығайту, бұқараның арасында үгітті сан есе арттыру болып табылады. Трубецкой мырзалардың «үрейленуімен» есептеспей, реакция үшін демеу құрал керектігі жайындағы филистерлердің ойбайымен санаспай, жыйналыстар жасап, листоктар таратып, жеткілікті күш бар жерде социал-демократиялық талаптардың бәрін білдіру үшін демонстрациялар жасап, жұмысшылар земствоның өтініштеріне үн қосуға тиіс екені айтпаса да түсінікті. Егер бұқаралық демонстрациялардың (өйткені бұқаралық емес демонстрациялардың кәзірден-ақ мүлде маңызы қалмады) мүмкін және керекті жоғарғы түрі туралы алдын ала айтуға және айтқанда шет елде жүріп айтуға батылдық етсек, егер демонстранттардың күштерін қандай үйдің маңайына жыйнау туралы мәселені қозғасақ, онда біз полицияның жұмысшылар қозғалысын қудалау жөніндегі істері жүргізілетін үйлерді көрсетер едік, полицейлік, жандармдық, цензорлық басқармалардың үйлерін, саяси «қылмыстыларды» қамаған орындарды көр-

сетер едік. Жұмысшылар Земствоның өтініштеріне маңызды көмек көрсеткенде, земствошыларға халық атынан сөйлеуге мүмкіндік беретін шарттар туралы келісім жасау жолымен емес, халықтың жауларына соққы беру жолымен көрсетуі керек. Мұндай демонстрация туралы пікірге пролетариат тілектестік білдіретініне күмәндануға болар ма екен. Жұмысшылар кәзір көп ірме сөздерді және даурыққан уәделерді жан-жағының бәрінен естіп отыр, «қоғам» үшін бостандықтың, мүлдем болмашы болса да, іс жүзінде кеңігенін (земстволарды ауыздықтаудың босандауы, қуғынға ұшыраған земствошыларды қайтару, либералдық баспасөзге қарсы қатандықты бәсеңдету) көріп отыр, бірақ жұмысшылар өздерінің саяси күресінің бостандығын кеңітетін түк нәрсе көрмей отыр. *Пролетариаттың* революциялық шабуылының дүмпуімен үкімет *либералдарға* бостандық туралы сөйлеуге рұхсат берді! Капиталдың құлдарының правосыздығы және қорлықта екені пролетариатқа кәзір бұрынғыдан да айқын көрініп отыр. Саяси жұмыстарын еркінірек (орыс жағдайының көзқарасымен қарағанда) талқылау үшін жұмысшылардың барлық жерде бірдей ұйымдары бар деуге болмайды, жыйналыс жасау үшін жұмысшылардың залдары жоқ, жұмысшылардың өздерінің газеттері жоқ, жұмысшыларға олардың түрмедегі, айдалудағы жолдастарын қайтармайды. Өздері әлі өлтірмеген, бірақ олар, тек олар — пролетарийлер ғана мықтап жаралаған аюдың терісін — міне сол теріні либерал буржуа мырзалар бөліп ала бастайтынын жұмысшылар кәзір көріп отыр. Бұл либерал буржуа мырзалардың келешекте қолға түсетін теріні бөле бастауға кіріскенде-ақ «ең солшыл партияларға» қарсы, «ішкі жауларға» қарсы — буржуазияның үстемдігінің және тыныштығының рақымсыз дұшпандарына қарсы ырылдап, айбат шеге бастайтынын жұмысшылар көріп отыр. Аюды біржолата өлтіру үшін, либерал буржуа мырзалардың садақа есебінде уәде қылғанын — жыйналыс жасау бостандығын, жұмысшылар баспасөзінің бостандығын, социализмнің толық жеңіп шығуы жолындағы кең және ашық түрдегі күрестің толық саяси бостандығын *өзіне* күшпен тартып алу үшін, жұмысшылар бұрынғыдан да батыл, бұрынғыданда тобын көбейтіп көтеріледі.

Бұл кітапшаны біз «Партия мүшелері үшін ғана» деп шығарып отырмыз, мұның себебі — «Искра» редакциясының «хаты» да осылай деп шығарылған болатын. Асылында, ондаған қалаларға хабар етілуге, жүздеген жұмысшы үйірмелерінде талқылануға, үгіт листоктары мен үндеулерде түсіндірілуге тиісті жоспарды «конспирациялау» кісі күлерлік нәрсе. Бұл кеңселік құпияның үлгілерінің бірі; редакция мен Советтің практикасында мұндай үлгінің осы күннің өзінде-ақ бар екенін Галерка жолдас көрсетті («Жаңа жолға»). Редакцияның хатын қалың жұрттан және әсіресе либералдардан жасырғандықты тек мынандай бір тұрғыдан ғана ақтауға болар еді: мұндай хат біздің партиямызға тым көп кір келтіреді...

Бұл кітапшаны оқыттындардың санын азайтуды қойып отырғандығымыздың себебі — біздің партиялық редакция дейтініміз партия мүшелеріне ғана арнаймыз деп бұл кітапшаға жауап жазып шығарыпты, ал іс жүзінде бұл жауабын азшылықтың жыйналыстарына ғана хабар етеді де көпшілік жақтағы нағыз партия мүшелеріне бермейді.

Егерде «Искра» біздерді партия мүшесі емес деп ұйғарса (сонымен қатар мұны тура айтудан қорықса), онда біздің күйінішті тағдырымызға көніп, мұндай қарардан керекті қорытынды шығаруымызға тура келеді.

22 декабрь 1904 ж.

Leiteisen

Docteur Gabriel Leiteisen
 DE LA FACULTÉ DE PARIS
 A BEAUMONT-DU-GATINAIS
 (S.-et-M.)
 Consultations tous les jours
 de 1 h. à 3 h. de l'après-midi

Beaumont, le 2 décembre 1904

*Meuzes messe
 Meuzes messe*

1. En ce II^e c. de la faculté de médecine de Paris, on a vu un cas de ... (the text is handwritten and partially illegible)
2. Il s'agit d'un cas de ... (the text is handwritten and partially illegible)
3. Nous le voyons ... (the text is handwritten and partially illegible)
4. Enfin, on a vu ... (the text is handwritten and partially illegible)
5. On a vu ... (the text is handwritten and partially illegible)
6. Enfin ... (the text is handwritten and partially illegible)
7. Il s'agit ... (the text is handwritten and partially illegible)

В И. Лениннің қолжазбасы
 „Партияның ішкі жағы туралы рефераттың
 тезистері“. — 1904 ж.

Кішірейтілген

ПАРТИЯНЫҢ ІШКІ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ РЕФЕРАТТЫҢ ТЕЗИСТЕРІ

МЕНИҢ РЕФЕРАТЫМНЫҢ ТЕЗИСТЕРІ¹¹³

1. Искрашылардың азшылығы ІІ съездің өзінде принциптік тұрақсыздығын көрсетті (немесе кате жасады), сайлау кезінде өзінің идеялық жауларымен коалицияда болып шықты

2. Ал съезден кейін, тіпті Лигада да, азшылық ескі «Искраның» бағытын қорғады, бірақ іс жүзінде одан бірден-бірге қашықтай берді.

3. Плеханов өзінің бет бұрысы кезінде (№ 52) азшылық партияның оппортунистік қанаты болып табылатындығын және оның анархиялық индивидуалистер ретінде күрес жүргізіп отырғанын айқын көрді.

(*Contra** Васильев пен Ленин үйірмешілдік жөнінде)**.

4. Біздің ұйымдастыру жағынан артта қалғандығымызды және съездің ұйымдастыру жағынан күйреуін принципке айналдыру, ақтау, қорғау оппортунизм деген сөз. Енді программа *versus**** устав *etc***** туралы тезис атаулыларды қуаттауға ешкім де бел байламайды.

5. Көпшілікті экономикалық күресті елемейді, якобинстікті жақтайды, жұмысшы бастамасын елемейді деп айыптау «Рабочее Делоның» «Искраға» таққан кінәсын ешқандай дәлелсіз қайталаудан басқа ешнәрсе де емес.

* — Қарсы. *Ред.*

** Ссы томның 141—144-беттерін қараңыз. *Ред.*

*** — жөнінде *Ред.*

**** — *e' cetera* — тағысын тағылар. *Ред.*

6. III съезден қорқу және оған қарсы күресу азшылықтың да, ымырашылдықтың да жалған позициясын ақырына дейін жеткізеді.

7. Земство науқаны жоспары жөнінде «Искра» редакциясы айрықша жалған және зыянды, күмәнсіз оппортунистік тактикалық жолға түсті, өйткені жаңа тип ретінде, бейбітшілік түрде манифестация жасау туралы земствошылармен келісім жасауды дәріптеді, үрейленушілік туралы мәселе көтерді.

Науқан жоспары Старовердің қате қарарымен байланысты.

*1904 жылы 19 ноябрьде
(2 декабрьде) жазылған*

*Бірінші рет 1931 жылы Лениннің
XVI жыйнағында басылған*

*Қолжазба бойынша
басылып отыр*

ЖОЛДАСТАРҒА ХАТ

(ПАРТИЯ КӨПШІЛІГІ ОРГАНЫНЫҢ ШЫҒУЫ ЖӨНІНДЕ)

Қадірлі жолдастар! Бүгін шетелдегі большевиктердің тар көлемді жыйналысында партияның дүркін-дүркін шығып тұратын органын құру туралы мәселе, принцип жағынан әлдеқашан-ақ шешілген мәселе біржолата шешілді, бұл орган азшылықтың партияға енгізген ұйымдастыру және тактикалық бүліктеріне қарсы күресте көпшіліктің принциптерін қорғауға, дамытуға және орыс ұйымдарының тиімді жұмысына қызмет етуге арналып отыр; кәзір орыс ұйымдарына қарсы азшылық агенттері тарапынан бүкіл Россияда барлық жерде дерлік сондайлық қатаң күрестер жүргізіліп жатыр, бұл күрес, сондайлық өте маңызды тарихи кезеңде партия ішіне жан түршігерліктей іріткі салып отыр, бұл күрес, партияның Орталық Органы деп аталатын органда екіге жарылушылыққа өтірік қынжылған болып, екіге жарылудың бүтіндей нағыз барып тұрған арсыз-ұятсыз құралдары мен тәсілдері арқылы жүргізіліп жатыр. Біз күресті партиялық жолмен жүргізу үшін мүмкін болған нәрсенің бәрін істедік, біз мүмкін емес жағдайдан шығудың бірден-бір лайықты партиялық жолы ретінде январь айынан бастап, съезд үшін күресіп келеміз. Енді азшылық жағына шыққан Орталық Комитеттің ісінің бәрі дерлік съезге қарсы жанталасқан күреске арналғандығы, съезді созбалау үшін Советтің нағыз сорақы және лайықсыз әрекеттің бәрін қолданып отырғандығы айдан айқын болып отыр. Совет съезге тура кедергі жасап отыр: Советтің «Искраның» 73—74-номерлеріне қосымшадағы соңғы қаулыларын оқудан бұған әлі кімде-кімнің көзі жетпесе, ол мұны Орловскийдің: «Совет пар-

тияға карсы»¹¹⁹ деген (жакында шыккан) кітапшамыздан көреді. Енді біздің орталық мекемелер деп аталатын мекемелерге карсы бірікпейінше және тойтарыс бермейінше, көпшілік өзінің позициясын корғап қала алмайтындығы, үйірмешілдікке карсы күресінде партиялылықты корғап қала алмайтындығы, айдан анык болып отыр. Орыс большевиктері өзінің бірігуін әлдеқашан-ақ күн тәртібіне қойған болатын. 22-нің* программдык (біздің партияның ішкі күресінің программасы мағнасында) карары зор тілектестікпен карсы алынғанын еске түсіріңіз; Москва комитетінің басып шығарған (октябрь 1904 ж.) 19-дың прокламациясын еске түсіріңіз; акырында, ең соңғы кездерде көпшілік комитеттері¹²⁰ арасында бірсыпыра жәй конференциялардың болып өткендігі және тамтұмдап әлі өтіп жатқандығы, Советтегі, Орталық Органдағы және Орталық Комитеттегі арпалыскан бонапартистерге тойтарыс беру үшін көпшілік комитеттері өзара бекем ұйымдасуға нағыз жігерлі және белгілі әрекеттер істеп жатқандығы партия комитеттерінің бәріне дерлік мәлім.

Біз осы әрекеттердің (дұрысырағы, осы кадамдардың) нәтижелері қолдың неге жеткендігі туралы кесіп айтуға мүмкіндік берісімен-ақ, көп кешікпей жалпы жұртқа бұл әрекеттердің жарыяланатындығына сенеміз. Дербес баспасы болмайынша көпшіліктің өзін-өзі корғауы, мүлде мүмкін емес болғандығы түсінікті. Сіздер, мүмкін, біздің партиялық әдебиеттен білетін де шығарсыздар, жаңа Орталық Комитет партиялық баспаханадан біздің кітапшаларымызды (тіпті мұқабаларының өзі жазылып қойылған кітапшаларды) тура қуып шығарды, сөйтіп оны үйірмелік баспаханаға айналдырды, ал шетелдегі көпшіліктің және орыс комитеттерінің, мысалы Рига комитетінің, көпшіліктің әдебиеттерін Россияға жеткізу жөніндегі тікелей ұсыныстарын қабылдамай қойды. Партияның қоғамдық пікірін қолдан жасау жаңа Орталық Комитеттің ұдайы жүргізіп отыратын тактикасы екендігі толығынан айқын көрінді. Өзіміздің баспамызды кейнейту, өз транспортымызды ұйымдастыру қажеттігі алдымызға сөзсіз қойылды. Орталық Орган редакциясынан жолдастық қарым-қатнастарды үзген (1904 жылы

* Осы томның 473—481 беттерін қараңыз. *Ред.*

2 сентябрьде Женевада болған жыйлыс туралы есепте¹²¹ Данның мойындауын қараңыз — қызғылықты кітапша) комитеттер дүркін-дүркін шығып тұратын органсыз тұра алмады және тұра да алмайды. Органсыз партия, партиясыз орган! Августың ішінде-ақ көпшілік ұсынған осы қайғылы ұран бірден-бір жолға — өз органын құруға мойын бұрғызбай бастап алып келді. Орыс қызметкерлері көпшілігінің нағыз өзіне тән жұмысына жәрдемдесу үшін шетелге келген жас әдебиетші күштер өздеріне қосынды талап етеді. Орыстың бірсыпыра партиялық әдебиетшілері де органды барынша талап етіп отыр. Мүмкін, «Вперед» деген атпен шығатын осындай органды құрғанда, біз орыс большевиктері бұқарасымен толық келісе отырып, партиялық күрес жүргізудегі өзіміздің тәртібімізбен толық келісе отырып, қыймыл жасап отырмыз. Біз неғұрлым қарапайым, партия үшін неғұрлым пайдалы, жұмысшы қозғалысы мүдделеріне неғұрлым сәйкес жолдардың бәрін жыл бойы сынағаннан кейін, осы құралды қолға алдық. Біз съезд үшін күресті тіпті де қалдырмаймыз, ал, қайта, осы күресті кеңейткіміз, қорытқымыз және қуаттағымыз келеді, Совет пен Орталық Комитеттен тыс, комитеттердің алдына қойылып отырылған съезд туралы мәселені, барлық жағынан бірдей байсалды түрде талқылауды талап етіп отырған мәселені — Совет пен Орталық Комитет еріктеріне қарсы — шешуге комитеттерге көмектескіміз келеді. Біз бүкіл партия алдында бірсыпыра кітапшаларда әлдеқашан-ақ баяндалған міндеттер мен көзқарастар үшін пікірімізді ашық айтамыз. Біз ұйымдастыру және тактика мәселелеріндегі іріткі салушылықтарға және ауытқушылыққа (жаңа «Искраның» партия ұйымдарына жазған, тек партия мүшелері үшін бастырылған және жалпыдан жасырып қалған, сұрапыл шатасқан хатын қараңыз¹²²) қарсы ұстамды революциялық бағыт үшін күресіп отырмыз және мұнан былайда күресеміз. Жаңа органның шығуы туралы құлақтандыру бір жетіден кейін немесе сол шамада шығуы ықтимал. Бірінші номер жаңа стиль бойынша январьдың 1—10 да шығады. Редакция коллегиясына көпшіліктің осы кезге дейін көзге түскен әдебиетшілерінің бәрі қатысады (Рядовой, Галерка, Ленин, «Искраны» Ленин мен Плеханов басқарған кезде 46-дан

Бі номерге дейін «Искрада» үнемі істеген Орловский, тағыда өте бағалы әдеби жас күштер катысады). Практикалық басшылық ету және тарату сықылды күрделі жұмысты, агентураны, тағы сол сыяқтыларды ұйымдастыру коллегиясы бірсыпыра орыс комитеттеріндегі (Одесса, Екатеринослав, Николаевск, 4 кавказдық комитет және бірнеше солтүстік комитеттері, сіздер олар туралы жақында толық білесіздер) белгілі жолдастарға белгілі міндеттерді тура тапсыру негізінде құрылады (аздап кәзірдің өзінде құрылды да)¹²³. Біз енді барлық жолдастардан барлық жағынан көмек көрсетуді сұраймыз. Біз органды қалай болғанда да шетел үйірмесі органы болмай, орыс қозғалысы органы болған жағдайда ғана шығарамыз. Бұл үшін ең алдымен және көбінесе нағыз жігерлі «әдеби» көмек, дұрысырағы, Россиядағылардың әдеби түрде қатысуы қажет. Мен «әдеби» деген сөздің ерекше мәніне бірден көңіл аударту үшін және жұмыс үшін өте-өте зиянды, әсіресе дағдыда болатын түсініспеушіліктен сақтандыру үшін ол сөзді тырнақшаның ішіне алып, баса көрсетіп отырмын. Бұл түсініспеушілік, органға ойдағыдай қатысуға тек әдебиетшілер және тек әдебиетшілер ғана (осы сөздің профессиональдық мағнасында) қабілетті-мыс дегенде; қайта, басшы және үнемі жазып тұратын бес әдебиетшіге әдебиетші емес бес жүз не бес мың қызметкер болса, орган сонда ғана өмірге жанасымды және өмір сүруге қабілетті болады. Ескі «Искраның» кемшіліктерінің бірі, менің әрқашанда оны одан құтқаруға тырысқан кемшіліктерінің бірі (ал жаңа «Искрада» шамадан тыс мөлшерде өсіп отырған кемшіліктің бірі), бұл — Россиядағылардың онымен жұмысты нашар істегені. Біз Россиядан жіберілгендердің бәрін дерлік әрқашанда түгелдей басып жүрген кездеріміз болды. Шын мәнісінде іске қалғыз орган жіберілгендердің оннан бірін басуға тиіс, қалғанын информация үшін және әдебиетшілерге нұсқау беру үшін пайдалануы керек. Мүмкін болғанынша партия қызметкерінің көпшілігі біздермен хат жазысып тұруы қажет, атап айтқанда, бұл сөздің әдеби мағнасында емес, дағдылы мағнасында жазысып тұруы қажет.

Россиядан қашық кетушілік, жексұрын шетелдік батпақтың, өзіне тартатын атмосферасы мұнда еңсенді басатындығы соншалық, сондықтан бірден-бір жол — Рос-

сиямен жанды катнас жасау болып табылады. Кімдекім біздің органды тек сөз жүзінде емес, іс жүзінде бүкіл «көпшіліктің» органы, орыс қызметкерлері көпшілігінің органы деп есептегісі келсе (және *еткісі* келсе) мұны ұмытпасын. Бұл органды өзімдікі деп санайтынның және социал-демократтың — партия мүшесінің міндетін мойындайтынның барлығы: дағдыда жарыя газеттер жөнінде: *олардың* ісі жазу, ал біздікі оқу деп ойлайтын және қыймыл жасайтын буржуазиялық әдеттен бір жолата бас тартсын. Социал-демократиялық газетте социал-демократтың барлығы жұмыс істеуге тиіс. Біз хат-хабар жіберуді барлығыңыздан, ал жұмысшылардан айрықша сұраймыз. Біздің газетімізге жазуға, барлық нәрсе жөнінде жазуға, мүмкін қадары күнделікті өз өмірі, мүдделері мен жұмысы туралы жазуға жұмысшыларға кең мүмкіншілік беріңіздер — бұл материалсыз социал-демократиялық органның бағасы бір тиін, сондықтан ол социал-демократиялық атакқа да лайықты болмайды. Біз, оның үстіне, корреспонденция еместігін біле тұра, яғни басу үшін емес, *хат жазысып* тұру үшін жазуды сұраймыз, редакциямен жолдастық катнас жасау үшін және редакцияны хабарлап тұру үшін, хабарлағанда тек фактылар мен оқыйғалар туралы хабарлау ғана емес, сонымен қатар ниет-көңілдер туралы да, қозғалыстың күнделікті «қызықты емес», дағдылы, кер-тартпа жақтары туралы да жазуды сұраймыз. Біздерге мұндай хаттардың қандай қажеттігін сіздер шетелде болмайынша ұғына алмайсыздар (ал бұл хаттарда тура ешбір құпиялық жоқ және мұндай шифрланбаған хатты аптасына бір рет, аптасына екі рет жазуға, шынында, тіпті колы бос емес кісінің өзі үшін де мүмкіншілік бар). Біздерге жұмысшы үйірмелеріндегі әңгімелер туралы, бұл әңгімелердің сыйпаты туралы, сабақтардың тақырыбы туралы, жұмысшылардың тілектері туралы, үгіт және насихат жұмысының қойылысы туралы, қоғамдағы, әскердегі және жастар арасындағы байланыстар туралы жазыңыздар, көбінесе жұмысшылар арасындағы біздерге деген, социал-демократтарға деген наразылық туралы, олардың түсінбейтін нәрселері, тілектері, қарсылықтары, тағысын тағылары туралы жазыңыздар. Істің практикалық қойылысы жөніндегі мәселелер кәзір айрықша көңіл аударарлық мәселелер, ал редакцияны

осы мәселелермен таныстыру үшін корреспонденттік сыйпатта емес, жәй жолдастық түрде жиі хат жазысудан басқа жол жоқ; әрине, жұрттың бәрі бірдей жазғысы келе бермейді және жазу да қолынан келе бермейді, бірақ... қолымнан келмейді деме, жазғым келмейді де; егер тілесе кез келген үйірмеден, тіпті әрбір ұсақ, тіпті екінші дәрежелі топтан (екінші дәрежелі топтар көбінесе айрықша көңіл аударарлық нәрсе, өйткені олар кейде, көзге түспейтін бола тұрса да, істің анағұрлым маңызды бөлімін істейді) жазу қолынан келетін бір-екі жолдастарды әрқашан да табуға болады. Мұнда біз ескі «Искраның» тәжірибесін пайдалана отырып, секретарьлық жұмысты кең негізге қойып отырмыз, ал сіздерден мынаны ескеруді сұраймыз: кімде-кім сабырлықпен және жігермен жұмысқа кіріссе, олар өздерінің хаттарының түгелдей немесе оннан тоғызының жетуіне еңбексіз-ақ қолын жеткізеді. Мұны, ұқыпты түрде хат жазысып тұрған бірнеше корреспондент досы (көбінесе редакциядағылардың бірде-бірімен таныс емес) болған ескі «Искраның» 3 жылдық тәжірибесіне сүйеніп айтып отырмын. Шетелге жіберілетін хаттарды ұстап алу полицияның әлдеқашаннан бері-ақ қолынан мүлде келмей қойды (жіберушінің ерекше ұқыпсыздығынан хаттарды тек ойда жоқ жерде қолға түсіреді), ал ескі «Искра» материалының өте көп бөлімі біздің адрестерімізге жазылған кәдуілгі хаттар арқылы, дағдылы жолмен әрқашан да келіп тұрды. Біз хаттардың тек комитетте ғана және секретарьда ғана жыйналу әдісінен айрықша сақтандырғымыз келеді. Мұндай монополиядан зыянды ешнәрсе жоқ. Жұмыста, бір нәрсені шешуде бірлік қаншалық міндетті болса, жалпы информацияда, хат жазысуда ол соншалық теріс. Тым үйреншікті болып кеткендіктен тәжірибелі ескі қызметкер ескермей кететін көптеген нәрселерді анағұрлым тез аңғаратын біршама «аулағырақ тұратын» (комитеттерден аулақта) адамдардың хаттары көбінесе айтарлықтай ерекше қызғылықты болады. Жас қызметкерлерге: жастарға да, қызметкерлерге де, «централистерге» де, ұйымдастырушыларға да, баспа листоктарының және көпшілік газеттерінің жәй қатардағы мүшелеріне де біздерге хат жазуға көбірек мүмкіншілік беріңіздер.

Тек сонда ғана, тек осындай кең түрде хат-хабар жа-

зысу жағдайында ғана біз бәріміз бірлесе отырып, өзіміздің газетімізді — *Россиядағы жұмысшы қозғалысының* нағыз органы ете аламыз. Осы хатты қандай болмасын барлық жыйылыстарда, үйірмелерде, топтарда, тағы сол сыяқтыларда, мүмкін болғанынша кең түрде оқып есіттіруді, ал бізге осы шақыруды жұмысшылардың қалай қарсы алғанын жазуды бар ынтамызбен сұраймыз. Жұмысшы («түсінікті») органы және жалпы — басшылық — интеллигенттік орган деп бөлу идеясына біз өте шүбәланып қараймыз: біз социал-демократиялық орган бүкіл қозғалыстың газеті болғанын, жұмысшы газеті мен социал-демократиялық газеттің бір орган болып қосылғанын тілер едік. Бұл жұмысшы табының белсене қуаттауымен ғана болатын нәрсе.

Жолдастық сәлеммен *Н. Ленин*

*1904 жылы 29 ноябрьде
(12 декабрьде) жазылған*

*1904 жылы декабрьде
бөлек листокпен басылған*

*Листоктың тексті бойынша
басылып отыр*

ОРТАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ
ПАРТИЯДАН АЖЫРАСУЫ ТУРАЛЫ
МӘЛІМДЕМЕ МЕН ДОКУМЕНТТЕР

1904 жылы 9 (22) декабрьде
жазылған

1905 жылы январьда Женевада
жеке кітапша болып басылған

Кітапшаның тексті бойынша
басылып отыр

Орталық Комитеттің үш мүшесі «Искраның» 77 номерінде бүкіл Орталық Комитеттің атынан «партияға іріткі салу мақсатымен жалған мәлімдеме жасағаны үшін» N жолдасты¹²⁴ аралық сотқа шақырып отыр. Осы жалған-сымақ мәлімдеме «Орталық Комитеттің декларацияны жасап шығаруға қатыспаған мүшесі арқылы», яғни мен арқылы жасалыпты. Жұмысқа менің жақын қатынасым болғандықтан, ал сонымен қатар N жолдастан алған өкілдігім бойынша, Орталық Комитеттің мүшелері Глебовті, Валентинді және Никитичті мына төмендегі айыптаулармен айыптап, аралық соттың тексеру ісіне қатысуға өзімді праволымын және міндеттімін деп есептеймін.

Мен оларды Орталық Комитеттің өздеріндей мүшелері жөніндегі және бүкіл партия жөніндегі заңсыз, теріс, формальдық жағынан да және моральдық жағынан да жол беруге болмайтын істері үшін айыптаймын.

Бұл теріс істер партиялық кризисті созып және шиеленістіріп, ал оның үстіне партия қызметкерлерінің бұқарасына мейлінше тікелей әсер етіп отырғандықтан, мен конспиративтік құпиялардан басқаның бәрін тексеріп шешудің жарыя түрде болуын сөзсіз қажет деп есептеймін, сондықтан да өзімнің айыптауымның мазмұнын толық баяндаймын.

І. Мен Орталық Комитеттің 3 мүшесін: Глебовты, Валентинді, Никитичті партияны үнемі алдап келді деп айыптаймын.

1) Мен оларды партияның II съезінен алған өздерінің билігін партияның III съезд үшін үгіт жүргізу жөнінде-

Орталық Комитеттің үш мүшесі «Искраның» 77 номерінде бүкіл Орталық Комитеттің атынан «партияға іріткі салу мақсатымен жалған мәлімдеме жасағаны үшін» N жолдасты¹²⁴ аралық сотқа шақырып отыр. Осы жалған-сымақ мәлімдеме «Орталық Комитеттің декларацияны жасап шығаруға қатыспаған мүшесі арқылы», яғни мен арқылы жасалыпты. Жұмысқа менің жақын қатнасым болғандықтан, ал сонымен қатар N жолдастан алған өкілдігім бойынша, Орталық Комитеттің мүшелері Глебовті, Валентинді және Никитичті мына төмендегі айыптаулармен айыптап, аралық соттың тексеру ісіне қатысуға өзімді праволымын және міндеттімін деп есептеймін.

Мен оларды Орталық Комитеттің өздеріндей мүшелері жөніндегі және бүкіл партия жөніндегі заңсыз, теріс, формальдық жағынан да және моральдық жағынан да жол беруге болмайтын істері үшін айыптаймын.

Бұл теріс істер партиялық кризисті созып және шиеленістіріп, ал оның үстіне партия қызметкерлерінің бұқарасына мейлінше тікелей әсер етіп отырғандықтан, мен конспиративтік кұпиялардан басқаның бәрін тексеріп шешудің жарыя түрде болуын сөзсіз қажет деп есептеймін, сондықтан да өзімнің айыптауымның мазмұнын толық баяндаймын.

І. Мен Орталық Комитеттің 3 мүшесін: Глебовты, Валентинді, Никитичті партияны үнемі алдап келді деп айыптаймын.

1) Мен оларды партияның II съезінен алған өздерінің билігін партияның III съезд үшін үгіт жүргізу жөнінде-

гі қоғамдық пікірін басып-жаншуға пайдаланды деп айыптаймын. Партияның әрбір мүшесінің ешкім қол сұқпайтын правосы болып табылатын осы үгітті басып-жаншуға олардың ешқандай правосы жоқ еді. Атап айтқанда, съезді қолдап үгіттегені үшін Оңтүстік бюроны таратуға олардың ешқандай правосы жоқ еді. Советте съезд пайдасына дауыс бергенім үшін маған сөгіс беруге олардың формальдық жағынан да, моральдық жағынан да ешқандай правосы жоқ еді, өйткені мен партия Советінің мүшесі едім;

2) — оларды: комитеттердің съезд шақыру туралы қарарын партиядан жасырғандығы үшін және, партиялық жоғарғы мекеменің мүшелері ретінде өздеріне жасалған сенімді жалдаптықпен пайдаланып, комитеттерді адастырғаны үшін, партиядағы жұмыс жағдайларын оларға біле тұра теріс баяндағаны үшін айыптаймын. Рига Комитетінің 22 нің қарарын басу және тарату туралы өтінішін орындаудан бас тартып, ал сонымен қатар бұл әдебиет партиялық әдебиет емес дегенді сылтау етіп, көпшіліктің әдебиетін Россияға жеткізуден бас тартып, шындықты ашуға олар кедергі жасады;

3) — мен оларды: өздерінің съезге қарсы үгітінде тіпті жергілікті жұмысқа іріткі салудан да тайынбағаны үшін, бұл комитеттерді жергілікті қызметкерлердің көз алдында мейлінше қорлағаны үшін, съезд шақыруды жақтаған комитеттерге қарсы жергілікті орындарға шағынып, сөйтіп комитет пен жергілікті орындардың арасындағы сенімді — онсыз ешқандай жұмыс мүмкін болмайтын сенімді — бұзғаны үшін айыптаймын;

4) — мен оларды: Орталық Комитеттің Советтегі делегаты арқылы Советтің III съезді шақыру шарттары жайындағы қаулыларын, съезді шақыру мүмкіншілігін жойған, сөйтіп партияның ішкі дау-жанжалын дұрыс шешу мүмкіншілігін партия үшін болдырмай тастаған қаулыларын жазуға қатысқандықтары үшін айыптаймын;

5) — мен оларды: көпшілік позициясын өздерінің принципті түрде қостайтындығы туралы комитеттерге мәлімдеме жасап, егер азшылық өзінің жасырын окшауланған ұйымынан және Орталық Комитетке кооптация жасаудан бас тартса ғана азшылықпен келісім жасауға болатындығы туралы мәлімдеме жасап, олар сонымен қатар *партиядан жасырын және біле тұра оның тілегіне*

қарсы: 1) азшылықтың жәй істеріне иелігін сақтау; 2) Орталық Комитетке азшылықтың нағыз, барып тұрған үш өкілін кооптация жасау шарттары негізінде азшылықпен келісімге келгені үшін айыптаймын;

6) мен оларды: партияның жоғарғы мекемесі мүшелері ретінде өздерінің беделін өздерінің саяси қарсыларына сенімсіздік туғызуға пайдаланғандықтары үшін айыптаймын. Олар жолдас П.¹²⁵ жөнінде арамдық жасады, өйткені Солтүстік комитетте П. жолдас алдап сөз сөйлепті-мыс, сол туралы істі тексеру керек деп *шюльде* қаулы алды, ал содан кейін Глебов П-ны бірнеше рет көрсе де, қорғану мүмкіншілігінен айрылған жолдастың қылығын дәл сол Глебовтың партия Советінің мүшесі ретінде «Искрада» «алдау» деп атауға өзіне ерік берсе де, *осы кезге дейін* (22 декабрьге дейін) оған тіпті айыпта та тақпады. Олар Лидин¹²⁶ Орталық Комитет сенім берген кісісі (Vertrauensmann) болған емес деп көрне-көзге өтірік айтты. Олар «Искрада» (№ 77) мәлімдеме басып, Бонч-Бруевич жолдастың және оның экспедициядағы қызметкерлерінің партия мүшелері алдында беделін түсіру мақсатымен партия мүшелерін алдады, бұл мәлімдемеде экспедицияның тек бір-ақ кемшілігі көрсетілген (және оның үстіне дұрыс емес) — ал бұл, олар жұмысты дұрыс жүргізді және есеп-қыйсабы толығынан дұрыс деп Бонч-Бруевич жолдасқа өздерінің уәкілдері арқылы жазба куәлік бергеннен кейін болып отыр;

7) мен оларды: партиялық мекемелердің (РСДЖП-ның Женевадағы кітапханасы мен архивын) беделін түсіру үшін Орталық Комитеттің шетелдегі бұрынғы өкілдері Васильев жолдас пен Зверев жолдастың жоқтығын пайдаланғандықтары үшін айыптаймын. Олар «Искрада» Орталық Комитеттің маған мәлім емес «өкілінің» қолымен әлгі мекемелердің тарихын және шын сыйпатын мүлде бұрмалаған хабар басты.

II. Мұның үстіне: мен Орталық Комитеттің үш мүшесін, Глебов, Валентинді және Никитичті, коллегияда қызметтес болып отырған мүшелерге моральдық жағынан да, формальдық жағынан да жол беруге болмайтын бірсыпыра істер істегендіктері үшін айыптаймын.

1) Олар маған (Глебов жолдас арқылы) Орталық Комитеттен шығу немесе съезд үшін үгітті тоқтату ту-

ралы ультиматум қойып, партиялық ұйым мен тәртіптің барлық негізін бұзды.

2) Олар өздерінің атынан Орталық Комитеттің мүшесі Глебов жасасқан шартты — ал бұл шарт Орталық Комитеттің құрамының өзгеруі салдарынан бұл шартты орындау олар үшін қолайсыз болып шыққан кезде — оны бұзды.

3) Олар өздерінің июль мәжілісінде, не оны тындамай, не менің мәлімдемемді тындамай, N жолдасты Орталық Комитеттен шықты деп жарыялауға правосы жоқ еді, оның үстіне Орталық Комитеттің осы үш мүшесіне талас мәселені Орталық Комитеттің жалпы жыйналысында қарау керек деген біздің (Орталық Комитеттің 4 мүшесінің¹²⁷) талабымыз мәлім еді. N жолдасты Орталық Комитеттің мүшесі емес деп жарыялау шындығында да дұрыс емес, өйткені Орталық Комитеттің үш мүшесі мұнымен бірге N жолдастың шартты (және барлық жолдастарға хабарландырылмаған) мәлімдемесіне қыянат жасады.

4) Орталық Комитеттің үш мүшесі өздерінің көзқарастарының және өздерінің ниеттерінің өзгергенін менен жасыруға ешқандай правосы жоқ еді. Глебов жолдас майдың аяғында өздерінің көзқарастары олардың мартта жасаған декларациясында¹²⁸ айтылды деп мәлімдеген болатын. Сонымен, март декларациясынан негізінен өзгеше июль декларациясы менен жасырын қабылданды, сөйтіп Глебовтың мәлімдемесі алдау болып шықты.

5) Глебов Амстердам конгресінде¹²⁹ жасалатын баяндамада — Дан (Орталық Орган делегаты) және Глебовтың өзі (Орталық Комитет делегаты) жазуға алған баяндамада — партиядағы алауыздықтар туралы сөз болмайды деп менімен жасасқан шартын бұзды. Жалғыз Данның жазып шыққан баяндамасы бүркеулі айтыстармен лық толы және «азшылықтың» көзқарастарын түгелдей бойына сіңірген болып шықты. Глебов Данның баяндамасына қарсылық білдірмеді, сөйтіп халықаралық социал-демократияны алдауға жанамалап қатысты.

6) Орталық Комитеттің үш мүшесінің партия тұрмысының маңызды мәселесі жөніндегі менің ерекше пікірімді мәлімдеуден және жарыялаудан бас тартуға ешқандай правосы жоқ еді. Июль декларациясы, ол жөнін-

де маған пікір айтуға мүмкіншілік беруден бұрын Орталық Органға *басу үшін* жіберілген болатын. 24 августа мен осы декларацияға қарсы Орталық Органға наразылық жібердім. Орталық Орган, егер мұны, декларацияны жазған Орталық Комитеттің үш мүшесі мақұлдаса ғана басатынын айтты. Олар мұны мақұлдамады, сөйтіп олар менің наразылығымды партиядан жасырып қалды.

7) Советтің протоколдарын маған хабарлаудан және Орталық Комитет формалды түрде шығармай жатып, Орталық Комитетте жұмыстардың барысы туралы, Россияда және шет елде жаңа агенттер тағайындау туралы, «азшылықпен» жүргізілген келісім сөздер туралы, қас-салардың жұмыстары, тағы сол сыяқтылар туралы қандай да болмасын мәліметтердің барлығын маған беруден бас тартуға олардың ешқандай правосы жоқ еді.

8) Совет арқылы кооптация жүргізбейінше, Орталық Комитетке үш жаңа жолдасты (ымырашылдарды) кооптация жасауға олардың ешқандай правосы жоқ еді, мұны бірауыздылық болмаған жағдайда партия уставы талап етеді, ал бірауыздылық болған жоқ, өйткені, бұл кооптацияға қарсы мен наразылық білдірдім.

Қосымша

Партияның ішкі дау-жанжалы жөнінде Орталық Комитет позициясының өте-мөте маңызы барлықтан, жалпы жұрттың назары үшін төмендегі документтерді жарыялауды қажет деп есептеймін:

І. Глебов жолдастың «коллегия» мүшелеріне ысазған хаттары.

а) Сентябрь.

«Орталық Органмен және Лигамен қарым-қатнас әлі айқындалған жоқ. Біздің мәлімдемемізден кейін олардың ұяттан безгендігін және олардың араны ашылып отырғандығын айту керек. Бұл арада біздің жағдайымыз өте қыйын: шетел Лиганың қолында, қаржы түсетін жеке орындар Орталық Органның қолында, сондықтан да біз өте-мөте борыштымыз. Мүқтаждықтың қысымынан (9 000-ға дейін борыш мойында), мен қандайда болса бір жол ойлауға мәжбүр болдым. Сондықтан мен азшылықтан олар үшін тиімді реформалардың жобасын *маған* белгілеп беруді сұрадым».

б) 7 сентябрьде.

«Кеше кешке С. қатысуымен, азшылықтың үш уәкілімен: Поповпен, Блюменфельдпен және Мартовпен жұмыс жөнінде кездестім».

Бұл жыйылыста, Глебовтың сөзінше, «бітімді дайындау үшін дайындық жыйналысқа» айналған жыйналыста талқыланған мәселелердің төменгілерін көрсетеміз:

І. Шетелдегі ұйымдастыру қарым-қатнастары.

«Россиялық қозғалыс туралы қамқорлықты Орталық Комитет пен Орталық Орган және Лига өз міндеттеріне алып отыр. Өзара егесті жою үшін, жұмысқа көбірек көңіл қоюшылықты және толық сенім болуды, іске жалпы басшылық ету Орталық Комитеттің, Орталық Орган мен Лиганың өкілдері комиссиясына тапсырылып отыр. Орталық Комитет екі дауысқа ие және veto* ... *правосы бар*».

* — тоқтатуға, қабылдамауға. *Ред.*

II. Транспорт.

«Егер Орталық Органның өзінде кейбір дербестік болса, Орталық Комитеттің бақылауына бағынады. Атап айтқанда: шетелдегі экспедиция біреу ғана, Орталық Комитеттің экспедициясы ғана болады. Өз шекарасын басқару Орталық Органның өзінде қалады. Россияда әдебиеттерді бөлу Орталық Комитеттің қарауына жатады. Неғұрлым өз алдына дербес өмір сүру үшін, Орталық Органға Оңтүстік беріледі. Түсіндірейін. Орталық Органның транспорты бар. Орталық Орган, басқару ісі өзгере қалған жағдайда өздерінен жолды алып қоя ма қайтеді деп қорқады. Сондықтан да Орталық Орган жолды өзіне ұйымдастыру жолымен қамтамасыз етуді сұрайды».

с) 7 сентябрь.

«Істерді басқару жөнінде кеше жасалған шартқа Дан қатты ашуланулы, ал, мүмкін, басқалар да ашулы болар. Не деген қомағай халық. Бұл арада олар Орталық Орган, Орталық Комитет пен Лиганың өкілдерінен шетелдік комитет құрғысы келеді, бұлардың бәрі шетелде шешуші міндет атқарады; әрине, олардың әрқайсысы тек бір дауысқа ғана ие. Жаман емес қой?»

d) Сентябрь.

«Толықтыру туралы (мәселе Советте Орталық Комитет өкілдерін толықтыру туралы болып отыр) Советтің білдірген тілегіне көңіл аударамын. Лениннің орнына кімді болса да біреуді сайлауға тура келер, әрине, ол мұны заңсыз деп жарыялайды. Мен Советке Данды немесе Дейчті сайлауды ұсынар едім, бірақ олар Советтегі мәжіліске қатысу үшін ғана уәкілдік алады деп айқын ескерту жасау керек. Меніңше, бұлардан басқа сайлайтын ешкім жоқ».

II. Орталық Комитет агентінің (кәзір Орталық Комитетке ресми түрде кооптацияланған) Глебов жолдасқа жазған хаты:

4 сентябрь.

«Декларация жөнінде сондайлық былық болды, оны тіпті түсінудің өзі қиын. Тек бірақ нәрсе анық: комитеттердің бәрі, Харьков, Қырым, Горнозаводск және Дон комитеттерінен басқалары — көпшіліктің комитеттері. Дон комитеті бейтарап сыяқты, бірақ бұл туралы дәл белгілі емес. «Көпшілік» комитеттерінен — Рига, Москва, Петербург және Солтүстік комитеттері декларация үшін Орталық Комитетке сенімсіздік білдірді, ол туралы мен бұрын саған хабарлағанмын. Орталық Комитет толық сенімді комитеттердің тек кейбіреулерінен ғана алды. Қалғандары оған бітім жасау жөнінде ғана сенім білдірді — егер іс сәтсіздікке ұшырайтын болса, дереу төтенше съезд шақырылсын деді. Соңғылардың ішінен кейбіреулер: азшылықтың өзін «бір тарапбын» деп есептеуден бас тартуын және «бір тарап» ретінде кооптация жасауды талап етуден бас тартуын бітімнің шарты етіп ұсынады (?). Істің жайы міне

осындай. Бітісу сәтсіздікке ұшыраса, Орталық Комитет комитеттер көпшілігінің сенімінен айрылады, ал солай болса, уәкілдігін тапсыру үшін съезд шақыруды өзі үгіттеуге тиісті болады. Комитеттердің ниет көңіліне қарағанда съезд қаулысының 22-нің бағытында өтетіндігі, яғни редакцияны ауыстырып, көпшіліктің қолына беретіндігі, партия Советін өзгертетіні, т. т. айқын көрініп отыр. Ал, бітісу комитеттерді қанағаттандыру үшін мына шарттың орындалуы қажет, — ол туралы мен саған жаздым да — азшылықтың декларация қабылдауы және оның өзін «бір тарапбын» деп есептеуден бас тартуы. Егер олар мұны істесе, Ленин Россияда тірегінен айрылады, сондықтан бейбітшілік орнатуға болады деп ойлаймын. Сенің Мартов жөніндегі жұмыс «аздап» жөнделіп келеді деген сөзің, мені таң қалдырды. Редакция мүшелерінің қарысушылығы тура ызаландыра бастады, ал мен, идея және басқа жағынан оларға тілектес бола тұрсам да, өзімнің оларға саяси «басшы» ретіндегі сенімім де жоғала бастады. Ұйымдастыру мәселесін олар толық түсінді, сондықтан олардың Россия тарапынан қуаттаушылық болмай отырғанда мұнан былайғы жердегі қарысуы (Россияда азшылық дәрменсіз) олардың орын үшін ғана күресетіндігін көрсетеді».

Саудагершілік келісімнің басталуы осындай, ал ақыры мынандай:

Орталық Комитет комитеттерге хат жібереді, онда комитеттерді былай деп хабарлайды:

«Келіс сөздер жақын арада аяқталады (әрі кеткенде екі аптадан аспайды), ал әзірге мынаны хабарлай аламыз: 1) Орталық Комитет өз құрамына ешқандай азшылықты кооптация жасаған жоқ (бұл жөнінде кімде болса біреудің өсегі тарап жүр); ... 3) азшылықпен арадағы келіс сөздер Валентиннің сіздерге сол баяндаған рухта жүріп жатыр, яғни егер икемге келушілік туралы айтатын болсақ, ол тек азшылық жағынан болуға тиіс және Орталық Орган фракциялық айтыстан бас тарту, азшылықтың жасырын ұйымын тарату, Орталық Комитетке мүшелерді кооптация жасаудан бас тарту, барлық кәсіпорындарын (техника, транспорт, Байланыс) Орталық Комитетке беру түрінде болуға тиіс. Тек осындай шарт бойынша ғана партияда бейбітшілік орнатуға болады. Мұның осылай болып шығатынына сенуге негіз бар. Қалай дегенмен, егер енді азшылық өзінің ескі саясатын созу пікірін көрсететін болса, онда Орталық Комитетті келіс сөздерді дереу тоқтатады және төтенше съезд шақыруға кіріседі».

Орталық Комитетке сенімсіздік білдіріп отырған комитеттерді Орталық Комитет осылай жұбатады, ал азшылықтың «көрнекті» қайраткерлерінің хаттары міне. Хаттар 1904 жылы ескі стиль бойынша декабрьдің ортасында алынды.

«Ақырында біз жексұрындармен кездестік. Олардың жауабы былай болды: біздің техникалық мекемелердің өз билігі өзінде болуына риза; үгіт комиссиясына келетін болсақ, олар бұған қарсы,

өйткені бұл міндет (үгіт жұмысына басшылық ету) тікелей Орталық Комитеттің қызметі, дейді, сондықтан олар бұл жоспардан көрі Орталық Комитет реформасын артық көреді, бірақ кәзір ресми түрде кооптация жасай алмайды, ал азшылықтан іс жүзінде (ресми түрде емес) үш кісіні (Поповты, Фоминды, Фишерді) кооптация жасауды ұсынады. Әрине, біз Х. мен сол арада-ақ келістік; сондықтан бүгіннен бастап меньшевиктік оппозиция ресми түрде жойылады. Тура таудай жүк ыйықтан түскендей болды. Жуық арада бүкіл Орталық Комитеттің бізбен бірге жыйналысы болады, ал содан кейін біз өзімізге анағұрлым жақын комитеттердің конференциясын шақырамыз.

... Біз, әрине, Орталық Комитетті меңгеріп алып, оны өзіміздің тілегімізше бағыттайтынымызға толығынан сенеміз. Мұның жеңіл болатын себебі, олардың көпшілігі, азшылықтың принципті сынын кәзірдің өзінде-ақ мойындап отыр... Тыянақты тастай берік комитеттердің барлығында (Бакуде, Одессада, Нижниде және Питерде) жұмысшылар сайлау системасын талап етіп отыр. Бұл тастай берік комитеттердің жанталасуының айқын көрінісі».

Мұнымен қатар тағы бір хат алынды:

«Орталық Комитет пен «азшылық» уәкілдері арасында келісім жасалды. Уәкілдер тілхат берген. Бірақ «азшылықты» алдынала сұрастыру болмағандықтан, тілхаттың онша орынды болып шықпайтындығы табиғи нәрсе, өйткені онда Орталық Комитеттің бірікпайтіру саясатына емес, Орталық Комитеттің өзіне «сенім» білдіріледі; онда партия ішіне кіріп сіңісу туралы да, өз алдына дербес өмір сүруді тоқтату туралы да айтылған, ал осы екіншісінің өзі-ақ жеткілікті. Ақырында, бұл тілхатта «азшылық» «сғеді»*-сы жоқ болып отыр. Сондықтан «азшылықтың» барлық ұйымдары арқылы «сғеді»-сы бар және көрсетілген түзетулері бар қарар алу ұйғарылды, әрине, біздің уәкілдеріміздің Орталық Комитетпен келісімі жасалғаны мойындалады».

* * *

Қылмыс үстінде ұсталған, осы документтермен әшкереленген адамдардың өздеріне тән «моральдық сезімталдығымен» партияның көңілін документтердің мазмұнынан оларды жарыялау жөніндегі право туралы моральдық мәселеге аудару үшін бар күшін салуы әбден мүмкін. Мен, партия осы көзін алдау арқылы өзінің басын қатыруға жол бермес деп сенемін. Мен осы әшкерелеу жөніндегі моральдық жауапкершілікті түгелдей өз мойныма алатындығымды және барлық істі түгелдей қарайтын аралық сот алдында тиісті түсініктердің бәрін беретінімді мәлімдеймін.

* — сенім бейнесі, программа, көзқарасты баяндау. Ред.

УЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ РОССИЯЛЫҚ СОЦИАЛ- ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ІІІ СЪЕЗІН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ ХАБАР¹³⁰

Біздің партияның біржарым жыл бойына, 2 съезден бері, басынан кешіріп отырған ауыр кризисі сөзсіз болатын және әлдеқашан болжанылған нәтижеге, орталық мекемелердің партиямен толығынан ажырасуына әкеліп соқтырды. Біз мұнда кризистің ауыр тарихын қайталамаймыз және жалпы алғанда партиялық әдебиеттерде, ал атап айтқанда, россиялық комитеттер мен комитеттердің конференцияларының толып жатқан қарарлары мен мәлімдемелерінде жеткілікті түрде сыйпатталған фактыларды еске түсіріп жатпаймыз. Осындай конференциялардың соңғысы, Петербург, Рига, Тверь, Москва, Солтүстік және Нижегород комитеттері қатысқан Солтүстік конференцияның бюро сайлағандығын және оған Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының кезекті 3-съезін тезінен шақыру үшін Ұйымдастыру Комитеті ретінде іске кірісуді тапсырғандығын көрсетсек, осының өзі-ақ жеткілікті.

Қазіргі уақытта бюро Орталық Комитет деп аталатын Комитеттің жауап беруі үшін комитеттердің белгілеген мерзімдерінің бәрін өткізді, сөйтіп үш оңтүстік (Одесса, Екатеринослав, Николаев) және төрт кавказдық комитеттердің уәкілдерімен келісім жасасты. Бюро енді Ұйымдастыру Комитеті болып іске кірісті және партия алдында есеп беруге міндетті болған және партия алдында жауапкершіліктен бас тартқан орталықтардың ризалығысыз Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының кезекті 3 съезін шақырады.

Россия болып көрмеген саяси өрлеуді басынан кешіріп отыр, сондықтан пролетариатқа самодержавиеге қарсы

күресудің ұлы тарихи міндеттері жүктеліп отыр. Пролетариат күштерін ұйымдастыру және біріктіру ісіне біздің партиялық қым-қыйғаштығымыздың қандай зор зыян келтіргенін, шетел үйірмешілдігінің азғындату ықпалы салдарынан насихат, үгіт жұмысының және Россияда жұмысшыларды біріктіру жұмысының қандайлық өлшеусіз зыянға ұшырағанын Россияда істейтін социал-демократтардың қай-қайсысы болса да біледі. Ал егер шетелдік үйірмелерді және олардың қамқоршыларын біріктіру мүмкіншілігі жоқ болса, онда, ең болмағанда, Россия социал-демократиялық қызметкерлерінің бәрі, революциялық социал-демократияның ұстамды бағытын жақтайтындардың бәрі біріксін. Мұндай бірігушілік — Россияның барлық социал-демократтарының болашақтағы толық және берік бірлігінің бірден-бір дұрыс жолы болып табылады.

Россиялық революцияшыл социал-демократия жасасын, халық-аралық революцияшыл социал-демократия жасасын!

Уйымдастыру Комитеті съезді шақыру жөнінде көпшілік назарына төмендегілерді жарыялауды қажет деп санайды:

1) Уйымдастыру Комитеті кезекті 3 съезге шешуші дауыспен қатысуға Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының 2 съезі бекіткен россиялық комитеттер мен ұйымдардың барлығының (Петербург, Москва, Харьков, Киев, Одесса, Николаев, Дон, Екатеринослав, Саратов, Урал, Солтүстік, Тула, Тверь, Нижегород, Баку, Батум, Тифлис, Горнозавод, Сибирь және Қырым комитеттерінің) сөзсіз правосы барлығын мойындайды.

2) Уйымдастыру Комитеті екінші съезден кейін Орталық Комитет бекіткен комитеттердің (Мингрельск, Астрахан, Орловско-Брянск, Самара, Смолен, Рига, Курск, Воронеж, Шетел лигасы да) съезге қатысуға шартты правосы барлығын мойындайды. Осы комитеттердің бәрі партияның сенімінен айрылып отырған орталықтардың бекіткен комитеттері. Біз оларды 3 съезге шақыруға міндеттіміз, бірақ олардың қатысуы (шын комитет екендігі, кеңесші немесе шешуші дауысқа, т. т.

правосы) туралы мәселені тек съездің өзі біржолата шеше алады.

3) Ұйымдастыру Комитеті россиялық комитеттердің көпшілігі атынан: Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының кезекті 3 съезіне Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының шетелдегі ұйымдарының және орыс ұйымдарының *бәрі* қатысуына және әсіресе өзін Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясына жатамыз деп есептейтін жұмысшы ұйымдарының бәрі қатысуына тілек білдіреді. Осы соңғылардың қатысуы партиялық кризистің және сайлаулық негіз бен рабочедельдік демократизм демоогогиялық дәріптеуінің толып жатқан жікке бөлінушіліктер туғызғандығынан біздерге айрықша қажет сыяқты. Россиялық комитеттердің көпшілігі өкілдерінің қатысуымен осы жікке бөлінушіліктерді жоюға немесе олардың келтіретін зыянын азайтуға әрекет жасауға съезді пайдаланып қалу керек.

4) Ұйымдастыру Комитеті сондықтан съезге қатысқысы келетіндердің барлығын тезінен үн қосуға және өзімен қатнас (жоғарыда аталған 13 комитеттің біреуі арқылы) жасауға шақырады.

5) Съезге *шақырудың* шарттары, таластар бола қалған күнде, жақын екі комитеттің және Ұйымдастыру Комитетінен келген үшінші адамның тоқтамымен белгіленеді.

6) Партияның екінші съезі бекітпеген комитеттер мен басқа ұйымдардың съезге *қатысу* (кеңесші немесе шешуші дауыспен) шарттарын 3 съезд өзі белгілейді.

7) Съездің уақтын және орнын Ұйымдастыру Комитеті белгілейді.

1904 жылы декабрьде жазылған

*Бірінші рет 1926 жылы Лениннің
V жыйнағында басылған*

*Қолжазбасы бойынша
басылып отыр*

ЕСКЕРТУЛЕР

- 1 «РСДЖП II съезі туралы әңгімені» Ленин партияның II съезінен кейін меньшевиктердің жікшілдік, ыдыратушылық әрекетіне қарсы большевиктердің жүргізген күресі күшейген дәуірде жазған. Съездің протоколдары жарыяланғанға дейін (1904 жылы январьда) «Әңгіме» II съездің қортындыларын және РСДЖП-ның екіге бөліну себептерін көрсеткен бірден-бір документ болды. — 1.
- 2 Ленин РСДЖП II съезінің шешуші дауысты делегаттары туралы, 1903 жылы 18(31) июльде съездің екінші мәжілісінде мандат комиссиясы баяндама жасаған кезде болған мәліметтерді пайдаланып отыр. Бұл кезде съезге 42 делегат келген еді: 33 делегатта бір дауыстан, 8 делегатта екі дауыстан болды, ал Бундтың шетелдік комитетінің екінші өкілі келгенше оның бір делегатында да уақытша екі дауыс болды. Бундтан екінші делегат келгеннен кейін 22 июльде (4 августа) съезге шешуші дауыс правосы бар 43 делегат қатысты, олардың ішінде 35 делегатта бір дауыстан, 8 делегатта екі дауыстан болды. — 5.
- 3 Т — большевик П. А. Красиков (РСДЖП II съезінің протоколдары бойынша — Павлович, П.). — 7.
- 4 «Күрес» — шетелдік әдеби топ, өзін РСДЖП-ға есептеген; дербес топ ретінде 1901 жылы Парижде құрылды. Социал-демократиялық көзқарастар мен тактикадан шегінгендігі үшін, ыдыратушылық әрекеттері үшін және Россиядағы социал-демократиялық ұйымдармен байланысы болмағандығы үшін бұл топ партияның II съезіне жіберілген жоқ. II съездің қарары бойынша «Күрес» тобы таратылып жіберілді. — 8.
- 5 NN (NN) — меньшевичка Е. М. Александрованың жасырын аты (РСДЖП II съезінің протоколдары бойынша — Штейн). — 8.
- 6 «Тұрлаусыз» — И. В. Чернышев; алғашында «экономист» болған, онан соң «Искраның» шетелдік ұйымына өтті, ал 1903 жылы апрельде қайтадан «экономистер» жағына шығып кетті. — 8.
- 7 Tagesordnung жөніндегі түсінік деп Ленин партияның екінші

- съезінің күн тәртібі мен регламентінің жобасы жөніндегі өз пікірлерін айтып отыр, бұл жобаны ол «РСДЖП-ның кезекті ІІ съезінің программасы» деген тақырыппен жазған. — 17.
- 8 *Старовер* — меньшевик А. Н. Потресовтың жасырын аты. — 17.
- 9 «*Заря*» («*Тан*») — марксистік ғылыми-саяси журнал, мұны «*Искра*» редакциясы 1901 — 1902 жылдары Штутгартта шығарып отырған. Төрт номері шықты.
«*Заряда*» Лениннің мынадай мақалалары басылған: «Кездейсоқ хабарлар», «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары», «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбектің алғашқы төрт тарауы («Аграрлық мәселедегі «сыншы» мырзалар» деген тақырыппен басылған), «Ішкі халді шолу», «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы». «*Заря*» журналында Плехановтың теориялық мақалалары да басылып отырды. — 18.
- 10 «*Революционная Россия*» — эсерлердің газеті, 1900 жылдың аяғынан бастап 1905 жылға дейін шығып тұрды. 1902 жылдың январынан бастап — эсерлер партиясының орталық органы. — 23.
- 11 «*Екінші апрель ісі*» деп студент Балмашевтің 1902 жылы 2(15) апрельде ішкі істер министрі Сипягинді өлтіргендігі айтылып отыр. — 23.
- 12 *Петрашевскийшілдер үйірмесі* ХІХ ғасырдың 40-ншы жылдарының ортасында Петербургте құрылды. Оның құрамына кіргендер орыстың алдыңғы қатарлы әртекті интеллигенциясының өкілдері: әдебиетшілер, оқытушылар, студенттер, ұсақ чиновниктер, офицерлер және басқалар. Үйірмені басқарушы француздың утопист-социалисі Ш. Фурьенің жолын қуған М. В. Буташевич-Петрашевский болды.
Петрашевскийшілдердің саяси көзқарастары біркелкі болған жоқ, бірақ петрашевскийшілдердің көпшілігі патша самодержавиесіне және крепостниктікке қарсы шықты.
Петрашевскийшілдердің үйірмесімен байланысты болған жазушылар: М. Е. Салтыков-Щедрин, Ф. М. Достоевский және акындар А. Н. Плещеев, А. Н. Майков, Т. Г. Шевченко және басқалар. — 28.
- 13 «*Революцияшыл жастардың міндеттері*» деген мақаланың «Бірінші хат» деген тақырыпшасы бар. Алайда келесі хаттар шыққан жоқ. Мақала «Студенттерге. Революцияшыл жастардың міндеттері (Социал-демократия және интеллигенция)» деген тақырыппен мимеографта жеке кітапша болып та басылды.
Полиция департаментінің 1904 — 1905 жылдардағы документтерінде қамау, тінту жүргізілген кездерде Лениннің кітапшасы Екатеринославта, Н.-Новгородта, Казанда, Одессада, Арзамаста Смоленскі мен Минскі губернияларында табылғандығы айтылады. — 30.

- 14 «Студент» — революцияшыл студенттердің газеті. Үш номері шықты: 1-номері — 1903 жылы апрельде, 2 — 3-номері сентябрьде шықты. — 30.
- 15 «Освобождение» («Азаттық») — либералдық-монархияшыл буржуазияның екі апталық журналы; 1902—1905 жылдары П. Б. Струвенің редакциясымен шетелде шығып тұрды. «Освобождениешілдер» кейінірек Россиядағы басты буржуазиялық партияның — кадеттер партиясының ұйтқысы болды. — 30.
- 16 Лениннің осы жоспар бойынша жазылған мақаласы табылған жоқ. Жоспардың соңғы абзацын — Бунд туралы абзацын — Ленин «Асқан ұятсыздық пен болмашы логика» деген мақалада дамытқан (осы томның 47—53-беттерін қараңыз). — 45.
- 17 ««Номад» дәуірінің ақыры» — социал-демократиялық ұйымдардың идеялық және ұйымдық бытыраңқылығының ақыры — 45.
- 18 «Последние Известия» («Соңғы хабарлар») — оқтың-оқтың шығатын бюллетень, мұны Бундтың шетелдік комитеті 1901 жылдан 1906 жылға дейін шығарып тұрған. — 48.
- 19 Сионизм — еврей буржуазиясының арасындағы реакциялық-ұлтшылдық ағым. — 52.
- 20 Орталық Комитеттің мүшесі — Ф. В. Ленгник (жасырын аттары — Васильев, Кол). — 54.
- 21 «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасының» екінші съезі 1903 жылы 13 — 18 (26 — 31) октябрьде Женевада болды; меньшевиктердің талабы бойынша шақырылды. Съезде Ленин бастаған көпшілік жағындағы 15 делегат (18 дауыс), азшылық жағындағы 18 делегат (22 дауыс) және большевиктерге де, меньшевиктерге де қосылмаған бір делегат (2 дауыс) болды.
- Съездің күн тәртібіндегі негізгі мәселе РСДЖП-ның II съезіне Лигадан барған делегат Лениннің баяндамасы болды. Лениннен кейін Мартов сөз сөйлеп, меньшевиктердің оппортунистігін корғады және большевиктерге жала жапты. Ленин мен оның жақтастары Лиганың съезін тастап кетті. Партияның II съезінің қарарларына бағынудан бас тартқандығы үшін партияның Орталық Комитеті мен партия Советі Лиганың съезін заңсыз деп жарыялады. — 57.
- 22 Ұлт мәселесі жөніндегі рефератты Ленин кейінірек «Біздің программамыздағы ұлт мәселесі» деген мақала түрінде «Искра» үшін әзірледі (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қазақша 481—491 беттер). — 63.
- 23 ППС (Польшаның социалистік партиясы) — ұсақбуржуазиялық ұлтшыл партия, 1893 жылы құрылған. — 63.
- 24 «Мартовтың баяндамасы жөнінде жасалған мәлімдемені» Ленин «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лига-

- сынын» II съезінің үшінші мәжілісінде оқып, съездің бюросына тапсырған болатын. Съезде Мартов таққан жалақорлық айыптарды қарау үшін құрылған аралық сот жүргізілген жоқ, өйткені Мартов 1903 жылғы 16(29) ноябрьде жазған хатында Лениннің адалдығына, шыншылдығына күмәнденбеймін деуге мәжбүр болды. — 74.
- ²⁵ «Тапсырылмаған мәлімдемені» Ленин «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасының» II съезіне енгізу үшін жазған. Лига съезінің 1903 жылғы 16(29) октябрьде болған мәжілісінде Ленин қысқаша ауызекі мәлімдеме жасаумен тынды. — 76.
- ²⁶ «Партия Советінің мүшесі мен Орталық Орган редакциясының мүшесі қызметінен бас тартқаным туралы мәлімдемені» Ленин тапсырғанда Плеханов меньшевиктерге ашық бет бұрып кеткеннен кейін және «Искраның» РСДЖП II съезі қабылдамай тастаған бұрынғы редакторларының бәрін де редакцияға енгізуді ұсынғаннан кейін тапсырған болатын.
- 5(18) ноябрьде Ленин «Искра» редакциясынан шыққандығы туралы мәлімдемені «Искраға» басу жөнінде Плехановқа өтініш етті (осы томның 104-бетін қараңыз). Өз құрамында болған өзгерістер туралы редакцияның хабары меньшевиктік, жана «Искраның» 1903 жылғы 25 ноябрьде шыққан 53-номерінде басылды. — 81.
- ²⁷ Бунд — «Литвадағы, Польшадағы және Россиядағы Бүкіл еврей жұмысшыларының одағы» — 1897 жылы ұйымдасқан, көбінесе Россияның батыс облыстарындағы еврей колөнершілерін біріктіретін. РСДЖП-ның I съезінде, 1898 жылы мартта, Бунд РСДЖП-ға кірді. РСДЖП-ның II съезінде бундшылдар Бундты еврей пролетариатының бірден-бір өкілі деп тану керек деп талап қойды. Съезд Бундтың ұйымдық мәселедегі ұлтшылдығын қабылдамай тастағаннан кейін Бунд партиядан шықты.
- 1906 жылы, IV («Бірігу») съезінен кейін, Бунд қайтадан РСДЖП-ға кірді. Бундшылдар меньшевиктерге үнемі қолғабыс көрсетіп, большевиктерге қарсы үздіксіз күрес жүргізіп келді. РСДЖП-ның құрамына формалды түрде кіре отырып, Бунд буржуазиялық-ұлтшылдық сыйпатты ұйым болды. — 82.
- ²⁸ «Die Arbeiterstimme» («Жұмысшы Үні») — газет, Бундтың орталық органы, 1897—1905 жылдарда шығып тұрды. — 82.
- ²⁹ Лениннің айтып отырғаны 1898 жылы мартта Минскі қаласында РСДЖП-ның I съезі қабылдаған манифест. — 82.
- ³⁰ Бундтың РСДЖП Екатеринбург комитетіне қарсы күрес жүргізген оқыйғасын Ленин «Еврей пролетариатына «дербес саяси партияның» керегі бар ма» деген мақаласында баяндаған (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қазақша 343—349-беттер). — 88.
- ³¹ «Die Neue-Zeit» («Жаңа Заман») — герман социал-демократиясының журналы. 1883 жылдан 1923 жылға дейін Штутгартта

- шығып тұрды. 1885 — 1895 жылдары «Die Neue Zeit»-те Ф. Энгельстің кейбір мақалалары жарыяланды. Энгельс журналдың редакциясына жиі-жиі нұсқаулар беріп, марксизмнен шегінгендігі үшін оны қатты сынап отырды. 90-ншы жылдардың екінші жартысынан бастап, Ф. Энгельс өлгеннен кейін, журнал қаутскийшілдік көзқарастарды таратушы болып, үнемі ревизионистердің мақалаларын басып отырды. Дүниежүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) журнал центристтік позицияда болып, іс жүзінде социал-шовинистерді қолдап отырды. — 90.
- ³² Ленин француздың филологі және тарихшысы Ренанның «Le judaïsme comme race et comme religion» («Нәсіл ретіндегі және дін ретіндегі иудейлік») деген шығармасынан өзі аударып үзінді келтіріп отыр, бұл шығарма мынадай кітапта басылған: Discours et Conférences par Ernest Renan. Paris. 1887, p. 373 (Ренан Эонест. Сөйленген сөздер мен көпшілік алдында оқылған лекциялар, Париж, 1887, 373-бет.). — 91.
- ³³ В. В. және Николай — он — XIX ғасырдың 80 — 90-ншы жылдарындағы либерал халықшылдардың идеологтері В. П. Воронцов пен Н. Ф. Даниельсонның жасырын аттары. — 94.
- ³⁴ Милъеран — француздың реформист-«социалисі», 1899 жылы реакцияшыл буржуазиялық үкіметке кірді. — 96.
- ³⁵ «Басып шығарылмаған мәлімдеме» — партия Орталық Комитеті қарарының жобасы, мұны 1903 жылы 14(27) ноябрьде Орталық Комитеттің мәжілісінде Ленин ұсынған. Орталық Комитеттің кейбір мүшелері меньшевиктерге ымырашылдық көзбен қарағандықтан бұл мәлімдеме жөніндегі қарар қабылданған жоқ. — 105.
- ³⁶ Орталық Комитеттің ультиматумы 1903 жылы 12(25) ноябрьде меньшевиктерге тапсырылған болатын. Ленин 1903 жылы 22 октябрьдің (4 ноябрьдің) өзінде-ақ Орталық Комитетке хат жолдап, ол хатта меньшевиктерге мынадай шарттар қоюды ұсынды: 1) бұрынғы үш редакторды редакцияға кооптациялау; 2) Шетелдік лигадағы бұрынғы жағдайды қалпына келтіру; 3) Партия Советінде меньшевиктерге бір дауыс беру. Осы бастапқы шарттарды Орталық Комитеттің ымырашыл мүшелері қолдаған жоқ. Нақ сол хатында Ленин ультиматумның, яғни Орталық Комитет тарапынан меньшевиктерге берілетін лайықты практикалық кеңшіліктердің негізгі пункттерін белгілеп, сонымен бірге бұларды бекіту жөнінде, бірақ әзірінше меньшевиктерге білдірмей қоя тұру жөнінде Орталық Комитетке ұсыныс жасады, ол негізгі пункттер: 1) «Искра» редакциясына бұрынғы төрт редакторды кооптациялау; 2) Орталық Комитеттің қалауы бойынша екі адамды Орталық Комитетке кооптациялау; 3) Шетелдік лигадағы бұрынғы жағдайды қалпына келтіру; 4) Партия Советінде меньшевиктерге бір дауыс беру. «Ультиматум қабылданбаған күнде, — деп көрсетті Ленин, — ақырына дейін соғыс

жүргізіледі. Қосымша шарт: 5) партияның II съезіндегі және одан кейінгі егес жөнінде мінеушіліктің, керісушіліктің және әңгіме-сөздің бәрін де тоқтату». Лениннің осы ұсыныстары (қосымша шарттан басқасы) Орталық Комитеттің 12(25) ноябрьдегі ультиматумына енді, бірақ Орталық Комитеттің ымырашылдық ниеттегі мүшелері бұларды біраз бәсеңсітіп жіберді.

Меньшевиктер Орталық Комитеттің ультиматумын қабылдамай, партияның көпшілігіне қарсы соғысу жолына түсті.

Орталық Комитеттің ультиматумына Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабында баға берген (осы томның 391-бетін қараңыз). — 105.

³⁷ «*«Искра» редакциясына хатты»* Ленин Плехановтың 1903 жылы 7 ноябрьде «Искраның» 52-номерінде басылған, «Нені істемеу керек» деген мақаласына жауап ретінде жазған. — 107.

³⁸ «*«Искра» редакциясына Лениннің жазған «Мен «Искра» редакциясынан неліктен шықтым?»* деген хаты шет елде жеке листок болып басылды және құпия түрде Россияда қайта басылды. 1904—1905 жылдардағы полиция документтерінде: тінту, қамау жүргізілген кездерде «Хаттың» Москвада, Харьковта, Тулада, Томскіде, Ригада, Николаевте, Полтавада, Астраханьда, Донбаста табылғандығы айтылады. — 112.

³⁹ Лениннің «*Бір адым ілгері, екі адым кейін (Партиямыздағы дағдарыс)*» деген кітабы туралы айтылып отыр (осы томның 205—443-беттерін қараңыз). — 124.

⁴⁰ 1903 жылы 13 (26) ноябрьде Плеханов «Искраның» редакциясына меньшевиктерді — Мартовты, Аксельродты, Засуличті және Потресовты кооптациялады. — 131.

⁴¹ Хаттың авторы — РСДЖП Екатеринбург комитетінің мүшесі, жұмысшы Н. Е. Вилонов. Оның хатына Ленин 1903 жылы 9 (22) декабрьде жауап жіберді. — 134.

⁴² «*Партия мүшелеріне. Үндеу жобасы»* — Ленин мұны Мартовтың 1904 жылы 1 январьда «Искраның» 56-номерінде басылған «Кезекте тұрған (Үйірме ме әлде партия ма?)» деген мақаласы жөнінде жазған. — 135.

⁴³ РСДЖП Советі 1904 жылы 15 — 17 (28 — 30) январьда мәжіліс құрды. Совет Плехановтың ұсынысы бойынша «партия әдебиетін шығару жөнінде Орталық Комитет пен Орталық Органның жұмысын үйлестіру» үшін шақырылған болатын. Советтің мәжілісіне Ленин, Плеханов, Ленгник, Мартов және Аксельрод қатысты.

Ленин, Орталық Комитеттің атынан, алдымен «партияда дұрыс бейбітшілік пен қалыпты қатнасты қайта орнату шаралары туралы» мәселені, онан кейін партияның III съезін шақыру туралы мәселені талқылау керек деп ұсыныс жасады. Партия Советінің январьдағы сессиясы Ленин көтерген нақ осы принципті мәселелерді талқылауға арналған болатын. Совет мень-

- шевиктерді Орталық Комитеттің құрамына кооптациялау туралы қарар алды, партияның III съезін шақыруға қарсы болды, және де меньшевиктік «Искраның» іріткішілдік әрекетін мақұлдады. Советтің январьдағы сессиясынан кейін Ленин 18 (31) январьда Орталық Комитетке жазған хатында Орталық Комитеттің аса маңызды міндеті ретінде — партияның III съезін жедел шақыру міндетін алға қойды. — 139.
- 44 *Травинский* — РСДЖП Орталық Комитетінің мүшесі Г. М. Кржижановскийдің жасырын аты. — 154.
- 45 Орталық Комитет 1903 жылғы 12 (25) ноябрьдегі ультиматумының үшінші пунктінде Орталық Комитеттің құрамына азшылықтан екі мүше кооптациялауды ұсынғанды. Ол кезде Орталық Комитетке енгендер Ленин, Кржижановский, Ленгник, Носков, Гусаров, Землячка, Красин, Эссен және Гальперин еді. — 160.
- 46 *Ру* — Л. Е. Гальпериннің жасырын аты. — 163.
- 47 «Орталық Комитеттің қағазы», «Орталық Комитеттің актысы» және «25 ноябрьдегі документ» — Лениннің ұсынысы бойынша меньшевиктерге тапсырылған, Орталық Комитеттің 1903 жылғы 12 (25) ноябрьдегі ультиматумы. — 166.
- 48 1903 жылы 29 ноябрьде (12 декабрьде) Орталық Комитеттің мүшесі Ленгник (Васильев) «Искраның» редакциясына жіберген хатты Ленин жазған еді — 168.
- 49 Лениннің айтып отырғаны 1903 жылы 31 августа (13 сентябрьде) Потресовқа жазылған хат. Ленин бұл хатты сәл ғана қысқартып, «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітапта жарыялады (осы томның 364—366-беттерін қараңыз). — 169.
- 50 Орталық Комитет Орталық Органның редакциясымен үнемі байланыс жасап отыру үшін шет елге Ленгникті жіберді және меньшевиктермен келіс сөздер жүргізу үшін 1903 жылы ноябрьде келген Кржижановскийді шетелге жіберді. — 170.
- 51 Лениннің айтып отырғаны Саратовтық, Одессалық және басқа комитеттер. Саратовтық және Одессалық комитеттердің қарарлары Н. Шаховтың «Съезд үшін күрес» деген кітапшасында жарыяланды; Женева, 1904, 28-бет. — 173.
- 52 *Загорский* — меньшевик В. Н. Крохмальдың жасырын аты. — 181.
- 53 Ленин И. Х. Лалаянцтың 1903 жылы 24 декабрьде (1904 жылы 6 январьда) (Н. К. Крупскаяға жазған хатынан цитат келтіріп отыр. — 182.
- 54 *Мартын* — меньшевик В. Н. Розановтың жасырын аты. — 182.

- 66 Ленин Краснийн 1904 жылы 1 (14) январьда Орталық Комитеттің шетелдік бөліміне жазған хатынан цитат келтіріп отыр. — 182.
- 67 Бірінші хатта Орталық Комитеттің экспедиция меңгерушісі Орталық Комитетке өлең беру үшін меньшевиктік «Искраның» редакциясынан соның өзі алып тұратын «Искраның» 50 данасы қайда жіберілетіндігі жөнінде хабарлауды сұрады. Екінші хатта да ол Орталық Комитеттің рұқсаты болмайынша редакция бөлімі отыратын 50 данадан артық мартовшалдарға «Искра» беруден бас тартты. — 183.
- 68 Ленин Орталық Комитеттің шетелдік өкілі Лениннің 1903 жылы 14 (27) декабрьде Орталық Органның редакциясына жіберген хатынан цитат келтіріп отыр. Хатты жазған Ленин болатын. — 184.
- 69 «Vorgwärts» («Алға») — герман социал-демократиясының орталық органы. Газет В. Либкнехттың және басқалардың редакциясымен 1876 жылдан шыға бастады. Газет беттерінде Ф. Энгельс оппортунизмнің аралуан көріністеріне қарсы күрес жүргізіп отырды. 90-шы жылдардың екінші жартысынан бастап, Ф. Энгельс өлгеннен кейін, «Vorgwärts»-те герман социал-демократиясында және II Интернационалда үстемдік құрған оппортунистердің мақалалары үздіксіз басылып отырды. — 184.
- 70 Ленин Орталық Комитеттің шетелдік өкілі Лениннің 1903 жылы 26 декабрьде (1904 жылы 8 январьда) «Искраның» редакциясына жазған хатынан цитат келтіріп отыр. Хаттың цитат келтірілген бөлімін Ленин жазған. — 185.
- 71 Z — В. Н. Крохмаль. — 187.
- 72 «Бір адым ілгері, екі адым кейін (Партиямыздағы дағдарыс)» деген кітапты Ленин РСДЖП II съезінің мәжіліс протоколдары мен қарарларын, әрбір делегаттың сөйлеген сөздерін және съезде куралған саяси топтарды, Орталық Комитет пен Партия Советінің документтерін байыптап зерттей отырып, бірнеше ай бойы әзірледі.
- Лениннің кітабы меньшевиктерді қатты ызаландырды. Плеханов Орталық Комитеттен Лениннің кітабынан безуді талап етті. Орталық Комитеттегі имырашылдар кітаптың басылып, таратылуын бөгеге әрекеттенді.
- «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітапта партияның Ленин дамытқан ұйымдық принциптерін Сталин жолдас қорғады. Бұл мәселеге ол 1905 жылы январьда жарыяланған «Пролетарлар табы мен пролетарлар партиясы» деген мақаланың (қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, I-том, қазақша 68—80-беттері) және басқа бірқатар еңбектерін арнады, сонымен бірге практика жүзінде Лениннің ұйымдық принциптерін іске асырып отырды.
- Лениннің шет елде басылған «Бір адым ілгері, екі адым

кейін» деген кітабы Россияның алдыңғы қатарлы жұмысшыларының арасында кеңінен таратылды. Қамау, тінту жүргізілген кездерде кітап Москвада, Петербургте, Ригада, Саратовта, Тулада, Орёлде, Уфада, Пермьде, Костромада, Шигрыда, Шавлиде (Ковно губерниясы) және басқа қалаларда табылып отырды. Бұл еңбекті Ленин «12 жыл ішінде» деген жыйнақта 1907 жылы (титул қағазда 1908 жыл) қайта бастырды. Жаңа басылуында Ленин і, к, л, м, о, п пункттерін шығарып тастады, басқа пункттердің кейбір жерлерін қыскартты, жәнеде бірнеше қосымша ескертулер енгізді.

Шығармалардың осы басылуында кітаптың тексті 1904 жылғы бірінші басылуы бойынша толық басылып отыр, сонымен бірге 1907 жылғы басылуына автор енгізген қосымшалар да сақталды.

«Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітапқа берілген бағаны қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 45—50-беттер. — 205.

⁶² «Практик» (Панин) — меньшевик М. С. Макадзюбтің жасырын аттары. — 211.

⁶³ 1902 жылғы конференция — РСДЖП комитеттері өкілдерінің конференциясы, 1902 жылы 23—28 мартта (5—10 апрельде) Белостокте болды. «Экономистер» мен бундшылдар конференцияны партия съезі деп жарыяламақшы болды. Ленин жазған және конференцияда «Искраның» өкілі мәлімдеген баяндамада мұндай съездің әзірленбегендігі және праволы еместігі дәлелденді. Конференция РСДЖП-ның ІІ съезін шақыру жөнінде Уйымдастыру Комитетін құрды, бірақ оның мүшелерінің көпшілігі ұзамай қамауға алынды. РСДЖП-ның ІІ съезін шақыру жөніндегі жаңа Уйымдастыру Комитеті нақ сол жылғы ноябрьде Псков кеңесінде құрылды. «РСДЖП комитеттерінің кеңесіне (конференциясына) «Искра» редакциясының баяндамасында» Ленин Белосток конференциясына баға берген (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қазақша 91—101-беттер). — 211.

⁶⁴ Павлович. «РСДЖП-ның екінші съезі туралы жолдастарға хат», Женева, 1904. — 220.

⁶⁵ Сорокин — большевик Н. Э. Бауманның жасырын аты; Ланге — большевик А. М. Стопанидің жасырын аты. — 220.

⁶⁶ «Рабочая мысль» («Жұмысшы пікірі») — «экономистер» тобы; нақ осындай атпен газет шығарып отырған. Газет 1897 жылғы октябрьден 1902 жылғы декабрьге дейін шығып тұрды. 16 номері шықты. Редакторлары К. М. Тахтарев және басқалар.

Халықаралық оппортунизмнің орысша түрі болған «Жұмысшы пікірі» тобының көзқарастарын Ленин «Искраның» беттерінде басылған мақалаларында және «Не істеу керек?» деген кітапта сынады. — 229.

⁶⁷ Костров — кавказ меньшевигі Н. Н. Жорданийдің жасырын аты. — 243.

- ⁶⁸ Қараныз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлім, 1940, 23-бет. — 244.
- ⁶⁹ Орталық бірікпенің тыйым салғанына қарамастан стачка кезінде кесімді жұмыспен айналысқан «Тасшылар ерікті одағының» бір топ мүшелерінің қылығына байланысты 1900 жылы Гамбургте туған жанжал жөнінде айтылып отыр. Гамбургтік тасшылар одағы жергілікті партия ұйымына топ мүшелерінің — социал-демократтардың штрейхбрехерлік қылығы туралы мәселе қойды. Герман социал-демократиясының орталық комитеті тағайындаған партиялық аралық сот «Тасшылардың ерікті одағының» мүшелері болған социал-демократтардың қылығын мінеді, бірақ оларды партиядан шығару туралы ұсынысты қабылдаған жоқ. — 272.
- ⁷⁰ РСДЖП-ның II съезінде «Искра» ұйымының мүшелері 16 еді, оның ішінде Ленин бастаған көпшіліктің жақтастары 9 адам, Мартов бастаған азшылықтың жақтастары 7 адам болды. — 288.
- ⁷¹ Саблина — Н. К. Крупскаяның жасырын аты. — 292.
- ⁷² Герц — Д. П. Ульяновтың жасырын аты. — 299.
- ⁷³ Осипов — РСДЖП Орталық Комитетінің мүшесі, большевичка Р. С. Земляканың жасырын аты. — 342.
- ⁷⁴ Лениннің айтып отырғаны РСДЖП-ның II съезінде «экономист» Акимовтың сөйлеген сөзі; ол «Искра» ұсынған партия программасын қабылдамады, ондағы сылтауларының бірі: программада «пролетариат» деген сөз бастауыш ретінде емес, толықтауыш ретінде алыныпты-мыс. — 347.
- ⁷⁵ Гора және Жиронда — XVIII ғасырдың аяғында болған француздың буржуазиялық революциясының дәуіріндегі буржуазияның екі саяси тобының аты. Гора — Якобиншілдер — деп өз заманындағы революцияшыл таптың — буржуазияның өте-мөте батыл өкілдерін, абсолютизм мен феодализмді жою қажет деп білгендерді атаған. Жирондистердің якобиншілдерден айырмашылығы, олар революция мен контрреволюцияның арасында әрі-сәрі болып жүрді және монархиямен келісу жолына түсіп отырды.
- Ленин «Социалистік Жиронда» деп социал-демократиядағы оппортунистік ағымды атаған; пролетарлық якобиншілдер, «Гора» деп революцияшыл социал-демократтарды атаған. — 357.
- ⁷⁶ Воронеж комитеті мен петербург «Жұмысшы ұйымы» «экономистердің» қолында болып, лениндік «Искра» жөнінде және оның марксистік партияны құрудағы ұйымдық жоспары жөнінде қастық позицияда болды. — 359.
- ⁷⁷ Орталық Комитеттің жаңа мүшесі — Ф. В. Ленгник. — 387.

- ⁷⁸ *Ортодокс* — меньшевичка Л. И. Аксельродтың жасырын аты. — 387.
- ⁷⁹ *Базаров* — И. С. Тургеневтің «Әкелері мен балалары» деген романының басты кейіпкері. — 389.
- ⁸⁰ 1903 жылы 25 ноябрьде «Искраның» 53-номерінде Лениннің ««Искра» редакциясына хаты» мен бірге (осы томның 107—111-беттерін қараңыз) редакцияның Плеханов жазған жауабы да басылған болатын. Ленин өз хатында большевиктер мен меньшевиктердің принципті алауыздықтарын газет беттерінде талқылауды ұсынған еді. Ал Плеханов бұл алауыздықтарды «үйірмелік өмірдің қыйқылжындары» деп атап, қыңыр жауап қайырды. — 390.
- ⁸¹ *Игрек* — Орталық Комитеттің мүшесі, ымырашыл Л. Е. Гальпериннің жасырын аты. — 392.
- ⁸² «Жарыя марксизмнің» өкілі П. Б. Струвенің көзқарастары айтылып отыр; Ленин 1894 жылдың күзінде «Марксизмнің буржуазиялық әдебиетте суреттелуі» деген реферат жазып, оған қарсы шыққан болатын. — 397.
- ⁸³ Ленин Мартовтың «Искрада» басылған, «Біздің әзірлігіміз осылай ма?» деген мақаласын айтып отыр; ол мақалада Мартов бүкілроссиялық қарулы көтерілісті әзірлеуге қарсы шығып, көтерілісті әзірлеу ісін утопия және заговоршылдық деп санаған болатын. — 400.
- ⁸⁴ *Герман социал-демократиясының Дрездендегі съезі* 1903 жылы 31 августа — 7 сентябрьде (13 — 20 сентябрьде) болды. Дрезден съезі ревизионистерді — Бернштейнді, Браунды, Гёрэні, Давидті және басқаларды мінеді, алайда оларды партиядан шығарған жоқ, сондықтан олар өздерінің оппортунистік көзқарастарын емін-еркін уағыздай берді. — 414.
- ⁸⁵ *Дедов* — РСДЖП II съезінің көпшілігіне жақтас әйел Л. М. Қниповичтің жасырын аты. — 436.
- ⁸⁶ *Борис, Лошадь, Валентин, Митрофан* — ымырашылдар В. А. Носковтың, Л. Б. Красиннің, Л. Е. Гальпериннің және Ф. В. Гусаровтың жасырын аттары. — 444.
- ⁸⁷ *Зверев* — РСДЖП Орталық Комитетінің мүшесі, большевичка М. М. Эссеннің жасырын аты. — 449.
- ⁸⁸ *Никитич* — Л. Б. Красиннің жасырын аты. — 450.
- ⁸⁹ К. Каутский 1904 жылы 15 майда «Искраның» 66-номерінде басылған хатында партияды «уақытша бітім» орнағанға дейін большевиктер мен меньшевиктер арасындағы алауыздықтарды талқылау үшін партия съезін шақырмау керек деп ұсыныс жасаған болатын. — 451.

- ⁹⁰ *Партия Советі* 1904 жылы 31 майда және 5 июньде (13 және 18 июньде) Лениннің, Плехановтың, Носковтың, Аксельродтың және Мартовтың қатысуымен Женевада мәжіліс құрды. Бірінші мәжілісте Совет Россиядағы барлық революцияшыл партиялар мен оппозициялық партиялардың партияаралық конференцияларын шақыру туралы және алдағы халықаралық Амстердам конгресі туралы мәселелерді талқылады. Екінші мәжілісте партияның мынадай ішкі мәселелері талқыланды: 1) партияның орталық мекемелерінің (Орталық Орган мен Орталық Комитеттің) өз өкілдерін Партия Советінен шақырып алу правосы туралы; 2) жергілікті комитетке кооптациялау үшін устав бойынша керек етілетін дауыстардың саны туралы; 3) комитеттерге кооптациялау туралы және Орталық Комитеттің оларға жаңа мүшелер енгізу правосы туралы; 4) партияның III съезін шақыру мәселесі жөнінде партия ұйымдарының дауыс беру тәртібі туралы және басқалар.
- Партияның аса маңызыды ішкі мәселелері жөнінде Партия Советі меньшевиктік қарарларды қабылдады. — 453.
- ⁹¹ *Польшаның социалистік партиясы «Пролетариат»* 1900 жылы құрылды. Социал-демократиялық программаны қабылдаумен қатар «Пролетариат» партиясы жеке террорды қажет деп білді. — 457.
- ⁹² Қарарды Партия Советі бірауыздан қабылдаған. — 461.
- ⁹³ «*Рассвет*» («Таң сәулесі») — сектанттарға арналған социал-демократиялық листок; РСДЖП II съезінің қарарына сәйкес шығарылып отырды. Бірінші номері 1904 жылғы январьда шықты. Листокті шығаруды тоқтату туралы Партия Советі 1904 жылы июньде қаулы алғанына қарамастан, листок 1904 жылғы сентябрьге дейін шығып келді. Небәрі 9 номері шықты. — 462.
- ⁹⁴ РСДЖП Петербургтік комитетінің 1904 жылы 23 июньде (6 июльде) қабылдаған қарары айтылып отыр; онда Петербургтік комитет партияның III съезінің тез шақырылуын талап еткен болатын. — 469.
- ⁹⁵ Ленин партияның жергілікті комитеттеріне жаңа мүшелер енгізу жөніндегі Орталық Комитеттің правосына шек қою туралы Партия Советінің 1904 жылғы 5(18) июньдегі қарарын айтып отыр. — 469.
- ⁹⁶ 22 большевиктің кеңесі Лениннің басқаруымен 1904 жылы августта (жаңа стиль бойынша) Швейцарияда болды. Кеңеске 19 адам қатысты, кейінірек кеңестің қарарларына тағыда 3 адам қосылды. Кеңес «Партияға» деген осы үндеуді қабылдады, бұл үндеу большевиктер үшін РСДЖП III съезін шақыру жолындағы күрес программасы болды. — 473.
- ⁹⁷ *Конягин* — Л. Е. Гальпериннің жасырын аты. — 482.

- ⁹⁸ Орталық Комитеттің «Июль декларациясы» — Орталық Комитет атынан 1904 жылғы июльде Орталық Комитет мүшелері — ымырашылдар Красин, Носков және Гальперин қабылдаған қаулы айтылып отыр. Бұл қаулы 1904 жылы 25 августа «Искраның» 72-номерінде «Орталық Комитеттің мәлімдемесі» деген тақырыппен жарыяланған болатын. Бұл қаулыда ымырашылдар Плеханов кооптациялаған «Искраның» меньшевиктік редакциясының құрамын заңды деп тауып, меньшевиктердің оппортунизмін қорғады. Олар Орталық Комитеттің құрамына тағыда үш ымырашылды — Любимовты, Карповты және Дубравинскийді кооптациялады. Ымырашылдар партияның III съезін шақыруға қарсы шығып, съезд шақыру үшін үгіт жүргізген Орталық Комитеттің Оңтүстік бюросын таратып жіберді. Олар Ленинді партия Орталық Комитетінің шет елдегі өкілдік правосынан айырып, Орталық Комитет коллегиясының рұхсатынсыз оның шығармаларын басуға тыйым салды.
- «Июль декларациясының» қабылдануы Орталық Комитет мүшелері — ымырашылдар тарапынан РСДЖП II съезінің қарарларына толық опасыздық істегендік болып шықты және олардың меньшевиктер жағына ашықтан-ашық өткендігі болып табылады. — 482.
- ⁹⁹ Митрофанов — Ф. В. Гусаровтың жасырын аты. — 482.
- ¹⁰⁰ Ленин атаған документтердің ішінен — Орталық Комитеттің мүшелеріне хат, Орталық Комитеттің үш мүшесі арасындағы шарт және Орталық Комитет қарарының заңдылығына қарсы наразылық осы томда жарыяланып отыр (444—450 және 482—483-беттерді қараңыз). Орталық Комитеттің қаулысы — 1904 жылы июльде ымырашылдар Красин, Носков және Гальперин қабылдаған қарар («июль декларациясы»). — 484.
- ¹⁰¹ Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген мақаласы (Роза Люксембургтің «Орыс социал-демократиясының ұйымдық мәселелері» деген мақаласына жауабы) герман социал-демократиясының органы «Die Neue Zeit»-те жарыялау үшін Каутскийге жіберілген болатын, бірақ Каутский оны басудан бастартты. — 495.
- ¹⁰² «Рабочая Газета» («Жұмысшы Газеті») — социал-демократтардың киевтік тобының кұпия органы. Екі номері шықты: 1-номері 1897 жылы августа, 2-номері сол жылы декабрьде (ноябрь деп көрсетілген) шықты. РСДЖП-ның I съезі «Рабочая Газетаны» партияның ресми органы деп таныды. Съезден кейін, полиция баспахананы талқандап, Орталық Комитет мүшелерінің қамауға алынуының салдарынан, газет шыққан жоқ. 1899 жылы оны қайтадан шығару жөнінде жасалған әрекеттер туралы қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 4-том, қазақша 213—215-беттер. — 501.
- ¹⁰³ Социалистерге қарсы ерекше заң Германияда 1878 жылы енгізілді. Осы заң бойынша социал-демократиялық партияның бар-

- лық ұйымдарына, бұқаралық жұмысшы ұйымдарына, жұмысшы баспасөзіне тыйым салынды, социалистік әдебиет конфискацияланды, социал-демократтарды жер аудару басталды. Бұқаралық жұмысшы қозғалысының тегеуірінімен 1890 жылы заң бұзылды. — 504.
- 104 Партияның II съезінде Орталық Комитетке Ленгник, Кржижановский, Носков сайланған болатын. 1903 жылы октябрьде (жаңа стиль бойынша) Орталық Комитетке Землячка, Красин, Эссен және Гусаров кооптацияланды. Сол жылы ноябрьде Орталық Комитеттің құрамына Ленин енді және Гальперин кооптацияланды. 1904 жылғы июль — сентябрь айларының ішінде Орталық Комитеттің құрамында жаңа өзгерістер болды: Лениннің жақтастары — Ленгник пен Эссен қамауға алынды. Ымырашылдар Кржижановский мен Гусаров қызметтен кетті. Лениннің қарсы болуына қарамастан, ымырашылдар Красин, Носков және Гальперин, көпшіліктің жақтасы Землячканы Орталық Комитеттің құрамынан заңсыз шығарып, Орталық Комитеттің құрамына үш ымырашылды — Любимовты, Карповты және Дубровинскийді кооптациялады. Осы өзгерістердің нәтижесінде Орталық Комитеттегі көпшілік ымырашылдар болды. — 507.
- 105 Ленин партияның III съезін шақыру үшін үгіт жүргізген Орталық Комитеттің Оңтүстік бюросын тарату жөніндегі Орталық Комитеттің қарарын айтып отыр. — 507.
- 106 Галерка — большевик М. С. Ольминский (Александров). — 507.
- 107 В. Бонч-Бруевич пен Н. Ленин басқаратын социал-демократиялық партия әдебиетінің баспасын, «Искраның» меньшевиктік редакциясы большевиктер үшін газеттің беттерінен орын бермей, II съездің қарарларын қорғаған және партияның III съезін шақыруды талап еткен партия ұйымдары мен мүшелерінің мәлімдемелерін басудан бас тартқаннан кейінгі жерде большевиктер ұйымдастырған болатын. Баспа меньшевиктер мен ымырашылдарға қарсы бағытталған мынадай бірқатар еңбектер басып шығарды: Н. Ленин. «Земство науқаны және «Искра» жоспары»; Галерка. «Бонапартизм жойылсын!»; Орловский. «Совет партияға қарсы» және басқалары. — 507.
- 108 Рядовой — көбінесе Богданов дейтін фамилиямен мәлім болған А. А. Молиновскийдің жасырын аты. — 509.
- 109 «Рабочее Дело» («Жұмысшы ісі») — «экономистердің» журналы, «Шет елдегі орыс социал-демократтары одағының» ұдайы шығып тұрмайтын органы. Журнал 1899 жылғы апрельден 1902 жылғы февральға дейін Женевада шығып тұрды. Тоғыз кітап болып 12 номері шықты.
- Ленин айтып отырған «Рабочее Делоның» 10-номерінде (сентябрь, 1901 жыл) Мартыновтың «Эшкерелеуші әдебиет және пролетарлық күрес» деген мақаласы, Кричевскийдің «Принциптер, тактика және күрес» деген мақаласы басылған болатын; бұлар «экономизмді» ашық қорғады. — 512.

- 110 «Көпшілік Комитеттері Бюросының құрылуы туралы хабар» 1904 жылы 20 октябрьде (2 ноябрьде) Богдановка жазылған хатпен бірге Россияға жіберілген болатын; басылған жоқ. — 515.
- 111 «19 дың декларациясын» РСДЖП-ның Москвалық комитеті 1904 жылы октябрьде «РСДЖП мүшелеріне үндеу» деген тақырыппен басып шығарды. Бұл декларация Ленин басшылығымен өткізілген 22 большевиктің кеңесінде қабылданған «Партияға» деген үндеуге үн қатушылық болды. — 515.
- 112 Лениннің «Земство науқаны және «Искра» жоспары» деген кітапшасы меньшевиктік «Искра» редакциясының 1904 жылғы ноябрьде басылған хатын сынауға арналған. Лениннің кітапшасына жауап ретінде редакция партия ұйымдарына арнап екінші хат басып шығарды. Екі хаттың бұрышында да: «Тек партия мүшелері үшін ғана» деген жазу бар еді. Меньшевиктік редакцияның екінші хатты тек қана меньшевиктер арасында таратқандығы есебепті Ленин бұрынырақ басылып, комитеттер арасына таратылған кітапшаға қосымша жазып шығаруға тиісті болды. Қосымша жеке басылды да, большевиктік баспаның қоймасында қалған кітапша даналарына түсті қағаз ретінде жапсырылды. «22 декабрь, 1904 ж.» деген мезгілдің тек қосымшаның текстіне ғана қатысы бар (осы томның 544-бетіндегі ақырғы екі абзацыны қараңыз).
- Лениннің «Земство науқаны және «Искра» жоспары» деген кітапшасы жергілікті партия ұйымдарында кеңінен таратылған еді: қамау, тінту жүргізілген кездерде кітапша Смоленскіде, Батумда, Ригада, Саратовта, Сувалкиде және басқа қалаларда табылған. — 521.
- 113 Угрюм-Бурчеев — М. Е. Салтыков-Щедриннің «Бір қаланың тарихы» деген шығармасында көрсетілген ой-өрісі тар, топас саяси сарнақтың кейпі. «Біздің Угрюм-Бурчеевтер» деп Ленин Николай II-нің орда билеушілерінің өкілдерін айтып отыр. — 527.
- 114 «Новое Время» («Жаңа Заман») — газет, 1868 жылдан 1917 жылғы октябрьге дейін Петербургте шығып тұрған. Алғашында баяу либералдық газет болды, 1876 жылдан бастап реакцияшыл дворяндық топтар мен чиновниктік-бюрократиялық топтардың органына айналды. Газет тек революциялық қозғалысқа қарсы күрес жүргізіп қойған жоқ, сонымен бірге либералдық буржуазиялық қозғалысқа да қарсы күрес жүргізді. 1905 жылдан бастап қаражүздіктер органдарының бірі болды. — 528.
- 115 Ростов демонстрациясы 1902 жылы 2(15) ноябрьде экономикалық стачка болып басталды. Көп ұзамай стачка саяси демонстрацияға ұласты, бұған 30 мыңға тарта адам қатысты. Стачкаға РСДЖП-ның искралық Дон комитеті басшылық етті. Ленин Ростов стачкасына «Жаңа оқыйғалар мен ескі мәселелер» деген мақаланы арнады (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 6-том, қазақша 286—292-беттер). — 538.

- 116 Балалайкин — М. Е. Салтыков-Щедриннің «Кәзіргі заманғы иппллия» деген шығармасындағы кейіпкер. Либерал көкмылжың, авантюрист және суайт. Меньшевиктік «Искраның» редакциялық Балалайкиннің деп Ленин Троцкийді айтып отыр. — 539.
- 117 Ленин «экономистердің» («рабочеделошылдардың») 1901 жылғы көктемде «деспотизмнің камалын» бұзуға шақырған авантюристтік үндеулерін айтып отыр. — 542.
- 118 Партияның ішкі жағдайы туралы рефератты Ленин «Земство науқаны және «Искра» жоспары» деген кітапшаны жазғаннан кейін көп ұзамай орыстың саяси эмигранттарының жыйналыстарында: 1904 жылы 19 ноябрьде (2 декабрьде) Парижде, сол жылғы 23 — 24 ноябрьде (6 — 7 декабрьде) Цюрикте және 25 ноябрьде (8 декабрьде) Бернде оқыды. — 547.
- 119 Орловскийдің (В. В. Воровскийдің) «Совет партияға қарсы» деген кітапшасы 1904 жылы ноябрьде Женевада В. Бонч-Бруевич пен Н. Лениннің социал-демократиялық партия әдебиетінің большевиктік баспасында басылып шықты. — 550.
- 120 1904 жылы сентябрьде — декабрьде большевиктік жергілікті комитеттердің үш конференциясы болды: 1) оңтүстік конференция (Одесса, Екатеринослав және Николаев комитеттері); 2) Кавказ конференциясы (Баку, Батум, Тифлис және Имеретино-Мингрель комитеттері); 3) солтүстік конференция (Петербург, Москва, Тверь, Рига, Солтүстік және Нижегород комитеттері).
- РСДЖП-ның III съезін әзірлеу және оны шақыру үшін, Лениннің ұсынысы бойынша, конференциялар Көпшілік Комитеттерінің Бюросын сайлады, оған Гусев, Землячка, Лядов, Литвинов және басқалар сайланды. Ленин енген Көпшілік Комитеттерінің Бюросы 1904 жылы декабрьде біржолата қалыптасты. — 550.
- 121 1904 жылы 20 августа (2 сентябрьде) Женевада болған жыйналысы Орталық Комитеттің «Июль декларациясы» дейтінді қолдау мақсатымен меньшевиктер шақырған еді. Жыйналысқа меньшевиктер мен большевиктер шақырылды. Алайда большевиктер жыйналысқа қатысудан бас тартты, ал большевиктердің өкілі, жыйналыстың көпшілік пен азшылық атынан қарар шығаруға праволы еместігі туралы мәлімдеме жарыялағаннан кейін, жыйналыстан кетіп қалды. Жыйналыста меньшевиктер Россиядағы партия комитеттері Орталық Комитеттің ымырашылдық саясатына қарсы шығып отырғандығын және комитеттердің орасан көпшілігі меньшевиктік «Искраның» редакциясымен байланыс жасаудан мүлде бастартқандығын мойындауға мәжбүр болды. — 551.
- 122 Ленин 1904 жылғы ноябрьде меньшевиктік «Искра» басып шығарған «Партия ұйымдарына жазылған хатты» айтып отыр. «Хатқа» берілген сынды Лениннің «Земство науқаны және

- «Искра» жоспары» деген кітапшасынан қараныз (осы томның 521—544-беттері). — 551.
- ¹²³ Ленин Көпшілік Комитеттерінің Бюросын айтып отыр. — 552.
- ¹²⁴ N—РСДЖП Орталық Комитетінің мүшесі Р. Б. Землячка. — 559.
- ¹²⁵ П.—Д. А. Красиков. — 561.
- ¹²⁶ Лидия — М. Н. Лядовтың жасырын аты. — 561.
- ¹²⁷ Орталық Комитеттің 4 мүшесі — В. И. Ленин, Ф. В. Ленгник, М. М. Эссен және Р. С. Землячка. — 562.
- ¹²⁸ Декларацияның мазмұнын осы томның 449—450-беттерінен қараныз. — 562.
- ¹²⁹ II Интернационалдың Амстердамдағы конгресі 1904 жылы 1—7(14—20) августа болды. Меньшевиктер конгреске «Амстердамдағы халықаралық социалистік конгреске Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясы делегациясының баяндамасы» деген өз баяндамасын тапсырды. Меньшевиктік баяндамаға қарама-қарсы большевиктер конгреске «Россияның социал-демократиялық жұмысшы партиясындағы партия дағдарысы анықтайтын материалдар» деген кітапша түрінде айрықша баяндама тапсырды. Кітапшаны құрастырып, оны редакциялауға Ленин қатысты. — 562.
- ¹³⁰ «Ұйымдастыру Комитетінің құрылуы туралы және Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының кезекті III съезін шақыру туралы хабарды» 1904 жылғы декабрьде Ленин жазып, нақ сол мезгілде Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшелеріне жіберілді. Лениннің осы документінің негізінде ресми түрде «Партияның үшінші съезін шақыру туралы хабар» жазылды, бұл Көпшілік Комитеттері Бюросының қолы қойылып, 1905 жылы 28(15) февральда «Вперед» газетінің 8-номерінде жарыяланды. — 568.

В. И. ЛЕНИННИҢ
ӨМІРІ МЕН ІСІНІҢ ҚЕЗЕҢДЕРІ

(Сентябрь 1903 жыл — декабрь 1904 жыл)

1903

- Сентябрьдің бірінші жартысы.** В. И. Ленин «РСДЖП II съезі туралы әңгімені» жазады.
- Сентябрь, 12 — 15 (25 — 28).** Ленин Плехановпен бірге меньшевиктермен келісімге келу шарттары туралы Данмен келіссөз жүргізеді. Келіссөз нәтижесіз аяқталды.
- Сентябрь, 21 (октябрь, 4).** Ленин Плехановпен және Ленинмен бірге келісім мәселесі жөнінде Мартовпен, Аксельродпен, Потресовпен, Засуличпен келіссөз жүргізеді. Келіссөз нәтижесіз аяқталды.
- Сентябрь** Лениннің «Революцияшыл жастардың міндеттері» деген мақаласы «Студент» газетінің 2—3-номерінде жарыяланды.
- Октябрь, 1(14).** Лениннің «Асқан ұятсыздық пен болмашы логика» деген мақаласы «Искраның» 49-номерінде басылды.
- Октябрь, 13 — 17(26 — 30).** Ленин «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасының» Женевада болған II съезінің мәжілістеріне қатысады.
- Октябрь, 14(27).** Ленин Лига съезінің екінші мәжілісінде партияның II съезі туралы баяндама жасайды.
- Октябрь, 15(28).** Ленин Лига съезінің үшінші мәжілісінде Мартовтың сорақы күрес тәсілдеріне қарсы наразылық білдіреді, онан соң Ленин және көпшіліктің жақтастары съездің мәжілісін тастап кетеді.
- Октябрь, 16(29).** Ленин Лига съезінің төртінші мәжілісінде мәлімдеме жасап, партияның II съезі туралы

баяндама бойынша жарыссөздерге қатысудан және қортынды сөзден бастартады.

Октябрь, 19
(ноябрь, 1).

Ленин партияның Орталық Комитетіне орнығып, сол позициядан оппортунистерге соққы беру үшін «Искраның» редакциясынан шығады.

Октябрь, 22
(ноябрь, 4).

Лениннің «Бундтың партиядағы жағдайы» деген мақаласы «Искраның» 51-номерінде жарыяланды.

Октябрь, 24 немесе
25 (ноябрь, 6 не-
месе 7).

Ленин большевиктердің Женевадағы тобының жыйналысына қатысады, онда Плехановтың меньшевиктерге өткендігі мінеледі.

Ноябрь, 5(18).

Ленин «Халықшылданушы буржуазия және сасқалақтаған халықшылдық» деген мақаланы бітіріп, Плехановқа жібереді. Мақала 1903 жылы 1 декабрьде «Искраның» 54-номерінде жарыяланды.

Ноябрь, 6 — 8
(19 — 21).

Ленин Орталық Комитеттің құрамына кооптацияланды.

Ноябрь, 12(25).

Ленин Орталық Комитеттің Женевада болған мәжілісіне қатысады. Оның ұсынысы бойынша Орталық Комитет партияда бейбітшілік орнату шарттары туралы меньшевиктерге тапсырылатын ультиматумды жасайды.

Ноябрь, 14(27).

Ленин Плехановтың бұрынғы редакторларды — меньшевиктерді «Искраның» редакциясына кооптациялауына қарсы наразылық білдіріп Орталық Комитетке мәлімдеме жасайды.

Ноябрь, 16(29).

Ленин Орталық Комитеттің мүшесі ретінде Партия Советіне енеді.

Ноябрьдің 25 мен
29 (декабрьдің
8 мен 12) арасы.

Ленин меньшевиктік «Искраның» редакциясына «Мен «Искра» редакциясынан неліктен шықтым?» деген ашық хат жазады, бұл хат жеке листок болып басылып, Россияға жіберіледі.

Ноябрь, 27
(декабрь, 10).

Ленин Россиядағы Орталық Комитет мүшелеріне жазған хатында партияның үшінші съезін шақыруды талап етеді.

Декабрь, 9(22).

Ленин Орталық Комитеттің меньшевиктермен бітім жасалғандығы туралы комитеттерге жіберген хабарына қарсы наразылық білдіреді.

- Декабрь, 17(30).* Ленин Орталық Комитетке жазған хатында партия съезін шақыру мәселесі жөнінде Орталық Комитет мүшелерінің позициясын анықтауды талап етеді.
- 31 декабрьден (1904 ж. 13 январьдан) бұрынырақ.* Ленин «Біздің ұйымдық міндеттеріміз туралы жолдасқа хат» деген өз кітапшасына ариан алғысөз бен соңғысөз жазады.
- Жылдың аяғы.* В. И. Ленин Сибирьде айдауда жүрген И. В. Сталинге хат жазады. Сол кезден бастап Ленин Сталинмен сырттан танысады.

1904

- Январь, 4 нен (17 нен) кешірек.* Ленин «Партия мүшелеріне» деген үндеудің жобасын жазады, онда меньшевиктік «Искраның» оппортунистік көзқарастарын сынайды.
- Январь, 15 — 17 (28 — 30).* Ленин Партия Советінің Женевада болған мәжілістеріне қатысады. Партияда бейбітшілікті қайта орнату туралы мәселе жөнінде және партияның III съезін шақыру туралы сөз сөйлейді.
- Январьдың 20 мен 25 (февральдың 2 мен 7) арасы.* Ленин Орталық Комитеттің мүшесі Кржижановскийге жазған хатында меньшевиктердің Орталық Комитетті басып алу қаупі туып отырғандығын ескертіп, жергілікті комитеттерде партияның III съезін шақыру жөнінде әзірлік ісін бастауды талап етеді.
- Январьдың екінші жартысы (февральдың басы).* Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітапты баспаға әзірлеу жұмысына кіріседі.
- Январьдың аяғы (февральдың бірінші жартысы).* Ленин партиядағы дағдарыс туралы және меньшевиктердің жікшілдік әрекеттері туралы жазылған «Партияға» деген үндеудің жобасын жазады.
- Январь.* Ленин партия программасының мәселелері жөніндегі насихат жұмысын жолға қою туралы Женевада бір топ большевикпен әңгімелеседі.
- Февраль, 7(20).* Ленин «Искра» редакциясынан өзінің кетуінің жай-мәнісін баяндап, «Орыс революциялық социал-демократиясының Шетелдік лигасының

«Көпшілік арасындағы ауылдықтардың түсініктеріне
тең енуіне» туралы хат жазды.

Апрель, 14(14).

Ленин Партия Советінің уәкілетті комитетіне
хат жазды.

Апрель, 14(22).

Ленин Жамбылдағы социал-демократтардың
Партия Коммунасының жиналысына арналған
жылынасында сөз сөйледі.

Апрельдің аяғы
(апрельдің бірінші
жартысы)

Ленин партияның Орталық Комитеті мен Ор-
талық Бюросының аяғы айылына шыққан О-
рталық жүйесінің жиналысына қатысты.

Апрель = апрель.

Ленин Жамбылда ауылдағы ұйымның ұйымның
социал-демократиялық ұйымға басшылық
жасады.

Май, 6(19).

Лениннің «Бір адам дегені, екі адам кейін
(Партиядағы дағдарыс)» деген кітабы ба-
ланып шықты.

Май, 13(26).

Ленин Орталық Комитет ішінде алауыздық-
тардың аяқталуы жөнінде Орталық Комитет
мүшелеріне арнайы хат жазды. Партия Со-
ветінің өкілі қабілі жөніндегі туралы хабар-
лайды.

Май, 19 мен
(20 мен) кешірек.

Ленин «Партияға» деген үндеудің жоспарын
жазды, оның комитеттерді партияның III
съезіне шақыру туралы мәселені шешуге ша-
қырды.

Май, 31 және
шілден, 5 (шілден,
18 және 18).

Ленин Партия Советінің мәжілістеріне қаты-
сады.

Май немесе шілден.

Ленин Богдановка оның «Эмпириомонизм»
деген кітабын сынап хат жазды.

Шілден, 11 = 12
(14 = 15).

Ленин Орталық Комитеттің мүшесі — ымыра-
шыл Носковтың «Искра» редакциясына кіру
жөніндегі және Орталық Комитетке екі мень-
шевикті кооптациялауға ризалық білдіру жө-
ніндегі ұсынысын қабылдамай тастайды.

Шілденнің 22 мен 30
(августың 4 мен
18) аралығы.

Ленин II Интернационалдың Амстердам кон-
гресіне большевиктердің баяндамасын редак-
циялайды.

Шілденнің аяғы
(августың бірінші
жартысы).

Лениннің басшылығы арқасында Швейцария-
да 22 большевиктің кенесі болады. Кенес
Ленин жазған «Партияға» деген үндеуді қа-

былдайды. Бұл үндеу большевиктердің партияның III съезін шақыру жолындағы күрес программасы болады.

Август, 5(18).

Ленин Орталық Комитеттің мүшелеріне жазған хатында Орталық Комитеттің ымырашыл мүшелері қабылдаған «Нюль декларациясына» қарсы наразылық білдіреді.

Август.

Ленин социал-демократиялық партия әлеуетінің большевиктік баспасы ұйымдастыру жөніндегі жұмысқа басшылық етеді.

Ленин көпшілік комитеттеріне жазған хатында большевиктердің шетелдік баспасына арнап хат-хабарлар жыйнауға кірісу жөнінде ұсыныс етеді.

Сентябрьдің бірінші (екінші) жартысы.

Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін. Н. Лениннің Роза Люксембургке жауабы» деген мақаланы жазады.

22 сентябрьден (5 октябрьден) кешірек.

Ленин Орталық Комитеттің Оңтүстік бюросына жазған хатында III съезді шақыру жөнінде құрылған Ұйымдастыру Комитетінің Көпшілік Комитеттерінің Бюросы деп атауға ұсыныс етеді.

Октябрьдің 2-нен (15-нен) кешірек.

Ленин «Жарамсақ либерал» деген мақаланы жазады.

20 октябрьден (2 ноябрьден) ертерек.

Ленин «Көпшілік Комитеттері Бюросының құрылғандығы туралы хабардың» жобасын жазады.

Ноябрьдің 1 мен 8 (14 мен 21) арасы.

Лениннің «Земство ғылымы және «Искра» жоспары» деген кітапшасын шығарды.

19 ноябрьден (2 декабрьден) ертерек.

Ленин Женевда партия мүшелері үшін «Земство ғылымы және «Искра» жоспары» деген тақырыпқа реферат оқиды.

Ноябрь, 19 және 21 (декабрь, 2 және 4).

Ленин Парижде РСДЖП мүшелерінің жыйналысында партияның ішкі жағдайы туралы реферат оқиды және реферат жөніндегі жарыссөздерге қатысады.

Ноябрь, 20 (декабрь, 3).

Ленин Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшелеріне жазған хатында шет елде деуеу большевиктік органды құру керек деп ұсыныс жасайды.

- Ноябрь, 23 және 24* Ленин Цюрихте партияның ішкі жағдайы туралы реферат оқыды.
(декабрь, 6 және 7).
- Ноябрь, 25* Ленин Бериде осы тақырыпта реферат оқыды.
(декабрь, 8).
- Ноябрь, 26* Ленин Женеваға қайтады.
(декабрь, 9).
- Ноябрь, 27* Ленин Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшесі Землячкаға жазған хатында Көпшілік Комитеттері Бюросының құрылуы туралы Россияда баспалы хабардың тез шығарылуын талап етеді.
(декабрь, 10).
- Ноябрь, 29* Ленин большевиктердің жыйналысына басшылық етеді, онда партия көпшілігінің органы — «Вперед» газетін шығару туралы қарар қабылданады.
(декабрь, 12).
- 29 ноябрьден* Ленин «Жолдастарға хат (Партия көпшілігі органының шығуы жөнінде)» деген хатты жазады.
(12 декабрьден) кешірек.
- 29 ноябрьден* Ленин партияның III съезін шақыру туралы кавказдық комитеттердің конференциясының қарарын алады. Конференция Сталин жолдастың бастауы бойынша шақырылған еді.
(12 декабрьден) кешірек.
- Декабрь, 7 (20).* Ленин Кавказдың одақтық комитетіне жазған хатында Көпшілік Комитеттерінің Бюросын құруды ұсынады.
- Декабрь, 7 (20).* Ленин РСДЖП Кавказ одағының органы — «Пролетариатис Брззола» («Пролетариат Күресі») газетіне қатысу туралы Кавказ одақтық комитетінің өтінішіне ризалық білдіреді; бұл газет Сталиннің, Шулукидзенің және Шаумяниның басшылығымен шығып тұрған.
- Декабрь, 9 (22).* Ленин «Орталық мекемелердің партиядан ажырауы туралы мәлімдеме мен документтер» деген кітапшаны жазады.
- Декабрьдің 13 нең* Ленин партияның III съезін шақыру туралы және Көпшілік Комитеттерінің Бюросын сайлау туралы солтүстік комитеттердің конференцияларының қарарларын алады.
(26 нең) ертерек.
- Декабрь.* Ленин Россиядағы Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшелеріне «Ұйымдастыру Комитетінің құрылуы туралы және РСДЖП-ның кезекті III съезін шақыру туралы хабардың» жобасын жібереді.

М А З М У Н Ы

Алғысөз	VII
<i>1903 ж.</i>	
РСДЖП II съезі туралы әңгіме	1—21
дегені болмады!	22—27
Революцияшыл жастардың міндеттері туралы хаттардың жоспары	28—29
Революцияшыл жастардың міндеттері. <i>Бірінші хат</i>	30—44
Екінші партия съезі. <i>Мақаланың жоспары</i>	45—46
Асқан ұятсыздық пен болмашы логика	47—53
Орталық комитеттің және орталық орган редакциясының оппозиция мүшелеріне арнаған үндеуінің жобасы. <i>Нұсқа</i>	54—56
Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасының II съезі 13—18 (26—31) октябрь, 1903 ж.	57—75
I. РСДЖП II съезі туралы баяндамаға алдын ала жасалған ескертулер 13 (26) октябрь	59
II	59
III	59

- Ноябрь, 23 және 24* Ленин Цюрихте партияның ішкі жағдайы туралы реферат оқыды.
(декабрь, 6 және 7).
- Ноябрь, 25* Ленин Бернде нақ сол тақырыпқа реферат оқыды.
(декабрь, 8).
- Ноябрь, 26* Ленин Женеваға қайтады.
(декабрь, 9).
- Ноябрь, 27* Ленин Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшесі Землячкаға жазған хатында Көпшілік Комитеттері Бюросының құрылуы туралы Россияда баспалы хабардың тез шығарылуын талап етеді.
(декабрь, 10).
- Ноябрь, 29* Ленин большевиктердің жыйналысына басшылық етеді, онда партия көпшілігінің органы — «Вперед» газетін шығару туралы қарар қабылданады.
(декабрь, 12).
- 29 ноябрьден* Ленин «Жолдастарға хат (Партия көпшілігі органының шығуы жөнінде)» деген хатты жазады.
(12 декабрьден)
кешірек.
- 29 ноябрьден* Ленин партияның III съезін шақыру туралы кавказдық комитеттердің конференциясының қарарын алады. Конференция Сталин жолдастың бастауы бойынша шақырылған еді.
(12 декабрьден)
кешірек.
- Декабрь, 7 (20).* Ленин Кавказдың одақтық комитетіне жазған хатында Көпшілік Комитеттерінің Бюросын құруды ұсынады.
- Декабрь, 7 (20).* Ленин РСДЖП Кавказ одағының органы — «Пролетариатис Брдзола» («Пролетариат Күресі») газетіне қатысу туралы Кавказ одақтық комитетінің өтінішіне ризалық білдіреді; бұл газет Сталиннің, Цулукидзенің және Шаумяниның басшылығымен шығып тұрған.
- Декабрь, 9 (22).* Ленин «Орталық мекемелердің партиядан ажырауы туралы мәлімдеме мен документтер» деген кітапшаны жазады.
- Декабрьдің 13 пен* Ленин партияның III съезін шақыру туралы және Көпшілік Комитеттерінің Бюросын сайлау туралы солтүстік комитеттердің конференцияларының қарарларын алады.
(26 пен) ертерек.
- Декабрь.* Ленин Россиядағы Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшелеріне «Ұйымдастыру Комитетінің құрылуы туралы және РСДЖП-ның кезекті III съезін шақыру туралы хабардың» жобасын жібереді.

М А З М Ы Н Ы

Алғысөз	VII
<i>1903 ж.</i>	
РСДЖП II СЪЕЗІ ТУРАЛЫ ӘНГІМЕ	1—21
ДЕГЕНІ БОЛМАДЫ!	22—27
РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ ЖАСТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ХАТТАР- ДЫҢ ЖОСПАРЫ	28—29
РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ ЖАСТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ. <i>Бірінші хат</i>	30—44
ЕКІНШІ ПАРТИЯ СЪЕЗІ. <i>Мақаланың жоспары</i>	45—46
АСҚАН ҒЯТСЫЗДЫҚ ПЕН БОЛМАШЫ ЛОГИКА	47—53
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТИҢ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ ОРГАН РЕДАКЦИЯСЫ- НЫҢ ОППОЗИЦИЯ МҮШЕЛЕРІНЕ АРНАҒАН ҮНДЕУІНІҢ ЖО- БАСЫ. <i>Нұсқа</i>	54—56
ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ ШЕТЕЛДІК ЛИГАСЫНЫҢ II СЪЕЗІ 13—18 (26—31) октябрь, 1903 ж.	57—75
I. РСДЖП II СЪЕЗІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМАҒА АЛДЫН АЛА ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТУЛЕР 13 (26) ОКТЯБРЬ	59
I.	59
II.	59

III.	60
IV.	60
2. РСДЖП II СЪЕЗІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА 14 (27) ОКТЯБРЬ	62
3. МАРТОВТЫҢ БАЯНДАМАСЫ ЖӨНІНДЕ ЖАСАЛҒАН МӘ- ЛІМДЕМЕ 15 (28) ОКТЯБРЬ	74
4. ЛИГАНЫҢ УСТАВЫ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 17 (30) ОК- ТЯБРЬ	75
ТАПСЫРЫЛМАҒАН МӘЛІМДЕМЕ	76—80
ПАРТИЯ СОВЕТІНІҢ МҮШЕСІ МЕН ОРТАЛЫҚ ОРҒАҢ РЕДАК- ЦИЯСЫНЫҢ МҮШЕСІ ҚЫЗМЕТІНЕН БАС ТАРТҚАНЫМ ТУРА- ЛЫ МӘЛІМДЕМЕ	81
ЕУНДТЫҢ ПАРТИЯДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ	82—93
ХАЛЫҚШЫЛДАНУШЫ БУРЖУАЗИЯ ЖӘНЕ САСКАЛАҚТАҒАН ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ	94—103
РСДЖП ОРТАЛЫҚ ОРҒАНЫНЫҢ РЕДАКЦИЯСЫНА	104
БАСЫП ШЫҒАРЫЛМАҒАН МӘЛІМДЕМЕ	105—106
„ИСКРА“ РЕДАКЦИЯСЫНА ХАТ	107—111
МЕН „ИСКРА“ РЕДАКЦИЯСЫНАН НЕЛІКТЕН ШЫҚТЫМ? «Искра» <i>редакциясына хат</i>	112—119
ШЕТЕЛДІК ЛИГАНЫҢ АДМИНИСТРАЦИЯСЫНА, ПАРТИЯНЫҢ КӨМЕКТЕСУШІ ТОПТАРЫНА, ПАРТИЯНЫҢ ШЕТ ЕЛДЕГІ БАР- ЛЫҚ МҮШЕЛЕРІНЕ РСДЖП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ХАТЫ	120—123
ЖАҢА „ИСКРАНЫҢ“ ПОЗИЦИЯСЫ ТУРАЛЫ МАҚАЛА	124—125
1904 ж.	
„БІЗДІҢ ҰЙЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІМІЗ ТУРАЛЫ ЖОЛДАСҚА ХАТ“ ДЕГЕН КІТАПШАҒА АРНАЛҒАН АЛҒЫСӨЗ	126—127
„БІЗДІҢ ҰЙЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІМІЗ ТУРАЛЫ ЖОЛДАСҚА ХАТ“ ДЕГЕН КІТАПШАҒА АРНАЛҒАН ССЫҒЫСӨЗ	128—134
ПАРТИЯ МҮШЕЛЕРІНЕ. <i>Үндеу жобасы</i>	135—138
РСДЖП СОВЕТІ 15—17 (28—30) ЯНВАРЬ, 1904 ж.	139—187
1. ПАРТИДА БЕЙБІТШІЛІК ОРНАТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ 15 (28) ЯНВАРЬДА ҰСЫНЫЛҒАН ҚАРАРДЫҢ ЖОВАСЫ	141

2. ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ ӨКІЛДЕРІНІҢ 17 (30) ЯНВАРЬДА УСЫНЫЛҒАН ЕРЕКШЕ ПІКІРІ	145
3. ПАРТИЯНЫҢ ІІІ СЪЕЗІН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ 17 (30) ЯНВАРЬ	149
4. 17 (30) ЯНВАРЬДА УСЫНЫЛҒАН ҚАРАРЛАРДЫҢ ЖОБА- ЛАРЫ	150
I	150
II	150
III	150
5. ПАРТИЯДА БЕЙБІТШІЛІКТІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӨ- НІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР 15(28) ЯНВАРЬ	151
I	151
II	152
III	155
IV	156
V	160
6. ПАРТИЯДА БЕЙБІТШІЛІКТІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӨНІН- ДЕ І ШАРАЛАР ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР 16 (29) ЯНВАРЬ	162
VI	162
VII	167
VIII	170
IX	175
7. ПАРТИЯ БЫҢ ІІІ СЪЕЗІН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР 17 (30) ЯНВАРЬ	177
I	177
II	177
III	178
8. ПАРТИЯ ӘДЕБИЕТІН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР 17 (30) ЯНВАРЬ	180
I	180
II	183
III	186
IV	187

ПАРТИЯҒА. Үндеу жобасы	188—193
„ИСКРА“ РЕДАКЦИЯСЫНАН КЕТУІМНІҢ МӘН-ЖАЙЫ ТУРАЛЫ	194—199
БІРІНШІ МАЙ. Листок жобасы	200—204
БІР АДЫМ ІЛГЕРІ, ЕКІ АДЫМ КЕЙІН (<i>Партиямыздағы дағдарыс</i>)	205—443
Алғысөз	207
а) Съезді даярлау	211
б) Съездегі жіктердің маңызы	213
в) Съездің басталуы. — Ұйымдастыру Комитеті жөніндегі жанжал	217
г) „Южный рабочий“ тобын таратып жіберу	226
д) Тілдердің тең праволылығы жөніндегі жан- жал	230
е) Аграрлық программа	238
ж) Партияның уставы. Мартов жолдастың жо- басы	247
з) Искрашылдар ішіндегі жіктелуге <i>дейін</i> цент- рализм туралы болған жарыссөз.	256
и) Уставтың бірінші параграфы	262
і) Оппортунизмге салыну жөнінде жаладан та- ғылған айыптан күнәсіз күйгендер	287
к) Устав туралы жарыссөздің жалғасы. Советтің құрамы	298
л) Устав туралы жарыссөздің аяқталуы. Орталық орындарға кооптация жасау. „Рабочее Дело“ делегаттарының кетуі	304
м) Сайлау. Съездің аяқталуы	319
н) Съездегі күрестің жалпы суреті. Партияның революциялық канаты мен оппортунистік ка- наты	348
о) Съезден кейін. Күрестің екі әдісі	363
п) Кішкене мейнат үлкен рахатқа бөгет болма- сын	383
р) Жаңа „Искра“. Ұйымдық мәселелердегі оп- портунизм	395
с) Диалектика туралы бірер сөз. Екі төңкеріс. <i>Қосымша.</i> Гусев жолдас пен Де'я жолдас- тың арасындағы жанжал	427 434

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТИҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ХАТ	444—448
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТИҢ ҮШ МҮШЕСІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ . . .	449—450
ПАРТИЯҒА. <i>Үндеу жоспары</i>	451—452
РСДЖП СОВЕТИ 31 май (13 июнь) және 5(18) июнь, 1904 ж.	453—462
1. ПАРТИЯАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН	
СӨЗДЕР 31 МАЙ (13 ИЮНЬ)	455
I	455
II	457
2. КОМИТЕТТЕРГЕ КООПТАЦИЯ ЖАСАУ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ	
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТИҢ ОЛАРҒА ЖАҢА МҮШЕЛЕР	
ЕНГІЗУ ПРАВОСЫ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР	
5 (18) ИЮНЬ	458
I	458
II	459
III	460
3. „РАССВЕТ“ ГАЗЕТИ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 5 (18)	
ИЮНЬ	462
БІЗДІҢ ТІЛЕЙТІНІМІЗ НЕ? (<i>Партияға</i>)	463—472
ПАРТИЯҒА	473—481
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТИҢ БЕС МҮШЕСІНЕ. <i>Россияға</i>	482—483
1) ПАРТИЯ СЪЕЗИНІҢ КӨПШІЛІГІН ЖАҚТАҒАН ОРТАЛЫҚ КО-	
МИТЕТ АГЕНТТЕРІ МЕН РСДЖП КОМИТЕТТЕРІНІҢ МҮШЕЛЕРІ-	
НЕ ХАТ	484—485
ГЛЕБОВҚА (В. А. НОСКОВҚА) ХАТ	486—494
БІР АДЫМ ІЛГЕРІ, ЕКІ АДЫМ КЕЙІН. <i>Н. Лениннің Роза</i>	
<i>Люксембургке жауабы</i>	495—508
ЖАРАМСАҚ ЛИБЕРАЛ	509—512
Н, ШАХОВТЫҢ „СЪЕЗД ҮШІН КҮРЕС“ ДЕГЕН КІТАПШАСЫНА	
АРНАЛҒАН АЛҒЫСӨЗ	513—514
КӨПШІЛІК КОМИТЕТТЕРІ БЮРОСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ХА-	
БАР. <i>Жоба</i>	515—519

ЗЕЛІСТЕУ РАУЖАНЫ ЖӘНЕ «КОСРА» ЖОСТАРЫ	521—544
I	525
II	529
III	534
IV	541
ПАРТИЯНЫҢ АШЫҒА ЖАҒЫ ТУРАЛЫ РІОБЕЛТТЫҢ ТЕЖІСТЕРІ	
Менің рефератымның маңызы	547—548
ЖОЛШАСАРА ХАТ (Партия кеңесінің орталық шы- ғуы жөнінде)	549—555
ОРТАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ПАРТИДАҒА АЖЫРАСУЫ ТУРАЛЫ МӘЛҮМДЕМЕ ЖӘН ДОКУМЕНТЕР	557—567
Косыма	564
ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ КҰРЫЛУМ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ РОС- СИЯЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫ- НЫҢ КЕЗЕКТІ ИІ СЪЕЗІНІ ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ ХАБАР	568—570
Ескертулер	571—589
В. И. Лениннің өмірі мен ісінің кезеңдері	591—598

ӨРНЕК СУРЕТТЕР

- В. И. Лениннің «РСДЖП II съезі туралы әңгіме» деген қолжазбасының бірінші беті. — 1903 ж. 3
- В. И. Лениннің қолжазбасының бірінші беті, «Орталық Комитет өкілдерінің партия Советінің мәжілісінде 1904 жылы 17(30) январьда ұсынылған ерекше пікірі» 147
- В. И. Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабының тысы. — 1904 ж. 206—207
- В. И. Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген қолжазбасының 71-беті. — 1904 ж. 259
- В. И. Лениннің «Көпшілік Комитеттері Бюросының құрылуы туралы хабар» деген қолжазбасының бірінші беті. — 1904 ж. 517
- В. И. Лениннің қолжазбасы, «Партияның ішкі жайы туралы рефераттың тезистері». — 1904 ж. 547
-

Тираж 38 тыс. экз.
Подписано к печати
7/VII 1949 г. — 16/VIII 1949 г.
Объем 38.625 п. л. + 1 вклейка
(0.125 п. л.). Ф. б. 82×110^{1/2}.
Издательский № 124. Заказ № 492.
Цена 6 руб. 50 коп.

*

Гостипография № 2
Управления по делам полиграфической
промышленности, издательств и книжной
торговли при Совете Министров
Казахской ССР
АЛМА-АТА

